

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
Abai Kazakh National Pedagogical University

# ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы  
Серия «Исторические и социально-политические науки»  
Series «Historical and socio-political sciences»

№ 4(75), 2022

Алматы

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**  
**Казахский национальный педагогический университет имени Абая**  
**Abai Kazakh National Pedagogical University**

# **ХАБАРШЫ**

# **ВЕСТНИК**

# **BULLETIN**

**«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы**  
**Серия «Исторические и социально-политические науки»**  
**Series «Historical and socio-political sciences»**

**№ 4(75)**

**Алматы, 2022**

---

Абай атындағы  
Қазақ ұлттық педагогикалық  
университеті

ХАБАРШЫ

«Тарих және саяси-әлеуметтік  
ғылымдар» сериясы,  
№4(75), 2022

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.  
2000 ж. бастап шығады

Бас редактор  
т.ғ.д. **Ғ.Қ. КЕНЖЕБАЕВ**

Редакция алқасы:  
т.ғ.д., проф. **М.Қ. Қойгелдиев**  
(бас ред. орынбасары),  
т.ғ.к., доц. **Р.Р. Оспанова**,  
т.ғ.к., доц. **Т.Т. Далаева**  
(жауапты хатшылар),  
т.ғ.д., проф. **Х.М. Әбжанов**,  
т.ғ.к., проф. **Б.С. Жұмағұлов**,  
PhD, проф. **Вирджиния Мартин**  
(АҚШ),  
PhD, проф. **Клаудиа Чанг**  
(АҚШ),  
т.ғ.д., проф. **Қара Әбдіуақап**  
(Түркия),  
т.ғ.д., проф. **О.Д. Осмонов**  
(Қырғыз Республикасы),  
т.ғ.д., проф. **В.М. Козьменко**  
(Ресей Федерациясы),  
т.ғ.д., проф. **Қ.Т. Жұмағұлов**,  
проф. **М.Майер** (Германия),  
т.ғ.д., проф. **А.Б. Соколов**  
(Ресей Федерациясы),  
т.ғ.д. **Томохико Уяма** Жапония),  
т.ғ.д., проф. **Т.Ходжаоглы**  
(Түркия),  
т.ғ.д., проф. **Ғ.М. Қарасаев**

© Абай атындағы  
Қазақ ұлттық педагогикалық  
университеті, 2022

Қазақстан Республикасының  
мәдениет және ақпарат  
министрлігінде  
2009 жылы мамырдың 8-де  
тіркелген №10102 - Ж

Басуға 19.12.2022 қол қойылды.  
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 43,75 е.б.т.  
Таралымы 300 дана. Тапсырыс ??.

050010, Алматы қаласы,  
Достық даңғылы, 13.  
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университетінің  
«Ұлағат» баспасы

М а з м ұ н ы  
С о д е р ж а н и е  
C o n t e n t

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ  
СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ  
SOCIAL AND ECONOMIC HISTORY

- Исмагулов Ұ.Ш., Исмагулова Д.М.** Сайлау құқығынан айыру-кеңестік қуғын-сүргін саясатының бір көрінісі ретінде (XX ғ. 20-30 жж.) (Ақтөбе архиві материалдары бойынша)..... 7  
**Ismagulov U.Sh., Ismagulova D.M.** Disenfranchisement-as one of the types of the soviet repressive policy in the 20-30s of the XX century (by the materials of the Aktobe archive)
- Мамытова С.Н., Шаяхмет Н.У., Файзуллин А.М.** XX ғасырдың 30-жылдарындағы Қазақстандағы ашаршылық тарихы 3D реконструкциялауда: мүмкіндіктер мен перспективалар..... 18  
**Mamytova S.N., Shayakhmet N., Faizullin A.M.** History of famine in Kazakhstan in the 30s of the XX century in 3D reconstruction: opportunities and prospects
- Базарбаев К.К., Гумуш Н., Ақдениз Е.** Issues of the continuity of the history of the movement of the young turks and the national liberation movement of Turkestan in the xx century..... 33  
**Bazarbayev K.K., Gumush N., Akdeniz E.**
- Базарбаев К.К., Гумуш Н., Ақдениз Е.** XX ғасырдағы Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалысы мен жастүріктер қозғалысы тарихындағы сабақтастықтар мәселесі
- Расулов Б.М., Каримов К.С., Якубов Н.С.** (г. Андижон, Узбекистан) Влияние российской империи на систему местного самоуправления в Туркестане..... 41  
**Rasulov B.M., Karimov K.S., Yakubov N.S.** (Andijon, Uzbekistan) The influence of the russian empire on the system of local self-government in Turkestan
- Байсарина Қ.Қ., Токишкадыров Б., Мамырбеков А.М.** Голощекиннің «кіші қазан саясаты» және жайылымдық-шабындық жерлерді қайта бөлу науқаны..... 53  
**Baisarina K.K., Tokishkadyrov B., Mamyrbekov A.M.** Goloshchyokin's "little october" policy and the campaign to redistribute pasture and hayland
- Сайфулмаликова С.** Ташкент қыздар гимназиясының құрылу тарихынан (1876-1917)..... 62  
**Saifulmalikova S.** From the history of the Tashkent Women's Gymnasium (1876-1917)
- Габдулина А.Ж., Ахметова Р.Д.** Социально-экономическое развитие Степного Края: благотворительная и предпринимательская деятельность купечества в Казахстане во второй половине XIX-начале XX вв..... 75  
**Gabdulina A.Zh., Akhmetova R.D.** The steppe region: charitable and entrepreneurial activity of merchants to Kazakhstan in the second half XIX- first quarter XX centuries.

ЖАЛПЫ ТАРИХ  
ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ  
GENERAL HISTORY

- Сейтов Р.М., Балакаева Л.Т.** Особенности и механизмы династийной передачи мест в Японском парламенте..... 84  
**Seitov R.M., Balakayeva L.T.** Features and mechanisms of dynastic transfer of seats in the Japanese parliament

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Исторические и социально-политические науки»,  
№4(75), 2022

Выходит с 2000 года.  
Периодичность – 4 номера в год

Главный редактор  
д.и.н. Г.К. КЕНЖЕБАЕВ

Редакционная коллегия:  
д.и.н., проф. М.К. Койгелдиев,  
(зам. гл. редактора),  
к.и.н., доц. Р.Р. Оспанова,  
к.и.н., доц. Т.Т. Далаева  
(ответ. секретари),  
д.и.н., проф. Х.М. Абжанов,  
к.и.н., проф. Б.С. Жумагулов,  
PhD, проф. Вирджиния Мартин  
(США),  
PhD, проф. Клаудиа Чанг  
(США),  
д.и.н., проф. Кара Абдиуакап  
(Турция),  
д.и.н., проф. О.Д. Осмонов  
(Кыргызская Республика),  
д.и.н., проф. В.М. Козьменко  
(Российская Федерация),  
д.и.н., проф. К.Т. Жумагулов,  
проф. М.Майер (Германия),  
д.и.н., проф. А.Б. Соколов  
(Российская Федерация),  
д.и.н., Томохико Уяма (Япония),  
д.и.н., проф. Т.Ходжаоглы  
(Турция),  
д.и.н., проф. Г.М. Карасаев

© Казахский национальный педагогический университет имени Абая, 2022

Зарегистрировано в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан 8 мая 2009 г. №10102-Ж

Подписано в печать 19.12.2022.  
Формат 60x84 1/8.  
Объем 43,75 уч.-издл.  
Тираж 300 экз. Заказ ???.

050010, г. Алматы,  
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»  
Казахского национального педагогического университета имени Абая

- Муратказин М.М., Берікболова А.Ж., Мухаметжанова Н.А. Батыс Еуропа елінің мәдениетіне үлес қосқан ұлы Карлдың «Каролингтік өрлеу» кезеңі..... 94
- Muratkazin M.M., Berikbolova A.Zh., Mukametzhanova N.A. The period of the "Carolingian ascent" of charlemagne, who contributed to the culture of the western european country
- Мусаева Э.А., Аубакирова Ж.С., Сейфуллина Г.Р. Қазіргі Қазақстандық және Сингапурлық жоғары білім беру модельдерінің тарихи өзара байланысы..... 104
- Mussayeva E.A., Aubakirova Zh.S., Seifullina G.R. The historical connections between the modern Kazakh and Singapore models of higher education
- Сутеева Х.А., Ермуканов Е.Н., Рүстем К.М. Орталық Азиялық аймақтағы Қытай Халық Республикасының 1992-2001 жж. жүргізген экономикалық саясаты..... 116
- Suteeva H.A., Ermukanov E.N., Rustem K.M. The economic policy pursued by the people's republic of china in the central asian region in 1992-2001.
- Чокатова А.М., Батырхан Б.Ш. Иранның ұлттық бірегейлігі және мәдени мұрасы..... 130
- Chokatova A.M., Batyrhan B.Sh. National identity and cultural heritage of iran
- Турекулова Ж.Е., Оғарбаева Г.К. Мысырдағы модернизациялық үдерістердің негізгі мәселелері (XIX ғасырдың 40-70 жж.).... 139
- Turekulova Zh.E., Otarbayeva G.K. The main problems of the modernization process in Egypt (40-70 years of the XIX century)

#### САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТАРИХ ПОЛИТИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ ИСТОРИЯ POLITICAL AND SOCIAL HISTORY

- Қабыл А.Ә., Оразхан Н.О. 20-30 жылдардағы ауа көшу: Өзбекстан бағыты..... 149
- Kabyl A.A., Orazkhan N.O. Migration 20-30 years: Uzbekistan direction
- Симтиков Ж.К., Давлетбаева Ж.Ж., Загребин А.В. Формы вовлечения стейкхолдеров (заинтересованных сторон) в систему противодействия коррупции в Республике Казахстан..... 160
- Simticov Zh.K., Davletbayeva Zh.Zh., Zagrebin A.V. Forms of involving stakeholders (stakeholders) in the anti-corruption system in the republic of Kazakhstan
- Исибаева Е.И., Нұрыш З.З. Гендерлік теңдікті қамтамасыз етудің мемлекеттік саясатын зерттеудің тарихи-әдіснамалық негіздері және тұжырымдамалық аспектілері..... 172
- Isibayeva E.I., Nurysh Z.Z. Historical and methodological foundations and conceptual aspects of the study of the state policy of ensuring gender equality
- Найманбаев Б.Р., Орынбасарова Г.Ж. История создания и принципы деятельности всемирной торговой организации..... 183
- Naimanbayev B.R., Orynbasarova G.Zh. Creation history and activity principles of the world trade organization

Abay Kazakh National Pedagogical  
University

BULLETIN

Series «Historical and socio-political  
sciences»  
№4(75), 2022

Periodic – 4 issues/year  
Published since 2000

**Editor-in-chief:**  
doctor of historical sciences  
G.K. KENZHEBAYEV

**Editorial staff:**  
**Koigeldiyev M.K.** doctor of historical sciences, professor (editorial-in-chief's assistant),  
**Ospanova R.R.** candidate of historical sciences, associate professor,  
**Dalaeva T.T.** candidate of historical sciences, associate professor, (responsible secretary),  
**Abzhanov Kh.M.** doctor of historical sciences, professor,  
**Zhumagulov B.S.** candidate of historical sciences, professor,  
**Virginia Martin.** professor, PhD (USA),  
**Claudia Chang** professor, PhD (USA),  
**Kara Abdiyapap** doctor of historical sciences, professor (Turkey),  
**Osmonov O.D.** doctor of historical sciences, professor (Kirgistan),  
**Kozmenko B.M.** doctor of historical sciences, professor (Russian Federation),  
**Zhumagulov K.T.** doctor of historical sciences, professor,  
**Mayer M.** doctor of historical sciences, professor (Germany),  
**Sokolov A.B.** doctor of historical sciences, professor (Russian Federation),  
**Tomokhiko Uyama** doctor of historical sciences (Japan),  
**Khodjaogly T.** doctor of historical sciences, professor (Turkey)  
**Karasayev G.M.** doctor of historical sciences, professor

Abai Kazakh National Pedagogical  
University, 2022

Registered in the Ministry of culture and  
information of the Republic of  
Kazakhstan, May, 8, 2009 №10102-ZH

Signed for print 19.12.2022  
Format 60x84 1/8.  
Volume 43,75 уч.-изд.л.  
Issue 300. order ???.

050010, Almaty  
Abai KazNPU, 13 Dostyk av.  
«Ulagat» publishing house  
Abai Kazakh National Pedagogical  
University

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА  
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ  
SOURCE AND HISTORIOGRAPHY

**ÖnderDuran M.** (*Uşak Üniversitesi, Türkiye*) “Sibiryameleği”:  
elsabrändström’untürkistanizlenimleri..... 192  
**Onder Duran M.** (*Uşak University, Turkey*) “Angel of siberia”:  
Elsabrändström impressions of turkistan

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ  
АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ  
ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY

**Монтанай Э.Э., Ахметбекова А.К.** Түрік киімдерінде жасалынған реформалық өзгерістер..... 199  
**Montanay E., Akhmetbekova A.K.** A manifestations of reforms related to the process of europeanization in kazakh and turkish clothing  
**Бердыгужин Л.Б., Сарсенов А.С., Жумагулов Б.С.** Исторические этапы развития нефтяной промышленности..... 211  
**Berdyguzhin L.B., Sarsenov A.S., Zhumagulov B.S.** Historical stages of development of the oil industry  
**Бекешов С.С.** Ерте және орта ғасыр көшпелілер мәдениеті және сәулет өнері..... 224  
**Bekeshov S.S.** Early and medieval nomadic culture and architecture  
**Кенжебаев Д.А.** Основополагающий фактор казахских национальных традиций..... 236  
**Kenzhebayer D.A.** Fundamental factor of kazakh national traditions  
**Түлегенов Т.Ж., Железняков Б.А., Исабекова К.Б.** Алматы облысы музейлерінің қорларындағы сак-үйсін дәуірінің музейлік жинақтарының атрибуциясы мен мәдени интерпретациясы.... 244  
**Tulegenov T.Zh., Zheleznyakov B.A., Isabekova K.B.** Attribution and cultural interpretation museum collections of the saka and wusunerafrom museums funds in Almaty region

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ  
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ  
TEACHING HISTORY

**Тлемисова Ж.М., Болатова Қ.Б., Рамазанова Ф.С.** Қазақстанның халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарының Қазақстан тарихында оқытылу ерекшеліктері: Германия мысалында..... 255  
**Tlemisova Zh.M., Bolatova K.B., Ramazanova F.S.** Features of teaching international socio-cultural priorities of Kazakhstan in the history of Kazakhstan: in case of Germany

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР  
ПЕРСОНАЛИИ  
PERSONALITY

**Токжигитова М.А., Исабек Б.Қ., Нуржанова А.М.** Зиялылық және Оңтүстік өлке зиялыларының өмір жолы (XX ғасырдың I жартысы)..... 266  
**Tokzhigitova M.A., Isabek B.K., Nurzhanova A.M.** Intelligentsia and the way of life of the intelligentsia of the southern region (i half of the twentieth century)

<b>Закирова И.Г.</b> (Республика Татарстан) Художественная специфика концепта исторической личности.....	276
<b>Zakirova I.G.</b> (Republic of Tatarstan) Artistic specifics of the concept of a historical personality	

**ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ  
ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ  
RESEARCH OF YOUNG SCIENTISTS**

<b>Abdrzakova L.N.</b> Foreign policy elite of Kazakhstan, Turkey and the EU in the terms of migration flow issue.....	291
<b>Абдразакова Л.Н.</b> Көші-қон ағыны мәселесінде Қазақстанның, Түркияның және ЕО-ның сыртқы саяси элитасы	
<b>Алшыкенова А.Т., Асанова С.С.</b> Оңтүстік Қазақстан облысында денсаулық сақтау ісінің қалыптасуы мен даму тарихы (1932-1991).....	301
<b>Alshykenova A.T., Assanova S.M.</b> The history of the formation and development of healthcare in the South Kazakhstan region (1932-1991)	
<b>Жалмагамбетов Е.А.</b> Соғыс жылдарынан кейінгі шаруалардың тұрмысы мен табысы.....	312
<b>Zhalmagambetov Y.A.</b> Incomes and social status of peasants post-war decades	
<b>Камза А.Т.</b> «Кейінгі сталинизм» тұсындағы қазақстандағы билік және интеллигенция мәселесінің тарихнамалық классификациясы.....	318
<b>Kamza A.T.</b> Historical classification of the problem of authority and intelligence in kazakhstan in the years of «late stalinism»	
<b>Базарбай Е.М.</b> Жастар-қоғамдағы өзгерістердің басты факторы және ондағы масс медианың алатын орны.....	327
<b>Bazarbay E.M.</b> Youth is the main factor of changes in society and the place of mass media in it.	
<b>Тұралин Е.М.</b> Қазақстанның Түркиямен мәдени қарым-қатынасының алғашқы кезеңдегі табысты қадамдары (1991-2000 жылдар аралығы).....	339
<b>Turalin E.M.</b> Successful steps in the early stages of cultural relations of Kazakhstan with Turkey (1991-2000)	

Білім және ғылым саласында қадағалау және аттестациялау жөніндегі комитеттің 2005 ж. №476 «Диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне» 2003 ж. 26 маусымдағы №433-3 ж бұйрығына толықтыру енгізу туралы бұйрығы негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ тарихи ғылымдары бойынша (07.00.00. мамандығы) Хабаршы БҒСҚАК тізіміне енгізілген.

На основании приказа Комитета по надзору и аттестации в сфере образования и науки за №476 от 2005 г. о внесении дополнений в приказ от 26 июня 2003 г. №433-3 ж "Об утверждении Перечня изданий для публикации основных научных результатов диссертаций" Вестник КазНПУ им. Абая по историческим наукам (специальность 07.00.00) внесен в Перечень КНАСОН

On the basis of the decision of Committee for control in the sphere of education and science (order №433-3. from June, 26, 2003) Bulletin of Abai Kazakh national pedagogical university, series «Historical and socio-political sciences» is included into the list of issues to publish the basic scientific results of dissertations on historical sciences (speciality - 0700 00)

**ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ  
СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ  
SOCIAL AND ECONOMIC HISTORY**

ӘӨЖ: 94(574)  
ҒТАМР: 03.20.00

<https://orcid.org/0000-0003-0587-8982>

Ұ.Ш. Исмагулов<sup>1\*</sup>, Д.М. Исмагулова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Т.ғ.д., профессор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,  
Ақтөбе, Қазақстан  
E-mail: uzakbai\_is@mail.ru

<sup>2</sup>Тарих магистрі, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,  
Ақтөбе, Қазақстан  
E-mail: dinara-muratovna@inbox

**САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРУ-КЕҢЕСТІК ҚҰҒЫН-СҮРГІН САЯСАТЫНЫҢ  
БІР КӨРІНІСІ РЕТІНДЕ (XX ғ. 20-30 жж.)  
(АҚТӨБЕ АРХИВИ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША)**

*Аңдатпа*

Мақалада XX ғасырдың 20-30 жылдары Ақтөбе өңірінде өткен сайлау науқаны кезінде азаматтардың сайлау құқығынан айыру мәселелері жан-жақты қарастырылады. 1918 және 1925 жылдардағы Конституцияларда сайлау құқығынан айырылған азаматтардың санаттары нақты көрсетілген. Олардың негізін құлатылған қанаушы таптардың өкілдері құрады. Кейінгі жылдары азаматтардың бұл санаттары сайлау және қайта сайлау науқандарында үнемі өсіп жатқаны байқалды. Көп жағдайда бұл шаралар сайлау ережелері мен нұсқауларынан тыс жүргізілді. Жергілікті сайлау комиссияларының жұмыстарында қайшылықтар көп болды. Сайлау құқығынан айыру шарасына бұрын осы жазаға ұшыраған азаматтың отбасы мүшелері де, яғни әйелдері, бала-шағалары тартылды. "Айырылғандар" отбасы мүшелері жұмысқа орналасуда қиыншылықтарға тап болды, оларға әлеуметтік көмек те тие бермеді, мектепте білім алуда барысына, жоғары оқу орындарында оқуда үнемі кедергілер кездесіп отырды, тіпті Қарулы Күштер қатарында қызмет ете алмады. Мұндай қасіретті жағдайда әйелі күйеуінен ажырасуға, ұлы мен қызы әкесінен бас тартуға мәжбүр болды. Мақалада жаңа архив деректері мен материалдары негізінде Ақтөбе өңіріндегі оқиғалар мысалында азаматтарды сайлау құқығынан айыру науқанының барысы және салдары егжей-тегжейлі ашылып, талданады.

**Кілт сөздер.** Кеңес өкіметі, сайлау, сайлау құқығынан айыру, кеңестік құғын-сүргін.

Исмагулов У.Ш.<sup>1</sup>, Исмагулова Д.М.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Д.и.н., профессор, Актюбинский региональный университет им.К.Жубанова,  
Ақтөбе, Казахстан  
E-mail: uzakbai\_@mail.ru

<sup>2</sup>Магистр истории, Актюбинский региональный университет им.К.Жубанова,  
Ақтөбе, Казахстан  
E-mail: dinara-muratovna@inbox

**ЛИШЕНИЕ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ ПРАВ – КАК ОДИН ИЗ ВИДОВ СОВЕТСКОЙ  
РЕПРЕССИВНОЙ ПОЛИТИКИ В 20-30-е гг. XX в.  
(ПО МАТЕРИАЛАМ АКТЮБИНСКОГО АРХИВА)**

*Аннотация*

В статье всесторонне рассматриваются вопросы лишения избирательных прав граждан во время предвыборных кампаний Актюбинского региона, проводившихся в 20-30 гг. XX века. В Конституциях 1918 и 1925 годов конкретно были указаны категории граждан, которые должны быть лишены

избирательных прав. Их основу составляли представители свергнутых угнетающих классов. В последующие годы было замечено, что эти категории граждан в предвыборных и перевыборных кампаниях непрерывно возрастают. В большинстве случаев эти меры проводились вне положения и инструкции избирательных правил. Были допущены противоречия в работах местных избирательных комиссий. Лишению избирательных прав были подвергнуты члены семьи гражданина, ранее подвергшиеся данному наказанию. Члены семей "лишенцев" столкнулись с трудностями в трудоустройстве, они не могли получить социальной помощи, постоянно встречались препятствия в обучении в школе, в вузах, они не могли даже служить в рядах Вооруженных сил. В такой трагической ситуации жена была вынуждена развестись с мужем, а сын и дочь вынуждены были отказаться от отца. В статье на основе новых архивных источников и материалов подробно раскрываются и анализируются последствия кампании лишения граждан избирательных прав на примере события в Актобинском регионе.

**Ключевые слова.** Советская власть, выборы, лишение избирательных прав, советские репрессии.

*Ismagulov U.Sh.\*<sup>1</sup>, Ismagulova D.M.<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> *Doctor of History, Prof., Aktobe Regional University named after K.Zhubanov,  
Aktobe, Kazakhstan  
E-mail: uzakbai\_@mail.ru*

<sup>2</sup> *Master of History, Aktobe Regional University named after K.Zhubanov,  
Aktobe, Kazakhstan  
E-mail: dinara-muratovna@inbox*

#### **DISENFRANCHISEMENT-AS ONE OF THE TYPES OF THE SOVIET REPRESSIVE POLICY IN THE 20-30s OF THE XX CENTURY (BY THE MATERIALS OF THE AKTOBE ARCHIVE)**

##### *Abstract*

The article comprehensively examines the issues of deprivation of voting rights of citizens during the election campaigns of the Aktobe region, which were held in the 20-30s. of XX century. The Constitutions of 1918 and 1925 specifically specified the categories of citizens who were to be disenfranchised. They were based on representatives of the overthrown oppressive classes. In subsequent years, it was noticed that these categories of citizens in the pre-election and re-election campaigns are continuously increasing. In most cases, these measures were carried out outside the provisions and instructions of the electoral rules. Contradictions were made in the work of local election commissions. Members of the citizen's family who had previously been subjected to this punishment were subjected to disenfranchisement. The family members of the "disenfranchised" faced difficulties in finding employment, they could not receive social assistance, there were constant obstacles in studying at school, in universities, they could not even serve in the ranks of the Armed Forces. In such a tragic situation, the wife was forced to divorce her husband, and the son and daughter were forced to abandon their father. Based on new archival sources and materials, the article reveals in detail and analyzes the consequences of the campaign to deprive citizens of voting rights on the example of an event in the Aktobe region.

**Keywords.** Soviet power, elections, disenfranchisement, Soviet repressions.

**Кіріспе.** Қазан революциясы нәтижесінде орнаған Кеңес өкіметі мен большевиктер партиясы алғашқы күндерден бастап таптық мүдде тұрғысынан бұрынғы үстем таптардың азаматтық құқықтарын шектей бастады. 1918 жылы қабылданған РКФСР алғашқы Конституциясында сайлау құқықтарынан айырылуға жататын азаматтардың сегіз санаты көрсетіліп беріледі. Осы санаттар 1925 жылы қабылданған Конституцияда да сақталады. Дегенмен РКФСР, оның ішінде ҚазАКСР жүргізілген сайлау, қайта сайлау науқандарында ол санаттар саны кейде заңды, кей жағдайда заңсыз түрде толықтырылып отырды. Оның бір айғағы 1924 жылғы сайлау нәтижесінің күшінің жойылуы еді.

Сайлау құқығынан айыру төңірегіндегі туындаған қайшылықтарды жою бағытында 1930 жылы сәуір айында үкіметтің арнайы жарлығы шығады. Халық басына зор қасірет әкелген осы науқан кеңестік қуғын-сүргіннің бір қыры болып табылады деп айтуға болады.

**Өзектілігі.** Бұрынғы КСРО-да азаматтарды қуғын-сүргінге салудың бір жолы олардың конституциялық құқықтарының саяси-әлеуметтік мазмұнды әрекеттермен шектелуінде көрінді. Бұл шара халықтың қудалануында ерекше қасіретті орын алды. Қоғамнан бөліп тастау жұмыстары әдейі жүргізілді.



Сондықтан да ХХ ғ. 20-30 жылдарында жүргізілген азаматтарды сайлау құқығынан айыру әрекеттерінің мән-мазмұнын жан-жақты ашып көрсету маңызды мәселе болып табылады.

**Мақсат мен міндеттері.** Жұмыс мақсаты кеңестік қуғын-сүргіннің қасіретті, қайшылықты мән-мазмұнын ашу болып табылады. Осы бағытта мәселенің зерттелу деңгейі, сайлау құқығынан айыру мәселесінің билік пен партия тарапынан халықты қуғындауға ыңғайластырылуы және оның қолдану механизмдері, осы бір саяси шараның салдары талданады.

**Материалдар мен әдістемесі.** Мақаланы дайындау барысында мұрағат материалдары кеңінен пайдаланылды. Қажетті материалдар мен деректер Ақтөбе облысы мемлекеттік архиві қорларынан алынды. Құжаттардың барлығы дерлік жаңа, тың деректер болып табылады. Мақалаға сондай-ақ КСРО Орталық Сайлау Комиссиясы Президиумының қаулылары, БОАК сайлау өткізу жөніндегі декреті, сайлауға қатысты нұсқаулықтар, т.б. материалдар пайдаланылды.

Зерттеу әдісіне тарихилық, объективтілік принциптері негізге алынды. Мәселені кеңінен ашу бағытында салыстырмалы, тарихи-салыстырмалы тәсілдер қолданылды.

**Талқылау.** Тақырыптың ерекшелігі ХХ ғ. 20-30 жылдарындағы сайлау құқығынан айыру мәселесінің Ақтөбе өңіріндегі жүрісінің алғаш рет зерттеліп отырғандығы болып табылады.

Жалпы, осы мәселе тәуелсіздіктен кейінгі жылдары Қазақстанда кеңінен қарастырыла қоймаса да тақырыпқа қатысты арнайы зерттеулер болғанын айтып өткен жөн. Аталмыш бағытта зерттеуші А.К. Булғынбаеваның мақалалары жарық көрген. Зерттеушінің бір мақаласы кеңестік биліктің алғашқы жылдарынан сайлау құқықтарынан айыру, осы бағыттағы заң-жарлықтар мазмұндарын талдауға арналса [1], келесі бір мақаласында Шығыс Қазақстан облысы

айыру мәселесі талданады [2].

ХХ ғ. 20-30 жылдарында азаматтарды сайлау құқықтарынан айыру мәселесі ресейлік тарихшылар тарапынан жан-жақты зерттелген. Олардың қатарынан Н.А. Федорованы, О.Б. Панкратова мен С.С. Писановты, М.С. Саламатованы және т.б. атап өтуге болады. Зерттеуші Н.А. Федорованың мақаласында большевиктік режимнің әлеуметтік саясатының бір қыры-азаматтарды сайлау құқықтарынан айыру мәселесі және оның әлеуметтік-экономикалық зардаптары талданса [3], келесі бір ғалымдардың еңбектерінде шаруаларды сайлау құқығынан айыру бағытындағы большевиктер партиясының саясаты қарастырылады [4].

Осы мәселемен арнайы айналысқан М.С.Саламатованың монографиясының 3-тарауында сайлау құқығынан айыру мәселесінде осы шараға тартылатын жандар санаты, заң-жарғылар және құқықтан айыру іс-тәжірибелері нақты талданады [5].

Шетел ғалымдарының еңбектерінде де сайлау құқықтарынан айыру мәселесі қарастырылатынын айтып өткен жөн. Мысалы, американдық зерттеуші Ш.Фицпатрик өзінің мақаласында 20-шы жылдары кеңестік қоғамда тұрғындардың кулактар, нэпмандар, діни қызметкерлер және "бұрынғылар" сияқты шеттетілген топтары болғандығы, қоғам қабылдамаған топтарға жататын осы адамдар сайлау құқығынан айырылған адамдар болып саналғаны және олардың барлығы да соның салдарынан зардап шеккендігін көрсетеді [6, с.136].

Келесі бір шетелдік ғалым В.Бровкин өз еңбегінде шаруалардың большевиктерге еш сенбегені, сайлау науқанында коммунистердің өтуіне қарсылық жасағандары, коммунистердің құр сөзден басқа ештеңе істемей жатқаны, керісінше, жақсылықты сол ауқатты шаруалардан көргендері, сайлау құқығынан айырылғандардың мәртебесі қалпына келтірілуі керектігі жайында айтады [7, с.77]. Шындығына келгенде, биліктің ауқаттыларды сайлау құқықтарынан айыруының бір қыры осы мәселеде жатты деп айтуға болады.

**Зерттеу нәтижелері.** ХХ ғ. 20-30 жылдарындағы халыққа қарсы жүргізілген науқан ішінде тұрғындарды сайлау құқығынан айыру мәселесінің орны ерекше болып табылады. Осы шара кеңестік билік пен большевиктер партиясының қайғылы да қасіретті қуғын-сүргін саясатының бір қыры деп айтуға болады.

Кеңес үкіметінің алғашқы заң-жарғыларынан-ақ халықтың белгілі бір тобын шыққан тегі, әулеті, жиған-терген дәулетіне, саяси ұстанымдарына байланысты сайлау құқықтарынан шектеу қолға алынды. 1918, 1925 жылғы РКФСР Конституцияларында олардың санаттары нақты көрсетіледі:

- а) пайда табу мақсатында жалдамалы еңбекке жүгінетін адамдар;
- б) еңбексіз табыспен өмір сүретін адамдар: капиталдан пайыздар, кәсіпорындардан түскен кірістер, мүліктен түсетін түсімдер және т. б.;
- в) жеке саудагерлер, сауда және коммерциялық делдалдар;
- г) монахтар және шіркеу қызметшілері, діни наным-сенімдерге табынушылар;

д) бұрынғы полиция қызметкерлері мен агенттері, бұрынғы жандармдар корпусы мен күзет бөлімшесінің барлық қызметкерлері және Ресейде билік еткен үйдің мүшелері

е) есі ауысқан немесе ақыл-есі кем деп танылған адамдар;

ж) пайдакүнемдік және иезиян келтіретін қылмыстары үшін заң жүзінде және сот үкімімен сотталған адамдар.

Сайлау құқығынан айыру жөніндегі осы көрсетілген санаттар кеңестік биліктің сайлау, қайта сайлау шараларына арналған басқа да заң-жарлықтары, нұсқауларынан орын алып отырды және жетілдіріліп отырды. Алғашқы санаттар, негізінен бұрынғы қанаушыларға, Кеңес үкіметіне қарсы күрескен топтарға арналғанмен, кейінгі жылдары олардың тізімі үкімет тарапынан, республикалық, сондай-ақ жергілікті сайлау комитеттерінің тарапынан заңды, кей жағдайда заңсыз түрде өз беттерімен толықтырылып отырғанын айтып өтуіміз керек.

Көңіл аударарлық жай 1924 жылы болған сайлау дұрыс жүргізілмеді деп есептелді. Сайлау қорытындыларының күшін жаппай жою шаралары көтерілді. Соған байланысты КСРО ОАК Президиумының 1924 жылдың 24 желтоқсанында «Сайлау комиссияларының жұмыстары дұрыс жүргізілмеген аудандарда Кеңестерге қайта сайлау өткізу жөнінде» атты қаулысы, ал 1925 жылы 16 қаңтарда осы қаулы негізінде «Кеңестерге қайта сайлау өткізу» атты арнайы нұсқауы шығады. Оларда сайлау құқығынан айырылғандар тізімін жасақтау және құқықтарынан айырылғандардың арыз беру жолдарына өзгерістер енгізу қарастырылады. Нұсқауда арыз беру жолдары қайшылықты жағдайда қалады. Арызды қарау сайлау комиссияларының төменгі буындары үшін 24 сағат, ал жоғары деңгейде қаралуы 48 сағат болып белгіленгенді [8]. Осы арыз беру, оның қаралу мерзімінің жекелей жанның және де бүтін бір отбасының қоғамның толыққанды мүшесі ретінде өмір сүрудегі тағдырын шешуде тым қысқалығына байланысты наразылықтар туындағаны түсінікті еді. Кейін, 1925 жылдың 13 қазанындағы БОАК нұсқауымен арыздардың қаралуы тиісті орындар бойынша 3,7 күндер болып белгіленеді [9].

Осы, 1925 жылы ҚазАКСР алдағы жылы болатын Кеңестерге қайта сайлау науқанына дайындық жұмыстарына байланысты Орталық сайлау комитеті губернияларға нұсқаулық жібереді. Онда 1924 жылғы сайлау барысында жіберілген кемшілік көрсетіледі. Түрлі кемшіліктер қатарында азаматтарды сайлау құқығынан айыру мәселесі айтылады. Онда сайлау құқығынан айыру ҚазАКСР директиваларының бұзылуымен жүргізілгені, яғни санаттардың жөнсіз көбейтілуі, айыру құжаттық негіздемесіз болғандығы, соның кесірінен сайлау құқығынан айырылғандар тізімін тексеру нәтижесінде олардың 80% құқығы қайта қалпына келтірілгені ескертіледі [10, 21-п.].

Дегенмен атқарушы биліктің өзі әр сайлау, қайта сайлау науқаны алдында сайлау құқығынан айырылушылар санаттарына өзгерістер енгізіп отырды.

1925 жылдың шілде айының басында Ақтөбе губаткомына ҚазОАК Президиумының 1925 жылдың 26 маусымында бекітілген циркуляры жіберіледі. Онда РКФСР Конституциясының 65-бабы және КСРО ОАК 1925 жылдың 16 қаңтарындағы нұсқауы негізінде сайлау құқығынан айырылғандар қатарына төмендегідей топтарды қосу керектігі тапсырылады:

1) аудандық, кіші аудандық қоныстандыру басшылары, революцияға дейін ҚазАКСР территориясында шаруалар бастығы қызметін атқарғандар;

2) Имамдар, хазіреттер, муфтилар, мұсылмандық дін басқармасы мүшелері (қазы), мұхтасибтар, сондай-ақ осы ұйымдағы ресми қызметтегі адамдар;

Мұсылмандық білімі бар, бірақ дінге тікелей қызмет етпейтін, ауыл шаруашылығымен айналысатын немесе тек сауат ашуға немесе діни сауаттылыққа ғана оқытатын молдалар сайлау құқықтарынан айырылмайды деп саналды.

Сонымен қатар жалдама жұмысын тек маусымдық кезеңге ғана пайдаланатын қазақ қожалықтары да құқықтарынан айырылмайды деп көрсетіледі [11, 17-п. және келесі жағы].

1925 жылдың 9 қазанында ҚазАКСР ОАК 5-шақырылымының 11-сессиясында қабылданған «Қала, ауыл, селолық кеңестеге сайлау және кеңестер съезін шақыру» жөніндегі нұсқауында осы сайлау құқығынан айыру санаттарының кейбіреулері республика ерекшелігіне байланысты нақтыланып көрсетіледі. Мысалы, ірі мал иелері жалдама еңбекті өздерінің кіріс алу мақсатына пайдаланғандар, сондай-ақ малдарын кедейлерге табыс табу үшін тапсырғандар, дін қызметкерлеріне байланысты имам, ишан, қалпе, хазірет, муфти, қазы, мұхтасиб, бақсылар, егер олар өздері де сол бапқа сай келіп жатқан жағдайда сайлау құқығынан айырылған жандардың отбасы мүшелері, бұрын патшаға қызмет еткен болыс басқарушылары, билер, патшадан «құрметті азамат» атағын алғандар құқықтарынан айырылатын болды [12, 38-39-пп.].

Осы жағдай губерниялық атқару комитетінің қаулысы бойынша (№30 хаттама, 23.10.1925 ж.) 1925 жылдың 1 қарашасынан 1926 жылдың 1 наурызы аралығында жүргізілетін Ақтөбе округінде қайта сайлау науқанында ескерілуі керек болды [10,18-п.].

Осы 1925/26 жылғы сайлау қарсаңында сайлау құқығынан айырылғандар саны өткен,1924/25 жылға қарағанда анағұрлым қысқарады және тізімі дұрысырақ болды деп саналды. Мысалы, Ақтөбе уезі бойынша дауысынан айырылғандар саны 1924/25 жылғы науқанда 2785 жан болса,1925/26 жылы науқанда 1029 жан, ал осы көрсеткіш Шалқар уезінде тиісінше 446 және 370 , Торғай уезінде 467 және 95 болады[12,181-п.].

Алайда сайлау құқығынан айырылғандар санының күрт төмендегенімен де қайшылықтар жоқ емес еді. Егер өткен жылғы сайлау науқанында қазақ тұрғындары арасында жақ-жақ болып таласушылар мен атқамінерлер жаппай құқықтарынан айырылуына жол берілсе, бұл жолғы науқанда ҚазАКСР ОАК нұсқаулықтарында оларға көңіл аударылмай атқамінерлер сайлау құқықтарына қайта ие болып, байлармен тізе қосып әрекет етеді.

1925/26 жылғы қайта сайлау науқанының қорытындысы бойынша қабылданған қарарда байлар мен атқамінерлер әрекеттерінің күшейгені және соның әсерінен Кеңеске көп жағдайда солардың қолдаушыларының өгіп кеткеніне назар аударылады. Ақтөбе губаткомының ІҮ сессиясында атқамінерлерге сайлау құқығының берілуін жою үшін ҚазОАК қайта сайлау нұсқауын қайта қарау керектігі жайында сұраныс түсіру қарастырылады.

Айта кетер жай сайлау құқығынан айырылғандар қатарындағы ең көп жандар еңбексіз кірістен пайда көретіндер (қазақ тұрғындары үшін байлар) мен дін қызметкерлері санатында болып табылады. Мысалы, 1924/25 жылғы мәліметте олардың саны Шалқар уезіндегі 445 жанның 260 және 48, Ақтөбе уезіндегі 2787 жанның 847 және 659, Торғай уезіндегі 467 жанның 242 және 82 құраса, 1925/26 жылғы мәлімет бойынша Шалқар уезінде 370 жанның 51 және 240, Ақтөбе уезінде 1026 жанның 256 және 355, Торғай уезінде 95 жанның 42 және 42 болғанын айғақтайды [12,160-п.].

1926/27 қайта сайлау науқанына байланысты партия мен үкімет алдына қойылған міндеттер қатарында бұқара арасында байлар мен атқамінерлер ықпалын тежеу, кулак-байларға, басқа да жат элементтерге қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізу болды [13,25-п.].

1926 жылдың 8 желтоқсанында Ақтөбе губаткомы құпия түрде барлық уаткомдар мен Ақтөбе қалалық Кеңеске алдағы қайта сайлау науқанын өткізу барысында назар аударылуы тиіс нұсқау түсіреді. Онда Қазақстан үшін сайлау құқығынан айырылатындар тізімі ауыл және село тұрғындарын малдарын, ауыл шаруашылығы машиналары мен құрал-жабдықтарын, несиелер беру арқылы қанайтындар, атқамінерлер, отбасы мүшелері, ауыл саудагерлері мен делдалдар, алыпсатарлар, маклерлер, молдалар, бұрынғы және кейінгі діни наным-сенімдерді ұстануды уағыздаушы қызметкерлер, мұсылмандық білім оқытушылары, имамдар, ишандар, қалпелер, мүфтилер, мұсылмандық діни басқарма мүшелері (қазылар және мұқтасиндар), хазіреттер, тәуіптер, бақсылар, бұрынғы болыс басқарушылары мен ауыл старшындары, билер, қазақ халық судьялары, патшаға қызметі үшін «құрметті азамат» атағын алғандар санаттарымен (ескерер жай бұл санаттардың кейбіреуі өткен сайлау науқанында көрсетілді) толықтырылады [14,7-п.].

Ақтөбе уезі бойынша 1926 жылы сайлау құқығынан айырылғандар саны-1029 болды. Ал 1927 жылы ол көрсеткіш 4788 жанды құрады. Олардың 40% сайлау құқығынан айырылғандардың отбасы мүшелерінен тұрды. Темір уезінде бұл көрсеткіш тиісінше 95 және 1878 санды көрсетті. 1925/26 жылы Шалқар уезінде сайлау құқығынан айырылғандар 370 болса, келесі жылы бір ғана Бірғыз болысында 435 жан тіркеледі. Мұндай өзгерістер себебі, өткен жылы атқамінерлер, сайлау құқығынан айырылғандар отбасы мүшелері осы шараға тартылмағандықтан еді. Сонымен қатар еңбек шаруашылығына басқаша қарау септігінен орташаларды және руаралық тартыстарына бола қазақ болыстарындағы кедейлерді сайлау құқықтарынан айыру шарасы жүргізілді. Сондықтан да құқықтан айыру дұрыс еместігі бағытындағы арыз-шағымдар тұрғындардың дәл осы топтарынан түседі. Ақпан айының 15 күні ішінде Ақтөбе уездік сайлау комитеті тарапынан 108 арыз-шағым қаралып, оның 39, яғни үштен бірінен астамы сайлау құқығынан негізсіз айырылуына байланысты құқықтарын қалпына келтіру жөнінде болады.

Архив деректерінде кейбір қазақ болыстарындағы кедейлер сайлау комиссияларының жұмыстарындағы келеңсіздіктерге байланысты «осы жылы талас-тартыстарды байлар мен ақсақалдар емес, олардың кедейлері, сайлау комиссиясының құрамындағы партия және Қосшы одағының мүшелері жүргізуде. Олар бір топтың мүддесіне бола қарсы топ жақтастарын сайлау құқықтарынан айыруда» деп көрсетеді. Ал жалдама еңбек пайдаланушылар есебінде сайлау құқықтарынан айырылған шаруалар «Ауыл шаруашылығын көтеру жөнінде көп айтады. Ал сол көтерушілерді құқықтарынан айырып жатыр. Жұмыс күшін

пайдаланбау үшін қожалықтарымыздың жартысын сатып, кедей болуымыз керек шығар» деген пікірлерде наразылықтарын білдіреді [13,27-28-пп].

1926/27 жылы жүргізілген қайта сайлау науқанының қорытындысының (16.03.1927 ж.) 5 тармағында сайлау құқықтарынан айыру шараларындағы қайшылықтар былай беріледі: «Сайлау құқықтарынан айыру барысында нұсқау тармақтарына тіптен келмейтін жандарды айыруға жол берілді. Сондықтан да сайлау нұсқауындағы мысалы, еңбек шаруашылығы белгісін анықтау мәселесінде түрлі ұстанымдар болды. Сонымен қатар нұсқау баптарындағы санаттарға келетін жандарды сайлау құқықтарынан айырмау әрекеттері де көрініс алды. Осылармен қатар қазақ болыстарында руаралық тартыстарға бола кедейлерді сайлау құқықтарынан айыру жағдайлары да кездесті» [13,31п].

Сайлау құқығынан айыру жұмыстары болыстарда да қарқынды жүргізілді. Темір-Орқаш болысы №1 ауылында Кеңеске қайта сайлау нәтижесі бойынша дайындалған баяндамада (9.03.1927 ж.) тұрғындар саны 1355 (728-ер, 627-әйел), 18 жастан асқандар саны 876 (385-ер, 491-әйел), сайлау құқығынан айырылғандар саны 97 (44-ер, 53-әйел) екендігі жайында мәлімет келтіріледі. Сайлауға қатыспайтындар құрамы байлар, дін қызметкерлері, саудагерлер, атқамінерлер және сайлау құқығынан бұрын айырылғандар отбасы мүшелерінен тұрды [13,22-п.].

Темір-Орқаш болысы 12 әкімшілік ауылдан тұрды, орыс поселкелері жоқ. Болыстағы сайлау бөлімшелері саны 55 болды. Сайлауалды науқаны қаңтар айында, ал қайта сайлау науқаны 1-14 ақпан аралығында өткізіледі. Болыстағы жалпы тұрғындар саны 9125 (5210-ер, 3915-әйел) жанды құрады. 18 жастан асқандар саны 5295 (3186-ер, 2109-әйел) болды. Ал сайлау құқығынан айырылғандар саны 525 (269 ер, 256-әйел) көрсетті. Олардың құрамы мынадай болды: жалдама еңбек пайдаланатындар - 109 (59-ер, 50-әйел), атқамінерлер - 186 (101-ер, 85-әйел), діни қызметкерлер - 144 (95-ер, 49-әйел), бұрынғы болыс басқарушылары мен байлар-44 (24-ер, 20-әйел), саудагерлер - 27 (17-ер,10-әйел), сотталғандар - 8 (4-ер, 4-әйел), бұрынғы полицейлер мен жандармдар - 2 (1-ер,1-әйел), бақсылар - 5 (3-ер, 2-әйел) [13, 22-п. келесі жағы].

Ақтөбе уезі бойынша 1927 жылы Кеңестерге қайта сайлау науқаны қарсаңында сайлау құқығынан айырылғандар жөніндегі ведомоста (1927 жылдың 30 мамырында жасақталған.) 4788 адамның ішінде тәуіптер (54 жан), бақсылар (42 жан),кезінде патшадан марапат алған бұрынғы байлар (124 жан) болған [13,109-110-пп.].

Міне, осындай жағдайларға байланысты тиісті орындар сайлау құқығынан айырылғандар тізімін қайта қарауға мәжбүр болды. Оның нәтижесін 1927 жылдың 10 маусымындағы мәліметтен көруге болады:

Ақтөбе уезі бойынша сайлау құқығынан айырылғандар саны-4788, қалпына келтірілгендер саны-77,қалғаны-4711, Шалқар уезі бойынша бұл көрсеткіш тиісінше 1760,8,1752, Темір уезі бойынша 4309,8,4301, Ақтөбе қаласы бойынша 916,8,908 [13,111-п.].

Уездер бойынша сайлау құқықтарынан айырылғандардың 1924/25 және 1925/26 жылдардағы көрсеткіші төмендегідей қалыпта болды [12,160-п.].

жылдар уездер	Сайлау құқығынан айырл.	Еңбексіз кіріс пайд.	Кәсіпкерлік пен айналыс.	Саудагерлер мен делдалдар	Дін иелері	Полиция агенттері,т.б.	Ақыл-есі кем жандар	Сотталғандар
1924/25 ж.								
Шалқар	445	260	-	-	48	9	-	7
Ақтөбе								
Қазақ (ер, әйел)	868/819	404/-	33/-	23/-	380/-	22/-	3/-	3/-
Орыс (ер, әйел)	828/272	272/171	96/46	122/12	240/39	21/1	4/1	131/2
Торғай								
Қазақ (ер, әйел)	426/1	240/1	-	18/-	79/-	16/-	1/-	72/-
Орыс (ер, әйел)	40/-	1/-	-	33/-	3/-	3/-	-	-
1925/1926								
Шалқар								
Қазақ	345	51	-	42	237	9	5	1
Орыс	25	-	-	19	3	3	-	-
Ақтөбе								
Қазақ (ер, әйел)	460/1	114/-	32/-	15/-	289/-	1/-	4/-	5/-
Орыс (ер, әйел)	470/95	115/27	12/-	227/55	58/8	26/-	7/-	25/4
Торғай								
Қазақ	86	41	-	-	40	1	3	1
Орыс	9	1	-	4	2	1	-	1

Ал, жалпы Ақтөбе округі бойынша сайлау құқығынан айырылушылардың үш жылдық (Ново-Алексеевка, Хобда, Шынғырлау, Темір аудандары және Темір қаласынан мәлімет алынбаған) мәліметтерін берілген кестеден көруге болады: [15,142-п.].

Жылдар	Уездер жалпы сайлаушылар саны	Сайлау құқығынан айырылғандар саны	Жалдам еңбекшілер саны	Еңбексіз кіріс	Жеке меншік саудагерлер	Дін қызм.	Полиция агент., жандарм., болыс басқ.	Ақыл-есі кем жандар	Сотталғандар	Отбасы мүшелері
1925/26	242019	2430	425	54	845	877	64	28	136	-
1926/27	248215	13228	2522	560	1666	1391	686	65	218	6090
1928/29 округтің 10 ауд., Ақтөбе, Шалқар қал.	136346 13021	5744 1817	1319 -	194 -	441 -	763 -	188 -	33 -	128 -	2678 -
10 ауд., 2 қала бойынша	149367	8748	1977	494	884	1432	365	45	202	3345

Кестеден байқағандай 1925/26 жылғы көрсеткішке қарағанда одан кейінгі жылдардағы сайлау құқықтарынан айырылғандар саны күрт өскен. Оның себебі, кейінгі жылдары отбасы мүшелері де сайлау құқықтарынан айыру шараларына тартылғандықтан еді. Әсіресе, 1926/27 жылы олардың санының көп болғандығы көрінеді.

1928/29 жылғы сайлауға байланысты округтегі сайлаушылар есебі 25.12.1928 жылы аяқталады, ауылдық жерлерден 193028, Ақтөбе қаласы бойынша 9994, Шалқар қаласынан 3027, Темір қаласынан 1268, барлығы 208317 жан тіркеледі [16,92-п.]. Сайлау құқығынан айырылғандар тізімін ауылдық-селолық сайлау комитеттері жергілікті кеңес орындарымен бірлесіп жасақтайды. Негізгі нысана ретінде 1927 жылы сайлау құқығынан айырылғандар тізімі алынады. Ондай жандардың бар-жоғы анықталғаннан кейін, тізімге жаңадан ҚАЗАКСР ОАК 1928 жылғы нұсқауы негізінде сайлау құқығынан айырылуға тиісті жандар қосылды. Бұл жұмыс желтоқсан айының екінші жартысында аяқталады және қайта сайлау науқанына 20 күн қалғанда ілінеді.

1928/29 жылғы тазарту жұмыстарына байланысты қазақ аудандарында, мысалы, Темір, Шалқар аудандарында сайлау құқықтарынан атқамінерлер, Қарабұтақ ауданында сопылар айырылады. Нәтижесінде сайлау құқықтарынан ауылдық жерлерде 8748, Ақтөбе қаласында 1391, Шалқар қаласында 436, Темір қаласында 270, барлығы 10845 жан айырылады [16,93-п.]. Осы әрекетке қарсы кей жерлерде, нақтырақ айтар болсақ Ақбұлақ, Елек, Новороссей, Ақкемер аудандарда сайлау құқықтарынан айырылғандардың ашық наразылықтары болды.

1928 жылдың 16 желтоқсанында Ақтөбе қаласы бойынша 1926 жылы болатын сайлауға қатысу құқығынан айырылғандар тізімін жасақтайды. Жоғарыда көрсетіп кеткеніміздей тізімге 1391 жан тіркеледі [17,5-43-пп.]. Олар 20 жуық санаттар бойынша жасақталған Ішінде жер аударылған байлар, дін қызметкерлері, жалдама еңбек пайдаланушылар, жеке кәсіп иелері санаттары барлығын айтып өтуге болады. Осы тізімдегі жан саны көбі саудагерлер болып табылады. Көп жағдайда сайлау құқығынан айырылғандар қатарында бүтін отбасы мүшелері жүргенді назар аудартады. 1928 жылдың 24 желтоқсаны мен 1929 жылдың 14 қаңтары аралығында құқықтарын қалпына келтіру жөніндегі берілген 24 өтініштің 3 қанағаттандырылады.

1928 жылдың 6 желтоқсанында Ақтөбе қалалық сайлау комитетінің отырысы болады. Екінші мәселеде сайлау құқығынан айырылғандар тізімі қаралып, тізімнен тыл жасақтары есебінде тіркелген Я.В. Мошенскийді, С.Мазохинді, И.Федоровты нұсқауда қарастырылмаған, сондықтан сайлау құқығынан айыруға жатпайды есебімен шығарылады. Сондай-ақ еңбекпен түзеу үйінде отырған И.Блинников, А.Блинников, Я.Березовский және Бабичтер де тізімнен алынады.

Үшінші мәселеде 1926/27 жылғы қайта сайлау барысында сайлау құқығынан айырылғандар тізімі қайта қаралады. Алдағы болатын сайлауға жіберілмейтіндер қатарына сол 1926/27 жылғы тізімдегі барлық саудагерлерді, дін қызметкерлерін қосу жайында шешім қабылданады. Әкімшілік жер аударылғандар, бұрынғы офицерлер және сотталғандардың қалада тұратындығы не тұрмайтындығы, құқықтары-

ның шектелу мерзімі мәселелерінің тексерілуі керектігі, ал жалдама еңбек пайдаланатындардың бәрін анық-қанығын анықтау үшін жинау қажеттігі көтеріледі [17,70-п].

Бір көңіл аударарлық мәселе, - ол дін өкілдерін қудалау боып табылады. Ақтөбе округі бойынша 1926-1927 жылдардағы діни қоғамдар бойынша тізім жасақталған. Онда қалаларда әрекет еткен 3 дінге сенушілер тобы, 7 діни қоғамдар (оның 3 мұсылмандық), 6 құлшылық ететін ғимараттар (3 мұсылмандық) болғандығы көрсетіледі. Ал ауыл-селолық жерлерде есепті жылы ашылғандарын есептегенде 289 діни қоғамдар (192 мұсылмандық), 135 құлшылық ететін ғимараттар (92 мұсылмандық) тіркелген [18,29-п].

Бір айта кететін жай, осы кезде аудандастыруға байланысты Адай округіне кіргізілген Темір, Жиделі-Сағыз, Құмды-Ойыл, Қайыңды болыстары ауылдарында табылған мұсылмандық дін қоғамдары жөніндегі 14 істен тұратын мәліметтер Ойылға, Адай округінің әкімшілік бөліміне жіберіледі [18,21-іс, 28-п].

Ақтөбе қаласы бойынша 1928 жылы 25 қарашада жасақталған 1928/29 жылғы қайта сайлау науқанында сайлау құқығынан айырылғандар тізімі [18,27-п].

№/№	Аты-жөні	Жасы	Жынысы	Әлеум. жағдайы		Қазан рев.дейін Айналысты	ұлты	Қазір немен айналысады	Сайлауға қатыстырмау себебі
				Шығу тегі	Жеке Жағдайы				
1	Мордвов Николоай Иванович	50	ер	шаруа	священник	-	-	Александро-Невский Собор.священнигі	Дін қызметкері
2	Калашников Яков Иванович	37	ер	шаруа	священник	-	-	сонда	-//-
3	Сморчков Алексей Иванович	54	ер	шаруа	дьякон	-	-	Сонда дьякон,псаломщик	-//-
4	Брехтов Филипп Григорьевич	40	ер	шаруа	дьякон	-	-	Сонда дьякон	-//-
5	Егоров Семен Егорович	44	ер	шаруа	священник	-	-	Владимир шіркеуінің священнигі	-//-
6	Морозов Василий Михайлович	44	ер	шаруа	священник	-	-	Владимир шіркеуінің священнигі	-//-
7	Бурцов Павел Федорович	24	ер	шаруа	дьякон	-	-	Сонда дьякон	-//-
8	Ишмеев Нуры Ахмед	54	ер	шаруа	діни қоғам имамы	-	-	Татар мешітінің имамы	-//-
9	Анваров Гарифулла	49	ер	шаруа	азаншы	-	-	Татар мешітінің азаншысы	-//-
10	Байжумашев Макш	37	ер	шаруа	азаншы	-	-	Ештемемен айналыспайды	Әкімшілік жер аударылған есебінде

Ескерер жай қалалардағы сайлау құқығынан айырылушылар құрамы негізінен сауда-саттықпен айналысатындардан тұрды. Мысалы, 1928 жылдың 16 желтоқсанында Ақтөбе қаласы бойынша жасақталған 1391 жанның тізіміндегі жандардың басым бөлігі сол саудагерлер болған [17,5-43-пп.].

1928 жылдың 6 желтоқсанында Ақтөбе қалалық сайлау комитетінің отырысында алдағы болатын сайлауға жіберілмейтіндер қатарына 1926/27 жылғы тізімдегі барлық саудагерлерді, дін қызметкерлерін қосу жайында шешім қабылданады. Әкімшілік жер аударылғандар, бұрынғы офицерлер және сотталғандардың қалада тұратындығы не тұрмайтындығы, құқықтарының шектелу мерзімі мәселелерінің тексерілуі керектігі, ал жалдама еңбек пайдаланатындардың бәрін анық-қанығын анықтау үшін оларды жинау қажеттігі көтеріледі [17,70-п].

Айта кетер жай, сайлау құқығынан айырылған азаматтар мен оның отбасы мүшелері заңды түрде қарастырылмаған, бірақ "жергілікті бастамадан", "революциялық заңдылық" рухынан туындаған бірқатар

басқа да шектеулерге ұшырады. Осы бір шара азаматтарды нағыз бейшаралық жағдайға қалдырды деп айтуға болады. Оны БОАК 1930 жыл 10 сәуірдегі қаулысының 9-тармағында келтірілген нұсқаулардан көруге болады. Онда заң, қаулы, нұсқауларда көрсетілмеген қосымша шектеулер белгілейтін, атап айтқанда сайлау құқығынан айырылған адамдарды және олардың отбасы мүшелерін

- пәтерлерден, қалалардан, жұмысшы поселкелерінен, ауылдық және басқа да жерлерден шығару,
- азық-түлік алуға құқық беретін кітапшаларынан айыру,
- медициналық және заңгерлік көмектен айыру,
- шағымдар беру мен анықтамалар алудан айыру,
- балаларды мектептерден шығару,
- кәсіпшілік артелдер мүшелігінен алып тастау,
- кулак, бай ретінде қудалау,
- жекелей алым-салық салу,
- құрылыс салу құқығынан айыру, т. б. жөнінде шығарылған барлық қаулылардың, циркулярлар мен

өкімдердің күшін жою ұсынылады.

Сайлау құқығынан айырылғандар

- Қызыл Армия қатарында қызмет ете алмады, тек тыл жасақтары құрамына алынды,
- жоғары оқу орындарына түсе алмады,
- ауыл, село жұмыстарына (шаруалар) тартылмады,
- қосымша үстеме салық төлеуге міндеттенді,
- жұмысқа қабылданбады және жұмыстан ең алдымен босатылды [19].

Жоғарыда көрсетіліп кеткендей үкімет қаулылары мен сайлау жөніндегі нұсқаулықтар бойынша сайлау құқықтарынан айырылған шаруалардың «белгілі бір санаттағы азаматтар» тобы кулак, байлар болып табылды. Олар бірыңғай ауыл шаруашылығы салығының орнына оның мөлшерінен жоғары болып келетін жекелей салық төлеуге мәжбүр болды. Төлеу шаруашылықты күйзелтті, төлей алмаған жағдайда РКФСР ҚК 60-бабы (салықты төлемегені үшін), 61-бабы (мемлекеттік маңызды болып саналатын салықты төлеуден бас тартқаны үшін) бойынша сотталып, жер аударылды.

Сайлау құқығынан кәмілет жасына келген отбасы мүшелері де айырылды. Отбасындағы балалар оқу орындарына түсуде кедергілерге тап болды, жұмысқа орналаса алмады. Армия қатарына шақырылмады. Анықтамаларда «КСРО қолына қару алып қорғау құқығынан айырылған» деген сөз тұрды, тыл жасақтарына тіркелді. Түрлі ауыр жұмыстарға жегілді. Оларға ақ билет берілді. Оның мәні қазір денсаулығына байланысты әскер қатарына бара алмайтындарға берілетін билеттен түбегейлі өзгеше еді.

Күн көріс үшін бәліш, шемішке, балмұздақ, квас сатқандар, пәтер бөлмелеріне адам алғандар сайлау құқықтарынан айырылды.

Шаңырақ иесінің сайлау құқығынан айырылуы отбасы мүшелеріне зардабын тигізді. Олар да сайлау құқықтарынан айырылып, қалыпты өмір сүре алмады. Сондықтан сол кездегі газеттерде әйелі ерінен, баласы әкесінен бас тартуы жөніндегі ашық хабарламалар көптеп кездеседі [20].

1930 жылдың 8 қазанында қалалық Кеңеске Ожиганова Александрадан (бұрынғы фамилиясы Гаврилова) арыз түседі. Онда кезінде саудагердің әйелі есебінде сайлау құқығынан айырылғандығы, бірақ 1929 жылдан бері ол кісімен тұрмайтындығы, сол себепті өзін құқығынан айырылғандар тізімінен алып тастау және жұмысқа тұруға мүмкіндік берулері жөнінде көрсетіледі [21, 370-п.].

Келесі бір деректе Ақтөбе қаласында кезінде ұзақ жылдар бойы темір жол саласында жұмыс істеген, 1922 жылы қысқаруына байланысты тамақтанатынорын ашқан, 1929 жылға дейін темекі, сіріңке, өзі қайнатқан сабын сатқан жанның үйінен кетіп қалған, машинистка болып қызмет істейтін қызын саудагердің қызы есебінде сайлау құқығынан айырған. Қызының берген арызы қаралып, шешім бұзылып, оған жалпыға бірдей негізде барлық мемлекеттік мекемелерге жұмысқа кіре алуына рұқсат беріледі [21, 6-8 пп.]. Айта кетер жай, сайлау құқығынан айырылғандардың балалары ғана емес, тіпті немерелері де осы осындай жайды кешкен. Мысалы, Петропавл округінен Ақтөбе өңіріне жер аударылған бай есебінде сайлау құқығынан айырылған жанның немересі де осы осы жағдайға тартылғанын, 1930 жылдың 23 наурызындағы КСРО «Сайлау заңдылықтарының бұзылуын жою» жөніндегі қаулысы бойынша сайлау құқығын қалпына келтірілуі жөнінде өтініш береді [21, 368 п.].

Сайлау құқығынан айырылғандарға жоғары мөлшерде жекелей салық салынуына байланысты адамдар бұрынғы қызметтерінен де бас тартқан жайттар да кездеседі. Мысалы, Қобда ауданы №15 (бұрынғы №3 ауыл) ауылының азаматы Ғабделуахит Бекмухамедов 1928 жылы қараша айында Ақтөбе округтік Әкімшілік бөліміне өзін муазиндік және Қобда ауданы діни басқармасының мүшелігінен босату жөнінде арыз береді [22, 24-п. Және келесі жағы]. Осындай арыз 1929 жылдың қараша айында Елек ауданы №27

ауылының молдасы Сағи Жұмағалиевтан да түседі. Үкімет орындары оны діннің күйреуі есебінде карап, газет бетінде («Кедей», «Степная Правда» газеттері) жариялауды ұсынады [22,8-п.].

Мұндай елеулі шектеулер адамды сайлау құқығын қалпына келтіруге ұмтылдырды. Қалпына келтіру туралы өтініш беруге негізінен, мүмкіндігі бар деп саналған адамдар (бес жылдық еңбек өтілі бар, Кеңес өкіметіне адалдығын дәлелдей алған, кәсіподақ мүшесі болған және т.б.) ғана жүгіне алды. Дегенмен оның өзі тез арада шешіліп болмады. Тіпті бірнеше ай, жылдарға созылып кетіп отырды. Мысалы, 1930 жылдың 26 қыркүйегінде Ақтөбе қаласының тұрғыны А.Жаппаровтан қалалық Кеңеске арыз түседі. Онда наурыз айында ҚазАКСР ОАК сайлау құқығын қалпына келтіру жайында өтініш түсіргенін, жоғары жақ қалалық Кеңестен қажетті құжаттарды сұратқаны, бірақ әлі жіберілмегені айтырғаны жайында көрсетіледі және осы істі жеделдетулерін сұрайды [21,350-п.]. Бұдан байқағанымыз наурыз айында берілген арыз қараша айында дейінгі кезеңнің өзінде қаралып болмаған.

Ақтөбе өңірінде кейінгі жылдары да азаматтарды сайлау құқықтарынан айыру шараларында қайшылықтар кездеседі. Облыс бойынша 1934-1935 жылғы қайта сайлау науқанында Темір ауданында құқықтарынан айырылған 82 жанның 52-і тізімге еш себепсіз, тек басбұзарлықтары, тентектіктері үшін ғана тіркелген. Степной ауданының Қызылсу, Яковлев, Исаев және Сарыбұлақ ауылдарында 50 адам заңсыз «атқамінер», «бұзақы», «астық тапсыруға қарсы» жандар есебінде сайлау құқықтарынан айырылған. Осы жазаға Қарақтысай ауылында бір азамат газет бетінде ауылдық Кеңес жұмысын, оның хатшысын сынағаны үшін киліккен. Ал Батбаққара ауданында сайлау құқықтарынан айырылғандар тізімінде 50 кедей, тіпті батырақтар болған [23,3-4-пп.].

**Қорытынды.** Сонымен қорыта келгенде Кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі алғашқы Конституцияларда бұрынғы езуші тап өкілдерінің азаматтық құқықтарын шектеу жөніндегі баптар енгізілді. Алайда Кеңестерге сайлауға дайындықтар барысында сайлау құқығынан айырылуы тиіс жандар кіретін санаттарға құжаттық дәлелдемелері болмаса да жазықсыз жандар кіргізіліп кетті және санаттар саны жергілікті комиссиялар тарапынан өз бетінше көбейтіліп отырды. Нәтижесінде сайлау құқығынан айырылуы тиіс жандар қатарына кедейлер мен орташалар, дінге тікелей қатысы болмаса да тәуіптер, бақсылар, күнкөріс үшін ұсақ-түйек сатумен айналысқандар, сайлау құқығынан айырылғандардың әйелі, бала-шағасымен қатар, немерелері де тіркелді. Ауқатты адамдар мал-мүлкінен ғана емес, осы азаматтық құқықтарынан да айырылды.

1930 жылдардан кейін сайлау құқығынан айыру шаралары бәсеңдейді. 1937 жылғы жаңа Конституция қабылданғаннан кейін тоқтады деп айтуға болады. Дегенмен анкеталарда бұрын сайлау құқығынан айырылған не айырылмаған деген баған 1961 жылға дейін қалып қояды.

Сөйтіп, үкімет пен партияның азаматтарды сайлау құқығынан айыру шаралары сол кеңестік кұғын-сүргіннің бір қыры болып табылды деп түйіндеуге болады.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Булғынбаева А.К. XX ғасырдың 20-30 жылдары шаруаларды сайлау құқығынан айыру жөніндегі мемлекеттік саясат//Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршы «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №1(60), 2019 – 51-57 б.

2. *ыру (XX ғасырдың 20 жылдардағы Шығыс Қазақстан мұрағат материалдары негізінде)* <https://cyberleninka.ru/article/n/din-yzmetkerleri-moldalardy-sai-lau-y-ynan-ai-yru-hh-asyrды-20-zhyldarda-y-shy-ys-aza-stan-m-ra-at-materialdary-negizinde>

3. Федорова Н.А. Лишенцы 1920-х годов: советское сословие отверженных//Журнал исследований социальной политики. История и археология. 2007, т.5, №4. – С.483-496

4. Панкратова О. Б., Писанов С. С. Политика лишения крестьянства избирательных прав в 20-е - 30-е годы XX века и ее последствия//Вестник КГУ, исторические науки и археология. №3, 2018. – С.52-55.

5. Саламатова М. С. Выборы в Советской России: законодательство и практика реализации (1918–1936 гг.): монография. 2-изд., испр. и доп. - Новосибирск : НГУЭУ, 2018. - 340 с. ISBN 978-5-7014-0856-0

6. Ш.Фицпатрик «Приписывание к классу» как система социальной идентификации// Россия и современный мир. 2003, №2, с.133-151/<https://cyberleninka.ru/article/n/pripisyvanie-k-klassu-kak-sistema-sotsialnoy-identifikatsii/viewer>

7. Brovkin V. Russia After Lenin: Politics, Culture and Society, 1921-1929. London-New York : Routledge, 1998. - VIII, p.266



8. Постановление Президиума ЦИК СССР от 16 января 1926 г. «О пере выборах в Советы» /СЗ СССР.1925.№6. –С.55,25.

9. Декрет ВЦИК от 13 октября 1925 г. «Об утверждении инструкции о выборах городских и сельских Советов и о созыве съездов СССР»//СУ РСФСР.1925.№79. – С.603

10. Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві,3-қ.,1-т.,115-іс (бұдан былай АО МА)

11. АОМА,3-қ.,1-т.,114-іс

12. АОМА,3-қ.,2-т.,60-іс

13. АОМА,3-қ.,1-т.,522-іс

14. АОМА,30-қ.,1-т.,8-іс

15. АОМА,9-қ.,1-т.,190-іс

16. АОМА,63-қ.,1-т.,84-іс

17. АОМА,63-қ.,2-т.,103-іс

18. АОМА,57-қ.,1-т.,21-іс

19. Об устранении нарушений избирательного законодательства Союза ССР/ Собрание законов и распоряжений Рабоче-Крестьянского Правительства СССР за 1930 год, стр. 360-361

20. Забытые люди: "лишеницы"/<https://diana-225.livejournal.com/19852.html>

21. АОМА,30-қ.,1-т.,34-іс

22. АОМА,57-қ.,1-т.,22-іс

23.АОМА,85-қ.,1-т.,245-іс

#### References:

1. Býl ġynbaeva A.K. XX ġasyrdyń 20-30 jyldary sharyalarydý sailay quqy ġynan auyry jónindegi memlekettik saiasat [State policy on the deprivation of the right to vote of peasants in the 20-30s of the XX century] / A.K Býl ġynbaeva //Абай атындағы ҚазҰПУ. Хабаршы «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы.- 2019.- №1(60).- 51-57 б.[in Kazakh].

2. Шығыс Қазақстан мұрағат материалдары негізінде) [Deprivation of the clergy of the right to elect mullahs (based on archival materials of the East Kazakhstan region of the 20s of the twentieth century)]/A.K.Býl ġynbaeva//Mirbolshogo Altaia.-2018.-№4(3).-454-462b.[https://cyberleninka.ru/article/n/din-yzmetkerleri-moldalardy-sai-lau-y-ynan-ai-yru-hh-asyrdy-20-zhyldarda-y-shy-ys-aza-stan-m-ra-at-materialdary-negizinde\(Qaral ġan kúni 14.06.2022\)](https://cyberleninka.ru/article/n/din-yzmetkerleri-moldalardy-sai-lau-y-ynan-ai-yru-hh-asyrdy-20-zhyldarda-y-shy-ys-aza-stan-m-ra-at-materialdary-negizinde(Qaral ġan kúni 14.06.2022) [in Kazakh].) [in Kazakh].

3. Fedorova N.A. Lishentsy 1920-h godov: sovetskoe soslovie otverjennyh [The Dispossessed of the 1920s: the Soviet class of outcasts]/N.A. Fedorova //Журнал исследования социальной политики. История и археология.-2007.- т.5,№4.- С.483-496[in Russian].

4. Pankratova O. B.,Pisanov S. S. Politika lishenua krestianstva izbiratelnyh prav v 20-e - 30-e gody XX veka i ee posledstvua [The policy of disenfranchisement of the peasantry in the 20s- 30s of the XX century and its consequences]/ O. B Pankratova, S. S.Pisanov //Vestnik KGU, istoricheskie nauky i arheologia.- 2018.- №3.- S.52-55[in Russian].

5. Salamatova M.S. Vybory v Sovetskoj Rossii: zakonodatelstvo i praktika realizatsii (1918–1936 gg.): monografiya[Elections in Soviet Russia: legislation and implementation practice (1918-1936): monograph] / M.S. Salamatova.- 2-izd.,ispr. i dop.- Novosibirsk : NGUEU,2018. - 340 s. ISBN 978-5-7014-0856-0[in Russian].

6. Fitspatrik Sh. «Pripisyvanie k klassy» kak sistema sotsialnoi identifikatsii. ["Attribution to class" as a system of social identification]/ Sh.Fitspatrik//Rossiya i sovremennyy mir.-2003, №2.-S.133-151/[https://cyberleninka.ru/article/n/pripisyvanie-k-klassu-kak-sistema-sotsialnoy-identifikatsii/viewer\(Data obrasheniya 10.06.2022\)](https://cyberleninka.ru/article/n/pripisyvanie-k-klassu-kak-sistema-sotsialnoy-identifikatsii/viewer(Data obrasheniya 10.06.2022) [in Russian].) [in Russian].

7. Brovkin V. Russia After Lenin: Politics, Culture and Society, 1921-1929./V. Brovkin.-London-New York : Routledge, 1998. – VIII.-266 p.

8. Postanovlenie Prezidyuma TsIK SSSR ot 16 yanvaria 1926 g. «O perevyborah v Sovety» /SZ SSSR.-1925.- №6.-ss.55,25. [in Russian].

9. Dekret VTsIK ot 13 oktjabrya 1925 g. «Ob ýtverjdenii instrýktsii o vyborah gorodskih i selskih Sovetov i o sozyve sezdvov SSSR»//SÝ RSFSR.-1925.№79.- s.603[in Russian].

10. Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві,3-қ.,1-т.,115-іс ( АО МА)

11. АОМА,3-қ.,1-т.,114-іс

12. АОМА,3-қ.,2-т.,60-іс

13. АОМА,3-қ.,1-т.,522-іс

14. АОМА,30-қ.,1-т.,8-іс

15. АОМА,9-қ.,1-т.,190-іс

16. АОМА,63-қ.,1-т.,84-іс

17. АОМА,63-қ.,2-т.,103-іс

18. АОМА,57-қ.,1-т.,21-іс

19. *Ob ústranenu narýshenu izbiratel'nogo zakonodatel'stva Soiúza SSR/ Sobranie zakonov i rasporajenu Raboche-Krestianskogo Pravitel'stva SSSR za 1930 god.-S.360-361.*

20. Zabytye lyúdi: "Ishentsy"[Elektronnyy resýrs]/ <https://diana-225.livejournal.com/19852.html>

(Data obrasheniya 11.06.2022)

21. АОМА,30-қ.,1-т.,34-іс

22. АОМА,57-қ.,1-т.,22-іс

23. АОМА,85-қ.,1-т.,245-іс

ҒТАХР: 03.20:55

ӘОЖ 94 (574).02./08

????????

*С.Н. Мамытова \*<sup>1</sup>, Н.У. Шаяхмет<sup>2</sup>, А.М. Файзуллин<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>Әлеуметтік ғылымдарының департаментінің профессоры, Astana IT University, Астана, Қазақстан  
E-mail: [saule.mamytova@astanait.edu.kz](mailto:saule.mamytova@astanait.edu.kz)

<sup>2</sup>Әлеуметтік ғылымдарының департаментінің профессоры, Nazarbaev University, Астана, Қазақстан  
E-mail: [nurbek.shayakhmetov@astanait.edu.kz](mailto:nurbek.shayakhmetov@astanait.edu.kz)

<https://orcid.org/0000-0003-4230-8110>

<sup>3</sup>«Electrical engineering» мамандығының 3 курс студенті, Nazarbaev University, Астана, Қазақстан  
E-mail: [assylkhan.fazullin@nu.edu.kz](mailto:assylkhan.fazullin@nu.edu.kz)

## **XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ТАРИХЫ 3D РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУДА: МҮМКІНДІКТЕР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР**

### *Аңдатпа*

Мақалада XX ғасырдың 30-жылдарындағы ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін трагедиясының кейбір беттерін 3D реконструкциялау мәселесі қарастырылған. Қазақ халқына қатысты Кеңес мемлекетінің қуғын-сүргін саясатына отандық ғылымда әлі күнге дейін толыққанды тарихи-құқықтық баға берілген жоқ. Осыған байланысты тарихи әділеттілікті қалпына келтіру мәселесі өзекті болып табылады.

Сонымен бірге, мақалада ақпараттық технологиялар негізінде жүзеге асырылған тарихи-мәдени нысандар мен процестерді визуалды және виртуалды қайта құрудың шетелдік тәжірибесі де қарастырылады.

Зерттеу барысында виртуалды 3D реконструкциялаудың әдістерін сипаттауға, сондай-ақ дереккөздердің түрлеріне, негізінен архив құжаттары мен фотоқұжаттарға көп көңіл бөлінеді. Дереккөздерді 3D форматында өңдеу арқылы оны насихаттаудың тиімділігі назарға алынды. Бұл ретте зерттеудің құрылған дереккөздік базасы кеңестік тоталитарлық режим кезеңіндегі оқиғалар мен фактілерді ғылыми негізделген виртуалды 3D қайта құру үшін оның жеткілікті ақпараттық әлеуеті туралы қорытындыға келуге мүмкіндік берді.

Жұмыстың нәтижесі XX ғасырдың 30-жылдарындағы қазақ халқының ашаршылық қасіретінің CloudPano, Pano2VR, 360degrees, 3 DVista және басқа бағдарламалық қамтамасыз етудегі фотограмметрия арқылы алынған виртуалды түрдегі қайта жаңғыртылған көріністері болып табылады.

**Кілт сөздер:** қуғын-сүргін мен ашаршылық трагедиясы; тарихи реконструкциялау; виртуалды тарих; тарихи деректі 3D модельдеу әдістері; XX ғасырдың 30-шы жылдары.

Мамытова С.Н.\*<sup>1</sup>, Шаяхмет Н.У.<sup>2</sup>, Файзуллин А.М.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>профессор Департамента социальных наук, Astana IT University, Астана, Қазақстан  
E-mail: [saule.mamytova@astanait.edu.kz](mailto:saule.mamytova@astanait.edu.kz)

<sup>2</sup>профессор Департамента социальных наук, Nazarbaev University, Астана, Қазақстан  
E-mail: [nurbek.shayakhmetov@astanait.edu.kz](mailto:nurbek.shayakhmetov@astanait.edu.kz)  
<https://orcid.org/0000-0003-4230-8110>

<sup>3</sup>студент 3 курса специальности «Electrical engineering», Nazarbaev University, Астана, Қазақстан  
E-mail: [assylkhan.fazullin@nu.edu.kz](mailto:assylkhan.fazullin@nu.edu.kz)

## ИСТОРИЯ ГОЛОДА В КАЗАХСТАНЕ В 30-Е ГОДЫ XX ВЕКА В РЕКОНСТРУКЦИИ 3D: ВОЗМОЖНОСТИ И ПЕРСПЕКТИВЫ

### Аннотация

В статье рассматривается процесс 3D реконструкции трагедии голода и политических репрессий в 30-е годы XX в. До сих пор не дана полная историко-правовая оценка репрессивной политики Советского государства по отношению к казахскому народу. В этой связи актуальной является проблема восстановления исторической справедливости.

В работе проанализирован зарубежный опыт

Большое внимание уделяется описанию использованных методов виртуальной 3D реконструкции, а также различным видам источников, в основном, фотодокументам. Выявляются особенности использования различных видов источников в 3D формате. Сформированная источниковая база исследования позволила прийти к выводу о ее информационном потенциале, достаточным для создания научно обоснованной виртуальной 3D реконструкции событий и фактов периода советского тоталитарного режима.

Результатом работы являются виртуально реконструированные сцены трагедии голода казахского народа в 30-е годы XX века, полученные посредством фотограмметрии в программном обеспечении CloudPano, Pano2VR, 360degrees, 3DVista и других.

**Ключевые слова:** трагедия репрессий и голода, историческая реконструкция, виртуальная история, 3D моделирование, методы, 30-е года XX века.

Mamytova S.N.\*<sup>1</sup>, Shayakhmet N.U.<sup>2</sup>, Faizullin A.M.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Professor of the Department of Social Sciences, Astana IT University, Astana, Kazakhstan  
E-mail: [saule.mamytova@astanait.edu.kz](mailto:saule.mamytova@astanait.edu.kz)

<sup>2</sup>Professor of the Department of Social Sciences, Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan  
E-mail: [nurbek.shayakhmetov@astanait.edu.kz](mailto:nurbek.shayakhmetov@astanait.edu.kz)

<sup>3</sup>3rd year student of electrical engineering major, Astana, Kazakhstan  
E-mail: [assylkhan.fazullin@nu.edu.kz](mailto:assylkhan.fazullin@nu.edu.kz)

## HISTORY OF FAMINE IN KAZAKHSTAN IN THE 30S OF THE XX CENTURY IN 3D RECONSTRUCTION: OPPORTUNITIES AND PROSPECTS

### Abstract

The article deals with the process of 3D reconstruction of the tragedy of famine and political repressions in the 30s of the XX century. Until now, a complete historical and legal assessment of the repressive policy of the Soviet state in relation to the Kazakh people has not been given. In this regard, the problem of restoring historical justice is topical.

The work analyzes the foreign experience of visual and virtual reconstructions of historical and cultural objects and processes implemented based on information technologies.

Much attention is paid to the description of the used methods of virtual 3D reconstruction, as well as various types of sources, mainly photographic documents. The features of using various types of sources in 3D format are revealed. The formed source base of the study made it possible to conclude that its information potential is

sufficient to create a scientifically substantiated virtual 3D reconstruction of events and facts of the period of the Soviet totalitarian regime.

The result of the work are virtually reconstructed scenes of the tragedy of the famine of the Kazakh people in the 30s of the XX century, obtained through photogrammetry in the software CloudPano, Pano2VR, 360degrees, 3DVista and others.

**Keywords:** tragedy of repression and famine, historical reconstruction, virtual history, 3D modeling, methods, 30s of the XX century.

**Кіріспе.** Қоғамдық сананы жаңғыртудың жүргізіліп отырған саясаты ата-бабаларымыздың тарихи-мәдени мұрасына сүйенбей, еліміздің азаматтарының бірнеше ұрпағының санасында терең сіңірілген идеологиялық догматтар арқылы тарихи жадымыздан жоспарлы түрде өшірілген адамдарға қатысты тарихи әділеттілікті қалпына келтірмейміз үмкін емес.

Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қалың жұртшылық миллиондаған адамның өмірін қиған жаппай саяси қуғын-сүргін мен аштыққа байланысты отандық тарихтың қайғылы беттері туралы білуге мүмкіндік алды. Дегенмен, қазақ халқына қатысты кеңестік саяси режимнің күштеп ұжымдастыру мен жаппай қуғын-сүргін саясатына отандық ғылымда әлі күнге дейін толыққанды тарихи-құқықтық баға берілген жоқ. Осыған байланысты тарихи әділеттілікті қалпына келтіру **мәселесі өзекті болып табылады.**

2021 жылғы қарашада құрылған Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия үлкен жұмыс жүргізуде. Қазақстанда алғаш рет осы оқиғалар мен процестерге толық тарихи-құқықтық баға беруге бағытталған жетекші ғалым-сарапшылардың кешенді зерттеулері іске асырылуда.

Сонымен бірге, ғылыми еңбектерді, әсіресе жастар арасында насихаттау бойынша жұмыс жүргізу талап етіледі. Бұл бағытта сандық технологиялар баға жетпес рөлге ие. Жиналған архивтік, сондай-ақ этнографиялық дереккөздерді талдаудың, синтездеудің және репрезентациялаудың жаңа мүмкіндіктері үш өлшемді модельдеу технологияларын береді. Олар тарихи зерттеулердің мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді.

Алайда, Қазақстанда қуғын-сүргін және ашаршылық тарихы бойынша тарихи дереккөздерді жинау және ірі монографиялық еңбектерді жазу процесі қарқынды және жемісті дамып жатса да тарихи ғылыми еңбектерде берілген тарихи ақпаратты сандық технологиялардың көмегімен қайта құру процесі айтарлықтай артта қалып отыр. Себебі, Қазақстанда «Сандық тарих» немесе тарихи информатика әлі күнге дейін қалыптасу сатысында.

Осыған байланысты тарихи зерттеулерде әртүрлі сандық технологияларды пайдаланатын шетелдік ғалымдардың тәжірибесіне жүгіну өзекті болып табылады. Тарихты дәріптеуге септігін тигізетін 3D реконструкциялау технологиясы ерекше назар аудартады. Бұл тарихи білімге қызықтыруға және оның мән-мағынасын жақсы қабылдауға көмектеседі. Оқиғалар мен процестерді визуалды және виртуалды көрсете отырып, бұл технология шындыққа жақын нақты тарихи кезеңге уақытша бойлаудың эмоциялық әсерін қамтамасыз етеді.

Бұл мақалада біз кеңестік тоталитарлық кезеңдегі Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық тарихының кейбір беттерін виртуалды 3D реконструкциялау жұмысы мен нәтижелері арқылы көрсетеміз. Хронологиялық реконструкция 1930 жылдарға, яғни КСРО-ның қуғын-сүргін саясатының шырқау шегіне жеткен кезіне жатады.

Тақырып бойынша тарихи реконструкциялаудың **басты мақсаты** - ашаршылық пен қуғын-сүргін қасіреті туралы тарихи жадыны қазіргі заманғы сандық технологияларды қолдану арқылы сақтау, насихаттау және жастардың назарын тарих сабақтарына аудару болып табылады.

#### **Жұмыстың міндеттері:**

- Сандық тарих мәселесіне қатысты отандық және шетелдік тарихнамаға талдау жасау;
- Қазақстандағы ашаршылық пен қуғын-сүргін қасіреті туралы деректерді сандық форматта өңдеудің әдістерін айқындау, деректер базасын 3D реконструкциялаудың мүмкіндіктерін зерделеу;
- ашаршылық пен қуғын-сүргін қасіреті туралы ғылыми жинақтар, фото және архив деректері негізінде 3D реконструкциялауды жүзеге асыру.

**Әдістер мен әдіснамасы.** Жұмыс пәнаралық зерттеу әдіснамасы мен әлеуметтік-мәдени құбылыс ретіндегі ақпараттандыру теориясына негізделеді. Қазіргі қоғамдағы ақпараттандырудың қарқынды гуманитарлық және компьютерлік ғылымдардың пәнаралық интеграциясын сапалық тұрғыда жаңа деңгейге шығарып отыр. Бұл өз кезегінде жаңа ғылыми бағыттардың туындауына алғышарт болады.

XX ғасырдың 30-жылдарындағы саяси қуғын-сүргін мен ашаршылыққа байланысты өткен шындықтың неғұрлым шынайы бейнесін қалыптастырудың әдіснамалық негізі ғылыми объективтілік пен тарихилық ұстанымдары болды. Объективтілік принципі фактілер мен оқиғаларды шынайылық пен

кешенділік тұрғысынан қарастыруда көрінеді. Тарихи шындық тұрғысынан жинақталған тарихнамалық тәжірибе және зерттелетін тақырып бойынша анықталған жаңа мәліметтер талданды.

Тарихилық ұстанымы трагедиялық салдарға алып келген процестер мен оқиғаларды себеп-салдар байланысында қарастыруға мүмкіндік берді. Ол, сондай-ақ, даму динамикасын анықтауға, нақты тарихи жағдайларды ескере отырып және хронологиялық ретпен жалпы тарихи мән-мәтінінде басқа құбылыстармен байланыс орнатуға ықпал етті.

Зерттеу негізінде тарихи әдістер мен IT-технологиялардың интеграциясы болды. Жұмыста тарихи-салыстырмалы, тарихи-типологиялық және тарихи-жүйелік әдістер, сондай-ақ сандық медиа және 3D тарихи реконструкциялау технологиясы қолданылды. 1930 жылдардағы мұрағаттық суреттерді реконструкциялау кезінде панорамалық фотосуреттерді мамандандырылған платформаларда түсіру және қосу принципі қолданылды.

**Талқылау.** Қазақстанда үш өлшемді модельдеуді зерттеу мен енгізудің тәжірибесі кең таралмаған. Бұл әдістеменің маңыздылығы мен болашағы бірқатар ғылыми пікірталас алаңдарында атап өтілді.

Бұл мәселе қозғалған алғашқы ірі конференция 1999 жылы Алматы қаласында өтті. Оны «Интернет Трейнинг орталығы» мен Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты бірлесіп ұйымдастырды. «Тарих ғылымындағы заманауи ақпараттық технологиялар» атты конференция тақырыбы тек қазақстандық қана емес, сонымен қатар шетелдік ғалымдардың да назарын аударды. 1992 жылы Мәскеуде құрылған «Тарих және компьютер» қауымдастығының мүшелері ерекше белсенділік танытты.

Ағымдағы жылдың сәуір айында М.С. Нәрікбаев атындағы ҚазМЗУ базасында өткен «Қазақстанның тарихи урбанистикасы» халықаралық ғылыми-практикалық форумында 3D модельдеу мәселесі қаралды, сондай-ақ Ақмола және Қостанай қалаларының тарихи орталықтарын XIX-XX ғасырлар аралығында 3D реконструкциялаудың таныстырылымы ұсынылды.

Конференциялар мен «дөңгелек үстелдерде» Қазақстан ғалымдары арасында ең көп талқыланған мәселелердің ішінде зерттелетін проблеманы ақпараттық қамтамасыз етуде 3D тарихи реконструкциялаудың орындылығының ғылыми негіздемесін әзірлеу, сондай-ақ сапалы виртуалды елестету өлшемдері мен тәсілдерін әзірлеу болды.

Республикадағы тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қалпына келтірудегі алғашқы қарлығаштар археологтар, өлкетанушылар, музей қызметкерлері және IT-мамандары болды. Бұл жұмысқа 2019-2020 жылдары «Киелі Қазақстан» жобасын іске асыру барысында үлкен серпін берілді. Қазақстанның 27 архитектуралық ескерткіші 3D сандық форматқа түсірілді. Сонымен қатар, 1643 жылы болған және жоңғарлармен соғыста маңызды тарихи мәнге ие болған Орбұлақ шайқасына тарихи реконструкция жасалды.

Өңірлік деңгейде тарихи орындарды сандық форматқа көшіру бойынша үлкен жұмыстар жүзеге асырылуда. Мысалы, Алматы облысында «Zhetysu 360», Қарағанды облысында «Қымыз фест», Солтүстік Қазақстан облысында 21 киелі нысан бойынша виртуалды 3D-туры әзірленді, сондай-ақ Қызылорда облысында 3D форматында 150 ескерткіштің интерактивті картасы жасалды. «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыру аясында Шығыс Қазақстанда Д.Серікбаев атындағы ШҚМУ базасында Кенді Алтай бойынша экспедиция кезінде фото-бейне түсірілімнің қорытындылары бойынша 3D-модель және толықтырылған шынайылық жасалды.

Павлодар облыстық тарихи-өлкетану мұражайында фотограмметриялық сканерлеуді қоса алғанда, түрлі әдістермен 3D реконструкциялау тәжірибесі сәтті қолданылуда.

Осы жүргізілген жұмыстардың барлығы тарихи кешендердің сыртқы келбетін көрнекі түрде көрсету әдістемесін жетілдіруге мүмкіндік берді. 3D модельдеудің құралдары мен әдістерін дамыта отырып, зерттеушілер сызбалықтан «реалистік» деп аталатын реконструкциялауға көшті.

Жыл сайын 3D-реконструкцияның сапасы артуда. Олар қалпына келтірілген объектінің мәнін ашатын әртүрлі идеялар мен тәсілдерді визуализациялау; қоғам өмірінің ерекшеліктерін түсінуге көмектесетін нақты тарихи дәуірге «батыру»; объект туралы ақпаратты үнемі толтыру және беру мүмкіндігін ашу сияқты қосымша функцияларды қамтиды. Сонымен, ең құнды функция – бұл бірқатар себептерге байланысты санадан өше бастаған немесе жақсы сақталмаған тарихи нысандарды қазіргі ұрпақ жадына сіңіру және сақтау.

Осы мүмкіндіктердің барлығы, сондай-ақ «Тарихи информатика» пәнаралық бағытының келешегі қазақстандық ғалымдар Ж.Б. Абылхожиннің (Абылхожин, 1991), С.А. Жакишеваның (Жакишева, 2011), С.И. Ковальскаяның (Ковальская, 2007), А.С. Балапанованың (Балапанова, 1999) және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан.

Математикалық-статистикалық әдістерді қолдану Ж.Б. Абылхожиннің қазақ ауылының колхозға дейінгі кезеңдегі жіктелу проблемалары зерттеуінде орын алған. Джини-индекстің көмегімен ол 1922/23, 1924/25, 1926/27 және 1928 жж. қазақ ауылында малды бөлу туралы жиынтық статистикалық деректерді талдады және 1920 жылдың соңына қарай орташаға айналдыру ісінің орындалмауы, Қазақстанның байырғы халқының маргиналдану және пауперизация үрдісі өсе түскені туралы қорытынды жасады (Абылхожин, 1991: 128-142).

Бұл бағыттағы зерттеу белсенділігі С.А. Жакишеваның еңбектерінде көрініс тапты. Оның «1928 жылы бай шаруашылықтарын тәркілеу» тақырыбындағы диссертациясы ЭЕМ көмегімен ашылды және статистикалық деректерді математикалық талдауға негізделді (Создание структурной модели, 1994; База данных по конфискации, 1995; Исследование механизма конфискации, 1996; Личные дела казахских баев, 1998; Конфискация байских хозяйств, 1997; Применение математических методов, 1997).

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында жинақталған практикалық және әдістемелік тәжірибе негізінде 1998 жылы С.А. Жакишеваның белсенді қатысуымен шамамен 100 мың есім бойынша мұрағат материалдарын қамтитын 1920-1950 жылдардың басында Қазақстанда кеңес мемлекетінің қуғын-сүргін саясаты бойынша республикалық деректер банкі әзірлеу басталды.

2000-2004 жылдары Ресей Федерациясындағы Форд қорымен қаржыландырылатын бағдарлама шеңберінде посткеңестік кеңістіктің барлық республикаларында жарияланған еске алу кітаптары мен мартирологтардың материалдары бойынша «Қайтарылған есімдер» бірыңғай электрондық деректер банкі құрылды.

Қазақстанда «Әділет» тарихи-ағартушылық қоғамының материалдары негізінде қалыптасқан XX ғ. 20-50 жж. қуғын-сүргінге ұшырағандар бойынша «Қайтарылған есімдер» қазақстандық деректер базасы осы жобаның құрамдас бөлігі болып табылады.

Кеңестік тоталитарлық режимнің ашаршылық пен қуғын-сүргін қасіреті тарихы мәселесіне қатысты цифрлық технологиялар қолданылған ғылыми жұмыстар өте аз. Тағы бір ғылыми еңбек – 1999 жылы тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін Д.Ш. Орынбаеваның 1937-1938 жылдардағы «Үлкен террор» тарихы бойынша қорғалған диссертациясы (Орынбаева, 1999). Ізденуші математикалық-статистикалық тәсілдердің көмегімен ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті мұрағаты мен ҚР Президенті жанындағы мұрағат қорларындағы құжаттарды талдауға әрекет жасады. Негізінен тарихшы ғалымдар мұрағат дереккөздеріндегі сандық көрсеткіштерді компьютерлік өндеуге көп көңіл бөлетінін атап өткен жөн.

Виртуалды 3D реконструкциялауға келетін болсақ, бұл бағыттағы жұмысты негізінен музей қызметкерлері, сондай-ақ өлкетанушылар IT-мамандармен бірлесіп жүргізеді. Олар тарихи ескерткіш туралы шамамен ғана түсінік беретін «экскурсиялық және туристік реконструкциялау» жасайды. Бұл олар қолданатын деректер базасының жеткілікті түрде талданбағанына байланысты. Бұл жағдай тарихшы-ғалымдардың, музей қызметкерлерінің, өлкетанушылардың және IT мамандардың күш-жігерін біріктіруді өзектендіреді.

Осы олқылықтың орнын толтыру үшін мамандандырылған, атап айтқанда, 3D графикасы бойынша дайындық жүргізетін ірі орталықтардың бірі Astana IT University базасында тарихшы ғалымдар мен студенттер «XX ғасырдың 30-жылдары Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін мен ашаршылыққа байланысты тарихтың қасіретті сабақтарын репрезентациялау, визуализациялау» ғылыми-зерттеу жобасын іске асыруға бастамашылық жасады. Осы тарихи зерттеу мысалында үш өлшемді модельдеу технологиясын қолдану 3D құралдарымен жұмыс істеу әдістемелерінің ғылыми базасын әзірлеуге, тарихтың қайғылы сабақтары бойынша материалдарды талдауға, синтездеуге және репрезентациялауға жаңа тәсілдерді қалыптастыруға бағытталған. Ғылыми-аналитикалық маңыздылығымен қатар бұл жоба студенттік аудитория арасында ағарту жұмыстарын жүргізуге бағытталған.

Жоғарыда айтылғандай, Қазақстанда тарих ғылымында 3D технологиясын зерттеу және енгізу қалыптасу сатысында. Сондықтан, виртуалды реконструкциялау әдісін ұғыну үшін шетелдік зерттеушілердің осы салада жинақталған тәжірибесі маңызды.

XX ғасырдың 80-ші жылдарының соңында Батыста үш өлшемді анимациялық компьютерлік графиканы құру құралдары белсенді зерттелді немесе басқаша 3D графикасы деп аталды. Оны әзірлеу бірнеше кезеңдерден тұрды. Біріншісі – модельдеу, яғни «модельдер деп аталатын әртүрлі нысандардан (компьютерлік мүсін, виртуалды сәулет нысандары және т.б.), сондай-ақ виртуалды жарық көздерінен, бейнекамералардан және кейде басқа да арнайы нысандардан тұратын көріністер» жасау. Екінші кезең – материалдың мақсаты, «сахнаның әр объектісімен (ең алдымен модельмен) оның бетінің қасиетін - түсін, құрылымын, мөлдірлігін, басқа нысандарды бейнелеу мүмкіндігін және т.б. анықтайтын кейбір ақпарат

пакеті байланысады. Материалдың бір бөлігі цифрланған түрдегі графикалық бейне болуы мүмкін, ол арнайы құралдардың (компьютерлік командалар) көмегімен модель бетіне «салынады» (Реконструкция исторического прошлого, 2014).

Үшінші кезең – бейне форматында ұсынылуы мүмкін графикалық файлды жасау арқылы анимациялық көріністі визуализациялау. Одан әрі ол бірнеше рет өңделуі мүмкін. Объектілердің жағдайын, сондай-ақ олардың сандық түрде көрсетілген қасиеттерін өзгертуге рұқсат етіледі.

Батыста, әлемнің барлық басқа аймақтарындағыдай, виртуалды тарихи реконструкциялауды жасау археологтардың белсенділігімен басталғанын айта кету керек. «Виртуалды археология» бағытының негізін қалаушы американдық ғалым П.Рейлли болды (Reilly, 1988; Reilly, 1990; Reilly, 1992). Ол алғаш рет бірқатар ғылыми еңбектерде нақты археологиялық артефактіні «сандық» аналогпен алмастыру тәсілдерін тұжырымдап баяндап берді. Оны виртуалды реконструкциялау үшін эксперименттік үлгі ретінде пайдалану ең шынайы атмосфераны қалпына келтіруге және сонымен бірге зерттеу барысында түпнұсқа объектіні зақымданудан сақтауға ықпал етті.

Тарих ғылымының міндеттерін шешуде 3D технологияларды зерттеу мен қолданудың жетекші базалары жоғары оқу орындары болды. АҚШ-та Гарвард, Калифорния, Колумбия, Стэнфорд және Вирджиния университеттерінің ғалымдар ұжымы осы бағытта сәтті жұмыс істеді.

Олардың зерттеу нәтижелерінің бірі қолданушыға бағдарламаның компьютерлік интерфейсімен өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін «виртуалды шындыққа бойлау» технологиясын жасау болды. Виртуалды дулыға, кейінірек адамның қозғалыс сенсорлары бар LCD бейне-көзәйнектері, сондай-ақ төрт қабырғаға проектордың көмегімен қоршаған ортаның үш өлшемді бейнесі жасалынған «виртуалды бөлме» интерактивті ортаға айналады. Бұл технологияның тарихи тамыры ХХ ғасырдың 60-шы жылдарында Гарвард университетінің ғалымдары виртуалды шындыққа «батыру» үшін алғашқы қарабайыр көлемді құрылғыны жасаған кезде пайда болды.

3D модельдеу саласындағы зерттеулердің жалғасы ретінде Браунов университетінің базасында орындалған «A New Methodology for Archaeological Analysis: Using Visualization and Interaction to Explore Spatial Links in Excavation Data» тақырыбындағы Eileen Louise Vote докторлық диссертациясы болды (Eileen Louise, 1990). Автор археологтар мен бағдарламашылар үшін зерттеу алаңына айналған ғибадатхананың үш өлшемді моделін жасады. Соның арқасында олар ғибадатхананы аралап жүрген адамдардың сандық және сапалық құрамын талдады, осы діни ғимараттың дәліздері бойымен қозғалу жылдамдығын анықтады және басқа да проблемалық мәселелерді шешті.

Тарихи процестер мен құбылыстардың компьютерлік модельдерінің классификациясын Калифорния университетінің профессорлары Дж.Р. Холлингсворт және Р.Ханнеман жасады (Hollingsworth, Hanneman, 2011). Тарихи және әлеуметтік процестерді зерттей отырып, олар шартты түрде модельдердің үш класын ұсынды: статистикалық, имитациялық, аналитикалық. Модельдердің соңғы түрлері, олардың пікірінше, белгілі бір хронологиялық шеңберде зерттелетін процестің динамикасы туралы жетіспейтін мәліметтерді реконструкциялауда үлкен маңызға ие болды.

Вирджиния университетінде Гуманитарлық ғылымдардағы алдыңғы қатарлы технологиялар институтында профессор Б.Фришер 1990-шы жылдардың соңында Дүниежүзілік мұра зертханасын құрды (Frischer, 2006). Ол құрған тарихи-мәдени мұра объектілерін виртуалды реконструкциялау мектебі тарихи оқиғаларды сақтау және өзектендіру, сондай-ақ тарихи гипотезаларды верификациялау үшін ғылыми және әдістемелік негіздер кешенін жасады.

Батыс Еуропадағы виртуалды тарихи реконструкциялау саласындағы ең ірі орталықтар Лондон, Париж, Рим және т.б. университеттері болды. Батыс Еуропадағы тарихи және әлеуметтік процестерді модельдеудің танымал мамандары ретінде ғалымдар Forte M., Pietroni E., Rufa C., Bizzarro L., Fleury P., Madeleine S., Leon A.G., Abdelhafiz A., Zimmermann N., Efier G., Mayer J. саналады (Forte, Pietroni, Rufa, Bizzarro, Tilia, 2001; Abdelhafiz, Zimmermann, Efier, Mayer, 2009).

Батыс ғалымдары 3Ds Max және Maya арнайы қосымшаларын әзірлеу кезінде бірқатар жетістіктерге қол жеткізді. Олар Интернет пен электронды БАҚ үшін иллюстрациялық қатарларды жасау кезінде үлкен танымалдылыққа ие болды. Тарихты зерделеу мен дәріптеуде 3D технологиясын қолданудың жаңа тәжірибесінде тарихи-мәдени зерттеулерде ГАЖ-қосымшаларды әзірлеу кеңінен қолданылды. Олардың ерекшелігі Кембридж университеті ғалымдарының Ян Грегори мен Пол Эллдің 2007 жылы жарық көрген «Тарихи ГАЖ: технологиялары, әдіснамасы және гуманитарлық ғылымдар» атты ұжымдық монографиясында толық ашылған (Gregory, 2007).

Цифрлық қызметтерді тұтынушылар арасында қарқынды таратылатын 3D-модельді пайдаланудың тағы бір нысаны HD-экскурсиялар болып табылады. Оны әзірлеушілер көптеген опциялар санын ұсына

отырып, тарихи орындарға онлайн турларды ұсынады. Пайдаланушының орналасқан жері көрсетілген жергілікті жердің картасы немесе жоспары беріледі. Нысандар тек фотоға түсірілмеген, негізінен модельденген. Қосымша опция ретінде интерактивті сілтемелер мен навигация мүмкіндіктерін кеңейту қолданылады.

Батыс ғалымы Johannes Kopf навигацияны жеңілдету арқылы 3D моделімен жұмыс істеу мүмкіндігін жетілдірді (Kopf, 2013).

Дөңгелек траекториямен навигацияны шектеу, бекітілген нүктеден панорамалық көрініс жасау, сонымен қатар объектіні айналдыру арқылы зерттеуші суреттер арасындағы ауысуларды әлдеқайда тегіс және табиғи етіп жасады. Бүгінгі таңда виртуалды көздіріктер көбірек енгізілуде, бұл көзбен шарлауға мүмкіндік береді және экранға қарағанда күшті байланыс әсерін береді. Сонымен қатар, қазіргі заманғы 3D турларының маңызды айырмашылығы фотосуреттерді ажырату сапасын арттыру болып табылады.

3D модельдеу технологиясы шығыс елдерінде, әсіресе Жапонияда тез дамып келеді. Осы саладағы жетекші мамандардың арасында мұрағат құжаттары бойынша Киота қаласының 3D тарихи реконструкциясын жасаған зерттеуші Y. Isoda-ны атауға болады (Isoda, 2009).

Сандық гуманитарлық ғылым саласындағы соңғы зерттеулер қатарындағы ұжымдық еңбектердің бірі «Defining Digital Humanities. A Reader» (Melissa Terras, 2013)

Аталған хрестоматиялық еңбекте «гуманитарлық информатика» ұғымының «сандық гуманитарлық ғылымдар» саласына ұласуына тарихи шолу жасалып, оның мазмұны мен маңызына қатысты пікірталастар қарастырылған. Сонымен бірге бұл еңбек 2017 жылы орыс тіліне аударылды.

Академиялық ортада King's College London Сандық гуманитарлық ғылымдар департаментінің жетекшісі Стюарта Даннның (Stuart Dunn) еңбектері кеңінен белгілі (Stuart Dunn, 2019).

Кейінірек Ресейдің тарих ғылымындағы «Digital history» бағыты бойынша жұмыс басталды. 3D модельдерінің ерекшелігі мен типологиясын академик И.Д. Ковальченко зерттеді (Ковальченко, 2003). Ол, сондай-ақ, тарихи модельдеудің мәні мен мақсаттарына сипаттама берді. Виртуалды 3D реконструкциялаудың жалпы теориялық және практикалық аспектілері Л.И. Бородкин, С.С. Буянов, А.А. Гасанов, Г.Б.Захарова, Р.Б. Кончаков, Д.И. Жеребетьев және т.б. еңбектерінде бар (Бородкин, 2020; Буянов, Гасанов, Захарова, Кончаков, Жеребетьев, 2010).

Л.И. Бородкин мен Д.И. Жеребетьевтің жұмысында 3D-модельдеу технологияларын қолдануға негізделген тарихи-мәдени мұра объектілерін виртуалды реконструкция жасаудың халықаралық тәжірибесі жинақталған (Бородкин, Жеребетьев, 2014). Олар сонымен бірге тарихтағы модельдеудің ерекшелігін, деңгейлерін және типологиясын, сондай-ақ өздері жасаған модель типологиясының құрылымындағы 3D модельдеудің орнын анықтауға тырысты. Сонымен қатар, бұл зерттеушілер тарихи зерттеулерді үш өлшемді модельдеу технологияларын қолдану әдістері мен тәсілдерінің эволюциясын қарастырды, 3D тарихи реконструкциялаудың негізгі үрдістері мен проблемаларын анықтады.

Ресейдің тарихи-мәдени ескерткіштерін виртуалды реконструкциялау шынайылығының жоғары деңгейін Д.И. Жеребетьев монографиялық зерттеуінде ұсынды (Жеребетьев, 2014). Үш өлшемді модельдеу технологиясын қолдана отырып, ол Мәскеу әйелдер монастырының 1894 жылдан 1909 жылға дейінгі эволюциясына виртуалды реконструкция жасады.

Е.В. Логдачева мен С.В. Швембергердің жұмысында тарихи дереккөздерді верификациялау мен виртуалды үш өлшемді ортадағы өзара әрекеттесудің виртуалды интерфейстерін жасаудың жаңа тәжірибесіндегі проблемалар айқын көрінеді (Логдачева, Швембергер, 2018).

3D әдістемесін зерттеушілер арасында танымал етуге биылғы жылы 30 жылдық кезеңді атап өтетін «Тарих және компьютер» қауымдастығы үлкен әсер етеді. Ресей тарихшыларының бастамасымен құрылған ол 200-ден астам тарихшыларды және Еуразия елдеріндегі барлық мүдделі тұлғаларды ақпараттық технологиялар арқылы тарихи және мәдени мұраны сақтау ісіне біріктіреді. Қауымдастыққа мүше мемлекеттер арасында Қазақстан 1993 жылы осы қоғамдық ұйымға мүше болып белсенді қатысуда.

**Нәтижелері.** Саяси қуғын-сүргін мен аштық құрбандарын ақтау мәселелері бойынша отан тарихында «ақтандақтардың» болуы, сондай-ақ кеңес өкіметі геноцидінің құрбандарына қатысты тарихи әділеттілікті қалпына келтіру қажеттілігі ғылыми орталықтар мен мемлекеттік органдардың бірлескен іс-қимылдарына алып келді. Олар 2020 жылғы қарашада ҚР Президентінің Жарлығы бойынша құрылған Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия шеңберінде дамытылды. Бір жарым жыл бойы бірнеше бағыттар бойынша ауқымды жұмыс атқарылды. Бірнеше жұмыс тобының күшімен жаппай ашаршылыққа және туған жерлерінен тыс жерлерге мәжбүрлі көші-қонға әкеп соққан күштеп ұжымдастыру мен отырықшыландыру, мүлікті тәркілеу және «тап ретінде кулактар мен



байларды» жою кезеңіндегі Қазақстан халқының тағдыры зерттелуде. Бұл республика азаматтарының 70 пайыздан астамын, негізінен қазақтарды жоғалтуға әкелген нағыз геноцид болды (Кабульдинов, 2018).

Өкінішке орай, қуғын-сүргінге ұшырағандардың жеке істерін ұдайы жою саясатының салдарынан қазір қуғын-сүргін құрбандарын ақтауды негіздеу өте қиын. Сондай-ақ, әлі күнге дейін құпиясы ашылмаған істер бар. Зерттеушілер бұл мәселенің жылдам шешілуін үлкен үмітпен күтуде. Мұрағаттық құжаттардағы үзік-үзік мәліметтер бойынша жаппай ашаршылық қасіретінің қорқынышты көрінісі там-тұмдап қалпына келтірілуде. Халық арасында аталып кеткен «Ұлы жұт» 1932 жылға сәйкес келді. Осы жылы бұл қайғылы оқиғаларға 90 жыл толады. Осы трагедияны виртуалды реконструкциялау процесіне кіріспес бұрын, оның тарихына қысқаша тоқталайық. Мұрағаттық құжаттар айғақтағандай, бұл қасіреттің қайнар көзі ауыл шаруашылығы тауарын дайындау науқанымен тікелей байланысты. 1929 жылдың қаңтар айында Павлодар округінде 1 300 000 пұт астық тапсыру айлық тапсырмасы қойылды (ПОМА Қ. 9. О. 1. Іс 18. Б. 172).

Бұл ретте, олар негізгі тұрғындары мал шаруашылығымен айналысатын қазақтар болды. Жоспарларды орындау үшін олар қалған малдарын орыс селоларында астыққа ауыстыруға мәжбүр болды. «Белсе ділер» (советтік белсенділер) адамдарды аштық өлімге қалдырып, зорлықпен жергілікті тұрғындардан қаңтар айының соңына қарай 139068 пұт астықты мәжбүрлеп алды. Нан дайындаудың ақылға сиымсыз жоспарларын орындау құны өте ауыр болды: 1929-1930 жылдары округ үшін - 2 млн.300 мың пұт, ал 1930-1931 жылдары - 7 млн. 750 мың пұт (ПОМА Қ. 11. О. 1. Іс. 41. ББ.36, 36 об., 37).

Осы жоспарларды жүзеге асыруда «байлар мен кулактардың», көбінесе орта шаруалардың мүлкін толық тәркілеуге басты назар аударылды. Бұл науқанның ресми өкілдерінің пікірлері сақталған. Мысалы, БКП(б) ОК уәкілі Коноваловтың 1930 жылы Максим Горький ауданындағы кулактарды тап ретінде жоюдың алдын-ала қорытындылары туралы баяндамасында былай делінген: «Жою мәселелеріндегі директивалардың өте жиі өзгеруі, мұндай жағдайда жергілікті жерлердегі жұмысқа нақты басшылықты қамтамасыз етудің мүмкін еместігі... басшылықтың асыра сілтеуімен кейбір ауылдарда бірқатар кулак және орта шаруа қожалықтарынан мүлік заңсыз алып қойылды. Михайлов ауылдық кеңесінде 35 шаруашылықтан мүлік алынды, олардың 8-і орта шаруа болды. Кеңселік а/кеңесте 14 шаруашылықтың, жартылай орта шаруалардың мүлкі тәркіленді. Тартып алу үй тұрмысындағы ең ұсақ заттар (жаялықтар) мен азық-түлік қорына дейін жүргізілді» (ПОМА Қ. 8-п. О. 1. Іс. 293. Б. 43-48).

Кеңестік басқару жүйесінің цинизмі дайындықтар жоспарын орындау қуғын-сүргіннен босатпайтындығында болды. «Тәркіленген кулактарға» ату жазасы немесе, ең жақсы жағдайда, жер аудару жазасы қолданылды. Павлодар қалалық Біріккен мемлекеттік саяси басқарма (БМСБ-ОГПУ) бөлімшесінің 1931 жылғы 2 сәуірдегі мәліметінде жер аударылғандардың апатты жағдайы сипатталады: «бөлінген колонияға (№1 ауыл)...200 адам келді, орыстар да, қазақтар да балаларымен бірге әр қыстауға 5 отбасынан орналастырылды, кейбір отбасыларда бір фунт нан, сондай-ақ басқа да өнімдер жоқ, балалар аш отырады, шай қайнатуға арналған ыдыс жоқ. Шығарылғандардың көпшілігі, егер мұндай құбылыс болашақта жалғаса берсе, онда біз балаларымызды тағдыр тәлкегіне тастаймыз және біз олардың балалары әлі де қамтамасыз етіледі деп үміттеніп, аштықтан өлмеу үшін жан-жаққа қашатын боламыз...» (ПОМА Қ.1-п. О. 1. Іс 39. ББ.34-39).

Шынында да, осы қайғылы жылдары, мұрағаттық құжаттардан көрініп тұрғандай, панасыз қалу және ауылдардағы балаларды қалаға жаппай қалдырып кету күрт артып кеткен.

Ауыл өмірінен мықты қожайындарды алып тастау, сөзсіз, жаппай аштықтың себептерінің бірі болды. Дәстүр бойынша, олар аштық кезінде кедейлерге көмекші болды. Тіпті қатты қуғын-сүргін кезінде олардың кейбіреулері туыстарына көмектесуді жалғастырды. Олардың бүкіл ауылдарды Ресейдің шекара аймағына көшірген жағдайлар да болды. Бірақ, бұл бірді-екілі жағдайлар еді. Қазақтардың негізгі бөлігі кеңес басшылығы ұйымдастырған «қолдан жасалған ашаршылықтың» құрбаны болды.

Павлодар облысының мемлекеттік мұрағатының материалдары бойынша халықтың қандай азаптан қаза тапқанын байқауға болады. БКП(б) Павлодар аудандық комитеті жабық бюросының 1932 жылғы 31 қаңтардағы қаулысында: «...Аудандық комитет бюросы: а) халықтың қазақ бөлігінде аштықтан 498 адамның өлгендігі туралы фактілерінің бар екендігін...; б) колхозшылардың иттерді, қой терісін және тіпті адам етін жеу фактілерінің болуын; в) колхоздардың ыдырауы және аштық негізінде малдың жойылуы (1-2-ші ауылдарда 627 бас малдың 36, 11-ші ауылда 2396-дан 806 бас қалғанын белгіледі...» (ПОМА Қ. 1-п. О. 1. Іс 54. ББ. 77.57, 31 об.).

1932 жылы жасалған «Павлодар ауданының ауылдарындағы халықтың ашығуы туралы мәліметте» сұмдық фактілер ашылады: «№1 ауыл: ауылдағы барлық шаруашылықтар 39, қойлар 12 қыстақта орналасқан. 1931 жылдың қараша айынан бастап ауылда түрлі жұқпалы аурулар кеңінен тарады, іш сүзегі,

шешек және күшейтілген тамақтанудың болмауына байланысты бұл аурулар аштыққа айналады. ... комиссия жерленбеген 44 мәйітті тапты. Жерленбегендерді көбіне қорымдарға тастаған, кейін мұны жасауға әлдері жетпегенде мал қораға шығарып тастап отырған.

...№ 2 ауыл: осы ауылда өлім желтоқсан айында басталды (1931 ж.). Бірқатар азаматтардың қалаға баруға жиналып жолға шыққанда ауыл кеңестерінің кеңсесі мен өз шаруашылық ауылдарының арасындағы жолда өлген. Ауылда ит етімен, өлімтікпен және қой қоздағанда қалған қалдықтармен тамақтану кеңінен дамыды. Қой фермасы орналасқан шаруашылық ауылында қашып кеткен кулак Бакин Сламбектің 3 жасар қызы мен анасы қайтыс болды, олардың мәйіттері аулаға шығарылды, ал осы үйде тұратын екі бала И/Г. түнде қыздың мәйітінен ет пісіріп, жей бастады, осы көріністі көрген Темірбаев Ишимнің әйелі сол түні қой фермасының меңгерушісі Савдабаевқа келіп, осы факті туралы хабарлады. Таңертен комсомол ұяшығының хатшысы шопанмен бірге С.-ға барып, оларды адам етін қайта пісіру сәтінде үстерінен түсті. Алайда, балтамен және пышақпен қаруланған С. мәйітті бермеді. Тексеру кезінде Сламбектің анасының мәйітінде бір аяғы болған жоқ. С. олар бұл әрекетке аштық пен өлімнен қорқып, болашақта тіпті тірі адамды жеуге дайын екендіктерін айтты....

№ 6 ауыл: ауылдағы барлық шаруашылық 126, ауыз саны 598. Ауылдың жағдайы ауыр. Бұл ауылда ит етін жеу жағдайлары көп.... Қалған тұрғындар мәйіттерді көшеге шығаруға мүмкіндігі жоқ үйлерде 3-4 күн бойы мәйіттердің жатып қалу жағдайлары бар. Аулаға шығарылған кейбір мәйіттердің бет-әлпетін тышқандар кемірген....

№ 14 және 15 ауыл: бұл ауылдың жағдайы №12-ші ауылмен салыстырғанда әлдеқайда нашар.... Көптеген үйлерде барлық тұрғындар төсектерде жатыр. Шаруашылықта жүре алатын бірде-бір адам жоқ. Азаматша Исабекова Рахиманың күйеуі - Исабек үйде жатыр, ашығып отырғандардың бір бөлігі терінің қиқымымен тамақтануда. Бұл үйден екі ер адам отбасын тастап, беті ауған жаққа кеткен. Бұл ауылда мұндай фактілер көп. Сонымен, 5 ауыздан тұратын отбасыдан 4 әйел қалды. Көмілмеген мәйіттер - 12. Бұл мәйіттер үйде барлық жағынан қармен жабылған. Үйге шатырдан кіруге тура келді, үй қараусыз қалған, суық, қараңғы» (ПОМА Қ. 1-п. О.1. Іс 70. ББ. 2,2 об., 3, 3 об.).

Бұл құжаттарды күйзеліссіз оқу мүмкін емес. Біз қазіргі ұрпақтың бұл туралы ешқашан қайталанбауы үшін білгенін және есте сақтағанын қалаймыз. Бұл іске үлес қосу үшін біз 3D тарихи реконструкция жасау арқылы осы оқиғаларды визуализациялау бойынша жұмысты бастадық.

Бұл процесі кезең-кезеңмен ашамыз. Басында жұмыс өткен ғасырдың 30-жылдарындағы жаппай аштыққа байланысты визуалды және деректанулық материалдарды анықтауға, іріктеуге және сипаттауға бағытталды.

Негізделген виртуалды 3D реконструкция үшін дереккөз базасы тандалды және негізделді. Бұл әртүрлі дереккөз түрлерінің кешенін қамтиды. Олардың ішіндегі ең маңыздылары визуалды реконструкция үшін фотоқұжаттар болды. Кішігірім бұрмалануларды ескере отырып, фотосуреттер өткеннің бейнесіндегі объективті дереккөздердің бірі ретінде пайдаланылды. Негізінен павлодарлық өлкетанушы, өткен ғасырдың 30-шы жылдарындағы қасіретті оқиғалардың куәгері Дмитрий Багаевтың фотосуреттері пайдаланылды. Павлодар қаласындағы Багаев мұражайында жиналған он үш фотосурет, осы қорқынышты трагедияның көрінісін жасауға көмектеседі. Фотосуреттердің үлкен кешені республиканың басқа мұражайларының қорларынан алынды. Электрондық ресурстардан бірқатар фотосуреттер алынды. Қазақстанның түрлі өңірлерінде түсірілген фотосуреттер трагедияның ірі ауқымын айғақтайды.

Әрине, мұрағаттық құжаттар тарихи реконструкция үшін құнды болып табылады. Олар негізінен Павлодар облысының мемлекеттік мұрағатының қорынан алынды.

Дереккөздер кешенінде ашаршылық құрбандарының естеліктері, олардың ұрпақтарының куәліктері ерекше орын алды.

Пайдаланылған дереккөз базасы реконструкция үшін жеткілікті түрде репрезентативті деп айта аламыз. Сипаттамалық және бейнелеу сипатындағы дереккөздер синтезі бірнеше уақыт бөліктері бойынша виртуалды реконструкциялауға мүмкіндік берді. Бұл өз кезегінде зерттелетін процесі динамикада ашуға және әр кезеңнің ерекшелігін анықтауға ықпал етті.

Екінші кезеңде міндеттерді қою және жиналған дереккөздерді талдау жұмыстары жүргізілді. Ең алдымен, зерттелетін мәселе бойынша 3D тарихи реконструкциялау мүмкіндігі анықталды. Содан кейін нақтылаудың мүмкін деңгейі анықталды. Соңында, компьютерлік үш өлшемді реконструкциялауды жасау кезінде оларды пайдалану үшін қолда бар дереккөздерге талдау жүргізілді.

Үшінші кезеңде 3D тарихи реконструкциялау технологиялары мен әдістері зерттелді, ең оңтайлы бағдарламалық қамтамасыз ету анықталды. Осы кезеңнен бастап тарихшылардың 3D технологияда біліктілігі бар IT-мамандармен бірлескен жұмысы басталады.

Біздің тарапымыздан үш өлшемді модельдеуге арналған бірқатар бағдарламалар зерделенді. Әдебиеттерді талдау көрсеткендей, визуализацияның алғашқы технологияларының бірі өткен ғасырдың 70-ші жылдарында жасалған америкалық бағдарламалар болып табылады. Бұл Джим Блинн жасаған Blinn, сонымен қатар Бе Тюн Фонг әзірлеген Phong Shading бағдарламалары. Соңғы бағдарлама объектінің бетіндегі әр нүктеде жарықтың қарқындылығымен есептелген жарықтандыру моделін ұсынады. Неғұрлым жетілдірілген бағдарламалар – 3D қосымшалары 90-шы жылдары пайда болды. 3 DS Max, Maya, SOFTIMAGE/XSI, LightWave 3D сияқты бағдарламалар үлкен танымалдылыққа ие болды.

- 4 Қонун. – Тошкент: ФАШИ. – Қўлёзма № 730. 26-варақ.
- 5 Туркистон вилоятидаги халқларни забот ва рабт қилмоқ яъни боиқармогининг низоми – Тошкент: ФАШИ. – Қўлёзма № 9542. 65-варақ.
- 6 НАУ, ф-И-19, *Опись-1, Дело-3845, Лист-12.*
- 7 Дастур ул-амал. – Тошкент: ФАШИ. – Қўлёзма № 571. 34-варақ.
- 8 Туркестанский сборник. 1867. Т. 1. – С. 24.
- 9 НАУ, ф-И-19, *Опись-1, Дело-7910, Лист-35.*
- 10 НАУ, ф-И-19, *Опись-1, Дело-34480, Лист-6.*
- 11 НАУ, ф-И-19, *Опись-1, Дело-10014, Лист-324*
- 12 *Вақт газетаси. 1907. – 13 июнь. – 182-сон.*
- 13 Маҳмудхўжа Беҳбудий. *Танланган асарлар. Ж.1 – Тошкент: Академнашр, 2018. – Б. 195.*
- 14 *Отчет... К.К.Палена. Уездной управление... – С. 7.*
- 15 НАУ, ф-И-19, *Опись-1, Дело-4093, Лист-3.*
- 16 НАУ, ф-И-19, *Опись-1, Дело-13935, Лист-5.*
- 17 *Й.С.Путинсов. Календар ахбороти. – Тошкент: ФАШИ. – Қўлёзма № 748. 126-варақ.*
- 18 Дастур ул-амал. – Тошкент: ФАШИ. – Қўлёзма № 571. 15-варақ.
- 19 Дастур ул-амал. – Тошкент: ФАШИ. – Қўлёзма № 571. 51-варақ.
- 20 НАУ, ф-И-19, *Опись-1, Дело-3993, Лист-5.*
- 21 Дастур ул-амал. – Тошкент: ФАШИ. – Қўлёзма № 571. 18-варақ.
- 22 *Садои Фаргона газетаси. 1914. – 6 ноябрь, 80-сон.*
- 23 *Шухрат газетаси. 1907. – 11 декабрь, 2-сон.*
- 24 *Тараққий газетаси. 1906. – 9 февраль, 9-сон.*
- 25 *Садои Туркистон газетаси. 1914. – 29 апрель, 6-сон.*
- 26 НАУ, ф-И-19, *Опись-1, Дело-3988, Лист-2.*
- 27 *Остроумов Н.П. Исламоведение. Введение в Курс Исламоведения. Тип. Турк. Ген-Губернатора. – Ташкент: 1914. – С. 181.*
- 28 *Бобобеков Х.Н. Қўқон тарихи. – Тошкент: Фан, 1996. – Б. 218.*
- 29 *Топилдиев Н. Қўқон хонлиги ва Россия империяси тарих чорраҳасида. – Т.: Академнашр, 2012. - Б. 96.*
- 30 *Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. Ленинград. Издательство академии наук СССР, 1927. – С. 124.*
- 31 *Отчет... К.К.Палена. Краевой управление. С.Петербург. Омская топография. 1910. – С. 60.*
- 32 *Шарифжон Маҳдум садр Зиё. Таржима. «Аҳволе қози Абдушукур ва боиқалар». – Тошкент: ФАШИ. – Қўлёзма № 1304. – Б. 121<sup>б</sup>.*
- 33 *Ismatov A. Legal Education in Uzbekistan: Historical Overview and Challenges of Transition. Nagoya University Co-operative Association. 2019. – P. 19.*
- 34 НАУ, ф-И-19, *Опись-1, Дело-18011, Лист-17.*
- 35 НАУ, ф-И-19, *Опись-1, Дело-19062, Листы-1-5.*
- 36 *Бекмирзаев И.И. Қозилик маънавияти. – Тошкент: Маънавият, 2019. – Б. 20.*

- 37 Мир Ҳабибуллоҳ Мирзалол ал-Ҳисайний. «Фатвойи Мир Ҳабибуллоҳ». – Тошкент: ФАШИ. – Қўлёзма № 9019. 26-варақ.
- 38 Бурхониддин Марғинович. «Ҳидоя». – Тошкент: ФАШИ. – Қўлёзма № 1707. 379 варақ.
- 39 Жомеъ ал-фатво. – Тошкент: ФАШИ. – Қўлёзма № 1388. 232-варақ.
- 40 Урунбаев А. Хориқаева Т. Файзиев Т. Джураева Г. Исогай К. Каталог Хивинских казийских документов XIX-начало XX вв. Киот: «Дайшин-инсатү» 2001.-VIII-стр.
- 41 НАУ, ф-И-19, Опись-35, Дело-42, Лист-574.
- 42 НАУ, ф-И-18, Опись-1, Дело-1800, Лист-4.
- 43 НАУ, ф-И-19, Опись-1, Дело-10014, Лист-189.
- 44 НАУ, ф-И-17, Опись-1, Дело-7041, Лист-4.
- 45 Қўқон давлат музей қўриқхонаси. КП(кирим китоби)-3568, ДП(хужжатли ёдгорлик)-2331, 52/8-коллекция.
- 46 Қўқон давлат музей қўриқхонаси. КП(кирим китоби)-3568, ДП(хужжатли ёдгорлик)-2331, 52/10-коллекция.
- 47 Троицкая А.Л. Каталог архива Кокандских ханов XIX века. – Москва: «НАУКА», 1968. – С. 9.
- 48 kizi Ergasheva G. I. et al. Gender Concepts in the Phraseological World Picture of the English and Uzbek Languages //Turkish Journal of Computer and Mathematics Education (TURCOMAT). – 2021. – Т. 12. – №. 13. – С. 4035-4044.
- 49 СИФАТИДАТ., УСУЛЛАРИГ. Т. Т. TERMINOGRAPHY AS A MEDIUM OF A DISCOURSE CONSTRUCTION: DESCRIPTION METHODS OF GENDER TERMS. – 2020.
- 50 Эргашева Г.И. Структура общества и структура языка в гендерном аспекте //Internationalscientificreview. – 2016. – №. 3 (13). – С. 130-132.
- 51 Кахрамон К. XIX ASR OXIRI VA XX ASR BOSHLARIDA TURKISTONDA XALQ SUDYA (QOZILAR) FAOLIYATIGA KIRITILGAN O 'ZGARISHLAR //Yosh Tadqiqotchi Jurnal. – 2022. – Т. 1. – №. 5. – С. 240-245.
- 52 Содиқович К. Қ. МУҲАММАД АЗИЗ МАРФИЛОНИЙНИНГ “ТАРИХИ АЗИЗИЙ” АСАРИДА ҚОЗИЛАР ФАОЛИЯТИНИНГ ТАЛҚИНИ //Современное образование (Узбекистан). – 2020. – №. 11 (96). – С. 52-59.
- 53 Содиқович К.Қ., Иброхимов С.М. Ў. ТУРКИСТОН ЎЛКАСИДА ТАЪЛИМ ТИЗИМИ: МАДРАСАЛАР ФАОЛИЯТИ (XIX XX АСР) //Современное образование (Узбекистан). – 2020. – №. 10 (95). – С. 54-59.
- 54 Содиқович К.Қ., Мелибоев А.Н. Ешларда ахлоқий сифатлар шаклланишида тарихий маълумотлардан фойдаланиш //Современное образование (Узбекистан). – 2019. – №. 6 (79). – С. 78-84.
- 55 Содиқович К.Қ. Тарих дарсларида Абу Али ибн Сино ёзган фалсафий қиссалардан фойдаланишнинг тарбиявий аҳамияти //Современное образование (Узбекистан). – 2018. – №. 1. – С. 29-34.

#### References:

- 1 В.Н.Қодиров, Н.Ҳ.Матақубов, В.В.Қодиров. Ўзбекистон тарихидан mavzular бйиича izoxli lugat. – Тошкент: 2014. – В. 133.
- 2 Turkestanski sbornik. 1867. T. 1. – S. 237.
- 3 Ergasheva D. Qoziga xam oson bylmagan. (Elektron resurs) (kiriş vaqti 19.04.2021i soat 16:54) <http://hudud24.uz/qoziga-ham-oston-bolmagan/>
- 4 Qonun. – Тошкент: FAŞÍ. – Qylözma № 730. 26-варақ.
- 5 Turkistonviloiatidagihalqlarnizabtvarabtqilmoqianiboşqarmoğiningnizomi – Тошкент: FAŞÍ. – Qylözma № 9542. 65-варақ.
- 6 NAU, f-İ-19, Opis-1, Delo-3845, List-12.
- 7 Dastur ul-amal. – Тошкент: FAŞÍ. – Qylözma № 571. 34-варақ.
- 8 Turkestanski sbornik. 1867. T. 1. – S. 24.
- 9 NAU, f-İ-19, Opis-1, Delo-7910, List-35.
- 10 NAU, f-İ-19, Opis-1, Delo-34480, List-6.
- 11 NAU, f-İ-19, Opis-1, Delo-10014, List-324
- 12 Vaqt gazetasi. 1907. – 13 iün. – 182-son.
- 13 Махмудхўжа Веҳбудӣ. Танланган асарлар. J.1 – Тошкент: Akademnaşr, 2018. – В. 195.
- 14 Ocheta... К.К. Palena. Uezdnoi upravlenie... – S. 7.
- 15 NAU, f-İ-19, Opis-1, Delo-4093, List-3.
- 16 NAU, f-İ-19, Opis-1, Delo-13935, List-5.

- 17 I.S.Putinsov. *Kalendarahboroti*. – Toʻshkent: FAŞI. – Qylozma № 748. 126-varaq.
- 18 *Dastur ul-amal*. – Toʻshkent: FAŞI. – Qylozma № 571. 15-varaq.
- 19 *Dastur ul-amal*. – Toʻshkent: FAŞI. – Qylozma № 571. 51-varaq.
- 20 NAU, f-İ-19, Opis-1, Delo-3993, List-5.
- 21 *Dastur ul-amal*. – Toʻshkent: FAŞI. – Qylozma № 571. 18-varaq.
- 22 *Sadoi Farğona gazetasi*. 1914. – 6 noiabr, 80-son.
- 23 *Şuxrat gazetasi*. 1907. – 11 dekabr, 2-son.
- 24 *Taraqqi gazetasi*. 1906. – 9 fevral, 9-son.
- 25 *Sadoi Turkiston gazetasi*. 1914. – 29 aprel, 6-son.
- 26 AU, f-İ-19, Opis-1, Delo-3988, List-2.
- 27 *Ostroumov N.P. İslamovedenie. Vvedenie v Kurs İslamovedenia. Tip. Turk. Gen-Gubernatora*. – Taşkent: 1914. – S. 181.
- 28 *Bobobekov X.N. Qyqon tarihi*. – Toʻshkent: Fan, 1996. – B. 218.
- 29 *Topildiev N. Qyqon honligi va Rosia imperiasi tarix chorrahasida*. – T.: Akademnaşr. 2012. – B. 96.
- 30 *Bartöld V.V. İstoria kulturnoi jizni Turkestana. Leningrad. İzdatelstvo akademii nauk SSSR*, 1927. – S. 124.
- 31 *Ochet... K.K.Palena. Kraevoi upravlenie. S.Peterburg. Omskaia tepografia*. 1910. – S. 60.
- 32 *Şariffon Maşdum sadr Ziö. Tarjima. «Axvole qozi Abduşukur va boşqalar»*. – Toʻshkent: FAŞI. – Qylozma № 1304. – B. 121b.
- 33 *Ismatov A. Legal Education in Uzbekistan: Historical Overview and Challenges of Transition. Nagoya University Co-operative Association*. 2019. – P. 19.
- 34 NAU, f-İ-19, Opis-1, Delo-18011, List-17.
- 35 NAU, f-İ-19, Opis-1, Delo-19062, Listy-1-5.
- 36 *Bekmirzaev İ.İ. Qozilik manaviati*. – Toʻshkent: Manaviat, 2019. – B. 20.
- 37 *Mir Xabibullox Mirzalol al-Xisaini. «Fatvoii Mir Xabibullox»*. – Toʻshkent: FAŞI. – Qylozma № 9019. 26-varaq.
- 38 *Burhoniddin Marğinoni. «Xidoia»*. – Toʻshkent: FAŞI. – Qylozma № 1707. 379 varaq.
- 39 *Jome al-fatvo*. – Toʻshkent: FAŞI. – Qylozma № 1388. 232-varaq.
- 40 *Urunbaeva A., Horikaeva T., Faiziev T., Juraeva G., İsogai K. Katalog Hivinskikh kaziskih dokumentov XIX-nachalo HH vv. Kiot: «Daişin-insatsu» 2001.-VIII-str.*
- 41 NAU, f-İ-19, Opis-35, Delo-42, List-574.
- 42 NAU, f-İ-18, Opis-1, Delo-1800, List-4.
- 43 NAU, f-İ-19, Opis-1, Delo-10014, List-189.
- 44 NAU, f-İ-17, Opis-1, Delo-7041, List-4.
- 45 *Qyqon davlat muzei qyriqhonasi. KP(kirim kitobi)-3568, DP(xujjatli ödgorlik)-2331, 52/8-koleksia.*
- 46 *Qyqon davlat muzei qyriqhonasi. KP(kirim kitobi)-3568, DP(xujjatli ödgorlik)-2331, 52/10-koleksia.*
- 47 *Troiskaia A.L. Katalog arhiva Kokandskih hanov XIX veka*. – Moskva: «NAUKA», 1968. – S. 9.
- 48 *kizi Ergasheva G. I. et al. Gender Concepts in the Phraseological World Picture of the English and Uzbek Languages //Turkish Journal of Computer and Mathematics Education (TURCOMAT)*. – 2021. – T. 12. – №. 13. – S. 4035-4044.
- 49 **SİFATİDAT., USULLARIG. T.T. TERMINOGRAPHY AS A MEDIUM OF A DISCOURSE CONSTRUCTION: DESCRIPTION METHODS OF GENDER TERMS. – 2020.**
- 50 **Ergasheva G. İ. Struktura obşestva i struktura iazyka v gendernom aspekte //International scientific review. – 2016. – №. 3 (13). – S. 130-132.**
- 51 **Kaxramon K. XIX ASROXIRIVA XX ASRBOSHLARIDATURKISTONDAXALQSUDYA (QOZILAR) FAOLIYATIGAKIRITILGANO ‘ZGARISHLAR //Yosh Tadqiqotchi Jurnalı. – 2022. – T. 1. – №. 5. – S. 240-245.**
- 52 **Sodiqovich K. Q. MUXAMMADAZİZMARGİLONİNİNG “TARİHİ AZİZİ” ASARIDA QOZILARFAOLIATİNİNG TALQİNİ //Sovremennoe obrazovanie (Uzbekistan). – 2020. – №. 11 (96). – S. 52-59.**
- 53 **Sodiqovich K. Q., İbrohimov S. M. Ş. TURKİSTONŸLKASİDATALİMTİZİMİ: MADRASALARFAOLIATI (XIXXXASR) //Sovremennoe obrazovanie (Uzbekistan). – 2020. – №. 10 (95). – S. 54-59.**
- 54 **Sodiqovich K. Q., Meliboev A. N. Eşlarda ahloqiusiflatlar şakllanişidatarihimalumotlardan foidalanış //Sovremennoe obrazovanie (Uzbekistan). – 2019. – №. 6 (79). – S. 78-84.**
- 55 **Sodiqovich K. Q. Tarihdarlarida AbuAli ibn Sino özgan falsafiqissalardan foidalanışning tarbiavi axamiati //Sovremennoe obrazovanie (Uzbekistan). – 2018. – №. 1. – S. 29-34.**

ӘОЖ 94(574)  
ҒТАМР 03.20.01

Қ.Қ. Байсарина\*<sup>1</sup>, Б.Токишкадыров<sup>2</sup>, А.М. Мамырбеков<sup>3</sup>

<sup>1</sup>тарих ғылымдарының докторы, профессор Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,  
Қазақстан, Семей қ.

E-mail: [bkksemey@mail.ru](mailto:bkksemey@mail.ru)

<sup>2</sup>докторант Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Қазақстан, Семей қ.

E-mail: [botabek87@mail.ru](mailto:botabek87@mail.ru)

<sup>3</sup>тарих ғылымдарының кандидаты, Семей қаласының Әлихан Бөкейхан университеті,

Қазақстан Семей қ.

E-mail: [arafat\\_kz@mail.ru](mailto:arafat_kz@mail.ru)

## ГОЛОЩЕКИННИҢ «КІШІ ҚАЗАН САЯСАТЫ» ЖӘНЕ ЖАЙЫЛЫМДЫҚ-ШАБЫНДЫҚ ЖЕРЛЕРДІ ҚАЙТА БӨЛУ НАУҚАНЫ

*Аңдатпа*

Мақалада ХХ ғасырдың 20-30 жж. қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығының Мақалада ХХ ғасырдың 20-30 жж. қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығының күйреу үрдісі, қазақ ауылындағы түбегейлі өзгерістер, кедейлену, ашаршылық жалпы айтқанда қазақ елінің әлеуметтік – экономикалық және саяси тарихына өзінің айтарлықтай зардабын әкелген «Кіші Қазан» саясаты жайында баяндалады. «Кіші Қазанның» басталуы 1925 жылы Филипп Исаевич Голощекиннің БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшылығына тағайындалуынан басталды. Қазақ ауылында социалистік өзгерістерді жүзеге асыруға бағытталған саясат, «Қоныс аударушылар ауылындағы азаматтық татулық және қазақ ауылындағы азаматтық соғыс» ұранымен жүзеге асты. Голощекиннің негізі жоқ социализмнің утопиялық мақсаттарына жету үшін қолданылған зорлық, қысым көрсету әдістері арқылы жүзеге асқан «Кіші Қазан» саясатының адам факторын аяққа таптағандығы белгілі, мақалада сол әділетсіздікті дәлелдер арқылы ашып көрсетуге тырыстық. ХХ ғасырдың 20-30-жылдарында Қазақстанда кеңестік тоталитарлық жүйе жүргізген «Кіші Қазан» саясатының, байларды тәркілеу, шаруаларды күштеп ұжымдастыру сияқты төтенше саяси-шаруашылықтық науқандарына мұрағат құжаттары мен отандық және шет елдік ғалымдардың ғылыми еңбектері негізінде талдау жасалған. Қазақ ауылдарын кеңестендіру, Егістік-шабындық жерлерді қайта бөлу, Бай шаруашылықтарын тәркілеу бағыттарында жүргізілген саясаттың нәтижелері анықталған.

**Кілт сөздер:** Голощекин, «Кіші Қазан», ұжымдастыру, шаруалар, отрықшыландыру, тәркілеу.

*Байсарина К.К. \*<sup>1</sup>, Токишкадыров Б.<sup>2</sup>, Мамырбеков А.М.<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>доктор исторических наук, профессор Университет имени Шакарима города Семей, Казахстан

E-mail: [bkksemey@mail.ru](mailto:bkksemey@mail.ru)

<sup>2</sup>докторант Университет имени Шакарима города Семей, Казахстан

E-mail: [botabek87@mail.ru](mailto:botabek87@mail.ru)

<sup>3</sup>кандидат исторических наук, Университет им Алихана Бөкейханова города Семей, Казахстан

E-mail: [arafat\\_kz@mail.ru](mailto:arafat_kz@mail.ru)

## ГОЛОЩЕКИНСКАЯ ПОЛИТИКА «МАЛЫЙ ОКТЯБРЬ» И КАМПАНИЯ ПО ПЕРЕРАСПРЕДЕЛЕНИЮ ПАСТБИЩНО-СЕНОКОСНЫХ УГОДИЙ

*Аннотация*

В статье рассказывается о тенденции краха традиционного животноводства казахов в 20-30 гг. ХХ века, радикальных изменениях в казахском селе, обнищании, голоде, в целом, о политике «малого Казани», которая повлекла за собой значительные последствия для социально – экономической и политической истории казахского народа. Начало "малого Казани" началось в 1925 году с назначения Филиппа Исаевича Голощекина в первый Секретариат казахского краевого комитета СП(б)п. Политика, направленная на реализацию социалистических преобразований в казахском селе, осуществлялась под

девизом «гражданский мир в селе переселенцы и гражданская война в селе казахское». Известно, что политика «малого Казани», осуществляемая методами насилия, угнетения, применявшимися для достижения утопических целей социализма без основания Голощекина, постигла человеческий фактор, в статье мы постарались раскрыть эту несправедливость с помощью доказательств. В 20-30-е годы XX века в Казахстане был проведен анализ политики «малого Казани», проводимой советской тоталитарной системой, чрезвычайных политико-хозяйственных кампаний по конфискации богатых, насильственной коллективизации крестьян на основе архивных документов и научных трудов отечественных и зарубежных ученых. Выявлены результаты проводимой политики в направлениях советизации казахских сел, перераспределения пашни и сенокосов, конфискации богатых хозяйств.

**Ключевые слова:** Голощекин, "Малый Октябрь", коллективизация, крестьяне, отрешение, конфискация.

*K.K. Baisarina\*<sup>1</sup>, B.Tokishkadyrov<sup>2</sup>, A.M. Mamyrbekov<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>*doktor of Historical Sciences Professor Shakarim University of Semey, Kazakhstan, Semey  
E-mail: bkksemey@mail.ru*

<sup>2</sup>*doktoral student of the specialty History Shakarim University of Semey, Kazakhstan, Semey  
E-mail: botabek87@mail.ru*

<sup>3</sup>*candidate of Historical Sciences, Alikhan Bokeikhanov Semey University, Kazakhstan  
E-mail: arafat\_kz@mail.ru*

## GOLOSHCHYOKIN'S "LITTLE OCTOBER" POLICY AND THE CAMPAIGN TO REDISTRIBUTE PASTURE AND HAYLAND

### *Abstract*

The article describes the trend of the collapse of the traditional livestock breeding of Kazakhs in 20-30 years. XX century, radical changes in the Kazakh village, impoverishment, famine, in general, about the policy of "small Kazan", which entailed significant consequences for the socio-economic and political history of the Kazakh people. The beginning of the "small Kazan" began in 1925 with the appointment of Philip Isaevich Goloshchekin to the first Secretariat of the Kazakh regional Committee of the Joint Venture (b)P. The policy aimed at implementing socialist transformations in the Kazakh village was carried out under the motto "civil peace in the village of settlers and civil war in the village of Kazakh". It is known that the policy of "small Kazan", carried out by methods of violence, and oppression, used to achieve the utopian goals of socialism without the basis of Goloshchekin, comprehended the human factor. In the article, we tried to reveal this injustice with the help of evidence. In the 20-30s of the XX century, Kazakhstan analyzed the "small Kazan" policy conducted by the Soviet totalitarian system, extraordinary political and economic campaigns to confiscate the rich, forced collectivization of peasants based on archival documents and scientific works of domestic and foreign scientists. The results of the policy in the direction of Sovietization of Kazakh villages, redistribution of arable land and hayfields, and confiscation of prosperous farms are revealed.

**Keywords:** Goloshchekin, "Little October", collectivization, peasants, abolition, confiscation.

**Кіріспе:** Кез-келген халық үшін мемлекеттік ең басты мәселесі ол - жер, себебі жер халық үшін ешқашан әлеуметтік-экономикалық мәнін жоғалтпайтыны анық. Ертеден Қазақ қоғамында жер мәселесі тек руаралық қақтығыстарға негіз болса, патшалық Ресейдің отаршылдық саясаты, артынша Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі мемлекеттік саясат елдегі жер проблемасын одан әрі қиындатты.

XIX ғ. соңында патша үкіметі қазақ жерін зерттеу мақсатында Қоныстандыру басқармасы арқылы Қазақстандағы жергілікті уездерге экспедициялар жібергені белгілі. Ол саясаттың негізгі мақсаты қазақтардың құнарлы жерлерін игеріп, өздерін құмдақ және шөлейт жерлерге қарай ығыстыру еді. Артынша бұл мақсатқа көшпелі қазақ ауылдарын отырықшыландыруда қосылған.

Кеңес өкіметінде коллективтендіру процесімен қатар жартылай көшпелі шаруа қожалықтарын отырықшыландыру мәселесінде бірге көтерілген еді.

**Өзектілігі:** 1991 жылы Қазақстанның тәуелсіздік алуымен елде бірте-бірте декоммунизациялау процесі басталды: бір кездері кеңестік атаулармен аталған қалалар мен әкімшілік аудандар белсенді түрде қайта аталды, социализм дәуірі қайраткерлерінің ескерткіштері жойылды, оқулықтарда Қазақстан тарихының кеңестік кезеңі ашық түрде көрсетіліп, өскелең ұрпаққа Кеңестік Қазақстанның 70 жылдық

тарихын нақты фактілермен оқыту қолға алынды. Дегенмен де бұл жылдардағы өзекті тарықыптар әлі толық зерттеліп, кеңестік саясатқа толық баға берілмеді.

Толық зерттелмеген тақырыптардың бірі Голощекиннің «Кіші Қазан» саясаты. Бұл тақырыпқа көп жылдар бойы кеңестік тарихшылардың көз-қарасымен баға беріліп келді. «Кіші Қазанның» жүзеге асуы барысында өрескел қателіктерге жол беріліп, салдары үлкен қатерлерге апарды. Голощекин саясатының құрбаны болған қазақ халқының саны күрт азайып, мал басы қысқарып, жайылымдық жерлер тарылды. Бір емес бірнеше салада қатар көрініс тапқан бұл процесстің әлі күнге статистикалық мәліметтері нақты емес. Сондық бұл тақырыпты әлі де жан-жақты зерттеу, шет елдік ғалымдардың осы тақыптағы жаңа зерттеулерімен танысу және оларға талдау жасау өте маңызды. Жарық көрген еңбектердегі статистикалық мәліметтердің нақтылығын анықтау, «Кіші Қазан» туралы айтылып келген «аңыздарды» шындық тұрғысынан дәлелдеу мәселелері бұл тақырыпты әлі күнге өзекті етеді.

**Мақсаты:** Зерттеу жұмысының мақсаты – Голощекиннің Кіші Қазан саясаты және жайылымдық-шабындық жерлерді қайта бөлу науқанының зардаптарын мұрағат құжаттары негізінде тоталитарлық жүйенің қалыптасу кезінде қазақ шаруаларының көрген қасіреттеріне тарихи шындық тұрғысынан зерттеу. Шаруаларды күштеп тәркілеудің, коллективтендірудің және көшпелі шаруаларды жаппай отырықшыландырудың зардаптарына жан-жақты талдау жасай отырып экономикалық және саяси зардаптарын айқындау.

**Материалдар мен әдістер:** Аталған мақалада Ф.И. Голощекиннің «Кіші Қазан саясатының» салдары мен себептеріне тарихи шынайы баға берілді. Тарихи зерттеудің логикалық тәсілімен тығыз байланыстылығы тарихилық, объективтілік, сабақтастылық, ғылыми таным принциптеріне негізделі отырып, ғылыми тұрғыдан ашып көрсету. Ғылыми танымдағы тарихи-сараптамалық принципті қолдану арқылы ұжымдастыру мен отырықшылыққа көшіру жылдарындағы жайылымдық-шабындық жерлерді қайта бөлу науқанының салдарларына дау жасалып, кеңестік саясаттың мәнін анықтауға талпыныс жасалды.

**Нәтижелерді талқылау:** Ғасыр басындағы саяси өзгерістерге байланысты мемлекетте аграрлық саланы да өзгерістерге дайындау қажет болды. Соған байланысты зерттеулерде ауыл шаруашылығын дамыту жоспарын анықтауға сәйкес екі түрлі көзқарас болды. Бірі «1925 жылға дейін қазан төңкерісінің ауылмен ісі болмады», «Қазан дауылы ауылға соқпай, оны жанап өтті» деген көзқарспен, көшпелі шаруаларды өте аз уақыт ішінде отырықшыландыру керек деп санады.

80-жылдардың аяғында отандық зерттеуде тұңғыш Ш.Ш. Ұалиханов атындағы Тарих және этнология институтының зерттеушілері байларды тәркілеу, күшпен ұжымдастыру, саяси қуғын-сүргін, 1931-1933 жылдарда орын алған ашаршылық, көшпелі шаруашылықты, сонымен қатар барлық дәстүрлі шаруашылықты құлату жағдайларымен байланысты қайғылы жағдайларды жүйелі түрде зерттеп бастады. 1988 жылы тұңғыш рет академик М.Қ. Қозыбаевтың бастауымен «Қазақстанда және Орта Азия республикаларында ауылшаруашылығын ұжымдастыру: тәжірибе мен проблема» тақырыбындағы Бүкілодақтық ғылыми конференция ұйымдастырылып, ол жерде 20-30-жылдардағы оқиғалардың себептері мен салдары талқыланды.

Жалпы алғанда, Қазақстан тарихнамасында бұл тақырыптың айналасында және ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы оқиғалар туралы зерттеу жүргізіп, іргелі еңбектер жазғандардың қатарына М.Қ. Қозыбаев, К.Нұрпейісов, Ғ.С. Сапарғалиев, Ж.Б. Әбілғожин, М.К. Қойгелдиев, К.С. Алдақұманов, Т.О. Омарбеков, М.Б. Тәтімов, В.К. Григорьев, Ю.И. Романов, М.Ж. Хасанаев сияқты тағы басқаларын айтсақ болады.

Аталған мәселеге қатысты шетелдік тарихнамаға тоқталатын болсақ, Ресейлік тархшы-ғалым В.П. Данилов еңбектерінде қарастырылған. «Қазақтар» деген еңбектің авторы, атақты американдық зерттеуші, саясаткер М. Олкоттың қазақтар туралы еңбегі негізінен кеңес тарихшыларының зерттеулері негізінде жазылған. Алайда шет елдік зерттеушілердің еңбектерінде тарихи деректер мен құжаттар негізгі зерттеу нысанасына алынбаған. Мәселен, француз зерттеушісі И.Ойяның қазақ шаруаларын отырықшыландыру және Қазақстан мен Орта Азия шаруаларын коллективтендіру тақырыбындағы монографиясында («La sédentarisation des Kazakhs dans L'URSS de Staline. Kollektivisation et changement (1928-1945)» Maisonnuve et Larose. -2006. -p.416) [1] ұжымдастыру мен отырықшыландыру барысындағы шаруалардың тұрмыс жағдайы, отырықшылыққа бейімделуі және шаруалардың наразылық қақтығыстары туралы баяндалған.

**Зерттеу нәтижесі:** Бұл науқан 1926 ж. 20 мамырда қабылданған “Жерге орналаспай жер пайдаланатын көшпелі және жартылай көшпелі аудандардың шабындық және егістік жерлерін уақытша қайта бөлу туралы” заңы негізінде басталды. Кейін ұжымдастыру, бай шаруаларды тәркілеу, ет және астық салығымен жалғасын тапты. Ұжымдастыру және отырықшыландыру саясаты жүргізілген уақытта елімізде дәс-

түрлі мал шаруашылығы күйзеліп, меншігінен айырылып, баспанасыз әрі аш қалған шаруалар мемлекет саясатына мойын иуге мәжбүр болды. Ұжымшарға мүшелікке еркісіз кіріп жатқандарына қарамастан алғашқы бесжылдықтың жоспары түгелдей орындалмады, орындалмаған жоспарды өкімет келесі бесжылдықтың жоспарына енгізді.

1925 жылы 13 қыркүйекте келіп 1933 жылдың 21 қаңтарына дейін Өлкелік партияның басына келген Ф.И. Голощекин «ауылды кеңестендіру» ұранымен ауылдағы тап күресін шиеленістіру жолын таңдап алды. Бұған қарсы болған ұлттық жетекшілер БК(б)П Орталық Комитетіне шақыртылып алынды, ал басқаларына (С.Сейфуллин, С.Сәдуақасов, Ж.Мынбаев, С.Қожанов) ұлтшыл деген айып тағылды [2, 132 б].

Ғасырлар бойы қат-қабат қатпарласқан жер, ел тағдырының мәселелері көтерілді. Еңбекшілердің мүддесіне сай Ертіс пен Жайық бойындағы және Орал мен Сібірдегі казак әскерлерінің жерлері казак шаруаларына қайтарылды, Жетісу, Сырдария облыстарында жер-су реформалары жүргізіліп, кулактардың 100 мың десятина жері Қазақ АКСР-індегі станицалар мен поселкелердің пайдалануындағы артық жерлер еңбекші казак халқының тұрақты пайдалануына берілді. 1926-1927 жылдары егістік және жайылым жерлер қайта бөлінді, 235536 ауыл шаруашылығы жерлері бөлінді. Қайта бөлу нәтижесінде казак даласына 1136 мың га шабындық және 1250 мың га егістік жер қайта казак шаруаларына берілді. Кедейлер мен батырақтар еңсесін көтере бастады. Кооперативтік қозғалыс өрістей түсті. 1927 жылы ауыл шаруашылығының кооперация жүйесі 135 мыңнан астам мүшесі бар 12 одақты, 738 төменгі ұйымды қамтыды [3]. Республика халқының материалдық әл-ауқаты артып, сапалық жаңа биіктерге көтерілді. Орта есеппен бір казак қожалығына 40,1 бас, ал егіншілікпен айналысатын орыс, тағы басқа ұлттардың шаруашылығына 15,5 бас мал келетін. Ал ауылдағы таптық жіктелу айтарлықтай жоғары еді, орта шаруалар негізгі тұлғаға айналды. Бірақ бұның барлығы Голощекин күткендей нәтиже бермеді. Кедейлерге үлестіріліп берген жайылымдық жерлер олардың пайдасына жарамады, осылайша қарапайым шаруалар жерді бұрынғы иесіне қайтаруға мәжбүр болды.

Голощекиннің келуімен казак ауылдарындағы өлкелік партия ұйымы нығая түсті. Ауыл коммунистінің қалыптасу процесі жедел жүріп жатты. 1927 жылдың аяғына қарай Қазақстан партия ұйымындағы жұмысшылардың үлес салмағы 33,3 процентке, ал казак коммунистерінің саны 37,9 процентке жетті. Ауылда советтендіру саясаты іске асырылды. Ұлтшылдарға, шовинизмге қарсы күрес өрістеп, халықтар достығы нығая түсті.

Сонымен қатар өлкеде 1925 жылдан бастап кейбір келеңсіз құбылыстар бой көрсетті, олар кейіннен ұжымдастыру жылдарында елді үлкен арандатушылыққа ұшыратқан, басына қайғы әкелген оқиға еді.

1927-28 жж. елде астық дағдарысы басталды. Егер 1927 жылы үкіметке 430 миллион пұт астық өткізілсе, келесі жылы небәрі 300 миллион пұт жиналды, егіс алқаптарының жалпы азаюы басталды. Шаруалардың үкіметке астықты аз өткізуінің себебі, мемлекеттің сатып алу бағасы нарықтан үш есеге аз болатын. Бұған жауап ретінде билік ұжымдастыру науқанын бастады.

1928 жылы 28 тамызда «Бай-кулактарды кәмпескелеу туралы»жаулы қабылданып, оның соңы күштеп тәркілеуге ұласып, совет өкіметі ірі байлармен қатар орта шаруалардың малын да зорлықпен тартып алып жатты. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» ұранымен басталған процесс барысында, 1928 жылдың күзінде өлкеде 696 ірі бай жартылай феодалдардың мал-мүлкін тіркілеу іске асырылды. Байлардан тартып алынған мал-мүлік (150 мың бас мал және ауыл шаруашылығы құралдары) 206 26-дан астам кедей қожалығын нығайтуға, 293 жаңа мал шаруашылығы артельдерін, 5 совхоз құруға мүмкіндік берді. Ұжымдастыру өзінің негізгі мақсатын шаруаларды өндіріс құралдарынан толықтай шеттете отырып, колхоздар (ұжымшарлар) жүйесін құруды және осы өндірістің нәтижелерін бөлуді көздеді. Кеңес үкіметі ауыл шаруашылығы саласын дамытудан түскен қаражатты үдемелі индустрияландыруды жүзеге асыруға жұмсаймыз деп шешті. Жеке меншікке, жерге, малға негізделген дәстүрлі экономика аз уақытта қажетті қаражатты қамтамасыз ете алмады. Мүлігінен айырылған колхозшы іс жүзінде төлқұжаты да жоқ мемлекеттің құлына айналды. Бұрындары колхоздық жүйе өндірілген астықтың тек 15%-ын ғана қарулы күшпен жинап алған болса енді ол мөлшер 40%-ға дейін өсті. Осылайша ұжымдастыру социалистік құрылыс жүйесінде маңызды рөлге ие болды. Бұл саясат индустрияландыруды жүзеге асыруға қажетті қаражатты жинаудағы проблеманы шешуге бағытталды. Қазақстанда ұжымдастыру негізінен 1932 жылы аяқталуы керек еді, алайда Голощекин бұл процесі тездетті. Ол бұл мерзімдерді қандай да бір жолмен секіру керек жолақ ретінде қабылдады. Осылайша ол "БК(б) П Қызылорда округтік комитетінің V Пленумының қаулыларында 1930 жылдың аяғында округтің ауыл шаруашылығын толығымен ұжымдас-тыруды аяқтау міндетін тікелей қойды. Ұжымдастыру процесінде еріктілік пен заңдылық принципін бұзу кең етек алды. Көбінесе қарсы болған шаруаларды жерінен қуып жіберу, ұрып-соғу, қамауға алу сияқты мәжбүрлеу тәсілдері қолданылды. Осы бір науқанның нәтижесі туралы сол кездің өзінде-ақ екі түрлі пікір қалып-



тасты. Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Ф.И. Голощекин болса, бұл істі ауылдағы Қазан дауылының басы, алда жүргізілетін реформалардың үлгісі ретінде қарастырды. М.И. Калинин бүкіл Қазақстан халқының ат төбеліндей азғана тобы, цифр тілімен айтқанда не бары бес-ақ проценті ұстаған миллиондаған малды тұтас, не азғана шығынмен социалистік секторға өткізе алмауы партия, кеңес ұйымдарының нашар жұмысының нәтижесі деп баға берді [4]. Біздің пікірімізше, ірі жартылай феодал-байларды тәркілеуді өлкелік партия ұйымы ғылыми негіздемей, зорлықпен өткізді, коллективтендіруді жүргізу барысында тап тартысын шиеленістіре түсті.

Коллективтендірудің алғашқы жылдарында алдыда тұрған мәселенің бірі – өкіметке астық пен ет өткізу шаралары еді. Ұжымдастырумен бір мезгілде астық дайындау науқаны белсенді жүргізілді. Колхоздарда астықтың барлық қоры, оның ішінде тұқым қоры іріктеліп алынды, мал шаруашылығы аудандарына да астық тапсыру міндеттемелері қойылды, ал қазақтар оларды орындау үшін малды нанға ауыстыруға мәжбүр болды. Ірі қара мал союға әкеліп соқтырған ет пен жүн жинау науқаны кең көлемде жүргізілді. 1930 жылдың қысында қосымша жүн жинау тобы келіп, көптеген қойлардың суықтан өлуіне әкелді. Бұл кезде ауқатты шаруаларды иеліктен айыру үрдісі күшейе түсті. 1930-31 жылдары иеліктерінен айырылған 6800-дей шаруа республикадан тысқары жерлерге жер аударылды. Сонымен бірге КСРО-ның басқа аймақтарынан Қазақстанға 180 мың иеліктен айырылған және күнкөріс құралдарынан айырылған адам қоныстандырылды. 1931 жылы елімізде астық өнімі 69 млн. тоннаны құрады, өз кезегінде астық жинау бойынша 22,8 млн. тонна, яғни үштен бірі тәркіленді. Осылайша, мемлекет өзінің ауқымы бойынша бұрын-соңды болмаған шаруаларды тонауды жүзеге асырды. Мемлекеттің бұл жыртықшылық саясаты колхоздардың қарсылығын тудырмай қоймады. Шаруалар астық пен етті жасырып қалуға тырысты. Тіпті жол жанындағы астық алқаптары да шабылмай, егістікте жүгері масақтары қалды. Алайда, 1932 жылы "Мемлекеттік кәсіпорындардың, колхоздар мен кооперациялардың мүлкін қорғау және қоғамдық меншікті нығайту туралы" заң қабылданып, оған сәйкес мұндай әрекеттерге барған шаруаларға қатаң жазалау шаралары жүргізілді, тіпті астық пен етті жасырғаны үшін ату жазасы қойылды. Ал «жеңілдететін жағдайларда» 10 жылға бас бостандығынан айырылып барлық мүлкі тәркіленді. Осы заңның бірінші жылында 33 мың адам сотталды. Әрине, Қазақстан халқы күштеп ұжымдастыруға, ауыл шаруашылығы өнімдерін тәркілеуге қарсы тұруға тырысты. Сол мақсатта, 1929-1931 жж. Елімізде ірілі-ұсақты 400-ден астам көтеріліс болып, оған 80 мыңнан астам адам қатысты. Тәртіпсіздіктің кең өріс алғаны сонша, Голощекин Сталинге Қызыл Армияның бөлімшелерін олармен күресу үшін пайдалануға рұқсат сұрап жүгінді, өйткені бұл үшін ОГПУ әскерлері жеткіліксіз болды. Көтерілістерге қатысқаны үшін 5500-ден астам адам сотталып, оның 883-і атылды. Сотсыз өлтіру құрбандары одан да көп болды. Ұжымдастыру процесі қазақтардың күштеп қоныстануымен қатар жүрді. Сонымен қатар, еріктілік принциптері мүлдем ескерілмеді: бүкіл аудандар тек әкімшілік тәртіпте және мәжбүрлі қарқынмен отырықшы болды. Көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды отырықшы өмірге көшіру науқаны мынадай динамикаға ие болды: 1930 жылы – 78136, 1931 жылы – 77508, 1932 жылы – 77674 және 1933 жылы – 24208 шаруашылық отырықшыландырылды. Отырықшыландыру барысында бір елді мекенге бірнеге малшаруашылық ауылдары көшіріліп, нәтижесінде бір жерге жиналған малдарға су және шөп тапшылығы пайда болды. Соның салдарынан малдар қырыла бастады.

Негізінде ұжымдастыру, отырықшыландыру процестері бұндай заң бұзушылықпен емес мемлекет белгілеген деңгейде жүзеге асырылуы тиіс еді. Алайды ұжымдастыру, астық тиіп, жөнелту мәселесі күрделі жағдайда болды. Семей округіндегі аталған жағдайларға қатысты 1928 жылы 15 қарашада Қызылордадан жіберілген обком төрағасы Құлымбетовтың шұғыл баяндамасында былайша айтылады:

«Две пятидневки в ноябре дают катастрофические, необоснованные падения хлебозаготовок. Ваш месячный план выполнен на 17%, что создает явную угрозу его невыполнения. Ряд падающих пробелов. Отмечаем недопустимо низкие показатели отгрузки хлеба, которые составляют 20% в первое десятилетие. Мы считаем такую ситуацию неприемлемой. Категорически требуем: 1. Принять меры по выполнению ноябрьского плана закупок. Для этого направить в районы ответственных уполномоченных для выяснения политического значения, а также для усиления приготовлений. 2. Добиться полного изъятия средств села путем агитации за досрочную сдачу сельскохозяйственного налога. Примите меры по укреплению компании, чтобы распространить меры правоприменения. 3. Обязать заготовителей предъявить совхозам, колхозам требование о полном исполнении до 20 ноября всех обязательств по договору корневой закупки».

Көзделген мақсатқа жету үшін арнайы бестіктер астық дайындау мекемелерінің жұмыстарын нығайту үшін әртүрлі аумақтарға жіберілді. Мысалы, Кеңестік болысқа Швиденко, Өскемен уезінің

Қызыл Октябрь болысына Кириллин, Семей уезінің Калинин болысына Варлей, Тархан болысына Шевкопляс, Бородулихинге – Разуменко, Советтікке – Зеленцов сияқты өкілдер жіберілді [5, 6 б.].

Жоғарыдағы хатта жазылғандай, бастықтар жоспарды жүзеге асыру үшін жергілікті колхоз басшыларын күштеу әдістерін пайдалануға нұсқау берген сыңай танытқан. Сонымен қатар бұл науқанның «саяси» мәнге ие екендігін анық байқатқан. Аштықта отырған халықты одан әрі күйзелтіп, соңғы асына дейін тартып алған. Күштеуге қарамастан 1929 жылдың қаңтарындағы 5 күндіктегі астық өткізу жоспары төмендей түсті деуге болады. Себебі жоспарда көрсетілген астықтың, мүліктің мөлшері халықтың қолында онсызда жоқ еді. Соның нәтижесінде қаңтардың екінші 5 күндігіне жоспарланған жұмыс алдыңғыға қарағанда кеміген, нақтырақ айтсақ жоспарды орындау 30,19 пайызға кеміген. [6, 5 б.]

Ахмет Байтұрсынұлы «Қу жак» (Голощекин – голая щека) деп атаған сол Шая Ицкович (Филипп Исаевич Голощекин) аймақтық көсемшілдікті, бонопротизмді асқан ұтымдылықпен жүзеге асырып, коллективтендіруді қанға бояды.

Кәмпескелеу науқанының зардабы мейлінше қатты болды. Негізінде кәмпескеленушілердің мөлшері шаруашылықтардың 3-5 пайызынан артылмауы керек еді. Көптеген аудандарға бұл көрсеткішке қол жеткізу қиынға соқты. Алайда «бас алғыштар» көп ойланып, бастарын қатырмады. Сондықтан кәмпескелеушілердің саны қажетті «жоғары деңгейге жеткізілді». Ал, кейбір жерлерде, тіпті 2-3 есе асып түсті. Мысалы, Петропавл дуанының Красноармейск ауданында барлық қожалықтардың 7 проценті (496 қожалық) кәмпескеленді. Ал, Қостанай дуанындағы Боровское ауданының, селоларының бірінде 37 қожалық иесі жер аударылды [7].

Бұл жетістіктердің «сырын» түсіну оңай: себебі бай шаруалармен бірге сәл-пәл мүлкі бар орташаларда қосақталып кетті [8]. Сонымен қатар мынаны ескеру керек, кәмпескелеу туралы шешімді кедей-кепшіктер мен жалшы-батырақтардың ауыл жиыны айқындайтын. Ал кәмпескеленгендердің дүние-мүлкі жарлы-жақыбайлардың мүшелік жарнасы ретінде колхоздың ортақ қорына айналатынын зердеге түйсек, 1930 жылдың жазында қазақ шаруаларының бөлінбейтін жиынынан жиналған жылжымайтын мүліктің мөлшері 25,2% болды, оның бір бөлігі кедейлерге таратылатын [9]. Мұның өзі таптық талаптардың түп-төркінін түсіндіреді.

1930 жылдың 15 наурызында яғни Қазақ АКСР ОАК мен ХКК-нің «Жаппай ұжымдастыру аудандарындағы ауыл шаруашылығын социалистік қайта құруды нығайту және бай-кулактармен күрес жөніндегі шаралар туралы» қаулысы қабылданғаннан кейін бір айдан соң республикада 3113 адам қамауға алынып, сотталса, ал, 2450 отбасы жер аударылды [10]. Келесі айларда жазалау шаралары бұдан да қалың қауымды қамтыды деп нық сеніммен айтуға болады. Сол кездегі кейбір ресми деректер де оны растады. Солардың бірі бойынша, 1930 жылдың ортасында 4073 адам түрмеден босатылып, 1160 жанұя аударылған жерлерінен қайтарылған, 2664 адамның ісі тоқтатылған, 1618 адамға сайлау құқығы берілген, 1266 қожалықтың төлеген айыбы тоқталыған, 9533 қожалыққа тіркелген мүліктері қайтарылған. Мұның өзі жоғарыға арызданып, шағым айтуға батылы барғандар ғана.

Көшпелі шаруашылықтарды отырықшыландыру мен шаруашылық өнімдерін жинау барысында көп қателіктерге жол берілген нәтижесінде оның зардабы орасан зор аймақты қамтыды. Кейбір аудандарға орындалуы мүмкін емес тапсырмала берілген, оның себебі жоспарлар барысында жіберілген қателіктер мен қосып жазулар еді. Мысалы, өрісінде 173 мың бас мал жайылған Балқаш ауданына 300 мың бас мал әзірлеу тапсырылды [10].

20-жылдардың II жартысында Қазақстанда әкімшілдік-қысымшылдық, үркітіп-қорқыту жұмыс тәсілі мен әдісі кеңінен қалыптаса бастады. Қазақстан өлкелік партия комитетінің I хатшысы кезінде жауыздығымен атағы жер жарған профессионал революционер Ф.И. Голощекин қазақ сахарасында Ұлы Қазан социалистік революциясы болып өткен жоқ, оның «тынысын ауыл сезбеді де» [11]. «Қазақ ауылында кеңес өкіметі жоқ» [11], «ауылдың Қазаны болмады» [11] деген жалған концепцияны уағыздады. Ол өзінің басшылығымен Қазақстанда «біздің кіші Қазанды» өткіземін, қазақ еңбекшілерін «азаттық жолына, Қазан жолына» [11], саламын деген қайшылықты жолды ұстанды. Ауылдағы нағыз Қазан байлар мен жартылай феодалдарды тәркілеу деп білді [10]. Теориядағы қателіктер іс жүзінде толып жатқан келеңсіз құбылыстарды тудыра бастаған кезде көп жерлерде өлкелік партия комитетінің жұмыстарына наразылардың көбейгенін байқаған Ф.И. Голощекин 1927 ж. күзде И.В. Сталинге хат жазды. Онда Голощекин нағыз ауыл коммунистін дайдаумен қатар еңбекшілердің советтерін ұйымдастыру, қазақ коммунистерінің ұлтшылдарға, оның басшыларына қарсы күресін күшейту, аппаратты жергіліктендіру, ауылдағы кедей шаруаларға қол ұшын созу, білім мен мәдениет саласына өзгерістер енгізу, мұғалімдер даярлау, сауатты коммунист қазақ интеллигенциясын ауылға жіберу, ауылдағы шаруаларға тазалықты, дастархан мәдениетін үйрету жұмыстары жүргізіліп жатқандығын хабарлады. Кешікпей Москвадан «Жолдас Голощекин!

Менің ойымша, осы хатта белгіленген саясат негізінен бірден-бір дұрыс саясат. И.Сталин» деген жауап та келді. Ф.И. Голощекин өлкелік партия ұйымының VI конференциясында (қараша, 1927 ж.) бұл хатты көпке жария етті. Партияның XV съезінде В.М. Молотов кеңестік шығыста «Кеңестерді жандандыру емес, оларды құру саясатын қолдап қана қоймай, оны одан әрі дамытып, шын мәніндегі нағыз Кеңес өкіметі жасалу үшін бізге бірнеше жылдар керек», – деген тұжырымға келді [10].

1927 жылы қарашада БК(б)П Өлкелік VI партия конференциясында БК(б)П Орталық Комитетінің секретары А.А. Андреев: «Менің ойымша, жолдас Голощекиннің баяндауынша, партия басшылығы айтарлықтай мықты, өктемді, қысымшыл емес» – деген пікір білдірді [10]. Міне, осындан кейін жолдас Ф.И. Голощекин өзінің дұрыс деп тапқан әкімшіл-әміршілдік әдетіне бастады. Голощекин VI партия конференциясында 7 сағат бойы баяндама жасап, онда: «Зиновьевтің маған не дегенін сіздер білесіздер ме: «Қазақстан Голощекиннің еншісіне басыбайлы берілген» – Ал бұл болса Мыңбаевтың сөзі емес пе? – деді. Мұнымен де тоқтамай қыза-қыза келіп: «Қашан, қай жылдары, Қазақстан партия ұйымы осындай қанатын кең жайып, өсіп-өркендеп еді? Өлкелік комитет соңғы екі жылдағыдай беделге бұрын-соңды бөленіп көріп пе еді? Қандай да болмасын топтың «көсемдері» Өлкелік комитетке қарсы шығып көрсін, олардың бәрі бір аптаның ішінде жаншылады», – деп күш көрсетті [10].

Ф.И. Голощекин іс жүзінде осылай істеді де, ол өзіне қарсы пікір айтқандардың бәріне бірде ұлтшылдық айдарын тақты. Ал І.Құрамысов сияқты оның жақтастары «Партия ұйымының барлық жетістіктеріне Ф.И. Голощекиннің сіңірген еңбегі зор», – деп дәріптеді [12]. Патша үкіметіне, буржуазия үстемдігіне қарсы күресте шыныққан, азамат соғысының от-жалынында сыннан өткен профессионал-революционер бейбіт өмірде ұлт аймақта ұлы В.И. Лениннің барынша төзімді, барынша байыпты, барынша диалектик болуды аманат еткен өсиетін орындай алмай, әкімшілдік, даурықпа кеңсешілдік, қысымшыл жолға түсті, өз басшылығымен «кіші Октябрь» жүргізуді ойлап тауып, өлкенің көсемі атануды көздеген желөкпе ойдың жетегінде кетті. Амал нешік; БК(б)П Орталық Комитетінің Бас хатшысы И.Сталин бастаған, секретарьлары В.М. Молотов, А.А. Андреев, т.б. Ф.И. Голощекинді қолдап, оның гегемондық өктемділігін өршітуге дем берді, «көсемдік» талабына жол ашты. Қазақ сахарасына сергелдең әкелген шешуші факторлардың бірі осылай орнықты.

Жаңа хатшы революция талқандаған империяның артта қалған шет аймағында тұратын, капитализмге соқпай, бірден социализмге бет алып келе жатқан бұл халықтың өзіндік ерекшеліктері бар екендігін елеп-ескеріп жатқан жоқ. 1927 жылдың өзінде-ақ Голощекин «10 лет Советской власти» және «Казахстан на Октябрьском смотре» деген екі бірдей кітап шығарып, онда «қазақ ауылы Октябрь желін көрген жоқ» [13] деп дәлелсіз байбаламға салғаны барлығына белгілі.

Қазақстан өлкелік атқару комитетінің екінші хатшысы І.Құрамысовта Голощекиннің соңынан бірден еріп кетті. Ол өзінің «Национальная политика партии в Казахстане» (Алма-Ата, 1932) атты еңбегінде; «Қазан лебі қазақ ауылын сәл ғана желпіп өтті. Дәлірек айтсақ, бұл кезде Қазақстанда бірегей де біртұтас партия ұйымы болған емес», деген жаңалық ашты. Қазақстандағы Кеңес өкіметінің 10 жылдың тарихын осылайша жоққа шығарған Голощекин енді ауылда «Кіші Қазан» өткізу керек деген ұран көтерді.

Ұлы Қазан мен конфискация науқанын сапырылыстыру мағынасыз әрекет екенін, мәселен, шаруаларға 150 мың бас мал берілгеннен-ақ көруге болады. 696 ірі феодалдық мал-мүлкінің конфискациялануы туралы жер жарған хабар байлармен қатар қарапайым шаруалардың да мазасын қашырды. Конфискация бітпей жатып, ұжымдастыру науқаны киліксе, қазақтың қараңғы шаруаларын «саяси өрісі төмен» деп кінәлауға негіз бар ма? Шындығында орта шаруа байдың басына түскен күн енді бізге келетін болар деп шошынды. Оқырманның менің ойымды дұрыс түсінуін қалар едім. Шабындық жерлер мен егістік алқаптарын қайта бөлу, жартылай феодал байлардың мал-мүлкін конфискациялау науқаны ауыл шаруасына саяси тәрбие беруде орасан зор роль атқарғаны даусыз. Әңгіме біз, тарихшылар, бүгінгі таңда альтернативалық жауап іздеуге тиісті мәселелер турасында болып отыр. Голощекин мен оның нөкерлері лениндік НЭП саясатынан бас тарта отырып, нақты аймақ ерекшеліктерін есепке алмастан, коллективтендіру екпінін екілендіре еселей түсті. Зерттеушілердің ішінде мұны «революциялық төзімсіздік» деп бағалайтын бірден-бір адам жоқ. Ендеше, біз мынандай сұрақтарға альтернативалық жауап іздеуге тиіспіз: жерсу реформасы, ірі байларды конфискациялау; шаруаларды коллективтендіру, отырықшылыққа көшу сияқты маңызды саяси экономикалық шараларды қазақ даласында қай кезде, қандай ретпен, қандай диалектикалық байланыстар арқылы, қалай өткізу тиімді болар еді? Мұндағы өкінішті бір жайт – тарихи оқиғаларға шартты райды қолдану мүмкін емес. «Егер – онда» сияқты грамматикалық формалар тарихшылар үшін белгілі оқиғаның басқаша даму мүмкіндігін ғана көрсете алады. Ал Голощекиннің апат әрекетін ашық райдың өткен жағында ғана сипаттауға мәжбүрміз... Үнемі өзінің әрекеттерімен Сталинның көзіне түсуге тырысатын Голощекин коллективтендірудің лениндік принциптерін дөрекілікпен

бұрмалай бастады. 1929 жылғы бір сөзінде Голощекиннің екінші хатшысы І.Құрмасов Қазақстандағы ұжымдастыру қозғалысы одақтың басқа аудандарына қарағанда қарқынды жүріп жатқанын айтып: «Қазақстан кенже дамыған өңір екені белгілі, бірақ соған қарамастан бұл жердегі ұжымдастыру қарқыны бүгінгі таңда орасан зор. Бұл тұрғыдан одақтың басқа облыстарынан қарағанда алдыдамыз», – деп лепірді ол. Асыра сілтеу саясатының салдарынан көптеген қазақ ауылдары жапа шекті, мысалы Әулиеата ауданында 1929 жылы 1,5 миллион бас қой болса, 1934 жылы оның 7-ақ мыңы қалған... Сарысу ауданының тұрғыны Сарыбаев дегеннің екі түйесі, бес қойы болғанына қарамастан, оған төрт сиыр, 80 қой салық салынған. Мұндай бассыздықтарға келтірер мысалдар шаш етекпен. Оның үстіне асыра сілтеу фактілері лаулаған өрттей үдей түсіп, ұзамай бүкіл республикаға лап қойды. О.Исаев Қазақстан өлкелік комитетінің VI Пленумында 1929 жылы 40 миллион бас малдан, 1933 жылы 4-ақ миллион бас мал қалғанын мойындауға мәжбүр болды.

Голощекиннің қарыспа «бас асаулығы» соншалық, осындай сыңаржақ теориясымақтарынан бас тартпай-ақ кетті. Алайда, сол уақытта Голощекинге қарсы пікір білдірген, оның саясатына қарсы болған ешкім болмады деп айту қате болар еді. Солардың бірі Қазақстан компартиясының көрнекті қайраткері С.Сегізбаев пленумда сөз сөйлеп, Филипп Исаевичтің қолдан туғызған қуыршақ қисынына күйрете соққы берді. «Біз ең алдымен пролетариат диктатурасы жағдайында бір әлеуметтік-экономикалық формациядан екіншісіне, мысалы, көшпенді өмірден отырықшылыққа ауысу процесінде құрбандықтар болмай қоймайды дейтін саяси қате пікірге жол бермеуіміз керек» – деді ол [10]. Төртіншіден, Ф.И. Голощекин Қазақстанда аймақтық ерекшеліктерге байланысты туындаған қиындықтарды 1925-1930 жылдар арасында жойылды деген пікір туғызуға тырысты. Басқаша айтқанда, ол басқарған жылдары «Қазақстан бүкіл Одақпен тең дәрежеге жеткен» [10]. Филипп Исаевичтің мұндай теориялық «негіздемелері» қазақ жеріндегі коллективтендіру қарқынын еліміздің дамыған аудандарындағыдай шапшаңдықпен «тез арада» жүргізу үшін қажет еді. Голощекин жартылай феодалдық қатынастарды қирату процесінде тап тартысы шиеленісе түседі, бұл тартыс, әсіресе ауылда күшейе бермек деген жаңсақ ойды жоғарыдан заңдастырмақ болып жанталасты [12]. Осылайша ол қуғын-сүргін науқанына бұқараны теориялық һәм психологиялық тұрғыдан әзірледі. Бесіншіден, Филипп Голощекин қазақ ұлтынан шыққан коммунистерге сенімсіздікпен қарады.

Голощекиншілдік-сталиншілдіктің Қазақстан топырағындағы «заңды» перзенті. Экономика саласында голощекиндік саясат аштыққа, мал басын он есе (мүмкін 20 есе деуге болар) азайтып жіберуге, халық шаруашылығының көптеген салаларындағы дағдарысқа, В.И. Ленин негізін салып берген жаңа экономикалық саясаттың беделін түсіруге әкеп соқты.

Бұл күндері газеттер мен журналдар 1932-1933 жылдардағы аштықтың зардаптары жайында аз жазып жатқан жоқ. Осы орайда айта кетейік, әрбір жаңа материал жарияланған сайын азая түсуге тиісті болып көрінетін мәселелер саны, көрісінше күрт түсуде. Бұл жағдайдың бірнеше себебі бар. Біріншіден, қазірше архив материалдарына зерттеушілердің қолы жете алмай отыр. Екіншіден, республикада маман демографтар жоқтың қасы. Үшіншіден, жиі-жиі қызбалық жетегінде кететін зерттеушілер сол жылдардың оқиғаларын көрсетуде бір жақтылыққа ұрынып қалатын жағдайлар бар. Осының әсерінен аштық құрбандарының саны жөніндегі мәліметтерде әркелкілік пайда болды.

Тарихшы ғалым Р.Медведев еліміз бойынша 10 миллион адам опат болған десе, А.Рыбаковтың «Арбат балалары» романындағы кейіпкерлердің бірі құрбандар саны 13 миллион болған деп тұжырымдайды. Қазақстанда аштықтан өлген адамдардың санын анықтауда да осындай кереғар цифрлар кездеседі. Біреулер адам шығыны 1 миллион 300 мың болған десе, екіншілер 1 миллион 750 мың, үшіншілер – 2 миллион 20 мың цифрларын атайды.

Біздің ойымызша, бұл аса күрделі, ыждағатпен қарауды талап ететін өткір проблема. Оған тек ғылыми тұрғыдан келу қажет. Қалай десек те, аталмыш проблема жөнінде қорытынды сөзді архившілермен тізе қосқан демографтар айтатын сияқты. Мұнда қызбалықтың еркінде кетуге болмайды. Бұның Қазақстаннан өзге жерлерге де қатысы бар.

«Правда» газеті «Көбік сөз және ақиқат» («Фраза и истина») атты мақаласында орыс халқын 30-40-жылдардағы жалпы мемлекеттік трагедиядан дін аман қалды деп жүрген кейбір ғалымдарға тойтарыс берді. Қырым татарларының жағдайы, «1948 жылы Еуропаның бүкіл профессионал зиялыларының жойылып кетуі», («Батыс Украинада, Батыс Белоруссияда, Молдавада ұлттардың таңдаулы бөлігінің құртылуы») сияқты трагедиялық жағдаяттармен салыстырғанда жекелеген оқымыстылар «орыстардың мұртын балта шапқан жоқ» деген жалған тезис ұсынған еді.

«Комсомолец» газеті сталинизм барлық республикалар халқының «жоғарғы бөлігін», яғни зиялыларын саналы түрде, өз мақсаттарына сәйкес қырып-жойып отырды деген пікір айтады да, іле-шала өз

пікіріне өзі түзету енгізеді: «Сірә, Россиядан өзге барлық республикалардың интеллегенциясы жойылып кеткен болуы керек». («Комсомолец» (Армения), 1988, 1 қараша).

Тарихты, коллективтендірудің тәжірибесі мен проблемаларын зерттеу үстінде халықтарды әдейі қақтығыстыруға итермелейтін «идеялар плюрализмімен» күресуге, зерттеу жұмысын историзм мен партиялық принциптері негізінде, социализм мүдделерін көздей отырып жүргізуге тиіспіз және міндеттіміз.

Қалай болғанда да, дау тудырмайтын бір шындық бар: сталинизм-күллі кеңес халқына есепсіз зар-мұң алып келді. Осы зардың ішінде Қазақстан халқының көрген зәбір-жаласы да бір төбе. Сондықтан да бұл мәселені тереңдетіп зерттеудің қажеттілігіне зәредей күмән болмауға тиіс. Аталмыш-тақырыпты зерттеуге барған ғалымдар тарих ғылымының принциптерімен қаруланып, бүкіл шындықты қалпына келтіру керек. БК(б)П Қазақстан өлкелік партия комитетінің 1934 жылы өткен VIII конференциясында 1917 жылдан партия мүшесі Левон Исаевич Мирзоян республика партия ұйымының бірінші хатшысы болып сайланды. Қазақстан социалистік дамудың жаңа кезеңіне қадам басты.

Ұжымдастыру барысында шаруаларды отырықшыландыру жұмыстары да қатар жүргізілді. Ешқандай дайындықсыз, аймақтық ерекшеліктерді ескермеден ұжымдастырумен қатар болған отырықшыландыру саясаты елді ауыр жағдайға алып келді. Әсіресе, көшпелі және жартылай көшпелі аудандар ауыр халге түсті. 1930 жылы осындай 15 ауданда 6 миллион мал болса, 1933 жылы бар болғаны 91,8 мың ғана қалды. (Қараңыз: БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің VI Пленумы. Стен. есеп. 142, 231-б).

Коллективтендіруде лениндік принциптерден шегіну бүкіл Одақ экономикасына кері әсер етті. Ал осы процесте Қазақ АССР-інің үлесі ерекше еді. Мысалы, 1928-1932 ж. Одақ бойынша жылқы 10:4 миллион басқа кемісе, оның 3,6 миллионы, ал 53,5 миллионға азайған қойдың 22 миллионы, 21,8 миллион сиырдың 6,3 миллионы Қазақстан еншісінен кеміген еді [10].

**Қорытынды.** Жайылымдық шабындық жерлерді қайта бөлу науқанына барлығы 400 мың шаруашылық қамтылды, ол 2 млн адам [14]. Голощекиннің «Кіші Қазаны» өзі ойлағандай нәтиже бермеді. Қолдағы деректерге сүйенсек ауыл шаруашылығын қайта құрудың тиімсіз болғанын байқауға болады. Бірақ «Кіші Қазанды» дұрыс жүргізе алмаса да, Голощекиннің қолынан қазақтың дәстүрлі шаруашылығын құрту келді. Шабындық жерді қайта үлестіруден бастап өзінің ісін күштеп тәркілеумен жалғастырып, елді аштыққа жақындатты. Дәстүрлі шаруашылық құрылымы күйреді, малынан айырылған қазақтар әлеуметтік-экономикалық күйзеліске, жаппай қайыршылыққа бет бұрды. Міне Голощекин саясатының нәтижесі.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. «*La sédentarisation des Kazakhs dans L'URSS de Staline. Collectivisation et changement (1928-1945)*» *Maisonnuve et Larose. -2006. -p.416*
2. ШҚО ҚЗТҚО. Қор 74. Т. 1. Іс 291. – 54 парақ.
3. *Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 32 б.*
4. «*Известия*» // 1931, 19 қыркүйек
5. ШҚО ҚЗТҚО. Қор 74. Т. 1. Іс 319. – 106 парақ.
6. ШҚО ҚЗТҚО. Қор 74. Т. 1. Іс 374. – 13 парақ.
7. Галузо П.Г. *Колониальная система Российского империализма в канун Октябрьской революции. – Алма-Ата, 1968. – 160 с.*
8. «*Дала шаруасы*», Қостанай, 17.11.1930
9. Сатыбекова Г.А. *Переселенческий вопрос в освещении журнала «Айқап» // Общественные науки. - 1963. - Т.4. – С. 28-36.*
10. Қозыбаев М.Қ. *Ақтандақтар ақиқаты. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992 – 272 б.*
11. Субханбердина Ү. «*Айқап*» бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар. – Алматы. – 1961.
12. Голощекин Ф.И. *Партийное строительство в Казахстане. - Сб. речей и статей 1925-1930 гг. – М., - 1930. – С.16.*
13. Алексеенко Н.В. *Население дореволюционного Казахстана (численность, размещение, состав). – Алма-Ата: Наука, 1981. – 115 с.*
14. Дахилейгер Г.Ф. *Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана, 317-б.*

*References*

1. "*La sédentarisation des Kazakhs dans L'URSS de Staline. Collectivisation et changement (1928-1945)*" *Maisonnuve et Larose. -2006. – P. 416.*
2. *EKRCOMHD. Fund 74, group 1, case 291, item 54.*
3. *Concept of formation of historical consciousness in the Republic of Kazakhstan. - Almaty: Kazakhstan, 1995. – 32 p.*

4. "Izvestia" // 1931, September 19
5. EKRCOMHD. Fund 74, group 1, Case 319, item 106.
6. EKRCOMHD. Fund 74, group 1. Case 374, item 13.
7. Galuzo P.G. The colonial system of Russian imperialism in the canon of the October Revolution. – Alma-Ata, 1968. - 160 p.
8. "Field Farmer", Kostanay, 17.11.1930
9. Satybekova G.A. The immigration issue covered by the magazine "Aikap" // Social sciences. - 1963. - Т.4. - S. 28-36.
10. Kozybaev M.K. - Truth of the righteous. Educational tool. - Almaty: Kazakh University, 1992 – P. 272.
11. Subhanberdina U. Articles and correspondence on "Aikap" page. –Almaty. - 1961.
12. Goloschekin F.I. Party building in Kazakhstan. - Sat. speeches and articles 1925-1930. – М., 1930. – P. 16.
13. Alekseenko N.V. Population of pre-revolutionary Kazakhstan (number, location, composition). – Alma-Ata: Nauka, 1981. - 115 p.
14. Dakhschleiger G.F. Socio-economic transformations in the aul and village of Kazakhstan, 317 p.

**МРНТИ 03.20**

**ӘОЖ 373.5 (575.1-25) (091)**

*С.Сайфулмаликова \*<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*тарих ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Қазақстан, Алматы қаласы  
E-mail: [sabirasha@mail.ru](mailto:sabirasha@mail.ru)*

#### **ТАШКЕНТ ҚЫЗДАР ГИМНАЗИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫНАН (1876-1917)**

*Аңдатпа*

Мақалада Түркістан генерал-губернаторлығының оқу басқармасына қараған Ташкент қыздар гимназиясының тарихы қарастырылған. Оқу орны алғаш прогимназия, кейін гимназия дәрежесін алды және Халық Ағарту министрлігіне бағынды. Жұмыста қыздар гимназиясына қатысты қабылданған 1870, 1880 жылғы Ереже баптары талданады және Ташкент гимназиясына қатысты баптардың ерекшеліктері көрсетілген. Гимназияда оқытылған міндетті және міндетті емес пәндер, оқуға қабылдану талаптары, қабылданған қыздардың ұлттық, діни, әлеуметтік құрамы айқындалған. Қыздар гимназиясының оқу тәрбие жұмысында діни, адамгершілік тәрбиесі басты ұстаным болғандығы талданады.

Ташкент қыздар гимназиясына бөлінген қаражат көздері, оқу ақысы, Түркістан генерал-губернаторының, әр түрлі қоғамдар мен жеке тұлғалардың қыздардың білім алуына жасаған қайырымдылық әрекеттері, гимназияның материалдық әлеуеті, ішкі тәртібі, оқу үрдісі, педагогикалық курстар мен ата-аналар комитетінің қызметіне қатысты мәселелер де көрсетілген. Автор Ташкент қыздар гимназиясындағы білім алушылар қатарында орыс қыздарының, православ дініндегілердің басым болғандығын анықтаған. Мақалада қыздар гимназиясының үй мұғалімі, үй тәлімгері дәрежесіндегі педагогтардары даярлаудағы ролі де көрсетілген. Гимназия мұғалімдері, қадағалаушылар құрамы, Педагогикалық Кеңес жұмысы, педагогикалық үйірме, педагогикалық оқулардың жұмыстары да қарастырылған.

**Кілт сөздер:** Түркістан генерал-губернаторлығы, қыздар гимназиясы, Ташкент, Ереже, оқу-тәрбие жұмысы, мұғаліма, қадағалаушы, пәндер.

*Сайфулмаликова С. \*<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*доктор исторических наук, Казахский национальный педагогический университет им. Абая,  
г. Алматы, Казахстан.  
E-mail: [sabirasha@mail.ru](mailto:sabirasha@mail.ru)*

#### **ИЗ ИСТОРИИ СОЗДАНИЯ ТАШКЕНТСКОЙ ЖЕНСКОЙ ГИМНАЗИИ (1876-1917)**

*Аннотация*

В статье рассмотрена об истории создания Ташкентской женской гимназии, открывшейся в учебном управлении Туркестанского генерал-губернаторства. Учебное заведение открылось как прогимназия, затем было переименовано в гимназию и подчинялось в Министерство Народного просвещения. В работе

анализируются принятые правило в отношении женских гимназии от 1870, 1880 годов, указываются особенности статей, касающихся Ташкентской женской гимназии. Определены обязательные и необязательные предметы изученные в гимназии, требования к зачислению, также национальный, религиозный, социальный состав зачисленных девочек. Анализируется, что в учебно-воспитательной работе женской гимназии главным принципом было религиозное, нравственное воспитание.

Отражены источники средств, выделяемых Ташкентской женской гимназии, плата за обучение, благотворительные действия Туркестанского генерал-губернатора, различных обществ и частных лиц на образование девочек, материальный потенциал гимназии, внутренний распорядок, учебный процесс, педагогические курсы и вопросы, касающиеся деятельности родительского комитета. Автором установлено, что в числе обучающихся Ташкентской женской гимназии преобладали русские девушки, исповедующие православие.

В статье определена роль женской гимназии в подготовке домашнего учителя, домашнего наставника. Также рассмотрена состав учителей, надзирателей, работа Педагогического Совета, педагогического кружка и педагогических чтений.

**Ключевые слова:** Туркестанское генерал-губернаторства, женские гимназии, Ташкент, Положение, учебно-воспитательная работа, учительницы, надзирательницы, предметы.

*Saifulmalikova S. \*<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Doctor of History, Abai Kazakh National Pedagogical University Almaty, Kazakhstan.*

*E-mail: sabirasha@mail.ru*

## **FROM THE HISTORY OF THE TASHKENT WOMEN'S GYMNASIUM (1876-1917)**

### *Abstract*

The article examines the history of the creation of the Tashkent women's gymnasium, which opened in the educational department of the Turkestan Governor-General's Office. The educational institution opened as a progymnasium, then was renamed a gymnasium and was subordinated to the Ministry of Public Education. The paper analyzes the accepted regulations regarding women's gymnasiums from 1870, 1880, and specifies the features of articles concerning the Tashkent women's gymnasium. The responsibilities of the Board of Trustees, the Pedagogical Council and the director are described. The studied disciplines of compulsory and optional subjects, enrollment requirements, as well as the national, religious, and social composition of enrolled girls are highlighted. The article analyzes the educational process and everyday life in a women's gymnasium. The author concludes that much attention was paid to religious and moral education in the women's gymnasium.

The sources of funds allocated to the Tashkent Women's Gymnasium, tuition fees, charitable actions of the Turkestan Governor-General, various societies and individuals for the education of girls, the material potential of the gymnasium, internal regulations, educational process, pedagogical courses and issues related to the activities of the parent committee are reflected. The author has established that Russian girls professing Orthodoxy predominated among the students of the Tashkent Women's Gymnasium.

The article defines the role of the women's gymnasium in the preparation of a home teacher, a home mentor. The composition of teachers, supervisors, the work of the Pedagogical Council, the pedagogical section and pedagogical readings are also considered.

**Keywords:** Turkestan Governor-General, women's gymnasiums, Tashkent, Board of Trustees, regulations, educational work, teachers, supervisors, subjects.

**Кіріспе.** XVIII ғасырда Ресейде әйелдердің білім алуына қарсылықтар болды, өйткені білім алған әйел моральдық тұрғыдан өзгереді деген көзқарасқағамда басымырақ болатын. 1764 жылы II Екатеринаның қабылдаған жарлығы негізінде бірінші қыздар институты құрылып, Ресейдегі әйелдердің білім алу жүйесінің негізі қаланды. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Ресей империясының әлеуметтік-экономикалық, мәдени қатынастарындағы өзгерістер әйелдердің білім алуына деген талап, сұранысты өзгертті. Орыс демократтары әйелдердің ерлермен бірге тең құқықтық дәрежеде білім алуын және оларға арналған оқу орындарының жабық емес, ашық болуын талап етті. XIX аяғы – XX ғасырдың бас кезеңінде әйелдер саяси өмірде белсенді бола бастады, олар әр түрлі қоғамдық қозғалыстарға араласты. Әйелдердің бастауыш, орта, жоғары білім алуына мүмкіндіктер ашылғанымен, бірақ әлі де діни, ұлттық жағынан кейбір шектеулер сақталынды.

Түркістан генерал-губернаторлығында қыздарға арналған орта оқу орындары XIX ғасырдың екінші жартысында ашыла бастады, соның бір жүйесі прогимназия мен гимназиялар болатын. Батыс Сібір, Орынбор, Түркістан генерал губернаторлығында Орынбор қыздар гимназиясы (1868); Семей қыздар прогимназиясы (1871); Троицк қыздар гимназиясы (1873); Ташкент қыздар прогимназиясы (1876); Верный қыздар прогимназиясы (1877); Қостанай орыс-қазақ қыздар прогимназиясы (1898), Павлодар қыздар гимназиясы (1901), екінші Ташкент қыздар гимназиясы (1912) ашылды.

Ресейдегі барлық оқу орындары ер балаларға, қыздарға арналған деп бөлінді, яғни дәстүрлі қоғамдағы гендерлік ұстаным негізінде жүрді. Гимназияға барлық таптың өкілдерінен шыққандар оқи алады деп көрсетілгенімен, белгілі бір дәрежеде әлеуметтік, діни, ұлттық құрамы жағынан алғанда шектеулер болды. Қыздар гимназиясы орта білім берумен қатар кейбір қыздардың жоғары білім алуына жол ашты. Сонымен бірге гимназия түлектері қалалық училищелердегі мұғалімдер, үй мұғалімдері, тәлімгерлер қатарын қалыптастырған еді. Осы тұрғыдан алғанда Ташкент қыздар гимназиясының қалыптасу тарихын зерттеу өзекті деп көрсетеміз.

Түркістан генерал-губернаторлығында алғаш ашылған Ташкент қыздар гимназиясы мен Верный қыздар гимназиясы болатын. Халық Ағарту министрлігіне бағынған аталған гимназиялардан бөлек, Ташкентте жеке меншіктегі екі қыздар гимназиясы ашылды, оның біріншісі О.М. Михайловский (1905 жылы), екіншісі Л.Ф. Гориздроның (1907 жылы) меншігінде болатын. XX ғасырдың бас кезінде Ташкенттегі қыздар гимназиясында оқитын шәкірттер санының көп болуына байланысты екінші гимназия ашу мәселесі қаралған еді, нәтижесінде бұл гимназия 1912 жылы ашылады. Мақалада негізінен Ташкенттегі бірінші қыздар гимназиясының тарихы қарастырылған.

**Мақсаты мен міндеттері.** Мақаланың басты мақсаты Ташкентте ашылған бірінші қыздар гимназиясының ашылуы мен қалыптасуын талдау. Осыған байланысты мынадай міндеттер қойылады:

- Ташкент қыздар гимназиясы ашылуының алғы шарттарын көрсету;
- Қыздар гимназиясындағы оқу-тәрбие жұмысын және қыздарға қойылған талаптарды талдау;
- Қыздар гимназиясындағы мұғалімдер, шәкірттер құрамын анықтау,
- Қыздар гимназиясына қатысты қабылданған Ережелер, оқу бағдарламасын талдау.

**Материалдар мен әдістемесі.** Мақала Халық Ағарту министрлігінің қыздар гимназиясына қатысты қабылданған Ережелерге, оқу бағдарламасына, Түркістан оқу округінің есептеріне, Сырдария облысының статистикалық мәліметтеріне, мәселеге арналған зерттеу жұмыстарына, мерзімдік басылым деректеріне дәйектелген.

Жұмыс тарих ғылымындағы тарихилылық, объективтілік, жүйелілік принциптеріне негізделді. Ресейдің имперлік саясатындағы қыздарға орта білім беру мен әйелдер білімін реформалауға қатысты мәселе гендерлік ұстаным тұрғысынан зерттелді. Зерттеуде тарихи-талдау, жүйелік - талдау, тарихи-салыстыру әдістері қолданылды.

**Талқылау.** Қыздар гимназияларының құрылуы мен қалыптасу тарихы төңкеріске дейінгі тарихнамада А.И. Добросмыслов [1], Н.П. Остроумов [2] еңбектерінде қарастырылған. А.И. Добросмысловтың зерттеуі Ташкент қаласының тарихына арналғандықтан, автор қыздар гимназиясын басқа оқу орындарымен салыстыра атап өтеді. Түркістан мұғалімдер семинариясы, Ташкент ерлер гимназиясының директоры қызметін атқарған Н.П. Остроумовтың зерттеу еңбегінің негізгі бөлігі Түркістан өлкесіндегі оқу орындарының тарихына арналған. Автор Түркістан генерал-губернаторы фон К.К. Кауфманның Ташкент қыздар гимназиясын ашудағы еңбегіне ерекше тоқталған. Кеңестік тарихнаманың ерекшелігі кеңестік идеологияға негізделгендіктен, арнайы қыздар гимназиясының тарихын зерттеуге арналған еңбектер болмады, өйткені бастауыш мектеп тарихын зерттеуге басымдылық берілді. Түркістан генерал-губернаторлығындағы оқу орындарының тарихына арналған К.Е. Бендриковтың [3] зерттеуінде Ташкент қыздар гимназиясы қысқаша баяндалады. Ол қыздар гимназиясының кітап қоры, материалдық жағынан жабдықталуы, қыздардың оқу үлгерімдеріне қатысты сұрақтарды талдайды. Тәуелсіз Қазақстан тарихнамасында С.А. Урашев [4], Айтмухамбетов А.А. [5] және тағы да басқа зерттеулершілердің еңбектерінде Семей, Верный қыздар гимназиясының тарихы қарастырылған. Жалпы Ташкент қыздар гимназиясына арналған жеке зерттеу жұмысы жазылмағандығын атап өткен жөн.

**Зерттеу нәтижесі.** 1877 жылы Ресей империясында Халық Ағарту министрлігіне қараған гимназиялар қатары 72, прогимназиялар саны 159 болатын [6, 1-б.]. Бірінші қазыналық Ташкент қыздар гимназиясы 1876 жылы 1 қазанда прогимназия болып ашылып, Халық Ағарту министрлігіне бағынды. 1877 жылы 1 шілдеде прогимназия педагогикалық курсы бар гимназияға айналды. Гимназияны бітірген қыздарға үш түрлі дәрежедегі аттестат табысталды: 1) гимназияның толық курсы аяқтаған; 2) үй тәлімгері; 3) үй мұғалімі.



Гимназия 1870 жылы қабылданған «Халық Ағарту министрлігінің қыздар гимназиясы мен прогимназиясы туралы Ережеге», 1880 жылы наурыздағы «Түркістан өлкесіндегі Халық Ағарту министрлігіне бағынышты қыздар гимназиясы мен прогимназиясына арналған Ережеге» бағынды. Соңғы 46 параграфтан тұратын Ереже жобасын Түркістан генерал-губернаторы фон К.К. Кауфман бекіткен болатын. Ереже Түркістан өлкесінде ашылған барлық қыздар гимназиясына арналды.

1870 жылы 24 мамырдағы қыздар гимназиясына қатысты қабылданған Ережеге сәйкес барлық гимназиялар Халық Ағарту министрлігіне бағындырылып, Ресей императрицасының қамқорлығына өтті. Ережеде қыздар гимназиясына барлық сословиенен шыққандар мен барлық діни сенімдегілерді қабылдауға мүмкіндік беріледі деп көрсетілді. Қыздар гимназиясы, прогимназиясы оқу округінің попечителіне бағынды және оқу орны қоғамдық, жеке қайырымдылық қор есебінен ашылуы тиіс болды. Гимназияда оқу мерзімі жеті жыл болғанымен, егер де оқу орны қыздарды педагогтік қызметке дайындау мүмкіндігі болса, қосымша сегізінші сынып ашу құқы берілді [7, 4-б.].

Әрбір гимназияның өз Кеңесі құрылды: а) Қамқорлық (попечительный) Кеңесі гимназия мен прогимназияға қоғам тарапынан ықпал ете алатын топтан тұрды; б) Педагогикалық Кеңес құрамына гимназиядағы оқу-тәрбие жұмысын жүргізетін басшылық пен мұғалімдер кірді. Гимназия және прогимназия директорын Қамқорлық Кеңес сайлап, кейін Халық Ағарту министрлігі бекітті. Қамқорлық Кеңесінің құқы мен міндеттері мынадай болды: а) қамқоршы мен бастықты таңдау; б) гимназияның материалдық жағдайын көтеруге қаражат көзін табу; в) гимназия мен прогимназияның жылдық шығындарының сметасын шығару; г) бастықтың және қызметкерлердің жалақысын белгілеу; д) оқу орнындағы қаражаттың дұрыс жұмсалып қана қалуы; е) оқу ақысын анықтау; ж) оқу ақысын төлемеген қыздарды оқудан шығару; з) жақсы оқитын және тәртібі үлгілі кедей отбасынан шыққан қыздарға жәрдем ақы беріп, қамқорлыққа алу; и) гимназия мен прогимназиядағы тәртіп ережелерін анықтау және тәртіпті бақылауға алу [7, 7-8 б.]. Қамқорлық Кеңес төрағасы үш жылға сайланды. Гимназия мен прогимназиядағы барлық тәрбие жұмысы директор пен қадағалаушының бақылауында болды [7, 5-б.].

Гимназия мен прогимназияның Қамқорлық Кеңес құрамына барлық таптан, қоғам өкілдерінен, жеке тұлғалардан үш жылға сайлану құқы берілді. Гимназияның материалдық қаражаты көтерген жағдайда директорға көмекші қадағалаушы (надзирательница) бекітілді. Оны гимназия бастығының ұсынысымен Оқу округінің попечителі (қамқоршысы) тағайындады. Гимназия бастығы, қадағалаушының үй тәлімгері куәлігі болса, прогимназияда және гимназияның үшінші сыныптарына дейін өз таңдауы бойынша бір пәнді жүргізу құқы беріледі деп көрсетілді Ережеде [7, 5-б.].

Жоғарыдағы 1870 жылғы қыздар гимназиясына қатысты қабылданған Ереженің баптарына және оның Ташкент қыздар гимназиясына қатысты қолданыс аясына енген өзгерістері болды. Бірінші өзгеріс қаржыландыруға қатысты еді. Мысалы, 1870 жылғы Ережеге сәйкес, Ресейдегі Халық Ағарту министрлігіне бағынышты гимназияларды Қамқорлық (попечительный) Кеңесі қаржыландыруы тиіс болатын. 1883 жылы 28 мамырда қабылданған Ережеге сәйкес Ташкент қыздар гимназиясын қаржыландырды: а) Түркістан генерал-губернаторының бөлген қаражаты есебінен; б) ата-аналардың оқуға төлеген қаражатынан; в) қоғамдар мен жеке тұлғалардың қайырымдылыққа берген ақшасынан [8, 36-б.]. Мысалы, 1877 Түркістан генерал-губернаторлығы интендат сметасынан қыздар гимназиясына 23.725 рубль бөлген [9, 19-б.].

Гимназияның келесі бір қаржы көзі, ата-аналардың қыздарына төлеген оқу ақысы болатын. Бұл ақы үнемі өсіп отырды. Алғаш ашылған жылы оқу ақысы дайындық сыныбында 25 рубль, ал басқа сыныптарда 40 рубль болды. 1880 жылы 28 тамызда гимназиядағы параллельді сыныптың ашылуына байланысты, инспектор 40 рубль оқу ақысын 55 рубльге өсіруді сұрады [9, 304-б.]. Шәкірт қыздар оқу ақысынан бөлек, қосымша музыка, биге қатысса, жылына музыка сабағына 20 рубль, биге 10 рубль ақша төледі [10, 113-114-б.].

1905 жылы гимназиядағы қыздар санының көбеюіне байланысты оқу ақысы қайта өсті. Ғылыми ілімдер бойынша жоғары сыныптарда-75 рубль, төменгі сыныптарда-60 рубль, қосымша ән-би сабақтары үшін-50 рубль төледі, егер де мұғалімдер ерлер гимназиясынан келсе оларға 75, 90, 100 рубльден төленуі тиіс болды. Әрине, мұндай қаражат төлеп оқытуды көп ата-аналардың қалтасы көтермейтін. Сондықтан да, жыл сайын гимназиядағы ата-анасынан айрылған, кедей отбасынан шыққан қыздардың оқу ақысына қатысты мәселе Педагогикалық Кеңес талқысына түсіп отырды. 1884 жылы 22 қыркүйекте Сырдария облысының мал дәрігері, кеңесші Смиронов қызы Еленаға, стат кеңесші Зундштермнің жесірі қызы Лидияға, артиллерияның штабс капитаны Еникевтің жесірі қызы Ғайшаға, отставкадағы прапорщик Евдокимов қызы Екатеринаға шәкіртқа тағайындау жөнінде өтініш білдірген [11, 1-б.].

Қыздар гимназиясындағы шәкіртақы тағайындау ұсынысын директор да Педагогикалық Кеңес талқысына салу құқы болды. Гимназия директоры штабс-капитан Галушкиннің жесіріне қызы Елизаветаға, поручик Капитолиннің жесіріне қызы Линаға, прапорчик Суридің жесіріне қызы Еленаға, подполковник Яковлевтің жесіріне қызы Александраға шәкіртақы тағайындау туралы өтініш білдірген [11, 1-б.].

1880 жылғы Ережеге сәйкес мынадай категориядағы ата-аналар гимназияға оқу ақысынтөлеуден мүлдем босатылды: біріншіден; Түркістан өлкесінің оқу ведомствосында он жылдан қызмет жасаған шенеуліктер мен қызметкерлердің қыздары; екіншіден; Педагогикалық Кеңес шешіміментолық емес отбасынан шыққанқыздар. Бұл категорияға енген қыздар барлық шәкірттер санының 20% ғана құрауы тиіс болатын [12,1507-б.].

Қыздар гимназиясының үшінші қаржы көзі,қоғамдар мен жеке тұлғалардың қайырымдылыққа бөлген қаражаты болды.1885 жылы генерал-губернатор гимназиядағы оқуға - 870 рубль, қыздар пәтеріне-1920 рубль, округтің бас қолбасшысы - 1877 рубль, қыздар пәтерінің шығынына - 360 рубль бөлген [13,174-б.]. 1895 жылы Ташкенттегі кедей шәкірттерді қолдау қоғамы қыздар гимназиясына - 595 рубль, Самарқанд қайырымдылық қоғамы-55 рубль, Ташкент көпестер қоғамы-110 рубль қаражат аударды [14, 291-б.]. Сонымен бірге Ташкент шәкірттеріне көмек қоғамы қыздар гимназиясында оқитын 26 қызға - 737 рубль 50 тиын, ал 12 қыздың оқу құралы, аяқ-киімі және тағы да басқа қажеттері үшін 136 рубль, 28 тиын бөлген [15, 154-б.].

Оқу орнындағы қыздарға қайырымдылық көрсетуде гимназия мұғалімдері де белсенді болды. Мысалы, гимназиядағы емтихан қабылдаушыларына төленген заңды 67 рубль 50 тиынды, олар үш шәкірттің оқу ақысына аударған [14, 291-б.].

Гимназия шәкірттеріне қаржылай көмектен бөлек қайырымдылықтар ұйымдастыруда генерал-губернатордың отбасы да белсенді болды. 1885 жылы 25 наурызда Түркістан генерал-губернаторы Н.О. Розенбах Ташкент ер, қыздар гимназиясының шәкірттеріне Шван театры труппасының балалар қойылымына 45 билет сатып алған. 26 наурызда генерал-губернатордың әйелі Ольга Розенбах ерлер, қыздар гимназиясының 9-15 жастағы шәкірттеріне арналған кеш өткізді. Балаларға кешкі ас ұйымдастырылып, соны бимен аяқталды [16, 52-б.].

XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың бас кезінде Түркістан өлкесіндегі генерал-губернатор, әскери губернаторлардың қоғамдағы әлеуметтік белсенділігі өте жоғары болды. Олар өздері жасаған қайырымдылық әрекеттерінен бөлек, орта оқу орындарының шәкірттерін де қайырымдылық іске араластыру арқылы, қоғамдағы зайырлы істерге ерекше мән берді. 1880 жылы 28 қыркүйекте генерал-губернатор фон Кауфманның үйінде Ташкенттегі балалар үйіне қаржылай көмек көрсету мақсатында арнайы концерт өтті. Концерттің басты орындаушылары Ташкент қыздар гимназиясы, Ташкент мұғалімдер семинариясының шәкірттері және осы оқу орындарының музыка, ән сабақтарының мұғалімдері болатын [17, 128-б.].

1893 жылы 26 желтоқсанда генерал-губернаторы барон Александр Борисович Вревский өз үйінде қайырымдылық базарын ұйымдастырды. Жиналғандар қатарында қаланың ақсүйектері, жергілікті әкімшілік билік, Ташкент оқу орындарының шәкірттері және балалар хоры болды. Балалар хоры мен оркестр орыс халқының әндерінен поппури орындады. Осы концертте өнер көрсеткендердің бірі - Ташкент қыздар гимназиясының шәкірті сұлтан ротмистр Асфендияровтың қызы Үммі-Гүлсім болды. Ол Герстің «Rondo all cosassa» шығармасын асқан шеберлікпен орындап шығады. Газетке концерт туралы автор: - «Асфендиярованың орындау шеберлігі, білімі, жетістігі қолпаштауға тұрарлық, бұл қазақ халқының дарындылығының куәсі» - деп жазды [18, 7-б.]. Концертке қатысқан саяхатшы Свен Хедин, Бұхар әмірінің елшісі Шәдібек мырза да Асфендиярованың орындауындағы музыканы қызыға, рақаттана, таңдана отырып тыңдаған болатын [18, 7 б.]. Міне осылайша Әбілқайыр ханның ұрпағы, Санжар Жаппар ұлы Асфендияровтың әпкесі Үммі-Гүлсім жиналған қауымды өзінің өнерімен тәнті еткен еді.

Генерал-губернаторлардың осындай ұйымдастырған концерт, базарлары кешке келген қонақтардың жетім балаларға, оқу ақшасын төлей алмаған шәкірттердің оқу ақысын төлеуге және әр түрлі қайырымдылық іс-шараларына жұмсалды.

1870 жылғы Ережеге сәйкес ҚамқорКеңес төрайымына қаладағы ықпалды ханым қамқоршы (попечитель) ретінде сайланып, гимназия, прогимназияның өміріне ықпал жасауы тиіс болды. Түркістан өлкесіндегі қыздар гимназиясының Қамқор Кеңесінің төрайымы-қамқоршы Түркістан генерал-губернаторының, ал Верныйда Жетісу облысы әскери губернаторының әйелдері ұсынылып бекітілді. Ташкент қыздар гимназиясының алғашқы қамқоршысы (попечительница) фон Кауфманның жұбайы Юлия Мавриневна фон Кауфман, Ольга Ивановна Розенбах, кейін Лидия Ивановна Иванова және тағы да басқа

әйелдер болды. Түркістан генерал-губернаторы әйелдерінің ішіндегі ең белсенділері Ольга Ивановна Розенбах, Устина Александровна Тевяшева еді.

Ережеге сәйкес Ташкент қыздар гимназиясын директор басқарды, оның көмекшісі бас қадағалаушы болды. Оларды Түркістан өлкесіндегі училищелердің бас инспекторының ұсынысымен, Халық Ағарту Министрі бекітті. Ташкент қыздар гимназиясының директоры Педагогикалық Кеңес төрағасы болды. Ол оқу орнындағы оқу мен пен тәртіпке басшылық жасады. Педагогикалық Кеңестің міндеттері мен құқықтары мынадай болды. а) шәкірттерді оқуға қабылдау, сыныптан сыныпқа көшіру; б) курсты жақсы бітірген шәкірттерге аттестат беру, үй тәлімгері куәлігін беру; в) жақсы оқитын, тәртіпті шәкірттерге берілетін марапаттарды анықтау; г) мұғалімдер арасынан Кеңес хатшысы мен кітапханашысын белгілеу; д) кітапханадан кітап алу мен сақтау ережесін жасау; е) оқу ісі бойынша жылдық есепті қарау; ж) шәкірттерді жазалау ережелері; з) әрбір мұғалімнің беретін тапсырмаларының көлемін анықтау [8, 9-б.].

Қыздар гимназиясы және прогимназиясының мұғалімдерін Педагогикалық Кеңес төрағасы келісімімен ер балалар гимназиясы, прогимназия және уездік училище мұғалімдері арасынан, ал мұғалімалар үй тәлімгері немесе мұғалімдері арасынан таңдалады. Оларды оқу округінің попечителі бекітуі тиіс болды [8, 9-б.]. Құдай Заңы пәнінің мұғалімін, басқа мұғалімдер мен мұғалімаларды, сынып қадағалаушыларын, дәрігерді Түркістан генерал-губернатор бекітті. Сонымен бірге Құдай Заңы пәнінің мұғалімі жергілікті Епархиялық басшылық келісімімен ғана тағайындалды [12, 1506-б.]. Бас қадағалаушы ханымқыздардың денсаулығына, қауіпсіздігіне, адамгершілік тәрбиесіне, әдебіне бақылау жасап қадағалауы тиіс болды. Сынып қадағалаушылары мен бас қадағалаушы ханымның дәрежелері үй тәлімгері дәрежесінде сақталды. 1870 жылғы Ережеге сәйкес, Ресей империясында гимназияның төрт сыныбында үй тәлімгері мен үй мұғалімі дәрежесіндегілер, ал шет тілдерін үй мұғалімдері дәрежесіндегілер, қалған пәндерді қалалық училище мұғалімі дәрежесіндегілердің жүргізу құқы болатын [12, 1506-б.]. Ташкент қыздар гимназиясында бұл баптарға қатысты да өзгертулер енді. Өлкедегі орта оқу орындарына мұғалімдердің жетіспеуіне байланысты, 1881 жылғы Ережеге сәйкес 1882 жылдан бастап үй тәлімгері, үй мұғалімі дәрежесіндегі мұғалімдерге Ташкент, Верный қыздар гимназиясында жоғары сыныптарда сабақ жүргізу құқы берілді, бірақ сынақ қабылдағанда міндетті түрде ерлер гимназиясының мұғалімдері қатысуы тиіс болатын [12, 471-472-бб.].

Гимназиядағы оқу, тәрбие, шаруашылыққа қатысты мәселелер Педагогикалық Кеңесте талқыланып шешілді. Педагогикалық Кеңес төрағасы директор, ал оның құрамына бас қадағалаушы ханым, барлық мұғалімдер мен мұғалімалар кірді. Тәрбие мен гигиена мәселесіне қатысты сұрақтарды шешу үшін Педагогикалық Кеңес мәжілісіне сынып қадағалаушылары мен дәрігер шақырылды [12, 1506-б.]. Директордың қызметтік құқы Халық Ағарту министрлігіне бағынышты барлық ерлер гимназиясымен тең болды. Гимназиядағы сынып мұғалімдерінің құқы ерлер гимназиясы мұғалімдерінің құқымен, ал үй мұғалімдері дәрежесіндегілердің құқы қалалық училище мұғалімдерінің құқымен теңестірілді [12, 1507-б.]. Сыныптарда сабақ жүргізетін және тәрбие ісімен айналысатын үй тәлімгері мен мұғалімалар Қызметтік Ереженің 255 бабындағы жеңілдіктер мен Зейнатақы Ережесіндегі 261 бабқа сәйкес қосымша мүмкіндіктерді пайдалану құқы болды [12, 1507-б.].

Қыздар гимназиясы директорының алғашқы міндетін Санкт-Петербург университетінің физика-математика факультетінің түлегі Константин Иванович Грацианский, кейін Василий Федорович Ошанин, Михаил Петрович Дьяконов атқарды. Мәскеу университетінің жаратылыстану факультетінің түлегі В.Ф. Ошанин Қаратегін, Бадахшан, Сельсудың мұздықтарын зерттеп, өмірінің отыз жылын Орта Азияға, ал жиырма жылын 1887 жылдан-1906 жылға дейінгі кезеңді қыздар гимназиясын басқаруға арнаған еді.

Гимназияның алғашқы бас қадағалаушы міндетін С-Петербург Николаевск жетімдер институтының түлегі сурет пәнінің мұғалімі Надежда Федоровна Бардовская, кейін Евдокия Ивановна Сумерокова атқарды. Құдай заңы сабағын шіркеу қызметкері Калуга діни семинариясының түлегі Василий Гаврилович Покровский, Е.Ширяев, 1880 жылдан кейін шіркеу қызметкері Александр Николаевич Екатеринбургский, Г.Я. Брицкий жүргізді. Физика мен математика пәнін С-Петербург университетінің физика-математика пәнінің түлегі В.И. Лукин, И.М. Травчетов, В.В. Городецкий, тарих пен географияны А.И. Левитский, П.А. Прилежаев, А.В. Шельтинг, А.В. Панков, орыс тілін Н.П. Знаменский, В.Ф. Преображенский, Г.А. Кислицин, П.О. Девин, француз тілін Э.И. Мюллер, княжна О.Н. Мещерская, С.А. Пятницкая, Ж.Гюард неміс тілін А.Н. Вышнегорский, А.Сидорская, Р.А. Пфених, Э.Э. Топорина, А.Д.Эрмь, М.Ф.Мазин, сурет пен көркем жазуды И.А.Титов, М.К.Смирнов, әнді А.И. Неудачин, Мәскеу Екатеринбург институтының түлегі П.И. Крюкова, музыканы О.Скасси, А.Ф. Дулова, О.П. Афанасьева, В.В. Лейсек, О.П. Афанасьева, би мен гимнастиканы - В.Васильева, А.Ф. Артамонова, Л.Ф. Добрынин жүргізді. Алғашқы гимназия дәрігерінің қызметін Дерпт университетінің медицина факультетінің түлегі

К.Ф. Иогансон атқарды. Е.И. Сумеркова, Э.Розенберг, Е.Колокольцева, Н.Завиходско-Ляцкая, А.Г. Заинчиковская, А.Муравьева, Э.Р. Пфених, Н.Ф. Бордовская сынып қадағалаушылары болды.

Гимназия мұғалімдері, сынып қадағалаушылары қызметіне жергілікті оқу орындарынан және Орынбор, Батыс Сібір оқу округтерінен де арнайы шақырылды. 1879 жылы Орынбор қыздар гимназиясының тарих және география пәнінің мұғалімі Эмилия Розенберг Ташкент қыздар гимназиясына қадағалаушы [19, 6-б.], ал Смоленск институтының курсы бітірген Эшь гимназияға штаттан тыс қадағалаушы ретінде қабылданды [20, 149-б.]. 1893 жылы Ташкент қыздар гимназиясында 9 ер мұғалім, 17 әйел мұғалім қызмет жасады [21, 13-б.]. Гимназиядағы штаттағы мұғалімдер қатарында әйел адамдардың саны басымырақ болды.

Гимназия мұғалімдерінің әлеуметтік мәртебесін көтеру мақсатында Мемлекет тәрпынан және Романовтар үйі әулетінің атынан оқу орнының басшылығы, оқытушыларды адал еңбегі үшін марапаттап және шендерін көтеріп отырды. 1894 жылы қыздар гимназиясының директоры В.Ф. Ошанин Қасиетті Анна орденінің екінші дәрежесімен, 1906 жылы Қасиетті Владимирдің үшінші дәрежесіндегі орденімен марапатталды [22, 71-б.]. 1894 жылы 24 қаңтарда Ұлы княгиня Мария Павловна гимназияның қадағалаушысы Евдокия Сумеркованы адал қызметі үшін бриллиант және розамен бедерленгеналтын білезікпен марапаттаған [23, 16-б.]

Ташкент қыздар гимназиясының штат құрамы мен олардың жалақылары мынадай болды. Директор V шенде, жалақысы - 2000 рубль. Гимназияның бас қадағалаушысы V шенде, жалақысы - 900 рубль. Құдай Заңы пәнінің мұғалімі V шенде, жалақысы - 900 рубль. Орыс тілінен штаттағы екі мұғалім, математика, жаратылыстану, физикадан - екі мұғалім - V шенде, барлығының жалақысы - 5430 рубль. Штаттағы француз тілінің екі мұғаліміне - 1740 рубль, неміс тілінің екі мұғаліміне-1740 рубль, сурет, сызу, көркем жазу пәнінен штаттағы бір мұғаліміне - 1000 рубль, музыка мен ән сабағының штаттағы екі екі мұғаліміне - 300 рубль, би мен гимнастикадан штаттағы бір мұғалімге - 450 рубль, қол еңбегі пәнінің штаттағы бір мұғаліміне - 450 рубль, штаттағы VIII шендегі жеті сынып қадағалаушыларының әрқайсысына - 450 рубль жалақы белгіленді. Дәрігер VIII шенде, жалақысы 450 рубль, X шендегі хатшы-есепшіге 600 рубль жалақы берілді [12, 1508-б.]. Ресейдің ішкі аймақтарындағы гимназияларда ең жоғарғы V шен директорға ғана берілсе, Ташкент қыздар гимназиясында бұл шен бас қадағалаушы, Құдай заңы пәнінің мұғалімі, пән мұғалімдеріне де берілетін. Гимназия мұғалімдері мемлекеттік қызметте болғандықтан қазыналық оқу орындарының міндеттерін атқаруы тиіс болды.

1876 жылы гимназия ашылған жылы жеке өз ғимараты болмағандықтан, оқу орны жалдамалы үйлерге орналасты, 1879 жылы қазына қаржысына үш ғимарат салынды. Ғимараттар Ташкент қаласының орыс тұрғындары тұратын бөлігіндегі Константиновск алаңында ашылды. Мереке салтанатты өтті, оған уақытша Түркістан генерал-губернаторының міндетін атқарған Колпаковский, Сырдария облысының әскери губернаторы Троцкий, жергілікті қала әкімшілігінің басшылары, гимназия шәкірттері қатысқан болатын. Гимназия ғимаратын салған К.М. Максимович жиналғандарды таңға асқа шақырды деген ақпарат берілді мерзімдік басылым беттерінде [24,128-б.]

1876-1877 оқу жылында қыздарға арналған пәтер ашылды. Пәтерге Түркістан генерал-губернаторының жарлығымен жергілікті жердегі земстволық салық есебінен 1200 рубль субсидия бөлінді [2,31-б.]. 1877 жылы пәтерде 23 қыз тұрды [2,32-б.]. Олардың оқу-тәрбие ісін қадағалау сынып қадағалаушылары Пфених пен Щербакованың бақылауында болды. 1888 жылы пәтер гимназия ғимаратына көшіріліп, оқу орнының бақылауына өтеді. [1, 226-б.]. 1895 жылы пәтердегі қыздар саны 35-ке жетті. Олардың 23-і генерал-губернатор бөлген қаражат есебінен, 1 қыз генерал-лейтенант Абрамов атындағы шәкіртақының пайыздық көрсеткішінен, 10 қыз ата-аналарының қаражатына, 1 тұлдыр жетім қыз тегін экономикалық пансионер ретінде тұрды [14, 290-б.]. Деректер пәтердегі қыздардың негізгі бөлігінің жергілікті әкімшілік бөлген қаражаты есебінен тұрғандығын айғақтайды. 1906 жылы гимназияда оқитын қыздардың көбеюімен оқу ғимараттарының тарылуына байланысты, қыздар жеке пәтерге көшірілді. 1907 жылы қыздардың пәтерге төлейтін қаржысының болмауына байланысты пәтер мүлдем жабылды [1, 226-б.].

Гимназияда діни тәрбиеге ерекше көңіл бөлінді. Ташкенттегі барлық оқу орындарының шәкірттеріне қойылған талаптың бірі, жексенбі, мейрам күндері қаладағы Иосиф пен Георги ғибадатханасында құлшылық ету болатын. Орталық ғибадатханадағы құлшылыққа келетін адамдардың көп болуына байланысты, 1885 жылы қыздар гимназиясының өз шіркеуі ашылды. Шіркеу іші қайырымдылыққа бөлінген қаражат есебінен жабдықталды [25,191-б.].

Зерттеуші Бендриков Ташкент қыздар гимназиясы кітапханасының кітаппен жабдықталуы басқа оқу орындарымен салыстырғанда қанағаттанғысыз болды деп көрсетеді. Жалпы автордың бұл пікірімен келіспеуге де болады. 1895 жылы Ташкент қыздар гимназиясының кітапханасында 4009 атаумен 9202 том

кітап, физикадан - 214, жаратылыстану тарихынан - 34, басқа пәндерден 1546 оқу құралдары болған [15, 168-169 бб.].

Ташкент қыздар гимназиясына қабылдау Ережесіне сәйкес дайындық сыныбына 8-11 жас, бірінші сыныпқа 9-12 жас, екінші сыныпқа 10-13 жас, үшінші сыныпқа 11-14 жас, төртінші сыныпқа 12-15 жас аралығындағы қыздар қабылданатын. Дайындық сыныбына орыс тілі мен арифметикадан, бірінші сыныпқа Құдай Заңы, орыс тілі, арифметика, екінші, үшінші сыныпқа Құдай заңы, орыс тілі, математика, география, неміс, француз тілдері, төртінші сыныпқа қосымша тарихтан, бесінші сыныпқа түсушілер қосымша жаратылыстанудан тапсырды [26,113-114 бб.].

Прогимназия болып ашылған 1876-1877 оқу жылында оқу орнына 77 қыз құжат өткізді, 30 қыз дайындық сыныбына, 30 қыз бірінші сыныпқа, 9 қыз екінші сыныпқа, 8 қыз үшінші сыныпқа тапсырғанымен, түскені - 73 қыз. 1877-1878 оқу жылында дайындық сыныбына 20 қыз, бірінші сыныпқа 19 қыз, екінші сыныпқа 4 қыз, үшінші сыныпқа 5 қыз тапсырса, 4 қыз емтихан сынағынан өтпей қалған. Жыл сайын гимназиядағы оқитын қыздар саны өсіп отырды. 1885 жылы қыздар гимназиясында оқитын 295 қыздардың ішінде дайындық сыныбында - 50, бірінші сыныпта - 56, екінші сыныпта - 43, үшінші сыныпта-51, төртінші сыныпта - 38, бесінші сыныпта - 20, алтыншы сыныпта - 25, жетінші сыныпта 12 қыз оқыды, курсы жоғарылаған сайын қыздар саны кеміп отырды. 1877-1885 жылдар аралығында гимназияда 2278 қыз оқыса, оның 223 оқудан шығып кеткен [27,170-б.]. Гимназияда оқитын қыздар саны көп болғанымен, оқудан шығып кетушілер саны да аз болмады. 1878 жылы - 12 қыз, 1879 жылы - 20 қыз, 1880 жылы - 22 қыз, 1881 жылы - 15 қыз, 1882 жылы - 18 қыз, 1883 жылы - 23 қыз, 1884 жылы - 49 қыз, 1885 жылы - 64 қыз оқудан шығарылды. 1878-1885 жылдар аралығында 223 оқудан шығарылған болатын [27,170-б.].

Статистикалық деректер гимназиядағы оқитын қыздардың басым бөлігі орыс ұлтынан және христиан дініндегі, дворян отбасынан болғандығын көрсетеді. 1878 жылы гимназияда оқыған 108 қыздың, 96-сы православ, 2-уі рим-католик, 2-уі лютеран, 5-уі мұсылман, 3-уі йудей дінінде болатын. Мұсылман қыздарының 4 татар, 1 сарт болды деп көрсетіледі-архив деректерінде [28,120-б.].

1885 жылы Ташкент қыздар гимназиясында 293 қыздың, 282 христиан, 6 мұсылман, 5 йудей дінінен еді [29, 339-б.]. 1893 жылы гимназиядағы білім алушы қыздардың саны - 374 жетті, оның 344 - православ, 17 - рим-католик, 4 - лютеран, 6 - мұсылман, 13 - иудейлік болды [3, 128-б.]. 1904 жылы гимназияда - 564, 1909 жылы - 690 қыз оқыды. Гимназиядағы оқитын қыздар санының өсуінің негізгі себептері: біріншіден Халық Ағарту министрлігіне бағынышты Верный, Самарқанд гимназиялары сұраныс талабына сай болмады. Екіншіден, аймақтағы қоныстанушылар санының өсуі, Орынбор-Ташкент темір жолының салынғаннан кейін аймақтағы христиан дініндегі орыс халқының санының қайта көбеюі. Үшіншіден, Ташкенттегі екінші қыздар гимназиясының ашылуы қаражат көзінің болмауынан жыл сайын кейінге қалдырылды.

Гимназия алғаш ашылған кезде дворян отбасынан шыққандар саны басым болды. 1878 жылы гимназиядағы 108 қыздың әлеуметтік құрамы бойынша: 88-дворян, шенеулік, 3 діни, 17 қаладағы көпес, мещан, төменгі әскери шенділер отбасынан еді. 1904 жылғы Халық Ағарту Министрлігінің есебі бойынша әлеуметтік құрамы бойынша дворян, шенеуліктер-59, 8%, дін өкілдері-2,9 % , қала сословиесі-27,8%, село сословиесі отбасынан-9,2 % көрсеткішке жетті [3, 120-б.]. Оқу орнындағы қыздардың әлеуметтік тегін талдай келе дворян, шенеуліктер отбасынан шыққандардың және христиан дініндегілердің пайыздық көрсеткіші басым болғанын көреміз. 1912 жылы Ташкенттегі екінші қыздар гимназиясы ашылған соң, қыздар саны кеми бастады.

Гимназиядағы қыздар санының көбеюі сынып бөлмелерінің жетіспеуіне, оқу сапасына, шәкірттердің денсаулықтарына кері әсерін тигізді. 1890 жылы қыздар гимназиясында жұқпалы скарлатинамен 9 қыз ауырса, 1 қыз қайтыс болған, 5 қыз іш сүзегімен, 3 қыз дифтериямен ауырып, оның 1-уі қайтыс болған [31, 192-б.]. 1894 жылы гимназиядағы қыздар көз ауруы, өкпе, тыныс алу жолдары, асқазан, ішек ауруларымен ауырған. Қыздарға гимназия дәрігері кеңес беріп, ал материалдық жағдайы төмендерге дәрігер рецептімен дәріханадан тегін дәрі алуға рұқсат берілген [14, 290-б.].

Қыздар гимназиясы және прогимназиясындағы оқытылатын пәндер міндетті, міндетті емес деп бөлінді. Міндетті пәндер Құдай Заңы, орыс тілі (грамматика), арифметика, жалпы география мен орыс географиясы, жалпы тарих пен орыс тарихы, жаратылыстану, физика, үй шаруасы мен гигиена, көркем жазу, қол өнері, гимнастика болды. Міндетті емес пәндер педагогика, француз, неміс тілі, сурет, музыка, ән мен би еді [8, 11-б.]. Бұл пәндердің оқытылуына шәкірттер оқу ақысынан бөлек ақша төледі, оның нақты көлемін Қамқорлық Кеңесі шешті [8, 11-б.]. Ән, би сабақтары қыздардың бос уақыт кездерінде өткізілді және сабақтар аптасына екі рет бір сағаттан өтті [1, 24-б.]. Гимнастика сабағы аптасына 4 рет,

жарты сағаттан жүрді. 1895 жылы 10 қарашадан кейін қыздар гимназиясында латын тілі оқытылатын болды. Аптасына үш рет өтетін сабаққа қыздар гимназиясының шәкірттері және бұрын бітірген шәкірттер мен басқа да оқу орындарының қыздарына оқуға рұқсат берілді [32,340-б.]

Гимназия сынақтарына, бітірушілердің емтихандарына және күнделікті сабақтардың жүргізілу барысы генерал-губернатор, облыс губернаторы, оқу округі басшылығының тарапынан қатаң бақылауда болды. 1885 жылы Түркістан генерал-губернаторы Розенбах Николай Оттанович, гимназия директоры бесінші сыныптың жаратылыстану, қол еңбегі сабақтарына қатысып, әрбір шәкірттің жұмысымен танысады. Ол алтыншы сыныптың алгебра, үшінші сыныптың сурет, екінші сыныптың Құдай заңы, жетінші сыныптың география сабақтарына қатысып, гимназияның жалпы жағдайына көңілі толған генерал-губернатор, директорға шәкірттердің білім деңгейінің жақсарғандығын айтқан [33,179-б.]

1880 жылы қабылданған Ережеге сәйкес гимназияның өз ішкі тәртібі болды. Қыздардың гимназиядағы, оқу орнынан тыс жерлердегі әрекеттері де қатаң бақылауда болды және рухани-адамгершілік қасиеттерге, моралдық қағидаттарға, діни тәрбиеге ерекше мән берілді. Олар сабақ басталғанға дейін гимназия залына жиналып, таңертеңгілік дұға және Евангелиядан үзінділер оқуы тиіс болды. Демалыс күндері, мейрамдарда және осы күндердің әрбір кештерінде ғибадат орындарына баруға міндеттелді [3, 138-б.]

Сабақ болған күндері театрларға баруға тиым салынды. V, VI, VII сыныптың қыздарына мейрам күндері театрға баруға рұқсат берілгенімен, бірақ олар оқу орны басшылығының рұқсатын алуы тиіс болды. Ереженің 38 бабына сәйкес гимназия қыздарына маскарад, клуб, трактир, кофехана, кондитерлік орындарға, жалпы көпшілік жерлерге, ойын сауық орындарына баруға тиым салынды [3, 138-б.]. Ереженің 22 бабына сәйкес қыздар оқу орны басшыларына, сынып ханымдарына, мұғалімдерге, тәрбие және оқу ісі жөніндегі жауаптыларға да бағынуы тиіс болды [3, 139-б.]. Гимназияның тәртібіне бағынбағандар жазаланды

Ресей империясындағы гимназиялар тарихында шәкірттерді өлкенің, басқа аймақтардың тарихымен таныстыру мақсатында ұйымдастырылатын экскурсияларға ерекше мән берілді. «Туркестанские Ведомости» мерзімдік басылымында осындай сапар туралы мынадай мәліметтер беріледі: «Қыздарға Самарқандтағы тарихи орындарға баруды ата-аналар комитетінің бір мүшесі көтерді. Сапарға шығуға 34 қыз, 3 мұғалім, 3 сынып қадағалаушысы келісім берді. Экскурсияға шығатын қыздарға 45 орынға лайықталған пульмандық вагонға билет алынды. 24 сәуір күні қыздар Ташкент-Самарқанд бағытында жүрді. Самарқандқа келген қыздардың алғашқы тоқтаған жері қаладағы қыздар гимназиясының ғимараты болатын. Олар Әмір Темір, Шахи-Зинда, Данияр мавзолейлерін, Регистан алаңын, Биби-ханум мешітін көреді. Қыздарды Самарқанд облысының әскери губернаторы қонаққа шақырып, өз бағын аралатып, таңғы ас ұйымдастырады» [34,128-129 б.]. Бұл сапар шәкірттердің Самарқанд тарихымен танысуына және қаладағы қыздар гимназияның шәкірттерімен де араласуына мүмкіндіктер берді.

1870 жылғы Ережеге сәйкес қыздар гимназиясының шәкірттері курсты өте жақсыға аяқтаса кітап, алтын, күміс медальдармен марапатталды. Әр сыныптағы бітірушілерге медаль тапсыруда шектеулер қойылды, екі алтын, үш күміс медальдан аспауы қажет болатын [7, 44-б.]. Гимназияны бітірген шәкірттер арнайы курс өтсе ғана, қосымша үй тәлімгері дәрежесі берілді [1, 16-б.]. Медаль алмаған түлектер жалпы курс аттестатын алды, егер де олар арнайы қосымша сыныпты бітірсе үй мұғалимасы дәрежесі берілді [8, 16-б.]. Гимназияның жеті сыныбын бітірген қыздар ерекше сынақ емтихандарын тапсырмай-ақ, үлгерімдері жақсы болған пәндері бойынша үй мұғалімі дәрежесіндегі аттестат алды. Медальмен бітірген шәкірттер емтихан сынағын тапсырмай-ақ үй тәлімгері дәрежесін алды [8,16-б.].

Ұлты еврей қыздарына гимназияның толық курсы аяқтаған соң, үй тәлімгері, үй мұғалімі дәрежесі берілгенімен, бірақ оларға өз дініндегі шәкірттерге ғана сабақ беруге ғана рұқсат берілді [8, 16-б.]. Өз дініндегілерге сабақ беру талабы мұсылман қыздарына да қойылды. Медаль алмаған, бірақ гимназияның жалпы курсы толық аяқтаған қыздарға халықтық училище, бастауыш оқу орнының мұғалимасы дәрежесі ғана берілді. Прогимназияның толық курсы бітірген және аттестаты мақұлданған, немесе гимназияның төменгі үш сыныбын бітірген қыздар да халықтық училищелерде сабақ беру құқы болды. Олар 16 жасқа толған соң жарты жылдай міндетті түрде бастауыш училище мұғалімінің немесе мұғалимасының көмекшісі қызметін атқаруға тиіс болатын [8, 16-б.].

1894 жылы оқу жылының мәліметтеріне сүйенсек, гимназияда оқитын 345 қыз емтихан тапсырса, оның 280 жоғары сыныптарға өтіп, 22 шәкірт гимназияның жетінші сыныбын бітірді деген куәлік алып, 65 шәкірт оқу үлгерімдерінің төмен болуына байланысты өз сыныбында екінші жыл қайта оқуға қалдырылған. Жалпы оқу үлгерімі 81 % .

1-кесте. 1894 жылғы Ташкент қыздар гимназиясының оқу үлгерімі

	Келесі сыныпқа көшірілгені	1-ші дәрежелі дипломмен марапатталғаны	2-ші дәрежелі дипломмен марапатталғаны	3-ші дәрежелі дипломмен марапатталғаны	Екінші жылға орнында қалдырылғаны
Дайындық сыныбы	27				2
1 сынып	44	6	2	6	7
2 сынып	57	1	1	13	17
3 сынып	42	2	1	11	17
4 сынып	39	4	-	5	7
5 сынып	33	3	1	6	6
6 сынып	14	4	1	4	1
7 сынып	22 (бітіргені)				
		20	6	45	65

Жоғарыдағы кестеге сүйенсек, дайындық сыныбынан бірінші сыныпқа көшкен 27 қыз, шәкірттер арасындағы жақсы үлгерімі үшін Суторохина Екатерина сыйлыққа ие болса, екі шәкірт орнында қалдырылған. Бірінші сыныптан екінші сыныпқа 44 шәкірт өтсе, олардың арасындағы бірінші дәрежелі марапатқа - 6 қыз, екінші дәрежелі марапатқа 2 қыз, үшінші дәрежелі марапатқа - 6 қыз ие болса, 7 қыз орнында қалдырылған. Екінші сыныптан үшінші сыныпқа 57 қыз көшірілді. Оның ішінде 1 қыз бірінші дәрежелі, 1 қыз екінші дәрежелі, 13 қыз үшінші дәрежелі марапатқа ие болса, 17 қыз орнында қалдырылған. Үшінші сыныптан төртінші сыныпқа 42 қыз көшірілді. Бірінші дәрежелі дипломмен 2 қыз, екінші дәрежелі дипломмен 1 қыз, үшінші дәрежелі дипломмен 11 қыз марапатталып, 17 қыз орнында қалдырылған.

Үшінші сыныптан төртінші сыныпқа өткендердің қатарындағы үшінші дәрежелі дипломмен марапатталған мұсылман қыздары Асфендиярова Үммі-Гулсим мен Абдрахманова Биби-Зейнаб болды [14, 291-б.]. Қазіргі таңда Абдрахманова Биби-Зайнабтың ұлтына қатысты әр түрлі пікірлер айтылып жүр. Белгілі тарихшы Алмас Жүнісбай Биби Зейнаб Абдрахманованы ұлты татар, подполковник Садық Абдрахмановтың қызы деп жазады.

Гимназияның жетінші сыныбын бітірген 22 қызға, бітіру сынақ емтихандарын тапсырған соң, гимназияның толық сыныбын аяқтады деген аттестат табысталды. Бітірушілер арасындағы Поплавская Виктория, Филькенштейн Татьяна үй тәлімгері дәрежесі және алтын медалмен, ал Курдиновская Ольга, Цурикова Наталия, Остроумова Надежда күміс медальмен марапатталды. Гимназияны бітіруші Альбрейх Мария, Бажина Зинаида, Барковская Мария, Добошинская Александра, Дьякова Ольга, Иванова Лидия, Краснослодовская Вера, Лахтина Мария, Лукшевич Мария, Мейер Райса, Милованова Александра, Мирес Мария, Ортенберг Татьяна үй мұғалімі дәрежесімен, ал Козьмина Анна, Склепова Лидия, Седова Людмила, Тутина София гимназияның курсын толық аяқтады деген аттестат қана алды [14, 291-б.].

Қыздар гимназиясында педагогика, тәрбие мәселесі жиі талқыланатын тақырыптардың бірі болды. Гимназияда педагогикалық үйірме, педагогикалық оқулар мен педагогикалық курстар ұйымдастырылды. Педагогикалық курстарда тәрбие, пәндерді оқытудың әдістері, қыздар гимназиясының мұғалімдері мен мұғалімаларының басшылығымен Халық Ағарту министрлігі бекіткен Ережеге сәйкес практикалық сабақтар жүргізілді [8, 11-б.]. Гимназия мұғалімдері ұдайы педагогикалық оқулар жүргізді. Мұндай оқуларға шәкірттердің ата-аналары, туыстары қатыстырылатын. Француз тілінің мұғалімі Н.П. Немар «Мектептің отбасынан қандай құқықтық көмек алу құқы бар?» деген тақырыпта лекция оқыған. Лекция туралы арнайы мақала жазған автор гимназиядағы кемшіліктерді былай көрсетеді. «Біріншіден, гимназиядағы кейбір қыздардың клубтарға барып, түнгі 12-ге дейін отыруына тиым салуына байланысты ата-аналар қарсы шыққан. Екіншіден, қыздарының оқуына қаражаты болмаған ата-аналар әр түрлі қайырымдылық қорлары қыздарын оқуға кіргізгенімен, кейін міндетті, міндетті емес пәндердің барлығын да оқытуды талап ете бастаған [35,139 б.]. Жалпы ата-аналар қыздар гимназиясының өміріне өте белсенді араласты. XX ғасырдың бас кезеңінде олардың белсенділігі күшейе түсті.

1905-1906 жылғы Ресейдегі революция жылдарында қоғамдағы белсенділіктің өсуімен бірге оқу орындары мен отбасы арасындағы қарым-қатынас күшейді. 1905 жылы 13 қарашада Министрлер Кеңесінің шешіміне байланысты орта оқу орындарында ата-аналар комитеті құрылды. Әрине, бұл үдеріс

шеткері жатқан аймақтағы оқу орындарына да тарады. 1905, 1907 жылғы Халық Ағарту Министрлігінің нұсқаулықтарына сәйкес құрылған ата-аналар комитетінің негізгі мақсаты қоғам тарапынан оқу орындарындағы оқу-тәрбие ісін қадағалауға бағытталды. 1906 жылы Ташкент қыздар гимназиясында құрылған ата-аналар комитеті қыздардың мәселесіне қатысты әр түрлі мәселелерге араласа бастады. 1906 жылы 5 ақпандағы Шешімге байланысты гимназияның Кеңес отырысына ата-аналар комитетінің мүшелері де қатысатын болды. Олар шәкірттердің оқу материалын игере алмауы, қыздардың үлгерімінің төмен болуы, кітапханадағы наразылықтар мен шәкірттерге берілетін тапсырмалардың тақырыптарын талдауға да қатысты [36,130-б.]. Егер бұрын ата-аналар қыздардың гимназиядан тыс тәртібіне қатысты әрекеттеріне араласса, енді оқу ісіне де араласатын болды.

**Қорытынды.** Ташкент қыздар гимназиясы Халық Ағарту Министрлігіне бағынған орта оқу орындарының бірі болды. Гимназия үй мұғалимасы, үй тәлімгері, халықтық училище, бастауыш училище мұғалималарын даярлады және шәкірттердің басқа бағыттағы мамандықтар бойынша жоғары оқу орындарында өз білімдерін жалғастыруға мүмкіндік берді. Гимназияның мұғалімдер семинариясынан ерекшелігі, мұғалімдерді кәсіби тұрғыдан дайындамады, өйткені педагогика, дидактика пәндері міндетті емес пәндер қатарында болды. Қыздарға мұғалима болу міндеттілігі қатаң түрде қойылмады. Қыздар гимназиясының оқу бағдарламасы жан жақты білім беруге және діни-адамгершілік, патриоттық тәрбие беруге бағытталды. Гимназиядағы оқу-тәрбие үрдісі әр түрлі дәрежедегі әкімшілік биліктің бақылауында және ықпалында болды.

Ресей империясында мемлекет негізінен ер балалардың оқу орындарын қаржыландыруға көбірек көңіл бөлсе, керісінше қыз балалардың оқу орындары аймақтағы әкімшілік, әр түрлі қайырымдылық қорлар, ата-аналардың оқу ақысын төлеген ақшасынан қаржыландырды.

Ташкент қыздар гимназиясында оқитын шәкірттердің негізгі бөлігі орыс ұлтының және христиан діні ұстанымындағы шәкірттер болды. Орыс қыздары Ташкент қаласындағы әр түрлі әкімшілік сатысында қызмет жасайтын дворян, діни, әскери шенділердің отбасынан шыққандар еді. Гимназияға түскен мұсылман қыздары қаладағы әскери шенділер, көпес отбасынан болды. Үммі-Гүлсім Асфендированың әкесі Сейітжаппар Асфендияров Түркістан генерал-губернаторлығының кеңсесінде ротмистр шенінде қызмет жасады. Сондықтан да гимназияда оқыған мұсылман қыздары негізінен қала қыздары болатын.

Қыздар гимназиясының түлектеріне ұлтына, дініне қатысты шектеулер қойылды. Олардың орыс қыздарына, христиан дініндегілерге сабақ беруіне рұқсат берілмеді, өзінің ұстанған дініндегі қыздарға ғана сабақ беру құқы болды. Бұл шектеулер мұсылман, иудаизм, рим-католик дініндегі қыздардың мұғалима болып жұмыс жасауында да көп кедергілер туғызып отырды.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Добросмыслов А.И. *Ташкент в прошлом и настоящем: Исторический очерк.* – Ташкент, 1912. – 520 с.
1991-1994 жж. аралығында мемлекеттік гранттар мәселесі мен «Білім туралы» заңның қабылдануы елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарай ыңғайластырылды, заңнамалық актілер енгізілген бірінші кезеңді қамтыды. Республикада нарық талабына сай мамандар әзірлеуге ден қойылды. Уақылы жалақының берілмеуі оқытушылардың бизнес әлеміне кетуіне, әсіресе ауылды жерлерде жұмыстың тапшылығы байқалды.

Екінші кезеңнен (1995-1999 жж.) бастап Қазақстандық білім беру жүйесі барлық экономика бағыттары бойынша маман әзірлеуге, мемлекеттік тапсырыс бойынша жоғарғы оқу орнына талапкерлерді қабылдауға көңіл бөлді. Бұл мерзім жоғарғы оқу орындарының қағидаларын өзгертті.

1999-2000 жылдар аралығы үшінші кезеңді қамтыды, бұл мерзімде басты назарды қаржыландыру мен академиялық ұтқырлыққа бөлді.

Төртінші кезең 2001-2010 жж аралығына тиісті болды, бес жылдық бағдарламалар мен тұжырымдар қабылданды. Бұл жылдар аралығында 12 жылдық білім беру бағдарламасын енгізу, кәсіби бағдар беру мен Болон жүйесіне көшу үрдісіне көшу қарастырылды. Ұлы хартияға Қазақстанның енуі үш деңгейлі білім беру жүйесін еуропалық бағытқа бағыттаумен сипатталды. 2007 жылдан бастап шет елде «Болашақ» бағдарламасы арқылы академиялық ұтқырлық екі дипломмен білім алуға мүмкіндік береді.

Бесінші кезең 2011жылдан қазіргі кезге дейінгі мерзімді қамтиды. 2011-2015, 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламалар қабылданып, педагогтарға ерекше көңіл бөлінді. Педагогтарға жалақыны көтеру, білім беру бағдарламаларын біріктіру мен университеттерде зерттеу ауқымын көтеру көзделді.

Осы бағдарлама бойынша 2010 жылы әртүрлі меншік нысанындағы жұмыс істеп тұрған 140 университеттің тек 50 университетімен 30 институты ғана қалуы тиіс, қалғандары академиялар олардың жалпы саны 100 бірліктен аспауы тиіс болды (Балахметова, 2011:50).

Сингапурдағы жоғары оқу орны. Сингапурдағы жоғары білім беру жүйесі қызметі мен құрылымы, оқу үрдісі бойынша ерекшеленеді. Елде жоғары оқу орындарының төрт түрі бар:

- Политехникалық институттар
- Техникалық жоо (Ньянг технологиялық университеті)
- Тәуелсіз университеттер
- Ұлттық, мемлекеттік, жеке меншік ЖОО.

Жоғары оқу орындарына түсу кезінде талапкерлер емтихан тапсырады, оқыту қытай немесе ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Дарынды және табысты балалар сынақтарсыз ерекше жағдай ретінде қабылдануы мүмкін. Орта мектеп түлектеріне А-деңгейлі аттестат ұсынады. Колледждер мен техникумдардың түлектері үлгерімі жәнетолық емес қосымша сабақтарға, секцияларға қатысуы туралы мәліметтер ұсынуы тиіс. Қабылдау комиссиясының қалауы бойынша талапкерге қосымша қабылдау сынақтары тағайындалуы мүмкін.

Сингапурлық жоғары оқу орындарында оқу халықаралық стандарттар бойынша жүзеге асырылады және де ол 3 сатыдан тұрады:

- Бакалавриат (3-4 жыл),
- Магистратура (1-3 жыл),
- Докторантура (2-5 жыл).

Ғылыми дәреже алу үшін және бір оқу деңгейінен екінші деңгейге өту кезінде студенттер емтихан тапсыруы керек, олардың тізімін әр нақты университет бекітеді. Сингапурлық жоғары оқу орындарының дипломдары бүкіл әлемде мойындалып отыр (Шульгина, 2021).

Соңғы жылдары сингапурлық білім беру жүйесі икемді және алуан түрлі бола бастады.

Кәсіби білім беру саласында елеулі өзгерістер болды. Дәстүрлі түрде Сингапурда халықтың ең аз қамтамасыз етілген және ең аз академиялық қабілетті топтары кәсіби білім алды. Қоғамда кәсіптік білім – бұл мектепте жетістікке жетпеген адамдардың тағдыры деген стереотиптік түсінік қалыптасқан болатын. Стереотиптің қалыптасуына Конфуций мәдениеті де ықпал етті, ол ғасырлар бойы білімді адамның мемлекеттік шенеунік немесе әкімшілік (кеңсе) қызметкері ретіндегі имиджін қалыптастырды.

Бірде-бір ата-ана баласының болашақта қарапайым жұмысшы болуын қаламады. Қоғамда кең таралған мұндай құндылықтар жүйесі Сингапурдың экономикалық даму мүмкіндіктерін шектеді.

Білім министрлігі кәсіптік білім берудің беделін арттыру бойынша бірқатар шараларды іске асырды. Біріншіден, 1992 жылы шашыраңқы кәсіптік білім беру мекемелерінен кампус жүйесі бойынша салынған техникалық білім беру институты құрылды.

Білім беру және спорт инфрақұрылымымен жабдықталған бірнеше институт ғимараттары салынды. Оқу зертханаларын жабдықтауда ең озық технологиялық әзірлемелер қолданылды, институтта оқу ыңғайлы және жағымды болды. Екіншіден, техникалық білім беру институтына түсушілерге қойылатын академиялық талаптар айтарлықтай көтерілді. 1992 жылдан бастап орта мектептерде арнайы техникалық ағын енгізілді, оған бастауыш мектепті бітіру емтиханын жақсы тапсыра алмаған оқушылар көшірілді. Еңбек нарығындағы білікті техникалық кадрлардың жетіспеушілігінен олардың орташа жалақысы едәуір өсті. 1994 жылы айына 700 SGD-ден 2005 жылы 1200 SGD-ге дейін, техникалық мамандықтарды танымал ету үшін маркетингтік технологиялар қолданылды, бұқаралық ақпарат құралдарында техникалық білім беру институты түлектерінің «сәттілік тарихы» белсенді түрде таратылды (Лесин., Н.Н. Шевелёва, 2020)

Сингапурда білім беру жүйесін дамытудың қазіргі кездегі негізгі мақсаты әрбір адамды өмір бойы оқуға, жаңа білім мен дағдылар алуға, технологияларды игеруге, инновациялар мен кәсіпкерлік рухын дамытуға, білім алуға ынталандыратын орта құру болып табылады.

**Қазақстандағы жоғарғы оқу орны.** Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жоғары білім беру жүйесіне басшылықты жүзеге асырады. Қазақстанда жоғары білімді университеттер, академиялар, колледждер, институттар, жоғары мектептер мен колледждерді ұсынады. Қазақстандағы университеттер зерттеулерге емес, білімге баса назар аударады (Борисевич, 2022).

1991-2010 жылға дейінгі аралықта студент маман ретінде дәріс алатын болса, кейіннен ғылыми ізденуші, аспирант, докторант ретінде жалғастыра алатын болды. 2010 жылдан бастап бакалавриат - 4 жыл, магистратура - 1,2 жыл, докторантура - 3 жыл аралығын қамтыды.

Қазақстанда мемлекеттік және жеке университеттер бар. Университеттерде - бакалавр, магистр және докторантурада көптеген бағдарламаларды ұсынады. Сонымен қатар, университеттер таза және қолданбалы зерттеулер жүргізеді. Мекеменің бұл түрі білім беру және ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асырады.

Университеттермен қатар институттар бар ол жоғары оқу орнының кәсіптік білім беру курстарын ұсынады. Академияларжоғары оқу орнының бұл түрі жалпы 1 немесе 2 мамандық бойынша білім беру бағдарламаларын ұсынады. Сондай-ақ, Қазақстанда жоғары білім беретін жоғары колледждер мен мектептер, консерваториялар бар (Борисевич, 2022).

Қазақстан Республикасы 1991 жылдан бастап жоғарғы оқу орындарында бірнеше өзгерістерді енгізді олардың қатарына - мамандар әзірлеуде жоғарғы оқу орындарына 5-7 жылға студент қабылдаса, кейіннен

Болон жүйесіне енген соң 4 жылдық бакалавриатқа қабылдауға көшті. ЖОО-да білім алған маман таңдап алған мамандығын өз профилінде ала алатын болды.

ЖОО-на оқуға түсу үшін 2004 ж. дейін емтихан арқылы ал, кейін ҰБК арқылы білімін анықтап мемлекет тарапынан бөлінетін тегін оқуға конкурс негізінде қабылданды. Сингапур сияқты Қазақстанда да тегін оқуға түсе алмаған шәкірттержеке меншік немесе ақылы үлгіде 50 балдан артық жинаса оқуға түсе алады.

Жоғары білім беру саласы адами капиталдың сапасын қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады. Қазақстан Республикасы экономикасының барлық салалары үшін құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды кәсіби даярлауды қамтамасыз етуде отандық жоғары білім маңызды рөл атқарады. Өкінішке орай, жұмыс берушілердің көпшілігі жоғары оқу орындарын бітірген мамандарды даярлау сапасына қанағаттанбайды. Білікті кадрлар жоғары білім беру сапасын арттыру, жұмыспен қамту және тапшылық мәселесін шешуге көмегін тигізеді. Үздік халықаралық тәжірибе көрсеткендей, интеграцияланған ғылыми және білім беру құрылымдары еңбек нарығында сұранысқа ие сапалы жаңа мамандарды даярлауды қамтамасыз етеді (Kurbanova, 2020:121).

**Қазіргі таңдағы екі елдің жағдайын салыстырмалы талдау.** Сингапур басқаруға оңай ел. Көлемі бойынша кішкентай, халықтың тығыздығы жоғары, бірақ біркелкі, қолайлы географиялық жағдайы бар бұл елде кешенді жоспарлауға арналған өріс қалыптасқан. Білім беру мекемелері бір органға – Білім министрлігіне тікелей бағынып, реформалар жүргізуге, олардың тиімділігін арттыруға, басқаруға кететін шығындарды айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік беріп отыр.

Қазақстан Республикасы да біртұтас, унитарлы, зайырлы мемлекет, елде білім және Ғылым министрлігі бөлініп кетсе де, бірі орта және кәсіби ал, екіншісі ЖОО мен ғылым саласына бақылау жүргізеді. Реформалар желісі бірде оңтайлы, бірде көңіл қуантарлық нәтиже бере қоймаса да жоспарға сай орындалуда.

Сингапурдағы ағылшын тілі білім беру ордаларында ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде қабылданып, болашаққа үлкен қадам ретінде басып отырған жайы бар. Ол ең жақсы англо – саксондық оқыту тәжірибесін, бастысы әлемдік зияткерлік капитал мен сараптамананы пайдалануға мүмкіндік беруде. Академиялық ұтқырлық пенбатыс әлемімен ең жақсы идеялар, тәжірибемен алмасу үрдісі жоғарғы деңгейге қойылған.

Сонымен қатар, мектептерде әртүрлі этникалық топтардың тілдерін сақтау және зерттеу Азия әлемімен мәдени және экономикалық байланыстарды дамытуға, демек, оның қарқынды өсу мүмкіндіктерін пайдалануға мүмкіндік береді.

Ал, Қазақстан Республикасына келетін болсақ бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуы мемлекеттік, орыс, қажет болған жағдайда және басқа тілдерде қамтамасыз етеді. Білім беру ұйымдарында мемлекеттік тіл және орыс тілі міндетті оқу пәндері болып табылады және білім туралы құжатқа енгізілетін пәндер тізбесіне кіреді (Закон, 2022 ).

Халықаралық деңгейде білім мен ғылым кеңістігінде отандастар ағылшын тілінің көмегіне жүгінеді. Әлемнің дамыған мемлекеттері әр түрлі бағдарламалар мен жобаларды осы тілде ұсынатын болғандықтан, отандастар ағылшын тілін де меңгеріп, академиялық ұтқырлық саясаты бойынша шет елдерден дәріс ала алу құқығына ие болуда. Оған дәлел «Болашақ», «Ерасмус +» және т.б. бағдарламалар.

Соңғы 50 жылда Сингапур көп нәрсеге қол жеткізді және оған жылдар өткен соң, Қазақстан да Сингапур тәжірибесіне негізделген 5-ке жуық бағдарламаны енгізді. Олардың қатарына «Болашақ» стипендиаттар қауымдастығы, «Самұрық-Қазына» егеменді қоры, зейнетақы реформасы кіреді.

«Болашақ» бағдарламасы аясында шетелде 857 қазақстандық білім алған. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 2019 жылы шетелдік жоғары оқу орындарына бюджет қаражаты есебінен 603 студент жіберілген. 1990-2010 жылдар ішінде білім алған қазіргі уақытта Қазақстан Республикасынан шетелге Малайзияға, Сингапурға, Қытайға, АҚШ-қа, Канадаға, ЕО елдеріне және т.б. кеткен, яғни өзге де мақсаттарды көздеген бұл бағдарлама Қазақстаннан зияткерлік эмиграция факторына айналууда (Болашақ, 2019).

Білім беру үрдісінде тәжірибеге бағдарланған тәсілді енгізу барабар білім беру технологияларын – стандартта мәлімделген құзыреттердің тиімді дамуын табысты іске асыруға мүмкіндік беретін студенттерді оқыту мен дамытудың құралдары мен әдістерінің жиынтығын іздеу қажеттілігіне байланысты. Сингапурда білім алушылар мен студент түлектер өздерінің құндылықтарын тәжірибеге бейімделген кәсіби маман болу миссиясына қатты көңіл бөледі.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында да мамандарды даярлау мәселесінде жоо-да тәжірибеге бағдарланған оқытуды іске асыру, біріншіден, өмір қажеттіліктеріне жақындауға бағытталғанын, екіншіден, бәсекеге қабілетті мамандарды мақсатты түрде қалыптастыру үшін жағдай жасауға мүмкіндік беретініне назар аударып отыр.

Қазақстан сонымен қатар Сингапурдың білім беру жүйесін зерттеп, өзінің жоғары лауазымды тұлғаларын Сингапурдың политехникалық және техникалық институттарына олардың білім беру жүйесі мен университетті басқаруды терең зерттеу үшін оқуға жіберді.

Қазақстандық «А корпусын» құру да Сингапурдың әкімшілік қызметіне ұқсас.

QS World University Rankings-2022 рейтингісінде Сингапур Ұлттық университеті 11 – орынға, ал Сингапурдың Наньян технологиялық университеті 12-орынға ие болды және бұл 2016, 2019 жылғы рейтингтік көрсеткішер бойынша өзгермегенін қарауымызға болады (Лучшие, 2022).

Қазақстан елді мекеніндегі ЖОО-ның жағдайы осы көрсеткіш бойынша алдыңғы қатарлыларда деп айта алмасак та, 175 -ші орынды эль-Фараби Қазақ ұлттық университеті иеленген. Бұл жас мемлекет үшін өте жақсы көрсеткіш деп санаймыз.

Сингапурда 2016 жылы 22 және 39-орындармен салыстырғанда, елде «жергілікті» дайындалған PhD докторларының саны 2011 жылғы 7522-ден 2015 жылы 7850-ге дейін өскен, бұл көрсеткіш 2016 жылғы жалпы жұмыс күшіндегі ғалымдар мен инженерлер де үнемі өсіп келе жатқандығын көрсетті.

Сингапур университеттерінің жетекші ҒЗИ ретінде өсуі озық тәжірибе мен күшті зерттеу инфрақұрылымына ерекше назар аударумен сипатталады. Университеттері әлемдік деңгейдегі ғалымдардың қуатты кафедрасын құра алды, сондай-ақ көрнекті сингапурлық ғалымдарды отанына қайтарып, оларға өз жұмыстарын динамикалық зерттеу ортасында жалғастыруға және келесі буын ғалымдарына тәлімгерлік етуге мүмкіндік берді (Современный, 2018).

Қазақстан болса ғылым саласына көңілді соңғы 5-7 жыл аралығында ғана бөле бастады деп айтсақ артық айтпаған болар едік. Еңбек ақы мен мемлекет тарапынан бөлінетін гранттық бағдарламалардың санының аздығы шет елге мамандарымыздың қоныс теуіп кеткенінің дәлелі бола алады.

Білім беру әлемдік жүйелерімен жалпы білім берудің жоғары сапасына қол жеткізу мәселелеріне назар аударғанына қарамастан, Сингапур құбылысының ерекшеліктері мен қазіргі кезеңдегі білім беру ерекшеліктері отандық педагогикалық қоғамдастықта жеткілікті зерттелген жоқ. Атап айтқанда, Сингапурдағы жалпы білім беру сапасының жоғары деңгейіне біріктіруші факторлардың әсерін, тәрбиелеу және оқытуды ұйымдастыру қағидаттарын, тәрбиелеу модельдерін, жоспарланып отырған нәтижелерге қойылатын талаптарды зерделеуге тиісті назар аударылмаған.

#### **Мемлекеттердегі оқудың төлемақысы.**

Сингапурдағы жоғары білімнің құны АҚШ-қа немесе Еуропа елдеріне қарағанда едәуір төмен, ал оның сапасы Англия мен Швейцарияның ең жақсы университеттерінен кем түспейді. Орташа алғанда, Сингапурдың жоғары оқу орнында бір жылдық оқу ақысы тандалған мамандыққа байланысты 4000 – 12000 USD аралығында өзгереді. Медициналық және стоматологиялық факультеттерде оқу ең қымбат болып саналады – оның құны 40 000 USD дейін болуы мүмкін.

Өкінішке орай, Сингапурдың бірнеше оқу орындары шетелдік студенттерге жатақханада тұруға мүмкіндік береді. Сондықтан студенттер көбінесе қалада баспана жалдайды. Орташа алғанда, қонақ бөлмесі мен бір жатын бөлмесі бар жақсы аудандағы пәтер айына 500-600 S\$ тұрады. Бір немесе бірнеше айға тұру ай сайынғы тұрғын үй төлемдерін айтарлықтай төмендетеді (Высшее, 2021).

Қазақстандағы білім беру құны жоо-ы орналасқан жерлерге байланысты болады. Мысалы Алматы және Астана қалалары бойынша нақты айтатын болсақ, Қазақстан-Британ техникалық университетінде 3,5 миллионнан жоғары болса, ал, Назарбаев университетінде 5-7 миллион шамасында болады.

2022 жылы Қазақстандағы ең арзан мамандық – «Бейнелеу өнері және сызу». Осы мамандық бойынша оқудың орташа құны 251 500 теңгеден аспайды(Сколько, 2022).

Түлектер студенттер қатарына қабылданған соң ЖОО-да жатақхана беріледі, жатақханамен қамтамасыз етіле алмайтын жағдай болса студенттер Сингапурдағы сияқты пәтер жалдай алады, орта есеппен алғанда 150-300 мыңның көлемінде ол болады.

Мемлекеттік гранттар арқылы оқу. Сингапурдың білім министрлігі университеттерді қаржыландырудың әртүрлі схемаларын жүзеге асырады, соның арқасында халықаралық студенттер оқу шығындарын едәуір азайтуға мүмкіндік алады. Сингапур министрлігінің гранттары-бұл шығындарды ішінара жабады. Дегенмен, жаңа елде тұруға келгенде, тіпті ішінара оқу ақысы да студенттің өмірін айтарлықтай жеңілдетеді. Сондықтан, егер студент Сингапурда айтарлықтай қаржылық үнемдеумен білім алуға байсалды

болса, онда білім министрлігінің сайтына үнемі мониторинг жүргізу бұған көмектесе алады. Онда стипендиялар мен Халықаралық бағдарламалар тізімі үнемі жаңартылып отырады.

Қаржыландыру өтінімі түсу емтихандарын сәтті тапсырып, университетке түскеннен кейін беріледі. Егер өтініш мақұлданса, онда студент бітіргеннен кейін Сингапурдың бір компаниясында бірнеше жыл жұмыс істеуге міндеттенетін келісімге қол қою қажет болады. Жасалған келісімшарт бұзылған жағдайда оқу ақысын өтеуге тура келеді.

Сингапурдың көптеген ірі компаниялары жұмысқа жас мамандарды тартуға мүдделі, сондықтан студент оқуды бітіргеннен кейін бірнеше жыл бойы осы кәсіпорында жұмыс істеуге міндеттелген жағдайда, оларға оқуға қаржылық қолдау көрсетуге дайын. Егер түлек басқа компаниядан тиімдірек ұсыныс алса және бұрынғы келісімді бұзғысы келсе, онда ол алдын-ала белгіленген мөлшерде айыппұл төлеуге мәжбүр болады (Высшее, 2021).

Қазақстанда білім беру гранты-бұл мемлекет білім алушыға магистратураға немесе бакалавриатқа түсу үшін ақы төлеуге беретін қаржылық қолдау. Сондай-ақ, ректорлық грант, шетелдік жоғары оқу орнында оқуға немесе тағылымдамадан өтуге стипендия алуға болады.

Қазақстанда жоғары білім гранты конкурсына қатысу үшін үміткердің орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі болуы керек. Грантқа үміткер Қазақстанда бағытты, мамандықты және оқыту бағдарламаларын анықтауы керек.

Шетелдік университеттерде оқу үшін бюджеттік негізде «Болашақ» стипендиясы көзделген. Гранттың арқасында магистратурада, резидентурада оқуға немесе доктор дәрежесін алуға болады. Стипендия тек оқуға ғана бөлінбейді. Ол қазақстандық мамандарға әлемнің жетекші коммерциялық компанияларында тағылымдамадан өту құнын өтейді.

Білім беру грантын беру туралы мәселені қарау кезінде «Алтын белгісінің» (мектепті үздік бітіргені), республикалық немесе халықаралық мектеп олимпиадаларында немесе спорттық жарыстарда жеңістердің болуы елеулі артықшылық береді.

Білім беру гранты-бұл жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алудың тамаша мүмкіндігі. Бакалавриат оқу грантын ұтып алатын болса, Сингапурдағы сияқты міндетті түрде жұмыспен қайтару деген Қазақстанда қарастырылмаған. Қазақстанда жұмыспен қамту жағдайы қазіргі таңда өкінішке орай дұрыс жолға қойылмаған (Как поступить, 2022).

Соңғы 30 жылда экономикалық серпіліс жасап, Сингапур Шығыс Азияның алдыңғы қатарлы елдерінің біріне айналды, қарқынды дамып келе жатқан мемлекет және жас мамандарға өз мүмкіндіктерін іске асыру үшін үлкен болашақты ұсынатын коммуникациялар, технологиялар және зерттеулер орталығы болды. Сингапурда алған жоғары білім беделді ірі компанияда таңдаған мамандығы бойынша табысты жұмысқа орналасудың және мансаптық өсудің кепілі болып табылады (Высшее, 2021).

Онжылдықтар бойы білім беру жүйесі-ұлттық және әлемдік экономикаға сай өзгермелі қажеттіліктерге ұмтылды, біздің ойымызша ол негізгі жоғары институтционалды білім деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Сингапур және Қазақстанның білім беру жүйесіндегі ұқсастықтар мен ерекшеліктерді айта кету керек оларға:

Ұқсастықтары:

1. Сингапур сияқты Қазақстанда, білім беру жүйесін тәуелсіздік алған жылдардың басынан бастады.
2. Тәуелсіздік алған соң Сингапур білім беру жүйесінде бес жылдық реформаларды қабылдауды бастады, Қазақстанда бұл үрдісті басынан кешірді.
3. Тәуелсіздік жылдары оқытушылар басқа салаға кетіп жатқан жайттар екі елде де кездесті.
4. Сингапурлық мектеп оқушылары 1995 жылдан бастап математика және жаратылыстану ғылымдары бойынша салыстырмалы халықаралық тестілерден өтіп отырды (TIMSS). Қазақстан TIMSS (2007) және PISA (2009) сияқты халықаралық рейтингтерге қатыса бастады.
5. Сингапурлық мұғалімдерді даярлауда ең тиімді деп танылса, соңғы уақыттарда Қазақстанда сол мамандықтарда оқитын және оқуға түсетін шәкірттерге жоғарғы талап қолданыла басталды.
6. Сингапур сияқты Қазақстанда дәукімет, шетелдік инвестицияларды тарту және экспортқа бағдарланған экономиканы қалыптастыру үшін білікті кадрлар нарығын құрды.
7. Сингапур мен Қазақстанда білім бір маңызды қызметті орындады ол - ұлтты біріктіру болып табылады.
8. Білім мен ғылым министрліктерінің жиі ауысуы, аяқталмай қалған реформалар желісі екі елде де болды.
9. Екі ел арасында да, техникалық кадрлардың тапшылығы кездесті.

10. Бакалавр, магистратура, докторантура сияқты үш деңгейлі білім беру форматы екі елде де бар.
11. Сингапур мен Қазақстанда мамандарды жұмысқа қабылдау конкурстық негізде жүргізіледі.
12. Оқытушылардың біліктілігін арттыруға екі ел аса қатты көңіл бөледі.

Ерекшеліктері:

1. Сингапурда оқытушылардың 100 сағаттық біліктілікті көтеру курстары төленсе, Қазақстандық оқытушылар өкінішке орай өз қалтасынан төлеуге тиіс.

2. Сингапурлық ПОҚ-дың (Профессорлық-оқытушылар құрамы) жалақысы ел бойынша ең жоғары болып табылады, ал Қазақстанда бойынша олай айта алмаймыз.

3. Сингапурлық оқытушылар біліктілігін арттыруды әр апта сайын өтіп отырса, Қазақстандықтар ондай курстарды жылына бір немесе бес жылда бір өте алады.

4. Сингапурдағы жоғары білім беру жүйесі алдымен Ұлыбританияның университетінен үлгі негізінде алынды. Қазіргі таңда алдыңғы қатарлы Кембридж бен Оксфорд университеттерінің тәжірибесімен мамандар әзірлеуде, ал Қазақстан болса олай мақтана алмайды.

5. Сингапурда кәсіби білім алу жолында талаптар өте қатал қойылған, колледждерге оқуға түсу Қазақстандағы академия мен консерваторияларға түсу тәртібімен бірдей деп айтуға болады.

6. Әлемдік дәрежедегі сынақтар (TIMSS, PISA) тапсыру арқыры Сингапурлық оқушылар арнайы кәсіби және жоғары оқу орындарына түсуге өздерін әзірлейді. Қазақстандық оқушылар бұл бағдарламаны тапсырса да, оқу бағдарламаларының жиі өзгеруіне байланысты өте жақсы көрсеткіш көрсете алмай отыр, сол себепті де қосымша дайындықтың көмегіне жүгінуде.

7. Сингапур үкіметі білім беру жүйесіне инновациялық ыңғайлы жағдай жасай білді, сөйтіп имиджі құрылды, құндылығы артты. Қазақстан болса ол үрдісті енді ғана қолға ала бастады.

**Нәтижелер.** ЖОО-да Сингапурлық оқу әдістері қолданысқа енгізілсе де, моделін толық енгізу әзірге мүмкін болмай отыр, сондықтан бұл мемлекетпен тығыз жұмыс жүргізіп, тәжірибе жинақтау артық емес деп ойлаймыз.

Сингапурдың жоғары оқу орындары Азиядағы ең үздік университеттер болып саналады. Жергілікті оқу орындарымен қатар мұнда жетекші еуропалық жоғары оқу орындарының өкілдіктері жұмыс істейді. Сингапурда жыл сайын 150 мың шетелдік білім алады.

Сингапурда оқу өте тиімді болып келеді, неге? деген сұрақтың жауабы ол- 2 жыл ішінде диплом ала отырып, аттестат базасында бакалавриатқа түсу мүмкіндігіне ие бола алады. Бүкіл әлем Сингапурлық дипломдарды тани отырып, қазақстандықтар мен басқа да шетелдік студенттерге ағылшын тілінде білім алу мүмкіндігін ұсынады. Сингапурлық жоғарғы оқу орындары тиімді нұсқаны ұсыну арқылы:

- Үлкен білім беру бағдарламаларын таңдауы мүмкіндігіне ие болады,
- Тегін тренингтерге қатысу мүмкіндігі пайда болады,
- Кампус жатақханаларында тұру және инфрақұрылымды пайдалана алады,
- Қазіргі заманғы ғимараттар мен оқу залдарында дәріс алады,
- Жоғары оқу орындарына түсуде IELTS немесе TOEFL сертификатымен қабылдану ерекшеліктеріне ие болады.

Сингапурдың оқу орындарында қатаң тәртіп бар. Студенттерде әр дәрістің басында сканерлеуді қажет ететін арнайы карталар бар. Егер шетелдік студент дәрістердің 20% - жіберіп алса, олар оқудан шығарылып, студенттік визасын қайтарып ала алады.

Сингапурда оқу халықаралық білім беру стандарттарына сәйкес келеді. Бакалавр дәрежесін студенттер 2-3 жылдан, магистр - 1-2 жылдан, ғылым докторы - 2-4 жылдан кейін алады.

Сингапурдың көптеген университеттеріндегі докторантура екі түрге бөлінеді:

1. Зерттеу (research) тәуелсіз зерттеуден тұрады, оның негізінде студенттер дипломдық жұмысты тапсырады және ауызша қорғайды. Диссертацияларды ғылыми жетекшілер бақылайды. Сонымен қатар, студенттер 3-6 курс бойынша емтихан тапсырады. Курстар мен оқу жоспары университет пен бағдарламаға байланысты.

2. Курстық жұмыс (coursework) дәрістерден, жеке сабақтардан, семинарлардан, зертханалық жұмыстардан, жазбаша емтихандардан тұрады. Курстық жұмыстарға жобалық жұмыстар тапсырылады, соның негізінде студенттер диссертация жазады. Көптеген бағдарламалар ғылыми жұмыстың орнына бірнеше қосымша курстарды таңдауға мүмкіндік береді, сабақтар әдетте кешке өткізіледі.

Сингапурдың кейбір жоғары оқу орындарында біріктірілген PhD бағдарламалары ұсынылады. Олар сингапурлық және шетелдік жоғары оқу орындарының (Еуропа, Израиль, Үндістан) ынтымақтастығына негізделген. Сәтті аяқтағаннан кейін студенттер серіктес университеттердің екеуінің де мөрімен доктор дәрежесін алады.



Оқу кезінде көптеген бағдарламалар студенттің келесі кезеңге – диссертациямен жұмыс істеуге дайындығын растау үшін PhD біліктілік емтиханын өткізеді. Оны тапсыру екі кезеңнен тұрады: жобаны және тақырыпты презентация түрінде ауызша қорғау және тексеру комиссиясының алдында жазылған диссертацияны ауызша қорғау. Барлық талаптарды және ғылыми жұмысқа түзетулерді орындағаннан кейін университет студентке PhD дәрежесін береді.

Қазақстанның жағдайына келетін болсақ, жоғарыда атап кеткеніміздей ЖОО-на ҰБТ нәтижесімен қабылданады, 3-4 жылдық білім алу үрдісін аяқтап диплом алған түлек 1-2 жылдық магистратураға, кейінен 3 жылдық PhD докторантураға түсе алады (Обучение, 2021).

Магистратура мен докторантураға түсу ережесіне 2019 жылы өзгеріс енгізілгендіктен қазақстандықтар үшін де IELTS немесе TOEFL сертификаттарын көрсету керек болды. Мамандық бойынша сынақтан өтіп, емтихан тапсырылады. Жиналған балдық жүйе бойынша шешім қабылданады. Диссертация жазылып, ғылыми жетекшінің бақылауында болады. Докторлық ғылыми диссертациямен қоса шетелдік Скопус журналында мақала жарық көру керек. Диссертациялық кеңесте де өзгерістер енгізіліп, тұрақты және ауыспалы құрамы қорғауға ұсынылған диссертациялық тақырып бойынша жиналады. Диссертация қорғалған соң Ұлттық статусы бар жоғарғы оқу орындарында доктор дәрежесін беру үрдісі көп уақытты талап етпейді.

Қазіргі ХХІ ғасырдағы Қазақстан үшін үздіксіз кәсіби білім алу мен шет елдің тәжірибесін мамандардың бойына сіңіру бірінші орында тұр. Ал бұл дегеніміз, кәсіби білікті маман дамыған елдердің тәжірибесінде үздіксіз білім алып елімізде жаңа технологиялар мен ғылыми техникалық жетістіктерді ашуға мүмкіндік алады деген сөз.

Сингапур-бұл қатаң тәртіптің, шенеуніктердің еңбекқорлығы мен талапшылдығының, олардың кәсібилігі мен тамаша дайындығының салдары; меритократия қағидаты, сыбайлас жемқорлықтың төмен деңгейі, елдің саяси көшбасшыларының жоғары талаптары, кемелдікке ұмтылу және нақты нәтижелерге қол жеткізу негізінде ең қабілетті кандидаттарды жұмысқа қабылдау.

Сингапурлық білім беру кеңістігінде басты назар аударатын салалар бар оларға:

- инвестициялық холдингтік қызмет және электроника, ауыл шаруашылығы, тау-кен өнеркәсібі, теміржол және байланысты салалардағы индустрияландыру саласындағы қызметті қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, қорғаныс, инжинирингтік және соған байланысты қызметтер көрсету;

- аэроғарыш, кеме жасау және жол-жөндеу салаларындағы және қауіпсіздік саласындағы, негізінен қоғамдық қызметтері.

Қазақстанда мемлекеттік қызметкерлер сингапурлық моделді мұқият зерделеуі керек, өйткені ол белгілі бір қағидаттарға сүйене отырып, әлемдегі ең үздіктердің біріне айналды. Сингапурдан шынымен де үйренуге болатын нәрселер көп. Бұл Сингапурды тамаша басқарудың және оның әсерлі әлеуметтік-экономикалық жетістіктерінің негізі болып табылатын күшті, тиімді, адал және сезімтал ел екенін көрсетіп отыр.

Қазақстандық лауазымды тұлғалар 2008-2009 жылдар аралығында Сингапур елді мекенінде әсіресе мемлекеттік қызметкерлерді дайындайтын басқару мектебінде болып курстан өткен болатын, бұл сапардың мақсаты Сингапур мысалында индустриялық-инновациялық даму саласындағы үздік әлемдік тәжірибені және Қазақстанда осы тәжірибені қолдану мүмкіндігін зерделеу болды.

Оқу барысында бәсекеге қабілеттілікті арттыру, ғылымды, технологиялар мен инновацияларды дамыту саласындағы мемлекеттік саясат, ресурстарға бай елдердегі ұлттық әл-ауқат қорларының рөлі, сондай-ақ Сингапурдың ұлттық инновациялық жүйесін зерттеу мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Қалай болғанда да, артықшылықтар мен кемшіліктер салыстырмалы ұғымдар екенін және шетелдік білім беру саласында кәсіби жұмыс жасай отырып, Сингапурда оқу – бұл болашақта мансабты лайықты таңдауға өз көмегін береді деп айтуға болады.

Сингапур университеттерінде білім алу, оны Қазақстанда қолданысқа енгізу - бұл саналы ұрпақты бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуде көмегін тигізеді деген сөз. Әлемнің озық технологиясы мен ең жақсы дерісханаларында зерттеу жұмыстарын жүргізу, сұранысқа ие мамандық алу, әлемді өзгерте алатын үлкен ғылыми зерттеулерге қатысу, әрине, азиялық және еуропалық талғамды біріктіретін ерекше мәдениетке ену мүмкіндігіне ие болу деген сөз.

Сапалы білім, әлемнің түкпір-түкпірінде дипломдар танылып жатса, жоғары оқу орындары беделді халықаралық рейтингтерде жоғары орындарға ие болып, үздік 20 жоғары оқу орнының қатарына кіретін Қазақстандық жоғарғы білім беру моделін осы елдің үлгісімен жасасақ жаман болмас еді деп ойлаймыз.

Зерттеу жұмысын қорытындылай келе, Қазақстан мен Сингапур мемлекеттері бір бірін қайталай алатын, терезесі тең ұқсас деп айта алмаймыз, десек те, даму тарихы, білім беру сатылары, білім беру бағдарламалары мен қазіргі кезде сұранысқа ие мамандықтарды әзірлеуде қызығушылық танытып отырған тұстары сәйкес келіп жататын елдер ретінде қарастыра аламыз. Сингапур мен Қазақстанның жоғарғы білім беру жүйесінде мемлекет тарапынан бөлінетін оқу гранттары мен жеңілдіктер жағы да ұқсас. Айырмашылығы да жоқ емес. Сингапурлық студенттер мен қазақстандық студенттердің әлеуметтік-экономикалық жағын салыстыру мүлдем дұрыс емес шығар деп ойлаймыз. Сингапурлық білім беру жүйесіндегі инновациялық-технологиялардың даму қарқыны мен қазақстандық жоғары оқу орындарындағы мән-жай да көңіл толтырмайды. Айта беретін болсақ ондай тұстар көбеймесе азаймайтыны анық. Десек те, Сингапурлық жоғарғы оқу орындарының тәжірибесін қазақстандық ЖОО-на біртіндеп енгізу керектігі қазіргі таңның сұранысы мен ұсынысы ретінде қарастыруымыз керек.

Сингапурлық оқыту әдістемесі заманауи білім беру сұраныстарына жауап береді деп айта аламыз. Сингапурлық модель Қазақстандық білім беру үрдісі үшін оқу әдістемесіне: өз бетінше ойлауға, ұжыммен ынтымақтасуға, сыни ойлауға маңызды құзыреттерін дамытуға мүмкіндік береді. Сингапурлық моделді Қазақстанның үлкен қалаларында «Болашақ» гимназиялары арқылы ендіруде.

Сингапурлық тәжірибе білім беру жүйесін одан әрі реформалау тұжырымдамасын әзірлеу кезінде Қазақстан үшін қызығушылық тудыратынын атап өткіміз келеді.

*Пайданылған әдебиеттер тізімі:*

1. Kurbanova G.S. *Modern ways of development of higher education in the Republic of Kazakhstan // Молодой ученый.* – 2020. – № 17 (307). – С. 119-122.
2. А.Конуратова. *Эффективное образование: азиатский опыт.* Вестник КазНПУ., 2017, Алматы. <https://articlekz.com/article/18085>
3. Күзембаева В.Қ. *Ұлттың ұлы ұстазы: Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсынұвқа арналады.* – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001. – 267 бет.
4. Балахметова Г.К. *Этапы становления системы образования Республики Казахстан Вестник КазНПУ.* – Алматы, 2011. – С.48-51.
5. Шульгина Е. *Образование в Сингапуре: особенности и перспективы для иностранцев.* <https://evroportal.ru/obuchenie-za-rubezhom/obrazovanie-v-singapore-osobennosti-i-perspektivy-dlya-inostrantsev/>
6. Борисевич М. *Высшее образование в Казахстане 2022: особенности.* <https://www.nur.kz/family/school/1836616-vyssee-obrazovanie-v-kazahstane-osobennosti/>
7. Лесин С.М., Шевелёва Н.Н. *Ведущие образовательные системы мира: опыт Сингапура.* <https://edpolicy.ru/singaporeexperience?>
8. *Сингапур: система качественного образования.* <https://standard.kz/rw/post/singapur-sistema-kacestvennogo-obrazovaniya>
9. *Успешные мировые образовательные системы. Сингапур. Образовательная система республики Сингапур.* +987\ъхциџй,456+<https://infourok.ru/statya-na-temu-uspeshnie-mirovie-obrazovatelnie-sistemi-singapur-3120378.html?>
10. *Закон о языках в Республике Казахстан (2022).* <https://online.zakon.kz/>
11. «Болашақ»: отменить нельзя оставить-<https://kursiv.kz/news/tendencii-i-issledovaniya/2019-02/bolashak-otmenit-nelzya-ostavit>
12. *QS World University Rankings 2022: Лучшие мировые университеты.* <https://www.topuniversities.com>
13. *Современный Сингапур: «умная нация», порядок во всем и эволюция экономики.* <https://primeminister.kz/>
14. *Высшее образование в Сингапуре.* <https://www.globaldialog.ru/>
15. *Сколько стоит обучение в вузах Казахстана? Рейтинги.* <https://antiplagiat-killer.kz/>
16. *Как поступить на грант Казахстанцам в 2022 году: правила, документы.* <https://www.nur.kz/family/school/>
17. *Обучение в Сингапуре.* <http://www.postupionline.com/>

References:

1. Kurbanova G.S. *Modern ways of development of higher education in the Republic of Kazakhstan // Young Scientist*. — 2020. — № 17 (307). — Pp. 119-122.
2. A.Konyratova. *Effective education: the Asian experience. Bulletin Of Kaznpu.*, 2017, Almaty. <https://articlekz.com/article/18085>
3. Kuzembayeva V. K. *It is dedicated to the Great Teacher of the nation: outstanding public figure of the people, scientist, educator Akhmet Baitursynuly*. - Almaty: Central Science Library, 2001. -267 pages.
4. Balakhmetova G. K. *Stages of formation of the education system of the Republic of Kazakhstan "Bulletin of Kaznpu" Almaty*, 2011. - p. 48-51.
5. Shulgina E. *Education in Singapore: features and prospects for foreigners*. <https://evroportal.ru/obuchenie-za-rubezhom/obrazovanie-v-singapore-osobennosti-i-perspektivy-dlya-inostrantsev/>
6. Borisevich M. *Higher education in Kazakhstan 2022: features*. <https://www.nur.kz/family/school/1836616-vyssee-obrazovanie-v-kazahstane-osobennosti/>
7. Lesin S.M., Sheveleva N.N. *The world's leading education systems: Singapore experience* - <https://edpolicy.ru/singaporeexperience?>
8. *Singapore: quality education system*. <https://standard.kz/ru/post/singapur-sistema-kacestvennogo-obrazovaniya>
9. *successful world education systems. Singapore. The education system of the Republic of Singapore*. +987 \Kommersant,456+<https://infourok.ru/statya-na-temu-uspeshnie-mirovie-obrazovatelnie-sistemi-singapur-3120378.html?>
10. *Lex in Linguis, in Reipublicae Kazakhstan (2022)*. <https://online.zakon.kz/>
11. *"Bolashak": non potest cassari*-<https://kursiv.kz/news/tendencii-i-issledovaniya/2019-02/bolashak-otmenit-nelzya-ostavit>
12. *Qs (ix Mundi Universitas Nulla 2022: Mundi Optimum Universitates*. <https://www.topuniversities.com>
13. *Modern Singapore: a "nulla gens", ut in omnibus, et evolutionis de oeconomia*. <https://primeminister.kz/>
14. *Superiorum in Singapore*. <https://www.globaldialog.ru/>
15. *Quanti sumptus ad studia in universitatibus in Kazakhstan? Rating*. <https://antiplagiat-killer.kz/>
16. *Quam adhibere da Kazakhstanis in 2022: praecepta, documenta*. <https://www.nur.kz/family/school/>
17. *Stadium in Singapore*. <http://www.postupionline.com/>

УДК 9 (93).930  
МРТНИ 16.21.25

Сутеева Х.А.\*<sup>1</sup>, Ермуқанов Е.Н.<sup>2</sup>, Рүстем К.М.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный государственный университет имени Абая, к.и.н., профессор,  
г. Алматы, Казахстан

E-mail: [lyazzatdosim@mail.ru](mailto:lyazzatdosim@mail.ru)

<sup>2</sup>Казахский национальный государственный университет имени Абая, к.и.н., доцент,  
г. Алматы, Казахстан

E-mail: [ermukan\\_erkin@mail.ru](mailto:ermukan_erkin@mail.ru)

<sup>3</sup>Казахский национальный государственный университет имени Абая,  
к.и.н., ассоциированный профессор м.а.

г. Алматы, Казахстан

E-mail: [kamshat\\_rustem@mail.ru](mailto:kamshat_rustem@mail.ru)

## ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА, ПРОВОДИМАЯ КИТАЙСКОЙ НАРОДНОЙ РЕСПУБЛИКОЙ В ЦЕНТРАЛЬНОАЗИАТСКОМ РЕГИОНЕ В 1992-2001 ГОДЫ.

### Аннотация

В предлагаемой статье рассматривается возникновение новых независимых среднеазиатских государств в Центральной Азии после распада Союза Советских Социалистических Республик (СССР) и дается общая характеристика среднеазиатского региона в постсоветский период. Показано место нового актора международных отношений - постсоветской Центральной Азии, занимаемой во внешней политике Китая. Конкретно рассматриваются формирование, развитие и эволюция экономических связей Китайской Народной Республики с Казахстаном, Узбекистаном, Туркменистаном, Таджикистаном и Кыргызстаном в 1992-2001 годы. Дается общая характеристика инвестиционной политики Китая в центральноазиатских государствах, всесторонне анализируется, проводимая им конкретная инвестиционная политика в Кыргызстане, Таджикистане, Туркменистане и Узбекистане. Показаны положительные стороны этого процесса и угрозы, которые представляет экономическое «наступление» Поднебесной в регион, и предложены пути выхода стран Центральной Азии из превращения их в сырьевой придаток Китая.

**Ключевые слова:** Союз Советских Социалистических Республик, актор, регион, постсоветская Центральная Азия, Шелковый путь, импорт, экспорт, товарооборот, проектная деятельность, инвестиционная политика, сырьевой придаток, экономическое «наступление» мирная экспансия, угрозы, вызовы, эволюция, Содружество Независимых Государств, Шанхайская Организация сотрудничества.

Сутеева Х.А.\*<sup>1</sup>, Ермуқанов Е.Н.<sup>2</sup>, Рүстем К.М.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, т.ғ.д., профессоры,  
Алматы қ., Қазақстан

E-mail: [lyazzatdosim@mail.ru](mailto:lyazzatdosim@mail.ru)

<sup>2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, т.ғ.к., доцент

E-mail: [ermukan\\_erkin@mail.ru](mailto:ermukan_erkin@mail.ru)

Алматы қ., Қазақстан

<sup>3</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.

Алматы қ., Қазақстан

E-mail: [kamshat\\_rustem@mail.ru](mailto:kamshat_rustem@mail.ru)

## ОРТАЛЫҚАЗИЯЛЫҚ АЙМАҚТАҒЫ ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 1992-2001 жж. ЖҮРГІЗГЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ

### Аңдатпа

Ұсынылып отырған мақалада Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы(КСРО)-ның күйреуінен кейінгі Орталық Азияда жана тәуелсіз ортаазиялық мемлекеттердің пайда болуы қарастырылып, посткеңестік кезеңдегі ортаазиялық аймаққа жалпы сипаттама берілген. Халықаралық қатынастардың

жаңа акторы - посткеңестік Орталық Азияның Қытайдың сыртқы саясатындағы алатын орны көрсетілген. Орталықазиялық аймақтағы Қытайдың жүргізіп жатқан экономикалық саясаты талданып. Қытай Халық Республикасының нақты Қазақстан, Өзбекстан, Түркменстан, Тәжікстан және Қырғызстанмен 1992-2001 жылдардағы экономикалық байланыстарының қалыптасуы, дамуы және оның эволюциясы қарастырылады. Қытайдың орталықазиялық мемлекеттердегі инвестициялық саясатына жалпы сипаттама беріліп, оның Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан және Өзбекстандағы жүргізіп жатқан инвестициялық саясаты жан-жақты талданады. Бұл процестің оң жақтары мен Аспан асты елінің осы аймаққа экономикалық «шабуылының» туғызатын қауіптері көрсетілген және Орталық Азия елдерінің Қытайдың шикізат қосымшасына айналуынан шығу жолдары ұсынылған.

**Кілт сөздер:** Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы, актор, аймақ, посткеңестік Орталық Азия, Жібек жолы, импорт, экспорт, сауда айналымы, жобалық қызмет, инвестициялық саясат, шикізат қосымшасы, экономикалық «шабуыл» бейбіт экспансия, туғызатын қауіптер, эволюция, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы.

*Suteeva H.A.\*<sup>1</sup>, Ermukanov E.N.<sup>2</sup>, Rustem K.M.<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup>Candidate of Historical Sciences, professor, Kazakh National State University named after Abay, Almaty, Kazakhstan*

*E-mail: lyazzatdosim@mail.ru*

*<sup>2</sup>Candidate of Historical Sciences, docent, Kazakh National State University named after Abay, Almaty, Kazakhstan*

*E-mail: ermukan\_erkin@mail.ru*

*<sup>3</sup>Candidate of Historical Sciences, associate professor, Kazakh National State University named after Abay, Almaty, Kazakhstan*

*E-mail: kamshat\_rustem@mail.ru*

## **THE ECONOMIC POLICY PURSUED BY THE PEOPLE'S REPUBLIC OF CHINA IN THE CENTRAL ASIAN REGION IN 1992-2001**

### *Abstract*

The proposed article examines the emergence of new independent Central Asian states in Central Asia after the collapse of the Union of Soviet Socialist Republics (USSR) and gives a general description of the Central Asian region in the post-Soviet period. The place of a new actor of international relations - post-Soviet Central Asia, occupied in China's foreign policy, is shown. The formation, development and evolution of economic relations of the People's Republic of China with Kazakhstan, Uzbekistan, Turkmenistan, Tajikistan and Kyrgyzstan in 1992-2001 are specifically considered. The general characteristics of China's investment policy in the Central Asian states are given, the specific investment policy pursued by it in Kyrgyzstan, Tajikistan, Turkmenistan and Uzbekistan is comprehensively analyzed. The positive aspects of this process and the threats posed by the economic "offensive" of the Celestial Empire in the region are shown, and ways are proposed for the Central Asian countries to exit from turning them into a raw material appendage of China.

**Keywords:** Union of Soviet Socialist Republics, actor, region, post-Soviet Central Asia, Silk Road, import. export. trade turnover, project activity, investment policy, raw materials appendage, economic "offensive" peaceful expansion, threats, challenges, evolution, Commonwealth of Independent States, Shanghai Cooperation Organization.

**Кіріспе.** Кеңес үкіметі ыдырағаннан кейін Орталық Азиядағы (ОА) посткеңестік кеңістікте бес тәуелсіз мемлекет – Қазақстан, Өзбекстан, Түркменстан, Тәжікстан, Қырғызстан пайда болды. Сонымен қатар бұл оқиғалар ортаазиялық кеңістікте «геосаяси вакуумның» пайда болуына және бұл кеңістіктегі ықпалын өсіру үшін ұлы державалардың саяси ойындарының басталуын көрсетті. Ортаазиялық мемлекеттермен ортақ шекаралары бар Қытай да бұл жердегі ықпал ету аясын бөлісудің белсенді мүшесі бола бастады және бұл аймақ Қытай Халық Республикасының (ҚХР) сыртқы саясатының негізгі бағытына айналды. Қытай әр уақытта Орталық Азия аймағын өзінің геосаяси және сауда-экономикалық мүдделерін жүзеге асыратын кеңістік ретінде қарастырып отырды. Қытайдың бөтен әлеммен экономикалық байланыстарын жасап отырған «Жібек жолы» Орталық Азия аймағы территориясы арқылы өткені бәріне мәлім. XX ғ. екінші жартысындағы кеңес-қытай қатынастары шиеленіскен кезеңде, Қытай көршілеріне

территориялық претензияларын айтты, олардың қатарында Орта Азияның кеңестік республикалары мен Қазақстан да бар еді. Орталық Азияда Қытаймен шекаралас Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан, олардың Аспанасты елімен негізгі территориялық және бөтен де мәселелерді реттеген екіжақты келісімдері бар. Және де бұл елдер халықаралық Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ) шеңберінде бірігіп қызмет жасайды. Таяу географиялық орналасуы, шекаралардың ашықтығы және бұл мемлекеттер арасындағы дамыған транспорттық жүйенің болуы сияқты факторлар, Қытайдың бұл Орталық Азияда орналасқан мемлекеттеріне ықпалының артуына қолайлы жағдайлар жасап отыр. Сонымен қатар, жоғарыда аталған мемлекеттермен қазақтар, қырғыздар, тәжіктер, өзбектер көптеп мекендеген Қытайдың Шыңжаң-Ұйғур Автономиялық Ауданы (ШҰАА) шекаралас. Қазіргі заманғы қалыптасқан жағдай, мысалы, орыстілдес халықтарының Орталық Азиядан көшіп кетуі – жоғарыда аталған аудандағы этностардың бауырлас қазақ халқымен іскерлік қатынастарының жандануына серпіліс берді. Жоғарыда айтылғандардың бәрін қорытсақ, ҚХР Кеңес Одағы құйрегеннен кейінгі, Орталық Азиядағы пайда болған жаңа тәуелсіз мемлекеттерге ықпалын асыруға ұмтылған бір де бір мемлекет. Және де Қытайдың қазіргі заманғы орталық-азиялық саясатында маңызды орын алатын оның экономикалық саясаты.

Қытайдың қазіргі заманғы орталықазиялық саясатын, нақты оның ішінде бұл жерде жүргізіп жатқан экономикалық және инвестициялық саясатын, оны жүргізуде Аспанасты елінің көздеген мақсаттарын, бұл қытай экономикалық «шабуылының» орталықазиялық мемлекеттерге төндіретін қауіптерін, одан құтылудың жолдарын қарастыру өте өзекті және қажетті. Бұл талданып отырған мәселенің өзектілігін көрсетеді.

Мақаланың негізгі мақсаты – Қытайдың қазіргі заманғы Орталық Азиядағы саясатын зерттеу және оның орталықазиялық мемлекеттердің экономикасына жағымды және жағымсыз жақтарын көрсету. Жұмыстың авторы алдына мынадай мақсаттарды қойды:

- КСРО-ның ыдырауы мен халықаралық қатынастардың жаңа акторы - «Орталық Азияның» пайда болуын көрсету;

- Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі жалпы орталықазиялық аймақтың жағдайына сипаттама беру;

- 1991 жылдан кейінгі ҚХР-ның бұл аймақтағы сыртқы саяси бағытының өзгеруіне талдау жасау;

- Қытайдың қазіргі заманғы Орталық Азиядағы саясатын, нақты оның ішінде экономикалық және инвестициялық саясатын жан-жақты зерттеу;

- Қытайдың Өзбекстан, Түркменстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Қазақстандағы инвестициялық саясатын зерттеп, Аспанасты елінің бұл инвестициялық «шабуылының» орталықазиялық мемлекеттерінің экономикасына төндіретін қауіптерін анықтап, олардың алдын алу жолдарын көрсету.

**Материалдар мен әдістер.** Мақаланың деректік негізін құрайтын Қазақстан Республикасы Агенттігінің елдің 2001-2017 жылдар аралығында әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттайтын статистикалық мәліметтер; Өзбекстан, Түркменстан, Тәжікстан, Қырғызстан Республикаларының Ұлттық статистикалық комитеттерінің 2001-2017 жылдардағы бұл мемлекеттердің экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерін сипаттайтын мәліметтер. Бұл деректерге елеулі қосымша болған, ортаазиялық республикаларының Статистика бойынша Мемлекеттік комитеттерінің, елдеріндегі демографиялық ахуал туралы берген мәліметтері.

Қытайдың Орталық Азиядағы тұтастай экономикалық саясатын, оның ішінде инвестициялық саясатын жан-жақты зерттеуге арқау болған, ОА-ның Ұлттық статистикалық органдарының 1991-2016 жж. өздерінің елдерінің дамуына қатысты берген материалдарға сүйеніп жазылған Дамудың Азиялық Банкінің (ДАБ) уникалдық деректері болды. Бұл тақырыпты зерттеуге баға жетпес қайнар көз болған америкалық «Орталық Бақылау Басқармасының (ОББ/ЦРУ) әлем елдері бойынша Анықтамалығы». Онда Қытайдың Орталық Азиядағы инвестициялық саясатына, орталықазиялық мемлекеттердің экономикасын халықаралық финанстық институттардың қаржылау ерекшеліктеріне, қазіргі замандағы Орталық Азия елдерінің сыртқы қарыздық жағдайына қатысты өте құнды фактілік материалдар келтірілген. Бұл зерттеуге маңызды ақпараттық дерек болған баспасөз материалдары. Біз зерттеп отырған мәселеге, баспасөз құралдарында аса зор көңіл бөлген журналдар «Орталық Азия және Кавказ», «Экономикалық шолулар», «Қиыр Шығыс проблемалары», «Шығыс» және басқалары.

Зерттеу барысында жалпығылыми (логикалық, жүйелі-құрылымдық, индуктивтік, дедуктивтік, т.б.); тарихи (тарихи-салыстырмалы, тарихи-генетикалық, тарихи-типологиялық, тарихи-жүйелілік, т.б.); тарихи талдау әдістері (тарихи-салыстырмалы, ретроспективтік және т.б.); салыстырмалы-педагогикалық зерттеу әдістері (жүйелілік-құрылымдық, жүйелілік-талдау, құрылымдық-функционалдық, ғылыми зерттеулерді және мұрағат материалдарын оқып-танысу және теориялық талдау, жұмыс нәтижелерін болжау, т.б.) сияқты тәсілдер қолданылды.

**Талқылау.** Көп уақыт бойы Қытай мен Орталық Азия (ОА) арасында тығыз экономикалық байланыстар болды. Ұлы Жібек жолы гүлденген кезеңде Қытай және Еуропа ірі экономикалық және сауда орталықтары болды. Қазіргі заманғы Орталық Азияның территориясы мен оның маңында орналасқан нешестүрлі мемлекеттік құрылымдар, мысалы қазіргі Шыңжаң облысы, бұл екі ірі финанстық аймақты байланыстырып отырған буын болды. Осы уақытта Қытай Орталық Азия үшін ғылыми білімдер мен жетілдірілген технологияларлы тасушы ел болды. Кейінірек XIX ғ. Ресей империясы, одан кейін оның жалғасы болған КСРО Орталық Азияның территориясын өзіне қосып алып, оны өзінің территориясының бір бөлігіне айналдырғаннан кейін, Қытай мен ОА арасындағы экономикалық байланыстар әлсіреді. Бұл экономикалық байланыстардың одан әрі дамуы тек КСРО ыдырағаннан кейін ғана жалғасын тапты.

Қытай Халық Республикасының (ҚХР) посткеңестік Орталық Азиядағы экономикалық саясаты, Пекинді жаһандық экономика мен әлемдік саясаттың орталығына айналдыруға арналған стратегиясының бір бөлшегі және ол концептуалдық тұрғыдан әлі жасалып біткен жоқ [1,8 б.].

Посткеңестік кезеңдегі Қытай мен Орталық Азияның экономикалық қатынастарының дамуында өзбекстандық тәуелсіз сарапшылар В.Парамонов, А.Строков, ташкенттік тәуелсіз әскери аналитик О.Столповский 3 кезеңді жіктейді [2,121 б.].

Бірінші кезең 1992-1995 жж. қамтиды. КСРО-ның ыдырауы Қытай үшін күтпеген жағдай болды, сондықтан 1990-шы жылдардың басында Қытайдың бұл аудандағы ұзақмерзімдік мүдделері туралы толық түсінігі әлі қалыптаспады. Және өзі үшін «terra incognita» болған жерде Пекин концептуалдық ойластырылған саясатты жүргізуге әлі дайын емес еді. ОА-ғы жағдайдың тұрақсыздығы және кеңестік дәуірден мұраға қалған шешілмей қалған проблемалардың болу жағдайында, бұл аймаққа экономикалық енуді ҚХР өзінің приоритеттік мақсаты деп есептемеді.

Және де ол уақытта Қытайдың ОА белсенді түрде енуі мүмкіндіктері де жоқ еді, себебі оның экономикасы әлі әлсіз еді. Ал ортаазиялық мемлекеттер де ол уақытта ҚХР өздеріне перспективтік экономикалық серіктес деп қарастырмады: 1990-шы жылдардың басында олардың сыртқы экономикалық ұмтылыстары Ресейге, өнеркәсіптік дамыған Батыс елдеріне және мәдени бірлестігі бар мұсылман әлемінің ауқатты мемлекеттеріне бағытталған еді.

Осылайша, 1990-шы жылдардың басында Қытай ОА елдеріне қатысты «күту стратегиясын» ұстанды. Сондықтан Қытай бірінші кезекте тұрған мәселелерді шешумен айналысты: дипломатиялық қатынастарды орнату және кеңейту, Ресеймен бірігіп территориялық проблемалар мен шекаралас аудандарда әскери қатысу деңгейін төмендету және уйгурлық сепаратизм мәселесіне бірлескен ұстанымдарды жасау [2,130 б.].

XX ғ. 90-шы жылдарының басы Қытайдың өзін абайлап ұстау саясатымен сипатталды, ол жаңа ортаазиялық мемлекеттермен сауда қатынастарын орната бастады. Сауда қатынастары стихиялық түрде қалыптасты және басымдылыққа көбінесе ие болған челноктық бизнес. Орталық Азияға қатысты саясатта, ҚХР-ның саясатының күн тәртібінде ОА-мен толыққанды экономикалық қатынастар орнату қойылған жоқ, олар бұл аудандағы сауданы Орталық Азиямен шекаралас Шыңжаң-Ұйғыр Автономиялық Ауданының (ШҰАА) экономикасын дамытуға қосалқы мүмкіндік болады деп есептеді және ол жалпы Қытай және ШҰАА-ны үшін басымдылыққа ие бағыт болады деп есептемеді. Көбінесе ол бұл аймақтағы қытайдың ұзақмерзімдік мүдделерінің әлі белгіленбегенімен және ҚХР-ның бұл ауданға ену үшін экономикалық, саяси-дипломатиялық және бөтен де мүмкіндіктерінің шектеулігімен байланысты еді. Сондықтан Қытайдың бұл аймақта экономикалық қатысуы, көлемі өте аз болған, негізіннен стихиялық сипатта жүргізілетін саудамен ғана шектелді. 1992-1995 жылдары аралығында Қытайдың орталықазиялық елдерімен тауар айналымы жылына 360-512 млн долл. шеңберінде болды в год (1 кестені. қараңыз) [3,96 б.].

1-кесте

1992-1995 жылдар арлығындағы Қытайдың ОА елдерімен саудасы

Жылдар	Тауар айналымы, млн долл.	Қытайдың ОА экспорты млн долл.	Қытайдың ОА импорты млн долл.
1992	422	276	146
1993	512	244	268
1994	360	235	125
1995	486	285	201

Негізіннен сауда Қытайдың ШҰАА-на шекаралас Қазақстан мен Қырғызстанмен жүргізілді. Осылайша, ОА басында Қытайдың экономикалық қатынастарының объекті ретінде қарастырылмады, ол ШҰАА-ның экономикасының дамуының қосымша акселераторы ретінде қарастырылды.

Тұтастай алғанда, 1990-шы жылдардың басында ОА-мен экономикалық қатынастарды дамыту Қытайдың сыртқы саясатының маңызды мәселесе болған жоқ, олар бұл аудандағы сауданы Орталық Азиямен шекаралас Шыңжаң-Ұйғыр Автономиялық Ауданының(ШҰАА) экономикасын дамытуға қосалқы мүмкіндік болады деп есептеді және ол жалпы Қытай және автономдық ауданға басымдылыққа ие бағыт болмады.

Екінші кезең 1996-2001 жылдарды қамтиды. 1990-шы жылдардың екінші жартысында Қытай орталықазиялық бағытта белсенділік көрсете бастады. ОА-ның ҚХР үшін маңыздылығының артуы жаһандық және ұзақмерзімдік мақсаттарды шешумен қатар, мынадай себептерге байланысты болды: аймақтағы кешендік қауіпсіздік мәселелерін шешуге Қытайдың аландауы және өзінің ішкіконтиненталдық территорияларының, әсіресе ШҰАА-ның, экономикалық дамуын жеделдету мақсаты.

1990-шы жылдардың ортасына таман Пекин өзінің сыртқы саясатының принципалдық мәселелерін қайтадан қарастыруға мәжбүр болды. Негізіннен ол 1997-1998 жж Оңтүстік-Шығыс Азиядағы қаржы дағдарысымен байланысты болды.

Дәл осы уақытта, 1990-шы жылдары, ОА-мен шекаралас аудандардың экономикалық дамуының Қытайдың жағалаулық аудандарынан артта қалуы айқын көріне бастады және де ол өз кезегінде елдің «ұлттық аймақтарындағы» әлеуметтік жағдайының нашарлауына ықпалын тигізді

Екінші кезеңге Қытайдың бұл аймаққа белсенді экономикалық енуі тән, себебі Қытай бұл аумақты өзінің батыс аудандарының, оның ішінде ұйғыр ауданының, дамуының акселераторы ретінде көрді. Және бұл уақытқа таман Пекиннің ОА қатысты ұзақмерзімдік стратегиясы белгіленіп болды. Қытай Орталық Азияның табиғи ресурстарына, мысалы қазақстандық мұнайға қолын жеткізгісі келді, және өзінің өнімдерін бұл территорияға таратқысы келді. Осылайша, бұл кезеңде Аспан асты елі бұл аймаққа қатысты экономикалық саясатын активтендірді [4,56 б.].

Бұл аймақтың Қытай үшін маңыздылығының артуы мынадай себептерге байланысты еді: ШҰАА-ның экономикалық дамуының мүдделері. Қытайдың ішкконтиненталдық территориялары оның теңіздік территориялардан дамуы бойынша әжептәуір артта қалып отыр еді. Сондықтан, дәлелденген мұнай мен газдың бай қоры және бөтен де шикізаттық ресурстары мен, халық саны 55 млн жететін көлемді базары бар ОА-ны енді Пекин өзінің ішкконтиненталдық территорияларын жеделдете дамыту бғдарламасының - «Батысты үлкен игеру» ұлттық стратегиясының жүзеге асыру контекстінде қарастыра бастады. Және сонымен қатар Орталық Азия оның тауарларын сатуға жарайтын базар еді. Сондықтан бұл аумақты Пекин өзінің «Ұлкен Солтүстік-Батысты» (оның ішіне ШҰАА-да кіретін еді) игеру стратегиясын жүзеге асыру контекстінде қарастыра бастады,

Осылайша, 90-шы жылдардың ортасына таман Орталық Азия елдерімен қауіпсіздік саласындағы қарым-қатынастарды интенсификациялаумен қатар, оның ішінде «Шанхай бестігінің» ішінде, Қытай экономикалық қатынастардың дамуына да импульс берді. Ол ҚХР-ның ОА-ғы, негізіннен мұнай саласындағы, жобалық-инвестициялық қызметінің белсенденуінде және сауда көлемінің, оның ішінде челноктық сауда да бар, өсуінде көрінді.

Қытайдың Орталық Азия мемлекеттерімен сауда байланыстарының интенсификациялануына, ресей-орталықазиялық экономикалық қатынастарының масштабын күрт түсіріп жіберген, Ресейде 1998 жылы өтіп жатқан қаржылық-экономикалық дағдарыс да септігін тигізді. Аймақ елдері қытай импортының көлемінің өсуіне, негізінен тұтынушылық тауарлар мен машиналардың әкелуіне ынта білдіре бастады. ШҰАА-ны қытай-ортаазиялық сауданың 60-70% өз жері арқылы өткізе отыра, бұл аумақтың сауда площадқасы рөлін ойнайтын болды. Жоғарыда айтылғанның барлығы ҚХР-ның бұл аймаққа жеделделтілген экономикалық экспансиясын себебі болды.

Бөтен жағынан алғанда, 1990-шы жылдардың екінші жартысында ҚХР-ның ОА-ның тұтынушылық базарларына көңілі ауа бастады. Ол уақытқа таман аймақ елдері де қытай импортының көлемінің өсуіне, негізіннен тұтынушылық тауарлар мен машиналардың әкелуіне ынта білдіре бастады, себебі КСРО ыдырағаннан кейін оның шеңберінде болған мемлекеттердің дәстүрлі экономикалық байланыстары үзілді де олар тұтынушылық тауарлар мен машиналарға зару болып қалды. Бұл сұраныстың өсуі Қытайдың өндіріс көлемдерін өсірді. 1990-шы жылдардың екінші жартысында Қытай мен ОА аймағы елдері арасындағы сауда көлемі біршама өсті. 1996-2000 жылдары аралығында Қытайдың ОА елдерімен тауар айналымы 580-1 050 млн долл. шеңберінде еді, ол 1990 жылдың бірінші жартысындағы көрсеткіштен екі есе өскенін көрсетті (2 кестені қараңыз) [5,102 б.].



1996-2000 жж. аралығындағы Қытайдың ОА елдерімен саудасы

Жылдар	Тауар айналымы, млн долл.	Қытайдың ОА экспорты ЦА млн долл.	Қытайдың ОА импорты млн долл.
1996	674	357	317
1997	699	365	334
1998	588	390	198
1999	733	350	383
2000	1041	611	430

Бірақта Қытайдың аймақ елдерімен сауда құрылымы айқын түрде «шикі затты дайын өнімге айрбастау» формуласы ретінде қалыптаса бастады. ОА мемлекеттерінің ҚХР-на экспорттайтын тауарлар қатарында энергияны тасушылар, химиялық, тоқыма шикізаты (мақта талшығы, шикі жібек, былғары шикізаты), кара және түрлі-түсті металлдар (тіптен металл сынықтары да) және т.с.с т.п. Өз кезегінде Қытайдың ОА-ға экспорты негізінен кең тұтынылатын таурлардан тұрды, олар өңірдің бірқатар мемлекеттерінің тұтыну нарықтарын едәуір дәрежеде қанықтырды (бірінші кезекте Қазақстан мен Қырғызстанның).

Сонымен қатар, 1990-шы жылдардың ортасынан бастап Пекин табандылықпен ОА аймағына өзінің транспорттық-коммуникациялық жобаларын енгізіп отыр, мысалы автожолдық магистральдер желісін құру және «Қытай-Қырғызстан-Өзбекстан» теміржолын салу. Бұл жобалардың барлығы ШҰАА мен жалпы Қытайдың экономикасының дамуында маңызды роль атқарар еді.

Нәтижесінде қарастырылып отырған кезең ҚХР-ның ОА-дағы саясатында маңызды болды, себебі экономикалық тұрғыдан алғанда Пекин өзінің «күту стратегиясынан» бас тартып «біртіндеп аймаққа ену» саясатына көшті. Сонымен бірге, ол 1990-шы жылдармен салыстырғанда, өзінің ОА-ғы басымдықтарын толық айқындап алған еді: ол бұл аймақтағы қытай компанияларының нәтижелі экономикалық қызмет жасауына қолайлы жағдайлар жасау.

Осылайша Қытай екінші кезеңде өзінің ОА қатысты күту стратегиясын аймаққа белсенді ену саясатымен айырбастады.

2001 жылдың 11 қыркүйегіндегі оқиғалардан кейін басталған кезең - осы уақытқа дейін созылып жатыр. Ол ОА аймағының ҚХР-ның сыртқы экономикалық және сыртқысаяси стратегиясындағы маңыздылығының өсуімен сипатталады және соған байланысты Қытайдың бұл бағыттығы саясатының белсенділігінің артуын көрсетеді.

XXI ғ. басынан бастап Қытай Орталық Азияға экономикалық енуін жандандырды. Егерде бұған дейін Қытай мен ОА аймағының қарым-қатынастарында экономикалық қатынастар маңызды орын алмаса, жаңа ғасырдың бірінші онжылдығында Пекин ОА-ға экономикалық енуін өзінің ОА-ға қатысты стратегиясының өзегі деп есептейді. Және де Қытай, сауданың көлемін өсіру, жобалық-инвестициялық және қаржылық қызметін интенсификациялау арқылы, өзінің позицияларын аймақ елдерінің экономикасында бекітуге үмтылып отыр, ал ол үшін аймақ елдерінің экономикаларының өзіне қажетті салаларын қаржылап отыр.

ҚХР-ның сауда саясатының жандандыруына байланысты, ОА қытай өндірушілерінің қатысуының өсуі байқалады. 2001-2003 жылдары аралығында аймақ елдеріне қытай тауарлары мен қызметтерді жеткізу шамамен 2 есеге өсті – 0,8-ден 1,9 млрд. долларға дейін, ал жалпы тауар айналымы – 1,5 - 3,3 млрд. долларға дейін [6,17 б.].

2004 жылдан бастап, Пекин өзінің тауарларын, әсіресе машиналар мен құрал-жабдықтарды және қызметтерін бұл аумаққа жеткізу үшін көп күш салды. Нәтижесінде 2004–2008 жылдар аралығында қытай жеткізілімдерінің көлемі шамамен 6 есеге өсті – 1,9 - дан 11,6 млрд. долларға дейін, ал жалпы тауар айналымы 3,3-нан 20,2 млрд. долларға дейін. Әрі, нақты алғанда, қытай өндірушілерінің аймақта қатысуы, статистикалық деректерде көрсеткенінен едәуір жоғарырақ, себебі олар челноктық сауданы есепке алмайды. Бұл жағдайды Қытайдың орталықазиялық-қытайлық саудаға қатысты мәліметтері дәлелдейді. ҚХР-ның статистикалық мәліметтері бұл екі ел арасындағы сауда айналымын, аймақ елдерінің статистикалық мәліметтері көрсеткенінен 35-40% жоғары екенін көрсетеді [6,20 б.].

*Қазақстан.* Қытайдың орталықазиялық сауда саясатында принципалдық маңызды орын, ҚХР-мен дамыған көлік қатынасы бар, тұрғындарының жоғары сатып алушылық қабілеті бар және сонымен қатар

либералдық сыртқысаудалық режимге ие, онымен шекаралас және территориясы бойынша аймақтың ең ірі елі болған Қазақстанға тиесілі.

Дипломатиялық қатынастарды орнатқаннан бастап Қытай Қазақстанды өзінің Орталық Азиядағы экономикалық мүддесінің негізі объекті ретінде қарастырады. Бірақта 90-шы жылдардың басында Қытайдың Қазақстандағы қатысуы өте аз болды және тек саудамен шектелді. 1992–1995 жылдар аралығында қытай экспортының көлемі жылына 130-250 млн. долларға теңелді, ал жалпы тауар айналымының көлемі – 210-450 млн. долларды құрады [2,136 б.].

90-шы жылдардың екінші жартысында Қытайдың Қазақстанға экономикалық енуі әжептәуір өсті. Бір жағынан ол қытай өндірушілерінің қазақстандық тұтынушылық базарда қатысуының көбеюінде және сауда айналымының өсуінде көрінді: 1996-2000 жж қытай жеткізімдерінің көлемі шамамен жылына 250-460 млн. долларға жетті, ал екіжақтық сауда айналымы – жылына 490-825 млн. долларға жетті [2,137 б.].

XXI ғ. бірінші онжылдығының басталуына таман Қазақстанға Қытайдың экономикалық енуінің көлемі мен тереңдігінің арта түсуі толық айқындалды. 2001-2008 жж. Қытайдан елімізге тауарларды жеткізу 11,3 есе өсті – жылына 0,74-тен 8,4 млрд. долларға жетті, ал екіжақтық жалпы сауда айналымы 1,25-тен 16 млрд. долларға жетті [2,138 б.].

Тұтастай алғанда ҚХР-ның Қазақстандағы экономикалық қатысуының масштабтары әжептәуір. Астана қытай мүдделерін тауарды өңдеу салалары мен жалпы өнеркәсіптік және инновациялық ынтымақтастықты дамытуға бағыттағысы келгенімен, Қытай мен қытай компаниялары баяғыша тек қазақстан экономикасының шикізаттық салаларында ғана қызмет жасайды.

Нәтижесінде ҚХР-ның Қазақстандағы экономикалық қатысуы, оның тауарды өңдеу салалары мен жалпы өнеркәсіптік және инновациялық дамуына әсер етпей, республиканың Астан асты елінің экономикасының «шикізаттық қорына» айналуына әкеле жатыр. Ал Қытайдың Қазақстанда жүргізіп жатқан саясатының сипаты, Қазақстанның ұзақ мерзімдік мүдделері тұрғысынан қарағанда түсініксіздеу. Бір жағынан қарастырғанда қытайлық қаржылар әзірше қазақстандық экономикаға, әсіресе әлемдік дағдарыстар уақытында «суға батып кетпеуге» көмектеседі, Екінші жағынан бұл жағдай елдің біртіндеп Қытайға тәуелді болуын, әсіресе қаржы саласында және өзінің шикізаттық ресурстар мен стратегиялық өндірістерін бақылау құқынан айрылу қауіпін тудырады.

Сауда экономикасының салаларымен қатар, Қытайды ендігі кезекте қытай бағытына шикізаттық ресурстарды өңдеу мен таситын салалар қызықтырып отыр. Келешекте Пекиннің Астанамен ынтымақтастықты бекітуге тырысуы, оның қазақстандық қара және түрлі-түсті металдарды өндіруге, құрылыс материалдарын жасауға, жаңа электр генерациялайтын қуаттарды құруға және оған қажетті көліктік инфрақұрылымды құруға бағытталады.

*Қырғызстан.* Екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастарды орнатқаннан бастап, Қытай Қырғызстанды өзінің сауда өнімін өткізетін базар ретінде қарастырған жоқ, ол оны өзінің жалпы посткеңестік кеңістікке және Орталық Азияға экономикалық экспансиясын жүргізетін стратегиялық плацдарм ретінде қарастырды. 2004 жылға дейін қытай-қырғыз сауда айналымы мардымсыз болды.

Қытай мен Қырғызстан арасындағы сауда қатынастары 2004 жылдан кейін ғана күрделі түрде өзгерді. 1992-2004 жж. Қытайдан Қырғызстанда әкелінетін жеткізілімдердің көлемі шамамен жылына 26-100 млн. долларға теңелсе, ал жалпы тауар айналымы жылына – 30-125 млн. долларды құрса, 2008 ж. нәтижесі бойынша, қытай экспортының көлемі - 1186 млн. долларға жетті, ал жалпы тауар айналымы 1453 млн. долларға көбейді.

Қырғызстан өз базарларын арзан қытай өнімдерімен толтырғанымен бірге, оларды Орталық Азияның бөтен елдеріне, негізнен Өзбекістанға, одан әрі Ресейдің кейбір аудандарына реэкспорттау арқылы табыс тауып отыр. в остальные страны Центральной Азии (главным образом, в Узбекистан) и даже ряд областей России. Бұл табыстың толық сомасын бағалау қиын, бірақта кейбір сарапшылардың есептеуі бойынша, реэкспорт Қырғызстанға жылына 250 млн. доллар табыс әкеледі [7,137 б.].

Осылайша, Қытайдың Қырғызстандағы экономикалық қатысуы өте мардымсыз және сауда саласымен ғана шектеледі. Негізнен Пекин бұл оралықазиялық мемлекетке қытай өнімдерінің транзитер рөлін ойнатқызып отыр.

Теориялық тұрғыдан алғанда, Қытайдың Қырғызстандағы экономикалық мүддесінің объекті – гидроэнергетикалық және тау-кен өндіру және көліктік-коммуникациялық салалары болу керек. Бірақта іс жүзінде бұл ірі жобалардың Қырғызстанда орындалуына көптеген кедергілер бар және олар әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс жағдайында әрине жасалмайды.

Біздің ойымызша, қысқамерзімдік келешекте Қытайдың Қырғызстандағы экономикалық қатысуы қазіргі деңгейде қала береді, ал қытайлық экономикалық белсенділік сауда саласы шеңберінен шықпайды және Бішкек үшін маңызды әлеуметтік-экономикалық жобаларға қаржы берумен шектеледі.

Әлемдік қаржы-экономикалық дағдарысты еңсергеннен кейін, Орталық Азиядағы экономикалық ынтымақтастық интенсификацияланған жағдайында, аймақ үшін маңызды су-энергетикалық мәселесі шешілгеннен кейін ғана Қытайдың Қырғызстандағы экономикалық енуі активтенуі мүмкін

Өз кезегінде, Орталық Азиядағы Әлемдік Сауда Ұйымының(ӘСҰ) жалғыз-ақ мүшесі болған Қырғызстан, Қытай үшін өз өнімін сататын ел ретінде қызықтырмайды, ол оған өзінің сауда экспансиясын жүргізетін, қытай тауарларын реэкспорттайтын площадқа ретінде қызықтырады.

*Өзбекістан.* Қазақстан мен Қырғызстаннан айырмашылығы, 27 млн тұрғындары бар, үлкен тұтынушылық базары бар Өзбекістан Қытайдың сауда саясатында маңызды рөл ойнамайды, себебі бұл елдің сыртқы сауда режимі либералдық емес, тіптен консервативтік және Өзбекістанның Қытаймен ортақ шекарасы жоқ.

*Тажікістан және Түркменістан.* Жоғарыда көрсетілген елдермен салыстырғанда,Тажікістан мен Түркменістан Қытайдың сауда саясатында қарапайым орын алады. Себебі олар шағын елдер, базарларының көлемі азғантай, ал Түркменістан Қытайдан алыс орналасқан.

Нәтижесінде, 1992-2008 жж. аралығында сауда көлемінің жоғары деңгейі Қытай мен Қазақстан арасында байқалды, олар барлық қытай-орталықазиялық сауданың 86% қамтыды, Қытай мен Өзбекістанның саудасы - 6-9%, Қытай мен Қырғызстанның саудасы – 1%-8%, Қытайдың Түркменістанмен саудасы – 1%-2% және Қытаймен Тажікістанның саудасы – 0,1%-4% қамтыды. Және ОА елдері ҚХР үшін маңызды сауда серіктес емес, олар тек көмірсутегін Қытайға таситын елдер ғана. Ал Қытай өз кезегінде, ОА аймағы мемлекеттерінің ең басты сауда серіктесіне айналды [2,139 б.].

Жалпы сауда-экономикалық стратегиясы мен ҚХР-ның инновациялық-өндірістік дамудың ұлттық бағдарламасы шеңберінде жүргізіліп жатқан активтік кредиттік-финанстық және жобалық-инвестициялық саясатпен қатар, Қытай ШЫҰ-ның шеңберінде қарым-қатынастардың көпжақты форматы мен жаңа механизмдерін құрып жатыр.

XXI ғ. бірінші онжылдығының екінші жартысында ШЫҰ-ның шеңберінде Банктераралық бірлестік және Искерлік кеңес сияқты механизмдер мен площадқалар құрылды және оларда көшбасшылық Қытайдың қолында болды.

Әлемдік қаржы-экономикалық дағдарысы Пекиннің ОА қатысты стратегиясына елеулі өзгерістер әкелмейді. Маңызды приоритеттер болып – көмірсутегі мен бөтен де шикізаттық кен орындарын игеру, өндірістік шикізатты тасуға қажетті көліктік инфраструктураны құру және орталықазиялық мемлекеттерге тауарларды импорттауды өсіру болып қала береді. Бұл мақсаттар қытай экономикасы үшін өте маңызды, сондықтан Пекин бұл жерде қысқамерзімдік конъюнктуралық мүдделерді емес, стратегиялық мақсаттарды көздейді. Бұл приоритеттер Қытай үшін экономикасы тұрғысынан ғана емес, саясат пен қауіпсіздік тұрғысынан да маңызды. Сондықтан Пекин бұл мәселеде басшылыққа қысқамерзімдік және коммерциялық мақсаттарды емес, аймақтың әрбір елінде өзінің ұзақмерзімдік мақсаттарына жетуді басшылыққа алады [8,56 б.].

*Қытай мен Орталық Азия елдерінің экономикалық қатынастар саласындағы проблемалары.* Көп ғасырлар бойы Қытай мен Орталық Азия елдері тығыз экономикалық қатынаста болды.

Ұлы Жібек жолының гүлденген уақытында, аймақ территориясында орналасқан мемлекеттік құрылымдар Қытай мен Еуропа арасындағы көліктік көпір болды. Олар жақсы дамыған сауда, қаржы және өнеркәсіптік орталықтар статусына ие болды. Және де Қытай ұзақ жылдар бойы бұл территориялар үшін сауданың локомотивы болды, ғылым мен білімнің және озық технологиялардың негізі болды.

XIX ғ. екінші жартысында ОА Ресей империясының құрамына кіреді де, оның Қытаймен экономикалық байланыстары әлсірейді. Кеңестік дәуірде де Орталық Азия КСРО-ның құрамына кіргендіктен оның өз еркімен Қытаймен байланыс жүргізуі тоқтатылды. КСРО-ның ыдырауынан кейін, Орталық Азия елдері тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін, олардың ҚХР-мен экономикалық ынтымақтастықты орнатуға уникалдық мүмкіндіктер туындады, оның негізін құратын, жандандырылған Еуропа мен Азия арасындағы құрлықтық транзит жолы - Ұлы Жібек жолы болады.

Бірақта шын мәнінде солай ма? Бірақта қазіргі күні бәрі олай емес. КСРО-ның ыдырауы жалпы Қытайдың Орталық Азияда экономикалық қатысуын күшейтіп, қытай-орталықазиялық қатынастарын әжептәуір интенсификациялағанымен, ол «автоматикалық» түрде трансевразиялық құрлықтық транзитті реабилитациялап, Еуразияның ортасында тұрақты мемлекетаралық қатынастардың схемасын құра алмады.

Бұл тұрғыда айтып кететін мынадай жағдай, континенттегі бөтен күш орталықтары, мысалы Ресей мен Еуроодақ, ішкі Еуроазиядағы проблемаларды бірігіп шешуге тырыспақ түгіл, олар өзінің жүргізіп жатқан саясаттарымен оны ушықтыруға тырысады. Ресей өзінің ұтымды географиялық жағдайын пайдаланып Еуропа мен Азия арасындағы құрлықтық транзитті дамытуға асығып отқан жоқ ал Еуроодақ трансевразиялық көліктік дәлізді Ресейді айналып өтетін жерлерде салғысы келеді.

Өзбекстандық тәуелсіз сарапшылар В.Парамонов, А. Строков және ташкенттік әскери аналитик О. Столповскийдің пайымдауынша, жалпы алғанда Қытай мен Орталық Азияның экономикаалық қатынастарының болашағы тек оларға ғана байланысты емес, ол Ресейге де тікелей баланысты, себебі ол өзінің тарихи, геосаяси және геоэкономикалық потенциалымен посткеңестік кеңістіте серпін берілген орталықтан қашу тенденцияларына ықпал ете алады. РФ қол астындағы экономикалық реинтеграцияның маңыздылығы мынада, себебі тек біріккен уақытта ғана посткеңестік елдер өздерінің ортақ, ұзақ мерзімдік және стратегиялық мақсаттарын жасап, оларды қорғай алады және бұл жағдай оларды Қытаймен одақтастық қатынастарға келуге итермелейді. Бұлай болмаған жағдайда, Қытай тек өзінің ғана мүддесін қорғауды басшылыққа алған Ресеймен және Орталық Азиямен эгоистік қатынастар схемасын құрады. Бұл әбден мүмкін, егер олар өзінің қамын ойламаса, Пекин Мәскеу мен аймақ елдері астаналарының кейбір «стратегиялық және ұзақмерзімдік- мүдделерін неге ескеруі керек [8, 48 б.].

Сондықтан экономика саласында қалыптасып жатқан қытай-орталықазиялық қатынастар форматын осы призма тұрғысынан қарастыру керек. Тек осындай ғана үстаным «Кім кінәлі?» және «Не істеу керек?» деген сұрақтарға жауап бере алады.

ҚХР-ның Орталық Азияға қатысты жүргізіп жатқан экономикалық саясаты, Қытайды әлемдік экономиканың орталығына айналдырудың жалпы стратегиясының құрамдас бөлігі бола тұра, біртіндеп бұл аймақтың қытай экономикасына рөлінің артуына жылжып бара жатыр.

Пекин біртіндеп бұл аймақты өзінің геоэкономикалық ықпал ету аясына тартуды көздеп отыр. Ерекше атап кететін жағдай, Қытай бұл стратегиялық бағытын «өте абай және үнін шығармай» жүргізіп жатыр және өзінің ОА-ға көздеген саяси және геосаяси амбицияларын ешкімге жариялап жатқан жоқ. Және Қытайдың Орталық Азияға экономикалық енуі, негізіннен оның минералдық-шикізаттық, энергетикалық ресурстарын игеру мен импорттауға және бұл ауданға қытай тауарлары мен қызметін экспорттауды көбейтуге бағытталған. Қытай мен орталықазиялық мемлекеттердің сауда қатынастары «дайын өнімді шикізатқа айырбастау» форматында толық қалыптасып бітті, ал Қытайдың Орталық Азияда қатынасуының өсуі келешекте бұл аймақтың Аспан асты елінің шикізат қорына айналу қауіпін артыра түседі.

Бұған тек Қытай ғана кәналы ма, әрине жоқ? Оның негізгі себебі бұл аймақта біртұтас экономикалық кеңістіктің қалыптаспауы және олардың экономикалық интеграциялануға ұмтылмауы. Орталықазиялық экономика-лық кеңістіктің фрагментациялануы, баяғыда бір болған аймақтың өнеркәсіп-тік және көліктік инфраструктурасының ұлттық сегменттерге бөлініп кетуі олардың Қытаймен қарым-қатынаста өздерінің ұзақмерзімдік экономикалық ынтымақтастығын жүзеге асыра алмауға және қалыптасқан жағдайды бекітуге көмектеседі.

Не істеу керек? Қытай мен Орталық Азия елдерінің экономикалық қатынастарын жоғары деңгейге көтеру мәселесін бұл аймақтағы РФ көздеген мақсаттары мен саясатын ескере отырып жасау керек.

Бұл елдердің ынтымақтастық потенциалы ЕврАзЭС пен ШЫҰ-ның шеңберінде жатыр. Бұл ұйымдарда басшылық Қытай мен РФ қолында болғанымен Орталық Азияның рөлі де маңызды [8, 32 б.].

Тікелей Ресей мен Қытайдың шекарасына жақын жатқан орталықазиялық аймақ екі елдің экономикалық потенциалын күшейте алады, олардың дамуына қуатты серпіліс бере алады және ресей-қытай стратегиялық серкітестігінің маңызды факторы бола алады.

Тек Еуроазияның ішкі кеңістіктерін бірігіп игеру приоритетін бөтен приоритеттерден жоғары қойғанда ғана Орталық Азияның, Ресей мен Қытайдың ішкіконтиненталдық кешенді дамуында ілгері жылжу байқалады. Сондықтан осыны айқын түсінген жағдайда ғана, «Ресей – Қытай – Орталық Азия» жүйесінде кешендік және бәріне тиімді көпжақтық ынтымастықтық механизмдерін жасау туралы, ал институционалдық деңгейде ЕврАзЭС пен ШЫҰ-ның іші мен арасында қатынастардың жандануы туралы айтуға болады [8,44 б.].

Қазіргі заманғы ҚХР-ның ОА-ға қатысты экономикалық саясаты – жаңғырту жоспарында жүйелі серпіліске қол жеткізу үшін барлық қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету, экономиканың тұрақты өсіп, Қытайдың жаһандық экономикалық күш орталығына айналыруға бағытталған Қытайдың жалпы стратегиясына қатаң бағынады

Қытайдың орталықазиялық стратегиясын «аймақты біртіндеп өзінің геоэкономикалық ықпалына енгізу» саясаты деп бағалауға болады. Және де ҚХР бұл стратегиялық бағытты айғайламай, өзінің ОА-ғы саяси, геосаяси амбицияларын әлемге жария етпей «абайлап, үнсіз» жүргізіп отыр.

- Қытайдың орталықазиялық саясатындағы экономикалық қатысудың түбегейлі өсуінің индикаторларының бірі – аймаққа берілетін қаржылық ресурстарының көлемінің өсуі. Егерде 1990 жылдардың аяғында ҚХР-ның ОА-ғы финанстық ресурстары 1 млрд долл. құрап, негізінен олар Қазақстанның мұнайгаз саласына салынса, ХХІ ғ. алғашқы сегіз жылында олардың көлемі 17 есеге өсті.

Қытай мен орталықазиялық мемлекеттердің сауда қатынастары «дайын өнімді шикізатқа айырбастау» форматында толық қалыптасып бітті, ал Қытайдың Орталық Азияда қатынасуының өсуі келешекте бұл аймақтың Аспан асты елінің шикізат қорына айналу қауіпін артыра түседі.

Қытайдың ОА-ға бұлай өсуінің сипаты мынадай объективтік себептерге байланысты, және оның маңыздылары - аймақтағы біртұтас экономикалық кеңістіктің болмауы, оның ішінде бірінше кезекте – өндірістік, одан кейін транспорттық, кедендік кеңістіктің және экономикалық интеграцияның болмауы. ОА-ның экономикалық кеңістігінің фрагментациялануы және баяғыдағы аймақтың біртұтас өндірістік, транспорттық инфраструктурасының ұлттық сегменттерге бөлінуі, қытай компанияларының шикізатты өндеуге арналған жобалық-инвестициялық қызметінің ұзақ мерзімдік формаларын жүзеге асыруға кедергі болып отыр, сондықтан да аймақ қытай экономикасының шикізат қоры ретінде қарастырылып отыр.

Нәтижесінде ҚХР-ның ОА-ғы экономикалық қатысуының мас-штабтарының өсуі аймақ елдерін тек шикізат қорын беретін статусқа ие етеді

Қытайға бұл жағдай өте қолайлы, ал орталықазиялық елдер, өз кезегінде бұл статустарын өзгертуге асығып отқан жоқ. Ал оған тек аймақтық экономикалық интеграцияны тезірек құру арқылы жетуге болады, ол туралы көп айтылғанмен, ол жасалып жатқан жоқ.

Не істеу керек? Қытай мен Орталық Азия елдерінің экономикалық қатынастарын жоғары деңгейге көтеру мәселесін бұл аймақтағы РФ көздеген мақсаттары мен саясатын ескере отырып жасау керек.

Бұл елдердің ынтымақтастық потенциалы ЕврАзЭС пен ШЫҰ-ның шеңберінде жатыр. Бұл ұйымдарда басшылық Қытай мен РФ қолында болғанымен Орталық Азияның рөлі де маңызды.

Тікелей Ресей мен Қытайдың шекарасына жақын жатқан орталықазиялық аймақ екі елдің экономикалық потенциалын күшейте алады, олардың дамуына қуатты серпіліс бере алады және ресей-қытай стратегиялық серкітестігінің маңызды факторы бола алады.

Тек Еуроазияның ішкі кеңістіктерін бірігіп игеру приоритетін бөтен приоритеттерден жоғары қойғанда ғана Орталық Азияның, Ресей мен Қытайдың ішкіконтиненталдық кешенді дамуында ілгері жылжу байқалады. Сондықтан осыны айқын түсінген жағдайда ғана, «Ресей – Қытай – Орталық Азия» жүйесінде кешендік және бәріне тиімді көпжақтық ынтымақтықтық механизмдерін жасау туралы, ал институционалдық деңгейде ЕврАзЭС пен ШЫҰ-ның іші мен арасында қатынастардың жандануы туралы айтуға болады.

Қытай мен орталықазиялық мемлекеттердің сауда қатынастары «дайын өнімді шикізатқа айырбастау» форматында толық қалыптасып бітті, ал Қытайдың Орталық Азияда қатынасуының өсуі келешекте бұл аймақтың Аспан асты елінің шикізат қорына айналу қауіпін артыра түседі.

Бұған тек Қытай ғана кінәлі ма, әрине жоқ? Оның негізгі себебі бұл аймақта біртұтас экономикалық кеңістіктің қалыптаспауы және олардың экономикалық интеграциялануға ұмтылмауы. Орталықазиялық экономикалық кеңістіктің фрагментациялануы, баяғыда бір болған аймақтың өнеркәсіптік және көліктік инфраструктурасының ұлттық сегменттерге бөлініп кетуі олардың Қытаймен қарым-қатынаста өздерінің ұзақмерзімдік экономикалық ынтымақтастығын жүзеге асыра алмауға және қалыптасқан жағдайды бекітуге көмектеседі.

Не істеу керек? Қытай мен Орталық Азия елдерінің экономикалық қатынастарын жоғары деңгейге көтеру мәселесін бұл аймақтағы РФ көздеген мақсаттары мен саясатын ескере отырып жасау керек.

Бұл елдердің ынтымақтастық потенциалы ЕврАзЭС пен ШЫҰ-ның шеңберінде жатыр. Бұл ұйымдарда басшылық Қытай мен РФ қолында болғанымен Орталық Азияның рөлі де маңызды [8,32 б.].

Тікелей Ресей мен Қытайдың шекарасына жақын жатқан орталықазиялық аймақ екі елдің экономикалық потенциалын күшейте алады, олардың дамуына қуатты серпіліс бере алады және ресей-қытай стратегиялық серкітестігінің маңызды факторы бола алады.

Қытайдың Орталық Азияға экономикалық өнуі екі жаққа да тиімді болу үшін және ҚХР мен аймақ елдерінің ұзақмерзімдік мүдделеріне сай келу үшін, Пекин ШЫҰ шеңберінде көпжоспарлық және толыққанды экономикалық ынтымақтастықтың механизмдерін құруға назарын аудару керек. Бұл мақсатқа қол

жеткізу үшін, қытайлық компаниялардың экономикалық қызметінің сипатын күрделі өзгерту қажет. Ол үшін ШЫҰ-ның басшылығымен аймақтағы бар шикізатты өңдейтін мекемелерді салуға қатысты жобаларды жүзеге асыру керек. Бұл іс-шара өз кезегінде Орталық Азия мен бүкіл посткеңестік кеңістікте экономикалық реинтеграция үрдісін жандандырып, ШЫҰ-н шынайы экономикалық одақ пен орталықазиялық аймақ пен оның төңірегінде кешендік қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін аймақтық структураға айналдырар еді.

Егерде бұл әрекеттер жасалмаса, Пекин, КСРО ыдырағаннан кейін көп жылдар бойы құруға тырысқан екіжақты және көпжақты қауіпсіздік жүйесі құйреуі мүмкін, ал оның нәтижесінде ҚХР-ның батыс аудандарында этникалық сепаратизм және исламдық радикализм сияқты проблемалар ушығуы мүмкін. Және де әлемдік қаржы-экономикалық дағдарысы бұл проблемалардың жандануының катализаторы болуы мүмкін. Оның көрінісі, бірінші қоңырауы болған - 2009 ж. Шыжандағы толқулар.

Тек Еуроазияның ішкі кеңістіктерін біргіп игеру приоритетін бөтен приоритеттерден жоғары қойғанда ғана Орталық Азияның, Ресей мен Қытайдың ішкіконтиненталдық кешенді дамуында ілгері жылжу байқалады. Сондықтан осыны айқын түсінген жағдайда ғана, «Ресей – Қытай – Орталық Азия» жүйесінде кешендік және бәріне тиімді көпжақты ынтымастықтық механизмдерін жасау туралы, ал институционалдық деңгейде ЕврАзЭС пен ШЫҰ-ның іші мен арасында қатынастардың жандануы туралы айтуға болады [8,44 б.].

Қытайдың қазіргі заманғы орталықазиялық саясатын және оның орталықазиялық мемлекеттердің экономикасына ықпалын жан-жақты және кешенді зерттеу нәтижесінде біз мынадай **нәтижелерге қол жеткіздік:**

- КСРО-ның ыдырау себептері мен «жаңа» Орталық Азияның пайда болуы жаңа методологиялық позициялар мен плюралисттік ұстаным негізінде талданған;

- Орталық Азия халықаралық қатынастардың дербес субъекті ретінде жіктеліп бұл жаңа аймаққа толық сипаттама берілген;

- қазіргі заманғы әлемдік тарихнаманың жетістіктері негізінде 1991 жылдан кейінгі Қытайдың орталықазиялық аймаққа қатысты негізгі бағыттары айқындалып, оның 3 кезеңіне сипаттама берілген;

- жалпыдан жеке мәселелерді талдау әдісін қолданып, басында Қытайдың орталықазиялық аймақтағы экономикалық саясатының негізгі бағыттары сипатталған, одан кейін ҚХР-ның Орталық Азиядағы инвестициялық саясаты талданып, оның Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан, Өзбекстан және Қазақстандағы жүзеге асырылуының ерекшеліктері көрсетілген және ол саясатқа баға берілген;

- зерттеу барысында, ағымдағы коммерциялық та, стратегиялық та мақсаттарды көздейтін, Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық және инвестициялық саясатының жүйелік, масштабтық және ұзақмерзімдік сипаты көрсетілген;

- Пекиннің бұл аймақтағы қаржылық белсенділігінің көздеген мынадай коммерциялық мақсаттары мен стратегиялық мүдделері айқындалған:

1) Қытайдың өсіп келе жатқан экономикасын - мұнай, газ, уран, алтын, алюминий және тағы с.с. шикізатқа қажеттілігін қанағаттандыру, себебі 2010 жылы Қытай АҚШ-н энергияны пайдалану деңгейі бойынша басып озды, 2015 жылға таман елдегі газға сұраныс қазіргі 130 млрд. - 230 млрд. куб. м өседі;

2) елдің импортының 90% құрайтын Таяу Шығыс пен Африканың энергоресурстарына тәуелділікті төмендету. Жер бетімен жүретін труба құбырлары арқылы, Пекин пираттар мен оған дос емес елдердің флоттарының өзінің теңіздік тасымдарына шабуылдақ қауіпін төмендеткісі келуі;

3) ШҰАА-ның шекарасы периметрі бойынша қауіпсіздік ортасын қамтамасыз еткісі келуі;

4) көршілес елдердің экономикаларын қаржылау арқылы, ол өзінің батыс аудандарының әлеуметік-экономикалық дамуына септігін тигізгісі келуі және оларда тұрақтылықты бекітуге тырысуы, себебі ұйғырлық сепаратизм проблемасы әлі быраз уақыт бойы Пекиннің саясатының күн тәртібінен түспейді;

5) аймақты өзінің Оңтүстік Азия, Таяу Шығыс, ТМД, Еуропа сияқты маңызды әлемдік базарларға шығу плацдармына айналдыру үшін, Қытайдың ОА елдерімен экономикалық, транспорттық және энергетикалық ынтымақтасуына қолайлы жағдайлар жасау;

6) ОА-да АҚШ мен Ресей Федерациясының бәсекелестігісіз, бұл аймақта дәйекті түрде өзінің саяси-экономикалық және энергетикалық мақсаттарына жететін, сыртқы күштердің өзіне қолайлы конфигурациясын құру.

- Қытайлық «шабуылдың» орталықазиялық республикаларға төндіретін мынадай қауіптері айқындалған:

1) елдердің Аспанасты елінің шикізат қорына айналуы;

- 2) экономиканың біржақты құрылымының консервациясы;
- 3) өндірісті модернизациялау мен диверсификациялауға стимулдардың төмендеуі;
- 4) қаржылық және макроэкономикалық тұрақтылықтың әлсіреуі;

5) сыртқы қарыздың өсіп, олардың қарыз алғанелге тәуелді болуы. Сонымен қатар, дағдарыстан шығуда Қытайдың көмегіне тым сенім арту, әсіресе ел алдындағы әлеуметтік-экономикалық міндеттемелерін шешу үшін, халық алдында тұрақтылықтың жалған сенімін туғызады, ал тек бұл көмекке сенім арту, ортаазиялық елдер алдында тұрған жүйелі мәселелерді шешуді кешеуілдете береді;

6) Пекиннің аймақтағы инфраструктуралық саясаты және бұл елдердің экономикасының бөтен векторларын елемей немесе дамытпауы, АО елдерін масштабтық түрде Қытайдың тек транспорттық және энергетикалық жүйесіне қосуы, келешекте ОА-ның баяғы КСРО/Ресейге тәуелділігінен ҚХР-на тәуелділікке әкеледі. Және оны болдырмауға бағытталған жолдар көрсетілген.

**Қорытынды.** Қытайдың қазіргі заманғы орталықазиялық экономикалық саясатын және оның орталықазиялық мемлекеттердің экономикасына ықпалын жан-жақты тарихи тұрғыдан ғылыми талдап, жүйелеу негізінде біз төмендегідей қорытындыға келдік:

- Жаңа саяси аймақ – Орталық Азия ХХ ғ. 90-шы жылдарының басында КСРО-ның ыдырауынан кейін пайда болды. Бұл аймақ, оған ірі державалар көзін тігетін әтүрлі табиғи ресурстарға бай. Әсіресе оларды бұл ауданда қызықтыратын - көмірсутегі, мұнай және газ.

Өз назарын бұл аймаққа жуырда ғана бұрған нақты Қытайға келетін болсақ, ол бұл өңірде белсенді экономикалық саясат және аймақтық қауіпсіздікті бекітуге қатысты саясат жүргізіп жатыр.

Қазіргі кезде қытай басшылығы – көздеген мақсаты – Қытайда реформаларды жүргізу үшін қолайлы жағдайларды жасауға, әлемдік лидерлермен конструктивтік қарым-қатынастарды орнатуға, Ресей және Орталық Азия елдерімен келіссөздерде тұрақтылықты орнатуға бағытталған жаңа экономикалық стратегияны жасады. Сондықтан ОА - аймағы Қытайдың ықпалын өсіруге және өзінің энергетикалық ресурстарының тапшылығы проблемасын шешу үшін өте жақсы кеңістік.

Жалпы ҚХР-ның орталықазиялық саясаты – аймақтың проблемаларын шешуге белсенді қатысуға, аймақ елдермен қарым-қатынастарды дамытуға, аймақтың гүлденуі мен дамуына көмектесуге және, сонымен қатар, өзінің АО-ның табиғи ресурстарын игеру мен өзінің экспортын бұл елдерге өсіруіне бағытталған.

Қытайдың ұлттық қауіпсіздігі мәселесі кем дегенде басымдылыққа ие. Ол үшін Қытай, шекарада тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін, негізінен ұйғыр аудандарындағы халықаралық терроризм, сепаратизм мен күресуге, ауғандық наркотрафикті қақпайлауға қатысты іс-шараларды жүргізіп жатыр. Қытай үшін күрделі стратегиялық проблема болып отқан – орталықазиялық аймақтағы американдық қатысудың өсуі.

Сондай-ақ ҚХР ШЫҒҰ-ның мүшелігіне кіреді және Ресеймен қатар оның көшбасшысы. ШЫҒҰ шеңберіндегі белсенділігі де оған сыртқыстратегиялық мақсаттарына жетуге көмегін көрсетіп отыр. ШЫҒҰ басында аймақтағы жағдайды тұрақтандыру, АҚШ-ның ықпалын шектеу үшін құрылған еді бірақта қазіргі кезде онда экономикалық ынтымақтастық пен әскери саладан басқа аядағы қауіпсіздікті қамту мәселелерінің шешілуі кеңейіп, бірігіп шешіліп отыр.

Жалпы КСРО ыдырағаннан кейінгі кезеңдегі Қытайдың орталық-азиялық аймаққа үдемелі экономикалық ену үрдісі басталды және оның маңыздылығы ХХІ ғ. алғашқы онжылдықтарында арта түсті.

Қазіргі заманғы ҚХР-ның ОА-ға қатысты экономикалық саясаты – жаңғырту жоспарында жүйелі серпіліске қол жеткізу үшін барлық қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету, экономиканың тұрақты өсіп, Қытайдың жаһандық экономикалық күш орталығына айналыруға бағытталған Қытайдың жалпы стратегиясына қатаң бағынады

Қытайдың орталықазиялық стратегиясын «аймақты біртіндеп өзінің геоэкономикалық ықпалына енгізу» саясаты деп бағалауға болады. Және де ҚХР бұл стратегиялық бағытты айғайламай, өзінің ОА-ғы саяси, геосаяси амбицияларын әлемге жария етпей «абайлап, үнсіз» жүргізіп отыр.

- Қытайдың орталықазиялық саясатындағы экономикалық қатысудың түбегейлі өсуінің индикаторларының бірі – аймаққа берілетін қаржылық ресурстарының көлемінің өсуі. Егерде 1990 жылдардың аяғында ҚХР-ның ОА-ғы финанстық ресурстары 1 млрд долл. құрап, негізінен олар Қазақстанның мұнайгаз саласына салынса, ХХІ ғ. алғашқы сегіз жылында олардың көлемі 17 есеге өсті.

Қытай мен орталықазиялық мемлекеттердің сауда қатынастары «дайын өнімді шикізатқа айырбастау» форматында толық қалыптасып бітті, ал Қытайдың Орталық Азияда қатынасуының өсуі келешекте бұл аймақтың Аспан асты елінің шикізат қорына айналу қауіпін артыра түседі.

Қытайдың ОА-ға бұлай енуінің сипаты мынадай объективтік себептерге байланысты, және оның маңыздылары - аймақтағы біртұтас экономикалық кеңістіктің болмауы, оның ішінде бірінше кезекте – өндірістік, одан кейін транспорттық, кедендік кеңістіктің және экономикалық интеграцияның болмауы. ОА-ның экономикалық кеңістігінің фрагментациялануы және баяғыдағы аймақтың біртұтас өндірістік, транспорттық инфраструктурасының ұлттық сегменттерге бөлінуі, қытай компанияларының шикізатты өндеуге арналған жобалық-инвестициялық қызметінің ұзақмерзімдік формаларын жүзеге асыруға кедергі болып отыр, сондықтан да аймақ қытай экономикасының шикізат қоры ретінде қарастырылып отыр.

- Нәтижесінде ҚХР-ның ОА-ғы экономикалық қатысуының масштабтарының өсуі аймақ елдерін тек шикізат қорын беретін статуска ие етеді

Қытайға бұл жағдай өте қолайлы, ал орталықазиялық елдер, өз кезегінде бұл статустарын өзгертуге асығып отқан жоқ. Ал оған тек аймақтық экономикалық интеграцияны тезірек құру арқылы жетуге болады, ол туралы көп айтылғанмен, ол жасалып жатқан жоқ.

Қытай мен Орталық Азия елдерінің экономикалық қатынастарын жоғары деңгейге көтеру мәселесін бұл аймақтағы РФ көздеген мақсаттары мен саясатын ескере отырып жасау керек.

Бұл елдердің ынтымақтастық потенциалы ЕврАзЭС пен ШЫҰ-ның шеңберінде жатыр. Бұл ұйымдарда басшылық Қытай мен РФ қолында болғанымен Орталық Азияның рөлі де маңызды.

Тікелей Ресей мен Қытайдың шекарасына жақын жатқан орталықазиялық аймақ екі елдің экономикалық потенциалын күшейте алады, олардың дамуына қуатты серпіліс бере алады және ресей-қытай стратегиялық серкітестігінің маңызды факторы бола алады.

Тек Еуроазияның ішкі кеңістіктерін біргіп игеру приоритетін бөтен приоритеттерден жоғары қойғанда ғана Орталық Азияның, Ресей мен Қытайдың ішкіконтиненталдық кешенді дамуында ілгері жылжу байқалады. Сондықтан осыны айқын түсінген жағдайда ғана, «Ресей – Қытай – Орталық Азия» жүйесінде кешендік және бәріне тиімді көпжақтық ынтымақтық механизмдерін жасау туралы, ал институционалдық деңгейде ЕврАзЭС пен ШЫҰ-ның іші мен арасында қатынастардың жандануы туралы айтуға болады.

Қытай мен орталықазиялық мемлекеттердің сауда қатынастары «дайын өнімді шикізатқа айырбастау» форматында толық қалыптасып бітті, ал Қытайдың Орталық Азияда қатынасуының өсуі келешекте бұл аймақтың Аспан асты елінің шикізат қорына айналу қауіпін артыра түседі.

Бұған тек Қытай ғана кәналы ма, әрине жоқ? Оның негізгі себебі бұл аймақта біртұтас экономикалық кеңістіктің қалыптаспауы және олардың экономикалық интеграциялануға ұмтылмауы. Орталықазиялық экономикалық кеңістіктің фрагментациялануы, баяғыда бір болған аймақтың өнеркәсіптік және көліктік инфраструктурасының ұлттық сегменттерге бөлініп кетуі олардың Қытаймен қарым-қатынаста өздерінің ұзақмерзімдік экономикалық ынтымақтастығын жүзеге асыра алмауға және қалыптасқан жағдайды бекітуге көмектеседі.

Қытай мен Орталық Азия елдерінің экономикалық қатынастарын жоғары деңгейге көтеру мәселесін бұл аймақтағы РФ көздеген мақсаттары мен саясатын ескере отырып жасау керек.

Бұл елдердің ынтымақтастық потенциалы ЕврАзЭС пен ШЫҰ-ның шеңберінде жатыр. Бұл ұйымдарда басшылық Қытай мен РФ қолында болғанымен Орталық Азияның рөлі де маңызды.

Тікелей Ресей мен Қытайдың шекарасына жақын жатқан орталықазиялық аймақ екі елдің экономикалық потенциалын күшейте алады, олардың дамуына қуатты серпіліс бере алады және ресей-қытай стратегиялық серкітестігінің маңызды факторы бола алады.

Қытайдың Орталық Азияға экономикалық енуі екі жаққа да тиімді болу үшін және ҚХР мен аймақ елдерінің ұзақмерзімдік мүдделеріне сай келу үшін, Пекин ШЫҰ шеңберінде көпжоспарлық және толыққанды экономикалық ынтымақтастықтың механизмдерін құруға назарын аудару керек. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін, қытайлық компаниялардың экономикалық қызметінің сипатын күрделі өзгерту қажет. Ол үшін ШЫҰ-ның басшылығымен аймақтағы бар шикізатты өңдейтін мекемелерді салуға қатысты жобаларды жүзеге асыру керек. Бұл іс-шара өз кезегінде Орталық Азия мен бүкіл посткеңестік кеңістікте экономикалық реинтеграция үрдісін жандандырып, ШЫҰ-н шынайы экономикалық одақ пен орталықазиялық аймақ пен оның төңірегінде кешендік қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін аймақтық структураға айналдырады еді.

Егерде бұл әрекеттер жасалмаса, Пекин, КСРО ыдырағаннан кейін көп жылдар бойы құруға тырысқан екіжақтық және көпжақтық қауіпсіздік жүйесі құйреуі мүмкін, ал оның нәтижесінде ҚХР-ның батыс аудандарында этникалық сепаратизм және исламдық радикализм сияқты проблемалар ушығуы мүмкін.



Және де әлемдік қаржы-экономикалық дағдарысы бұл проблемалардың жандануының катализаторы болуы мүмкін. Оның көрінісі, бірінші қоңырауы болған - 2009 ж. Шығандағы толқулар.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Зотов О.В. Центральная Азия — регион глобальных геополитических интe - ресов // Интернет ресурс — *blshkekchamber.kg*. — 21.07.2000.
2. Парамонов В., Строчков А., Столповский О. Этапы экономической полити -политики Китая в Центральной Азии //В. Парамонов, А. Строчков, О. Столповский // *Центральная Азия и Кавказ// Том 13. Выпуск 1, 2010. – С.120-140.*
3. Данные Национального статистического комитета Республики Узбекистан за 2001-2017 годы. – Ташкент, 2017.
4. Песков Ю. С. Проблемы и перспективы сотрудничества России и Китая со странами Центральной Азии - членами СНГ // *Проблемы Дальнего Востока. - № 3, 1997. – С.50-58.*
5. Демографическая ситуация. Государственный комитет Республики Узбекистан по статистике (19 марта 2014). – Ташкент, 2014.
6. Государственный комитет Республики Узбекистан по статистике. – Ташкент, 2016.
7. Данные Национального статистического комитета Республики Кыргызстан за 2001-2017 годы. – Бишкек, 2017.
8. Парамонов В., Строчков А. Столповский О. Проблемы в сфере экономических отношений между Китаем и странами Центральной Азии: кто виноват и что делать// Интернет ресурс — *blshkekchamber.kg*. 09:58 24.02.2011.

*Reaerences:*

- 1 Zotov O.V. Central Asia — a region of global geopolitical interests // Internet resource — *blshkekchamber.kg*. — 21.07.2000.
2. Paramonov V., Strokov A., Stolpovsky O. Stages of China's economic policy in Central Asia //V. Paramonov, A. Strokov, O. Stolpovsky // *Central Asia and the Caucasus// Volume 13. Issue 1, 2010. - pp.120-140.*
3. Data of the National Statistical Committee of the Republic of Uzbekistan for 2001-2017. – Tashkent, 2017.
4. Peskov Yu. S. Problems and prospects of cooperation between Russia and China with the CIS member countries of Central Asia // *Problems of the Far East. - No. 3, 1997. – pp.50-58.*
5. Demographic situation. The State Committee of the Republic of Uzbekistan on Statistics (March 19, 2014). – Tashkent, 2014.
6. State Committee of the Republic of Uzbekistan on Statistics.-Tashkent, 2016.
7. Data of the National Statistical Committee of the Republic of Kyrgyzstan for 2001-2017. – Bishkek, 2017.
8. Paramonov V., Strokov A. Stolpovsky O. Problems in the sphere of economic relations between China and Central Asian countries: who is to blame and what to do// Internet resource — *blshkekchamber.kg* . 09:58 02/24/2011.

УДК 94 «04/15»  
МРНТИ 03.20.11

А.М. Чокатова \*<sup>1</sup>, Б.Ш. Батырхан <sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ.,  
E-mail: [ch.aliya@mail.ru](mailto:ch.aliya@mail.ru)

<sup>2</sup>PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті доценті м.а.,  
Қазақстан, Алматы қ.,  
E-mail: [hafizbolat@mail.ru](mailto:hafizbolat@mail.ru)

## ИРАННЫҢ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МҰРАСЫ

### Аңдатпа

Мақалада ирандық бірегейліктің тарихи және әлеуметтік аспектілері, тарихи өзгерістермен өзара әрекеттесу мәселелері, жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтау проблемалары талданды. Сонымен қатар, Иранның ұлттық болмысының жүйелік ерекшеліктері мен негізгі құрамдас бөліктері анықталып, талданды. Ұлттық бірегейлік дағдарысына ықпал ететін себептер мен факторларды талдауға елеулі орын берілді.

Иран халқы тамыры терең этнос ретінде өзінің ұлттық болмысын қалыптастыру үшін тарих бойында ерекше үдерістермен бетпе-бет келді. Бұл халықтың терең тарихы, аумақтық географиясы, дінінің ежелгі және ислам дәуіріндегі қоғамдық өміріндегі таптырмас рөлі, оның тарих бойындағы сабақтастығы Иранның ұлттық болмысының негізгі құрамдас бөліктері болып саналады. Сол себепті, Иранның ұлттық болмысын қалыптастырған үш негіз бүгінгі иран халқының терең тұғыры болып тұр, олар: - ұлттық болмыстың тірегі болып табылатын көне Иран; - соңғы ғасырларда ирандық бірегейлікті қалыптастырушы элементтердің маңызды бөлігін нәрлендіріп тұрған ислам; - дәстүрлі ирандық идеяларға негізделіп, жаңа реңкке ие болған қазіргі заман. Ұлттық бірегейліктің бұл нышандары, шын мәнінде, қоғамдағы жеке, әлеуметтік және этникалық әртүрлілікке қарамастан, айқын айырмашылықтарды азайтуға, оларды біріктіруге көмектеседі. Осы айтылған элементтерге тоқталып, мақалада салыстырмалы-аналитикалық талдаулар жасалды.

**Кілт сөздер:** ұлттық бірегейлік, Иран, Иранның ұлттық болмысы.

Чокатова А.М.\*<sup>1</sup>, Батырхан Б.Ш.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD докторант, Казахский национальный университет им. аль-Фараби,  
Казахстан, Алматы,  
E-mail: [ch.aliya@mail.ru](mailto:ch.aliya@mail.ru)

<sup>2</sup>PhD, и.о. доцента Казахского национального университета им. аль-Фараби,  
Казахстан, Алматы,  
E-mail: [hafizbolat@mail.ru](mailto:hafizbolat@mail.ru)

## НАЦИОНАЛЬНАЯ ИДЕНТИЧНОСТЬ И КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ИРАНА

### Аннотация

В статье проанализированы исторические и социальные аспекты иранской идентичности, проблемы взаимодействия с историческими изменениями, проблемы сохранения национальной идентичности в условиях глобализации. Кроме того, были выявлены и проанализированы системные особенности и основные компоненты национальной идентичности Ирана. Значительное место уделено анализу причин и факторов, способствующих кризису национального самосознания.

Иранский народ, как глубоко укоренившаяся этническая группа, на протяжении всей истории сталкивался с уникальными процессами формирования своей национальной идентичности. Глубокая история иранского народа, территориальная география, незаменимая роль религии в общественной жизни древней и исламской эпохи, ее преемственность на протяжении всей истории считаются основными составляющими национальной идентичности Ирана. По этой причине три основы, сформировавшие

национальную идентичность Ирана, являются сегодня глубинными основами иранского народа, это: - древний Иран, являющийся основой национальной идентичности; - ислам, который в последние века вскормил важную часть элементов, формирующих иранскую идентичность; - современность, основанная на традиционных иранских представлениях, приобрела новый тон. Эти символы национальной идентичности, по сути, способствуют уменьшению явных различий и объединению их, несмотря на индивидуальное, социальное и этническое разнообразие в обществе. Ориентируясь на указанные элементы, в статье был проведен сравнительно-аналитический анализ.

**Ключевые слова:** национальная идентичность, Иран, национальная идентичность Ирана.

*Chokatova A.M.\*<sup>1</sup>, Batyrhan B.Sh.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>doctoral student, al-Farabi Kazakh national university,*

*Kazakhstan, Almaty,*

*E-mail: ch.aliya@mail.ru*

*<sup>2</sup>PhD, a.a.professor of al-Farabi Kazakh national university,*

*Kazakhstan, Almaty,*

*E-mail: hafizbolat@mail.ru*

## NATIONAL IDENTITY AND CULTURAL HERITAGE OF IRAN

### *Abstract*

The article analyzes the historical and social aspects of Iranian identity, the problems of interaction with historical changes, the problems of preserving national identity in the context of globalization. In addition, systemic features and main components of Iran's national identity were identified and analyzed. A significant place is given to the analysis of the causes and factors contributing to the crisis of national identity.

The Iranian people, as a deeply rooted ethnic group, throughout history have faced unique processes in the formation of their national identity. The deep history of the Iranian people, territorial geography, the indispensable role of religion in the social life of the ancient and Islamic era, its continuity throughout history are considered the main components of Iran's national identity. For this reason, the three foundations that formed the national identity of Iran are today the deep foundations of the Iranian people, these are: - ancient Iran, which is the basis of national identity; - Islam, which in recent centuries has nurtured an important part of the elements that form the Iranian identity; - modernity, based on traditional Iranian ideas, has acquired a new tone. These symbols of national identity, in fact, contribute to the reduction of obvious differences and their unification, despite the individual, social and ethnic diversity in society. Focusing on these elements, a comparative analytical analysis was carried out in the article.

**Keywords:** national identity, Iran, national identity of Iran.

**Материалдар.** Бұл мақалада негізгі деректер көзі ретінде Иранның мерзімдік баспаларындағы мақалалар, ғылыми жұмыстар және ұлттық бірегейлік, ұлттық болмыс тақырыбына жазған иран авторларының (Мортеза Мотахари, Әли Шариати, Ахмад Ашрафи, т.б.) шығармалары қарастырылды.

**Әдіснама.** Бұл мақалада сипаттама-аналитикалық, салыстырмалы-тарихи әдістемелер қолданылды.

**Мақсаты:** Ирандағы ұлттық болмыстың қалыптасуына әсер ететін факторларды, жағдайлар мен қатынастарды түсіндіру және сипаттау; Ирандық ұлттық болмыстың қалыптасуы мен қалыптасу үрдісінің шығу тегі мен әдісін зерттеу (тарих бойы, көне дәуірден қазіргі дәуірге дейін). Иранның ұлттық болмысы мен ұлттық және аумақтық бірлігіне әсер ететін жаһандану үдерісінің жеделдеуінің себептері және оның салдары, соның ішінде: мәдени басқыншылық, бірегейлік дағдарысы, этникалық және діни бірегейліктер және т.б. туралы пікірталастарды талдау. Сонымен қатар, Иранның ұлттық болмысын қалыптастыратын және құрайтын ең маңызды элементтерінің сабақтастығы пен маңыздылығы тұрғысынан түсіндірілді.

**Өзектілігі.** Мақалада әлемдік саясатта ұлттық бірегейліктің өсіп келе жатқан рөліне қатысты жаһандық үрдістер контекстінде Иран аймағындағы ұлттық бірегейлік трансформациялары талданды. Осыжұмыста қамтылған негізгі ережелерді, жалпылаулар мен қорытындыларды ұлт, ұлттық бірегейлік, ұлттық болмыс, ұлтшылдық мәселелеріне арналған зерттеу жұмыстарында пайдалануға болады. Сонымен қатар, саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану және т.б. курстарды оқыту процесінде сұранысқа ие болуы мүмкін.

**Зерттеу нәтижесі:** Ирандағы ұлттық бірегейлік, ұлттық болмыс мәселелерінің қазіргі кезде өзекті болуы оларды дамытуға, сақтауға, нығайтуға қажетті құндылықтар қарастырылды. Құндылықтар мәдени

мұра көздері ретінде ұлттық болмыстың негізгі тірегі екеніне баса назар аударылды. Атап айтсақ, тілге, сенімге және мәдениетке баса көңіл аударылып, тарих бойындағы өзгерістер мен толықтырулар ескеріліп, ирандық ұлттық болмыстың мәселелері, заманауи көріністері қарастырылды. Сонымен қатар, Ирандағы ұлттық бірегейлік қатынастарының жаһандану үрдісінде дамуының проблемалары мен перспективалары талданды. Иран халқының бірегейлік болашағы Иранның бірлігі мен ынтымағына байланысты және бірлікті қамтамасыз етудің бірден-бір жолы – Иран халқының ұлттық, дәстүрлік құндылықтарын жаңғырту. Осыған байланысты, билік тарапынан болған әртүрлі ұсыныстарға тоқталып, қарастырылды.

**Кіріспе.** Бірегейлік болмыс дегеніміз – адамның белгілі бір жерге тиесілігін бекітетін және оның құндылықтары мен нормалар жүйесін заңдастыратын сипаттамалар жиынтығы. Сонымен қатар, ұлттық бірегейлік – барлық құндылықтардың, дәстүрлердің, естеліктердің үздіксіз жаңғыруы. Ол саяси және әлеуметтік жүйелердің тұрақтылығының маңызды факторларының бірі болып табылады.

Иран халқы тарихи тамыры бар ұлт ретінде өздерінің ұлттық болмысын ұйымдастыру үшін ерекше факторлармен бетпе-бет келді. Жалпы, ирандықтарды ата-бабалардан немесе мифтерден қалған ұзақ тарихы мен ортақ өмірі, тарихи аумақтық географиясы, біртұтас діні және оның ежелгі және ислам дәуіріндегі ирандықтардың ұжымдық өміріндегі орны толмас рөлі, үкімет институты және оның сабақтастығы сияқты элементтер тарих бойы Иранның ұлттық болмысының негізгі құрамдас бөліктері болып саналады.

Иран қоғамының жоғарыда аталған құрамдас бөліктері сонау өткен дәуірден бүгінгі күнге дейін біртұтас болмысқа ие және олар ежелгі иран халқының өмірінде орын алған үлкенді-кішілі оқиғалардың барлығын белгілі бір тәртіппен қабылданды.

Иран халқы тарихи, өркениеттік және мәдени сабақтастыққа ие біртұтас ел тарих бойы өзінің тұрақтылығын, болмысын сақтап, оны жалғастыра білген ежелгі және көне ұлттық болмыс иесі.

Тарихи үдеріс барысында Иран халқының ұлттық болмысының қалыптасуы мен жалғасуындакөне тарих, тіл, дін мен діни наным-сенімдер, әсіресе ислам, бай мәдениет, саяси мұра маңызды құрамдас бөліктер ретінде ерекше рөл атқарды. Бұл құрамдас бөліктер ирандық қоғамды сонау өткен заманнан бүгінгі күнге дейін біртұтас тұлғаға айналдырды.

Адамның белгілі бір жерге тиесілігін бекітетін және оның құндылықтары мен нормалар жүйесін заңдастыратын сипаттамалар жиынтығы ұлттық бірегейлік ұғымын анықтайды.

Ұлттық бірегейлік – қоғамдағы ұжымдық бірегейліктің ең жоғары деңгейі, ол бір жағынан қоғам ішінде оның мүшелері арасында ынтымақ пен бірлік тудырса, екінші жағынан басқа қоғамдардан ерекше біртұтас қоғам ретінде көрсетеді, ортақ құндылықтары және ортақ тарих туралы түсініктері мен сезімдерінің көмегімен өздерін белгілі бір топқа тиістілігін көрсетеді. Сондай-ақ ұлттық бірегейлік ұжымдық бірегейлікті сезінудің бір түрі ретінде қарастырылады.

Ұлттық бірегейлікті зерттеу – үлкен тарихи-әлеуметтік маңызы бар тақырыптардың бірі. Оның тарихи маңыздылығы, ең алдымен, бұл құбылыстың қоғамдағы уақыт процесінде қалыптасуымен және тарихи оқиғалар мен өзгерістердің ықпалында болуымен байланысты. Екіншіден, бүгінде қоғамда, әлеуметтік топтар арасында байқалатын кез келген сәйкестік әр кезеңдегі тарихи ағымдар мен өзгерістерден туындайды. Ұлт неғұрлым күшті және ұйымшыл болса, ынтымақ пен қоғамдық келісімнің негіздерін бекітуде соғұрлым табысты бола алады. Өткенді, бүгінді және болашақты біртұтас мәдени-өркениеттік кешенге байланыстыратын ұтымды интеграциялық бірегейлік мемлекет пен халықтың табысты дамуын, олардың алдында тұрған барлық мәселелер мен міндеттерді тиімді шешуді қамтамасыз ете алады.

Ұлттық бірегейлік ұлттық бірлік пен ынтымақты құрудың және ұлттың ұжымдық рухын қалыптастырудың маңызды факторы. Мортеза Мотахари «Ислам мен Иранның өзара қызметтері кітабындағы» анықтама бойынша ұлттық бірегейлік бір ұлтты құрайтын бірқатар адамдар арасында ортақ сезімнің немесе ар-ұжданның және ұжымдық сананың болуы деп анықтайды. Оның пікірінше, ирандық болмыстың екі негізі бар: 1- ирандық 2- исламдық [1].

Ұлттық-этникалық бірегейлік басқаларға қатысты күрес кезінде қалыптасады: Иран Аниранға немесе Тұранға, Аджам арабқа, тәжік түрікке қарсы. «Ирандық болмыстың» тарихи трансформациясының сабақтастығы факторлары, ұлттық болмыстың сабақтастығы патшалықтың тарихи мұрасы, парсы тілі мен әдебиеті мен исламға дейінгі (зороастризм) және исламнан кейінгі (шиа) ирандық діндердің қосындысының нәтижесі болып табылады. Ирандық болмысты Иран тарихына біздің эрамыздың үшінші ғасырынан бастап Сасанид патшалары енгізді: патшалықтың құрылуы және зороастризм діні (саяси және діни үкіметтің негізі болып табылады). Парсы тілі мен этникалық мифтердің сабақтастығы Иран мәдениетінің өміршеңдігін қалыпта ұстағанымен, Иранның біртұтас болмысында сефевид патшалары шиит дінінің

көмегімен және түрікмен тайпаларының қылыштарының көмегімен бұл бірегейлікті қайтадан қалпына келтіргенге дейін бірнеше ғасырлық дәуір өтті.

Иран бірегейлігі терминінің қалыптасуына қатысты пікірлер әртүрлі. Олардың кейбірі Иранның ұлттық бірлік, яғни тілдік, саяси және этникалық ерекшелігі бар ел ретіндегі идеясы Авеста дәуірінде қалыптасып, Ардешир Бабақан кезінде бейресми түрде өмір сүруін жалғастырды және оны рәсімдеді дей келе, Парфия және Ахеменид үкіметтері Иран атауымен ресми аталмаса да, «Ирандық болмыстың» тарихи трансформациясының сабақтастығы факторлары ретінде өзіндік ілгері орынға ие. Киани әулетіндегі Ки Хосро есімі Арий елдерінің батыры және империяны нығайтушы дегенді білдіріп, ұлттың болғанын көрсетеді. Сондай-ақ, Геродот жазбаларында Ахеменидтердің өздеріне бағынышты арийлік тайпалардың ирандық емес азаматтарға қарағанда төлейтін салық көлемі азырақ болған, сонымен қатар, әскери істерде көрнекті, құрметті жұмыстар берілген. Александр ирандық емес провинцияларды оңай бағындырып, ал Иранның шығысында қатты қарсылық көрген [1].

**Негізгі бөлім.** Тарихи реттілік тұрғысынан алғанда, Ахеменидтер дәуірінде Иранда өзіндік сананың енді туып, қалыптасып, даму динамикасының байқала бастап, ирандық болмыстың іргетасыбой көтере бастаған кезеңі еді. Иран жерін жаулап алған гректер елді тоқсан жыл бойы билеп, өздерімен бірге эллиндік (грек) мәдениетін де ала келді. Мидиялар мен ахеменидтердің туының астындағы халыққа тиесілі бүкіл бірлік элементтерін жою мақсатын көздеген Ескендіртіпті Иран халқының құрылымын да өзгертуге тырысты. Селевкилердің жеңілісінен кейін парфиялықтар ирандық болмысты қайта жаңғырту үшін ауқымды шараларды іске асырды, атап айтсақ, елде грек тілінің ықпалын әлсіретіп, парфиялық пехлеви тілінің кең таралуына күш салды. Монеталарда бейнеленген эллинизм белгілерін жою т.с.с. амалдар іске асырылды.

Сасанидтер кезеңінде Иран сөзі саяси мағынаға ие болды: Ираншахр ұғымы, патшалық территория, Иран Дабирбад немесе Иран Артештар сияқты титулдар осы саяси мағынаны көрсетеді. Иранды біріктіру және шетелдіктерге қарсы ұлттық мақтаныш сезімін ояту үшін сасанилер мифологиялық тарихқа негізделген дәстүрлі тарихты құрастырды.

Сасанидтер дәуірінде зороастризм дінін ресми етумен олар өздерін Ахеменид мәдениеті мен өркениетінің жалғасы деп есептеді. Ардешир Бабақан «Ардеширдің өмірбаянында» «Мен патшалардың ұрпағы, Селевкилер Иран мәдениетін жоюмен айналысқанда, біз Фарстаел мәдениеті пен болмысын қорғаушылары болдық». Осылайша, ежелгі Иран өркениетінің қайта жаңғыруы Сасанидтер дәуірінде айрықша көрініс тапты [2].

Сасанидтербилігі кезеңінде Иран 400 жылға жуық тұрақты үкіметті бастан кешіріп, Ираншахр сөзін саяси ұғым ретінде Сасанидтер дәуіріндегі жерлерді атау үшін қолдану осы кезеңде орын алды, ол бүгінгі күнге дейін тарих бойы ирандық болмыстың негізгі құрамдас бөліктерінің біріне айналды. Сондай-ақ, осы дәуірде Иран мен Тұран арасындағы шекаралық тіректердің жасалуы ұлттық бірегейліктің құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.

Дегенмен, аталмыш әулет билігінің соңғы жылдарындағы қоғамдағы дағдарыс исламның келуімен шешімін тапты. Өздерін зороастризм ғұрыпының мұрагері санайтын арийлік дінбасылары әлеуметтік иерархияның ең жоғарғы сатысына қойылып, өзінің саяси-әлеуметтік билігін нығайту үшін ғұрыптық каталдықты пайдаланды. Бұл догматизм халықтың наразылығын шарықтау шегіне жеткізді. Осы кезде Сасанидтер империясыныңирандық мәдениет пен болмысының плюралистік аспектілеріне мән бермеуі халық наразылығын өршіте берді. Сондықтан әртүрлі мәдениеттер мен діни әдет-ғұрыптардың плюралистік қоғамы болған және толеранттылықты өзінің болмыстық құрылымының маңызды бөлігі ретінде қарастырған Иран қоғамы бірте-бірте Сасанидтердің басқару жүйесімен бетпе-бет келді. Мұның салдары Сасанидтер әулетінің саяси құлдырауы және Иранның ұлттық бірлігінің әлсіреуі болды және ақырында мұсылман арабтардың шабуылы арқылы ұлттық бірлік пен тұтастықтың ыдырауына әкелді. Осылайша ирандықтардың ұлттық болмысы жаңа әрі маңызды кезеңге, яғни исламдық кезеңгеаяқ басты [3]. Ислам келген кезден бастап Сефевидтер кезеңіне дейін ирандық болмыс бір кезең мен дағдарысты бастан кешірді және ирандық болмыстың құрамдас бөліктері көптеген өзгерістердің куәсі болды. Біріншіден, Иранның географиялық құрылымы өзгерді, Ираншахрдың орнына ислам елі бой көтерді [4].

«Исламның келуімен ирандық болмыстың тәнінде жаңа рух пайда болды. Бұл діни көзқарастардың көптігін жойып,біртұтас ой, біртұтас мұрат-мақсат пайда болған діни бірлікпен алмастырылды», - деп жазды Мортеза Мотахари өзінің «Ислам мен Иранның өзара қызметтері кітабында».

Исламның енуімен Иран жеріндеирандық және семиттік мәдениеттер тоғысты. Исламмен бірге араб тілі де енді. Кейбір елдерде, әсіресе Солтүстік Африка елдерінде исламмен бірге араб тілін де қабылдап, төл тілдері ығыстырылып, бірте-бірте қолданыстан шығып қалды. Ал, Иран екі ғасыр «үнсіздікте» өткізсе

де, парсы тілі өзіндік құндылығын сақтап, ислам халқының екінші тілі мәртебесіне ие болып, ирандық болмыстың негізгі тіректерінің бірі ретінде әрі қарай өмір сүруін жалғастырды. Осы мәдени қоспадан он төрт ғасыр бойы ирандықтардың ұлттық болмысын, дүниеге көзқарасын, әлеуметтік және саяси мінез-құлқын қалыптастырған жаңа мәдениет орын алды [5].

Сефевидтер әулеті дәуірінде Иранда орталық биліктің орнауымен ирандық болмыс қайта жанданды. Иран үлкен және тәуелсіз ел ретінде қайта жаңғырып, иран халқының ұлттық болмысы шииттік реңкке ие болды. Шииттік дін Иранның болмысын жаңа элементпен толықтырып, иран халқын басқа ислам халықтарынан ерекшелендіріп, айрықша болмыс тудырды. Осылайша Иранды батыстағы Османлы дінінің сунниттік империясынан және батыстағы Үндістанның Тимуридтерінен айқын ажыратты. Сефевидтер билігі исламға дейінгі ирандық мәдениет пен исламдық Иранның діни мәдениетінің ұштасуының себепшісі болды. Осыған байланысты елде келесі шаралар атқарылды:

- Шекара ұғымын нақтылап, аумақтық интеграцияға ұмтылды;

- Иран патшалығын қалпына келтіру, Сефевид патшалары ирандық болмыстың қалпына келуін басқаларға қарағанда көбірек алаңдады, тіпті Шах Исмаил ұлының атын Тахмасб қойғаны осының дәлелі бола алады.

19-ғасырда иран халқының Батыстың заманауи өркениетімен танысуымен ерекшеленді. Қаджар әулеті билігі тұсында ирандықтардың еуропалық қоғамдар және құндылықтармен кездесуінің нәтижесінде ирандық болмыс жаңа өзгерістерді басынан өткерді. Осындай жағдайлардың нәтижесінде елде конституциялық төңкеріс орын алып, жаңа концепциясы бар ирандық бірегейлік негізі қалыптасты. Конституция жаңа құрылым мен жаңа идеяларды жобалау арқылы ұлт пен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың және ұлттық бірегейліктің жаңа үлгісін жасады.

Пехлеви патшалары ежелгі Иран тарихы мен қазіргі тәжірибе арақатынасын құруға, империялық жүйеге негізделген жаңа қоғам орнатуды көздеді.

Ислам революциясының жеңісі мен Иранда исламдық республика үкіметінің орнауымен исламдық және шииттік құндылықтарға негізделген жаңа бірегейлік негізінің орнағаны және «ирандық» элементтің аясы тарыла түскені белгілі. Исламдық және шииттік құндылықтар Пехлеви дәуіріндегі ұлттық бірегейліктің исламдық өлшемін әлсірету процесіне жауап ретінде пайда болған бағыттың негізі болып табылады және оның мақсаты елдегі ұлттық ынтымақ негіздерін құру болып табылды. Ислам республикасы исламдық болмысты нығайтып, Иранның ұлттық болмысының құрылымына өзгеріс енгізуді көздеді. Ислам республикасы теңдікке, әділдікке бағытталған қозғалыстардың және т.б. қазіргі дәуірдің ең ықпалды әрекеттерінің көрініс ошағы болып табылады. Жалпы, тарих бойындағы Иранның ұлттық болмысының элементтерінің арақатынасына байланысты «ираншылдық» пен «исламшылдық» арасындағы қарым-қатынас әлеуметтік, мәдени, ирандық, ираншылдықтың негізгі элементтерінің бірін құрайды десе де болады және Иран қоғамының саяси өмірінде иран халқы арасында үйлесімділік тауып, ирандық болмыстың бір бөлігіне айналды. Иранның ұлттық болмысының аталмыш құрамдас бөліктерінің артықшылығы – оның бабалары менбүгінгі ұрпақпен байланыста болуына себеп болып, оларға ерекше болмыс пен тиістілік сезімін беріп, ұлттық болмысына байлануына себеп болды.

Ежелден иран халқы өзін басқалардан ерекше ұлт ретінде санап келді, бұл олардың өзіндік ұлттық сананың бар екенін көрсетеді. Бұл көне тарихы, діні, саяси мұрасы, бай және озық мәдениеті, тілі сияқты факторларға негізделген. Иран тарихы халықтың күш-жігерін, ортақ болмысын көрсететін түрлі оқиғаларға толы.

Тағы бір мәселе, Иранның географиялық орналасуы көне тарих бойы ирандық болмыс пен оның эволюциясын анықтауда маңызды рөл атқарған көптеген саяси, діни және әскери оқиғалардың куәсі болды. Елдің басқа елдер және ірі державалармен қарым-қатынасына әсер етіп, аймақтық бәсекелестік тұрғысынан Иран өзіндік орынға ие болды және бұл мәселе оның әртүрлі шиеленістерге тап болуына себеп болды, алайда, жер және ирандық бірегейлік жоғалған жоқ, керісінше басқыншылардың Иран жеріне үздіксіз шабуылдары осы ел халқының ұлттық болмысын сақтап қалу үшін ынтымақтасуында маңызды рөл атқарды. Иран территориялық аумағы иран халқының мекен-қонысы ретінде ұлттық болмыс беретін тағы бір элемент.

Ежелгі дәуірде дін иран халқының қоғамдық және саяси өмірінде маңызды рөлге ие болып, оларды бір-бірімен ынтымақтастыратын күш ретінде және ел тұрғындары үшін бірегейлік элементтерінің негізгісі бола білді. «Жақсы ой, жақсы сөз және жақсы амал» деген үш категория зороастр дінінің негізгі қағидалары қатарында қарастырылған. Зороастр дінінің негізі исламға дейінгі иран халқының болмысын қалыптастырған элемент болып табылады.

Ислам Иранға тарағаннан кейін уақыт өте келе зороастризм діні бұрынғы ықпалын жоғалтып, Иран халқының басым бөлігі исламды қабылдауымен елдің саяси, әлеуметтік және экономикалық құрылымы өзгеріп, жаңа психикалық шеңбер мен мәдени бағыт-бадер енгізіп, Иранда ежелгі Иран мәдениеті мен исламды біріктірген жаңа халық болмысының негізі бой көтерді. Иран қоғамында исламды қабылдау ешбір жағдайда ирандық болмысқа қайшы деп саналмады. Иран мұрасы мен исламдық ілімдер арасындағы руханият, мемлекеттік және қоғамдық қатынастар саласындағы бар олқылықтарды Ислам ілімдері толықтырды. Сефевидтер династиясының билікке келуімен шийттік дін Иранда ресми сипатқа ие болып, қоғамының маңызды тетігіне айналды. Шиизм ілімдері ирандық шииттердің ұлттық және діни болмысын дайындап, қалыптастыруда басты маңыздылыққа ие болды, елдің саяси-әлеуметтік өмірінде шешуші рөл атқарып, халықтың жаңа ойы мен бағыт-бағдарын қалыптастырды. Олар исламды өздерінің мәдениеті ретінде қабылдап, мінез-құлқын оның құндылықтары мен ережелеріне бейімдеді. Сефевидтер әулеті негізін қалаған бұл дін жаңа өркениет түрінде ресімделіп, Иран мәдениеті мен болмысында исламға дейінгі діни элементті нақтылайтын және дамытатын тағы бір маңызды элемент ретінде пайда болды [6].

Иранның ұлттық болмысын қалыптастыру элементтері ретінде ежелгі әдебиет пен аңыз-әңгімелердің алатын орны да ерекше. Ирандықтардан олардың ұлты мен болмысының қалыптасуындағы аңыздардың рөлі туралы сұраса, көбі Сиаваш, Эфандияр, Ростам, Сохраб, Жамшид, Ферейдун, Киёмарс, Араш және т.б. сияқты аңыздық образдарды атап өтетіні сөзсіз және бұл есімдердің халық арасында ғасырлар бойы кеңінен таралуы аталмыш аңыз образдарының ирандық болмысты қалыптастыруда өзіндік үлесін қосқаны анық. Жалпы, патшалар мен әмірлердің, батырлар мен жауынгерлердің іс-әрекеттерін, жаугершілік оқиғаларын, жорықтарын суреттейтін эпикалық жырлар, діни аңыздар бүгінгі күнге жетіп отырған бағалы мұралар жинағы. Фердоусидің «Шахнамасы» Иранның ұлттық болмысының даму үдерісінде және оның тарихи сабақтастығында артықшылыққа ие болған Ирандағы эпикалық поэзияның ең үлкен, әрі маңызды туындысы, ирандық менталитеттің эволюциясының бір көрінісі. [7]

Әділеттікке қол жеткізу Иранның ұлттық болмысының элементтерінің бірі десе де болады. Зороастризмдік ой-пікірде «әділеттік» Ахура Мазданың атрибуттарының бірі болған. Ежелгі деректерде Курушпатшаның Вавилонға кіріп, бабыл тұрғындарының тіліне, діни сенімдеріне қол сұқпай, басып алушы емес, азат етуші ретінде қарым-қатынас жасауы арқылы өзі бағындырған алып кеңістікте әділеттік пен гуманизмге негізделген саясат ұстанып, тарихта әділ билеушісі сипатына ие болды. Куруш патшаның толеранттылық, әділеттілік және діни еркіндік саясаты тарих бойында көптеген билеушілерді шабыттандырған. Иранға исламның келуімен иран халқының әділеттілік рухы жаңа үрдіс алды. Қоғамда әділеттік орнатуға баса мән беретін жаңа дінді қабылдадық деп, елдің табиғи байлықтарын ұлттандыру арқылы халық өзінің ұлттық байлықтарына иелік ету керек деген қағида ұстанды. Иранның бүкіл ислам тарихында өмір сүрген ойшылдары, жыршылары мен жазушыларының туындылары билік басшыларын халықпен әділ, шынайы болып, қоғамдық тепе-теңдік орнатуға шақырған. Саадидің «Гүлстаны мен Бостаны», Фердоусидің «Шахнамасы», Ходжа Насыр Тусидің «Ахлақ Насри» және Ходжа Низам әл-Молктың «Сиясат Нама» сияқты өсиеттері, т.б. осыған дәлел бола алады.

Фердоуси ұлттық болмыстың бір тірегі болып табылатын парсы тілінің қайта жаңғыруында көлемді рөл атқарғаны даусыз. «Шахнаманың» бірінші мифологиялық бөлімі ирандық болмыстың мәнін, яғни ирандық халықтардың ұжымдық санасының қалыптасуын көрсетеді. Ахура Мазда Иран жерінде адамзат қоғамының алғашқы адамы және алғашқы патшалығын дүниеге әкеледі. Осы кезден бастап Ирадж патшалығындағы халықтың болмысы қалыптасып, ұлттық ирандық бірегейлік рухы орнады деп есептейді.

«Шахнама» кітабы сонымен қатар Иран мәдениетіндегі діндарлық, тақуалық, әділдік сияқты қасиеттерді де жақсы көрсететін құжаттардың бірі. Бұл ретте ирандық мәдениетті сол кездегі ислам идеологиясы негізіндегі өркениетті әлемге танытып, араб мәдениетінен айырмашылығын көрсету үшін тағы бір ерекшелік ретінде таңдап алынды [8].

Ұлттық бірегейлік ортақ құндылықтардан тұратыны сияқты, сондай құндылықтарға жоғарыда әділеттілікті атап өтсек, конституциялық кезеңде азаттық, еркіндік қоғамның ілгерілетуші күшіне айналды. Қаджарлар билігі кезінде еркіндік немесе либерализм идеясы (қазіргі батыс қоғамының ерекшеліктерінің бірі ретінде) ирандықтардың, әсіресе зиялылардың назарын аударды. Жалпы, сол кездегі ирандықтардың патшаның абсолютті билігін шектеу, халық хұқығын заңдастыру қажеттілігін сезінуі оларды парламент, үкімет кеңесі, партиялар құруға итермеледі. Конституцияны жақтаушылардың пікірінше, заң адам еркіндігін қамтамасыз етудің кепілі болды. Сондай-ақ иран халқының азаттыққа ұмтылу үрдісінде биліктің үстемдік әрекеттерінен туындаған ішкі мәселелермен қатар сыртқы фактор, яғни шетелдіктердің үстемдігі әртүрлі тарихи кезеңдердегі Иранның ішкі істеріне араласуы да маңызды рөл атқарды. Дәл осы

негізде мұнай өнеркәсібін ұлттандыру қозғалысы мен Ислам революциясының орын алуы шетелдіктердің билігі мен үстемдігінен босау әрекеттерін де азаттық пен тәуелсіздікке жету стратегиясы ретінде қарастыруға болады.

Әр ел халқы үшін өзіндік және дербес болмысының болуы халық өмірінің негізгі элементі болып саналып қана қоймайды, сонымен қатар адамның жеке және қоғамдық өміріне мән беріп, оған ерекше серпін береді. Елдегі тұрақты дамуға қол жеткізудің негізгі шарты қажетті мәдени және әлеуметтік тенденциялары бар тиімді адам ресурстарын дайындау болып табылады. Полиэтникалық қауымдастықтардағы мәдени әртүрлілік пен плюрализм мәселесі - этникалық, ұлттық және идеологиялық бірегейлік түсінігі болмаған қоғамда ұлттық бірліктегі мәдени олқылыққа әкеледі. Тиісінше, елдің бірлігі мен тұтастығының негізгі тінін құра алатын діни бірегейліктен, ұлттық мүдделерден, этникалық ерекшеліктерден туындаған ұлттық бірегейлік әлеуметтік қауіпсіздік кепілі бола алады [6].

Иран бүгінде жаһандану мен коммуникация дәуірінде және саясат, экономика және мәдениет салаларындағы жаһандық және аймақтық даму қарқын алған кезеңде халқының ұлттық бірегейлік негіздеріне мән беріп, көптеген ғылыми еңбектердің басты тақырыбы болып отыр. Бірқатар сарапшылардың пікірінше, жаһандану процесі ұлттық бірегейлік негіздерінің әлсіреуіне әкеліп соқса, басқа пайымдау бойынша, елдердің өз қоғамының бірлігінің, бірегейлігінің және біртұтастығының төл негіздерін нығайтуға тырысуына себеп болды.

Ирандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасуы қандай тарихи үдерістен өтті деген сұраққа жауап беруге талпыныс жасалды. Ирандық болмыстың қалыптасуы үдерісі келесі кезеңдерді қамтиды:

1. Ежелгі кезең
2. Ислам дінінің енуінен Сефевидтер әулетінің билігінің басына дейін
3. Сефевидтер әулетінің билігі басынан конституциялық қозғалысқа дейін
4. Конституционализмнен Пехлеви әулетінің пайда болуына дейін
5. Пехлеви әулетінің дәуірі
6. Ислам революциясы дәуірі.

Бұл тарихи үдерістер ирандық болмыстың анықтамасы мен оның құрамдас бөліктерінің әр уақыт кезеңінде өзгеріп, ұлттық болмысты толықтырып отыруымен сипатталады.

Бірінші кезеңде ұлттық бірегейлік ұғымының бой көтере бастаған кезеңі; Екінші кезеңде исламның ежелгі ирандық болмысқа әсері; Сефевидтер дәуірінде ұлттық үкіметтің құрылуымен ұлттық бірегейліктің ирандық ұлт пен шиизм элементіне сүйенуі; Қаджарлар дәуірінде батыстық идеялар мен конституциялық қозғалыстың келуімен Иранның ұлттық болмысының дағдарысқа ұшырауы; Пехлеви дәуірі, исламшылдыққа қарсы ежелгі ирандыққа қайта оралу кезеңі; Ал Ислам революциясы дәуірі – дінге қайта оралу дәуірі [9].

Қаджарлар билігінің екінші жартысында негізгі мәдени элементтерді қайта қарау орын алды. Иран қоғамы Еуропада орнығып, Америка құрлығында дамыған жаңа өркениетпен кездесті. Модернизм толқыны Иранда Насер ад-Дин шах билігінің басынан бастап тарады. Біріншіден, бұл құбылыс қоғамның элиталық класында, кейінірек қалың жұртшылық арасында өсіп, конституциялық төңкеріске әкелді. Осылайша модернизацияға ұмтылу, дәлірек айтсақ, алға ұмтылу Иранның болмысы мен мәдениетіндегі жаңа элемент ретінде пайда болды [10].

Реза шахтың билігімен Ирандағы ұлтшылдық жаңа әрі өзгеше сипат пен негізге ие болды. Реза шахтың пікірінше, модернизацияға қол жеткізудің және ішкі қиындықтар мен шиеленістерді еңсерудің жалғыз жолы заманауи және қуатты ұлттық мемлекет құру болды. Осы себепті, Реза шах және саяси элита алдымен таза ирандық ілім негізінде ирандық болмысты орнатуға күш салды.

Реза шахтың заманауи ұлттық мемлекет пен ирандық ұлттық болмысты құру жолындағы тағы бір шарасы елдің атауын Парсыдан Иранға өзгертуі болды. 1936 жылдың сәуір айының басынан Парсы атауының орнына Иран атауын беруді бұйырды. Иран этникалық топтарының бірінің атауы болып табылатын Парсы немесе Парс басқа парсы емес этникалық топтардың елмен ынтымақтастық сезімін тудыра алмайды. Демек, Иран – Мидия, Парс және Парфия арийлік халықтарының ортақ тарихын еске түсіру, мұны халықтар арасындағы айырмашылықтарды жою мен ұлттық сезімді қалыптастырудағы ынтымақ мен жемісті ұлттық бірегейліктің негізгі көзі деп білді [4].

Бірінші Пехлеви дәуіріндегі бірегейлік саясатының тағы бір тармағы Иранның ирандық ұлттар мен рулар арасын біріктіруші фактор ретінде біртұтас және әмбебап тілді құруды ойластырды. Сол себепті, жергілікті этностар арасындағы тілдің алуан түрлілігін жойып, ұлттық бірлік тіліне ден қойып, түрлі әлеуметтік топтар мен жіктердің барлығын бір-бірімен біріктіріп, өзіндік сананың жаңа түрін жасауға мүдделі болды. Қаджарлар дәуірінің аяғында басталған архаизмге, арабизмге қарсылықтың, тілді



тазартудың және жат сөздерді жоюдың жаңа толқыны Реза хан билікке келген тұста жалғасын тапты. Білім министрлігінде түзетулер бірлестігін құрылды. Бұл ұйым парсы тілін түрік және араб сөздерінен тазарту мақсатында француз академиясының үлгісі бойынша құрылған [4].

Реза шах кезеңінде ұлттық дәстүрлер мен ежелгі ирандық мәдениет қайта жанданды. Қоғамда демократия арқылы және дәстүрлі мәдениетті заманауи мәдениетке айналдыру арқылы ілгерілеу қажет деген жаңа пікір қалыптаса бастады. Ұлттық жәдігерлер қауымдастығын құру (ежелгі және тарихи туындыларды жөндеу және қалпына келтіру); Фердоусидің мыңжылдығын тойлау; Ежелгі Иран орталығы мен Иран академиясының құрылуы; Ой өрісін өсіру ұйымы (архаизм мен арианизмді насихаттау) сияқты шаралар осының айғағы бола алады.

Екінші Пехлеви дәуірінде шахтың ақ төңкерісінің нәтижесінде ұлттық болмыстың негізгі тірегі ретінде көне дәстүрлерге баса назар аударылды. Соның нәтижесінде патшаның тәж кигізу рәсімі және 2500 жылдық Шахиншахи мерекелері өткізілді. Сол кезеңдегі ирандық қоғамдағы ұлттық бірегейлік дағдарысы ирандық, исламшылдық және батыстану деген үш негізгі мәселе төңірегінде болды. Кейбіреулер ирандық немесе Иранның көне мәдениетіне қайта оралу элементіне баса назар аударды; Ал кейбіреулері батысшыл болуды және батыс өркениетінің үлгілерін қабылдауды талап етті және екі топ Исламды даму жолындағы үлкен тежеуіш күш ретінде қабылдады [11].

Шах Иранның қоғамдық құрылымында жаңа тарау ашып, Иранды модернизацияның жаңа дәуіріне енгізіп, оны «Ұлы өркениет дәуірі» деп атады. Ол «Ұлы өркениет жолында» кітабында былай деп жазды: «Халқымыз дамыған әлемнің барлық ғылыми және өндірістік жетістіктерін, материалдық игілік пен жаңа өмір жетістіктерін пайдалануы тиіс. Болашақта Иран өркениетінің ізгілігі мен құндылықтарын сақтай отырып, ұлттық болмысымызға сүйене отырып, рухани және мәдени байлығымызды қолдау арқылы жас ұрпақтың ауытқулары мен жаңылыстарының алдын аламын деп сенемін». Тарих бойындағы өзгерістердің бәрі ұлттық бірегейлік негіздерін нығайтуда оң нәтиже берді деп айтуға болмайды. Иранда осы модернизация үдерісінің басталуымен бір жағынан бұрынғы дәстүрлі құндылықтар сынға ұшыраса, екінші жағынан жаңа құндылықтар толық қалыптаспады. Мұндай жағдайларда пассивті әрекет күшейіп, әлеуметтік құрылым өзгерді, яғни ұлттық бірегейлік негізі әлсіреді. Кейбір адамдар жаңа құндылықтарға бейімделе бастаса, екінші топ дәстүрлі құндылықтардың жетегінде қалып, жаңа құндылықтарды елемей, өзінің тұлғалық дамуын тежеді. Басқа топ бұл оқиғаларды таңданыспен бақылап отырды. Осылайша, тұлға дағдарысы өтпелі кезеңді бастан кешіріп, ұрпақтар алшақтығы айқын байқалды. Осы кезеңдегі қалам иегерлерінің еңбектері де әртүрлі ұстанымға ие болды. Садеғ Хедаяттың еңбектерінде ирандықты исламдық және шииттік идеологиямен алмастырады. Тағи Эрани, ЭхсанТабари және Халил Малекі сияқты жазушылар ежелгі ирандық болмысты алға тартты. Әл-Ахмадтың «Ғарбздегі» кітабындағы көзқарас Батысты сынау және діни дәстүрлерді қорғау болып табылады. Сонымен қатар, сол кездегі қоғамдағы тұлғасыздық құбылысымен айналыса отырып, шииттік діни бірегейлік жобасы туралы сөз еткен Шариатиді де айта кеткен жөн. Күш-жігерін діни болмысты қалпына келтіруге жұмылдырған топқа ислам ғалымдары мен ойшылдарының кең тобы кіреді. Бұл топтың ішіне имам Хомейнидің «Кашф әл-Асрар» еңбегін жатқызудың болады [12].

Халықтың тарихи жадын қалыптастырған жарқын дәстүрлерді бекіту және мәдени-ұлттық салт-дәстүрлерді қалпына келтіру, әрі жаңғырту да бір ел халықтарының бірлігі мен ынтымағын сақтауда тиімді рөл атқара алады.

Қазіргі жаһандану дәуірі иран халқының ұлттық болмысына қандай өзгерістер мен толықтырулар енгізеді деген сұраққа жаңашылдыққа ұмтылған жас буынмодернизацияны бүгінгі күннің қажеттілігі, әрі өмір құралы деп біледі. Сол себепті, олар әлемдік өркениеттің озық элементтерін өздерінің исламдық мәдениетіне сіңіріп, өз мәдениетінің элементтерінің біріне айналдыруы қажет деген пікірде [13].

Жаңа өркениет философиясы адамның табиғаттағы орнына жаңаша қарауға негізделген. Еуропа халқының наным-сенімдері мен мәдениетінде терең өзгерістер әкелген бұл өркениеттің жетістіктері үлкен үдеумен әмбебап болып, басқа қоғамдарды күтпеген жерден өзгертті. Өнеркәсіп саласында, әсіресе әскери және экономикалық өнеркәсіпте орын алған өзгерістер жаңа дәуірге басқаша реңк берді. Иранда және басқа да исламдық қоғамдарда батыстың техникалық білімі мен ғылыми ой-санасы және олардың жаңа құндылықтар жүйесінен туындайтын басқа да қасиеттер жаңашылдық ретінде осы қоғамдардың өмірінің әртүрлі салаларына өз ықпалын таратты. Иранға модернизм мен оның құндылықтарының келуі ұлттық және діни өлшемдерде мәдени бірегейлік саласында терең және кең таралған әсерлер қалдырды. [14]

**Қорытынды.** Жоғарыда айтылған ұлттық бірегейлік элементтері қазіргі ирандық ұлттық болмыстың негіздері ретінде ирандықтарға ерекше ұлттық болмыс пен тарихи сана қалыптастырды. Ирандық ұлттық болмыстың қоржыны тарихи даму контекстінде ежелгі және қазіргі мәдениеттер және өркениеттермен тоғысуы нәтижесінде толықты десе де болады.

Ұлттандыру немесе ұлттық бірегейлікті құру қазіргі үкіметтердің басты міндеттерінің біріне айналып отыр. Өйткені, модернизм азаматтық ұғым арқылы адамдар мен басқа институттардың үкіметпен

дәстүрлі қарым-қатынастарын жою ықтималдығы басым. Қоғамды біріктіру, бөліну мен бөлшектену үрдісіне қарсы тұру және әскерді қолдау және басқа мақсаттарға ынталандыру; үкіметке адалдықты күшейту; қоғамда ортақ сезім тудыру сияқты факторларды алға тарту арқылы ұлттық бірегейлік сезімін құру саяси билеушілерге көптеген артықшылықтар берер еді [15].

Жаһандану үдерісі өршіп тұрған кезеңде әр ұлтқа, сонымен қатар қазіргі Иранның парсы тілінен, исламдық тағылымдардан, тарихи оқиғалардан, парсы әдебиеті мен қазіргі және жаңашылдық элементтерден жүйеленіп, қалыптасқан ұлттық болмысын қайта-қайта жаңғыртып, Батыстықкөңіл-күйдіңөте әсершілдігін үнемі есте сақтауды қажет етеді.

Мәдени коммуникацияның артуы мен жаһандану үдерісі елдердің ұлттық бірегейлігінің күшін төмендете ме? Біртұтас ұлттық болмысы, бірлігі бар елдер жаһандануға қарсы тұра ала ма деген сұрақ әр қоғамды жиі ойландырады. Кейбір пайымдаулар бойынша, жаһандану бірегейлікті жоғалтуға, ұлттық мәдениеттердің теңестірілуіне, бір өркениеттік модельдің үстемдігіне әкеледі және бұл дінаралық, конфессияаралық, ұлтаралық және өркениетаралық диалогтағы шиеленістің күшеюіне әкеледі. Бұл өз кезегінде ғасырлар бойы қоғамның дамуын айқындаған дәстүрлі құндылықтар жүйесінің жойылу қаупіне әкелу қаупі бар. Екінші бір пікір бойынша, жаһандану өз болмысын сақтап қалғысы келетін елдердің әрекет етуіне және өз қоғамының бірлігінің, бірегейлігінің және біртұтастығының төл негіздерін нығайтуға тырысуына себеп болады. Осы орайда, олар әлемдік өркениеттің озық элементтерін өздерінің мәдениетіне сіңіріп, өз мәдениетінің элементтеріне айналдыруы керек деп есептейді [16].

Заманауи және прогрессивті ойлау бүгінгі Иран ұлтының болмысының бір бөлшегі болып табылады және өркениеттің ең жоғары деңгейлеріне жету және өткен өркениеттердің даңқы мен абыройын жаңарту талпынысы бүгінгі күні ирандықтардың тағы бір маңызды мақсаты болып табылады [17].

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://sociologytehran.blogfa.com/post/30>
2. Hamid Ahmadi "Iranian national identity in the scope of history". *National Studies Quarterly*. N15(2004) pp. 9-47.
3. <http://sociologytehran.blogfa.com/post/30>
4. FarshidDilmaghani, Mohammad Ali GhasemiTurki "The position of national identity in Iran, a look at the historical development, patterns and policies of national identity", *Quarterly Scientific-Research Journal of History*, 2017-No52, pp44-97.
5. Rajaei, Farhaneh "The identity problem of Iranians today". Tehran. Ney Publishing (1611)
6. <https://4cp.olgou.ir/papers/146.pdf>
7. <http://bagrezaei.blogfa.com/post/5>
8. Mehdi Amir Kafi, Ibrahim Hajiani "The ratio of ethnic and national identity in Iran's multi-ethnic society: review and comparison of three theoretical approaches", *Strategy Quarterly / Year 22 / Number 66 / Spring 2013 / pp. 1-146*
9. <https://farsi.khamenei.ir/others-article?id=17052>
10. <http://safdari1346.blogfa.com/post/27>
11. <https://www.adyannet.com/fa/news/907>
12. <http://akhoondisociology.blogfa.com/post/31>
13. <https://www.adyannet.com/fa/news/907>
14. [ensani.ir/fa/article/11012/%D9%87%D9%88%DB%8C%D8%AA-%D9%88%D9%85%D8%B4%D8%B1%D9%88%D8%B9%DB%8C%D8%AA-%D8%AF%D8%B1-%D8%A7%DB%8C%D8%B1%D8%A7%D9%86%D9%85%D8%B9%D8%A7%D8%B5%D8%B1](http://ensani.ir/fa/article/11012/%D9%87%D9%88%DB%8C%D8%AA-%D9%88%D9%85%D8%B4%D8%B1%D9%88%D8%B9%DB%8C%D8%AA-%D8%AF%D8%B1-%D8%A7%DB%8C%D8%B1%D8%A7%D9%86%D9%85%D8%B9%D8%A7%D8%B5%D8%B1)
15. [https://iranshenassisj.ut.ac.ir/article\\_77076\\_3bac7b81b3de56e27618236a7499bfdc.pdf](https://iranshenassisj.ut.ac.ir/article_77076_3bac7b81b3de56e27618236a7499bfdc.pdf).
16. Маджид Аббасзаде, Марзбали "Ирандағы ұлттық бірегейлік және оның элементтері мен құрамдас бөліктері", Тегеран қаласы, Андишеъ басылымы, 2002 ж.
17. Heshiti, Alireza "Iranian culture and identity, opportunities and challenges (table)", *National Studies Quarterly*, (2000); Vol. 4, pp. 11-61.

#### References:

1. <http://sociologytehran.blogfa.com/post/30>
2. Hamid Ahmadi "Iranian national identity in the scope of history". *National Studies Quarterly*. N15(2004) pp. 9-47.
3. <http://sociologytehran.blogfa.com/post/30>
4. FarshidDilmaghani, Mohammad Ali GhasemiTurki "The position of national identity in Iran, a look at the historical development, patterns and policies of national identity", *Quarterly Scientific-Research Journal of History*, 2017-No52, pp44-97.

5. Rajaei, Farhang "The identity problem of Iranians today". Tehran. Ney Publishing (1611)
6. <https://4cp.olgou.ir/papers/146.pdf>
7. <http://bagrezaei.blogfa.com/post/5>
8. Mehdi Amir Kafi, Ibrahim Hajiani "The ratio of ethnic and national identity in Iran's multi-ethnic society: review and comparison of three theoretical approaches", Strategy Quarterly / Year 22 / Number 66 / Spring 2013 / pp. 1-146
9. <https://farsi.khamenei.ir/others-article?id=17052>
10. <http://safdari1346.blogfa.com/post/27>
11. <https://www.adyannet.com/fa/news/907>
12. <http://akhoondisociology.blogfa.com/post/31>
13. <https://www.adyannet.com/fa/news/907>
14. [ensani.ir/fa/article/11012/%D9%87%D9%88%DB%8C%D8%AA-%D9%88%D9%85%D8%B4%D8%B1%D9%88%D8%B9%DB%8C%D8%AA-%D8%AF%D8%B1-%D8%A7%DB%8C%D8%B1%D8%A7%D9%86-%D9%85%D8%B9%D8%A7%D8%B5%D8%B1](https://ensani.ir/fa/article/11012/%D9%87%D9%88%DB%8C%D8%AA-%D9%88%D9%85%D8%B4%D8%B1%D9%88%D8%B9%DB%8C%D8%AA-%D8%AF%D8%B1-%D8%A7%DB%8C%D8%B1%D8%A7%D9%86-%D9%85%D8%B9%D8%A7%D8%B5%D8%B1)
15. [https://iranshenassij.ut.ac.ir/article\\_77076\\_3bac7b81b3de56e27618236a7499bfdc.pdf](https://iranshenassij.ut.ac.ir/article_77076_3bac7b81b3de56e27618236a7499bfdc.pdf).
16. Majid Abbaszadeh, Marzbali "National identity in Iran and its elements and components", Tehran, Andisheh publication, 2002.
17. Heshti Alireza "Iranian culture and identity, opportunities and challenges (table)", National Studies Quarterly, (2000); Vol. 4, pp. 11-61.

FTAMP 03.09.31.  
ӘОЖ 94

Ж.Е. Турекулова <sup>\*1</sup>, Г.К. Отарбаева <sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD доктор, доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан  
E-mail: [turekaulova74@mail.ru](mailto:turekaulova74@mail.ru),

<sup>2</sup> тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,  
Шымкент, Қазақстан  
E-mail: [gul\\_4979@mail.ru](mailto:gul_4979@mail.ru)

## МЫСЫРДАҒЫ МОДЕРНИЗАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ (XIX ҒАСЫРДЫҢ 40-70 жж.)

### Аңдатпа

Әрбір мемлекеттің ұлттық жаңғыруы және дамуы үдерісіндегі билеуші топтардың атқаратын елеулі рөлі, тарихи маңызды мәселелердің қатарына кіреді. Бұл ең алдымен, ел билеушілерінің мемлекеттің саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және рухани дамуындағы негізгі бағыттарды айқындаудағы кең мүмкіндіктерімен тығыз байланысты. Осы орайда, XIX ғасырдағы Мысыр мемлекетінің тарихи дамуы аясында, Мухаммад Али, Саид паша, хедив Исмаил-паша басқару кезеңіндегі елде жүргізілген әскери-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-ағарту салаларындағы қайта құрылымдар ерекше назар аударатын тарихи тақырыптың біріне жатады. XIX ғасырда Мысыр мемлекеті өндірісті, білім беру жүйесін және қарулы күштерді модернизациялаудың мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыруды бастады. Еуропалық үлгідегі билік институттарын құру арқылы әлеуметтік қайта құрылымдар іске асырылды. Қарастырылып отырған кезеңде Мысыр мемлекеті Осман империясының құрамына кіргенімен, Таяу Шығыс және Солтүстік Африкадағы жетекші ұстанымға ие, дербес мемлекетке айналғанын ерекшелеуге болады. Еуропалық үлгідегі білім беру жүйесін ендіруін, өнеркәсіпті, ауылшаруашылығын жетілдіріп, дамыған армиясы мен әскери-теңіз флотының болуын модернизациялық өзгерістердің маңызды бөлігіретінде қарастыруға болады. Мақалада, Мухаммад Али және оның мұрагерлері билігі кезеңіндегі саяси, экономика, әлеуметтік өмір салаларындағы реформалар, жана кезеңдегі модернизациялық қайта құрылымдар аясында қарастырылады.

**Кілт сөздер:** Мысыр, модернизация, реформа, әлеуметтік – саяси даму, қайта құрылымдар, армия

Турекулова Ж.Е.\*<sup>1</sup>, Отарбаева Г.К.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD доктор, <sup>1</sup>доцент, Южно-Казахстанский университет им. М.Ауезова, Шымкент, Казахстан  
E-mail: [turekaulova74@mail.ru](mailto:turekaulova74@mail.ru),

<sup>2</sup>кандидат исторических наук, доцент, Южно-Казахстанский университет им. М.Ауезова,  
Шымкент, Казахстан  
E-mail: [gul\\_4979@mail.ru](mailto:gul_4979@mail.ru)

## ОСНОВНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МОДЕРНИЗАЦИОННОГО ПРОЦЕССА В ЕГИПТЕ (40-70 гг. XIX СТОЛЕТИЯ)

### Аннотация

Как свидетельствует история человечества, высшая правящая элита может сыграть определяющую роль в процессах национального возрождения целых народов. Это объясняется обширными возможностями, которыми она располагает в области определения основных векторов политического, социально-экономического, культурного и духовного развития своих стран. В этом контексте, заслуживает внимание деятельность правителей Египта XIX века, в особенности военно-политические, социально-экономические и культурно-просвещенческие преобразования, осуществленные при Мухаммаде Али, Аббас I, Саид-паше и хедиве Исмаил-паше, соответственно. В XIX веке Египет, приступил к реализации государственных программ модернизации производства, образования и армии. Создание институтов власти Европейского образца вызвало социальные преобразования. Следует также иметь в виду, что в тот период истории, несмотря на свою формальную зависимость от Османской империи, Египет фактически превратился в одно из ведущих во многом независимых государств Ближнего Востока и Северной Африки. Этот факт подкреплялся, прежде всего, наличием у страны сильной мобильной сухопутной армии, а также военно-морского флота. В статье рассматриваются реформы в сфере политики, экономики и социальной жизни, начатые Мухаммадом Али и продолженные его преемниками в контексте модернизационных преобразований Египта в новое время.

**Ключевые слова:** Египет, модернизация, реформа, социально-экономическое развитие, преобразования, армия

Turekaulova Zh.E.\*<sup>1</sup>, Otarbayeva G.K.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> PhD Doctor, associate professor, M.Auuezov South Kazakhstan University  
E-mail: [turekaulova74@mail.ru](mailto:turekaulova74@mail.ru),

<sup>2</sup> Candidate of Historical Sciences, associate professor, M.Auuezov South Kazakhstan University  
E-mail: [gul\\_4979@mail.ru](mailto:gul_4979@mail.ru)

## THE MAIN PROBLEMS OF THE MODERNIZATION PROCESS IN EGYPT (40-70 YEARS OF THE XIX CENTURY)

### Abstract

As the history of mankind testifies, the highest ruling elite can play a decisive role in the processes of national revival of entire peoples. This is due to the extensive opportunities it has in determining the main vectors of the political, socio-economic, cultural and spiritual development of its countries. In this context, the activity of the rulers of Egypt of the XIX century deserves attention, especially the military-political, socio-economic, cultural and educational transformations carried out under Muhammad Ali, Abbas I, Said Pasha and Khedive Ismail Pasha. In the nineteenth century, Egypt began to implement state programs for the modernization of production, education and the army. The creation of European-style institutions of power caused social transformations. It should also be borne in mind that during that period of history, despite its formal dependence on the Ottoman Empire, Egypt actually turned into one of the leading largely independent states of the Middle East and North Africa. This fact was supported, first of all, by the presence of the country's strong mobile land army, as well as the navy. The article deals with the reforms in the sphere of politics, economy and social life, started by Muhammad Ali and continued by his successors in the context of modernizing transformations in Egypt in modern times.

**Keywords:** Egypt, modernization, reform, socio-economic development, transformation, army

**Өзектілігі:** Таяу Шығыс және Солтүстік Африка әлемдік тарихи және саяси үдерістерде маңыздылығын жоғалтпайтын аймақтар болып табылады. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында орын алған маңызды халықаралық қауіпсіздікке қатысты мәселелер де араб елдерімен байланыста. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Шығыс елдерінің қоғамдық – саяси дамуының бағдары ретіндегі тұжырымдамалар XXI ғасырда өміршеңдігін жоғалтуы, қазіргі таңдағы Таяу Шығыс елдеріндегі саяси дағдарыстарды, қақтығыстарды, діннің радикалдануын тудырып, Йемен, Ливия, Ирак, Сирия сияқты елдер өз дамуында саяси, тарихи, өркениеттік дағдарыстарды бастан кешіп отыр. Осы орайда, өркениеттік, тарихи және саяси дағдарыстардан шығудың жолы ретінде тарихи дамудың озық тәжірибелерін негізге ала отырып, бейімделудің маңыздылығы ерекшеленеді және XIX ғасырда мұсылман әлеміндегі саяси модернизациялық үрдістердің тарихи алғышарттарын қарастырудың өзектілігі артады.

**Мақсаты мен міндеттері:** XIX ғасырдың басындағы Мысырдағы Мухаммад Али және оның мұрагерлері билігі кезеңінде жүргізілген саяси-экономикалық, әлеуметтік және әскери реформалардың тарихи алғышарттары мен нәтижелерін кешенді зерттеу.

**Кіріспе.** XVIII ғасырдың соңында қалыптасқан дүниежүзілік әскери-саяси жағдай және Ұлыбритания мен Франция арасындағы отарлық бақталастық Солтүстік Африка және Таяу Шығыстағы геосаяси жағдайға елеулі ықпалын тигізді. Еуропалық елдердің осы кезеңдегі басты мақсаты – Осман империясына тиесілі Таяу Шығыс елдеріне өз үстемдігін орнатуға бағытталған саясатымен ерекшеленеді. 1798 жылы Наполеон Бонапарттың Мысырға жасаған жорығы нәтижесінде француз әскерлері елге басып кірді. Мысыр елі Франция үшін Шығыста жаңа отарлық жерлерді игеруге қолайлы жер ретінде және Ұлыбританияның Шығыстағы ықпалын шектеуге бағытталған саясат ретінде қарастырылды. Бұл мәселе Мысыр жеріндегі француз-ағылшын қайшылықтарының шиеленісін тудырды. 1798 жылы адмирал Нельсон Абукир түбінде француз әскерлерін талқандап, 1799 жылы Францияның Мысырдағы ықпалын жоюға бағытталған ағылшын-түрік келісімі жасалынды. 1802 жылы жасалынған Амьен келісімі бойынша Мысыр Осман империясының иелігі деп бекітіліні. Осындай күрделі саяси оқиғалар аясында албандық әскери басшы Мухаммад Али Осман империясының әскері құрамында Мысырға келді. Төрт мыңдық албан әскери жасағының қолбасшысы ретінде тағайындалған Мухаммад Али 1805 жылы мамыр айында Каир қаласына билігін орнатып, 1806 жылы Осман империясы тарапынан Мысыр пашасы болып жарияланды. Мысырдың мемлекеттілігінің құрылуы және қайта құрылымдар, модернизациялық өзгерістер осы Мухаммад Али және оның мұрагерлерімен тығыз байланысты. Аталған кезеңде басталған Мысыр елінің саяси, экономикалық, әскери салаларындағы қайта құрылымдардың негізгі үш кезеңін ерекшелеуге болады:

1 кезең – Мухаммад Али\* билігі кезеңінде (1805-1848);

2 кезең – Мухаммад Саид† паша билігі кезеңінде (1854-1863);

3 кезең Хедив Исмаил паша‡ билігі кезеңінде (1863-1879).

Мысырдың XIX ғасырдағы тарихи дамуына, елдегі қайта құрылымдарға қатысты ғылыми әдебиеттер ауқымы өте кең. Ең алдымен сол кезеңдегі тарихи дамудың ерекшеліктерін мысырлық көзқараспен дәйектейтін араб тарихшыларының, оның ішінде Абд ар-Рахман ар-Рафиидің «Мухаммад Али дәуірі» [1] және «Исмаил дәуірі» [2] атты еңбектері, Абдель Азим Рамаданның «Абд ал-Насерге дейінгі Мысыр» [3] атты еңбектерін ерекшелеуге болады.

Батыстық зерттеушілердің ішінен Дж Хэйворт Даннның «Қазіргі Мысырдың білім беру тарихына кіріспе» [4] атты еңбегінде автор білім беру ісінің саяси қозғалысқа әсерін сипаттайды және Мысырдағы білім беру саласындағы қайта құрылымдар мен саяси күресті тығыз байланыста қарастыра отырып, Мысырлық студенттер қоғамның саяси белсенді бөлігі болды деген тұжырымдар жасайды. Оңтүстік Калифорния университетінің зерттеушісі Мохаммед Салехтің «XIX ғасырдағы Мысырдағы модернизация, дін және адам капиталы» [5] еңбегінде Мысырдағы модернизациялық үдерістердің адам капиталына және конфессияаралық қатынастарға ықпалы қарастырылады. Автор, Еуропалық, Азиаттық және Африкалық аймақтардың қиылысында, ұтымды географиялық аумақта орналасқан Мысыр елінде, XIX ғасырдың бірінші жартысында басталған модернизациялық үдеріс, араб-мұсылман дәстүріне сәйкес өрбіді деген тұжырымдар жасайды.

\* Мухаммад Али (1769 – 1849) Македонияның Кавала қаласында дүниеге келген. Осман империясы батальонының басшысы- бекбаши ретінде Мысырды француздардан азат етуге келіп, елде билігін орнатқан.

† Мухаммад Саид паша (1822-1863) Мухаммад Алидің ұлы

‡ Исмаил паша (1830-1895) Мухаммад Алидің немересі

Зерттеушілер Панза Лаура және Джеффри Уильямсонның «Мухаммад Али Мысырдағы индустриалдануға ықпал етті ме?» атты еңбектерінде Мысырдағы индустриалдандыру үрдісін Мухаммад Али есімімен байланыстырып, билеушінің оң ықпалын айқындайды [6].

Шанхайлық халықаралық зерттеу және Еуропалық, Азиялық зерттеу Институтының профессоры Пань Гуанның «Мухаммад Али реформаларының Мысыр ұлттық басқаруындағы маңызы» атты мақаласында, «Мамлюктер кезіндегі саяси хаос, әлеуметтік тоқырау Мысыр елінің ең қиын кезеңіне жатады. Наполеон экспедициясы Мысыр окшаулығын жойды. Кейіннен билік басына келген Мухаммад Алидің еуропалық елдердің даму қарқынына бейімделуі, мемлекеттіліктің негізін қалап, табысты дамудың алғышарты болды», деген қорытындылар жасайды [7].

Ресейлік зерттеушілердің ішінен, С.А. Богомоловтың «XIX ғ. 20 жж. Мысырдағы Мухаммад Алидің әскери революциясы» атты мақаласында: «Мысырдың әскери реформалары, XIX ғасырдағы бүкіл Осман империясының әскери күштерінің модернизациясының бірден бір элементі болды», деп бағалайды [8]. Сонымен қатар, О.В. Москалецтің еңбегінде Мысырдағы діни білімнің модернизациясы және аль-Азхар университетін реформалау ісі қарастырылады [9].

Әдістеме. Мақалада тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы, Мухаммад Алиге дейінгі Мысыр жағдайы және Мухаммад Алидің мұрагерлері кезеңіндегі елдегі саяси-экономикалық жағдайдың барысын айқындау мақсатында, Батыс Еуропалық, Мысырлық, Азиялық, Ресейлік және отандық ғалымдардың зерттеулеріне салыстырмалы талдау жасалынды.

Мақаланың желісі мәселелік-хронологиялық принцип негізінде құрылған. 1805 жылдан Мухаммад Алидің билігі орнауы кезеңінен бастап, 1879 жылға дейінгі Мысыр еліндегі модернизациялық үдерістер елдің тарихи дамуы аясында қарастырылады. Сонымен қатар, жеке тұлға, ішкі саясат және халықаралық жүйені қамтитын жүйелік әдіс қолданылған. Жүйелік әдіс арқылы Мухаммад Али династияларының билеушілерінің Мысырдағы қайта құрылымдардағы рөлі мен ішкі саясат байланыстырыла отырып зерттелінеді, сонымен қатар XIX ғасырдағы Еуропалық державалар Франция мен Ұлыбритания арасындағы отарлық бәсекелестік және саясаттарының Мысыр дамуындағы ықпалы қарастырылады.

Нәтижелер.

*1 кезең – Мухаммад Али билігі кезеңіндегі (1805-1848) модернизациялық үдерістер:*

1809-1815 жылдары Мухаммад Али жүргізген ауыл шаруашылығы саласындағы реформалар нәтижесінде илтизам жүйесі жойылып, вакуфтық жерлер мемлекет меншігіне өтіп, шаруаларға абадий жерлері үлестіру арқылы елдегі феодалдық жер иелігінің мазмұны мен сипаты өзгеріске түсті. Сыртқы және ішкі саудағы мемлекеттік монополия орнатылып, экспортқа шығарылатын және ішкі тұтынуға қажетті астық, қант, күріш, мақта өнімдеріне мемлекет бекіткен бағалар қойылды.

Мухаммад Али кезеңінде жүргізілген модернизациялық жобалардың ішінде су арналарын ашу арқылы ирригациялық жүйелердің құрылуы ауыл шаруашылығын жандандырудағы маңызды қадам еді. 1809 жылы Фараон каналы, 1820 жылы Махмудия каналы ашылды [10,168]. Модернизацияның алғашқы қадамы ретінде, 1816 жылы Мухаммад Алидің Мысырда тоқыма мануфактурасын ашуын қарастыруға болады, нәтижесінде Мысырда тоқыма, әскери, қағаз шығару, ағашты өңдеу түріндегі бірқатар өндірістік жобалар іске қосылды.

Мухаммад Алидің реформалары білім және ғылым саласын да кеңінен қамтыды. Еуропалық үлгіге негізделген үш сатылы құрылымдағы: бастауыш, орта және жоғары білім жүйесі құрылды. 1816 жылы Каирде, 1834 жылы Булакта инженерлік колледждер ашылды. 1827 жылы медициналық колледж ашылса, 1836 жылы «Тіл мектебі» ашылған. Елде білім министрлігінің құрылуы, білім беру жүйесін жетілдіруде маңызды рөл атқарды. Нәтижесінде, Бухейра, Гарбия, Минуфия, Дахаклия, Кальюбия, Гиза, Файюм, Бени-Суэйф, Асыют, Джирджа және басқа да Мысыр аумақтарында бастауыш мектеп кеңінен ашыла бастады. Мухаммад Али реформаларының нәтижесінде оқу орындары ашылып, жастар Еуропаға білім алуға жіберілді. Атап айтқанда, 1813 жылы Италияға әскери және инженерлік сала мен кеме жасау ісі бойынша алғашқы Мысырлық студенттер жіберілді [1, 105] 1826 жылы Францияға 40 студент [1, 107] 1828 жылы 44 студент, ал 1844 жылы – 70 студент оқуға жіберілді.

Қарастырылып отырған кезеңде Осман империясының құрамында болған Мысыр үшін елде қайта құрылымдар жүргізу үшін өзіндік армияны құру қажеттілігі басымдықтардың қатарында болды. Мухаммад Али өзінің реформаторлық қызметінде басты назарды армия құру ісіне аударып [11, 250], 1815 жылдан бастап тұрақты армияны құруды қолға алды [1,162]. 1825 жылы 500 әскерді дайындауға бағытталған Каср ал-Айнда әскери мектеп ашылып, 1834 жылы 1200 болашақ әскери қызметкерлер білім алса, деректерге сәйкес 1837 жылы оқушылардың саны 15 мың курсанттарды құраған [1, 333]. Ханакада жаяу әскерлер училищесі, Гизада атты әскерлер училищесі, Тархада артиллериялық училище,

Александрияда әскери-теңіз училищесі ашылып, Александрия, Абу-Кир, Рашидте қорғаныс бекіністері құрылған. 1810 жылы Мысырлық әскери-флотты құру бойынша жұмыстар жүргізіліп, 10 айдың ішінде 18 әскери су кемесі шығарылған, оның ішінде «Искандария», «Хомс», «Танта», «Азизия», «Халаб» және «Дамашк» әскери-теңіз кемелерінің шығарылуын ерекшелеуге болады. [12, б. 164]. Әскери кемелерді басқару үшін кадрларды дайындау ісі Раъс-тинде ашылған әскери-теңіз базасында жүргізіліп, нәтижесінде Исмаил-бей, Мухаррам – бей, Усман Нуриддин-паша, Мустафа Матуш – паша секілді адмиралдар шыққан.

Мухаммад Али реформалары шеңберінде мысырлық армия саны 291.773 әскеріге жеткізілді. Тұрақты армия саны 148.032 адамды құраса, тұрақты емес – 41.678 адам болды, ұлттық гвардияда – 47.840 әскерилер, әскери зауыттар жанынан құралған батальондар құрамында 15.000 адам болды, ал әскери училище курсанттарының саны 1200 адамға, теңіз флотының қызметкерлерінің саны 40.663 адамды құрады [13,16]. Жергілікті мысырлықтарды армияға алу туралы алғашқы қадамдар да Мухаммад Али кезеңінен бастау алады. 1822 жылдың 18 ақпанында Мухаммад Али Джирджи провинциясының басшысы Ахмад Тахир пашаға Жоғарғы Мысырдан 4 мың әскерді мысып шаруалары – феллахтардан жинақтауға бұйрық берді. Реформаның бастапқы кезеңінде 30 мың феллах әскерге шақырылды. Зерттеушілер мұндай қадамның маңызын жоғары бағалай келіп, жергілікті мысырлықтарды әскерге шақыру ұлттық бірегейліктің негізін қалауға бағытталған қадам болды деп ерекшелейді [5].

Мухаммад Алидің реформалары нәтижесінде Осман империясының құрамында болғанымен, де-факто тәуелсіз Мысыр әскери қуаты жоғары мемлекет құрылды. 1820 жылы Мухаммад Али Мысырлық армияны құру туралы мақсаттарына жетіп, 1820-1822 жылдары Суданға, 1823-1824 жылдары Крит аралдарына жорық жасады. 1831 жылы Палестина, Сирия, Киликияны жаулап алып, 1832 жылы Акка мен Хомсты басып алды.

1849-1854 жылдары Мысырды билеген Аббас паша кезеңінде Мухаммад Али бастаған модернизациялық үдерістер біршама баяу қарқынға ауысады. Аббас ел бюджетінің тұрақтылығын сақтауға, ішкі саяси жағдайды тұрақтандыруға, ел қауіпсіздігін нығайтуға ден қойып, білім беру, армияны дамыту сияқты мәселелерді назардан тыс қалдырады. Дегенмен, Аббас паша кезеңінде Мысырдың дамуында елеулі рөл атқарған мәселе – бұл темір жол құрылысының дамуы болды. 1851 жылы Мысыр пашасы Стефенсонға<sup>§</sup> мысырлық темір жол желілерін салуға рұқсат беріп, Каир-Александрия (Александрия – Кафр-эз-Зайят) темір жол желісі құрылысы 1854 жылы іске қосылды.

*2 кезең – Мухаммад Саид паша билігі кезеңіндегі (1854-1863) модернизациялық үдерістер:*

Еуропада білім алған, батыс өркениетін жоғары бағалайтын Саид паша мемлекет басына келгеннен кейін Мысырда бірқатар әлеуметтік реформалар жүргізілді. Ол Мысырда телеграфтық компанияны құрып, алғашқы банк құрылысын бастады. Саид пашаның кезінде Мысырға Батыс Еуропалық білім жүйесі кеңінен еніп, Каир, Александрия қалаларында француз мектептері ашылды. Мысыр тарихшылары Саид пашаның мұндай саясатын кемшілік деп танып, еуропалық білім беру мекемелерінің кеңінен ашылуы салдарынан ұлттық білім беру жүйесі назардан тыс қалды деп жазады [2, 143].

Саид паша билігі кезеңінде жүзеге асырылған маңызды мәдени-тарихи жобалардың бірі ретінде, ежелгі тарихи ескерткіштерді сақтау бойынша жүргізілген жұмыстарды ерекшелеуге болады. «Булак» деген атауға ие болған мекенде барлық тарихи ескерткіштерді жинақтап, тарихи ескерткіштерді қорғау бойынша жауаптылықты археолог Мариет-пашаға<sup>\*\*</sup> (1821-1888) жүктейді.

Саид паша Мысыр тарихында ауыл шаруашылығындағы прогрессивті реформалармен ерекшеленеді. 1858 жылы 5 тамыз күні «Саидтың Жобасы» атты заңға қол қойып, ол бойынша жерге иелік ету және салық мәселелерінің құқықтық негізі қаланды, Заң бойынша, Мухаммад Али кезінде негізі қаланған мемлекеттің алынған астыққа деген монополиясы жойылып, мысыр шаруалары алынған өнімді өз бетінше жұмсау құқығына ие болды. Саид паша реформалары кезінде салық азайтылуы нәтижесінде мысыр феллахтарының әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсарып, ел экономикасының дамуы оң қарқынға түсті. Саид пашаның кезінде мемлекеттік қызметкерлерге зейнетақы төлеу тәртібі енгізілді. Осы тәртіптің негізінде Мысыр мемлекеттік қызметкерлерінің еңбекақысы туралы Ереже әзірленді.

Саид паша кезеңінде Александриядан Кафр-эз-Зайят және Бенху арқылы темір жол құрылысы аяқталып, іске қосылып, кейіннен ол Каир-Суэц желісі бойынша ұзартылып, бұл желі 1858 жылы қолданысқа берілді [2, 111]. Суэц және Каир қалаларын жалғастыратын темір жол желісі кейіннен

<sup>§</sup>Роберт Стефенсон (1803-1859) ағылшын инженері

<sup>\*\*</sup>Мариет-паша-(Mariette), Франсуа Огюст Фердинан (11.II.1821 - 19.I.1881) – француздық мысырды зерттеуші ғалым-археолог

маңызды сауда жолына айналуы, елдің әлеуметтік жағдайына оң ықпалын тигізді. Александриядан Каирге және Суэцке созылған темір жол бойында телеграф желісі іске қосылды.

Саид паша кемеде жүзу бойынша екі компанияның (ішкі сауда және сыртқы сауда) негізін қалады. Ішкі сауда бойынша компания Нил бойындағы кеме жүзу істеріне бақылау жасаса, сыртқы сауда бойынша компания теңіздегі кеме қозғалысын бақылауда ұстады. 1857 жылы негізі қаланған «Маджидия компаниясы» теңіз тасымалымен айналысып, оның басшылығына эмир Мустафа Фазил ибн Ибрагим – паша тағайындалған. Басқарма құрамы мысырлықтар мен шетелдіктерден құралып, компания акционерлерінің қатарына армян ұлтынан шыққан, Мысырдың алғашқы премьер-министрі Нубар паша Нубарян, Александриядағы Голландияның Бас консулы Сэмюэль Уильям Руйсанерс, Саид пашаның еуропалық хатшысы-Роенг бей, француздық инженер Эжен Мужель бей сияқты сол кездегі көрнекті қайраткерлер кірген. Компания сол кездегі Осман империясының сұлтаны Абдулмажид құрметіне аталып, Жерорта теңізі мен Қызыл теңізде, парсы Шығанағы мен Үнді мұхитында кеме қатынасын жүргізген. Кемелер, Суэц және Хиджаз, Йемен, Касир, Масуд аралдары арасында жолаушылар мен жүктерді тасымалдау қызметімен айналысқан [3, 88].

Саид паша армияны, теңіз флотын жетілдіру істеріне ерекше назар аударып, бірқатар реформалар енгізді. Атап айтқанда, барлық мысырлықтар үшін жалпы әскери міндет енгізілді, әскерилерді тамақпен, киіммен, тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша шаралар жетілдірілді. Саид пашаға дейін әскери мансапта өсу түрік және черкес ұлтының офицерлеріне ғана тиесілі болған, ал Саид паша әскерилердің мансаптық өсуінде араб ұлтынан шыққан офицерлерге ерекше көңіл бөлді, нәтижесінде Мысырлықтардың бойында әскери міндетке деген қалыптасқан оң көзқарас әлеуметтік-саяси жағдайға қолайлы ықпалын жасады.

Каир қаласының қорғанысын күшейту мақсатында Саид паша Нил өзені жағалауында әскери цитадель құрды. 1856 жылы өзінің жарлығымен, қарулы күштердің құрылымын өзгерте отырып, 6 жаяу әскер батальонын, 3 атты эскадрильяны, 2 артиллериялық эскадрильяны құрды [3,97].

*3 кезең Хедив Исмаил паша билігі кезеңіндегі модернизациялық үдерістер (1863-1879):*

Хедив Исмаил билікке келген кезеңінен бастап, Мухаммад Али негізін қалаған модернизациялық үдерістерді жалғастыруға және Мысырды дамыған Шығыс еліне айналдыруға барлық күш жігерін жұмсады. Еуропада білім алып келген Исмаил адам құқығы және демократиялық ізгіліктерді жастайынан бойына сіңірген билеуші еді. 1879 жылы ол: «Мысыр енді Африкалық ел емес, ол өзінің даму жағынан Еуропаның бөлігіне айналып келеді, сондықтан біз бұрынғы даму жолынан бас тартып, жаңа әлеуметтік жағдайларға бейімделген жаңа жүйені қабылдауымыз керек» [2,118], деп айқындауы да Исмаил билігі кезеңіндегі Мысырдың даму бағытын ерекшелейді. Исмаил жетістіктерінің ішінде: өкілдер Кеңесі үшін сайлау жүйесін бекітуі, мысырлық әйел адамдардың білімге қол жетімділігі, мектептердің ашылуы, Еуропаға білім алу үшін жастарды жіберу, қала құрылысын дамыту, пошта қызметін құру, темір жол құрылысын дамыту, инфрақұрылымдарды құрып, өнеркәсіп орталықтарын ашу, құлдықты жою туралы заңды қабылдау, баспасөз қызметін жандандыру, опералық театрдың ашылуы және Суэц каналының 1869 жылы ашылуы болды.

Білім беру ісін дамытудағы маңызды қадам ретінде, 1866 жылы Аббасияда ашылған ирригация мен құрылыс саласындағы мамандарды дайындайтын жоғары оқу орнының ашылуын айрықшалауға болады. 1868 жылы «Құқық институты» ашылып, оның ректоры ретінде француздық саяси қызметкер Видаль (Vidal) Франсуа – (1814-1872) тағайындалды. Хедив Исмаил кезеңінде медицина Институты, «Мадрасат ас-Суюфи» колледжі, 1868 жылы өнеркәсіп Институты ашылды. 1863-1879 жылдары Мысырдың барлық өлкелерінде 21 бастауыш мектеп ашылып, 1872 жылы білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталған «1872 жылдың Жобасы» атты арнайы құжат қабылданды. 1863 жылдан бастап мысырлықтарды білім алу үшін еуропалық елдерге жіберу бағыты қайтадан жалғасын тапты. Осы жылдары еуропада білім алуға жіберілген студенттер саны 172 адамға жетті [2,208].

Исмаилдың білім беру ісін модернизациялау бойынша қызметінде, Швейцария мемлекетінің азаматы Дор-бей, Роджерс-бей, Шериф паша және Али Мубарак пашалар сияқты педагогтардың рөлі жоғары болды. Лондондағы Исмаилдың агенті Роджерс білім беру істері бойынша инспектор болып тағайындалды. Исмаилдың Еуропаға жіберген миссиясының өкілі Али Мубарак Парижге сапарында француздық білім беру жүйесінің әдістері мен оқу жоспарлары, оқу әдебиеттерімен танысып, бұл әдістер Мысыр білім беру жүйесі енгізілді [11, 80]. 1873 жылдан бастап мектептер Департаменті «Мектептер мен вақфтар Министрлігі» деп атала басталды және оны Мысырлық саяси қайраткер Мустафа Рияд паша басқарды [14].

XIX ғасырдың 60 жылдарындағы Америка Құрама Штаттарындағы Оңтүстік және Солтүстік соғысының нәтижесінде, мақта өнімін өндіретін Американың Еуропаға мақтаны экспорқа жіберуін тоқтатуы



себебінен, Мысырлық мақта Еуропаға кеңінен экспортқа шығарыла бастады, бұл өз кезегінде Мысыр экономикасының табысты дамуына үлкен септігін тигізді. Ауыл шаруашылығы мәселесін де хедив Исмаил басты назарда ұстап, суғарылатын жерлерді кеңейту мақсатымен, 112 су каналдарын іске қосуға басшылық жасады [2,118]. Мұндай тұрғыдағы су каналдарының ішінде «Ибрагим каналын» ерекшелеуге болады. Ұзындығы 267 км құрайтын канал өз арнасын Асьюттан алып, Нилдің суы Бени-Суэфке дейін, Асьют, Миньи, Бени-Суэйф аймақтарының егістік жерлерін сумен қамтамасыз етуге рөлі жоғары болды. Тағы бір ұзындығы 129 км құрайтын «Исмаилия» каналы Каср ан Нилден бастау алып, Исмаилия қаласының жанынан өтіп, Суэц каналымен жалғастырылды. «Исмаилия» каналы Кальюбия, Шаркия жерлерін және Суэц каналы аумағын сумен қамтамасыз етуге арналды. Хедив Исмаилдің кезінде 426 су бөгеті салынып, оның ішінде 150 бөгет Жоғарғы Мысырда, 276 бөгеті Төменгі Мысырда орналасты. [2,118]. Мысырда осы кезеңде, ауыл шаруашылығын бақылау кеңестері ашылып, оның ішінде екі кеңес Жоғарғы мысырда, үш Кеңес орта және Төменгі Мысырда өз қызметін жүргізді. 1879 жылы Меджлис Шура қаулысымен ауыл шаруашылық Министрлігі құрылды.

Хедив Исмаилге дейін Мысырдағы темір жол желісі 245 мильді құраса, Исмаил кезеңінде темір жолдарының ұзындығы 1085 мильге дейін жеткізілді. Мысыр тарихшысы Абдуррахман ар-Рафии өзінің «Исмаил дәуірі» атты еңбегінде, коммуникациялық желілерді салуға жұмсалған қаржы ретінде 13 200 000 мысыр. ф. жұмсалған деп көрсетеді [2,119]. Елдің ішкі аумақтарын және Суданмен мысырды байланыстыратын телеграф желілерінің жалпы ұзындығы 5582 км құраса, өткізілген сымдардың ұзындығы 11951 км дейін жеткен [2,120] Исмаил кезеңіндегі пошта бөлімшелерінің саны 210-ға дейін жеткізіліп, Александрия қаласы арқылы теңіз жолымен келген пошта, темір жол арқылы Каирге жеткізіліп, кейіннен Мысырдың басқа да қалаларына таратылды.

Исмаил кезеңіндегі маңызды жетістіктердің бірі медицина ісін дамыту еді. 1865 жылы сүзек ауруынан зардап шекке Мысырда, 40 жуық ауруханалар құрылысы салынды. «Хедив Исмаил кезеңінде Каир және Александрияны еуропалық үлгідегі қалаларға айналдыруға басты назар аударылды. 1873 жылы 350 мың тұрғыны бар Каирде көшелер кеңейтіліп, жаңа аудандардың құрылысы басталды. Каир қаласында: Абидин, Гиза, Булак, Хелуан және Аббасия зәулім сарайлары салынды. 212 мың тұрғыны бар Александрия қаласында да көркейту жұмыстары жүргізіліп, Александрия қаласында Каср ан-Нил, Мусафирхана сарайлары тұрғызылды Александрия қаласы қаржы және мақта өнеркәсібінің сауда орталығына айналды. [15,б.78]

Кеме жүзу ісін жандандыру мақсатында маяктар құрылысы басталды, мысалы 1868 жылы Жерорта теңізінде «Берсиль», «Рашид», 1869 жылы «Думьят», «Порт-Саид», 1873 жылы «Аджами», 1876 жылы «Хаджиз ал-Минья», 1877 жылы «Кабари» маяктары іске қосылса, Қызыл теңізде 1878 жылы «Жирдани», 1879 жылы «Джазират аш-Шадуан» маяктары салынды. Мұндай қадам, кеме жүзу ісіне оң ықпал беріп және кемелердің қауіпсіздігін қамтамасыз етті [2,120].

Жалпы, хедив Исмаил кезеңін Мысыр ағартушылық кезеңі деп сипаттауға болады, аталған кезеңде «мұсылмандық модернизм» ілімі қалыптасып, араб ұлттық қозғалысы басталды 1866 жылы «Вади ан Нил», 1893 жылы француз тілінде «Le Progrès Egyptien», 1869 жылы «Нузхат аль-афкар», 1875 жылы «Аль-Ахрам» газеттері француз және араб тілдерінде шыға бастады. 1870 жылы «Раудат аль-мадарис» ғылыми-көпшілік журналы жарық көрді [2,120].

Қызыл теңіз және Жерорта теңізін жалғастыратын маңызды Жоба Суэц каналының құрылысы Саид пашаның кезінде басталып, хедив Исмаил кезеңінде 1869 жылы іске қосылды. Суэц каналы құрылысының идеясын сол кезеңдегі екі еуропалық ғылыми-идеологиялық үрдістердің көрінісі және модернизациялық үдерістердің символы ретінде қарастырамыз. Бірінші ғылыми-идеологиялық үрдіс ғылым мен техниканың дамуы және адамның табиғат күштерін бағындыра алуымен айрықшаланады. Бұл көзқарас тұрғысынан Суэц каналы тұтастай аймақтың табиғи ландшафтын өзгертіп, еуропалық ғалымдардың ғылыми прогресс мүмкіндігінің шексіздігі туралы пікірлерінің дәлелі болып табылады. Екінші үрдіс, еуропалық тарихшылар мен археологтардың зерттеулерімен тығыз байланысты. Мысыр өркениетін зерттеген ғалымдар, фараон Нехо II кезеңінде Жерорта теңізі мен Қызыл теңізді жалғастыруға деген ұмытылыстары, парсы патшасы Дарии I, кейіннен Птоломейлер династиясының канал құрылысына қатысты тарихи жазбаларын тауып жариялауы, XIX ғасырда еуропалық инженерлердің еңбегі нәтижесінде жүзеге асырылды

Талқылау. Негізінен зерттеушілердің ішінде XIX ғасырдағы Мысыр қайта құрылымдары мен өркендеуіне қатысты қайшылықты пікірлер орын алады. Біріншіден, зерттеушілер арасында Мысыр модернизациясындағы Батыс Еуропалық елдерінің ықпалы арқасында ғана жүзеге асырылды деген отарлық прогресс идеясын ұсынады. Британдық саяси қайраткерлер мен зерттеушілер Э.Дайси, С.Белл,

Ф.Эджертон, Дж. Мак-Коан [20] еңбектерінде Мысыр қолындағы ресурстарды ұтымды пайдалануды білмейтін ел болған, тек қана Британдықтардың арқасында артта қалған ел, Шығыс мемлекеттерінің ішінде алдыңғы ұстанымдарға ие болды деген қорытындылар жасайды. Зерттеушілердің пікірінше, ағылшындар Мысырға прогресс идеяларын енгізіп, мемлекеттік құрылымдарды құруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, зерттеулердің басым бөлігінде, Мысырдағы модернизациялық үдерістер Наполеон Бонапарттың 1798-1799 жылдардағы Мысырға жасаған экспедициясынан бастау алады деген пікірлерді ұсынады [4]. Дегенмен, бұл пікірге қарсы уәждемелерде кездеседі. Мысалы, Луизиана штаты университетінің профессоры Александр Микаберидзе: «Наполеон жорығы Мысыр модернизациясы үшін елеулі ықпал жасаған жоқ, себебі француздардың Мысырға енгізбек болған революциялық принциптері радикалды тұрғыда болды, сондықтан жергілікті тұрғындар тарапынан қарсылық туындатты. Наполеон Мысырда саяси вакуум туғызып, оның орнын Мухаммад Али кейіннен толтырды» деген пікірді ұсынады [17].

Мысырлықтар тарапынан еуропалықтардың ғылым мен прогресстегі рөл тек батыс өркениетіне ғана тән деген ұстанымына қарсылық танытылады. Ахмад Фарис аш-Шидийяк бұл мәселе төңірегінде: «Еуропалықтар мұсылман халықтарынан ой, рухани өріс тұрғысынан басып озады деген жаңсақ пікір, біздің рухани дамуымыз оларға қарағанда әлдеқайда күшті» деп жауап береді [18].

### **Қорытынды.**

XIX ғасырда орын алған Мысырдағы саяси, экономикалық, білім беру, ғылыми-ағартушылық, рухани-мәдени, әскери салаларындағы өзгерістерді модернизациялық даму ретінде қарастырамыз. Мысыр билеушілері еуропалықтардың алдыңғы ғылыми-технологиялық жетістіктерін енгізе отырып, оларды араб қоғамының рухани-мәдени менталитетіне бейімдеп, мұсылман қоғамына енгізілуі орын алды. XIX ғасырда Мысырда бастауыш, орта және жоғары білімнің негізі қаланды. Елдің экономикасының маңызды бөлігі - ауылшаруашылығы саласында жүргізілген өзгерістер нәтижесінде экспорттың дамуы импорт номенклатурасының кеңеюіне ықпал етті, оған ирригациялық желілерді жаңарту және жаңа ирригациялық желілерді құру, сондай-ақ кеме қатынасы маршруттарының инфрақұрылымын жаңарту үшін қажетті технологиялық жабдықтар кірді.

Мысыр тарихының қарастырылып отырған кезеңі елдің ішкі инфрақұрылымының қарқынды дамуымен сипатталды, бұл әсіресе жаңа құрлық жолдарының, теміржол желілерінің құрылысында, Ніл бойымен жүретін дәстүрлі желкенді кемелерді заманауи пароходтармен ауыстыруда, телеграф желілерін салуда, пошта қызметін жандандыруда көрініс тапты.

Мәдени-өркениеттік процестер қала құрылысы саласын да айналып өткен жоқ. Билеушілердің, әсіресе Хедив Исмаил пашаның бастамасымен Каир мен Александрия сияқты Мысырдың негізгі қалаларын шығыс және мұсылмандық бірегейлігін сақтай отырып, еуропалық үлгіде қайта құру және жаңғырту бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді. Порт-Саид және Исмаилия сияқты жаңа қалалар салынды. Мұның бәрі елдегі мәдени-өркениеттік қозғалысқа ерекше сипат берді.

Мухаммад Али династиясы тарапынан жүргізілген әскери реформалар Египеттің тұрақты армиясын құрудың алғышарты болды. Әскери саладағы модернизациялық үдерістер Мысыр мемлекетіне қаржылық ауыртпалық түсіргеніне қарамастан, әскери реформалар, елдің аумақтық тұтастығын қалпына сақтау және кең ауқымды мәдени-өркениеттік үдерістердің пайда болуы мен белсенді дамуындағы іргетас қалыптастыру үшін объективті жағдайларды туындатты.

Дегенмен, XIX ғасырдың басынан бастап өнеркәсібі дамыған, білім саласы жетілдірілген, қуатты әскери-теңіз күштері мен армиясы бар, урбандалу үдерістері табысты жүзеге асырылған Мысыр елі, XIX ғасырдың аяғында қарызға белшесінен батып, экономикасы тоқырауға ұшырап, саяси дағдарыстар туындаған және Ұлыбританияға тәуелділікке түскен елге айналғаны тарихи факт. Мысыр индустриалдандыру үдерісінің дағдарысқа ұшырауының себебі неде? Мысырдың өнеркәсіптік дағдарысындағы шетел державаларының рөлі қандай? Мысыр қоғамының тоқырауға ұшырауындағы негізгі себептер ішкі дамудан немесе сыртқы факторлардан туындайды ма? деген зерттеушілер арасында қызу пікірталас тудырып келе жатқан мәселелер.

XIX ғасырдың соңында Мысырда дағдарыс басталып, модернизациялық үдеріс тоқырауға ұшырап, нәтижесінде ел өзінің саяси тәуелсіздігінен айрылуының себептері сыртқы және ішкі факторлардан туындайды. Біріншіден, Мухаммад Алидің ұтымды саясатының нәтижесінде, Осман империясының араб иелігінде болашақ арабтық империясының өзегіне айналуға әлеуеті жоғары мемлекеттің қалыптасуы Еуропалық державалар мен Осман империясының мүдделеріне қайшы келді. 1869 жылы Жерорта теңізі мен Қызыл теңізді жалғастыратын, әскери-саяси және сауда-экономикалық маңызы орасан Суэц каналының құрылысы аяқталды. Маңызды геостратегиялық аумақта орналасқан Мысырды бақылауға ұстауға

ұмтылған Осман империясы, Ұлыбритания, Франция мемлекеттерінің мүдделерінің қиылысуынан елдегі дағдарыстың басталуы туындайды.

Екіншіден, XIX ғасырдағы Мысырдағы дағдарысы Мухаммад Али династиясының кейінгі буын өкілдерінің билікті дұрыс деңгейде жүзеге асыра алмауымен тығыз байланысты. Олардың еуропалық банктерден қарызды алып, қаржыны тиімсіз жұмсауы елдің жартылай отарлық жағдайға тап болуының басты себебі болды. Суэц каналының құрылысының аяқталуын Мысыр билеушілері орасан зор құрметпен атап өтуі, канал құрылысына өте көп мөлшерде шығынды жұмсауы, еуропалық банктерден қарызды мөлшерден тыс алуы, Мысырдың еуропа елдеріне қаржылай тәуелділігін тудырды. Мухаммад Али кезеңінде сыртқы қарызы болмаған Мысыр мемлекеті 1862 жылы Еуропа елдерінен алғаш рет қарыз алып, 1876 жылы осы қарыздардың салдарынан Мысыр банкрот ел болып жарияланып өз тәуелсіздігінен айрылып, батыс державаларының халықаралық бақылауына өтті.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Абдаррахман ар-Рафи. *Аср Мухаммад Али.* – Каир: Дар ал-маариф, 1989. – 595 б.
- 2 Абдаррахман ар-Рафи. *Аср Исмаил.* – Каир: «Дар ал-маариф», 1978. – 307 б.
- 3 Абдель Азим Рамадан *Миср қабла абд аль Насер.* – Каир: «Дар ал-маариф», 1995. – 368 б.
- 4 Heyworth-Dunne J. *An Introduction to the History of Education in Modern Egypt.* – London: Frank Cass, 1968. – 503 p.
- 5 Mohamed Saleh, “The Reluctant Transformation: Modernization, Religion, and Human Capital in Nineteenth Century Egypt”. [Electronic resource]. – 2012. – URL: [https://publications.ut-capitole.fr/id/eprint/15736/1/wp\\_iast\\_1205.pdf](https://publications.ut-capitole.fr/id/eprint/15736/1/wp_iast_1205.pdf) (Accessed 12.09.2022)
- 6 Panza, Laura, and Jeffrey G. Williamson. “Did Muhammad Ali Foster Industrialization in Early Nineteenth-Century Egypt?” // *The Economic History Review*. 2015. – vol. 68. – N. 17 – P. 79–100.
7. Pan Guang. *Revelations of Muhammad Ali’s Reform for Egyptian National Governance* // *Journal of Middle Eastern and Islamic Studies (in Asia)*. – 2013. – Vol.7. – N 4. – P. 17 – 35.
- 8 Богомолов С.А. «Военная революция» Мухаммеда Али в Египте в 20-е гг. XIX в. // *Minbar. Islamic Studies*. – 2019. – N12(3). – С. 645-664.
- 9 Москалец О.В. *Эволюция системы просвещения и образования в Египте в контексте социально-политических преобразований (XIX – 20 -е годы XX в.): Дис. ... канд. Ист. Наук.* – М.: Институт востоковедения, 2021. – 308 с.
- 10 Ishida S. *Delta Barrages and Egyptian Economy in the Nineteenth Century* // *The Developing Economies*. – Tokyo (Japan), 1972. – №10 (2). – P.166–184.
- 11 Vatikiotis P. J. *The History of Egypt from Muhammad Ali to Mubarak.* – Baltimore: Johns Hopkins University Press, 1991. – 546 p.
- 12 Абдул Хамид Батрик. *Аср Мухаммад Али.* – Каир: Дар ал-маариф, 1999. – 247 б.
- 13 Казарян Х.Г. *Реформы Мухаммада Али и их роль в социально-экономической жизни Египта в первой половине XIX в.: Автореф. Дис. ... канд. ист. наук.* – М.: ИВ АН РАН, 1999. – 22 с.
- 14 El-Nagar, AbdelHady M. and Krugly-Smolka, Eva “Modernization of Education in Egypt: The Liberal Movement Towards Dewey’s Ideas” // *Canadian and International Education / Education canadienne et internationale*. – “. [Electronic resource]. – 2011. – URL: <http://ir.lib.uwo.ca/cie-eci/vol40/iss1/5> (Accessed 12.09.2022)
- 15 Турекулова Ж., Жумабеков М. *XIX ғасырдағы Мысыр қалаларының даму тарихы* // *Л.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы.* – 2020. – №2 (131). – С. 77-84
- 16 Egerton F. *Great Britain, Egypt and the Suez Canal.* – London, 1883; MacCoan J.C. *Egypt under Ismail.* – London: Burns & Oates, 1889; Dicey E. *England and Egypt.* – London: Chapman & Hall. 1881; Bell, C. F. M. *Khedives and Pashas: Sketches of Contemporary Egyptian Rulers and Statesmen.* – London: S. Low, Marston Searle and Rivington, 1884
- 17 Mikaberidze A. *The Napoleonic Wars: A Global History.* – New York: Oxford University Press, 2020. – 936 p.
- 18 Кириллина С.А. *Ислам в общественной жизни Египта (Вторая половина XIX – начало XX в.).* – М.: Наука, 1989. – 203 с.

*References:*

- 1 Abdarrahan ar-Rafii. *Asr Muhammad Ali.* – Kair: Dar al-maarif, 1989. – 595 p.
- 2 Abdarrahan ar-Rafii. *Asr Ismail.* – Kair: «Dar al-maarif», 1978. – 307 p.

3 Abdel' Azim Ramadan *Misir qabla abd al' Naser*. – Kair: «Dar al-maarif», 1995. – 368 p.

4 Heyworth-Dunne J. *An Introduction to the History of Education in Modern Egypt*. – London: Frank Cass, 1968. – 503 p.

5 Mohamed Saleh, “The Reluctant Transformation: Modernization, Religion, and Human Capital in Nineteenth Century Egypt”. [Electronic resource]. – 2012. – URL: [https://publications.ut-capitole.fr/id/eprint/15736/1/wp\\_iast\\_1205.pdf](https://publications.ut-capitole.fr/id/eprint/15736/1/wp_iast_1205.pdf) (Accessed 12.09.2022)

6 Panza, Laura, and Jeffrey G. Williamson. “Did Muhammad Ali Foster Industrialization in Early Nineteenth-Century Egypt?” // *The Economic History Review*. 2015. – vol. 68. – N. 17 – P. 79–100.

7 Pan Guang. *Revelations of Muhammad Ali's Reform for Egyptian National Governance* // *Journal of Middle Eastern and Islamic Studies (in Asia)*. – 2013. – Vol.7. – N 4. – P. 17 – 35.

8 Bogomolov S.A. «Voennaya revolyuciya» Muhammeda Ali v Egipte v 20-e gg. XIX v. // *Minbar. Islamic Studies*. – 2019. – N 12(3). – S. 645-664.

9 Moskalec O.V. *Evolyuciya sistemy prosveshcheniya i obrazovaniya v Egipte v kontekste social'no-politicheskikh preobrazovanij (HIH – 20 -e gody HKH v.)*: Dis. ... kand. Ist. Nauk. – M.: Institut vostokovedeniya, 2021. – 308 s.

10 Ishida S. *Delta Barrages and Egiptian Economy in the Nineteenth Century* // *The Developing Economies*. – Tokyo (Japan), 1972. – №10 (2). – P.166 –184.

11 Vatikiotis P. J. *The History of Egypt from Muhammad Ali to Mubarak*. – Baltimore: Johns Hopkins University Press, 1991. – 546 p.

12 Abdul Hamid Batrik. *Asr Muhammad Ali*. – Kair: Dar al-maarif, 1999. – 247 p.

13 Kazaryan H.G. *Reformy Muhammada Ali i ih rol' v social'no- ekonomicheskoy zhizni Egipta v pervoj polovine HIH v.*: Avtoref. Dis. ... kand. ist. nauk. – M.: IV AN RAN, 1999. – 22 s.

14 El-Nagar, AbdelHady M. and Krugly-Smolska, Eva “Modernization of Education in Egypt: The Liberal Movement Towards Dewey's Ideas” // *Canadian and International Education / Education canadienne et internationale*. – “. [Electronic resource]. – 2011. – URL: <http://ir.lib.uwo.ca/cie-eci/vol40/iss1/5> (Accessed 12.09.2022)

15 Turekulova ZH., ZHumabekov M. *HIH gasyrdagy Mysyr kalalarynyn damu tarihy* // *L.Gumilev atyndagy EEU Habarshysy. Tarih seriyasy*. – 2020. – №2 (131).- S. 77-84

16 Egerton F. *Great Britain, Egypt and the Suez Canal*. – London, 1883; MacCoan J.C. *Egypt under Ismail*. – London: Burns & Oates, 1889; Dicey E. *England and Egypt*. – London: Chapman & Hall. 1881; Bell, C. F. M. *Khedives and Pashas: Sketches of Contemporary Egyptian Rulers and Statesmen*. – London: S. Low, Marston Searle and Rivington, 1884

17 Mikaberidze A. *The Napoleonic Wars: A Global History*. – New York: Oxford University Press, 2020. – 936 p.

18 Kirillina S.A. *Islam v obshchestvennoj zhizni Egipta (Vtorayapolovina HIH – nachalo HKHv.)*. – M.: Nauka, 1989. – 203 s.

САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТАРИХ  
ПОЛИТИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ ИСТОРИЯ  
POLITICAL AND SOCIAL HISTORY

ӘОЖ 930:(574)  
ГТАХР03.20.00

А.Ә. Қабыл <sup>\*1</sup>, Н.О. Оразхан <sup>2</sup>

<sup>1</sup>Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының аға оқытушысы

Шымкент қ., Қазақстан

E-mail:Algabek-kabil@mail.ru

<sup>2</sup>Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы

Түркістан қ., Қазақстан

20-30 ЖЫЛДАРДАҒЫ АУАКӨШУ: ӨЗБЕКСТАН БАҒЫТЫ

*Аңдатпа*

Мақалада 1920-1930 жылдары Кеңес өкіметінің Қазақстанда жүргізген ауылшаруашылық реформаларын іске асырудан туындаған саяси қуғын-сүргінге наразылық ретінде туған жерін тастап, мәжбүрлікпен көршілес республикаларға ауакөшкен тұрғындардың тарихы жүйеленді. Ауакөшу Қазақстанның барлық аймағын қамтыған. Соның ішінде осы кезге дейін тарихи зерттеу нысанына айнала қоймаған оңтүстік өңірдегі тұрғындардың Өзбекстанға ауа көшуі және олардың тұрғылықты жерлеріне қайта оралу тарихы архив құжаттары негізінде ғылыми қалпына келтіріледі. Реформалар уақытындағы солақай саясатқа наразылық ретінде орын алған жаппай ауакөшуді тоқтата алмаған БК(б)П Қазақ өлкелік Комитеті, республика өкіметі мен үкіметі ауа көшкендерді қайтаруға байланысты ұйымдастыру, қаржылық және идеологиялық жұмыстарды қалай атқарғандығы баяндалады. Тақырыпқа қатысты тарихнамалық шолу жасалып, архив деректері айналымға ұсынылып, осы кезге дейінгі зерттеу еңбектерінде қалыптасқан тұжырымдар талданады. XX ғасырдың 20-30 жылдарында қазақ халқының саяси қуғын-сүргін салдарынан Өзбекстанға ауа көшудің себептері мен салдарлары ғылыми негізде талданып, осы мақсатқа сай ауакөшушілер мен реэмигранттардың болжамды санын анықтау мәселесіне, сонымен бірге сол кездегі орталық және жергілікті биліктің саяси, ұйымдастырушылық жұмыстарына баға беріледі. Өзбекстан ертеден Қазақстанға іргелес орналасқан мәдени-шаруашылық байланыстағы ел болғандықтан халықтың барған жерге бейімделіп өмір сүру мүмкіндігі мол болды. Ауакөшушілердің туған жерге қайта оралуы біршама ұйымдасқандық сипат алды.

**Кілт сөздер:** саяси қуғын-сүргін, Өзбекстанға ауа көшу, ашаршылық босқындары, реэмиграция.

Kabyl A.A. <sup>\*1</sup>, Orazkhan N.O. <sup>2</sup>

<sup>1</sup>Senior Lecturer South Kazakhstan medical academy

Shymkent, Kazakhstan

E-mail:Algabek-kabil@mail.ru

<sup>2</sup>Senior Lecture Khoja Akhmet Yassawi International kazakh-turk ishuniversity

Turkestan, Kazakhstan

MIGRATION 20-30 YEARS: UZBEKISTAN DIRECTION

*Abstract*

The article describes the history of the migrated population, who left their native places in the 1920s and 1930s in protest against political repression caused by the implementation of agricultural reforms by the Soviet government in Kazakhstan. The migration covered all regions of Kazakhstan. The history of migration to Uzbekistan and the return to their homeland of residents of the southern regions has not yet been fully investigated and will be scientifically restored on the basis of archival documents. About how the Kazakh Regional Committee of the UCP(b), the authorities and the government of the republic carried out organizational, financial and

ideological work related to the return of those who migrated, who could not stop the mass exorcism that occurred during the reforms in protest against such a policy. Within the framework of this topic, a historiographic review was compiled, archival data are presented in circulation and the conclusions formulated in the research work to date are analyzed. In the 20-30 years of the XX century, on a scientific basis, the causes and consequences of migration to Uzbekistan as a result of the political repression of the Kazakh people were analyzed, an assessment was made of the issue of determining the estimated number of emigrants and re-emigrants, as well as the political, organizational activities of the central and local authorities of that time. Uzbekistan is a country of cultural and economic connection adjacent to Kazakhstan. The return of hikers to their place of birth acquired a rather organized character.

**Keys words:** political repression, migration to Uzbekistan, famine refugees, re-emigration.

*Кабыл А.А.\*<sup>1</sup>, Оразхан Н.О.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>старший преподаватель Южно-Казахстанской медицинской академии*

*г. Шымкент, Казахстан*

*E-mail:Algabek-kabil@mail.ru*

*<sup>2</sup>старший преподаватель Международного казахско-турецкого университета имени Х.А. Ясауи,*

*г. Туркестан, Казахстан*

## ОТКОЧЕВАНИЕ В 20-30-е ГОДЫ: УЗБЕКИСТАНСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ

### *Аннотация*

В статье описана история откочевавшего населения, покинувшего родные места в 1920-1930-е годы в знак протеста против политических репрессий, вызванных осуществлением Советской властью в Казахстане сельскохозяйственных реформ. Откочевка охватила все регионы Казахстана. История откочевки в Узбекистан и возвращения на родину жителей южных регионов до сих пор не до конца исследованы и будут научно восстановлены на основе архивных документов. О том, как Казахский краевой Комитет ВКП (б), власти и правительство республики провели организационную, финансовую и идеологическую работу, связанную с возвращением откочевавших, которые не смогли остановить массовую откочевку, произошедшее во время реформ в знак протеста против такой политики. В рамках данной темы составлен историографический обзор, представлены в обращение архивные данные и анализируются выводы, сформулированные в исследовательском труде до настоящего времени. В 20-30 годы XX века на научной основе анализируются причины и последствия откочевки в Узбекистан вследствие политических репрессий казахского народа, дается оценка вопроса определения предполагаемого количества откочевавших и реэмигрантов, а также политической, организационной деятельности центральных и местных властей того времени. Узбекистан является страной культурно-хозяйственной связи, прилегающей к Казахстану. Возвращение откочевников к месту рождения приобрело довольно организованный характер.

**Ключевые слова:** политические репрессии, откочевание в Узбекистан, беженцы голода, реэмиграция.

**Кіріспе.** Отан тарихының мазмұнында кеңестік тарихнамада «ақтаңдақ» болып келген тақырыптардың бірі – Қазақстанда өткен ғасырдың 20-30 жылдары іске асырылған кеңестік реформалардың тарихы. Бұл тақырыптың зерттелмеу себебі тоталитарлық биліктің реформалардың салдары ауыр әлеуметтік-экономикалық және ең бастысы демографиялық апатқа ұрындырғандығын бүркемелеуден туындаған идеологиялық тиым салуға байланысты болатын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2020 жылғы 24 қарашадағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы» Жарлығы саяси қуғын-сүргін құбылысын зерттеуді мемлекеттік бағдарламаға ұластырды. Осы бағдарламада қамтылуы тиіс зерттеу бағыттарының бірі 1916-1930 жж. Мемлекеттің жазалаушылық әрекеттері мен биліктің саяси қуғын-сүргін кезіндегі түрлі зорлық-зомбылық, саяси науқандар мен аштық кезінде Қазақстаннан кетуге мәжбүр болған қазақстандық босқындарды ақтау бойынша зерттеу, ұсыныстарды дайындау және енгізу болып белгіленген. Осы бағытқа сай Қазақстанның оңтүстігі мен батыс өңірлерінен көршілес Өзбекстанға ауа көшкендердің тарихы деректік негізде талдауды қажет етеді. Өйткені, ғасырлар бойы тарихи байланыстары үзілмеген өңірге ауакөшіп және ашаршылық кезіндегі босқыншылықта жан сауғалаған қазақтардың саны басқа аймақтармен салыстырғанда

барынша көп болуы да мәселені жан-жақты ғылыми бағалауға мұқтаж. Шекаралас, этникалық тегі бір, тілі мен ділі туыс, тарихы мен мәдениеті ортақ мемлекеттер ретінде қазақ-өзбек тарихи байланыстарының тарихы қазіргі заманғы стратегиялық серіктестікті жаңа деңгейге көтеруге қызмет ететін болғандықтан да екі елдің арасындағы байланыстардың тарихын зерттеудің өзектілігі жоғары деп білеміз.

Зерттеу тақырыбының басты мақсаты 20-30 жылдардағы Өзбекстанға ауа көшудің себептері мен салдарларын айқындап, партия, кеңес органдарының ауақөшушілермен жұмыс және оларды елге қайтару, орналастыру мәселелерін қалай шеше алғандығын деректік негізде ғылыми қалпына келтіру. Осы мақсатқа сай ауақөшушілер мен реэмигранттардың болжамды санын анықтап, орталық және жергілікті биліктің саяси, ұйымдастырушылық жұмыстарына баға берілетін болады.

**Материалдар мен әдістер:** Зерттеу тақырыбының деректік негізі архив құжаттары болғандықтан да археографиялық тәсілге жүгінеміз. Отандық және шетелдік архив құжаттарымен жұмыс жүргізілгендіктен дежаңа деректерді ғылыми айналымға ұсынғанда оларға текстологиялық талдау жасалды. Сонымен бірге тарихнамалық шолуда отандық және шетелдік зерттеушілердің қолданған методологиялық ұстанымдары мен жасаған қорытындылары тарихи-салыстырмалы талдау тәсілдерінің мүмкіндіктері қолданылды.

Зерттеудің деректік негізін Қазақстан Республикасы мемлекеттік архивы, Қазақстан Республикасы Президент архивы, Түркістан облыстық мемлекеттік архивы, Түркістан облыстық қоғамдық-саяси тарих архивы және Ресей Федерациясы мемлекеттік архивының қорлары құрайды.

**Талқылау.** XX ғ. 20-30 жылдардағы отан тарихының “ақтандар” тақырыптары бойынша тәуелсіздік жылдары көптеген зерттеулер жүргізілді. Сол зерттеулердің арасында ауылшаруашылық реформаларын іске асырудың саяси қуғын-сүргіндік себептерімен туған жерін тастап, көрші республикалар мен шетелдерге ауа көшу және ашаршылық босқыншылығы жайлы жүргізілген зерттеулерге ғана арнайы талдау жасалды. Отан тарихының өзекті мәселелерінің бірі ретінде осы тақырыпты алғаш рет зерттеу нысанына айналдырған тарихшы ғалымдардың арасында М.Қ. Қозыбаевтың [1], М.Қ. Қозыбаев, Ж.Б. Әбілғожин және Қ.С. Алдажұмановтардың [2] зерттеулері кейінгі буын тарихшылардың ізденістеріне жол ашып, бағыт-бағдар қалыптастырды. Тақырып бойынша іргелі зерттеулер жүргізген Т.Омарбековтің [3, 4, 5] еңбектеріне арнайы тоқталуға болады. Тарихшы ауақөшу құбылысын Қазақстанда орын алған көтерілістердің басты салдарларының бірі ретінде қарастырады. Отандық архивтердің қорларымен жұмыс жасаған зерттеушінің ауа көшу үдерісін 20-30 жылдардағы реформалардың себеп-салдарлы байланыстарының кешенінде қарастыруы тақырыпқа қатысты тың тұжырымдар жасауына негіз болған. Тақырыпты тарихи-демография тұрғысында қарастырған М.Тәтімөвтің [4, 6] статистикалық талдауларға негізделген іргелі зерттеулері ауақөшушілердің болжамды санын анықтауға мүмкіндік берген. Тақырыпқа қатысты соңғы зерттеулердің арасында Б.Қалшабаеваның [5,7] мақаласы Өзбекстан бағытындағы миграциялық процестердің саяси-әлеуметтік факторларын талдауымен құнды. Тәуелсіздік кезеңде ауақөшушілер тарихы бойынша бірқатар диссертациялық деңгейде зерттеулер жүргізілгендігін атап айтуға болады. Дегенмен, тақырып тарихнамасына жасалған шолу Өзбекстанға ауақөшушілердің тарихы барынша аз қарастырылғандығын көрсетеді. Тақырыпқа қатысты шетелдік зерттеушілер арасында Р. Дэвис, С. Уиткрофт [6,8], Сара Камеронның [7,9], Д.Верхотуровтың [10] еңбегіне арнайы тоқталамыз. Мақаламызды осы жете зерттелмеген тақырыпқа арнауымыз зерттеудің жаңалығын айқындайды және жаңа тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

**Нәтижелер.** XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақтың туған жерінен өзге елдерге ауа көшіп, босқыншылыққа ұшырауы әлі терең зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелердің бірі. Кеңестік биліктің солақай саясаты салдарынан қиын-қыстау уақыттарда ұлтымыз сырт жұрттан пана іздеп, дүрбелеңге түсті, аман қалуы үшін ежелден мекен болып, кіндік қаны тамған орындарынан амалсыздан қозғалуға мәжбүр болды. Бұл ақтандақтақырып халқымыздың басынан өткен сол кездегі зұлматты тарихын деректі мәліметтер негізде ғылыми тұрғыдан саралауды қажет етеді. Өмірлік күнкөрістері мен ерте заманнан дәстүрлі шаруашылықтарына айналған жеткілікті мал басына ие қазақ қауымы тәркілеуге, қуғын-сүргінге, апатты жағдайға тап болғанда амалсыздан іргелес аймақтарға, сондай-ақ КСРО аумағынан шет жерлерге босып кетті. Олардың жүріп өткен жолдарын, көрген қиыншылықтары мен тіршілік үшін күрестерін кейінгі ұрпаққа шынайы тұрғыдан жеткізу, сабақ алу тарих тағлымы болмақ. Ауақөшу – көшпелілердің дәстүрлі қоғамда жан сақтау мен ел сақтауда ежелден қолданған тәсілі. Еліміз қынадай қырған ауру мен індеттен қоныс аударып құтылған. Жайсыз билеушіден, зәбір берген рубасыдан да ауыл-аймағы, бота-тайлағымен ауақөшіп бас сауғалаған. Сүттей ұйыған дәстүрлі қоғамның тұрмыс-салты мен рухын шыңдаған тарихы мен мәдениетіне кеңестік биліктің жасаған зорлығына халықтың қарсылығы осы тарихи үдеріске алып келді.

1925 жылы Қазақ Өлкелік партия комитетіндегі биліктің ауысуымен байланысты туындаған «Кіші Қазан» идеясы, тарихта қасіретті ізді қалдырған ұжымдастырудың әкімшілік-террорлық сипаттағы салдары, ірі байлардың мал-мүліктерін тәркілеу туралы декрет, оларды жер аудару, ет және астық дайындаудағы асыра сілтеушілік сияқты солақай саясаттың нәтижелері ертеден өмір сүріп отырған жергілікті ұлттың амалсыздан ауа көшу мәжбүрлігіне алып келді.

Зерттеуімізде тақырыпты үш бағытқа топтастырып қарастырдық. Бірінші бағыт – ауакөшудің себеп-салдары мен болжамды санын анықтауға арналды. Ауакөшу елдің демографиялық жағдайына кері әсер етіп үлкен шығын әкелді. Кейінгі жылдардағы есептеулерге қарап қазақтардың көрші аймақтарға көптеп қоныс аударуының айғақты дәлелін көруге болады. Қазақстанға көршілес республикаларда өмір сүретін қазақ халқының саны бойынша санақаралық кезеңдегі артық көрсеткіш 453 мың адамды құраған. Нақты айтқанда 1926 жылғы санақ бойынша көршілес республикаларда 314 мың қазақ ұлты тұрса, 1939 жылғы санақ бойынша 794 мың болды [1, 254]. Яғни арадағы он жылдан аса мерзімде сырттағы қазақтар саны 2,5 есеге өседі.

Қазақ халқының ата-бабадан мұра болып келе жатқан туып-өскен мекенінен өзге жерлерге үдере көшудің себеп-салдарларды ашып көрсету тарих шындығын ғылыми-зерттеу тұрғысында көпшілікке, әсіресе келешек жас буын өкілдеріне зерделік түйсіну үшін аса маңызды болып табылады.

1937 және 1939 жылдардағы халық санағы 1926 жылғы халық санағының қорытындыларымен салыстырғанда Қазақстандағы мынадай демографиялық өзгерістерді көрсетеді (мың адам)[8, 416]:

№ 1 кесте. Жылдар бойынша жалпы халық және қазақтар санының көрсеткіші.

	Жалпы халық	Қазақтар	Қазақстаннан тыс жерлердегі қазақтар	КСРО-дағы қазақтардың жалпы саны
Желтоқсан 1926	6 079	3 465	503	3 968
Қаңтар 1937	5 120	2 182	680	2 862
Қаңтар 1939	6 151	3 101	741	3 842

Дегенмен Т.Омарбеков «Ашаршылық» кітабында жоғарыдағы Бүкілодақтық санақта берілген цифрлық көрсеткіштердің шындыққа сәйкес келмейтінін, бұл санақтарда қазақтардың саны бұрмаланып көрсетілгенін жеткізеді. Мұны дәлелдеу үшін 1897 жылғы халық санағына жүгінгенде бұл кезде қазақтардың саны – 3,5 млн адамды құраған. Егер 1921-1922 жылғы Ашаршылықта қазақтардың 30 пайызы қырылғанның өзінде де 1926 жылғы халық санағының қазақтардың санын толық қамтымағаны байқалады. 1916 жылғы патша үкіметінің еспке алу санағынан қаймыққан қазақтар 1926 санақтан жасырынып қалуға тырысқан. Сондықтан ғалым аталмыш Бүкілодақтық санақ мәліметтері мұрағат қойнауындағы әртүрлі мекемелердің ресми мәліметтерін талдауда қосымша, жалпылама және жанама деректер ретінде ғана пайдалануға болатынын баяндады. 1928 жылы қазақтардың барлық қожалықтарының саны – 826 мың (яғни 4 млн. 836 мың адам) екен. Бұлардың 120 мың қожалығы отырықшы болса, 700 мыңнан астамы көшпелі және жартылай көшпелі болды. Қазақ халқының саны 1928 жылғы ірі байларды тәркілеу науқанынан кейін қысқара бастайды [3, 15].

Аталған кезеңдерде іргелес жақын орналасқан, бұрыннан барыс-келіс жасалып жүрген әрі қуғын-сүргіннің мұндай басымдық түрде белең ала қоймаған мемлекет болғандықтан халық оңтүстік аймақтан Өзбекстанға ауа көшкен. Қазақтардың бұл жерге босып көшуі 1921-1923 жылдары болған ашаршылық тұсында да болған еді.

Ұжымдастырудың алғашқы кезеңіндегі Қазақстаннан ауа көшуде шаруа қожалықтарының иелігінде белгілі бір мөлшерде малдарының, күш-көліктерінің болуы олардың барған жерлерінде өздігінше шаруашылық жүргізуіне жүргізуге мүмкіндік берді.

Адамдардың 1928 жылдан бастап шаруашылықтары, мал-мүліктерімен ауа көшудің мұндай әрекеттері келесі жылдардан, атап айтқанда 1930 жылдың көктемінен бастап республиканың шығыс және оңтүстік аудандарында да көбейе бастайды. Мысалы 1930 жылы 14 мамырда ҚАКСР ХКК-не Самарқандтан «Алынған мәліметтер бойынша Өзбекстанның Кенимех ауданына біздің рұқсатымыздан басқа келе беру жалғасып, тіркеуді, нан, азық-түлікпен қамтамасыз етуді талап еткен Қызылорда округынан сіздердің 1000-нан асашаруа қожалықтары қоныстанды. Осыны хабарлай отырып, аталған мәселені Кенимехте, өз орнында біздің өкілмен бірлесіп ретке келтіру үшін дереу ҚАКСР ХКК өкілін жіберуді өтінеміз» деген мазмұндағы жеделхаты келіп түседі [11]. 1931 жылдың 9 тамызында республика



Өлкелік партия комитетіне Қазақстанның Қаржы халық комиссариатының жолдаған мәліметіне қарағанда 1930 жылы және 1931 жылдың 5 тамызына дейін Қазақстанның тек 27 ауданынан ғана (қалған 47 ауданның мәліметтері есептелмеген) Орта Азиядағы көрші республикаларға, оның ішінде Өзбекстанға 3436 қожалық 187 909 малымен өтіп кеткен. Бұл мәліметтер әрине толық емес [12].

Көрші орналасқан мемлекеттерде 1926-1939 жж. санақтар аралығындағы кезеңде ауа көшушілер есебінен қазақтар саны – РКФСР-де – 2,3 есе, Өзбекстанда – 1,7 есе, Қарақалпақияда – 2,5 есе, Түркіменияда – 6 есе, Тәжікстанда – 7 есеге, ал Қырғыз Республикасында – 10 есеге дейін өскен. Осы уақытта көрші республикаларда тұратындардың пайызға шаққандағы көрсеткіші 8-ден 26-ға дейін жоғарылайды. Ауа көшудің салдарынан шекарадан тыс жердегі қазақтар саны екі есеге көбейген [13]. Жоғарыда көріп отырғанымыздай ауа көшулерге байланысты Өзбекстанда қазақтар саны 1,7 есеге артты. 1933-1934 жылдары қазақ жұртшылығының біразы босқыншылықпен Өзбекстаннан Қарақалпақ АКСР-нің жеріне де өтіп жатты.

Ауакөшушілердің тарихын қатысты деректерді талдағанда шынайы дәйектердің өңін айналдарып, оған басқа мән беруге тырысқан тұжырымдар да кездеседі. Айталық, ресейлік саясаттанушы Д.Верхотуров «Ауакөшушілер жергілікті тұрғындарды тонап, олардың малдарын өздерімен бірге ала кетті, ауданды аштыққа ұрындырды» [10,144] деген дәлелсіз тұжырым жасайды. Сонымен бірге, қазақ жеріндегі ашаршылықтың басты факторларының бірі ретінде осы ауакөшушілерді атайды. Демек, ауакөшу тарихын ғылыми қалпына келтіруге де ұлттық мүддемен қараудың қажеттігі туындайды. Ал шовинистік көзқараспен ауакөшушілерді «өз отанын қиын сәтте тағдырдың тәлкегіне тастап кеткендер» деген сыңаржақ бағадан арашалай алмаймыз.

Мәселенің екінші қыры шет жерлерге қоныстанғандардың орналасуы мен жергілікті жағдайға бейімделуіне арналады. 1932 жылдағы аштық зобалаңынан бас сауғалап барғандардың күйі өте нашар болды. Қазақстан босқындарының Өзбекстан жеріне аууындағы бір ерекшелік олардың негізінен қалаларға көптеп шоғырланып, баспанасыз, көшеде өмір сүруі еді. Бұлар негізінен мал-жаннан жұрдай болған, аштық апатының нақ аузында тұрған бейшара жандар болатын. Бірінші кездері Өзбек КСР-нің үкіметі қазақ жұртының келуін уақытша құбылыс деп қарастырып, оларға азық-түлік өнімдерімен көмек көрсетуді шектеген еді. Жағдай адам төзгісіз ауырлап кеткендіктен Өзбекстан үкіметі 1933 жылы қаңтарда шұғыл шаралар қолдануға мәжбүр болып, Өзбек Қызыл жартыай қоғамына 515 мың сом ақша бөліп, баспанасыз босқындарды тамақтандыру орындарын көптеп ашуды тапсырды.

Қысқа мерзімде Өзбекстанның қазақтары босып жүрген Әндіжан, Маргелан, Хаваст, Самарқанд-Икрамов, Қаттақорған, Ново-Бухарский, Янги-Юль аудандарында және Ташкент қаласында 22 тамақтандыру орындары ашылды. Олар нанмен және басқа да азық-түлікпен үздіксіз қамтамасыз етілді. Бұл орындар талай адамдарды өлім аузынан аман алып қалды [12, 147].

Өзбек үкіметі аштарды тамақтандырумен шектеліп қана қойған жоқ. Босқындар ішінен еңбекке жарамды 6.050 адам совхоздар мен колхоздарға, қоғамдық жұмыстарға жөнелтілді. Ал Қазақстанға 2.683 адам қайтарылды, сондай-ақ ауруханаларға 547 адам, балалар үйлеріне 8.975 бала (олардың ішінде Т.Омарбековтің жазуында қазақтар 3.095 – авт.) орналастырылды. Оқшаулайтын үйде аштықтан және аурудан әбден әлсіреген, күш-қуаттары тусылған 346 адам жан тапсырды. Жалпы, босқындарды аман алып қалуға 340 мың сом қаражат жұмсалған [12,148].

Өзбекстандағы қазақтардың қалыптасуындағы саяси әлеуметтік факторлардың бірі болған осы ұжымдастыру, ашаршылық және саяси қуғын-сүргінде мәселен, Шыршық қаласы мен Бостандық ауданындағы, Ангрен, Ахангаран аумағын мекендеген орта жүз қазақтары (бүгінде олардың негізгі бөлігі тарихи Отанға оралған) 1931-1933 жж. ашаршылық жылдары келгендігін айтады. Ашаршылықтан аман қалуды ойлаған олар Өзбекстанға келген. Олар сонау Қоқан, Марғұлан қалалары мен Ташкент аралығында кірекештікпен (1-2 түйемен жүк тасу) айналысып, күн көргендігін айтады. Бұл жылдары келген қазақтар жергілікті халықтан бөлек қоныстанды [7, 96].

1933 жылы Өзбекстанға аштық салдарынан босып барған қазақтардың тағдыры туралы Ермұхамедовтің орталыққа жолдаған хаттарында осынадай мәлімет бар: «Аштықтан босқан 500 отбасы Өзбекстанның Камир қаласына көшіп келді... Қазақтарға базардан азық-түлік сатып алуға тыйым салынды... Мұндай әрекетке шыдамаған қазақтар ауылдан-ауылға көшіп жүреді. Ауылда да қазақтарға жұмыс табылмайды... Сондықтан біз, Қазақстанның жұмысшылары, Өзбекстандағы қазақстандықтарды ажалдан құтқару үшін қонысқа жер беруді және ашыққандарға тиісті көмек көрсетуді, жұмыссыздарды жұмысқа орналастыруды сұраймыз». Мұндай мазмұндағы хаттар Қазақ Орталық Атқару Комитеті мен Халық комиссарлар кеңесінің төрағасына да жолданған.

Ашыққан қазақтар аман қалуды ойлап, іліп алар дүние-мүлкін сатты. Қазақстанды тастап, Катта-Қорған, Кітап, Жылыбұлақ, Қызылтөбе, Каршы, Сталинабад, тіпті Шығыс Ауғанстан шекарасына дейін босты. Олар 4-5 ірі қарасын асырайтын жер таппай, бір жерден екінші жерге көшіп жүрді. Көпшілігі тонауға ұшырап, ұрыларға жем болды. Өзбекстанда орналасқан мыңдаған қазақ отбасының біразы сонда қайтыс болды. Ал қалғаны жұмыс таба алмай, қыстақтан-қыстаққа көшіп жүрді. Жол бойы қазақты тонамаған басмашы қалмады. Осындай қылмыстық істердің көрінісін толық бейнелеу мүмкін емес [14].

Мәселені зерттеудің үшінші қыры – ауакөшушілерді елге қайтарудың жайына арналады. Голощекин әлі билікте отырған кезіндегі 1932 жылдан бастап ауа көшушілерді қайтару мәселесі қолға алына бастады. БКП (б) Қазақ өлкелік комитеті бюросының отырысында тиісті облыстық комитеттерге ауа көшкен аймақтарда сол аудандарға ауа көшушілерді шаруашылықтарға орналастыру мен көмек көрсету бойынша жүргізілген шараларды тексеру үшін жедел түрде арнайы уәкілдерді іс-сапарға жіберу ұсынылды. Көрсетілген аудандардың аудандық комитет хатшылары мен Аудандық атқару комитетінің төрағаларына шаруа қожалықтарының ауданнан тыс жерлерге әрі қарай ауа көшуіне жеке жауапкершілік алатыны да ескертіледі [15,8-п.].

1933 жылы 21 қаңтарда Саяси бюро Голощекиннің отставкаға кету туралы «өтінішін қанағаттандырып», оны Л.И. Мирзоянмен ауыстырды [16, 9-п.]. Ал 25 қаңтарда осыған байланысты Қазақ Өлкелік комитетінің отырысында екі шешім қабылданды: Голощекинді босату туралы БКП(б)ОК-нің қаулысын назарға алып қабыл алу және Қазақ Өлкелік комитетінің бірінші хатшылығына Мирзоянды бекіту [17, 4-п.]. Билік басына, Қазақстанның партия ұйымына жауапты хатшы болып келген Левон Мирзоян Өлкелік партия комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесін ауа көшуші босқындарды елге қайтару және орналастыру істерін ұйымдастыруға күш салды. Осыған байланысты «Халық Комиссарлары Кеңесінің жанынан босқыншылыққа байланысты барлық мәселелермен айналысатын жеке секретариат құру» туралы шешім 1933 жылы 22 ақпанда БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитеті хатшылығының отырысында қабылданады [15,104-п.]. Аталған жылы 13 сәуір айында өткізілген Қазақ өлкелік партия комитетінің мәжілісі бойынша Халық Комиссарлары Кеңесінің жанындағы отырықшыландыру мен босқындарды орналастыру бойынша құрылған комиссияларды облыстық атқару комитеттерінің жанынан ұйымдастыру жөнінде шешім қабылдаған. Оның алдында өз жұмыстарын жалғастырып келе жатқан Өлкелік партия комитетінің жанынан құрылған отырықшыландыруға байланысты комиссия таратылады [15, 76-п.]. Осы 1933 жылы 28 қарашада Қазақ өлкелік БКП(б) комитеті бюросының Ауа көшушілерді қоныстандыру және шаруашылық орналастыру бойынша міндеттер туралы қаулысы қабылданған болатын. Қаулыда Еділден, Қарақалпақтан, Сібірден, сондай-ақ орта Азиядан елге оралғандардың легі көбейе түскендіктен, оларды қоныстандыру, орналастыру бүкіл партия ұйымдарының ең маңызды міндеті болып белгіленді.

Партия ұйымдары мен кеңес органдары 1933 жылы ауа көшушілерді қоныстандыру және шаруашылыққа орналастыру бойынша атқарылған ауқымды жұмыстардың нәтижесінде 50 мыңнан астам ауа көшушілер отбасы мақта, астық, сонымен бірге мал шаруашылығы аудандарына жіберіліп, колхоздарға, ТОЗ-ға (жерді өңдеу серіктестігі) қоныстандырылған. Бұл шаруашылықтардың көпшілігі көктемгі және жазғы ауыл шаруашылығы жұмыстарына қатысады. Көптеген ауа көшушілер ұйымдастырылған дербес ТОЗ-дарда, мемлекет, МТС және совхоздардың көмегімен өздерін егістікпен қамтамасыз етіп, егін жинау жұмыстарын жүргізеді. Ауылшаруашылық артельдер мен ТОЗ-дарға қоныстандырылған ауа көшушілердің шаруашылығы негізінен астықпен қамтамасыз етілген. Бұл ауа көшушілердің 70 пайызы мемлекеттің көмегімен мал алып, өздерін баспанамен қамтылған.

Мал шаруашылығын дамыту және малсыз шаруашылықтарға мал алу мақсаты үшін, бірінші кезекте ең алдымен бұрынғы ауа көшушілерді қамтамасыз ету үшін мемлекет пен партия совхоздардан, колхоздың тауарлық фермаларынан және басқа жерлерден сатып алынған 600 мыңға жуық мал басын бөліп, оның орасан зор бөлігі бұрынғы ауа көшушілердің пайдалануына беріліпті. Дегенмен, ауа көшуді жою және барлық ауа көшушілерді шаруашылық орналастыру міндеті мұнымен шектелмейді. Облыстар мен көптеген аудандарда ауа көшушілердің қоныстанбаған, орналаспаған отбасыларының әлі де болса айтарлықтай саны бар, ауылшаруашылық артельдері мен ТОЗ-дар бойынша орналасқан олардың бір бөлігі түпкілікті бекітілмеген, шаруашылықтардың едәуір бөлігінде қысқы баспаналары жоқ, үйлерді жөндеуге үлгермеген және т.б. [18].

1934 жылдың көктемінде КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы Қоныстандыру комитетіне ауа көшуші қазақтардың 5000 шаруа қожалықтарын ішкі-қазақстандық қоныстандыру ретімен орналастыруды, осы шараға қажетті қаражат пен қорды бөлуді ұсынған 1933 жылдың 9 желтоқсанындағы КСР Одағы Халық комиссарлар кеңесінің қаулысы ҚАКСР-ның Оңтүстік Қазақстан облысындағы мақта егетін колхоздарды шаруашылық тұрғыдан нығайту мақсатында қабылданған болатын.

Қазақстан Халық комиссарлар Кеңесінің төрағасы О.Исаевтың 1933 жылы 5 желтоқсан күні В.М. Молотовқа жазған хатында соңғы бірнеше жылда жүзеге асырылған көшпелі және жартылай көшпелі халықты отырықшыландыру қазақ ауылын социалистік қайта құрудағы маңызды шаралардың бірі екенін айта отырып, сол жылы негізінен ауа көшушілердің үлкен бөлігін орталық малшаруашылығы аудандарынан шаруа қожалығына орналастыру шарасы жүргізілгені жөнінде баяндайды. Ауа көшуді жойып, тоқтату және ауа көшушілерді шаруа қожалықтарына орналастыру қазақ ауылындағы кезекті шара екендігін негізге ала отырып, 47 мың ауа көшушілерді орналастыру 1933 жылға арналған және өткен жылдардағы отырықшыландыру шаралары бойынша қамтылған 15 мың шаруашылық қожалықтарын қоныстандыру бойынша жұмыстарды аяқтау жоспарланады. Ауа көшушілерді ауылдық шаруашылық жұмыстарына тарту негізгі міндет болып саналды [19].

Келесі 1934 жылдың 8 қаңтарында Мирзоян жергілікті басшылардың «асыра сілтеулері мен қателіктері» туралы айтып «Ауа көшу, әрине, негізінен Орталық Қазақстандағы ұжымдастыру мен отырықшыландыру саласында біздің ұйымдардың жіберген ерекше шектен шығулар мен қателіктердің салдарлары» деп баяндады [20, 457]. VIII Қазақ өлкелік партия конференциясында «Өлкелік партия комитетінің өткен жылдағы басты міндеттерінің және толғандырған мәселелерінің бірі ауа көшуді тоқтату және ауа көшушілерді шаруашылық орналастыру жұмыстарын кеңінен өрістетуге болып табылды» деген ол мұндағы хал-жағдайларды біле, таныса келе ауылдар және аудандардағы шаруаларға көмек көрсету шараларын жүзеге асыра бастады.

Әрине, ауа көшушілерді қоныстандыру және шаруашылыққа орналастыру бойынша атқарылған мұндай үлкен жұмыстардың бәрі керемет орындалды деп біржақты айтуға болмайды. Ауа көшуді әрі қарай болдырмау және ауа көшушілердің шаруашылығын қалыпқа келтіруде үлкен ықпалы болған бұл шаралардың кемшін тұстарына да назар аударылды. Босқындарды шаруашылық орналастыру ісінде әлі де көп кемшіліктер бар екендігі, ауа көшушілерді түпкілікті қоныстандыруға және шоғырландыруға бағытталған шараларды жан-жақты күшейтуі керектігі айта отырып, «Көшпелі және жартылай көшпелі аймақтарға оралған халықтың көптігін ескермеуге болмайды, керісінше, олардың осы аймақтарға қоныстануына жан-жақты көмектесуіміз керек, ең алдымен малмен, нанмен және ең болмағанда тұтыну нормасы шегінде егіс жұмыстарын ұжымдастырумен көмектесуіміз керек» деген Л.Мирзоян барлық нашар орналастырылған шаруашылықтарды және әсіресе күтілетін оралушыларды толық орналастыру қажеттігі туралы айқын және нақты міндет қойылғандығын баяндайды [21, 1-п.].

Ауа көшуші-оралушыларды орналастыру туралы БК/б/П Оңтүстік Қазақстан обкомы бюросының хаттамалары және 1933 ж. бюро хаттамаларының көшірмесінде Обком ауа көшуші-оралушыларды орналастыру бойынша аудандық партиялық және кеңестік ұйымдардың жұмысын қанағаттанарлықсыз деп санайтыны жазылған. Көптеген аудандық, партиялық және кеңестік ұйымдар бұл жұмысқа тіптен кіріспегені, көпшілігі жарты жолда тоқтаған – тамақтануды ұжымдастырған, осымен шектелген; қайта көшіп келушілерді колхоздарға, кәсіпорындарға, артельдер мен ЖЭС-терге (Жерді бірлесіп өңдеу бойынша серіктестік) ұжымдастыру ісінде нақты басталмағаны, сонымен бірге облыстық кеңестік және шаруашылық ұйымдары (Облснаб, ОблОНО, Трактороцентр, Облпотребсоюз және Тресттер) қайта көшіп келушілерді орналастыру ісінде аудандарға көмек көрсетпеген. Обком бұл істі негізгі жұмыстардың бірі ретінде барлық облыстық және аудандық ұйымдарға ауа көшушілерді орналастыру бойынша жұмысқа бірден қосуды міндеттейді, Обком аудандық және облыстық ұйымдарға ол ұйымның жұмысын тек тікелей жұмыс көрсеткіштерінің орындалуымен ғана емес, сонымен бірге қоныс аударғандарды орналастыруға қатысу бойынша да бағалайтынын ескертеді [22, 43-п.].

Өлкелік комитет ауа көшушілерді орналастыру бойынша орасан зор және оңды жұмыстармен қатар, бірқатар партия және кеңес ұйымдары осындағы және қайта оралған ауа көшушілерді игере алмағанын, яғни, оларды қоныстандыру мен шаруашылық орналасуын дер кезінде қамтамасыз етпегенін де атап өтеді. Көптеген партиялық және кеңестік органдар ауа көшушілерді шаруашылық жұмыстарына (егін жинау, мақта дайындау, балық аулау, жаңа құрылыстар, совхоздар және т.б.) қосу жолындағы жүйелі күреспен бірге тек азық-түлік көмегіне сүйеніп, еңбекке жарамды, бірақ әлі реттеліп орналаспаған ауа көшушілерді әртүрлі шаруашылық жұмыстарына пайдалануға байланысты нақты шараларды қабылдамайды.

Аудандық, ауылдық кеңес және партия ұйымдары, көптеген МТС және облыстық ұйымдар ауа көшушілерді орналастыру және бекіту, оларды баспанамен қамтамасыз ету, мал алу және т.б. бойыншатұрақты түрде қамқорлық танытпайды. Облыстық және аудандық партия және кеңес ұйымдары ауа көшушілерді суару және құрылыс жұмыстарына кеңінен тарту, ауа көшушілерден балық аулау және аңшылық артелдерін, сондай-ақ халық тұтынатын тауарларды өндіруге арналған қолөнер кәсіпорындарын ұжымдастыру үшін азық-түлік көмегін пайдаланбаған. Осының негізінде Өлкелік партия комитеті Халық Комиссарлары

Кенесі жанындағы ауа көшушілерді орналастыру жөніндегі комиссияның облыстық атқару комитеттерімен бірлесіп, қысқа мерзімде мақта, балық және астықты аудандардағы пункттер мен орындарға қайта оралған ауа көшушілерді орналастырып қайда жіберу керектігін белгілеу, аудандық атқару комитеттері мен өлкелік комитеттер МТС-тің саяси бөлімдерімен бірлесе отырып, аудан шегінде қоныстандырылатын ауа көшушілердің санын қысқа мерзімде анықтау мәселелері бойынша қаулы қабылдайды.

Жанадан ұйымдастырылған ТОЗ саны мен олардың орындарын көрсете отырып, ауа көшушілерді орналастыру және қоныстандыру жоспарын екі апта мерзімде облыстық атқару комитеттеріне ұсыну міндеті де қойылады. Партияның аудандық комитеттері мен атқару комитеттері ауа көшуді жақын кезеңдегі уақытта тоқтату тиістігін, ал барлық ауа көшушілерді колхоз өндірісіндегі белсенді жұмысшыларға айналатын ауылшаруашылық және басқа да жұмыстарға қосу үшін мемлекеттің азық-түлікпен берілудегі көмегін айқын түсіне білу керек екендігін нақтылайды. Сонымен бірге облыстық және аудандық ұйымдардың алдына қысқы кезеңде мемлекеттік азық-түлік көмегін алатын ауа көшушілерді оңтүстік облыста - суару желісін ретке келтіру, бас құрылыстарды, магистральдық каналдарды, сондай-ақ шағын желіні (арықтарды тазалау, тереңдету және т.б.) жақсарту сияқты жұмыстарға пайдалану міндеті қойылады [18, 51].

Сондықтан да бірінші кезекте ауа көшушілерді күшейтілген колхоздарға, артельдерге және ТОЗ-дарға жұмыс қолының болуын есептей отырып бөліп орналастыру, өнеркәсіп мекемелері мен совхоздардың басшыларын қара жұмыс күшіне қажеттілік кезінде ауа көшуші-оралушыларды қабылдауда басымдық беруді, сондай-ақ Ауком және Саяси бөлім жетекшілеріне колхоздардағы кең таралған көпшілік жұмыстар арқылы колхоздар Басқармасы мен колхозшылар жағынан көшіп келушілерге ұқыпты және қамқорлық қатынас орнатуды міндеттеуге мән беріледі [22, 112-п.]. 1933 жылдың 24 ақпанындағы ҚАКСР Халық Комиссарлар Кеңесі қаулысында теміржол станцияларында жиналған ауа көшуші қазақтарға азық-түлігіндегі медициналық көмек көрсету және темір жол станцияна түсіру туралы тыңдалым болады.

Қабылданған шешімде Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеттердің, сондай-ақ аудандық атқару комитеттер тарапынан темір жол станцияларында жиналған ауа көшуші қазақтарға көмектің жоқтығы ескеріледі. Осы жағдай ауа көшушілердің арасында өлім-жітімнің артуына және әртүрлі эпидемиялық аурулардың таралуына әкелді, сонымен қатар теміржол станцияларында күрделі жағдай қалыптасқаны, темір жол станциясы әкімшілігінің немқұрайлы көзқарасы станцияларда жиналған ауа көшуші қазақтарға деген контрреволюциялық ұлыдержавалық шовинизмнің айқын көрінісімен қабысатыны берілген.

Осыны негізге алған ҚАКСР Халық Комиссарлар Кеңесі қаулысында Алматы және Оңтүстік Қазақстан Облыстық атқару комитеттеріне тез арада үш күндік мерзімде ауа көшушілерді ыстық тамақпен қамтамасыз ету үшін жұмыс істеп тұрған тамақтану пункттерінде асханаларды дереу ұйымдастыру, Үштөбе, Отар және Луговой станцияларында асханасы бар тамақтану пункттерін қосымша ұйымдастыру қажет деп санауды тапсыру, сонымен бірге асханаларды ұйымдастыруға және қажетті өнімдерді (ет, балық, көкөністер) сатып алуға байланысты шығындарға 20000 рубль және 10000 рубль Оңтүстік Қазақстан Облыстық атқару комитетіне, 10000 рубльді Алматы облыстық атқару комитеттеріне жіберуді, осы Облыстық атқару комитеттерін осы мәселеге облыстық бюджеттен бір мезгілде бірдей мөлшерде бөлуді міндеттейді.

Денсаулық сақтау Халық Комиссариатына, жекелей Козлов жолдасқа келесі пункттердегі станцияларда табылған науқас ауа көшушілерді емдеуді ұйымдастыру үшін дереу арнайы стационарлық барактарды ұйымдастыру тапсырылады, олар: 1) Арыс 2) Алматы 3) Луговое 4) Үштөбе 5) Аягөз.

Сондай-ақ Денсаулық сақтау Халық Комиссариатына қосалқы темір жол станцияларындағы ауа көшушілердің толып жиналған жерлерінде медпункттер ұйымдастыру, облыстық атқару комитеттерінің өкілдеріне ауа көшушілерді орналастыруды ұйымдастыруда жан-жақты көмек көрсету туралы Түркісіб басқармасына Түркісібтің бүкіл желісі бойынша нұсқаулар беру тапсырылады [22, 4-п.].

Өзбекстан жеріндегі қазақтарды елге қайтару жұмысын Қазақстанның Халық Комиссарлары Советі төрағасының орынбасары Ұ.Құлымбетов басқарды. Оның басшылығымен қазақстандық үгітшілер, босқындарды елге қайтқан жағдайда қажетті жағдайлар жасалатыны айтылған қазақ үкіметінің қарарымен босқындарды таныстырумен болды. Құлымбетов Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретариатын 1933 жылдың ақпан айында, осы жылдың 1 мамырына дейін Өзбекстандағы барлық баспанасыз балаларды алып кетеміз деп сендірді. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін Ташкентке жақын қазақ аудандарында 1.000 адамды орналастыра алатын 3 балалар үйі ашылды. Бірақ Өзбекстандағы жетім балалар бұл саннан әлдеқайда көп болғандықтан, балаларды алып кетуді біртіндеп орындауға тура келді. Өзбекстан жерінде қазақ балаларына арналған уақытша бірнеше балалар үйі ашылады [12, 148].

1934 жылы наурыз айындағы мәлімет бойынша сол кезде ауакөшуші қазақтардың көп бөлігі Қарақалпақ АКСР-де өмір сүріп, 4837 шаруашылық болған. Олардың ішінде 2696 шаруа қожалығы ауыл шаруашылығына орналасады. РКФСР ХКК-і қарақалпақ жеріндегі ауакөшуші қазақтардың шаруа қожалықтарын барлық мемлекеттік салықтар мен мемлекеттік заттай жеткізілімдерден (ет, астық) 1934 жылдан 1935 жылдарда екі жыл мерзімде босатуды сұранады. Бұл қожалықтарды нығайту мақсатындағы жасалуы тиіс бірқатар іс-шаралардың қажеттілігін көрсетеді [19].

Облыстар мен өлкелер бойынша бригадалар жасақталып, ауа көшкен қазақтардың қайта оралуларын жүзеге асырып, елге келулері үшін әрекеттер жасалады, арнайы іс-сапарлар да ұйымдастырылады. Мысалы Түркіменстан, Қарақалпақстан, Қырғыз жеріне, Орынбор мен Паволжьеге, сондай-ақ Сібірге баруды мақсат тұтқан бригадалармен қатар Тәжікстан мен Өзбекстанға да бару жоспарланды [11, 2-п.].

Осы кезеңдерде Өзбекстан жеріне ауа көшіп барған қазақтар қолында біршама малы бар шаруа қожалықтарына ие болды. Архив деректерінде 1936 жылы Жер шаруашылығы Халық Комиссарлар өкілеттілігінің мәліметі берілген.

№ 2-кесте. Өзбекстандағы қазақ шаруа қожалықтары [11, 5-п.]

№	Ауа көшуші-қазақтардың орналасқан жерлері	Ауа көшкен аудандары	Шаруашылықтар саны	Ескерту
1.	Қашқадария округі	Қызылорда, Қазалы, Қармақшы, Әулие ата, Шу, Арыс, Түркістан, Жаңақорған және т.б.	1250	Басым көпшілігі бұрынғы көшкен жерлеріндегі өздерінің аудандарына қоныс аударуға ниет білдіреді. Бұл шаруа қожалықтарында 30-35% шамасында малы болды.
2.	Сурхандария округы	Қарсақпай, Қазалы, Жаңақорған, Қызылорда.	600	35-40% шамасындағы малға ие (оның ішінде негізінен түйелер)
3.	Наманган округы	Оңтүстік облыс	68	418 шаруа қожалықтарынан Қазақстанға көшу туралы өтініштері бар, бірақ іс жүзінде бұл аймақтарда тұратындардың саны одан да көп
4.	Қоқан округы	Оңтүстік облыс	130	
5.	Әндіжан округы	Оңтүстік облыс	220	
6.	Піскент, Жантақ, Аққорған, Жоғарғы Шыршықаудандары	Оңтүстік облыс	1500	Ташкент қаласына жақын жерде орналасқан, шамамен 30 % малға ие (түйелер)

Өзбекстан жерінен қайта оралған ауа көшушілерді оңтүстік өлкеге орналастыру жұмыстары қарқынды жүзеге аса бастаған.

«Оңтүстік Қазақстан Облыстық Атқару Комитеті Президиумының Қаратас ауданындағы «Жұма» атты жерінде уақытша тұрып жатқан оралушылардың 60 шаруа қожалығын орналастыру туралы 1936 жылдың 20-ақпанындағы № 151 Қаулысында (Облыстық Атқару Комитеті Төрағасының орынбасары Орумбаев, Жауапты хатшы Кузбанов) олардың 1935 жылы қазан айында Өзбекстаннан оралған ауа көшушілердің Қарсақпай ауданынан барғандар екені айтылған. Облыстық Атқару Комитеті аталған шаруа қожалығы өкілдерінің сұраныстарын қанағаттандырып, оларды Арыс ауданына орналастыруға рұқсат беруді, бұл шаруа қожалықтарын ауданның қабылдауға мүмкіндіктері бар «Октябрь», «Жаңа жол», «Қызыл әскер», «Мақташы» және «Исаев» колхоздарының біріне көшіріп алып келуді ұсынады [21, 15-п.]».

1935 жылғы желтоқсан айында Жер шаруашылығы Халық комиссариатының отырықшы және қоныстану бөлімі Қазақстаннан шет жерлерде орналасқан қазақ шаруа қожалықтары мен Қазақстан аудандарына қоныс аударуға ынта білдіріп, келгісі келетіндер және осындай ауа көшу бойынша хат алмасу туралы мәлімет берген. Бұл жерде қазақтардың туған жерлеріне қайта оралуы бойынша жүргізілетін іс-шаралар қатарында қоныстанушылар үшін ауыл шаруашылығы салығынан босату сияқты жеңілдіктер болғаны айтылады. Облыстар мен өлкеде Қазақстанға қайта оралатын қазақтарға барлық қоғамдастырылған мүлкімен, үлестік жарнасымен қайтаруды міндеттейтін шешім шығару, қоныстанатын шаруа

кожалықтарына шаруашылық орналастыру және мал алу бойынша бағытталған шараларды жүзеге асыру жоспарланады [11,1-п.]».

Бұл жұмыстарды жүзеге асыру үшін, сондай-ақ орналастыруға кететін шығындардың орнын толтыру мақсатында белгілі көлемде арнайы қаржы бөліп отырды. Мысалы «1936 жылы 14 ақпандағы ҚАКСР Халық комиссарлар Кеңесінің № 123 – қаулысында Оңтүстік Қазақстан облысының Талас ауданына Өзбекстаннан келген 375 шаруашылық санындағы оралушыларды орналастыру бойынша ұйымдастырушылық шығынға Мирзоян қаласынан 15.000 рубль қаржы бөлініп, сондай-ақ Орта Азиядан келген 110 шаруашылықты Келес ауданына бастапқы орналастыру және ұйымдастырушылық шығын үшін 20.000 рубль, Сайрам ауданының мақталық колхозына 80 шаруашылықты аударып орналастыруға 8000 рубль және 37 шаруашылықты Қазалы ауданына орналастыру үшін 8000 рубль, оралушылардың 300 шаруашылықты Қызылқұм ауданына орналастыруға 10000 рубль қаржы бөлу жөнінде қаулы қабылдайды [21,29-п.]».

Осындай істердің қатарында совхозға жұмысшы күшін тарту бойынша қабылданған БКПб Оңтүстік Қазақстан Обком Бюросының 1933 жылдың 8 қыркүйегіндегі шешімінде Ташкентке қызметкер жіберу және Өзбекстаннан Қазақстанға жіберілетін барлық ауа көшушілерді ұстай тұру немесе Сырдария станциясына қайтарып, совхозға жіберу сияқты міндетті шаруалар жазылған. Мысалы Пахта-Арал және Қызылқұм аудандық комитеттеріне және «Пахта-Арал» кеңшарының дирекциясына осы аудандардың маңайында орналасқан барлық ауа көшушілерді мақта жинауға жалдап пайдалану ұсынылады [22,265-п.]

Ауа көшушілерді орналастыру бойынша Үштік төрағасы Құдайқұловтың Шымкент қалалық Кеңес төрағасы Сейтбек Кенбаевқа баяндалған жазбасында ауа көшушілердің жағдайы туралы Өзбекстаннан 35 шаруашылық келгені, олардың тұрғылықты жері Шаян ауданы, кейбір бөлігі Ленгер ауданында болып табылатыны берілген [21,14-п.]

1936 жылы 1935 жылдағы сияқты қайта оралған шаруа кожалықтарының үлкен саны Өзбек КСР-нен келгендерді құрап, олар Пахта-Арал, Қызылқұм, Келес, Қаратас, Арыс, Шымкент, Шәуілдір, Қызылорда, Қармақшы, Ленгір аудандарына, Қырғыз жерінен келгендер Меркі, Мирзоян, Сарысу, Талас, Сайрам аудандарына орналасты. Ал Қарақалпақтан оралған ауа көшушілер Қазалы ауданына келіп орналасты [21,2-п.]

1933 жылдан кейінгі кезеңде өз жерлеріне оралған ауа көшкендер 400 мыңнан асады, оларды колхоздарға орналастыру мүмкіндіктері жасалды. Бірақ 1937-38 жылдардағы саяси қуғын-сүргінге байланысты ауа көшкендерді туған жерге қайтару істері тоқтап қалады. Шет жерлерден түгел қайтпай, атамекеніне келе алмай қалған қазақ ұлтының өкілдері көп болды.

**Қорытынды.** XX ғасырдың 20-30-жылдары миграциялық қозғалыстарға толы болды. Ұжымдастыру мен оның салдарлары әсіресе қазақ халқы санының кемуіне қатты әсер етіп, демографиялық дағдарысқа ұрындырды. Мұндай еркіндік қағидаларын бұзуға, саяси қысымға негізделген мал-мүліктерін күшпен тартып алу, халықты ұжымшарларға мәжбүрлі түрде тездетіп қосу сияқты жағдайда қарсылық көрсету түрлерінің бірі ретінде Қазақстаннан тыс жерлерге, оның ішінде Өзбекстанға ауа көшу белең алды. Ашаршылық басталғанда босқыншылық арта түсті. Осы уақыттарда оларды елге қайтару ісі күн тәртібіне өткір мәселе болып қойылды.

Аталған жылдар Қазақстандағы күрделі әлеуметтік-экономикалық қиындықтарымен күресе отырып, жергілікті халыққа және сырт елдерден елге оралған қазақтарға жағдай жасау мәселелерін күн тәртібіне қойған, оларды өз Отанында өмір сүруіне ықпал жасаған кезең еді. Қазақ Өлкелік комитетінің тапсырмасымен ауа көшуді жою және оралған қазақтарды шаруа қожалығына орналастыру бойынша атқарылған ауқымды істер халықты отырықшыландырудағы маңызды шаралардың біріне айналды.

Дәстүрлі қазақ қоғамының іргесін шайқалтқан 20-30 жылдардағы реформалардың ауыр салдарларының бірі ретінде туған жерін тастап ауа көшушіліктің мәселелері соғысқа дейінгі жылдары толықтай шешімін таба қойған жоқ. Ауа көшушілерді елге қайтару мәселесі 1960 жылдары қайтадан өз жалғасын тапқанымен биліктің ұстанған саясатының жартыкештігінен миллиондаған ауа көшушілер туған жеріне орала алмады. Халқымыздың генофондын сақтап қалуға аса елеулі факторға айналған ауа көшушілер мәселесі тәуелсіздік жылдары да толық шешімін таба алмады. Алдағы уақытта үкіметтің тарапынан қандастарымыздың туған Отанына оралуын қамтамасыз ету - саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтаумен бірге саяси қуғын-сүргіннің зардаптарын жоюға қызмет ететін болады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Козыбаев М.К. *История и современность.* – Алма-Ата: Гылым, 1991. – С. 254

2. Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. – Алма-Ата, 1992 г.
3. Омарбеков Т. Зобалаң: (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық. 1929-1931 жылдары болған халық көтерілістері). – Алматы: Санат, 1994. -272 б.,
4. Омарбеков Т. 1929-1931 жылдардағы халық көтерілістері: Зерттеу. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2018. – 480 б.
5. Омарбеков Т. Ашаршылық. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2019. – Б.14, 15.
6. Тәтимов М. Қазақ әлемі (Қазақтың саны қанша? Қазақ қаиан, қайдан қуылған, қырылған және атылған?). – Алматы: Қазақстан – Атамұра, 1993. – 160 б., Татимов М.Б. Социальная обусловленность демографических процессов. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 128 с.
7. Б. Қалишабаева. XX ғ. 20-50 жж. Орта Азиядағы қазақтардың қалыптасу тарихындағы саяси-әлеуметтік факторлар. Отан тарихы № 4 (92) 2020. – Б. 96
8. Дэвис Р., Уиткрофт С. Годы голода: Сельское хозяйство СССР, 1931-1933 / Р.Дэвис, С.Уиткрофт; [пер. с англ. О.Ю. Вздорик; под ред. Л.Ю. Пантиной.]. – М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2011. – С. 416.
9. Сара Камерон. «Аштық жайлаған дала» Ашаршылық, Озбырлық және Кеңестік Қазақстанды орнату. Print House Gerona баспаханасында басылған 2020. Ағылшын тілінен аударған Сәуле Батаева, Зәуре Батаева.
10. Верховуров Д.Н. «Казахский геноцид», которого не было. ООО «Издательство Родина», 2021. – С.144
11. ҚР ОМА 30-қ, 2-міз. 162-іс. 59-н., 1179-қ. 1-міз. 18-іс. 8-н., 5-міз. 3-іс, 104, 76-пп., 5-қ. 16-т. 365-іс. 2, 5, 1-пп.
12. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? – Алматы: Ана тілі, 1993. ББ.136, 147, 148.
13. Татимов М.Б. Демографические последствия перегибов в коллективизации: «белые пятна» в исторической демографии Казахстана. Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии и Казахстане: Опыт и проблемы. – Алма-Ата: Гылым, 1990. – С.108
14. Р. Оразов. Қазақ қалай босқынға айналды? <https://www.astana-akshamy.kz/qazaq-qalaj-bosqyngha-ajnaldu-2/> Қаралған мерзімі: 27.08.2022 ж.
15. ҚР ОМА 30-қ, 2-міз. 162-іс. 59-н., 1179-қ. 1-міз. 18-іс. 8-н., 5-міз. 3-іс, 104, 76-пп., 5-қ. 16-т. 365-іс. 2, 5, 1-пп.
16. РМӘСТА 17-қ. 3-міз. 914-іс. 9-н.
17. ҚР ПА 141-қ. 1-міз. 6545 сақт.бірл. 4-н.
18. Ром Я.М., Ряднин М.С. Всеказакастанское дело Казпартиздат. – Алма-Ата-1934. – СС.49, 51
19. РФМА 5446-қ. 15-міз. 851-іс, 857-іс.
20. Акимбеков С. Казахи между революцией и голодом. – Алматы: ТОО «Институт Азиатских исследований», 2021. – С. 457
21. ТОМА 121-қ. 1-міз. 297-іс. 1 н., 249-қ. 1-міз. 105-іс. 15-н., 74-қ, 1-міз. 297-іс. 29-н., 121-қ. 1-міз. 195-іс. 14-н., 240-қ. 2-міз. 114-іс. 2-н.
22. ТОҚСТМА 40-қ. 1-міз. 456-іс. 43-н., 204-іс. 112-н., 227-іс. 4-н., 203-іс, 265-н.

#### References:

1. Kozybaev M.K. İstoria i sovremenöst. – Alma-Ata: Gylym, 1991. – S. 254
2. Kozybaev M.K., Abylhojin J.B., Aldajumanov K.S. Kolektivizasia v Kazahstane: tragedia krestänstva Alma-Ata, 1992 g.
3. Omarbekov T. Zobalañ: (Küştep üjymdastyruğa qarsylyq. 1929-1931 jylдары болған halyq köterilisteri). - Алматы: Санат, 1994. – 272 б.,
4. Omarbekov T. 1929-1931 jylдардағы halyq köterilisteri: Zertteu. – Almaty: «Arys» baspasy, 2018. -480 b.
5. Omarbekov T. Aşarşylyq. – Almaty: «Arys» baspasy, 2019. BB.14, 15.
6. Tätimov M. Qazaq älemi (Qazaqtyñ sany qanşa? Qazaq qaşan, qaidan quylğan, qyrylğan jäne atylğan?) – Almaty: Qazaqstan – Atamūra, 1993. – 160 b., Tatimov M.B. Sosiälnaia obuslovlennöst demograficheskikh prosesov. - Alma-Ata: Nauka, 1989. – 128 s.
7. B. Qalşabaeva. HH ğ. 20-50 jj. Orta Aziadaғы qazaqtardyñ qalyptasu tarihyndaғы saiasi-äleumettik faktorlar. Otan tarihy № 4 (92) 2020. B. 96

8. Devis R., Uitkroft S. *Gody goloda: Selskoe hozäistvo SSSR, 1931-1933* / R. Devis, S. Uitkroft; [per. S angl. O. Äu. Vzдорik; pod red. L. Äu. Pantinoi.]. – M.: Rosiskaia politicheskaia ensiklopedia (ROSPEN), 2011. S. 416.
9. Sara Kameron. «Aştyq jailağan dala» Aşarsylyq, Ozbyrlyq jäne Keñestik Qazaqstandy ornatu. *Print House Gerona baspahanasynda basylğan 2020. Ağylsyn tilinen audarğan Säule Bataeva, Zäure Bataeva.*
10. Verhoturov D.N. «Kazahski genosid», kotorogo ne bylo. *ООО «İzdatelstvo Rodina», 2021. S.144*
11. QR OMA 30-q. 2-tiz. 162-is. 59-p., 1179-q. 1-tiz. 18-is. 8-p., 5-tiz. 3-is, 104, 76-pp., 5-q. 16-t. 365-is. 2, 5, 1-pp.
12. Qoigeldiev M., Omarbekov T. *Tarih tağylymy ne deidi?* – *Almaty: Ana tılı, 1993. BB.136, 147, 148.*
13. Tatimov M.B. *Demograficheskie posledstvia peregibov v kolektivizasii: «belye pätna» v istoricheskoi demografii Kazahstana. Kolektivizasia selskogo hozäistva v respublikah Srednei Azii i Kazahstane: Opyt i problemy.* – *Alma-Ata: Gylym, 1990. S.108*
14. R. Orazov. *Qazaq qalai bosqynğa ainaldy?* <https://www.astana-akshamy.kz/qazaq-qalaj-bosqyngha-ajnalady-2/> Qaralğan merzimi: 27.08.2022 j.
15. QR OMA 30-q. 2-tiz. 162-is. 59-p., 1179-q. 1-tiz. 18-is. 8-p., 5-tiz. 3-is, 104, 76-pp., 5-q. 16-t. 365-is. 2, 5, 1-pp. 16. RMÄSTA 17-q. 3-tiz. 914-is. 9-p.
17. QR PA 141-q. 1-tiz. 6545 saqt.burl. 4-p.
18. Rom Äa.M., Rädnin M.S. *Vsekazakstanskoe delo Kazpartizdat Alma Ata-1934 SS.49, 51 19.RFMA 5446-q. 15-tiz. 851-is, 857-is.*
20. Akimbekov S. *Kazahi mejdu revolüsiei i golodom.* – *Almaty: TOO «İnstitut Aziatskih issledovani», 2021. S. 457*
21. TOMA 121-q. 1-tiz. 297-is. 1 p., 249-q. 1-tiz. 105-is. 15-p., 74-q, 1-tiz. 297-is. 29-p., 121-q. 1-tiz. 195-is. 14-p., 240-q. 2-tiz. 114-is. 2-p.
22. TOQSTMA 40-q. 1-tiz. 456-is. 43-p., 204-is. 112-p., 227-is. 4-p., 203-is, 265-p.

ӘӘЖ 32:001.12/18

МРНТИ 23.00.01, 07.00.10

Симтиков Ж.К. <sup>\*1</sup>, Давлетбаева Ж.Ж. <sup>2</sup>, Загребин А.В. <sup>3</sup>

<sup>1</sup>доктор политических наук, КазНПУ им. Абая, Алматы, Казахстан

E-mail: zhomart-67@mail.ru

<https://doi.org/10.51889/2022-2.1728-5461.10>

<sup>2</sup>кандидат социологических наук, профессор

Национальной школы государственной политики Академии

государственного управления при Президенте Республики, Казахстан, Нур-Султан, 010000, Казахстан

E-mail: Zhuldyz.Davletbayeva @ara.kz

<sup>3</sup>магистр антикоррупционной политики, заместитель руководителя,

управление предпринимательства и промышленности Акмолинской области

Кокшетау, 020000, Казахстан

E-mail: alexandr.zagrebina80@gmail.com

## ФОРМЫ ВОВЛЕЧЕНИЯ СТЕЙКХОЛДЕРОВ (ЗАИНТЕРЕСОВАННЫХ СТОРОН) В СИСТЕМУ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ КОРРУПЦИИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

### Аннотация

В статье представлены результаты изучения некоторые формы вовлечения стейкхолдеров (заинтересованных сторон) в систему противодействия коррупции в Республике Казахстан.

Система противодействия коррупции строится на основании ожиданий заинтересованных сторон, таких как государство и общество, акционеры, высшее руководство, работники, партнеры и так далее. При любых существенных изменениях контекста функционирования и ожиданий заинтересованных сторон должна быть проведена оценка соответствия политик в области противодействия коррупции новым условиям. А также обсуждая, как коррупция может препятствовать зрелости электронного правительства, какие процессы тормозят его развитие, а также то, насколько данное утверждение



корреспондирует с основными теоретическими взглядами. Общество должно обеспечивать соответствие целей в области противодействия коррупции общим стратегическим целям. Основное внимание уделено вопросам исследования методологии, применяемой в различных исследованиях феномена коррупции, а также анализ различных методологических подходов научных исследований с участием стейкхолдеров (заинтересованных сторон) в контексте повышения качества. Основной исследовательский акцент сделан на сопоставлении интересов и были изучены и сделаны выводы по методам измерения коррупции. Показатели коррупции выступают своего рода индикаторами политической, экономической и социальной ситуации, что имеет большое значение для реализации антикоррупционной политики.

**Ключевые слова:** стейкхолдеры, процессы цифровизации, электронные правительства, уровень коррупции, восприятия коррупции, повышения качества жизни и благосостояния граждан, реализации антикоррупционной политики, инфляция, конкурентоспособность, качество жизни.

*Статья подготовлена в рамках реализации проекта «Модернизация антикоррупционной политики в контексте повышения качества жизни и благосостояния граждан Республики Казахстан», финансируемого Комитетом науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (Грант ИРН АР08857262).*

*Ж.Қ. Сымтиков\*<sup>1</sup>, Ж.Ж. Дәулетбаева<sup>2</sup>, А.В. Загребин<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup> саяси ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан*

*E-mail: zhotart-67@mail.ru*

*<sup>2</sup> әлеуметтану ғылымдарының кандидаты,*

*Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Мемлекеттік ұлттық саясат мектебінің профессоры, Нұр-Сұлтан, 010000, Қазақстан*

*E-mail: Zhuldyz.Davletbayeva @apa.kz*

*<sup>3</sup> сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат магистрі, басқарманың басшысы,*

*Ақмола облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы, Көкшетау, 020000, Қазақстан*

*E-mail: alexandr.zagreb80@gmail.com*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖҮЙЕСІНЕ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫ (МҮДДЕЛІ ТҮЛҒАЛАРДЫ) ТАРТУ НЫСАНДАРЫ**

### *Аңдатпа*

Мақалада Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесіне мүдделі тараптарды (мүдделі тұлғаларды) тартудың кейбір нысандарын зерделеу нәтижелері берілген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйе мемлекет пен қоғам, акционерлер, жоғары басшылық, қызметкерлер, серіктестер және т.б. сияқты мүдделі тараптардың үміттері негізінде құрылады. Жұмыс контекстінде және мүдделі тараптардың күтуінде елеулі өзгерістер болған жағдайда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың жаңа шарттарға сәйкестігіне баға беру қажет. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлық электрондық үкіметтің жетілуіне қалай кедергі келтіруі мүмкін, оның дамуына қандай процестер кедергі келтіреді және бұл тұжырымның негізгі теориялық көзқарастарға қаншалықты сәйкес келетіні талқыланады. Компания сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы мақсаттардың жалпы стратегиялық мақсаттарға сәйкес келуін қамтамасыз етуі тиіс. Сыбайлас жемқорлық феноменін әртүрлі зерттеулерде қолданылатын әдістемені зерделеуге, сондай-ақ сапаны жақсарту жағдайында Мүдделі тараптардың (мүдделі тұлғалардың) қатысуымен ғылыми зерттеулердің әртүрлі әдістемелік тәсілдерін талдауға басты назар аударылады. Зерттеу жұмысының негізгі бағыты мүдделерді салыстыруға бағытталған және сыбайлас жемқорлықты өлшеу әдістері зерттеліп, қорытындылар жасалды. Сыбайлас жемқорлық көрсеткіштері сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру үшін үлкен маңызы бар саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайдың өзіндік көрсеткіштері ретінде әрекет етеді.

**Түйін сөздер:** мүдделі тараптар, цифрландыру процестері, электронды үкіметтер, сыбайлас жемқорлық деңгейі, сыбайлас жемқорлықты қабылдау, азаматтардың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру, инфляция, бәсекеге қабілеттілік, өмір сапасы.

*Мақала ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитет іқаржыландыратын «Қазақстан Республикасы азаматтарының өмірсүру сапасы мен әл-ауқатын арттыру жағдайында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жаңғырту» жобасы аясында дайындалды. Қазақстан Республикасы (IRN Грант АР08857262).*

Simticov Zh.K.<sup>\*1</sup>, Davletbayeva Zh.Zh.<sup>2</sup>, Zagrebin A.V.<sup>3</sup>

<sup>1</sup> doctor of political sciences, KazNPU named after. Abaya, Almaty, Kazakhstan  
E-mail: zhomart-67@mail.ru

<sup>2</sup> candidate of sociological sciences, Professor of National School of Public  
Policy of the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan  
Nur-Sultan, Kazakhstan

E-mail: Zhuldyz.Davletbayeva @apa.kz  
<sup>3</sup> Master of Anticorruption Policy, Deputy Head, Department of Entrepreneurship and Industry  
of Akmola Region, Kokshetau, Kazakhstan  
E-mail: alexandr.zagrebin80 @gmail.com

## FORMS OF INVOLVING STAKEHOLDERS (STAKEHOLDERS) IN THE ANTI-CORRUPTION SYSTEM IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

### Abstract

The article presents the results of studying some forms of involving stakeholders (interested parties) in the anti-corruption system in the Republic of Kazakhstan.

The anti-corruption system is built on the basis of the expectations of stakeholders, such as the state and society, shareholders, senior management, employees, partners, and so on. In case of any significant changes in the context of operation and expectations of stakeholders, an assessment should be made of the compliance of anti-corruption policies with the new conditions. And also discussing how corruption can hinder the maturity of e-government, what processes hinder its development, and how this statement corresponds with the main theoretical views. The company must ensure that the goals in the field of combating corruption correspond to the general strategic goals. The main attention is paid to the study of the methodology used in various studies of the phenomenon of corruption, as well as the analysis of various methodological approaches of scientific research with the participation of stakeholders (stakeholders) in the context of quality improvement. The main research focus is on the comparison of interests, and conclusions have been studied and drawn on methods for measuring corruption. Corruption indicators act as a kind of indicators of the political, economic and social situation, which is of great importance for the implementation of anti-corruption policy.

**Keywords:** stakeholders, digitalization processes, e-governments, level of corruption, perception of corruption, improvement of the quality of life and welfare of citizens, implementation of anti-corruption policy, inflation, competitiveness, quality of life.

*The article was prepared within the framework of the project "Modernization of anti-corruption policy in the context of improving the quality of life and welfare of citizens of the Republic of Kazakhstan", funded by the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (IRN Grant AR08857262).*

**Введение.** В изучении современные подходы взаимосвязь уровня коррупции с уровнем социально-экономического развития стран а также основные механизмы модернизации антикоррупционной политики были исследованы в достаточной мере научным сообществом, то формы вовлечения заинтересованных сторон в систему противодействия коррупции в Республике Казахстан на сегодняшний день – тема достаточно слабо изученная и актуальная.

**Актуальность.** В условиях глобализации в современном мире коррупция имеет место в любом обществе и в любом государстве. Практически нет стран, которые могли бы заявить об её полном отсутствии. Более того, спецификой современного этапа её состояния является ярко выраженный международный характер. Все государства мира сталкиваются с таким злом, как «Коррупция». Более того, в современных условиях коррупция постепенно превращается из внутригосударственной проблемы в глобальную проблему. Сейчас все страны, включая самые передовые, пересматривают свои модели борьбы с коррупцией с учетом новых вызовов, принимают новые законы и нормы об ужесточении ответственности за коррупцию. По уровню антикоррупционной деятельности Казахстан занимает одну из лидирующих позиций среди стран СНГ.

Особенную актуальность данный вопрос приобретает в свете послания К.К. Токаева народу Казахстана от 1 сентября 2022 года, где одной из ключевых целей своей работы обозначил обеспечение благополучия народа. Он подчеркнул: «Мы станем сильной и успешной нацией, когда каждый из нас

будет всемерно укреплять единство и твердо следовать принципам справедливости» [1]. Поручил Правительству разработать новую административную реформу для повышения результативности и ответственности государственных органов. Он предвыборной программе на пост президента подчеркнул: «Справедливый Казахстан, в первую очередь, подразумевает честное правосудие, результативную борьбу с коррупцией и эффективную работу полиции. Реформы в этих сферах обеспечат подлинное верховенство права, гарантируют соблюдение прав всех граждан». [2] И отметил особое внимание необходимости искоренения коррупции. Здесь достаточно большой роль играет изучение различные формы вовлечения заинтересованных сторон в систему противодействия коррупции. Система противодействия коррупции строится на основании ожиданий заинтересованных сторон, таких как государство и общество, акционеры, высшее руководство, работники, партнеры и так далее. При любых существенных изменениях контекста функционирования и ожиданий заинтересованных сторон должна быть проведена оценка соответствия политик в области противодействия коррупции новым условиям. А также обсуждая, как коррупция может препятствовать зрелости электронного правительства, какие процессы тормозят его развитие, а также то, насколько данное утверждение корреспондирует с основными теоретическими взглядами. Общество должно обеспечивать соответствие целей в области противодействия коррупции общим стратегическим целям. В настоящее время агентство по противодействию коррупции активно работает над разработкой программой действий на среднесрочный период в рамках реализации Концепции антикоррупционной политики на 2022-2026 годы.

В этой связи работа приобретает особую актуальность, и ее ценность возросла бы многократно, если наши наработки и предложения были учтены при принятии новой антикоррупционной программы.

С своей предвыборной платформе К.К. Токаев подчеркнул: «Наша главная цель – построить Справедливый Казахстан. Для этого нужно учесть и исправить ошибки прошлого, решить накопившиеся проблемы. Государство покончит с монополиями и обеспечит справедливое распределение доходов. Каждый, кто хочет и может трудиться, найдет достойную работу. Каждому, кто нуждается в помощи, будет оказана поддержка государства и общества». Одной из важных задач, поставленных Президентом Республики Казахстан, является совершенствование антикоррупционного законодательства. Совершенствование антикоррупционного законодательства закреплено еще в Платформе нации - 100 шагов по реализации пяти институциональных реформ. В настоящее время действует абсолютно новый закон, который называется Закон РК «О противодействии коррупции». Он направлен на защиту прав и свобод граждан, обеспечение национальной безопасности Республики Казахстан от угроз, вытекающих из проявлений коррупции, обеспечение эффективной деятельности государственных органов, должностных и других лиц, выполняющих государственные функции, а также лиц, приравненных к ним, путем предупреждения, выявления, пресечения и раскрытия правонарушений, связанных с коррупцией, устранения их последствий и привлечения виновных к ответственности, определяет основные принципы борьбы с коррупцией, устанавливает виды правонарушений, связанных с коррупцией, а также условия наступления ответственности. Внесено множество поправок в процессуальное законодательство, ужесточена ответственность за коррупционное правонарушение. Главой государства введен пожизненный запрет на занятие любых должностей в государственных органах и организациях для лиц, ранее уволенных с работы за совершение коррупционного правонарушения. Все должны помнить, что совершившие какое-либо противоправное действие полностью лишаются всех привилегий. Справедливый Казахстан, в первую очередь, подразумевает честное правосудие, результативную борьбу с коррупцией и эффективную работу полиции. Реформы в этих сферах обеспечат подлинное верховенство права, гарантируют соблюдение прав всех граждан.

Государство обеспечит закон и порядок в качестве основы общественной безопасности, абсолютно необходимой для социально-экономических реформ.

Актуальность проблемы противодействия коррупции обусловлена крайне высокой степенью ее общественной опасности. Правовую основу противодействия коррупции в Республике Казахстан составляют основной закон страны - Конституция, и другие законы, в том числе те, которыми ратифицированы соответствующие международные договоры (а соответственно, и положения этих международных договоров), а также изданные в их развитие иные нормативные правовые акты.

**Цель данного исследования** заключается в разработке комплекса механизмов модернизации антикоррупционной политики в контексте изучения формы вовлечения стейкхолдеров (заинтересованных сторон) и процессы цифровизации в систему противодействия коррупции.

**Материалы и методы:** Исходя из цели и предмета исследования был определен основной метод сбора и анализа информации по изучению формы вовлечения стейкхолдеров (заинтересованных сторон) и

влияние процессы цифровизации в систему противодействия коррупции из этого поставлены следующие задачи:

- Проведение анализа эффективности системы противодействия коррупции и вовлечения заинтересованных сторон, влияние процессы цифровизации и определение эффективных инструментов антикоррупционной политики направленных на повышение качества жизни и благосостояния граждан;

- Анализ различных методологических подходов исследований в контексте изучения формы вовлечения заинтересованных сторон и процессы цифровизации в систему противодействия коррупции;

- Изучение взаимосвязи действующих антикоррупционных мер с изучения формы вовлечения заинтересованных сторон и процессы цифровизации в систему противодействия коррупции связаны показателями качества жизни.

Теоретико-методологической основой исследовательской работы стал структурный подход, предполагающий выделение совокупностей устойчивых взаимосвязей в целостных системах. Процесс исследования осуществлен с помощью общих и частных методов научного познания, включающих такие процессы, как измерения, сравнения, анализ и синтез, обобщение и конкретизация, отождествления, абстракции, формализации и логический анализ. В работе также используются следующие методы: анализ эффективности политики (policy analysis), анализ основных акторов (stakeholders analysis), SWOT-анализ, PESTLE-анализ и т.д.

**Обсуждение.** Антикоррупционные меры, конечной целью которых является повышение качества жизни и благосостояния граждан, должны опираться на современные технологии и принцип вовлеченности всех заинтересованных сторон в процесс. В этой связи, в целях модернизации антикоррупционной политики Республики Казахстан необходим научный подход. Выстраивание доверительного и прозрачного взаимодействия между правительством и гражданским обществом выгодно обеим сторонам. С одной стороны, меры, предпринимаемые государственными органами, находят лучшее понимание со стороны общества. С другой стороны – граждане, в полной мере осведомленные и осознающие эффективность антикоррупционных мер остаются более удовлетворенными и мотивированными не совершать коррупционные деяния [3].

Согласно существующей терминологии, к «стейкхолдерам» (stakeholders), или заинтересованным сторонам относятся физические или юридические лица, на которых будут влиять результаты решения [4]. Один из основоположников идеи управления с привлечением заинтересованных сторон (Stakeholder Approach) Р.Эдвард Фриман, изучая выводы теоретиков в области социальной ответственности отмечал, что серьезной проблемой является идентификация этих самых заинтересованных сторон [5]. Вовлечение сторон в систему управления коррупционными рисками является эффективным инструментом противодействия коррупции. Их участие значительно повышает эффективность принимаемых решений:

Сотрудники – хорошо осведомлены о внутренних операционных процессах, их знания незаменимы для формирования измеримых целей, оценки осуществимости и стоимости реализуемых мер.

Руководящие органы (структура и форма которых может меняться в зависимости от организации) – вносят вклад в определение ценностей и рисков.

Организации, представляющие определенные группы (профессиональные, социальные и т.д.) – повышают эффективность управления за счет своих специфических знаний, вклада в объективность, справедливость и устойчивость решений.

Однако, наряду с кажущейся очевидностью пользы кооперации государственной власти с внешними стейкхолдерами, на практике реализация принципа вовлеченности заинтересованных сторон в антикоррупционную деятельность может столкнуться с различного рода барьерами. С одной стороны, не всегда вопрос рассматривается комплексно, в связи с нехваткой компетенций сотрудников, ответственных за разработку стратегий и мероприятий. С другой стороны – выгодополучатели могут препятствовать тем или иным инициативам.

Как правило, все заинтересованные стороны определяются уже после реализации какого-либо мероприятия, или по факту принятого решения. В целях проведения эффективной антикоррупционной политики необходимо точно идентифицировать всех стейкхолдеров процесса на стадии разработки мероприятий.

Также необходимо понимать, что среди стейкхолдеров всегда были, есть и будут субъекты, чьи интересы действуют либо в поддержку цели проекта, либо как сопротивление его реализации. К примеру, должностное лицо, наделенное полномочиями по принятию решений в отношении оказания государственной услуги, может сопротивляться процессу цифровизации и автоматизации.

Современные теоретики к числу стейкхолдеров в вопросе противодействия коррупции относят государство, частный бизнес и граждан [6], учреждения образования [7], неправительственные организации [8], средства массовой информации [9], органы аудита [10] и других субъектов, чьи права и интересы в той или иной мере затрагивает само понятие коррупции, распространяющееся практически на все сферы жизнедеятельности. Это еще более усложняет процесс выбора и определения эффективного механизма вовлечения заинтересованных сторон.

Согласно Закону Республики Казахстан «О противодействии коррупции» [11] государственным органом, осуществляющим формирование и реализацию антикоррупционной политики, является уполномоченный государственный орган - Агентство Республики Казахстан по противодействию коррупции (Антикоррупционная служба). Статьей 18 Закона РК к субъектам противодействия коррупции, помимо Антикоррупционной службы, отнесены «...иные субъекты противодействия коррупции – государственные органы, субъекты квазигосударственного сектора, общественные объединения, а также иные физические и юридические лица». При этом обязанность по противодействию коррупции в пределах своей компетенции, согласно Пункту 1 Статьи 22 Закона РК, возложена на «...все государственные органы, организации, субъекты квазигосударственного сектора и должностные лица...». Кроме того, пунктом 2 вышеуказанной статьи Закона РК определена компетенция органов прокуратуры, национальной безопасности, внутренних дел, военной полиции, службы экономических расследований, Пограничной службы Комитета национальной безопасности по «...выявлению, пресечению, раскрытию, расследованию и предупреждению коррупционных правонарушений и привлечение лиц, виновных в их совершении, к ответственности в пределах своей компетенции...».

Агентством Республики Казахстан по противодействию коррупции в Национальном докладе о противодействии коррупции за 2021 год дополнительно упоминаются следующие стейкхолдеры и участники проводимых антикоррупционных мероприятий:

- граждане Республики Казахстан и иностранные граждане;

9. Bekseitov G.T., Tulegenov T.ZH., Ivanov S.S., Kitov E.P., A. Kitova A.O. Mogil'nik rannego zheleznogo veka Kara-arsha v Semirech'e [Cemetery of the Early Iron Age Karaarcha in Semirechye] // Izvestiya Samarskogo nauchnogo centra Rossijskoj akademij nauk, – 2018. – Т. 20, № 3 (2). – S. 527-536 [inRussian].

10. Bekseitov G.T., Tulegenov T.ZH., Ivanov S.S., Kitov E.P., A. Kitova A.O. Issledovanie mogil'nika Sunkar v Semirech'e [Research of the cemetery Sunkar in Semirecie] // Vestnik YUUrGU. Seriya: «Social'no-gumanitarnye nauki». – 2019. – T. 19, № 4. – S. 29-39 [inRussian].

11. Bekseitov G.T., Tulegenov T.ZH., Ivanov S.S., Kitov E.P., Kitova A.O. Issledovanie mogil'nika rannego zheznogo veka Rahat v Semirech'e [Research of the cemetery of the Early Iron Age Rakhat in Semirecye] // Genesis: istoricheskie issledovaniya. – 2018. – № 11. – S. 108 - 123. [inRussian].

12. Chotbaeva. Vooruzheniye drevnikh kochevnikov kazakhskikh stepy [Armament of the ancient nomads of the Kazakh steppes (VIII-VI centuries BC)] Astana: Publishing group of the branch of the Institute of Archeology named after A.H. Margulan in Astana, 2013. 200 p.[inRussian].

13. Nurmukhanbetov B.N., Tulegenov T.Zh., Ivanov S.S. Kolleksiya oruzhiya saksogo vremeni iz mogil'nikov Molaly i Shubarata [Collection of weapons of the Saka time from the burial grounds of Molaly and Shubarat] // Theory and practice of archaeological research, 2019. V. 25, No. 1. - P. 99-108 [inRussian].

14. Amirov E.Sh. Keramika mogyl'nika Karatuma [Ceramics of the Karatum burial ground] // Saki i savromati kazakhskikh stepy: kontakt kul'tur: sbornik nauchnih statei, posvyashennih pamyati arkheologa Bekena Nurmukhanbetova. Almaty, 2016. P.35.[inRussian].

15. Bejsenov A.Z., Mar'yashev A.N. Petroglify rannego zheznogo veka Zhetysu [Petroglyphs of the Early Iron Age in Zhetysu]. – Almaty: Institut arheologii im. A.H. Margulana, 2014. – 155 s. [inRussian].

16. Akishev K.A. Saki aziatskie i skify evropejskie (Obshchee i osobennoe v kul'ture) // Arheologicheskie issledovaniya v Kazahstane [Saka Asian and Scythian European (Common and special in culture)]. Alma-Ata: Nauka, 1973. S. 43-58 [inRussian].

17. Panyushkina I.P., Grigor'ev F. P., Lejndzh T. Vozrast Tre'tego Besshatyrskogo kurgana po dendrochronologicheskim i radiouglerodnym dannym (okolo 550 g. do n.e.) [The age of the Third Besschatyr Mound according to dendrochronological and radiocarbon data (about 550 BC)] // Saksaya kul'tura Saryarki v kontekste izucheniya etnosociokul'turnyh processov Stepnoj Evrazii. Sbornik nauchnykh statei, posvyashchennyj pamyati arheologa K. A. Akisheva. – Almaty: NICIA «Begazy-Tasmola», 2015. – S. 202-208 [inRussian].

18. Raevskij D.S. Kul'turno-istoricheskoe edinstvo ili kul'turnyj kontinuum? [Cultural and historical unity or cultural continuum?] // KSIA. 1991. – Vyp. 207. – S. 30-32 [inRussian].

19. Chang C. Mobility and sedentism of the Iron Age agropastoralists of southeast Kazakhstan // The archaeology of mobility. Cotsen Institute of Archaeology at University of California. – Los Angeles, 2008. – P. 329-342. [in English].



Рис 1. Коллекция экспонатов из фондов музеев Алматинской области:

1,1– Бронзовый кинжал (акинак)(КП 2-1671). Случайная находка; 1,2 – Бронзовый кинжал (акинак)(КП 2-1674). Случайная находка;

1,3 – Бронзовый серп (КП 2-1668). Случайная находка; 1,4 – Каменный жертовник(НКТК-556). Случайная находка;

1,5 – Каменный жертовник (КП 2-1673). Случайная находка.

????????????????????????????????????

**ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ  
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ  
TEACHING HISTORY**

**ӘӨЖ 06.35.51**

*Ж.М. Тлемисова <sup>\*1</sup>, Қ.Б. Болатова <sup>2</sup>, Ф.С. Рамазанова <sup>3</sup>*

<sup>1</sup>*Alikhan Bokeikhan University, 3 курс докторанты, Семей, Қазақстан  
E-mail: [jansaia.86@mail.ru](mailto:jansaia.86@mail.ru)*

<sup>2</sup>*Alikhan Bokeikhan University, Тарих ғылымдарының кандидаты, Семей, Қазақстан  
E-mail: [kalamkas\\_17\\_81@mail.ru](mailto:kalamkas_17_81@mail.ru)*

<sup>3</sup>*Alikhan Bokeikhan University, Тарих ғылымдарының кандидаты, Семей, Қазақстан  
E-mail: [ramazan@gmail.com](mailto:ramazan@gmail.com)*

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ БАСЫМДЫҚТАРЫНЫҢ  
ҚАЗАҚСТАНРИХЫНДА ОҚЫТЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: ГЕРМАНИЯ МЫСАЛЫНДА**

*Аңдатпа*

Ғылыми-зерттеу жұмысының басты мақсаттарының бірі – әлеуметтік-мәдени басымдықтар туралы түсінікті ашып, Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдарына баға беру болып табылады. Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарын жан-жақты талқылап, білім беру жүйесіндегі оқыту ерекшеліктеріне баға беру маңызды. Қазақстанның халықаралық аренадағы әлеуметтік-мәдени байланыстар қызметінде Германия мемлекетінің алатын орны ерекше. Осыған орай, мақалада мысал ретінде Қазақстан мен Германия арасындағы әлеуметтік-мәдени қарым-қатынастың қалыптасу, даму бағыттарын талдау мақсаттардың бірі ретінде таңдалынды.

Ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі міндеттерінің бірі әлеуметтік-мәдени басымдықтар туралы зерттеу жұмыстарын жүйелеу, нақты пікірлерді талдап, анықтамалық қорытындылар жасау болып табылады. Халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтардың ерекшеліктерін жіктеп, оның еліміздегі көріністерін анықтау. Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарға сай болып, нақты қай салаларға артықшылықтар беруін нақтылау да басты міндеттердің бірі саналады.

Әлеуметтік-мәдени қызмет пен басымдықтар қоғам өмірінің басты салалары болып табылады. Әлеуметтік-мәдени басымдықтар азамат өмірінің ең маңызды салаларын анықтайды. Азаматтардың көзқарастары мен сапалы өмір сүру, ұлттық құндылықтарына мән беріп, заман талаптарына сай болуы әлеуметтік-мәдени басымдықтардың негізін құрап отыр. Тақырыптың өзектілігі де Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарына сай болуын анықтау, сол бағытта атқарылып жатқан шараларға баға берумен байланысты.

Зерттеудің нәтижесінде әлеуметтік-мәдени басымдықтарға ғылыми баға беріліп, халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарды жүзеге асырып келе жатқан ұйымдардың жұмысы, даму бағдарламаларының нәтижесі ғылыми тұжырымдалды.

**Түйін сөздер:** мемлекет, әлеуметтік-мәдени басымдықтар, Қазақстан Республикасы, Германия, азамат, тарихи кезең.

Тлемисова Ж.М.<sup>\*1</sup>, Болатова Қ.Б.<sup>2</sup>, Рамазанова Ф.С.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>*Alikhan Bokeikhan University, докторант, Семей, Казахстан  
E-mail: [jansaia.86@mail.ru](mailto:jansaia.86@mail.ru)*

<sup>2</sup>*Alikhan Bokeikhan University, кандидат исторических наук, Семей, Казахстан  
E-mail: [kalamkas\\_17\\_81@mail.ru](mailto:kalamkas_17_81@mail.ru)*

<sup>3</sup>*Alikhan Bokeikhan University, кандидат исторических наук, Семей, Казахстан  
E-mail: [ramazan@gmail.com](mailto:ramazan@gmail.com)*

## ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ МЕЖДУНАРОДНЫХ СОЦИОКУЛЬТУРНЫХ ПРИОРИТЕТОВ КАЗАХСТАНА В ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА: НА ПРИМЕРЕ ГЕРМАНИИ

### Аннотация

Одной из главных целей научно-исследовательской работы является раскрытие понимания социально – культурных приоритетов и оценка международных социокультурных приоритетов Республики Казахстан. Важно всесторонне обсудить международные социокультурные приоритеты Республики Казахстан и дать оценку особенностям обучения в системе образования. Германия занимает особое место в деятельности социально-культурных отношений Казахстана на международной арене. В связи с этим в статье в качестве примера был выбран анализ направлений становления, развития социокультурных связей между Казахстаном и Германией.

Одной из основных задач научно-исследовательской работы является систематизация исследовательской работы о социокультурных приоритетах, анализ конкретных мнений и составление справочных выводов. Классифицировать особенности международных социокультурных приоритетов и выявить их проявления в стране. Одним из ключевых значений является конкретизация, каким именно отраслям Республика Казахстан должна соответствовать международным социально-культурным приоритетам.

Социально-культурная деятельность и приоритеты являются главными сферами жизни общества. Социокультурные приоритеты определяют важнейшие сферы жизни гражданина. Взгляды и качество жизни граждан, их нацменьшинства и соответствие требованиям времени составляют основу социально-культурных приоритетов. Актуальность темы также связана с определением соответствия Республики Казахстан международным социально-культурным приоритетам, оценкой проводимых мероприятий в этом направлении.

В результате исследования дана научная оценка социально-культурным приоритетам, научно сформулированы результаты работы, программы развития организаций, реализующих международные социокультурные приоритеты.

**Ключевые слова:** государство, социокультурные приоритеты, Республика Казахстан, Германия, гражданин, исторический период.

*Tlemisova Zh.M.<sup>\*1</sup>, Bolatova K.B.<sup>2</sup>, Ramazanova F.S.<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>*Alikhan Bokeikhan University, doctoral student, Semey, Kazakhstan  
E-mail: [jansaia.86@mail.ru](mailto:jansaia.86@mail.ru)*

<sup>2</sup>*Alikhan Bokeikhan University, Candidate of Historical Sciences, Semey, Kazakhstan  
E-mail: [kalamkas\\_17\\_81@mail.ru](mailto:kalamkas_17_81@mail.ru)*

<sup>3</sup>*Alikhan Bokeikhan University, Candidate of Historical Sciences, Semey, Kazakhstan  
E-mail: [ramazan@gmail.com](mailto:ramazan@gmail.com)*

## FEATURES OF TEACHING INTERNATIONAL SOCIO-CULTURAL PRIORITIES OF KAZAKHSTAN IN THE HISTORY OF KAZAKHSTAN: IN CASE OF GERMANY

### Abstract

One of the main goals of the research work is to reveal the understanding of socio-cultural priorities and the assessment of international socio-cultural priorities of the Republic of Kazakhstan. It is important to comprehensively discuss the international socio-cultural priorities of the Republic of Kazakhstan and assess the peculiarities of education in the education system. Germany occupies a special place in the activities of socio-cultural relations of Kazakhstan in the international arena. In this regard, the analysis of the directions of



formation and development of socio-cultural ties between Kazakhstan and Germany was chosen as an example in the article.

One of the main tasks of research work is the systematization of research work on socio-cultural priorities, the analysis of specific opinions and the compilation of reference conclusions. To classify the features of international socio-cultural priorities and identify their manifestations in the country. One of the key values is the specification of which industries the Republic of Kazakhstan should correspond to international socio-cultural priorities.

Socio-cultural activities and priorities are the main spheres of society's life. Sociocultural priorities determine the most important spheres of a citizen's life. The views and quality of life of citizens, their national minorities and compliance with the requirements of the time form the basis of socio-cultural priorities. The relevance of the topic is also connected with the determination of the compliance of the Republic of Kazakhstan with international socio-cultural priorities, the assessment of ongoing activities in this direction.

As a result of the research, a scientific assessment of socio-cultural priorities is given, the results of work and development programs of organizations implementing international socio-cultural priorities are scientifically formulated.

**Keywords:** State, socio-cultural priorities, Republic of Kazakhstan, Germany, citizen, historical period.

**Кіріспе.** Қазақстан Республикасы өзінің егемендігіне қол жеткізгеннен кейін халықаралық саяси аренада өзін баянды болашақты ел ретінде орнықтыра алды. Маңызды саяси мәселелермен қатар, Қазақстан Республикасы үшін халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтар да басты назарда болды. Әлеуметтік-мәдени басымдықтар өз кезегінде өз бойына бірнеше маңызды құрылымдарды біріктіреді. Оның басты мәні белгілі бір қоғам немесе саяси институттың жалпы мойындалған әлеуметтік-мәдени нормалар мен қарым-қатынасқа негізделі отырып дамуымен байланысты. Әлеуметтік-мәдени басымдықтар ең алдымен қоғамдағы және халықаралық қатынастар, адамзат баласының осы салада жеткен жетістіктерін ескере отырып анықталады. Жалпы мемлекеттің әлеуметтік-мәдени даму саясаты бірнеше деңгейде жүзеге асады. Олардың қатарында аймақтық, жергілікті және халықаралық деңгейлерді атауға болады.

Әлеуметтік-мәдени басымдылық ең алдымен осы деңгейлер үшін қажетті даму көрсеткіштерін анықтаудан басталады. Халықаралық деңгейдегі әлеуметтік-мәдени басымдылық ең алдымен мемлекет және оның азаматтары үшін қажетті ұғымдарды басшылыққа алу, сол құндылықтарға ұмтылу, мемлекеттің сыртқы және ішкі саясатын сол басымдылыққа икемдеуден басталады. Мемлекеттің халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарын анықтау үшін ең алдымен оның ішкі саясатындағы әлеуметтік және мәдени саладағы ұстанымдары мен саясатын бағамдап алу керек.

Осы арқылы халықаралық басымдықтарын анықтауға болады. Ең алдымен мемлекет үшін өз азаматтарының алдында бірқатар маңызды міндеттер жүктелетіндігі белгілі. Сол міндеттердің қатарында әлеуметтік-мәдени міндеттер ерекше сұранысқа ие. Міне осы сұраныс пен талаптар мемлекеттің ішкі және сыртқы саяси ұстанымдарындағы әлеуметтік-мәдени басымдықтарды анықтауға түрткі болады. Мемлекеттің халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтары қоғамда қабылданып жатқан даму тұжырымдамалары, мемлекеттік бағдарламалар, жобалар мен олардың жүзеге асуынан көрінеді. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған алғашқы жылдарынан-ақ саяси-әлеуметтік, тарихи-рухани қалыптасудың бірегей әрі күрделі кезеңдерінен өтті. Нәтижесінде еліміз полимәдени және көп құрылымды этно-әлеуметтік орта қалыптасты.

Қазақстанның сыртқы әлеуметтік және мәдени басымдықтар қызметінде Германия мемлекеті айтарлықтай маңызға ие. Себебі, екі елдің арасын тарихи-мәдени сабақтастықтар тығыз жалжап жатыр. Осыған орай, мысал ретінде Қазақстан-Германия ортасындағы байланыстардың даму барысына жіті көзқарастар танытылды. Қазақстанда өмір сүрген жүздеген мың неміс диаспорасының басым көпшілігінің 1990 жылдары тарихи отанына оралуға мүмкіндік алғаны белгілі. Бірақ, олардың Қазақстанмен мәдени-гуманитарлық, білім-әлеуметтік салалардағы қарым-қатынастары үзілген жоқ. Бұл бағыт мемлекетаралық деңгейде табысты жүзеге асып келе жатыр. Бұл үрдіс гуманитарлық пәндерді оқытуда үлкен қызығушылық тудырады.

Тақырып әсіресе Қазақстан тарихы пәні аясында тереңдете отырып, қарастырылды. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының қалыптасуы, қоғамдық-саяси дамудағы алға басушылықтардың көрсеткіштері, халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтар сияқты тақырыптар толыққанды талданып, білім алушыларға жан-жақты білім мазмұны берілді. 2022-2023 оқу жылынан бастап еліміздің жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихын оқыту тәжірибесі қайта басталды. Демек Қазақстан Республикасының

халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдылықтары мәселесі жаңа білім бағдарламасына сай бір апталық жүктемедегі дәріс, семинар және білім алушылардың өзіндік жұмысы ауқымында ғана қарастырылады. Әрине тақырыптың ауқымы азайғанымен, берілетін мәліметтер көлемі азайған жоқ. Бұл өз кезегінде Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдылықтарын Қазақстан тарихы мысалында оқытудың маңызды мәліметтерін саралап, оны білім алушыларға тиімді жеткізе алудың әдіс-тәсілдерін арнайы қарастырудың қажеттілігін тудырып отыр.

**Материалдар.** Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарының білім жүйесінде оқытудың ерекшеліктері мәселесін жан-жақты сараптап, талдау арқылы нақты ғылыми тұжырымға келу үшін осы мәселеге қатысты жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстар мен іргелі еңбектерде келтірілген мәліметтер басшылыққа алынды. Ғылыми-зерттеу жұмысы барысында Қазақстан Республикасының заңнамалық құжаттары, мемлекеттік бағдарламалар мен әлеуметтік-мәдени дамуға бағытталған халықаралық келісімдер, олардың халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарға қатысты тұстары барынша талдана отырып, пайдаланылды. Қазақстан Республикасының егемендік алуы және әлеуметтік ел ретінде орнығуына мүмкіндік берген заңнамалық негіздер мен Германия мемлекетімен арадағы халықаралық бастамаларға қатысты мәселелерді архив құжаттары және архив құжаттарының жинақтарын пайдалану арқылы ашуға талпыныстар жасалды. Демек біз Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарын білім беру жүйесінде оқыту тәжірибесінің негізгі материалдарын: архив құжаттары, іргелі зерттеулер мен ғылыми-зерттеу жұмыстары, заңнамалық құжаттар деп үш түрін атап өтеміз.

**Әдіснама.** Қазақстанның халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарының білім беру жүйесінде оқытылуы мәселесінің Қазақстан тарихы мысалында оқытылуының ерекшеліктері мәселесін жан-жақты талдап, нақты ғылыми тұжырымдар бірқатар әдіс-тәсілдердің негізінде жүзеге асты. Ең бастысы шынайылық принципі басшылыққа алынды. Барлық тарихи жайттар оның жағымды және жағымсыз жақтары қатар талданды. Тарихи деректерді сұрыптап, мәселеге қатысты мәліметтерді сыни көзқарас тұрғысынан сараптай алдық. Салыстырмалы талдау негізінде алынған мәліметтердің жоғары шынайылық дәрежесінде сәтті пайдалана алдық. Сонымен қатар әр деректер мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының табиғатын ескере отырып, жасалған ғылыми тұжырымдардың өзектілігі мен бүгінгі күндегі маңыздылығына мән бердік.

**Нәтижелер.** Жалпы әлеуметтік-мәдени басымдықтар мәселесі соңғы жылдары ғылымда ерекше қызығушылықпен сұранысқа ие болып отырған тақырыптар қатарына жатады. «Әлеуметтік-ғылыми басымдықтар» терминінің өзі ХХ ғасырдың 90-шы жылдары пайда болды. Әлеуметтік-мәдени басымдықтар немесе құндылықтар ұғымының өзі тек тарих ғылымы ғана емес, бірқатар әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарының зерттеу нысаны болып табылады. Зерттеушілер Л.А. Беляева мен М.А. Беляевалар өздерінің еңбектерінде «әлеуметтік-мәдени басымдықтар мен қызметтер әртүрлі әдіснамалық зерттеу ұстанымдары мен талдау пайымдарына ие. Сол себепті де әлеуметтік-мәдени басымдықтар ұғымын жан-жақты талдау үшін осы түсініктерді ашатын ғылым салаларындағы әдіснаманы біріктіру қажет» деген ұсыныс білдіреді [1, 68-б.]. Зерттеушілер әлеуметтік-мәдени түсініктерді сараптай келе, бұл ұғымның ғылыми мәнін жеке адамдық, топтық және институционалдық тұрғыдан түсіндіруге болатындығын атап өтеді. Біз зерттеушілердің бұл пайымымен толыққанды келісеміз және өз кезегінде әлеуметтік-мәдени басымдықтардың институционалдық түсініктері мемлекеттің халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтар ұғымын білдіреді деп санаймыз.

Жалпы әлеуметтік-мәдени басымдықтар мәселесіне қатысты жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ғылыми еңбектерді саралай келе, әлеуметтік-мәдени даму түсініктері мен олардың басымдықтарына қатысты біз төмендегідей қорытындыларға келдік:

- әлеуметтік-мәдени басымдықтар жеке тұлға немесе ұлт дәрежесінде қарастыратын болсақ, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отыратын дәстүрлер сабақтастығы болып табылады;

- әлеуметтік-мәдени басымдықтар жекелеген адамдар мен топтардың болашақта рухани және әлеуметтік тұрғыдан дамудың бағыты болады;

- әлеуметтік-мәдени басымдықтар мемлекет сынды саяси институттардың өз азаматтарының көзқарастарын жалпы гуманистік мойындалған ұстанымдарға негізделіп, қоғамды алға жетелейтін бастамаларға сай болу әрекетімен ұштасады деп санаймыз. Әрине бұл келтірген ғылыми анықтамалардың ішінде әсіресе мән берерлігі мемлекеттің әлеуметтік-мәдени басымдықтары мәселесі болып табылады. Кез-келген мемлекеттің халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтары ең алдымен азаматтарының әлемдік үрдістен қалмай, жалпы мойындалған құндылықтық көзқарастарының қалыптасуына бағытталады. Сонымен қатар әлеуметтік-мәдени ұғымдар аясында белгілі бір құзіреттіліктерді бойына жинап, адамгершілік, шығармашылық, діни, ұлттық құндылықтар мен әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерді терең

менгеруіне жағдай жасайды. Нәтижесінде өзін әлемдік әлеуметтік-мәдени үрдістердің бір бөлшегіміз деп санап, оның ағымдарына сай болуға тырысқан мемлекеттердің азаматтары кез-келген халықаралық сипаттағы ортада өзін еркін ұстап, қалыптасқан ахуалға сай бола алады.

Мемлекеттердің халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтары ең алдымен халықаралық саяси аренадағы өзге де мемлекеттермен өзара бірлескен шаралары мен ортақ ұйымдардың қабылдаған құжаттары, арнайы қаулыларына сай болудан көрінеді. Қазақстан Республикасы 1991 жылдың 16 желтоқсанында өз тәуелсіздігіне ие болғаннан кейін, халықаралық саяси аренадағы өзінің ұстанымдарын нақтылаудың жолына түсті. Республиканың тек саяси-экономикалық қана емес, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени басымдықтарын айқындаудың негізгі жолы халықаралық ұйымдардың аясында жүзеге асудың нормативтік негіздері қалыптасты. Мысалы 1992 жылдың наурыз айында еліміз барлық егеменді елдер мүше болатын Біріккен ұлттар ұйымына кіргені белгілі. Біріккен ұлттар ұйымы әлемде бейбітшілік қолдап, халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған ұйым екендігі белгілі. Алайда қазіргі таңда БҰҰ-ның қызметі тек қана саяси сипаттағы мәселелер ғана емес, адамзат баласының қалыпты дамуына бағытталған қоғамның барлық саласын қамтып отыр. Өйткені БҰҰ-ның құрылымдық ерекшеліктеріне мән беретін болсақ, оның тым күрделі екендігіне көз жеткіземіз. БҰҰ бірнеше комитеттер мен түрлі бөлімшелерден тұрады. Сол бөлімшелердің бірі білім беру, ғылым мен мәдениет мәселелерін реттейтін ЮНЕСКО болып табылады.

Қазақстанның Еуропа елдерімен байланысы тәуелсіздің алғашқы жылдары орнығып үлгерді. Еуропа елдері Қазақстанның нарығына қаржы инвестицияларын құйып қоймай, әлеуметтік-мәдени бағыттарда қатынастарды жандандыруға мүдделілік танытты. Осы тұрғыда ЕуроОдақтың жетекші экономикалық локомотиві Германияның алатын орын ерекше болып табылады. КСРО ыдырыған соң, Германия өзінің қандастарын тарихи отанына қайтуға үндеген болатын. Олардың тарихи отанына оралу үрдісі саяси-әлеуметтік жанжалсыз өткен болатын. Қазақстан Республикасы өзінің этносаяси ұстанымына байланысты неміс ұлтының өкілдерінің мәдени-әлеуметтік бірегейлігінің сақталуы мен дамуына барынша қолдау көрсетті. Қазақстанда өмір сүруші немістердің өмірі мен әлеуметтік ахуалы Қазақстан-Германия арасындағы мемлекетаралық келіссөздердің негізгі пәндерінің біріне айналғандығы сөзсіз.

1992 жылдың 22 қыркүйек күні Қазақстан Республикасы үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының үкіметі арасында неміс ұлтына жататын Қазақстан азаматтарын қолдау туралы келісімге қол қойылды. Осы құжатқа сәйкес, тарихи отанына оралуға тілек білдіруші неміс ұлтының өкілдеріне әкімшілік және құжаттық рәсімдеулер бойынша қолдаудың жүйесі негізделді.

Екі елдің арасындағы мәдени-ағартушылық және әлеуметтік-экономикалық байланыстардың дамуына Қазақстанда өмір сүруші азсанды неміс этносы мен Германияда тұрып жатқан қазақстандық немістердің ықпалының зор екендігі белгілі. Осы тұрғыда қазақстандық немістердің «Возрождение» атты этно-бірлестігінің екі жақты мәдени қарым-қатынастардың дамуындағы көпір рөлін атқарып отырғандығына көз жеткіземіз. Аталған ұйымның қызметі нәтижесінде 2021 жылы қыркүйегінде Нұр-Сұлтан қаласында қазақ-неміс орталығы ашылды. Бұл орталық Қазақстан халықтарының Ассамблеясының қолдауымен іске асқандығына мән беру қажет.

Германия мемлекеті Қазақстанның ірі халықаралық ұйымдарға саяси-мәдени салада мүше болуына қолдау білдіруші елдердің біріне жатады. Мысалы, Қазақстанның Болон үрдісіне енуінде Германияның Білім министрлігінің атқарған рөлі мен қолдауына ерекше тоқтала аламыз.

Қазіргі таңда әлемнің екі жүзге тарта елдері мүше болып табылатын ұйымның халықаралық деңгейде ең ірі үкіметаралық ұйым дәрежесіне көтерілді. ЮНЕСКО аясында 177 мемлекет өзінің ұлттық комиссиясына ие. Бүгінгі таңда 600-ден астам үкіметтік емес ұйымдар ЮНЕСКО-мен тығыз қарым-қатынаста жұмыстарын ұйымдастырып келеді. Олар негізінен білім беру, ғылым, мәдениет пен тарих, сонымен әлеуметтік мәселелер бойынша бірлескен шараларды ұйымдастыру ісін жүзеге асырып келеді [2, 84-85-б.]. Рас ЮНЕСКО ұйым ретінде Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін құрылғандығын және қазіргі жаһандық құбылыстардың жылдам өзгеріп отырғандығын ескерсек, ұйым заман ағымына сай күрделі өзгерістерді өз басынан өткеруде. Сол себепті ұйымға мүше мемлекеттердің жаңа ұстанымдары мен тың идеяға негізделген қарым-қатынастарын қажет етеді. Орталық Азиядағы жетекші елдердің бірі ретінде Қазақстан Республикасы халықаралық қатынастар жүйесінде әлеуметтік-мәдени басымдықтарға ерекше мән беретін ел ретінде өзін танытып үлгерді. Бұл алдымен ЮНЕСКО сынды беделді әлеуметтік-мәдени мәселелер бойынша өз жұмыстарын жүргізетін ұйымдардың істеріне белсенді араласуы нәтижесінде орын алды.

Қазіргі таңдағы геэкономикалық және мәдени алмасулар нәтижесінде ЮНЕСКО-ның халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтар бағытындағы жұмыстарды белсенді жүргізуіне мүмкіндіктер беріп отыр. ЮНЕСКО-ның жарғысы да халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтар түсінігін жаңа сапалық

деңгейге көтеріп отыр. Өйткені ХХ ғасырдың соңғы он жылдығына дейін әлеуметтік-мәдени үрдістер ұғымы тек жекелеген мемлекет немесе азаматтардың өз алдына дамуына қатысты ұғым ретінде қолданылып келген болатын. Тек адамзат баласының ХХІ ғасырға аяқ басуымен халықаралық қауымдастық әлемдегі әлеуметтік-мәдени құбылыстар көп жағдайда ортақ екендігін ұғынып, осы мәселеде ортақ мәмілеге келу жолдарын қарастыруда. Бұл талпыныстар өз кезегінде ЮНЕСКО-ның жарғысының басты қалыптастырушы идеясы болып табылады. Дж. Сингх өзінің еңбегінде ЮНЕСКО пайда болған күннен бастап-ақ білім, ғылым, мәдениет пен ақпарат алмасу сынды құзіреттіліктерге ерекше мән беріп, адамзат баласына ортақ тұжырымды қалыптастыруды мақсат етті деген пікір білдіреді [3, 9-р.]. Рас әлемдегі әр мемлекеттің тек өзіне ғана тән болатын әлеуметтік-мәдени басымдықтары бар. ЮНЕСКО беделді халықаралық ұйым ретінде осы ерекшеліктерді ортақ мүдде мен мақсатқа біріктіріп, ортақ келісімге жұмылдыруды көздейді.

Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтары көп жағдайда оның заманауи әлемдегі геосаяси жағдайымен тығыз байланысып жатыр. Еуразияның орталығында орналасқан мемлекет үшін Батыс пен Шығыс әлеуметтік-мәдени алмасулардағы жетекші ролін айқындап алуы аса маңызды. 1992 жылы Қазақстан Республикасы БҰҰ және ЮНЕСКО ұйымдарына кіре отырып, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары атты кеңесті шақыру туралы бастама көтерді. Бұл Азия құрылысындағы аса маңызды әлеуметтік-мәдени басымдықтарды талқылып, өзара бір шешімге келу мүмкіндігін тудырып отыр. Кейінгі жылдары Қазақстанның бастамасымен құрылған Еуразиялық экономикалық одақ, Кедендік одақ сынды аймақтық ұйымдардың аясында да әлеуметтік-мәдени басымдықтар мәселесі өз шешімдерін табуда. Қазақстан Республикасы ішкі саясатында басымдықтарға ие болған әлеуметтік-мәдени саладағы жетістіктеріне халықаралық сипатқа беруге тырысады. Жоғарыда атап өткен ЮНЕСКО аясында Қазақстан өз аумағындағы тарихи ескерткіштерін Әлемдік мұра тізімдеріне қоса алды. Бұл еліміздің мәдени ескерткіштеріне халықаралық басымдық беру әрекеті болып табылады. Мысалы 2003 жылы Қожа Ахмет Ясауи кесенесін Әлемдік мұра тізіміне енгізсе, 2004 жылы Тамғалы тас археологиялық кешеніндегі петроглифтері, 2008 жылы Наурызым және Қорғалжын қорықтары Әлемдік мәдени мұралар тізіміне енгізілген болатын [4, 107-111-б.].

Әлеуметтік саланың маңызды мәселелерінің бірі – білім болып табылады. Білім беру саласын жетілдіруде Қазақстанның өзіндік үлгісі бар. Халықаралық дәрежеде мойындалған Болон үдерісіне қосылып, үш сатылы білім беру бағдарламасына артықшылықтар берді. Бұл ретте де білім саласын халықаралық маңызы бар басымдық ретінде көрген еліміз түрлі ұйымдар аясында осы бағытта жұмыстарын жүзеге асырып келеді. Мысалы ЮНЕСКО-ның жаһандық «Білім – барлығына», «Тұрақты даму үшін білім» атты бағдарламалары бар. Қазақстан Республикасы ЮНЕСКО-ның қауымдастырылған мектебі мен UNITWIN атты бағдарламаларының белсенді қатысушысы болып табылады. Қазақстанда ЮНЕСКО-ның білім алу бағытында жұмыс жасайтын отызға жуық ұлттық федерациялық клубтары жұмыс жасайды. 2012 жылы Қазақстанда ЮНЕСКО-ның Орталық-Азиялық аймақтық гляциологиялық орталығы ашылды. Қазақстан үшін ЮНЕСКО-мен тек білім ғана емес, мәдени құндылықтарды дәріптеп, әлемдік үдерістерге сай дамыту ісінде әріптестік өте маңызды. Осындай халықаралық маңызы жоғары ұйымдармен әріптестік Қазақстанның әлемдік тәжірибе алмасуына үлкен септігін тигізіп отыр. Аймақтық халықаралық ұйымдардың бірі – Шанхай ынтымақтастық ұйымы болып табылады. Алғашында «Шанхай бестігі» деп 2001 жылы құрылған ұйымның негізгі мәселесі аймақтық қауіпсіздік, экономикалық интеграция болғанымен, ұйым аясында халықаралық әлеуметтік маңызды басымдықтар жүзеге асуда [5, 8-б.]. Ұйым аясында атқарылған маңызды басымдықтардың біріне 2006 жылдың 15 маусымында қол жеткізілді. Ұйымға мүше елдердің өзара тиімді байланыстарына негізделген келісімге қол қойылып, Қазақстан Республикасы Үкіметі 2006 жылғы 23 желтоқсанында «Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық келісімді бекіту туралы» атты арнайы қаулысы қабылданды.

Осылайша ұйым аясында білім және өзге де әлеуметтік мәселелерді шешудің құқықтық базасын қалыптасты. Бүгінде Қазақстанның жоғары оқу орындарының студенттерінің ұйымға мүше елдері арасында тәжірибе алмасу, түрлі конференциялар, симпозиумдар, семинарлар сынды жұмыстар атқарылып келеді. 2008 жылы қазан айында елімізде ұйымға мүше болып табылатын елдердің білім министрлерінің келісімге келіп, нәтижесінде ұйымға мүше елдердің университеттерінің ортақ негізгі тұжырымдамасы қабылданған болатын. Алдағы жұмыстардың даму жоспары бекітіліп, Шанхай ынтымақтастық ұйымы университеттерінің тұжырымдамасы қабылданған болатын. Мәдениет пен ғылым, білім мен әлеуметтік салада білікті кәсіби мамандар даярлау ісі қолға алынды [6, 38-б.].

Білім әлеуметтік-мәдени басымдық ретінде Қазақстанның өзге де халықаралық ұйымдардың жұмысы аясында жүзеге асуда. Ерекше көңіл посткеңестік аумақта жұмыс жасап келе жатқан халықаралық

ұйымдардың аясында жүзеге асып келеді. Посткеңестік елдердің басын қосатын негізгі ұйым ТМД болса, аталған ұйым аясында білім саласындағы әріптестік Кеңесі жұмыс жасайды. Қазақстан Республикасы аталған Кеңесте жетекші елдердің санатында. Тіпті 2022 жылдан бастап Кеңеске төрағалық етіп келеді. Мұның өзі халықаралық білім беру саласындағы басымдықтың басты назарда екендігінің дәлелі болып табылады.

Әлеуметтік басымдықтар өзін әлеуметтік мемлекет деп жариялаған Қазақстан сынды елдер үшін аса маңызды. Қазақстан Республикасының 1995 жылдың 30 тамызында қабылданған Конституциясында елімізді әлеуметтік мемлекет деп атады. Жалпы әлеуметтік мемлекет ұғымын енгізген Лоренц фон Штейн оның негізгі белгілері ретінде мынандай жайттарды анықтайды:

- азаматтардың теңдігіне кепілдік беру;

- азаматтардың әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамуына жағдай жасап, әлеуметтік тұрғыдан қамсыздандыру [7, 5-б.].

Қазақстан Республикасы ел егемендігінің алғашқы жылдарынан мүшесі болып табылатын БҰҰ-ның 1948 жылдың 10 желтоқсанында Бас Ассамблеясы Жалпыға ортақ адам құқықтарының декларациясын қабылдады. Адам құқықтары декларациясы барысында азаматтардың құқықтары, әлеуметтік тұрғыдан қамсыздандыру жүйесінің негіздерін қалыптастырды. БҰҰ-ның сонымен қатар Адам құқықтарына қатысты сонымен қатар, Адам құқықтары мен еркіндігінің қорғау туралы конвенциясын қабылдайды. Бұл конвенция өз кезегінде білім заңы мен еңбек заңы, азаматтардың денсаулығын сақтау мәселесімен қатар, аз қамтылған топтарды әлеуметтік қорғау ісіне қатысты заңнамалардың қабылдануына түрткі болып отыр [8, 91-б.].

Қазақстан Республикасы тек БҰҰ қабылдаған осы конвенциялар ғана емес, сонымен қатар халықаралық беделді ұйымдар қабылдаған арнайы қаулылар, бағдарламалар мен даму жоспарларын да басшылыққа алады. Нәтижесінде еліміз халықаралық әлеуметтік басымдықтарға сай болу мақсатында азаматтардың әлеуметтік тұрғыдан қамсыздандыру сынды маңызды мәселелерді оңтайлы шешіп келеді. Әр бағытына сай мемлекеттік бағдарламалар қабылдап, халықаралық мойындалған әрі дамыған елдердің тәжірибесін республика азаматтарының өмірінде жүзеге асыруда.

Қазақстан Республикасының халықаралық мәдени басымдықтарына сай болуы тек қана тарихи ескерткіштерді ЮНЕСКО-ның тізіміне енгізіп қана қоймай, ұйым аясында бірқатар тарихи-мәдени маңызға ие болған шараларды да ұйымдастырып келеді. Атап айтқанда ұлт тарихында өзіндік орны тұлғаларымыздың мерейтойлары да осы ұйым аясында өткізілген болатын. Абай Құнанбаев, Әлихан Бөкейханов сынды тұлғалардың мерейтойларының ЮНЕСКО аясында ұйымдастырылуы қазақ ұлт қайраткерлерінің әлемдік мәдениет пен әлеуметтік үдерістерге өзгерістер енгізіп, өзіндік орнын айқындағанын білдіреді. Халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтардың маңыздылығы Қазақстан үшін ерекше. Қазіргі таңда кез-келген халықаралық жобалар немесе халықаралық даму бағдарламаларының барлығы да адамзаттың ортақ құндылықтарымен қатар, ұлттық бірігейлік пен ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған. Мысалы «Соғыс жағдайында мәдени мұраларды сақтау конвенциясы» 1954 жылы қабылданса, «Жергілікті жерлері мен пейзаждарының сұлулығын сақтау бойынша ұсыныстар» 1962 жылы қабылданды.

Сонымен қатар «Әлемдік және табиғи мұраларды сақтау конвенциясы» 1972 жылы қабылданса, сол жылы «Табиғи және мәдени мұраларды сақтаудың ұлттық жоспарына ұсыныстар» атты даму тұжырымдамалары қабылданады. 1989 жылы «Фольклорды сақтау бойынша ұсыныстар» атты бағдарламалары қабылданған [9, 43-б.]. Демек ХХ ғасырдың өзінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу, оны сақтау мәселелері халықаралық деңгейде көтеріле бастады. Тәуелсіздік жылдарында қабылданған түрлі қоғамдық-мәдени өмірді қамтитын мемлекеттік бағдарламалар аз болмады. 1996 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңы қабылданып, 2000 жыл «Мәдениет жылы» деп жарияланды [10, 214-б.]. 2004-2011 жылы «Мәдени мұра» атты бірегей мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бір ғана «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының өзі ұлттық тарих, ұлттық құндылықтарды қайта жаңғыртудың мол мүмкіндіктеріне жол ашты. Қазіргі дамыған әрі өзгермелі жаһандық құбылыстар жағдайында тұлғаның ерекше үйлесімділікпен қалыптасуы үшін әрі тұрақты дамуы ұлттық құндылықтарға ерекше мән берілуі қажет. Осы тұрғысынан келгенде Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарға ерекше мән беретіндігі байқалады.

Қазақстанның халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарын Қазақстан тарихы мысалында оқытылуына мән беру маңызды мәселелер қатарына жатады. Өйткені мәселенің маңыздылығымен қатар, оның тәжірибе жүзіндегі іске асуының өзіндік ерекшеліктері бар. Әлеуметтік-мәдени басымдықтар

мәселесі бүгінгі Қазақстан тарихы пәнінің заманауи кезеңіндегі маңызды тақырыптарының біріне айналып отыр. Аталған мәселені оқыту арқылы біз бірқатар құзіреттіліктерге қол жеткізе аламыз:

- білім алушылардың әлеуметтік-мәдени басымдықтар туралы нақты білім мазмұнына ие болады;
- әлеуметтік-мәдени басымдықтар туралы түсініктері молаяды;
- түрлі тарихи кезеңдердегі әлеуметтік-мәдени басымдықтарды заманауи сипатымен салыстыра отырып, артықшылықтары мен кемшіліктерін саралай алады;
- әлеуметтік-мәдени басымдықтардың халықаралық сипатын ұлттық құндылықтармен ара-қатынасын талдау, синтездеу, тарихи деректерді сыни талдай алады;
- игерілген мәліметтер негізінде әлеуметтік-мәдени басымдықтар туралы өзіндік пікір қалыптастырып, мәліметтерді тұжырымдайды.

Осы келтірген әлеуметтік-мәдени басымдықтар мәселесіне қатысты құзіреттіліктерді қалыптастыру бағытындағы оқу үдерісі үш негізгі кезеңнен тұруы тиіс. Бұл кезеңдер «мен түсінемін», «мен білемін» және «мен істей аламын» деген жұмыс кезеңдерін қамтиды. Бұл жұмыс кезеңдерінің логикасы білім алушылардың әлеуметтік-мәдени басымдықтар туралы мәліметтерді игере отырып, тұлғалық әлеуетін ашу және нақты тарихи тақырыптарға деген қызығушылығын арттыру болып табылады.

Аталған тақырыптың білім алушыларға қол жетімді әрі толыққанды түсінікті болуы үшін білім берудің дәстүрлі әдістерімен қатар, интербелсенді әдістері арқылы да ұйымдастыруға болады. Әрине дайын ақпараттар интернет ресурстарында көптігі мен дайын ақпараттар жағдайында Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарын оқытуды интербелсенді әдістер арқылы сабақты ұйымдастырудың артықшылықтары көп. Мысалы зерттеу-сабағы, пікір-талас сабағы, мәселелік дәріс, шеберлік сыныбы сияқты өзге де сабақтарды тиімді ұйымдастыру арқылы жоғары жетістіктерге жетуге болады. Сабақ барысында жобалық технология, сыни ойлауды кешенді дамыту, көшбасшылық қасиетті жетілдіру, Блум таксономиясы сияқты технологияларды пайдаланудың маңызы жоғары. Білім алушылардың «топпен ойлан, талқыла, шешім қабылда» деп аталатын ұранмен жұмыс жасауы мәселені жан-жақты қарастыруға жағдай жасайды. Топ және жекелей жұмыстар барысында оқытушы білім алушылар алдына нақты тапсырмалар бере алуы тиіс. Ол тапсырмалар нақты нәтижеге қол жеткізуге бағытталғаны дұрыс.

Мәселеге қатысты әр топ мүшесінің пікірін ескере отырып, ортақ мақсатқа жұмылу арқылы көздеген нәтижеге қол жеткізеді. Осылайша жаңа мәліметтер де оңай игеріліп, өз мүмкіндіктерімен қатар өзге топ мүшелерінің әлеуетіне дұрыс баға бере алатын болады [11, 24-26-б.]. Оқытушы білім алушыларды топқа бөлу барысында бірқатар маңызды мәселелерді есте сақтауы тиіс. Топқа бөлу кездейсоқтық ұстанамы арқылы жүзеге асуы тиіс. Білім алушыларды бірнеше сабақ бойы тек бір топта жұмыс жасауына жол бермеу керек. Өзара бақталастық пен бірін-бірі қарсылас көру сезімі орын алмағаны абзал. Сонымен қатар үлгерімі жоғары білім алушылардың да бір топқа шоғырлануы біржақты көшбасшылыққа алып келеді. Топқа дұрыс бөлу сабақты тиімді ұйымдастырудың бастапқы қадамы болып табылады.

Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарын Қазақстан тарихы сабақтарында оқытуда ең алдымен мақсатты дұрыс айқындаудан басталады. Аталған мәселені оқытуда білім алушылар мән беруі тиіс мәселелердің негізгісі әлеуметтік-мәдени өмір, оның қамту аясын айқындау болуы тиіс. Сөзсіз аталған әлеуметтік-мәдени басымдықтың қамту аясы өте үлкен. Оқытушы білім алушыларға әлеуметтік-мәдени басымдықтарды жекелей жіктеп, оның мәнін ашуы тиіс. Қамтитын білім, әлеуметтік жағдай, денсаулық сақтау, аз қамтылған топтарды әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет пен тарих, салт-дәстүр ұғымдарын ашып, еліміздегі әлеуметтік-мәдени басымдықтардың мәні мен мазмұнын аша алуы тиіс. Келесі кезеңде оқытушы білім алушыларды әлеуметтік-мәдени басымдықтардың халықаралық сипатын ашып, ұйымдар мен елдер арасындағы байланыстардан туындаған тарихи құжаттар мен даму тұжырымдамаларын таныстырып, әлемдік үдерістердің ерекшеліктері туралы біз жоғарыда атаған технологиялар арқылы мәліметтерді береді.

Ендігі кезеңде білім алушылар үшін өзіндік қорытынды шығарып, салыстырмалы талдаулар негізінде еліміздің халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарына баға бере алуы тиіс. Атап айтқанда әлеуметтік мемлекет түсінігі, еліміздегі білім беру жүйесі мен халықаралық стандарттардың айырмашылығы мен ұқсастықтары, еліміздегі азаматтардың әлеуметтік қамсыздандыруы мен дамыған озық елдердің тәжірибесі, тарихи-мәдени ескерткіштер мен оның дүниежүзі тарихының бір құрамдас бөлігі екендігінің көрсеткіштері, Қазақстанның киелі оорындарының географиясы, мәдениетті қолдауға бағытталған халықаралық ұйымдар мен Қазақстан арасындағы байланыстар, жаһандану және ұлттық құндылықтар мен ұлттық мәдениет және осы сипаттағы өзге де маңызды мәселелерді өздігімен талдап, тұжырымдай алуы тиіс.

Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтары тақырыбының пәнаралық байланысы жоғары. Білім алушылар тек тарих қана емес, сонымен қатар әлеуметтану, мәдениеттану, құқық сынды пәндердің ерекшеліктерімен танысуға мүмкіндік алады. Өйткені Қазақстан Республикасының әлеуметтік мемлекет ретінде орнығуын тұжырымдауда әлеуметтік саланы реттейтін заңнамалық құжаттар мен оның халықаралық стандарттармен ұштасуын талдайды. Сонымен қатар қазақ халқының мәдени болмысы мен ұлттық құндылықтарының әлемдік өркениеттегі орнын айқындау үшін сөзсіз мәдениеттану саласының ерекшеліктеріне мән береді. Білім алушылар заңнамалық құжаттармен жұмыс жасайды. Осылайша білім алушылардың танымдық белсенділігі оянып, мәселедегі өзекті негізін дәл анықтау, білім мазмұнын қалыптастыра алу, шығармашылық тұрғыдан ойлану, салыстыра отырып талдау сынды маңызды құзіреттіліктерді өз бойында қалыптастырады.

**Талқылау.** Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтары мәселесі арнайы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нысанына айнала қоймады. Рас аталған мәселе төңірегінде жанама мәліметтер беретін ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар, іргелі еңбектер бар. Тақырыпты ашып, нақты тұжырымдар жасау үшін мәселенің теориялық негіздерін ашатын еңбектердегі мәліметтерді сараптай отырып, салыстырмалы талдау нәтижесінде өзіндік қорытынды жасай алдық. Мысалы зерттеушілер Л.А. Беляева мен М.А. Беляевалардың «Социально-культурная деятельность: структурно-функциональная модель» деп аталатын ғылыми-зерттеу жұмысында жалпы әлеуметтік-мәдени қызмет, оның ұғымы мен қызметі турасында нақты мәліметтер келтірілген. Аталған мақала барысында авторлар әлеуметтік-мәдени басымдықтарды жіктеп, олардың әрқайсысына тоқталуға тырысады [1, 68-б.].

Сонымен қатар мәселенің теориялық негіздерін қалыптастыру мақсатында біз С.В. Калашниковтің «Функциональная теория социального государства» атты еңбегін пайдалана алдық. Автор өзін әлеуметтік мемлекет деп жариялаған елдерге тән болуы тиіс белгілерді дәл анықтауға тырысады. Автор «әлеуметтік мемлекет азаматтарының өзара теңдігі мен ең бастысы әлеуметтік тұрғыдан толыққанды қамсыздануы» деген маңызды пікір білдіреді [6, 19-б.]. Автор азаматтардың қажеттіліктерінің өтелуі, заман ағымына сай бола алуын да әлеуметтік мемлекеттің басты белгілері ретінде атап өтеді. Аталған еңбектің бір ерекшелігі қазіргі таңдағы дамыған елдердің әлеуметтік саладағы саясатына да баға беріп, ерекшеліктерін атап өтуге тырысады. Осы келтірілген мәліметтер арқылы Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік басымдықтарға сай болуы, ерекшеліктері мен артықшылықтарын бағамдай алдық. Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтары мәселесінің теориялық негіздерін сараптауда біз В.Г. Бочаровтың «Профессиональная социальная работа: личностно-ориентированный подход» атты еңбегін де атап өтеміз. Автор өз еңбегінде әлеуметтік басымдықтар және оның халықаралық сипатына тоқталады. Әсіресе әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы дамыған елдердің тәжірибесіне тоқталып, азаматтардың өз мүмкіндіктерін жүзеге асыра алуы, көзқарастарының қорғалуы сынды мәселелерді әлеуметтік басымдықтардың халықаралық сипаты ретінде көрсетеді [7, 1-б.].

Қазақстанның халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарын анықтау барысында бірқатар мәселеге қатысты жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстарының және мемлекеттің заңнамалық құжаттары, түрлі сипаттағы еңбектердің бар екендігін айқындадық. Олардың қатарында Т.Е. Арсанованың «Роль ЮНЕСКО в современных условиях» атты ғылыми-зерттеу жұмысын атай аламыз. Автор ЮНЕСКО ұйымының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарды анықтау мен олардың дамуына қатысты атқарып отырған шараларын, сонымен қатар ұйымның ерекшеліктері мен құрылымдарын жан-жақты талдап, көрсете алған. Біз үшін автордың осы халықаралық ұйымның ұлттық құндылықтарды ескере отырып, ортақ адамгершілік қағидаттарын қалыптастыруға бағытталған қызметтеріне баға беруі маңызды.

Өйткені автордың пайымдары арқылы халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтар туралы нақты тұжырымдар жасауға болады [2, 85-б.]. ЮНЕСКО ұйымының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарға артықшылықтар берудегі қызметін сараптап, ұйымның барлық құрылымдық ерекшеліктерін сәтті аша алған. Біз өз кезегімізде сол ұйымдардың аясында атқарылған шараларды айқындап, еліміздің қаншалықты халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарға мән беретіндігін айқындадық. Осы сипаттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының бірі Дж. Сингхтың «United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization (UNESCO) Creating norms for a complex world» атты мақаласы. Автор ЮНЕСКО ұйымын халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтармен жұмыс атқарып отырған бірегей ұйым ретінде бағасын береді [3, 9-р.]. Қазақстан мен ЮНЕСКО арасындағы байланыстарды ашу арқылы біз еліміздің халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарға қаншалықты мән беріп, осы бағытта атқарған шараларын айқындай аламыз. Осы мақсатта С.С. Чукаеваның «ЮНЕСКО и Казахстан: горизонты сотрудничества»

ства» атты ғылыми-зерттеу жұмысына мән бердік. Автордың келтірген мәліметтері Қазақстанның әлеуметтік-мәдени бағыттағы атқарған жұмыстарының халықаралық сипатын дәл талдай алдық [4,111-б.].

Әрине аталған мәселе, еліміздің халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарға мән беріп, осы бағыттағы жұмыстары өзге де халықаралық ұйымдар аясында жүруде. Мұндай ұйым аясындағы жұмыстарды талқылау үшін «Аналитический доклад Университет ШОС как инструмент интеграции образовательных систем государств-членов ШОС» [5] және Е.В. Станис, М.Г. Макарова мен Ж.Р. Торегожинаның «Опыт РУДН (Россия) и КазНУ им. Аль-Фараби (Казахстан) по созданию совместных образовательных программ в области экологии» атты ғылыми-зерттеу жұмыстарын атап өте аламыз [6]. Бұл жұмыстар арқылы Қазақстан Республикасының халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарының беделді өзге де әлемдік ұйымдар негізінде жүзеге асып жатқандығын байқаймыз. Әрине авторлардың келтірген ұйым аясындағы жұмыстардың аймақтық сипаты басым болғанымен оның маңыздылығы жоғары деп нақты тұжырымдаймыз. Әрине мақала барысында біз ұлттық құндылықтарымыздың мәні мен ерекшеліктеріне мән беріп, оның халықаралық деңгейге көтерілуіне мән берілді. Осы мақсатта О.В. Галкованың «Культурное наследие: современные подходы и проблемы» [9], сонымен қатар Ж.А. Ермекбайдың «Культурное наследие народа Казахстана в Евразийском пространстве» [10] атты ғылыми-зерттеу жұмыстары арнайы қарастырылды [10].

Ең бастысы біз осы аталған өзекті мәселерді Қазақстан тарихы барысында оқытылу ерекшеліктерін мән беру болып табылады. Сол себепті де аталған тақырыпты оқытудың дәстүрлі және заманауи түрлеріне сипаттама беріп, артықшылықтар мен ерекшеліктерін ашуды мақсат еттік. Рас аталған бағытта бірқатар ғылыми-зерттеу жұмыстары жарық көрген. Біз осы еңбектердегі басты мәселелерге назар аударатырып, тәжірибеге негіздей отырып, бірегей тұжырымдар жасай алдық.

**Қорытынды.** Қазақстан Республикасы өзінің егемендігіне қол жеткізгеннен кейін саяси-экономикалық басымдықтармен қатар, ерекше мән берген салалардың бірі әлеуметтік-мәдени өмірді жақсарту болғаны жасырын емес. Қоғамда үстем болып келген қағидаттар жойылып, дамыған батыс елдерінің тәжірибелері басшылыққа алына бастады. Осы ретте еліміз өзіндік тәжірибені, халықаралық тәжірибемен ұштастыра алды. Азаматтардың көзқарасы мен қоғамдағы орны, пайымы мен парасатына мән беретін әлеуметтік мемлекетті қалыптастырып, халықаралық ұйымдар аясындағы әлеуметтік-мәдени басымдықтарға мән берді.

Жеткен жетістіктер аз емес. Міне ендігі кезек Қазақстанның халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарын оқу үдерісі барысында оқыту ісі. Білім беру саласында орын алған өзгерістер де еліміздің халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтарға мән беруінен туындады. Заманауи әдіс-тәсілдерге негізделген технологиялар арқылы білім алушыларға халықаралық әлеуметтік-мәдени басымдықтар түсінігі мен оның еліміздегі көрінісін ашу, жалпы адамгершілік қағидаттарға негізделген дүниетанымдағы ұрпақты қалыптастырудың басты кепілі болып табылады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Беляев Л.А., Беляева М.А. Социально-культурная деятельность: структурно-функциональная модель // Вестник Челябинской государственной академии культуры и искусства. – №1(33). 2013. – 68. [68-б.]
2. Арсанова Т.Е. Роль ЮНЕСКО в современных условиях // Вестник МГУКИ. – №5(73). – 2016. – 85. [84-85-б.].
3. Singh J.P. United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization (UNESCO) Creating norms for a complex world. - Georgetown University, 2010. – 9. [9-р.]
4. Чукаева С.С. ЮНЕСКО и Казахстан: горизонты сотрудничества // Вестник КазНУ. – Серия международные отношения и международное право. – №1(65). – 2014. – 111. [107-111-б.]
5. Аналитический доклад Университет ШОС как инструмент интеграции образовательных систем государств-членов ШОС. Алматы, 2012. – 69 с. [8-б.]
6. Станис Е.В., Макарова М.Г., Торегожина Ж.Р. Опыт РУДН (Россия) и КазНУ им. Аль-Фараби (Казахстан) по созданию совместных образовательных программ в области экологии // Международный журнал экспериментального образования. - №1. – 2013. – 247. [38-б.]
7. Калашиников С.В. Функциональная теория социального государства. – М., 2002. – 198 с. [5-б.]
8. Бочаров В.Г. Профессиональная социальная работа: личностно-ориентированный подход. – Москва, 1999. – 224. [91-б.]



9. Галкова О.В. Культурное наследие: современные подходы и проблемы // Вестник МГУКИ. – №6. – 2008. – 184. [43-б.]
10. Ермекбай Ж.А. Культурное наследие народа Казахстана в Евразийском пространстве // Ученые записки. – Том 2. – 214. [214-б.]
11. Ахметова М.С. Предметно-языковое интегрированное обучение Истории Казахстана // Вестник Челябинского университета. – №13 (342). – 2014. – 194. [24-26-б.]

References:

1. Beljaev L.A., Beljaeva M.A. Social'no-kul'turnaja dejatel'nost': strukturno-funkcional'naja model' [Socio-cultural activity: structural and functional model] // Vestnik Cheljabinskoy gosudarstvennoj akademii kul'tury i iskusstva. – №1(33). 2013. – 68. [68-b]
2. Arsanova T.E. Rol' JUNESKO v sovremennih uslovijah [The role of UNESCO in modern conditions] // Vestnik MGUKI. – №5(73). – 2016. – 85. [84-85-b].
3. Singh J.P. United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization (UNESCO) Creating norms for a complex world. - Georgetown University, 2010. – 9. [9-p.]
4. Chukaeva S.S. JUNESKO i Kazahstan: gorizonty sotrudnichestva [UNESCO and Kazakhstan: horizons of cooperation] // Vestnik KazNU. – Serija mezhdunarodnye otnoshenija i mezhdunarodnoe pravo. – №1(65). – 2014. – 111. [107-111-b.]
5. Analiticheskij doklad Universitet ShOS kak instrument integracii obrazovatel'nyh sistem gosudarstvennyh ShOS [Analytical report of the SCO University as a tool for integrating the educational systems of the SCO member states]. Almaty, 2012. – 69 s. [8-b.]
6. Stanis E.V., Makarova M.G., Toregozhina Zh.R. Opyt RUDN (Rossija) i KazNU im. Al'-Farabi (Kazahstan) po sozdaniju sovmestnyh obrazovatel'nyh programm v oblasti jekologii [The experience of RUDN (Russia) and Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan) in creating joint educational programs in the field of ecology] // Mezhdunarodnyj zhurnal jeksperimental'nogo obrazovanija. - №1. – 2013. – 247. [38-b]
7. Kalashnikov S.V. Funkcional'naja toerija social'nogo gosudarstva [Functional theory of the welfare State]. – Moskva, 2002. – 198. [5-b.]
8. Bocharov V.G. Professional'naja social'naja rabota: lichnostno-orientirovannyj podhod [Professional social work: a personality-oriented approach]. – Moskva, 1999. – 224. [91-b]
9. Galkova O.V. Kul'turnoe nasledie: sovremennye podhody i problemy [Cultural heritage: modern approaches and problems] // Vestnik MGUKI. – №6. – 2008. – 184. [43-b.]
10. Ermekbay Zh.A. Kul'turnoe nasledie naroda Kazahstana v Evrazijskom prostranstve [Cultural heritage of the people of Kazakhstan in the Eurasian space] // Uchenye zapiski. – Tom 2. – 214. [214-b.]
11. Ahmetova M.S. Predmetno-jazykovoje integrirovannoe obuchenie Istorii Kazahstana [Subject-language integrated teaching of the history of Kazakhstan] // Vestnik Cheljabinskogo universiteta. – №13 (342). – 2014. – 194. [24-26-b].

**ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР  
ПЕРСОНАЛИИ  
PRESONALITY**

**ӘӨЖ 94(574)  
МРНТИ 03.20**

*М.А. Токжигитова\*<sup>1</sup>, Б.Қ. Исабек<sup>2</sup>, А.М. Нуржанова<sup>3</sup>*

<sup>1</sup> *Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің PhD 3 курс докторанты  
Шымкент, Қазақстан Республикасы  
E-mail: [maira5585@mail.ru](mailto:maira5585@mail.ru)*

<sup>2</sup> *Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің проф. м.а., т.ғ.к.  
Шымкент, Қазақстан Республикасы  
<sup>3</sup> т.ғ.к., доцент, Қ.И. Сәтбаев ат. ҚазҰТУ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: [a.nurzhanova@satbayev.university](mailto:a.nurzhanova@satbayev.university)*

**ЗИЯЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ӨЛКЕ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ  
(XX ҒАСЫРДЫҢ І ЖАРТЫСЫ)**

*Аңдатпа*

Зерттеу жұмысының мақсаты – XX ғасыр басында қалыптасып, өздерінің қоғамдық-саяси қызметтерінің негізгі бағыты ретінде халыққа білім беру ісін жетілдіру, зайырлы білім беру саласын дамыту ісін таңдап алған ұлт қайраткерлерінің қызметін жан-жақты ашу болып табылады.

Мақаланың басты міндеттерінің бірі XX ғасырдың алғашқы жартысында Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласып, қазақ халқының мүддесі мен қызығушылығының қорғалуына үлкен мән берген мемлекет пен қоғам қайраткері ретінде танылған Садықбек Сапарбеков пен Әбілхайыр Досовтың өмірі мен қызметінің бетбұрысты тұстарын тарихи талдауға арналады. Сонымен қатар, Қазақстанда Кеңес өкіметін құруға белсене қатынасқан, республикамызда партиялық-мемлекеттік істі ұйымдастырып, басқаруда үлкен еңбек сіңірген ірі қайраткерлер Әбілхайыр Досов пен Сапарбеков Садықбектің сталиндік қуғын-сүргінге ұшырауының себептеріне мән берілген.

Зерттеу жұмысының өзектілігі XX ғасырдың I жартысындағы зиялы қауымның атқарған іс-әрекеті мен идеологиялық бастамаларының қазіргі тәуелсіз Қазақстанның саяси-идеологиялық ұстанымдарымен тығыз сабақтасатындығын анықтайды. Қазіргі таңда қоғамымызда өткен зиялы қауымның ұстанымдарымен жүретін саяси зиялы ортаны қалыптастыру маңызды болып табылады. Себебі, жаһандық үрдістер өскелең ұрпақтың ұлттық құндылықтар мен зиялылықтан алшақтап кетуіне ықпалын тигізуі мүмкін.

Зерттеудің нәтижесі өткен дәуірдің зиялы тобының бірқатар өкілдерінің мемлекетті қалыптастыру мен нығайтудағы күрес жолының тарихи аспектілерімен айқындалды.

**Түйін сөздер:** Зиялылар, «халық жауы», қайраткер, тәуелсіз мемлекет, кәмпеске, хатшы, баспасөз

*Токжигитова М.А.\*<sup>1</sup>, Исабек Б.Қ.<sup>2</sup>, Нуржанова А.М.<sup>3</sup>*

<sup>1</sup> *Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, PhD докторант 3 курса,  
Шымкент, Республика Казахстан, E-mail: [maira5585@mail.ru](mailto:maira5585@mail.ru)*

<sup>2</sup> *Южно-Казахстанский государственный педагогический университет и.о.профессор, к.и.н.,  
Шымкент, Республика Казахстан*

<sup>3</sup> *к.и.н, доцент, КазНПУ им. Сатпаева, Алматы, Республика Қазақстан.  
E-mail: [a.nurzhanova@satbayev.university](mailto:a.nurzhanova@satbayev.university)*

**ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ И ЖИЗНЕННЫЙ ПУТЬ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ ЮЖНОГО КРАЯ  
(I ПОЛОВИНА XX ВЕКА)**

*Аннотация*

Цель исследовательской работы – раскрыть исторический смысл деятельности казахских деятелей, осознавших необходимость служения своему народу, политического истока народа, пробуждения у народа стремления к знаниям, искоренения неграмотности.

Одна из главных *задач* статьи посвящена историческому анализу переломных моментов жизни и деятельности видных общественных и государственных деятелей Садыкбека Сапарбекова и Абулхайра Досова, оставивших глубокий след в общественно-политической жизни в 20-40-е годы XX века. Кроме того, большое внимание было уделено причинам сталинских репрессий в отношении крупных деятелей Абулхайра Досова и Сапарбекова Садыкбека, принимавших активное участие в создании советской власти в Казахстане, внесших большой вклад в организацию и управление партийно-государственного дела в республике.

*Актуальность* исследовательской работы определяет тесную преемственность деятельности и идеологических инициатив интеллигенции I половины XX века с политико-идеологическими позициями современного независимого Казахстана. В настоящее время важным является формирование в нашем обществе политической интеллигентной среды, которая будет следовать интересам интеллигенции прошлого. Ведь глобальные тенденции могут повлиять на то, чтобы подрастающее поколение отошло от национальных ценностей и интересов интелегенции.

*Результаты* исследования были определены историческими аспектами пути борьбы некоторых представителей интеллигенции прошлых эпох в формировании и укреплении государства.

**Ключевые слова:** интеллигенция, "враг народа", деятель, независимое государство, конфессия, секретарь, пресса

*М.А. Tokzhigitova<sup>\*1</sup>, В.К. Isabek<sup>2</sup>, А.М. Nurzhanova<sup>3</sup>*

<sup>1</sup> *South Kazakhstan State Pedagogical University, PhD 3rd year doctoral student, Shymkent, Republic of Kazakhstan, E-mail: maira5585@mail.ru*

<sup>2</sup> *South Kazakhstan State Pedagogical University, Acting Professor, PhD, Shymkent, Republic of Kazakhstan*

<sup>3</sup> *Candidate of Historical Sciences, docent Satbayev University, Almaty, Republic of Kazakhstan E-mail: a.nurzhanova@satbayev.university*

## INTELLIGENTSIA AND THE WAY OF LIFE OF THE INTELLIGENTSIA OF THE SOUTHERN REGION (I HALF OF THE TWENTIETH CENTURY)

### *Abstract*

The *purpose* of the research work is to reveal the historical meaning of the activities of Kazakh figures who realized the need to serve their people, the political source of the people, the awakening of the people's desire for knowledge, the eradication of illiteracy.

One of the main *tasks* of the article is devoted to the historical analysis of the turning points of the life and activities of prominent public and statesmen Sadykbek Saparbekov and Abulkhair Dosov, who left a deep mark on socio-political life in the 20-40s of the twentieth century. In addition, much attention was paid to the reasons for Stalin's repressions against major figures Abulkhair Dosov and Saparbekov Sadykbek, who took an active part in the creation of Soviet power in Kazakhstan, who made a great contribution to the organization and management of the party-state business in the republic.

The *relevance* of the research work determines the close continuity of the activities and ideological initiatives of the intelligentsia of the first half of the XX century with the political and ideological positions of modern independent Kazakhstan. At present, it is important to form a political intelligent environment in our society that will follow the interests of the intelligentsia of the past. After all, global trends can influence the younger generation to move away from national values and interests of the intelligentsia.

The *results* of the study were determined by the historical aspects of the way of struggle of some intellectuals of past eras in the formation and strengthening of the state.

**Keywords:** intelligentsia, "enemy of the people", activist, independent state, denomination, secretary, press

**Кіріспе.** XX ғасырдың 90-шы жылдары іргесі мызғымастай көрінген КСРО-ның ыдырауымен одақтас республикалар өз тәуелсіздігін жариялады. Бірнеше жылдар аралығында үзіліп қалған қазақ мемлекеттілік тарихының жана кезеңі басталды. Қоғамдық-саяси өзгерістермен қатар, білім және ғылым саласында да түбегейлі бетбұрыстар орын алды. КСРО жылдары ғылым-зерттеу жұмыстары коммунистік идеологияға шектен тыс бағындырылды. Нәтижесінде ұлттық құндылықтарды дәріптеп, ұлтты ұйыстыратын оқиғалар турасында жалған пікірлер қалыптасты. Ұлттың қалыптасуы мен оның мүддесінің

қорғалуына үлес қосқан тұлғалардың ролі тарихнамада бұрмаланды. Ел егемендігі жылдарында тарихтың мұндай ақтаңдақ беттері қайта қаралып, шынайылық принципіне сай келетін ғылыми-зерттеу жұмыстары белсенді жүргізіле бастады. Әсіресе ХХ ғасыр басында қалыптасқан ұлт қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметін ашуға деген сұраныс артты. Нәтижесінде Алаш партиясы мен большевиктік тұғырнамадағы ұлт қайраткерлерінің қызметіне деген оң көзқарас қалыптасып, елге танымал болды. Дегенмен әлі де болса республиканың қоғамдық-саяси өмірінде маңызды рөлге ие болған тұлғалардың өмірі мен қызметін ашудың қажеттілігі байқалады.

**Өзектілігі.** ХХ ғасырдың басы өзіндік ерекшелігі бар, әрі ұлт мүддесін өздерінің қызметінің негізі етіп алған ұлт қайраткерлерінің қалыптасуымен ерекшеленетін тарихи уақыт. Қазан революциясынан кейін билікке келген большевиктер түрлі декреттер қабылдап, ұлттық ерекшеліктерге негізделген мемлекет құруға рұқсат беретіндігі туралы жалған уәделер берді. Өзін-өзі басқару құқығының сақталуы туралы декреттерге сай ұлт қайраткерлері Алаш партиясы төңірегіне топтасты. Ұлт қайраткерлерінің үлкен тобы большевиктер жағында болды. Қос тараптың да идеясы әртүрлі болғанымен, түпкі мақсаттары ортақ еді. Ол мақсат қазақ халқының мемлекеттілігін қалпына келтіріп, тапталған мүддесін қорғау еді. Осы ретте Отан тарихында өзіндік орнын алған ұлт қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметі туралы бірқатар кешенді зерттеу жұмыстарының жүргізілгендігін атап өтеміз. Дегенмен аймақтарда қазақ халқының қызығушылығын жоғары қойып, республиканың саяси өміріне белсенді араласқан қайраткерлердің өмірі мен қызметі көп жағдайда назардан тыс қалуда. Ұлт көсеміне айналған Әлихан Бөкейханов өзінің бір сөзінде ұлтқа қызмет етудің қозғаушы күші білімде емес, мінезде жатқандығын атап өтеді [1; 388]. Өзіндік көзқарасы қалыптасқан тұлғалардың бірі Садықбек Сапарбеков пен Әбілхайыр Досов еді. Аталған қос тұлғаның өмірі мен қызметі зерттеушілердің назарынан тыс қалып отыр.

Мемлекетімізде жүзеге асып жатқан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағытындағы жұмыстарда өткен тарихтың сабағын толыққанды түсініп, өскелең ұрпақтың тарихи санасын қалыптастырудың маңыздылығы аталып өтеді [2; 6]. Рас осы ретте тарихи сананың қалыптастырудың маңызды жолдарының бірі Садықбек Сапарбеков пен Әбілхайыр Досов сынды тұлғалардың өмірін зерттеп, маңызды тұстарын ғылыми айналымға енгізу болып табылады.

**Мақсаты мен міндеттері:** Ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты ХХ ғасыр басындағы саяси оқиғаларды сараптай келе, қалыптасқан ұлт қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметін талдау, ұлт зиялыларының қалыптасуының объективті жағдайларын анықтап, Садықбек Сапарбеков пен Әбілхайыр Досов сынды ұлт қайраткерлерінің өмірі мен қызметін кешенді түрде ашу болып табылады. Қойылған мақсатқа сай бірнеше міндеттер топтамасы анықталды. Алдымен ХХ ғасыр басындағы саяси ахуалды сипаттап, ұлт тарихында өзіндік орынға ие болған қайраткерлердің қызметін ашу, ХХ ғасырдың алғашқы жартысында республиканың қоғамдық-саяси өміріне белсенді түрде араласқан Садықбек Сапарбеков пен Әбілхайыр Досовтың қызметін талдау.

**Материалдар мен әдістер.** Ғылыми-зерттеу жұмысы барысында біз тарих және қоғамдық ғылымдарға кеңінен танымал әрі белсенді қолданыстағы бірқатар әдістерді пайдаландық. Олардың қатарында жалпыдан жалқыға өту әдісі. Әдіске сай мақала барысында алдымен Садықбек Сапарбеков пен Әбілхайыр Досов сынды ұлт қайраткерлерінің қалыптасуына түрткі болған ХХ ғасыр басындағы әлеуметтік-саяси ахуалға сараптама жасадық. Сонымен қатар мақала барысында біз мәселеге қатысты мәліметтерді салыстырмалы талдау әдісі бойынша пайдалануға тырыстық. Нәтижесінде салыстырмалы талдау әдісі объективтілік принципімен ұштасты. Мәселені жағымды және жағымсыз жайттарына қарамастан, шынайы көрсетуге тырыстық. Мақалада ішкі үйлесімділік пен логикалық бірізділік мәселесіне көңіл бөлінді. Нәтижесінде қойылған мақсатқа қол жеткізе отырып, мәселенің кешенді зерттелуіне қол жеткізілді.

**Негізгі бөлім.** Ұлттық зияткерлік әлеуетті қалыптастыруда зиялы қауымның алар орны ерекше. Әлеуметтік күш ретінде танылған адамдардың бұл тобы қоғам дамуына жағдай жасайды. Мұның нақты мысалын ХХ ғасырдың бірінші ширегіндегі ұлт қайраткерлерінің өмірі мен қоғамдық-саяси қызметінен анық көре аламыз. Рас ХХ ғасыр басында қалыптасқан ұлт қайраткерлерінің қызметі туралы жан-жақты әрі кешенді зерттеу жұмыстары жүргізілгенімен, бұл мәселенің қоғамның алға басуына әсер ететін тетіктері тұрғысынан және ұлт зиялыларын қалыптастыратын орта сынды мәселелер әлі де болса кешенді зерттеуді талап етеді. Демек мұндай маңызды мәселелер, ұлт зиялыларының зияткерлік әлеуетінің мүмкіндіктері мәселесі тәжірибе ретінде кешенді талданған жоқ деп айтуға толық негіз бар. Осы ретте болашақтағы ғылыми-зерттеу жұмыстар тарихи сабақтастық мәселесіне көңіл аударып, ұлт зиялыларының тарихи мұрасын кейінгі буын өкілдеріне қалыптастырудың жолдарына ерекше мән беруі тиіс.

Интеллигенция дегенді балама ретінде қолданбаудың өзіндік себептері де бар. Рас көп жылдар бойына шенеуніктік жүйе бойынша оқыған адамды зиялы қауым өкілдеріне жатқызып жатады. Сондықтан шын зиялының бағасын да, құнын да, қадір-қасиетін де қазақ ұғымынан алыстатып алғандай әсер қалдырады. Өйткені әліпті таяқ деп білмей-ақ та зиялы ер-азамат болған, болады береді. Мұнда әлеуметтік сана-сезімнің атқарары өте мол. Оған оқығандарымызды былай қойғанда, ертеректегі Бұқар жырау мен XX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүріп танылған Жамбыл Жабаевты атауға болады. Қазіргі қолданыстағы «зиялы» сөзі арабтан келгені мәлім. Оқығаны бар әрі белгілі бір білім мазмұнына ие азаматтарды зиялылар қатарына қосады. Демек мағыналық тұрғыда «интеллигент» сөзімен астасып жатыр. Дегенмен «интеллигенция» ұғымының әлеуметтік астары басым. Бұл ұғым көп жағдайда қоғамдық өмірге белсене атсалыпы, қоғамның саяси және әлеуметтік өзгерістеріне сай өзінің қызметінің негізгі бағыттарын айқындайтын азаматтардың есімімен тығыз байланысып жатыр.

Түркі халықтарының басын қосуды ойлаған Мұстафа Шоқай өзінің ұлт зиялылары туралы жазған мақаласында «зиялы» сөзінің мәнін жан-жақты ашуға тырысады. Мысалы ұлт зиялылары деп кімді атауға болады деген сауал қоя келе, бұл ұғымның үстірт қарағанда мағынасы тым жеңіл болып көрінетіндігін атап өтеді. Мұстафа Шоқай бұл ұғымды ашу, мәнін дәл анықтап берудің де оңай еместігін ерекше атап өтеді. Ол қазіргі таңдағы бір үрдістің қате екендігіне назар аударады. Демек оқыған азаматтардың барлығын немесе белгілі бір бағытта тәрбие көрген адамдарды түгелдей зиялы деп атауға келмейтіндігін анық айтады. Мұстафа Шоқай ұлт зиялылары деп белгілі бір мақсаттың төңірегіне топтасып, сол мақсатқа сай өзі қызметінің негізгі бағыттарын дәл анықтай білген, жүйелі жұмыстар атқарған азаматтарды атауға болады деп санаған. Ең бастысы ұлттық мүдде жолында өз қызметінің негізгі бағыттары ретінде саяси-экономикалық, әлеуметтік даму сынды маңызды мәселелерді шешуге талпынатын жан зиялы болады деп нақты тұжырымдайды [3; 388].

Қазір қоғам санасында «зиялы қауым» ұғымын шығармашылық интеллигенцияның балама атуы ретінде түсіну, қабылдау қалыптасқан. Кеңестік кезден қалыптасқан дәстүрлі көзқарас бойынша сол кезде жоғарғы оқу орнын бітірген дипломы бар мамандардың барлығы «зиялылар» санатына жатқызылды. Біркелкі идеологиялық ұстаныммен жоғары білім алып шыққан әртүрлі мамандық иелері «интеллигенция өкілдерін», яғни қоғамның зиялы қауымын құрды. Уағыт ағымы өте келе олардың арасынан іріктеліп, қоғамға өз еңбектері сіңіп, қоғамға танымал болғандары шығатын. Олардың ішінде әрине, ойын ашық жеткізе айтатын, халықтың, ұлттың қамын ойлаған сөзі өткір ақын-жазушылар мен өнер адамдарының беделі ерекше болды. Олар ұлтының нағыз зиялылары, жаршылары, жанашырлары бола білді. Зиялылық қазақтар қалың ұйысқан жерлерде, орталарда әлеуметтік институт ретінде танылып, бұқара халықтың зиялы адамдарға деген құрметіне жол аша білді. Бүгінгі таңда «зиялы қауымға» кімдерді жатқызуға болады...? Зиялы адамдар қоғамға қашанда керек. Зиялылық – тарихи процесс барысында өмірде орнығатын жақсы мен жаманды, дұрыс пен бұрысты елеп өткізіп отыратын қоғам сүзгі, халық даналығы мен дәстүр – салтын ұрпақтан ұрпаққа жалғастырушы.

Қазақ халқы алдымен осы талапты орындауға қарымы бар тұлғаларды ғана зиялы қауым қатарына қосқан. Яғни, қазақ танымында «зиялы» ұғымы қашанда ел мен жер, ұлт, мемлекет, отбасы, ұрпақ ұғымдарымен ұштасқанда ғана – өзінің төл мағынасына ие болады. Халықты ақыл-ойымен, даналы сөзімен аузына қарата алатын адам – ұлттың бар асыл қасиетін бойына жинақтаған, оның мұңын мұңдай, жоғын жоқтай білетін адам деп түсініледі.

Қазіргі таңдағы зиялыларға қатысты жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарын сараптай келе, мемлекеттің қоғамдық-экономикалық өмірінің дамуына үлес қосқан адамдарды атау дұрыс қалыптасқан деп санаймыз. Өйткені зиялы қауым ең алдымен өз заманының жемісі болып табылады. Зиялы қауымның пайда болуында капиталистік қоғам сұранысының талаптары түрткі бола алмайды. Рас зиялы ұғымына ұқсас оқыған азаматтар кез-келген тарихи кезеңде бола беруі ықтимал. Олар әлеуметтік сұраныстан туындаған заман ағымына сай болып, тіпті қоғамның белсенді және көрнекті мүшесі ретінде де танылуы мүмкін. Алайда олардың қызметінен белгілі бір ұлттың рухани мәдениетін жандандыру, ұлттық болмысына заманауи әр беру сынды ұрпақтан ұрпаққа берілетін маңызды міндеттерді, қызметтерін байқамаймыз. Дегенмен халықаралық саяси аренада ұлт болып танылған этнос өзіндік ұлттық зиялыларына ие болады. Ол тарихи заңдылық. Мұны қазақ тарихы ғана емес, әлемдік тәжірибе мойындатып отыр. Тарих үдерістің бетбұрысты жылдарында ұлт мүддесін жоғары қойған зиялыларға тән ерекшелік белгілі бір халық пен мемлекеттің тағдырын ұғынып, оны қорғау жолында басқарушылық және дипломатиялық қабілеттерімен танылады. Зиялысы жоқ халық бәсекеге қабілетсіз, тарих сахнасынан орны жоғалатын мәңгірттікке айналуы мүмкін. Немесе зиялысы бар, халқының тағдыры үшін күресетін ел бәсекеге қабілетті қасиеттерге ие бола біледі.

Тарих ғылымының зерттеп – зерделеу нәтижесінің пайымдауынша, Қазақстан жерінде сақтардан бастау алып түркі халықтары мекендеген замандарда, байырғы түркілер қоғамында зиялылардың мәртебесі мен құрамы мейлінше күрделі болған. Оның дәлелі Орхон-Енисей жазуларынан айғақтап біле аламыз. Руна жазуларында «білгіш кісілер, алып батыр кісілер» деген ұғым – терминдер қағандарға, тархандарға айтылса, «соғыс иесі, әскер иесі» деп әскер басылар мен қол бастаған батырларды атаған. Ал, Отырардан шыққан Әл-Фарабиді, Қожа Ахмет Яссауиді, жерұйық іздеген Асан Қайғыны зиялылар қатарына жатпайды деп кім айта алады?

Шалкиіз жыраудың жырында:

Ғадыл төре ел бастар,  
Батыр жігіт жау бастар,  
Аға жігіт қол бастар,  
Шешен адам сөз бастар [4; 195]

Осы жырда көрсетілгендей әр жолында қазақ зиялыларының әлеуметтік – кәсіби топтары тізіліп көрсетіліп тұрғанын көре аламыз.

Демек осы келтірген жайттардан туындайтын қорытынды интеллигенция – белгілі бір халықтың арасынан шығып, өзінің маңызды міндеті ретінде ұлттық мүддені қорғау ісімен тығыз байланысып жатыр деп айтуға толық негіз бар [5; 108].

Елімізде нарықтық қатынастар еніп, мемлекет пен қоғам мен индивид арасында нарықтық экономикалық қатынастар үстем бола бастағанына қарамастан, қазіргі қазақ қауымында «зиялылықтың» бұл ұғымы әлі де мағынасын жойған жоқ, дәстүрлі этнотәрбие бар кезде ол жойылмайды да. Қазір де зиялы деп – шығармашылық қабілетті, өмірлік тәжірибесі мол, көргені көп, дүйім жұртты соңынан ілестіре алатын, ұлт пен қоғам алдындағы жауапкершілігін айрықша сезінетін, өздері де өмірдегі мақсаттарының ұлтымен тығыз байланыста екенін айқын ұққан жандарды атау сақталып отыр.

«Тарих толқынында» атты еңбекте ұлт зиялыларының маңызды міндетті қалтқысыз қорғаумен қатар, олардың тағдырларының да ауыр аяқталғандығы туралы мәліметтерді кездестіреміз [6; 288]. Рас ұлт зиялыларының тағдыры қаншалықты ауыр болғанымен, олардың ұрпақ алдындағы қызметі де ұмытылмайды. Қазіргі таңда ХХ ғасыр басында қалыптасқан ұлт қайраткерлерінің есімін ұлықтауға бағытталған шараларды соның айқын дәлелі деп айта аламыз.

Осы аталған зиялы ұғымына сай, ХХ ғасыр басындағы ұлт қайраткерлерінің қызметін сараптасақ мынандай қорытындыға келеміз. ХХ ғасыр басындағы ұлт қайраткерлері зиялы ұғымына толыққанды сай болып, патшалық Ресей және кейіннен большевиктер билігінің ерекшеліктерін дәл анықтап, заман ағымына сай ұлт мүддесін қорғауға күш салды. Паишалық Ресей, Уақытша үкімет және большевиктер билігі тұсында да қазақ қоғамын дамытып, өзіндік мемлекеттілігіне қол жеткізуге тырысты. Мысалы бірінші орыс революциясынан кейін қалыптасқан ахуалға сай әрекет етіп, қоғам өмірінің барлық саласында белсенділік танытты. Мемлекеттік Думаға депутат ретінде сауал жолдап, қазақ халқының ауыр тағдырын жоғары мінберден көтере алды. Қазақ даласындағы ұлттық мүдденің аяқ асты болғандығын ерекше атап өткен петиция жазу ісін қолға алды. Патша үкіметінің отарлық саясатынан құтқаруға тырысып, Уақытша үкімет тұсында саяси белсенділік танытты. Уақытша үкіметтің жергілікті жерлердегі комиссары болып, орыс шаруаларынан көрген қорлығын ашық жазды. Большевиктік билік орнағанда қоғам өміріне атсалысып, зайырлы білім беру жүйесінің орнығуы, жергілікті басқару ісін оңтайландыру сынды қызметтерді белсенді атқарды.

**Зерттеу нәтижелері және талқылау.** Жалпы ХХ ғасыр басындағы ұлт қайраткерлерінің өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі мәселесі ел егемендігі тұсында ерекше белсенділікпен зерттелді. Қандай да бір идеологияның қысымынан ажыраған соң, мәселені жан-жақты кешенді зерттеудің мүмкіндіктері туындағаны рас. Нәтижесінде мәселе жан-жақты ашыла түсті. Алайда көпшілікке танылып үлгерген ұлт қайраткерлерінің ғана өмірін, қызметін зерттеу аздық етеді. Осы ретте аймақтарда жүріп, республиканың қоғамдық өміріне атсалысқан тұлғалардың мәселелері назардан тыс қалып келеді. Олардың басым көпшілігінің тағдыры жоғарыда атап өткеніміздей ауыр аяқталды. Елімізде азаматтарға тұңғыш рет сөз жүзінде кең құқық берген заң 1936 жылы 5 желтоқсанда қабылданғаны белгілі. КСРО-ның бұл жаңа конституциясы тарихта «Сталиндік конституция» деген атпен танымал болды. Осы Конституцияның қабылдануынан кейін наразы топтар пайда болды деген себептермен ұлт зиялы қауым өкілдері қуғындала бастады. Біз жоғарыда атап өткен ұлт қайраткерлері сол саясаттың құрбанына айналды.

КСРО Конституциясы Қазақ АКСР-інің Одақтық Республика болып қайта құрылғандығын жариялады. 1937 жылы Республика кеңестерінің төтенше X съезінде Қазақ ССР Конституциясы қабылданды.

Қазақстанда сот жүйесі, халық комиссариаты қайтадан құрылды, мемлекеттік басқару жүйесінің құрамы өзгерді. Қайта құру шаруашылық органдарда, қоғамдық ұйымдарда да жүргізілді.

Алайда бұл мемлекеттік актілерді қабылдау 1937-1938 жж. Саяси қуғын-сүргінмен жалғасын тапты. И.В. Сталиннің «екі жүзділердің, халық жауларының бәрінің тамырын шауып, жойып жіберу туралы» нұсқауы қолға алынып, жүзеге асырыла бастады. Әсіресе жеке адамдарға нұсқауланған қуғын-сүргін өте қатал түрде жүргізілді. Жазалауға ұшырағандардың қатарында тарих беттерінен әлі орын алмаған, зерттеуді қажет ететін, «буржуазияшыл», «ұлтшылдар», «халық жауы» деген айыптаулар тағылып, тоталитарлық саясаттың құрбандары болған, көзі ашық, көкірегі ояу саналы азаматтарымыз қаншама.

Сталин қайтыс болғаннан кейінгі жылдары алғашқы келешекте жасалуы мүмкін өзгерістердің құрылымдық сипаты туралы екі бағыт, екі көзқарас белгі бере бастады. 1953-1954 жылдары социалистік қоғамдағы қарама-қайшылықтардың сипаты, жеке адаммен халықтың тарихтағы рөлі, теория мен практиканың арақатынасы, басшылықтың ұжымдылығы және басқалар туралы айтыстар өрістеді. Пікір таласқа жазушылар мен интеллигенция өкілдері белсенді араласа бастады.

Қоғамдық өмірді сталинизмнен арылту жолындағы елеулі оқиға Л.П. Берияның (1953 жылы шілдеде КОКП ОК Пленумы ОК құрамынан босатты, партиядан шығарылды) қылмысты іс – әрекетін үзілді – кесілді тоқтату қоғамдық өмірді демократияландыру жолындағы маңызды кезең болды. И.В. Сталиннің өлімімен және Л.П. Берияны өкімет билігінен тайдырумен байланысты КСРО да өмір сүрген қандыбалық тәртіптің ең қаратүнек беттерінің бірі аяқталды [7; 542].

Елдегі демократиялық қайта құру үрдісі неғұрлым қарқынды жүре бастады. Бірақ И.В.Сталиннің өлімі ол құрған әкімшіл – әміршіл жүйенің күйреуі емес еді. Мындаған сотталған адамдар бұрынғыша лагерлерде отырды, ал адам құқығының аяққа басылуы Сталиннің өзі сияқты, қатысы болған көптеген саяси қайраткерлер (В.Молотов, Г.Маленков, Н.Хрущев) жоғары үкімет орындарында отыра берді. Дегенмен Илья Эренбергтің айтуынша, сталиншілдіктен арылудың «жылымық» кезеңі басталды [8; 542].

Міне осындай ұлт қайраткерлерін қуғындап, артынан ақтауға тырысқанымен ХХ ғасырдың басында қалыптасып үлгерген ұлт зиялы қауым өкілдерінің ұлттық мүдде жолындағы қызметі, жалпы адамзаттық құндылықтардың қазақ халқына да қатысты сақталуы жолындағы еңбектері ұрпақтар жадына қайта оралды. Қазақ халқының тәуелсіздігі мен қалыптасқан отарлық саясаттан азат ету үшін жасаған шаралары мен әрекеттері әлі де болса зерттеле түсуі тиіс. Мысалы қазақ халқын оятуға тырысып, «Оян, қазақ!» деп ұран көтерген Міржақып Дулатов Бутырск түрмесінде жазған хатында құлдыққа түскен қазақ халқына көмектесіп, оның заңды құқықтарының қорғалуын талап етуді өз міндеті әрі парызым деп білдім деген болатын. Алайда өзіне тағылған айып, яғни ұлтшылдық кінәсін бар болғаны өз ұлтын сүйумен байланыстырады [9; 3].

Халықтың саяси жағынан көзін ашу үшін қазақ зиялыларының көшбасшылары халықтың бойында білімге деген құлшынысты ояту, сауатсыздықты жою қажет екенін түсінді.

Міне, Қазақстанда 1928-1938 жылдардың арасында 105 мың адам тұтқындалып, 22 мыңы атылып кетті. Ал, Оңтүстік өңір бойыншы 7 мың адам тұтқындалып, 2,5 мың адам атылған. Қырғынға ұшырағандардың басым көпшілігі ең алдымен елдің сана- сезімінің иесі – зиялылар, оқығандар еді. Сталин неге сонша бұларға өш болды? Оған дәлелдер өте көп, алайда социалистік қоғам құру үшін оқыған саналы, өз ақыл-парасатымен ойлай алатын, кей тұста өзінше әрекет ететіндер емес, айтқанға көніп, айдағанға жүретіндерт керек болды.

1937-1938 жылдары қара дауылдан жан түршігерлік оқиғалар өңіріміздің Албастысай Қайтпас мекендерінде КСРО көшпелі әскери жоғары сотының төрағасы Горячевтің бұйрығымен өлкенің көптеген азаматтары жазықсыз атылған. Мұндай қара дауылдың құрбаны Садықбек Сапарбековта болды. Қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін өз өмірін сарып еткен қазақтың адал азаматтарының қатарында болып, бар болғаны 35 жыл ғана ғұмыр кешкен, соған қарамастан елі үшін, халқы үшін аянбай күрес жүргізіп, Қазақстанның көптеген қалаларында жауапты қызметтер атқарып, жазықсыз жазаланғандардың бірі, жалындап туған халқының біртуар ұлы Садықбек Сапарбеков болатын. Қазақ елінің тәуелсіздік алуымен дербес ел болуы, халқымыздың аршылмай, ашылмай жатқан тарихын қайта қарап таразылауға мүмкіндік жол ашты. Тарих қашанда әділ.

Ол қай уақытта болсада, сол кезеңге өзінің дұрыс бағасын береді. Тоталитарлық саясаттың жүргізілуінен халқымыз өзінің қаншама адал азаматынан айрылды. Оның дәлелі қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілдерінің жазықсыз жала жабылып атылғаны, қудаланғандары архив құжаттарынан айғақ. Бұл әрине қазақ халқы үшін орны толмас қасірет, қайғы. Біздің алдымызда жоғарыда аталған тарихи оқиғаларды жаңа архив деректерінің негізінде айқындауды жалғастыру қажет. Бұл ғылыми ізденістер өткенімізді жаңғыртып, жоғалтқанымызды еске салатындығы анық.

Халқымыздың біртуар ұлы, елінің бағына туған озық ойлы, алғыр азамат – Садықбек Сапарбеков. 1902 жылы Қызылорда облысының Жаңақорған ауданындағы Балапантөбе деген жерде дүниеге келген. Әкесі кедей шаруа болған. Жастайынан зерек болып өскен Садықбекті орыс класына береді. Ол мұнда 1912-1917 жылдар аралығында тәлім-тәрбие алады. 1919 жылға дейін Ақмешітте (қазіргі Қызылорда) орыс мектебінде білімін жалғастырады. Осы кезеңде ата-анасынан бірдей айырылып 1918-1919 жылдары Қызылордада балалар үйінде тәрбиеленеді [10; 3].

1917-1919 жылдар аралығында білімін көтере жүріп Ақмешіттегі большевиктік ұйымдарға қатысып, жаңа өмір жолына түсе бастады. Жас жігіттің ерекше қабілетін сол кезде-ақ байқаған аға буын өкілдері Ақмешіт уездік-қалалық комитетінің шешімімен оны Ташкентте жаңадан ашылған үгітші-ұйымдастырушылардың қысқа курсына оқуға аттандырады. Жақсы үлгеріммен аяқтады. Түркістан өлкелік партия комитеті Мәскеудегі Я.М. Свердлов атындағы коммунистік университеттің қысқа мерзімдік курсына ел ішіндегі 35 кісіні оқуға жіберіп жатқанда, сол құрамға Садықбекте ілініп, комсомол бөлімінде оқыды. 1920 жылдың күзінде оқуды үздік аяқтап, Ташкентке оралады да, жастар арасындағы ұйымдастырушылардың бірі болып қызметін бастайды.

1920-1923 жылдар аралығында қабілетті жас Түркістан өлкелік партия комитеті жанындағы партия мектебінің комсомол бөлімін басқарды. Сонымен оған Алматы, Жетісу облыстық комсомол комитетінің хатшысы қызметкерінде қоса атқаруға тура келді. Садықбектің шын жарқырап көзге түсуі осы кезеңдер болғаны анық. Өйткені ол бір емес, бірнеше жауапты қызметтерді қатар алып жүре алды, бәріне де уақыт таба білді.

Осы жылдар ішінде С.Сапарбеков көрнекті комсомол қайраткері, жақын досы Ғ.Мұратбаевпен қоян-қолтық араласты. Екеуі бірлесе отырып, шығыс жастарына жол –жоба ұсынды. Зейінді балаларды дереу қамқорлыққа алып тәрбиеледі. Жетім балдарды интернаттарға орналастыру, оқуға кіргізу, оларды жұмысқа орналастырушараларымен айналысты. Садықбек Сапарбековтың көмегімен оқуға түскен көптеген қазақ жастарының қатарында: Бейсенбай Кенжебаев, Айтбай Хангелдин, Жүсіпбек Арыстанов, Жайық Бектұров, Асқар Тоқмағанбетов, Өтебай Тұрманжановтарды атауға болады. Сонымен қатар Сапарбеков Садықбек қазақтың көрнекті қайраткерлері Сұлтанбек Қожанов, Тұрар Рысқұлов, Бекайдар Аралбаев тағы басқа кісілермен қызметтес болған.

С.Сапарбеков 1923 жылдың аяғында жоғарғы органның арнаулы шешімімен біріңғай партиялық қызметке ауысады. Әуелі Сырдария облыстық партиялық бақылау комиссиясы коллегиясының мүшесі және Қосшы облыстық комитетінің хатшысы болып жұмыс жасайды. 1924 жылы Ташкент уездік партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі қызметіне жоғарылатады. 1925 жылдың жазында демалысқа өз еліне оралған Садықбекті қазақ өлкелік партия комитеті оқуға жібермей, қызметке алып қалады. Бұл - сол кездегі көрнекті партия қайраткері, өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы Сұлтанбек Қожановтың шешімі болатын. 1926 жылдың қыркүйегінде Ақмола губерниялық партия комитетінің екінші хатшысы қызметіне аттандырды. 1927 жылы өлкелік партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі әрі бюро мүшесі болып тағайындалды. Ол бұл қызметте 1929 жылды аяғына дейін отырады. Ф.И. Голощекинмен қоян-қолтық жұмыс істеуіне, тіпті оның қитұрқы істеріне де лажсыз көнуіне тура келді. Жастайынан жаңа істерге араласып шынығып өскен Садықбек Ф.И. Голощекиннің ығында мүлде кетпейді. Оның жүргізіп отырған саясатына әділ баға бере білді. Мұны жазушы С.Мұқановтың «Есею жолдары» атты кітабындағы («Өмір мектебі», 3 том) берген бағасынан анық аңғаруға болады. С.Сапарбековтың жазушы С.Мұқановпен арасындағы кітапта сұрақ-жауаптасуынан байқалып тұрғанындай, оның өз ұстанымы, өз ойы, дұрыс бағыты болғаны айғақ. Айталық, С.Мұқановқа ақылын айтып, «сен Голощекинмен тістесіп қайтесің, оданда уақытша болса да бой тасалай тұрғаның жөн» деп, Мәскеуге оқуға жіберуі – ерлікке байлайтын іс [11; 132].

Қайраткер- азамат 1929 жылдың аяғында Ақмола округтік партия комитетінің хатшысы болып тағайындалып, екі жыл табан аудармай қызмет етеді. Бірік бұл жылдары елдегі жағдай өте ауыр болатын, қай басшыға да жеңіл тимеген уақыт еді. Ауыл шаруашылығын ұйымдастыру барысында орын алған кейбір жағдайлардың салқынымен Садықбек қызметінен төмендетіліп, 1931 жылы Қарсақпай аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіне ауыстырылды [12; 4].

Осында Қаныш Сәтбаевпен тығыз араласып, үлкен Жезқазған мәселесін, тағы басқада тау-кен шаруаларын көтерісуге жәрдемдеседі. Мысалы, 1931 жылдың көктемінде Қ.Сәтбаевтің ұсынысымен Садықбек Қарсақпай аудандық «Қызыл кенші» газетін (екі тілде) шығаруды қолға алды. Газет кеншілерге рух беретін, жаңа істерге жігерлендіретін басылым болды. Басылымның аяғынан тік тұрып кетуіне сол кездегі «комсомол ақыны» Ә.Тәжібаев тікелей атсалысты [13; 8].



1933 жылдың ортасында С.Сапарбеков Қызылорда уездік партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіне ауыстырылды. Ал, 1935 жылдың аяғында ол республика кәсіподақтары кеңесінің төрағасы қызметіне тағайындалды.

С.Сапарбеков тек қана комсомол, партия қайраткері болып қалған жоқ, ол сонымен қабат қазақ халқының іргелі ел болуы үшін қай салаға да, қай іскеде белсене кірісіп, жанын сала еңбек етуден бас тартпаған. Алғыр азамат көп нәтижелі іске басшылық етті, ілгері ізденімдерге негіз қалады.

Осындайда еске түседі, 20-30 жылдардағы партия қайраткерлерін бүгінгі күн көзімен бағалап, ісінен әйтеуір бір кінәрат тауып, дереу күйе жағып қаралай беру дұрыс па өзі?! Мұны тоқтала сөз ету себебіміз – соңғы жылдар көлеміндегі С.Сапарбековке қатысты деректер «ол кәмпескені жақтады, тыныш жатқан елді дүрліктіруге атсалысты» деген пікірлердің баспасөз беттерінде қылаң беруі. Садықбек 1933 жылдың ортасында Қызылорда ауданында бірінші хатшы болып тағайындалған соң, желтоқсан айында кезекті партия конференциясын өткізді. Конференцияны қорытындылаған сьзінде 1929 жылғы кәмпеске кезінде расымен асыра сілтеу болғанын, сол кездегі бірінші басшы (Голощекинді айтады) қандайда бір сынды дұрыс қабылдамай, тіпті ондай пікірлерді мүлдем айтқызыбағанын мәлімдеді. Демек, ол өз ісіне де сын көзбен қарай алған қайраткер. Өзін-өзі сынап білу де бір ерлік.

С. Сапарбеков 1937 жылдың қараша айына дейін, яғни, «халық жауы» деген жалған жалаға ілігіп, ұсталып кеткенше республиканың бірқатар облыстарына басшы жұмыстар атқарды.

Садықбек жас кезінен бастап-ақ мерзімді басылымдарға жиі араласып, мақалалар, мәселелер жариялатып отырған. Ол көкейдегі көрікті ойды қалың бұқара халыққа жеткізудің бірден бір төте жолы баспасөз екенін жақсы түсінген. 1930-1936 жылдары оның ойлы материалдары «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан»), «Советская степь» (Қазіргі «Казакстанская правда») газеттерінде жиі-жиі жарық көрді. Әдебиет әлеміне де атбасын бұрып, сол кездегі қазақ әдебиетінің ірі-ірі тұлғаларының еңбектеріне рецензиялар жариялап, әдеби ағымға үн қосты. Осының бірден –бір дәлелі – 1934 жылы С.Сейфуллиннің әдеби еңбегінің жиырма жылдығы тойланып жатқанда «Еңбекші қазақ» газетінде «Біздің Сәкен» атты терең мазмұнды, ойлы мақаласын жариялауы. XX ғасырдың I жартысында оңтүстігімізді түлеткен қазақ зиялыларының - өжет өрендеріміздің, қажымас күрескерлеріміз бен қарымды қаламгерлеріміздің қоғамдық қызметі, әлеуметтік орны, саяси тарихы, сонымен қатар 30 жж. жауыздыққа тап болып, қиястықтың қырына ілініп, қиянаттың құрбандары болғандығы тарихымыздан белгілі. Сондай қайраткердің бірі Қазақстанда Совет өкіметін құруға белсене қатынасқан, азамат соғысының от-жалынды жылдарында қан майданда революция жауларына қарсы күрескен, республикамызда партиялық-мемлекеттік істі ұйымдастырып, басқаруда үлкен еңбек сіңірген ірі қайраткерлердің бірі-Әбілхайыр Досов еді. Көкшетен шыққан белгілі революционер –большевик Әбілхайыр Досовтың сталиндік қуғын-сүргін кезінде қандай жаламен «халық жауы» атанып ұсталып, ату жазасына кесілгендігі жайлы бұған дейін мардымды ештеңе біле алмай, мұрағаттардың бірінің тас қараңғы түпкірінде аса құпия сақталып жатқан жеке ісінің жалғанның жарығынан шығарар күнді көксеуші едік. Сол күн туды, міне. Жігерлі бет-бейне, батыл кескініне үйлескен өткір жанары беріспес шайқастарға жаралған ер бұл Досов болатын.

Досов Әбілхайыр Ысқақұлы (1899-1938) - мемлекет және қоғам қайраткері. Көкшетау уезі Қотыркөл болысында (қазіргі Ақмола облысы) туған. 1916 жылы Омбы орыс-қырғыз (қазақ) жетім балалар пансионна орналасып, қазақ оқушы жастарының «Бірлік» мәдени-ағарту үйірмесіне мүше болған. 1917 жылы Қазан төңкерісінен кейін Омбы қырғыз (қазақ) кеңесі және облыстық революциялық трибунал мүшелігіне сайланды. Кейіннен төтенше комиссияның ерекше отрядын басқарған. Көкшетау облыстық төтенше комиссиясының инспекторы, Ресей Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің Сібір бюросы жанындағы татар, қырғыз (қазақ) секциясының хатшысы, «Кедей сөзі» газетінің редакторы қызметтерін атқарған. 1920 жылы қазан айында өткен Қазақ кеңестерінің I-құрылтай съезінде Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің төралқа мүшесі және хатшысы болып сайланған. 1936 жылдың қыркүйегінде 1932 жылдың 10 наурызында республикадағы алты облыстың бірі болып құрылған Оңтүстік Қазақстан облысының облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Оңтүстік Қазақстанға келген кезі еді. Оның кезінде мәдени-көпшілік халық ағарту саласына ерекше көңіл бөлінді. 1937 жылы 19 наурызда екі жылдық Шымкент мұғалімдер институты құрылды [14; 7].

Досовтың тергеудегі соңғы сөзі: «Қазақ жұртын өз еліндегі шұрайлы жерлерге орналастыру, Ертіс бойындағы құнарлы өлкелерді әділеттік тұрғыда қайта бөлу Сейфуллин бастаған топтың түпкі мақсаты еді. Өткеннің ащы сабағы көп нәрсені саралап, терең ойлануға үйретті. Бұдан 3-4 жыл бұрынғы ауыр халді ұмытуға болмайтын еді. Партия жүргізген солақай саясаттың салдарынан қазақ халқының тең жарымынан астамы аштан қырылғаны үшін өз ұлтымыз алдында Голощекин тәрзіді орыс отаршылдары

емес, туған халқының шын ұлдары, біздер жауапты едік. Оны біз ешқашан ұмыта алмаймыз! (Досовтың ісі, 4 том, 24 бет.) [15; 19].

1937 жылы қолдан ұйымдастырылған сталиндік зұлматтың салдарынан еріксіз қудалауға ұшырады. Досов анти-советтік буржуазиялық-ұлтшыл ұйымның мүшесі, қазақ халқына және партияға сатқындық жасаған халық жауы деп айыпталды. 1937 жылы 26 қарашада облыстық бюро комитет мүшелері: Таганский, Наживин, Чураков, Дуйсемалиев, Сафаров; ҚК(б)П Орталық Комитеті бюросының мүшелері: Асриев, Манкин, Умурзаков, Атаниязов; облыстық атқару комитетінің мүшесі Степанов; Облыстық НКВД басқарушылары Калинин пен Галихайдаровтардың қатысуымен өткен ҚК(б)П Оңтүстік Қазақстан облыстық комитеті бюросының отырысының шешімімен Досовты партия мен қазақ халқына сатқындық жасаушы деп, облыстық комитет пен қалалық комитеттің хатшысы қызметіне босатылып, ҚК(б)П қатарынан шығарылды.

Осы уақытта Досов Әбілхайыр Ысқақұлы Шымкент қаласы Свердлов көшесі 43 үй мекенжайында мекендеген болатын. Жолдасы Досова Загирамен үш перзент тәрбиелеген.

Туған халқына ісімен ғана емес, қаламымен де қызмет етуді ойлаған қайраткер бірнеше кітаптар да жазды. Мысалы, ол 1928 жылы «Мәдениет майданындағы міндеттеріміз» деген жеке кітапша түзіп, жарыққа шығарды.

Ендігі міндет сол құнды дүниелерді жинастырып, туған халқына танымал болмақ.

Садықбек Сапарбеков 1937 жылы 58-1а, 58-2, 58-7, 58-8, 58-11 баптары бойынша айып тағылып, жазықсыз «халық жауы» болып тұтқынға алынды. 1938 жылы Алматыда ату жазасына кесілді.

КСРО Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясының 1958 жылғы 21 қаңтардағы анықтамасы бойынша С.Сапарбековқа қатысты 1938 жылғы үкімі жойылып, қылмыс құрамының жоқтығына байланысты іс тоқтатылды.

1937 жылы 26 қарашада Әбілхайыр Досов тұтқынға алынды. 1938 жылы 8 наурызда КСРО жоғарғы сотының әскери алқасының шешімі бойынша РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-2, 58-7, 58-8, 58-11 ісі бойынша сотталып өлім жазасына кесілген. Үкім сол күні орындалды. КСРО Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясының 1956 жылғы 12 мамырдағы анықта-масы бойынша Ә.Досовқа қатысты 1938 жылғы 8 наурыздағы үкімі жойылып, қылмыс құрамының жоқтығына байланысты іс тоқтатылды [16; 4].

Әбілхайыр Ысқақұлы Досов 1938 жылы 39 жасында өкінішті қазаға душар болды. Шымкент аспаны астында айдарынан жел ескен асыл тұлға – Әбілхайыр Досовтың соңғы демі, татар дәмі осылай таусылыпты. Одан бері де дауылдаған талай мезгіл, уақыт өтті.

Әбілхайыр Ысқақұлы Досовтың ардақты атын, оның тарихи адал еңбегін туған халқы ешқашанда ұмытпай есінде сақтайды.

**Қорытынды.** Қорыта айтқанда, ХХ ғасырдың I жартысындағы Оңтүстік өлкедегі қазақ зиялылары, олардың тарихы мен тағдыры туралы толыққанды ұғымды қалыптастыруда өлкеміздегі халқының тәуелсіздігі үшін күрескен, «халық жауы» атанып, құғын-сүргінге ұшыраған зиялыларымыздың тағдыры туралы тарихи мағлұматтарды терең зерделеудің маңызы өте зор. Мұндай тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметтері мен тарихтағы орнын анықтап, тиісінше баға беріп, ұрпақтарға аманат ретінде жеткізу – біздің алға қойған мақсатымыздың бірі болып табылады.

Бүгінгі өскелең ұрпаққа өткен тарихымыздың ұлтжанды тұлғаларының көрнекті қызметі мен арман-мақсаттарын тарихи ғылыми негізде жеткізу маңызды саналады. Себебі, біздің басты мақсаттарымыздың бірі қазіргі тәуелсіз Қазақстанның жаңа зиялы тобын қалыптастыру және олардың жауапкершілігін қоғам алдында түсіну болып табылады. Бұл үрдіс қоғам мен зиялы топтың арасындағы өзара үндестік пен сабақтастықты жақындата түсетіндігі сөзсіз.

Зерттеп-зерделеу жұмыстарының нәтижесінде деректерден байқағанымыз ұлтының болашағы үшін өз өмірін құрбан еткен көптеген зиялы қауым өкілдері бар. 1930-1940 жылдардағы репрессияның Оңтүстік өлке өңіріне ықпалы нәтижесінде репрессия құрбаны болған, «көкірегі ояу, көзі ашық» азаматтарымыздың іс әрекеттерін жан-жақты көрсетіп, тарихтағы өзіндік орнын айқындап беру-бүгінгі ұрпақтың парызы.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Мәмбет Қойгелдиев. *Тарих- күрес алаңы: мақалалар, сұхбаттар.* – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС; «Дәстүр», 2015. – 94б. 388 б.
2. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру». //Ана тілі. 2017. 12 сәуір. – 5-бб.
3. Мәмбет Қойгелдиев. *Тарих- күрес алаңы: мақалалар, сұхбаттар.* – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС; «Дәстүр», 2015. – 94 б. – 388 б.

4. *Бес ғасыр жырлайды.* – Алматы: «Жазушы», 1984. – I. – 195 б.
5. *Отан тарихы.* 2016. - №1. – 108 б.
6. Н.Ә.Назарбаев. *Тарих толқынында.* – Алматы: Атамұра, 2013. – 15 б. 288 б.
7. *Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін бес томдық).* – 4 том – 2011. – 542 б.
8. *Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін бес томдық).* – 4 том – 2011. – 542 б.
9. Жұмат Әнесұлы. /Қуғынмен басталып, азаппен аяқталған ұлы ғұмыр. Abai.kz
10. Ш.Қ.С.Қ.С.М. КП №286/3
11. Ш.Қ.С.Қ.С.М. КВФ № 49/128 Стаття Кульжия Жидекова «Полвека забвения» «Вечерная Астана» №132
12. Ш.Қ.С.Қ.С.М. КП №286/4
13. Тағдыр және тағылым [Мәтін] / Б.Жұмат.// Егемен Қазақстан. – 2013 – 26 қыркүйек. – 8 б.
14. Бірінші басшылар: [Оңтүстік Қазақстан облысын әр жылдары басқарған бірінші хатшылар мен әкімдер жайында] //Оңтүстік Қазақстан. – 2012. – қазан. – 3 б.
15. Тұрысов Е. Арқадағы аманат. Әбілқайыр Досовтың соңғы сөзі. /Е.Тұрысов //Шымкент келбеті. - 2003. – 1 тамыз. – 19 б.
16. Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін музейі КП №914/1.

Reference:

1. Mämbet Qoigeldiev. *Tarikh- küres alaıny: maqalalar, sükhbattar.* – Almaty: «Qaratau KB» ZhShS; «Dästür», 2015. – 94b. 388b
2. Nazarbaev N.Ä. «Bolashaqqa bağdar: Rukhani zhañğyru». //Ana tili.2017. 12 säuir . 5-6b.
3. Mämbet Qoigeldiev. *Tarikh- küres alaıny: maqalalar, sükhbattar.* – Almaty: «Qaratau KB» ZhShS; «Dästür», 2015. – 94b. 388b.
4. *Besğasyr jyrlaidy.* – Almaty: «Jazuşy», 1984. – I. – 195b.
5. *Otan tarihy.* 2016. - №1. – 108b
6. N. Ä.Nazarbaev. *Tarikh tolqynynda.* – Almaty: Atamūra, 2013. – 15b. 288 b.
7. *Qazaqstan tarihy (köne zamannan büginge deiin bes tomdyq).* – 4 tom – 2011. 542 b.
8. *Qazaqstan tarihy (köne zamannan büginge deiin bes tomdyq).* – 4 tom – 2011. 542 b.
9. *Zhūmat Änesūly. / Quğynmen bastalyp, azappen aiaqталған ülyğūmyr. Abai.k*
10. Sh.Q.S.Q.S.M. KP №286/3
11. Sh.Q.S.Q.S.M. KVF № 49/128 Statia Kulzhüia Zhidekova «Polveka zabveniia» «Vechernaia Astana» №132
12. Sh.Q.S.Q.S.M. KP №286/4
13. *Tağdyr zhäne tağylym [Mätın] / B.Zhūmat.// Egemen Qazaqstan.* – 2013 – 26 qyrküiek. – 8 b.
14. *Bırınşı bassylar: [Oñtüstik Qazaqstan oblysyn är jyldary basqarğan bırınşı hatsylar men äkimder jaiynda] //Oñtüstik Qazaqstan.* – 2012. - qazan. - 3b.
15. *Türysov E. Arqadağy amanat. Äbilqaiyr Dosovtyñ soñğy sözi. /E.Türysov //Şymkent kelbeti. -2003. -1 tamyz. – 19b.*
16. *Şymkent qalalyq saiasi quğyn-sürgin muzeii KP №914/1.*

МРНТИ 03.20.  
УДК 82.091

Закирова И.Г. \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup> д.филол.н., Академия наук республики татарстан Институт языка,  
литературы и искусства им. Г. Ибрагимова, г. Казань, Республика Татарстан  
E-mail: [ilzakirova@mail.ru](mailto:ilzakirova@mail.ru)

## ХУДОЖЕСТВЕННАЯ СПЕЦИФИКА КОНЦЕПТА ИСТОРИЧЕСКОЙ ЛИЧНОСТИ

### Аннотация

В статье рассмотрены художественные концепции исторических личностей в казахских исторических романах XX века.

Исследованы художественные концепции исторических личностей в казахских исторических романах XX века, проведены сравнительно-исторические исследования особенностей истории эпохи Золотой Орды и авторских концепций исторических личностей той эпохи. На основе концепций И. Есенберлина об исторических личностях эпохи Золотой Орды в его исторических романах был определен уровень исторической действительности и вымышленных художественных сочетаний. Отмечается, что авторские взгляды, особенно образ исторических личностей, активизировались в контексте смены исторической и социокультурной парадигм. Выявлена актуальная ценность исторического периода и сущности высказывания исторических личностей. Научная новизна исследования заключается в выявлении изменений художественно-исторического дискурса в авторских концепциях эпохи Золотой Орды в многогранных художественных материалах исторической романистики двадцатого века. Системно-сравнительный анализ эпохи Золотой Орды и концепции исторических личностей того времени, сыгравших важную роль в становлении казахской государственности, - выявил актуальность полученных результатов: На основе исторических романов XX века проведены сравнительно-исторические исследования художественных особенностей авторских концепций, касающихся истории и исторических личностей эпохи Золотой Орды; На материалах трилогии И.Есенберлина «Золотая Орда» исследована специфика художественной концепции связи исторических личностей эпохи Золотой Орды с идеями государственности.

**Ключевые слова:** историческая личность, национальные ценности, исторический период, история эпохи Золотой Орды.

И.Г. Закирова\*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>филол.г.д, Татарстан Республикасы Ғылым академиясының Г. Ибрагимов атындағы тіл,  
әдебиет және өнер институты, Қазан қ-сы, Татарстан Республикасы  
E-mail: [ilzakirova@mail.ru](mailto:ilzakirova@mail.ru)

## ТАРИХИ ТҰЛҒА КОНЦЕПТІСІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

### Аңдатпа

Мақалада XX ғасырдағы қазақ тарихи романдарындағы тарихи тұлғалардың көркем тұжырымдамалары қарастырылды.

XX ғасырдағы қазақ тарихи романдарындағы тарихи тұлғалардың көркем тұжырымдамалары зерттелді, Алтын Орда дәуірінің тарихы мен сол дәуірдегі тарихи тұлғалар туралы авторлық тұжырымдамалар ерекшеліктеріне салыстырмалы-тарихи зерттеулер жүргізілді. І.Есенберлиннің тарихи романдарындағы Алтын орда дәуірінің тарихи тұлғалары туралы тұжырымдамалары негізінде тарихи шындық пен ойдан шығарылған көркемдік қоспалар деңгейі айқындалды. Авторлық көзқарастардың, әсіресе тарихи тұлғалар бейнесінің тарихи және әлеуметтік-мәдени парадигмалар ауысуы контекстінде белсене түскені аталып өтті. Тарихи кезең мен тарихи тұлғалар тұжырымы мәнінің өзектілік құндылығы айқындалды. Жиырмамыншы ғасырдағы тарихи романистиканың сан қырлы көркем материалдарындағы Алтын Орда дәуіріндегі авторлық тұжырымдамалардағы көркемдік және тарихи дискурс өзгерістерін анықтау зерттеудің ғылыми жаңалығы болып табылады. Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуында маңызды рөл атқарған

In the current "second wave", the migratory contingent is different. First of all, the main flow is Russians of conscription age, men who do not necessarily have the initial capital for full assimilation in a new place, with different levels of education, qualifications and past experience to make a living. It is important that a significant part of those who arrive are young people who just yesterday had no plans to move to another country and do not have a complete adaptation plan in a new place, which can exacerbate the criminogenic situation in the regions of liquidation of the arrivals.

No matter how you look at it, this situation does not provoke a positive attitude of the Kazakhs towards the "second wave" of immigrants. However, there is also a neutral position among a certain part of our citizens, who sympathize with the current situation and are ready to visit the country of their neighbors.

Among the negative aspects, in the first place, the forced or artificial surcharge in the regions of arrival of immigrants. These are often large cities - Almaty and Astana, in which today there is an increase in prices for rent and purchase of real estate. At the same time, dumping and other unscrupulous business approaches are possible risks, as well as increased corruption risks associated with the legalization and registration of foreign citizens and companies in Kazakhstan.

The director of the Institute of European Law and Human Rights, Marat Bashimov [16], believes that the closure of the border can lead to a deterioration in economic exchange, since it will affect the food security of the northern regions of Kazakhstan. Reliance on imports of goods and food is very significant and can "knock down" all border trade, leading to increased prices and shortages of goods.

At the same time, the economist Almas Chukin [17] points out that it is too early to panic, since our neighbor may be the first to close the borders. Russia is supposed to close its borders. And citizens will not be able to travel outside the country. Then the question will close itself. Ukraine did the same in early March. There, men between the ages of 18 and 60 cannot even leave their territorial area, that is, the town. Those who have already arrived in Kazakhstan, according to the economist, can stay in the country for up to 90 days. During this time, they will decide what to do next. Anyone who can find a job can get a residence permit.

During the first flow of Russian migrants, First Vice Minister of Internal Affairs Marat Kozhaev told a Mazhilis meeting that the number of Russian citizens arriving in Kazakhstan had increased. Since January 1, 457,000 foreigners have arrived in Kazakhstan, most of them from neighboring countries: Uzbekistan, Russia. From February 24 to April 11, 130,000 Russian citizens entered Kazakhstan, more than 120,000 left. Compared to 2021, this is more than double, in the context of the pandemic, the borders were closed. Compared to previous years, 2017, 2018, this figure is three times lower. In the first quarter, 350-360 thousand people entered from Russia in those years.

According to him, fewer Ukrainian citizens have arrived in the Republic of Kazakhstan, amounting to 3,481 Ukrainian citizens who are in our country, 170 Russians and seven Ukrainians applied for citizenship. These figures are similar to previous years. The number of those who apply for the right to temporary residence is growing: if before 350-400 people applied per quarter, now there are more than a thousand: 1,055 from Russia. All these migration processes are controlled. The «E-konak» system works and everyone sends notifications through this system [18].

As it was said earlier that despite the rather significant influence of citizens of Russia and Ukraine, one could single out a positive dynamics in the economic sphere in terms of sanctions measures. Majilis Chairman Yerlan Koshanov, on the sidelines of parliament, spoke about the growth of migration to Kazakhstan from Russia, Ukraine and Belarus due to hostilities in Ukraine and sanctions against Russia. The speaker of the chamber highlighted the high qualification of the arrivals. He pointed out that a positive aspect should also be seen here. Highly qualified specialists come to us, find their niche, open a business, create jobs, and paytaxes. Kazakhstan only benefits from this. He spoke about the beneficial effect of the growth of competition in the market. Competition is intensifying, but Kazakhstani companies must be ready for this. Who benefits from the competition in the end? This is our population, because the quality of goods and services will improve [19].

Generally, Kazakhstan is carrying out productive work with various organizations on migration policy, for example, within the framework of the CIS. In the CIS member states, work is underway to create automated systems for registering migrants. However, despite efforts to improve migration statistics and improve migrant registration, there are serious problems in the quality and comparability of national data at the international level. For several CIS member states, over the years there have been significant discrepancies (sometimes several times) between the values of long-term migrant flows leaving one country and arriving in another. These discrepancies lead to a statistical paradox when both partner countries have a positive migration balance at the same time. In 2018, K. Tokayev highlighted the important role of IOM in solving the problems of streamlining migration processes in the region and around the world [20]. Kazakhstan intends to remain an active partner of IOM and expand its interaction with the organization. Issues relating to the regulation of migration in the near future will remain high on the agenda of Kazakhstan. He spoke in favor of improving international legal norms regulating the spheres of migration, reception and adaptation of refugees. He stressed that Kazakhstan supports the development of the Global Compact for Safe, Orderly and Regular Migration and actively participates in the negotiation process. In turn, U.L. Swing called Kazakhstan a key partner for IOM and called for continued active cooperation in managing migration in Central Asia.

**Discussion.** According to the migration crisis in Europe, we can make the next derivations:

1. The influence of migrants to the European Union and terrorist attacks in Europe, which have become more frequent in recent years, have demonstrated a completely new degree of interdependence of states.

2. The migration crisis has shown the strengths and weaknesses of European integration. It should be noted that on the one hand, the EU countries have accumulated extensive experience in overcoming difficult situations, and EU members are interested in maintaining European stability and development. On the other hand, the question of European solidarity is doubted because the population of Europe is showing their discontent towards the migrants more and more.

3. The influence of migrants can be streamlined if Brussels and the main EU countries take into account the impact of external factors on the situation and will direct efforts to achieve a political settlement in the countries of origin of migrants adjacent to the European Union.

Hopefully, the European Union finds an effective solution that will put end to the crisis. Following talks in Ankara, Michel and Von der Leyen announced their readiness to increase financial assistance and start negotiations on modernizing customs cooperation with Turkey. The expansion of the customs union will give the latter full access to the internal market of the world's largest trading bloc. The EU is Turkey's main trading partner, in 2020 the volume of trade between the parties amounted to \$143 billion. Von der Leyen also indicated his readiness for regular contacts at the highest level for cooperation in the field of health care, mainly the fight against COVID-19, as well as to discuss climate issues. In return, Ankara is expected to take the following steps:

- stop drilling in the eastern Mediterranean and start negotiations with Greece and Cyprus;
- stop provocations that violate international law;
- accommodation of immigrants and assistance in the fight against illegal immigration.

However, Turkey and the EU are not yet ready to form a positive agenda for relations. The parties are likely to be able to agree on the resettlement of the refugees, but Ankara's ongoing disputes with Greece and Cyprus and its lack of respect for the rule of law are unlikely to give the EU a chance to start negotiations. on the expansion of the customs union.

At the same time, Kazakhstan is included in global migration processes, although to a much lesser extent. Thus, the processes of external and internal migration in Kazakhstan are influenced by challenges and trends at the global, regional and national levels, among which the most important are:

At global level:

- increased competition for qualified and highly qualified human resources among both developed and rapidly developing countries;
- Point out educational migration as a special category and consider it as a factor to increase the competitiveness of countries and build human capital.

At regional level:

- labor migration within the Eurasian migration system is accompanied by a “brain drain” (more than half of migrant workers have specialized higher or secondary education);
- in a situation where the system of social elevators has been destroyed in almost all the countries of Central Asia, migration has become one of the ways that the population, mainly young people, uses to expand life opportunities, improve status, accelerate upward social mobility, self-actualization.

Thus, these documents in their entirety make it possible to trace the migratory dynamics in Kazakhstan for more than a decade, including the transformation of the mechanisms and institutions for the management of migratory processes, as well as the main legal documents that regulate migratory processes.

**Conclusion.** In conclusion, doubts remain about the future immigration policy. The coronavirus has become a controversial but effective argument in favor of closing borders, but at the end of the pandemic, Europe will have to choose between “paying” for the retention of immigrants (clearly more than the current 6 billion) and spending these funds in defending the southern borders, appeasing the supporters of the extreme right, receiving at the same time a humanitarian catastrophe on its borders (Turkey is simply not going to accept refugees back), in the elimination of which the EU will definitely be involved. The rethinking of the open door policy due to the pandemic has already opened up a huge opportunity for Eurosceptics, and opening borders means giving them a chance to break the post-WWII order. Last time, not all EU members agreed to accept immigrants, and so far there is no reason to believe that their position has changed much over the years.

In analyzing the position of Kazakhstan, interethnic processes are always in the center of attention of both researchers and society as a whole. Conflicts on this ground in any country of the world arouse not just interest, but concern among different groups of the population. As happened in the long crisis between Russia and Ukraine. In this situation, Kazakhstan is part of the migration process in a crisis, accepting citizens of the conflicting parties. Of course, the pandemic factor that hit the economies of all countries of the world and the geopolitical situation in the post-Soviet space also plays here. On the other hand, the benefit for the country is mainly worth it: the first is in the creation, first, of domestic production, which can be facilitated by the flow of migrants, regardless of the length of their stay, and the second is concentration in the context of crisis and sanctions measures.

#### References:

1. Abel, G.J. (2018). *Non-zero trajectories for long-run net migration assumptions in global population projection models. Demographic Research*, 38(54):1635–1662.
2. Bakewell, O. (2018). *Research beyond the categories: The importance of policy irrelevant research into forced migration. Journal of Refugee Studies*, 21(4):432–453.

3. Birx, H.J. (2010). *Anthropology culture*. In H.J. Birx, Ed., *21st Century Anthropology: A Reference Handbook* (vol. 1, pp. 442–452). Thousand Oaks, CA: SAGE.
4. Bradley, M. (2019). *Resolving refugee situations: Seeking solutions worthy of the name*. World Refugee Council Research Paper No. 9. Waterloo, Canada: Centre for International Governance Innovation.
5. National Academies of Sciences, Engineering, and Medicine. (2019). *Forced Migration Research: From Theory to Practice in Promoting Migrant Well-Being: Proceedings of a Workshop*.
6. Kramer, I. (2018). *Germany integrating migrants quickly, according to business chief* [Electronic resource] URL: <https://www.thelocal.de/20181214/germany-integrating-migrants-quickly-business-chief/>(access date: 03.08.2022)
7. Mezhevich, N.M. (2019). *Review on the book “Global and Regional Aspects of Migration Processes”*. *Administrative Consulting*. 2019;(8):151-153.
8. Asselborn, J. (2022). *Additional facilities required to accommodate Ukrainian refugees, says minister* [Electronic resource] URL: <https://today.rtl.lu/news/luxembourg/a/1877332.html>(access date: 03.08.2022)
9. Devictor, X., and Q-T. Do. (2017). *How many years have refugees been in exile? Population and Development Review*, 43(2):355–369.
10. Knaus, G. (2018). *MMC interviews Gerald Knaus: “Invasion? What invasion?”* [Electronic resource] URL: <https://mixedmigration.org/articles/mmc-interviews-gerald-knaus-invasion-what-invasion/>(access date: 05.08.2022)
11. Sudbury, I. (2021). *EU-Turkey refugee deal is a humanitarian failure – report* [Electronic resource] URL: <https://ahvalnews.com/refugee-deal/eu-turkey-refugee-deal-humanitarian-failure-report>(access date: 05.08.2022)
12. Zhusupova, A. (2019). *Koronavirus i kazakhstanskoye obshchestvo: chto izmenitsya?* [Electronic resource] URL: <https://ekonomist.kz/zhusupova/koronavirus-i-kazobschestvo/>(access date: 06.08.2022)[in Russian]
13. Toktarov, E. (2018). *Vse idet k tomu, chto Kazakhstan iz mnogonatsional'noy strany prevratitsya v mononatsional'nuyu* [Electronic resource] URL: <https://zonakz.net/2018/09/06/vse-idet-k-tomu-chto-kazaxstan-iz-mnogonatsionalnoj-strany-prevratitsya-v-mononatsionalnuyu/> (access date: 06.08.2022) [in Russian]
14. Beisebaev, K. (2018). *Migratsiya rabochey sily v Kazakhstane: kogo vvodit v zabluzhdeniye Mintruda?* [Electronic resource] URL: <https://m.forbes.kz/massmedia/migratsiya-rabochey-silyi-v-kazahstane-kogo-vvodit-v-zabluzhdenie-mintruda> (access date: 09.08.2022)[in Russian]
15. Orazgalieva, A. (2022). *Rasskazali, kak tsena na kvartiru, kotoruyu khoteli snyat' i uzhe dogovorilis' s arendodatelem, vyrosla s 350 do 500 tysyach tenge v mesyats* [Electronic resource] URL: <https://zonakz.net/2022/10/03/rasskazali-kak-cena-na-kvartiru-kotoruyu-xoteli-snyat-i-uzhe-dogovorilis-s-arendodatelem-vyrosla-s-350-do-500-tysyach-tenge-v-mesyac/>(access date: 09.08.2022)[in Russian]
16. Bashimov, M. (2022). *Priyekhavshiye rossiyane: Uchim kazakhskiy yazyk i blagodarim kazakhstantsev za dobrotu* [Electronic resource] URL: <https://informburo.kz/stati/priyexavshie-rossiyane-ucim-kazaxskii-yazyk-i-blagodarim-kazaxstancev-za-dobrotu>(access date: 09.08.2022)[in Russian]
17. Chukin, A. (2022). *Vysokiye tseny na arendnoye zhil'ye tolkayut rynek vpered* [Electronic resource] URL: <https://el.kz/ru/news/news/vysokie-tseny-na-arendnoe-zhile-tolkayut-rynek-vpered-ekspert/>(access date: 09.08.2022)[in Russian]
18. *Rossijan zhelayushih pereselit'sya v Kazahstan stalo v razy bol'she. Ob jetom rasskazali v MVD*[There are many more Russians wishing to move to Kazakhstan. This was reported to the Ministry of Internal Affairs] [Electronic resource] URL: <https://otyrar.kz/2022/04/tysyachi-rossiyan-prosyat-vid-na-zhitelstvo-v-kazahstane/?amp> (access date: 15.08.2022)[in Russian]
19. *Kazahstanskij biznes dolzhen byt' gotov k konkurencii - spiker Mazhilisa* [Kazakh business must be ready for competition - speaker of the Mazhilis] [Electronic resource] URL: [https://www.inform.kz/ru/kazahstanskij-biznes-dolzhen-byt-gotov-k-konkurencii-spiker-mazhilisa\\_a3927510](https://www.inform.kz/ru/kazahstanskij-biznes-dolzhen-byt-gotov-k-konkurencii-spiker-mazhilisa_a3927510) (access date: 15.08.2022) [in Russian]
20. *Kasym-Zhomart Tokaev prinjal glavu Mezhdunarodnoj organizacii po migracii* [Kassym-Jomart Tokayev received the head of the International Organization for Migration][Electronic resource] URL: [https://www.inform.kz/ru/kasym-zhomart-tokaev-prinyal-glavu-mezhdunarodnoy-organizacii-po-migracii\\_a3251934](https://www.inform.kz/ru/kasym-zhomart-tokaev-prinyal-glavu-mezhdunarodnoy-organizacii-po-migracii_a3251934) (access date: 15.08.2022)[in Russian]

ӘӨЖ76.01  
ХҒТАР76.01.09

А.Т. Алышкенова<sup>\*1</sup>, С.С. Асанова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилёв атындағы ЕҰУ 2-курс докторанты, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан

E-mail: [aigul\\_alshykenowa@mail.ru](mailto:aigul_alshykenowa@mail.ru)

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5461.01>

<sup>2</sup>М.Әуезов атындағы ОҚУ, PhD, доцент, Қазақстан Республикасы, Шымкент

E-mail: [saltanat\\_dake@mail.ru](mailto:saltanat_dake@mail.ru)

## ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ТАРИХЫ (1932-1991)

### Аңдатпа

Мақалада, бұрын ғылыми айналымға енгізілмеген архивтік құжаттар негізінде Оңтүстік Қазақстан облысының 1932-1991 жж. денсаулық сақтау ісінің қалыптасу процесі зерттеледі. Сонымен қатар, осы саладағы мемлекеттік саясат пен халықтың денсаулығын жақсарту бойынша атқарылған шаралар туралы қосымша мәліметтер ұсынылады. Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау жүйесі кеңестік кезеңнің өзінде медицина саласындағы мамандарды даярлау, ғылыми орталықтармен байланыс орнату арқылы дәрілік препараттар мен дәрі-дәрмектерді өңдеу, емдеу шараларын ұйымдастыру, елде-мекендерде ауруханалар салу мен оның техникалық базасын күшейтуге бағытталды. Мақаланың хронологиялық кезеңі бойынша Оңтүстік Қазақстан облыстық архиві мен ҚР Орталық мемлекеттік архиві қорындағы деректерді ғылыми айналымға енгізу арқылы өңірдегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға кезең бойынша толық сипаттама беру, өсу және төмендеу көрсеткіштерін анықтау және негізгі мәселелер бойынша толыққанды сипаттама беруді қамтиды. Облыстың медицина саласы Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары мен 1970-жылдары қанқынды түрде дамыды. Бұл өңірдің орналасуы мен өзіндік ерекшеліктеріне байланысты болды. Мақала ғылыми зерттеудің салыстырмалы-тарихи, мәліметтерді тарихнамалық жүйелеу және деректемелік іздестіру әдістеріне негізделген.

**Түйін сөздер:** медицина, Оңтүстік Қазақстан, денсаулық сақтау жүйесі, дәрі-дәрмек, емдеу, мамандар, ауруханалар.

Алышкенова А.Т.<sup>\*1</sup>, Асанова С.С.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Докторант 2 курса ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Республика Казахстан, Нур-Султан

E-mail: [aigul\\_alshykenowa@mail.ru](mailto:aigul_alshykenowa@mail.ru)

<sup>2</sup>PhD, доцент ЮКУ им. М. Ауезова, Республика Казахстан, Шымкент

E-mail: [saltanat\\_dake@mail.ru](mailto:saltanat_dake@mail.ru)

## ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ В ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ (1932-1991)

### Аннотация

В 1932-1991 гг. Южно-Казахстанской области на основании архивных документов, ранее не включенных в научный оборот, изучается процесс становления здравоохранения. Кроме того, будут представлены дополнительные сведения о государственной политике в этой сфере и о проводимых мерах по улучшению здоровья населения. Система здравоохранения Южно-Казахстанской области еще в советский период была ориентирована на подготовку специалистов в области медицины, обработку лекарственных препаратов и лекарственных препаратов путем установления связей с научными центрами, организацию лечебных мероприятий, строительство больниц в населенных пунктах и усиление их технической базы. Введение в научный оборот данных из фондов Южно-Казахстанского областного архива и Центрального государственного архива РК по хронологическому периоду статьи включает подробное описание санитарно-эпидемиологической ситуации в регионе по периодам, определение показателей роста и снижения, а также подробное описание основных вопросов. Медицинская отрасль области развивалась в годы Второй мировой войны и в 1970-е годы. Это было связано с расположением и

самобытностью региона. Статья основана на методах сравнительно-исторического научного исследования, историографической систематизации данных и источникового поиска.

**Ключевые слова:** медицина, Южный Казахстан, система здравоохранения, медицина, лечение, специалисты, больницы.

*Alshykenova A.T.\*<sup>1</sup>, Assanova S.M.<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>*2nd year doctoral student, ENU named after L.N. Gumilyov Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan*

*E-mail: [aigul\\_alshykenowa@mail.ru](mailto:aigul_alshykenowa@mail.ru)*

<sup>2</sup>*PhD, SKSU named after M. Auezov, Republic of Kazakhstan, Shymkent*

*E-mail: [saltanat\\_dake@mail.ru](mailto:saltanat_dake@mail.ru)*

## THE HISTORY OF THE FORMATION AND DEVELOPMENT OF HEALTHCARE IN THE SOUTH KAZAKHSTAN REGION (1932-1991)

### *Abstract*

In 1932-1991 South Kazakhstan region on the basis of archival documents not previously included in scientific circulation. the process of formation of healthcare is being studied. In addition, additional information will be provided on the state policy in this area and on the measures taken to improve the health of the population. Back in the Soviet period, the healthcare system of the South Kazakhstan region was focused on training specialists in the field of medicine, processing medicines and medicines by establishing links with scientific centers, organizing medical events, building hospitals in settlements and strengthening their technical base. The introduction into scientific circulation of data from the funds of the South Kazakhstan Regional Archive and the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan for the chronological period of the article includes a detailed description of the sanitary and epidemiological situation in the region by period, the definition of growth and decline indicators, as well as a detailed description of the main issues. The medical branch of the region developed during the Second World War and in the 1970s. This was due to the location and identity of the region. The article is based on the methods of comparative historical scientific research, historiographical systematization of data and source search.

**Keywords:** medicine, South Kazakhstan, healthcare system, medicine, treatment, specialists, hospitals.

**Кіріспе.** Кез келген мемлекеттің медицина жүйесі сол ел азаматтарының әл-ауқаты мен денсаулығын қорғауға бағытталған. Елдегі экономика мен мәдениеттің дамуы, халықтың әл-ауқаты мен денсаулығына деген қамқорлық демографиялық процестің өсуіне өз әсерін тигізеді.

ҚР ОМА (Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві) мен ОҚ ОМА (Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві) қорындағы денсаулық сақтау ісінің дамуы мен осы саладағы мәселелер жөніндегі мәліметтер біздің қызығушылығымызды арттырды. Архив қорындағы құжаттарда 1950-1960 жж. облыстағы эпидемиялық ахуал, аурулармен күрестегі профилактикалық шаралар, ал 1970-1980 жж. емдеу мекемелерінің санын көбейту, олардың материалдық-техникалық базасын қалыптастыру, кадрларды даярлау мәселесі мен КСРО МҒА-мен КСРО Денсаулық сақтау министрлігінен жолданған қаулылар мен бұйрықтар толық қамтылған. Аталған құжаттар ғылыми мақаланы жазуда дерек көзі ретінде қолданылды.

Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау саласының дамуы арқылы өңірдегі медициналық қызмет көрсетудің әр жылдар бойынша даму тенденциясы туралы маңызды мәліметтер алуға болады. 1969 ж. КСРО мен одақтас республикалардың денсаулық сақтау туралы заңнамасында көрсетілген маңызды міндеттер медицина саласының дамуына зор серпін берді. Осы заңнама шеңберінде ауылдық жерлерде медицина мекемелері ашылып, ауыл тұрғындарының денсаулығын жақсарту бойынша маңызды шаралар қабылдана бастады. Ең маңызды өзгерістердің бірі шалғай ауылдар үшін авиациялық қызметтің іске қосылуы еді.

1970-жылдары медицинаның дамуы жаңа кезеңге қадам басты. Себебі, осы уақытта облыс аумағында кадр мәселесі өзінің шешімін таба бастады. Ауылдық жерлерді есептемегенде қалалық ауруханаларда да мамандар жетіспеушілігі байқалған болатын. Сол себепті де медициналық мекемелер үшін 3 училище 9 мамандық бойынша 3000-3500 студентті оқытумен айналысты. Сонымен қатар кадр мәселесінде мамандардың біліктілігін жетілдіру мәселесі де оң шешімін таба бастады.

Көптеген ауруханалар үшін жаңа орындар, медициналық жабдықтар мен күтім заттарын сақтауға арналған жабдықтау бөлмелері де жасақталды. Бұл шаралар КОКП Министрлер кеңесінің 1977 ж. «Халық денсаулығын одан әрі жақсарту жөніндегі шаралар туралы» атты қаулысы негізінде әлеуметтік даму жоспанына сәйкес жүргізілді.

XX ғ. Қазақстан мен оның өңірлерінде денсаулық сақтау саласының жалпы көрсеткіші оң нәтижеге ие болғанымен, жекелеген аудандар бойынша даму көрсеткіші айтарлықтай бірдей көрсеткішке ие болмады. Бұл сол өңірдің орналасуына, экономикалық дамудың қай саласына бейімделуге байланысты болды. Себебі, денсаулық сақтау жүйесі әлеуметтік-тұрмыстық сала мен өнеркәсіптің дамыған орталықтарында, ірі қалалар мен индустриалды аймақтарда басты назар аударылып, дамыды. Ал аграрлық облыстарда медицинаның артта қалушылығы байқалды. Сондықтан да біз Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау жүйесінің дамуының біркелкі дамымағандығын ескере отырып әрбір кезең бойынша даму тенденциясына салыстырмалы талдау жасаймыз. Оңтүстік Қазақстан облысының медициналық ахуалына сипаттама бере отырып, республиканың денсаулық сақтау жүйесінің XX ғ. нақты көрінісін жасай аламыз. Зерттеу тақырыбының өзектілігі де осы негізде құрастырылған.

Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау жүйесінің даму кезеңдерін сипаттауда 4 кезең бойынша бөліп қарастырамыз:

Соғыстан кейінгі кезең. Соғыстан кейінгі кезеңде облыстың денсаулық сақтау жүйесінің дамуы төмен деңгейде болды. Емдеу мекемелері мен олардағы төсектер саны айтарлықтай төмен деңгейде болды. Әсіресе, ауылдық жерлерде медициналық мекемелер мен кадр мәселесі ең өзекті болып табылды. Аудандар мен ауылдық жерлерде медициналық мекемелер салынып бітпеді немесе құрылыс баяу жүргізілді. Кейбір мекемелердің материалдық-техникалық жабдықтау базасы өте нашар болды және тез арада жөндеу жұмыстарын жүргізуді талап ететін дәрежеде еді.

Жаңа емдеу мекемелерінің қажеттілігі туындаған кезде ауылдық және аудандарда ауруханалар салу жүргізілді. Алматы қаласы «Қалажобалау» мекемесімен облыста №410 үлгілік мекемесі жасақталды. 1949 ж. 25 орындық амбулаториялар Шаян, Созақ, Киров аудандарында күрделі жөндеуден өткізілді.

1950-жылдары облыстық санитарлық инспекциясы жаңадан салынып жатқан мекемелерге тексерістер жүргізіп отырды. 1952 жылы «Қазмемқұрылысжоба» мекемесі сауықтыру-емдеу мекемелерінің құрылыс жұмыстарымен айналыса бастады және осы жылы «Сарыағаш» сауықтыру орталығының құрылысын бастады. «Сарыағаш» емдеу-сауықтыру орталығының минералдары 1940 жылдары белгілі бола бастады. Ал құрылысы тек 1952 жылы басталған болатын. Ал құрылыс жұмысымен айналысатын «Қазмемқұрылысжоба» мекемесі 1930 жылдан бері құрылыстарды жобалаумен айналысады. Республика бойынша жетекші жобалау институты ретінде көптеген маңызды нысандардың құрылыстарына қатысты.

1960-1970 жылдар. КСРО Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрімен облыстық денсаулық сақтау департаментімен бірлескен шаралар кешені жүргізілді. Бұл кезеңде облыста денсаулық сақтау жүйесін дамыту бойынша кешенді шаралар жүргізілді. Атап айтар болсақ, облыстағы мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын тексеру, мектеп пен колледж (техникум) білім алушылары мен қызметкерлерін жыл сайын тексерістен өткізу, облыстағы туберкулезбен ауыратындарды есепке алу, емдеу және егу шараларын жүргізу, туберкулезбен күресті ұйымдастыру шаралары жүргізілді.

Ауыл тұрғындарына медициналық қызметті көрсету мен сапасын жақсарту бойынша жұмыстар кешені нақтыланып, 1964 ж. ауылдық жерлерге 57 дәрігер жіберілді. 1965 жылы Түркістанда 100 төсектік аурухана, «Тимур» совхозында 35 төсектік және Бугун ауылында 50 төсектік учаскелік ауруханалар пайдалануға берілді.

XX ғ. 50-70 жылдарында Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша денсаулық сақтау саласының даму қарқыны келесідей көрсеткішке ие болды:

- материалдық-техникалық базасы қалыптасты және жарақтандыру;
- білікті мамандар, медицина кадрларын даярлаудағы жетістіктер;
- облыс мен көрші аудандар бойынша профилактикалық шараларды ұйымдастыру;
- қауіпті әрі жұқпалы ауруларды тіркеу мен емдеу шараларын ұйымдастыру.

1970-1980 жылдар. Облыста осы кезеңде денсаулық сақтау саласы 2 бағыт бойынша өте жақсы дамыды: біріншісі, кадр мәселесі, екіншісі медицина орталықтарын материалдық-техникалық жабдықтау мәселесі. Кадр мәселесі мен медицина орталықтары өз шешімін таба бастады. Медицина қызметкерлерінің саны 558 адамға, дәрігерлер – 49, тіс дәрігері – 19, ал орта медицина қызметкерлерінің саны 490-ға артты.

1970 ж. облыс бойынша медицина кадрларын даярлаумен 3 медициналық училище айналысты. Бұл оқу орындары 2500 студентті 9 мамандық (тіс дәрігері, фармацевт, фельдшер, акушер, зертханашылар,

медбикелер) бойынша дайындады. Осы кезеңде медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру да күн тәртібінде болып, 1970 жылдың өзінде 188 дәрігер мен 1247 кіші және орта медицина қызметкерлері біліктілік жетілдіру курстарынан өтті.

1970 жылдары медицина мекемелерінің материалдық-техникалық жабдықталуы жақсара бастады: ауруханаларда төсек-орындар саны артты, кадрлар мәселесі бір жолға қойылды, емдеу шаралары мен науқастарды тіркеуге алу жұмыстары артты. Бұл аталған шаралар 1977 ж. 22 қыркүйектегі КСРО Министрлер Кеңесі мен КОКП ОК-нің №870 «Халық денсаулығын одан әрі жақсарту және әлеуметтік-экономикалық даму жоспары туралышаралар туралы» қаулысы негізінде орындалып одан әрі өз жалғасын тапты. Аталған өзгерістер одан кейінгі жылдары облыстың демографиялық жағдайының жақсаруына өз әсерін тигізді. Бұл 1975-1980 жж. облыс бойынша туу коэффициентін 24.1-ден 24.3-ке дейін өзертті. Балалар мен аналар өлімінің көрсеткіштері төмендеді, өнеркәсіпте және совхоздарда жұмысшылардың аурушандығы төмендеді.

1980-1991 жылдар.1980-жылдары денсаулық сақтауды басқаруды ұйымдастыру және медициналық мекемелердің материалдық-техникалық базасын жақсарту жұмыстары жалғасты. Денсаулық сақтау мекемелеріавтокөлік, жұмсақ төсектер үшін қосымша материалдық ресурстар мен қаражат бөлінген қалалық денсаулық сақтау бөлімінің штаты нығайтылды. Денсаулық сақтаудың материалдық-техникалық базасы айтарлықтай дамыды. Ауруханалар, емханалар мен басқа да нысандардың құрылысына ІХ бесжылдықта 204,2 млн. рубль және Х бесжылдықта 188,3 млн. рубль жұмсалды. Десе де аталған жақсарту шараларының қабылдануымен денсаулық сақтау саласында нашарлау процесі байқалды. Көптеген ауруханалар мен емханалар, перзентханалар және диспансерлік бөлімдерде науқастар санының асып кету жағдайлары кездесіп жатты.

1980-жылдардың басында медициналық білім беруді дамыту, медициналық кадрларды тәрбиелеу, іріктеу және орналастыру бойынша жұмысты жақсарту, олардың біліктілігін арттыру бойынша шаралар жүзеге асырылды. Осы мақсатта Оңтүстік Қазақстанда Алматы медициналық институтының провизорларды даярлау жөніндегі Шымкент филиалы ашылды. Жыл сайын 1700 дәрігер мен 7 мың орта медицина қызметкері жіберілетін ауылдық денсаулық сақтау мекемелеріне ерекше назар аударылды. Нәтижесінде барлық ауылдық учаскелік ауруханалар мен дәрігерлік амбулаториялар дәрігерлермен қамтамасыз етілді. Оларды 2-3 дәрігермен толықтыру шаралары қабылданды. 1982 жылдың 1 шілдесінде учаскелік ауруханалардың 2 дәрігері 32,0% және 3 дәрігері 33,0% және сәйкесінше 19,5% және 7,8% дәрігерлік амбулаториялар болды. Алайда, туберкулез ауруы бойынша эпидемиологиялық көрсеткіштердің төмендеу қарқыны әлі де жеткіліксіз болып қалды, венерологиялық аурулармен сырқаттанушылықтың өсуіне жол берілді. Онкологиялық науқастар мен психологиялық аурулары бар науқастар санының көбеюі ерекше алаңдаушылық туғызды.Балалар мен босандыру мекемелерінің материалдық базасы қанағаттанарлықсыз деңгейде болды. Перзентханалардың шамадан тыс жүктелуіне байланысты санитарлық-эпидемиологиялық режимнен 2 есе асып түсті, бұл жағдайдың нашарлауына әкелді.

Денсаулық сақтау органдары жүргізіп жатқан шаралар халықтың, оның ішінде Оңтүстік Қазақстанда да денсаулығын сипаттайтын жекелеген көрсеткіштерді жақсартуға мүмкіндік берді.

**Мақсаты мен міндеттері.** 1932-1991 жж. Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау жүйесінің қалыптасуы мен даму тарихын архивтік деректер негізінде тың мәліметтермен толықтыру. Осы мақсатқа жету үшін келесідей міндеттерге қол жеткізу көзделді:

- Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві қорындағы деректерді ғылыми айналымға енгізу;
- облыстағы денсаулық сақтау саласындағы қол жеткізген нәтижелер мен олқылықтарды анықтау;
- денсаулық сақтау саласының қалыптасу тарихындағы өзекті мәселелер төңірегінде тарихнамалық талдау жасау;

- Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша халыққа медициналық көмек көрсету, емдеу орындарының желісін салу, жұқпалы аурулар мен індеттерге қарсы күрес және осы салада кадрлар даярлау мәселесіне тарихнамалық талдау жасау;

- зерттеу мәселесіне қатысты 4 кезең бойынша облыстағы денсаулық сақтау саласының өзекті мәселелерін анықтау және нәтижелерін ұсыну.

**Материалдар мен әдістемесі.** Зерттеу мақаласына қойылған мәселелерді ғылыми тұрғыдан ашып көрсету салыстырмалы-тарихи, мәліметтерді тарихнамалық жүйелеу және деректемелерді іздестіру әдістеріне және модернизация теориясы мен тарихилық пен объективтілік принципіне негізделген.

Салыстырмалы-тарихи әдісті басшылыққа ала отырып, зерттеу мәселесінде қарастырылатын денсаулық сақтау саласына қатысты кешенді зерттеулер мен теориялық ұстанымдарды салыстырмалы түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеу хронологиясына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысы-



ның денсаулық сақтау саласының дамуын өзге өңірлермен салыстыру, даму динамикасына талдау жасау. Зерттеу тақырыбына қатысты кешенді зерттеулерді талдау мен архивтік құжаттарды іздеу мен ғылыми айналымға енгізуде деректемелерді іздестіру әдісі негізге алынды.

Модернизация теориясы негізінде Қазақстанның ХХ ғ. 30-90 жылдардағы экономикалық даму көрсеткішін, халықтың әлеуметтік жағдайындағы өзгерістерді, халыққа медициналық қызмет көрсету саласының өңірлер бойынша даму динамикасы мен оны жетілдіру

Тарихилық пен объективтілік принципі бойынша зерттелетін кезеңнің ерекшеліктерін ескере отырып, Оңтүстік Қазақстан облыстық денсаулық сақтау саласындағы өзгерістерге, кадрлардың қалыптасу тарихын өткен кезең мен бүгінді және келешекті байланыстыра отырып, тарихи процесстің тарихи жағдайларға сәйкес даму ерекшеліктері мен оның ішкі қайшылықтарын салыстыра отырып қарастыруға мүмкіндік береді.

**Талқылау (кімдер зерттеді).** ХХ ғ. 30-жылдарынан басталған Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау саласы мен медицинасының қалыптасуы, жұқпалы аурулармен күрес, емдеу орындарының пайда болуы, кадрларды даярлауда атқарған кешенді шараларына қатысты тарихнамалық және жеке-леген зерттеулер бойынша еңбектерге талдау жасау отандық тарихнамада өте аз зерттелген мәселенің бірі. Себебі, сол кездегі денсаулық сақтау саласының қалыптасуы мен дамуына қатысты жалпылама тарихнамалық зерттеулер жасалғанмен, жекелеген облыстар бойынша кешенді зерттеу жүргізген еңбектердің қатары аз. Бұл бағыттағы зерттеулердің көп бөлігі тарихи очерк түрінде және жалпылама шолу ретінде қарастырып өткен болатын. Атап айтар болсақ, КСРО кезеңіндегі Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесіне қатысты кейбір топтастырылған мәліметтер 1925-1940 жж. арналған құжаттар мен материалдар жинағында жарық көрді. Жинақтың маңыздылығы ұсынылған құжаттарда елдегі медицина қызметінің дамуы мен кемшіліктері, өңірлердегі денсаулық сақтау мекемелерін қалпына келтіру жөніндегі шаралар кешенін құрайды [1]. Сонымен қатар, зерттеуші И.Г. Исаевтың Кеңестік кезеңдегі республиканың денсаулық сақтау жүйесінің дамуына қатысты тарихнамалық еңбегі де маңызды зерттеулер қатарына жатады [2].

Р.Самарин еңбегінде Қазақстанның кеңестік кезеңдегі денсаулық сақтау жүйесінің табыстары мен ХХ ғасырдың басындағы жұқпалы аурулар мен індеттермен күрестегі қабылдаған шешімдері мен ауқымдар шаралары туралы баяндалады [3].

1967 ж. бүкіл республиканың медицина тарихына арналған іргелі еңбек Ә. Шокиннің авторлығымен жарыққа шықты. Автор өз еңбегінде республика аумағындағы санитарлық-эпидемиологиялық қызметіне қатысты тың архивтік деректерді қолдана отырып, емдеу-прафилактикалық желісінің нығаюы жағдайына талдау жасайды [4]. Ал зерттеуші Т.Ш. Шарманов өзінің шағын көлемді еңбегінде республикадағы кеңестік денсаулық сақтау жүйесінің қалыптасуы мен дамуына талдау жасайды [5].

Елімізде медицинаның қалыптасуымен фармацевтика желісі де дами түсті. Олардың ішінде Шымкент фармацевтика өнеркәсінің дамуы республика шеңберінде фитохимиялық өндірістерді игеру мүмкіндігін берді. Аталған мәселе С.Субханбердиннің зерттеу жұмысында көрініс тапқан [6].

Отандық тарихнамада Қазақстанның денсаулық сақтау саласына қатысты архивтік құжаттардың аздығына қарамастан, Оңтүстік Қазақстан облыстық денсаулық сақтау саласының қалыптасуы мен дамуына қатысты Шымкент қалалық денсаулық сақтау бөлімінде және облыстық архив қорындағы 134-қор, 2-істе құжаттар сақтаулы.

**Зерттеу нәтижесі.** Медицианың дамуы және халық денсаулығының сапасы табысты мемлекет пен қоғамның қолайлы қалыптасуының негізгі қағидаттары болып табылады. Денсаулық сақтау жүйесінің жалпы даму көрсеткіштері мен деңгейі – елдегі немесе мемлекеттегі формациялық және өркениеттілік қатынастардың маңызды сипаты болып табылады. Дамушы елдердегі медицинаның жағдайы мен оның кадрлық әлеуеті өркениеттілік жетістіктерді бағалау барысында шешуші факторлардың бірі болып келе жатыр [7, 10-б.].

Қазақстанда кеңес үкіметінің орнауымен билікке келген большевиктер негізгі басымдық ретінде – денсаулық сақтау жүйесін ұйымдастыруға бағыттады.

Оңтүстік Қазақстан облыстық денсаулық сақтау саласының қалыптасуы мен дамуына байланысты мәселені зерттеуде маңызды дерек ретінде архивтік құжаттарды пайдаландық.

Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау жүйесінің соғыстан кейінгі кезеңдегі жағдайы келесідей сипатта болды: медициналық мекемелерді қалпына келтіру, жөндеу жұмыстарын жүргізу; жаңа құрылғылар мен қондырғыларды енгізу; кадр мәселесін шешіп, мамандар қатарын толықтыру т.б. Ай-

мақтың соғыстан кейінгі кезеңдегі медициналық жағдайы айтарлықтай жақсаруға бағыт алды. КСРО-дағы мықты медициналық мекемелер ғылымның дамуымен түрлі аурулар мен оларды емдеу және алдын алу шараларын ұйымдастырудың кешенді бағдарламалары негізінде 1950-жылдардың өзінде республикалық, облыстық және аудандық денсаулық сақтау басқармаларына арнайы хаттар жолдау арқылы бірлескен жұмыстар кешенін жүргізе бастады. Мұндай жұмыстар жалпы хабарландыру мен арнайы хаттар арқылы жүргізіліп отырды.

1947-1952 жж. КСРО Денсаулық сақтау министрі Е.И. Смирновтың Оңтүстік Қазақстан облысының қалалық және ауылдық жерлердегі медициналық ахуалын жақсарту бойынша қаулысы негізінде ауылдық жерлерге дәрігерлерді жолдау жұмыстары жасалды. Оңтүстік Қазақстан облысы 19 аудан мен 2 қаладан тұрады. Аталған өңірде бірнеше кәсіпорындар орналасқан. Олардың жұмысшыларының жұмысқа қабілеттілігі мен медициналық жағдайы үнемі дәрігерлер бақылауында. 1949 жылы өңірдегі дәрігерлермен қамтамасыз ету үшін 1948-1949 жж. дәрігер мамандығының түлектерін кадр мәселесі нашар аудандарға жолдау жұмыстары жүргізілді. Кадр тапшылығы бар аудандарға: Қызылқұм, Фрунзе, Киров, Шәуілдір, Шаян және Созақ аудандары. Бұл аудандарда дәрігерлер саны – 1-2 санды құрайды.

1948-1949 жж. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Денсаулық сақтау департаментінің есебінде 330 дәрігер тіркелген, оның 136-ы Шымкент қаласына тиесілі болды [8, 10-п.]. Оның ішінде Камл-құм, Киров, Фрунзе, Сайрам, Келес аудандарында хирургиялық операциялар жасайтын мүмкіндік болмады. Сол үшін де 1950 ж. Созақ ауданында хирургиялық операция жасау базасы ашылды.

Облыстық денсаулық сақтау мекемесі өңірдегі халықтың денсаулығын сақтау, медициналық көмек көрсету, балаларда туа пайда болатын аурулардың алдын алу мен санитарлық-эпидемиялық қызметті жақсартуда ірі ғылыми мекемелермен бірлескен жұмыстар шарасын жүзеге асырып отырды. Денсаулық сақтау мекемелерінің басты міндеті – халықтың денсаулығын жақсарту, түрлі аурулардың алдын алу, мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын бақылау мен тексеру секілді жұмыстар кешенін құрады. Әсіресе, мектеп жасына дейінгі балалардың ішінде белгілі бір ауру түрі бойынша есепте тұрған немесе денсаулығында ақауы бар балаларды анықтауда ғылыми зерттеу орталықтарымен бірлескен жұмыстар атқарып отырды. Осындай сипаттағы жұмыстардың бірі 1958 ж. 24 қарашада КСРО медицина ғылымы Академиясының кеуде хирургиясы институтынан жолданған хатта анық көрсетіледі. Онда Шымкент облыстық денсаулық сақтау басқармасының меңгерушісіне КСРО Денсаулық сақтау министрінің орынбасары М.Хомутов пен КСРО МҒА (Медицина ғылым академиясы) Кеуде хирургиясы ғылыми-зерттеу институтының Президенті Академик А.Н. Бакулевтің тапсырмасымен туу жүрек аурумен ауыратын балаларды есепке алу жұмысы жүктеледі. Аталған жұмыстың КСРО-да алғаш рет ұйымдастырылып жатқандығы мен оның үлкен практикалық маңызының бары айтылады. Бұл шараның келесідей маңызы болды: есепке алу жұмыстарының нәтижесінде жүрек ауруымен ауыратын балалардың тізімі жасалып, оларға көмек осы институт базасында көмек жүргізіледі. Сол себепті де осындай жауапты істі жасауды үлкен жауапкершілікпен жүргізуді тапсырады [8, 5-п.].

Аталған іс-шаралар кешенін ұйымдастырушы КСРО МҒА Кеуде хирургиясы институты – ХХ ғ. көрнекті хирургі, академик А.Н. Бакулевтің бастамасымен құрылған болатын. Институттың негізгі миссиясы – туа біткен және жүре пайда болған жүрек ауруларының анықтау мен емдеу шараларын ұйымдастыру. 1956 ж. құрылған сәттен бастап институт елдегі ең мақсы медициналық мекемеге айналды. 1959 ж. жаңа ғимаратқа көшіріліп, науқастарға арнап 256 төсек ұйымдастырылды [9, 14-б.].

Облыстың туберкулез ауруының алдын алу мен емдеу шараларын жүргізу бойынша кешенді жұмыстар 1961 ж. 5 тамыз мен 1962 ж. 1 қаңтарына дейінгі уақытта облыстық денсаулық сақтау қорындағы құжатпен келесідей мәліметтер ұсынылған: 1961 ж. 25 қыркүйегінде Қаз КСР Министрлер Кеңесінің 1960 ж. 29 қыркүйектегі №1017 бұйрығында Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша туберкулезбен ауырғандарға көмек ұсынылған. Онда КСРО Министрлер Кеңесінің №972 бұйрығында, Қаз КСР Министрлер Кеңесінің №1017 бұйрығында және Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрінің 30/1-61 ж. №19 қаулысында «Туберкулез ауруына шалдыққандардың санын азайту мен алдын алу шараларын ұйымдастыру және емдеу жұмыстарын жүргізу туралы» бұйрығында осы жұмыстарды жүргізу мемлекет үшін маңызды деп көрсетілген. Қаулы бойынша облыстық денсаулық сақтау басқармасы аталған шараларды қалай жүргізу бойынша 1958-1961 жж. бойынша туберкулезбен сырқаттанатындар, ауыратындар және өлім көрсеткіші бойынша келесідей мәліметтерді ұсынады (1-кестені қараңыз):

Кесте 1 – 1958-1961 жж. Оңтүстік Қазақстан облысының туберкулез ауруы бойынша сырқаттанушылар (жұқтырушылар) туралы мәлімет [10, 51-п.]

Жылдар	Көрсеткіш (10 000 адамға шаққанда)		
	Облыс	Шымкент қаласы	Республика
1958 ж.	13,5	23,2	29,3
1959 ж.	25,6	32,1	39
1960 ж.	24,5	32,7	34
1961 ж.	13,7	18	

1-кестедегі мәліметтер бойынша Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша туберкулез ауруымен сырқаттанушылар саны айтарлықтай артқан. Шымкент қаласы мен республика бойынша жалпы салыстырғанда ортадан сәл жоғары көрсеткішке ие. Бұл облыстың шалғай ауылдарында ауруға қарсы мекемелердің жоқтығы мен сырқаттанушылар туралы мәліметтің жоқтығына байланысты. Соңғы жылдары сырқаттанушыларды есепке алу, оларды емдеу шаралары айтарлықтай жақсарды (2-кестені қараңыз).

Кесте 2 – 1958-1961 жж. Оңтүстік Қазақстан облысының туберкулезбен ауыратын адамдар туралы мәлімет [11, 51-п.]

Жылдар	Көрсеткіш (10 000 адамға шаққанда)		
	Облыс	Шымкент қаласы	Республика
1958 ж.	44,1	94,3	123
1959 ж.	65,7	38	112,6
1960 ж.	90,7	35,2	98,8

Халықтың туберкулезбен зақымдануы, сондай-ақ сырқаттанушылық орташа республикалық көрсеткіштен төмен, бұл аудандардағы науқастарды толық есепке алмауына байланысты біршама жоғары. Бұл аурудың өршуін келесідей себептермен түсіндіруге болады: облысқа қарасты аудандар мен ауылдарда науқастарды тіркеу уақытынан кеш жүргізіледі және облыстық денсаулық сақтау басқармасына мәліметтер №281 форма бойынша кеш жіберіліп отырады. Мысалы, 1961 ж. Қаратас пен Созақ аудандары тек 2 айдың ғана мәліметтерін ұсынған, ал Пахта-Арал ауданы тек 3 айдың ғана мәліметтерін өткізген. Ал қалған аудандар мәліметтерді ұсынылған форма бойынша толық ақпаратты жолдамаған. Мәліметтердің толық ұсынылмауы бойынша туберкулезбен ауырушылардың саны аз аудандар Түлкібас, Келес, Қаратас және Ленгір мен Арыс қаласы. Бірақ, 1961 ж. Келес және Қаратас аудандары бойынша жүргізілген зерттеулер бойынша есепте ұсынылған көрсеткіштен көп адамдар сырқаттанатыны анықталды (3-кестені қараңыз) [11, 52-п.].

Кесте 3 – 1956-1960 жж. Оңтүстік Қазақстан облысының туберкулезден қайтыс болған адамдар туралы мәлімет [11, 52-п.]

Жылдар	Көрсеткіш (10 000 адамға шаққанда)	
	Шымкент қаласы	Республика
1956 ж.	6,2	6,4
1958 ж.	5,1	5,6
1959 ж.	4,2	6,3
1960 ж.	3,9	5,2

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша туберкулезден келетін өлім саны жыл сайын төмендеген. Бұл аталған ауру түрі алғашқы кезеңінде тез анықталып, оның алдын алу үшін түрлі антибиотиктер мен дәрілер салынып, түрлі емдеу шаралары жүргізілгендіктен осындай аз санды құрап отыр. Ересектер мен жасөспірімдер көп жағдайда созылмалы туберкулезден қайтыс болса, ал балалар туберкулез менингиті-

нен өлім құшады. Туберкулез менингиті бойынша шалғай ауылдардағы балаларда аурудың кеш анықталуына байланысты соңы өліммен аяқталады.

Облыс бойынша 1960-70 жж. туберкулез ауруының алдын алу мен таратпау туралы КСРО Денсаулық сақтау министрі С.В. Курашевтің бұйрығында тиісті шараларды қабылдауды тапсырады. Сергей Владимирович Курашев – 1959-1965 жж. КСРО Денсаулық сақтау министрі [12, 96-б.] қызметін атқарған кезде республика бойынша жұқпалы аурулардың алдын алу шараларын барынша біржүйеге келтірген болатын. Министр С.В. Курашевтың 1961 ж. шілде айындағы тапсырмасында Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша туберкулезге шалдыққандың үлесін 1970 ж. дейін азайтуды тапсырды. Ол бойынша 100 000 адамға шаққанда аурулар саны 25-30-дан артық болмауы тиіс. Ал сол кездегі ахуал бойынша аурулар саны 10-15 есе көп еді.

Туберкулез ауруы бойынша емдеу шаралары. Денсаулық сақтау министрінің бұйрықтары мен нұсқаулары бойынша емдеу шараларына баса назар аударылып отырды. Осындай негіздегі бұйрықта «Туберкулез ауруының алдын алу мен емдеу шараларын ұйымдастыру бойынша қалалық және ауылдық жерлерде, колледждер мен оқу орындарындағы 30 жасқа дейінгі қызметкерлерге егу жұмыстарын жүргізу» жұмыстарын жүргізу тапсырылды.

Қазақстан Республикасында жастардың саяси тәртібіне еліміздегі саяси үрдістерді республикадағы саяси жалпы ахуалдарға ауқымды әсер етіп жастардың саясатқа қатысуы еліміздегі болып жатқан үрдістер мүмкіндіктер мен өкілеттіктермен әсер етеді. Сондай-ақ потенциалды саясат жастардың алдында тұрған өзінің құқығы мен қызығушылықтарының таралуын қамтамасыз ететін құралы болып табылады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдаған өз Жолдауында сындарлы диалог елдің тұрақтылығына, оның одан әрі дамуына септігін тигізеріне тоқталды. Әсіресе, ол Жолдауда тиімді экономика, заңнамаларды жетілдіру, ұлт бірлігі мен азаматтардың қауіпсіздігіне бас назар аударды. 2020 жыл «Еріктілер жылы» болып бекітілді. Басты мақсат – ерікті қызметке азаматтарды, әсіресе, жастарды тарта отырып, белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру болып табылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың VII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде Мақсатымыз – озық дамыған елдердің қатарына қосылу, мемлекеттің басты міндеті – азаматтарымыздың толыққанды дамуына, әл-ауқатының артуына және жайлы тұрмысына жағдай жасау деп басып айтты.

Еліміздің ұзақ мерзімді дамуы - Сабақтастық, Әділдік және Өрлеу қағидаттарына негізделеді. Көздеген мақсатқа жету үшін барлық салаларда дәйекті өзгерістер жасаймыз. Ол үшін мынадай басымдықтарға мән беруіміз қажет - деді мемлекет басшысы [2].

Негізгі басымдықтардың бірі - азаматтық қоғам өкілдерінің белсенділігін арттыру, жастар саясатын жетілдіру және қайырымдылық қызметін қолдау. Себебі, бүгінгі жастар қазіргі қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік, мәдени құрылымын айқындайтын катализатор болып табылады. Осы орайда, Мемлекеттік жастар саясаты саласындағы заңнаманы жетілдіру – негізгі міндеттің бірі.

Қазіргі біздің заманымызда ой ұшқыр, мінезі салмақты, қоғамға лайықты тұлға қажет. Әрбір жағдайға өз көзқарасын білдіре алатын, өзінің ой-пікірі бар болуы қажет екені екені айдан анық. Жастар қоғамның, тұтас мемлекеттің дамуына ықпалын тигізетін - қоғамның негізгі күші болып табылады. Қазақстан қоғамында қазіргі кезде бұрынғы ұрпақтардан айтарлықтай өзгеше, мүлдем жаңа зияткерлік тап: жаңа бағдар ұстанған, құндылық ұстанымдары ұтымды экономикалық іс-қимылдар арқылы табысқа жетуге бағытталған жастар қалыптасты.

Қазақстан БАҚ дамуының тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңінің елеулі ерекшеліктері болды. Елдегі БАҚ нарықтық қатынастар мен либералдық идеологияның насихаттаушысы болуымен қатар қазақ халқының ұлттық-мәдени ерекшеліктерін сақтау тетіктерін табушы және жетілдіруші қыметін қатарласа атқаруы тиіс болатын. Бұл қызметті өкінішке орай тек қазақ тілді БАҚ ғана өз мойнына алды. Қазақстандағы орыс тілді БАҚ басым және көпсанды бола тұра қазақ ұлтының этникалық және тілдік мәселесіне белсенді қатысқан жоқ. Кейбір орыс тілді БАҚ керсінше қазақ ұлтының тағдырлық мәселесінің шешілуіне қарсы пікірлер айтумен болды. Соның бірі қазақ мәселесін үнемі бұрмалаумен, теріс түсіндірумен айналысқан елдегі ең көп санды «Караван» газеті болды. Бұл газетте қазақ этносының тілдік дамуын көтергендер үнемі ұлтшылдар ретінде бағаланып отырды. Қазақ мәдениеті мен өнерін дамыту жалпы қазақстандық, мемлекеттік ортақ мүдделерге қайшы құбылыстар ретінде сипатталып, осы мәселенің шын мәніндегі әлеуметтік маңыздылығына күдік келтірілді. Қазақ ұлтының біртұтас саясат субъектісі ретінде Қазақстанды жаңарту саясатына қатысып, елдің болашағын айқындауда шешуші факторға айналуына үнемі қарсылық көрсетілді. Шовинистік пиғылдағы баспасөз бен БАҚ қазақ ұлтын ассимиляцияланған, орыс тілін, бұқаралық мәдениеті және маригиналған сананы қабылдаған бейұлттық қауымдастыққа айналдыруды мақсат тұтты.

Осы мысалдардан Қазақстан БАҚ-да қарсылас мүдделердің, түрлі ұстанымдарының күресі жүріп жатқанын көреміз. Біздің пікірімізше Қазақстандағы БАҚ-та мүдделер жүйесінің негізгі бағыты айқын байқалады: Біріншісі, қазақ этносының ұлттық тілін, дәстүрлерін, мәдениеті мен өнерін жаңғыртуға және қазіргі заман талаптарына сәйкестендіруіне ұмтылған қазақ ұлттық құндылықтарының позициясындағы БАҚ;

Екіншісі, елдегі орыс тілінің ғылымдық, білімдік, ақпараттық кеңістігіндегі басымдылығын сақтауға, елдің рухани өмірін Ресей ақпараттық кеңістігіне интеграциялауға ұмтылған БАҚ;

Үшіншісі, Қазақстан өмірін жалпыазаматтық құндылықтар негізінде ұйымдастыруға және жаһандық мәселелердің басымдылығын уағыздауға, елдің саяси өмірін әлемдік демократия мен ашық қоғам стандарттарына негіздеуге ұмтылған БАҚ;

Төртіншісі, жоғарыда аталған позицияларды синтездеп мемлекеттік даму талаптарына бағындыруды көздеген, басқарушы биліктің көкейтесті стратегиялық мақсат-мұраттарын орындауға жұмылдырылған БАҚ.

БАҚ-тың осы төрт негізгі бағыттарынан басқа, оппозициялық, гендерлік теңдік, жастар саясаты, спорт, кино т.б. мәселелерді көтеретін салалары қалыптасты. БАҚ-тың қоғамдық қатынастардың негізгі салаларын қамтуы елдегі өзекті мәселелердің барлығының ашық талқылауын және қоғамдық пікірдің дұрыс қалыптасуын қамтамасыз етті. Тәуелсіздік жылдары экономикалық, мәдени және әлеуметтік-саяси үрдістерге жан-жақты және терең ықпал етуге қабілетті медиа-кеңістік қалыптасты деп батыл айтамыз.

Қазақстан мен Ресей БАҚ-тарына салыстырмалы зерттеу жүргізген В. Бруштунов «Осы кезеңде БАҚ азаматтық қоғам құрудың факторына айналды. Ресей мен Қазақстан жаһандық ақпараттық инфрақұрылымының әлемдік супермагистралының белсенді бөлшегіне айнала бастады. Оны екі елдегі Рунет пен Казнеттің пайда болуынан байқаймыз», - деп дұрыс көрсетті [3].

Қазақстан билігі сөз бен баспасөз бостандығын кеңейте беру арқылы демократиялық мемлекеттің рухани негіздерін күшейте беретіндігін жақсы түсінеді. «Еркін баспасөзде адамдардың өз пікірлерін ашық айта алуын – демократиялық қоғамның белгісі» [4], - деп қабылдаған Қазақстан өз Конституциясы мен заңдарында осы қағиданы бекітті.

Елдегі БАҚ қызметін реттейтін «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңнан басқа «Ретрансляция туралы», «Мемлекеттік құпиялар туралы», «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік туралы», «Авторлық құқық және аралас құқық туралы», «Лицензиялау туралы», «Тіл туралы», «Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті туралы» заңдарда елдегі мемлекеттік қауіпсіздік пен саяси тұрақтылықты сақтау принциптері тұрғысынан сөз бен баспасөз бостандықтарын қамтамасыз ету шаралары қарастырылды. Қазақстанның медиа кеңістігінің демократиялық мазмұнда қалыптасуына «Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздігі концепциясы» және «Қазақстан Республикасының 2006-2009 жылдарда ақпараттық кеңістігінің бәсекеге қабілеттілігін дамыту концепциясы» сияқты маңызды стратегиялық құжаттар өз ықпалын тигізді. БАҚ мәселесін зерттеушілердің бірі З.Азизова көрсеткендей: «Қазақстан дамудың демократиялық вариантын таңдап өз мақсатына біртіндеп жылжыды. Осы жолдағы жаңалықтың бірі «төртінші биліктің» қалыптасуы мен дамуын орындау мақсаты болды» [5].

Ескере келетін жағдай елдегі мемлекеттің биліктің заңдар арқылы сөз бен баспасөз бостандығын реттеуі болды. Демократиялық құндылықтарды көзсіз, бейберекет пайдаланудың зиянды екендігін әлемдік саяси тарих пен саяси тәжірибе ұдайы дәлелдеп келеді. Сол себепті «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік туралы» 1998 жылғы 26 маусымда қабылданған заңда [6] мақсатты түрде Қазақстан халқының бірлігін бұзуға және ұлтаралық қатынастардың ұшығуына әкелетін; елдегі қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты бұзатын; діннің мемлекеттік істеріне заңсыз араласуы және мемлекеттің діни істере араласуына әкелетін; қылмыскерлік пен заң бұзушылықтың өсуін қоздыратын; саяси экстремизм түрлері әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тайпалық жауласу мен бөлінушілікке, әлеуметтік ахуалды шиеленістіруге әкелетін ұлтаралық қайшылықтардың күшейуінен және бұқаралық тәртіпсіздіктерден көрінетін қандай да болмасын шараларға және идеологиялық әрекеттерге тиым салынады.

Қазақстан билігі демократиялық мемлекеттің заңға бағынатын қоғам құру екендігін жақсы түсінді. БАҚ қызметін заңдық реттеу жүйесі өзінің белгілі дәрежесінде тиімді болғандығын көрсетті. Қазақстанда билік пен халық арасында қайшылықты теке-тірес күресі, немесе басқа да охлократиялық сипаттағы құбылыстар орын алған жоқ. Сарапшылар жүргізген әлеуметтік зерттеулер нәтижесі электораттық елдегі демократиялық құндылықтардың іске асуы деңгейін жаман бағаламайтындығын көрсетті. 5 балдық шкала бойынша ой, сөз, баспасөз, дін бостандығына – 3,7 балл; жеке меншін пен тұрғын үйінің қауіпсіздігі - 3,8 балл; азаматтардың заң алдындағы теңдігін – 3,3; жеке кәсіпкерлік бостандығын – 4 балл; еңбекке, денсаулығын сақтауға, әлеуметтік қамсыздандыруға құқын – 3,1 балл; билік органдарын сайлау және сайлау құқығын – 4,1 балл; жүріп-тұру мен тұрғылықты жерді таңдау құқығын – 4,4 балл; қоғамдық тәртіп пен саяси тұрақтылықты – 4 балл; ана тілін қолдау және ұлттық дәстүрлерді сақтау құқығын 4,2 балл; әр азаматтың жақсы өмір сүру деңгейіне жету құқығын- 3,6 балл деңгейінде бағалаған /245/. Жас тәуелсіз мемлекеттегі негізгі демократиялық құндылықтарды оның халқының осындай деңгейде бағалауы елдегі БАҚ демократиялық мемлекет негізін қалауға нақты үлес қосып отырғандығын дәлелдейді.

Қазақстан билігі мемлекеттік дамудың стратегиялық бағыттарын жүзеге асыру үшін ел халқымен тығыз ақпараттық байланыс орнатуды көздеді. Халықпен саяси диалог жасаудың негізгі жолы мақсатты түрде іске асырылатын мемлекеттік ақпараттық саясат екендігі белгілі. Оның мақсаты-билік пен халықтың арасында өзара тығыз байланыс орнату. Елдің конституциялық мақсаттарын түсіндіру және уағыздау арқылы оларды халықтың саяси санасына сіңіру. Халықты өркениетті қоғамдық қатынастар жүйесіне жұмылдыру, демократиялық мемлекет стандарттарын қалыптастыруды үйрету. Қазақстанды нарықтық қатынастарды, әлеуметтік келісімді, этникалық татулықты және саяси тұрақтылықты күшейту арқылы өркениетті және бәсекеге қабілетті қоғам құрудың мемлекеттік стратегиялық мақсатын орындауға ұйымдастыру болып табылады.

Қазақстанда ақпараттық саясатты орындауға Баспасөз және бұқаралық ақпарат агенттігінің мәліметтері бойынша 1990-1995 жылдар аралығында барлығы 1073 газет ат салысты. Оның ішінде 211 газет қазақ тілінде, 413 газет орыс тілінде, 412 газет қазақ, орыс тілдерінде, 37 газет ел халықтарының басқа тілдерінде шықты. Орыс тілді газеттер қуаты мен саны жағынан қазақ тілдегілерден 3 еседей көп болды.

183 журнал, оның ішінде 68 қазақ, 97 орыс тілдерінде, 7 журнал екі орыс, қазақ тілінде, 11 журнал басқа тілдерде шықты. 46 телерадиокомпаниялар болса соның ішінде таза қазақ тілінде болған жоқ, 26-сы қостілді, 19 басқа тілдерде. Телерадио эфирде орыс тілі 5 еседен астам басым болды. Телерадиокомпаниялар 165 болса, соның 5-уі қазақ, 18 орыс, қазақ-орыс 95, басқа тілдерде 47 телекомпаниялар болды. Телеэфирде орыс тілі қазақ тілінен 6 еседен артық басым болды. Радиокомпаниялар 56, соның 1 қазақша, 3 орысша, орыс-қазақ 33, басқа тілдерде 19. Радиоэфирде 5 еседен артық орыс тілінде радиохабарлар таратылды [7].

Тәуелсіздік мемлекет ретіндегі тілдік плюрализмді нақты қамтамасыз еткендігін көреміз. Алайда қазақ тілінің толыққанды қолданылуы қамтамасыз етілген жоқ. Елдегі тіл заңы мен ақпарат құралдарының дамуын реттейтін заңдар мемлекеттік тілдің орнықты және тиімді дамуын қамтамасыз ете алмады. Сонымен қатар тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінде елдегі азаматтардың барлығының ұлттық тілдерінің дамуына мүмкіндік туғызылды. Бұл саясат елдегі этносаралық татулық пен қоғамдық келісімнің күшеюіне негіз болды деп есептеуге болады.

Ал тәуелсіздікке 10 жыл толғанда газеттер саны 1996 жылғы 1073-тен 1202-ге дейін көбейді. Ал журналдар саны 183-тен 483-ке өсті. Елде барлығы 1824 БАҚ жұмыс жүргізді [8]. Олар ел халқының 11 тілінде хабарлар тартты. Орыс және қазақ тілдерінен басқа украин, поляк, неміс, кәріс, өзбек, түрік, дүнген тілдерінде БАҚ хабарлары болды. Этникалық азшылық халықтар БАҚ үкімет қоса қаржыландырды.

2000 жылдардың басынан бастап Республикада Интернет пен кабелдік теледидар да жылдам дамыды. Ұлттық теледидар мен радио спутниктік жүйе арқылы хабарлар бере бастады. 2002 жылы елдің тұңғыш спутниктік каналы Caspio Net ашылды. Кабелдік және спутниктік каналдар арқылы бүкіл ел аумағында BBC, CNN, Еркіндік сияқты әлемдік телехабар арналары көрсетілді.

Өкінішке орай ақпарат кеңістікте мемлекеттік тілді қолдаудың тиімді саясаты іске асырылмады. Шетелдің ақпарат құралдары өз хабарларын негізінен орыс тілінде тарата берді. Осы кезеңнің ерекшелігі елдің БАҚ ағылшын тілінде сөйлей бастауы өмірге келді. БАҚ пен баспасөз әлі де орыс тілінің басымдылығын еңсере алған жоқ.

2009 жылы 1996 жылғы 1685 газет, журналдың орнына 2787 газет, журналдар болды. Бес жылда 1100-ге жуық жаңадан газет, журналдар шыққан. 2009 жылғы шыққан 2787 басылымның 955-і (36%) орыс тілінде, 511-і (18%) қазақ тілінде, 959-ы (33%) орысша-қазақша аралас тілде. Орыс тіліндегі ақпараттың жалпы көлемі 90% дейін жетті. Орыс тіліндегі ақпараттың таралымы қазақ тілінен 4 есе артық болды. Мемлекеттік тапсырыс бойынша жұмыс істейтін 94 газет, журналдың 70-і (75%) орыс тілді. Республикалық телеарналар бойынша орыстілді бағдарламалар көлемі НТК, Қазақстан-35%, Хабар-45%, 31 канал-48%, Рахат ТВ-49%, Астана және КТК-50% мөлшерді қамтыды. 142 кабелдік оператордың 95% орыс тілінде хабарлар берді. Интернеттегі қазақ тіліндегі ақпарат 3-ақ пайызы қамтыды [9].

Тәуелсіз мемлекет ретінде дамудың 18 жылында елдегі газет, журнал саны 1256-дан 2787-ге дейін 2 еседен астам көбеюі Қазақстанда ұлттық медиа-кеңістіктің толық қалыптасып нығаю жолына түскендігін көрсетеді. БАҚ елдегі экономикалық қатынастардың жетілуіне, әлеуметтік-саяси және мәдени үрдістердің дамуына ықпал ете бастады. Халық БАҚ-тың ықпалы арқылы елде болып жатқан түрлі оқиғаларға баға беруді үйренді. Билік пен халық арасындағы байланысты да БАҚ нығайта түсті. Бұқаралық ақпарат биліктің, халықтың идеялық дүниетанымын тәрбиелей отыра әлеуметтік қатынастарды жетілдірудің катализаторына айналды. Қазақ тіліндегі БАҚ мемлекеттік тілдің мәселелерін көтеріп, дағдарысқа ұшыраған, ғасырлар бойы шеттетілген қазақ тілінің дамуына байланысты күрделі мәселелерді көтеріп, мемлекет назарына ұсынып отырды. Соның нәтижесінде мемлекеттік тілді қаржыландыру көбеюі түсті. Мәселен, 2005 жылы оны дамытуға 133 миллион теңге бөлінсе, 2008 жылы оның көлемі 5 миллиардқа жеткен. Тәуелсіздік жылдарында 883 қазақ мектебі ашылып, елдегі 7721 мектептің 3788-і қазақ мектептері болған [10].

БАҚ мемлекеттік тіл мәселесінің даму тынысын ашудың сан қырлы мәселелерін талқылап, сараптап қазақ ұлтының тарихы тағдырлық мәселесінің ойдағыдай шешілуіне үлкен көмек жасады. Осы істері арқылы қазақ тілді БАҚ елдегі саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісім ахуалының нығая түсуіне үлес қосты. Қазақстан БАҚ елдің қоғамдық өмірін демократиялануының да қозғаушы күшіне айналды. Саяси партиялардың, азаматтық қоғам институттарының, діннің, мәдениет пен тілдің жаңа жағдайда дамуының мәселесін талдау және көтеру арқылы БАҚ әлеуметтік-саяси жүйенің демократизациялануына негіз жасады.

Мысалы, Қазақстандағы дін, діни сенімдер бостандығы мәселесі БАҚ-та үнемі талқыланған аса маңызды мәселелердің қатарында болды. Қазақстан билігі мен халқы елдегі діни татулық пен толеранттылық саяси тұрақтылықтың іргетасы болатындығын жақсы түсінді. Діни бостандықтар ел азаматтарының демократиялық бостандықтарының маңызды бөлшегі ретінде қабылдау орын ала бастады. Діни

өмірге мемлекеттің араласуы діни экстремизм мен терроризмді уағыздайтын діни ұйымдарды шектеумен сипатталады. Соның нәтижесінде тәуелсіздік алғаннан кейінгі 10 жылда республикада жаңадан 1,5 мың мешіт бой көтеріп, 170 православие шіркеуі, 30-дай католик храмдары салынды. 3 мыңдай түрлі бағыттағы діни бірлестіктер қызмет ете бастаған [11]. Осы деректерден елдегі БАҚ-тың Қазақстан халқына діни тәрбие беруде, адамгершілік рухына ұйытуға, бірлікпен ынтымаққа шақыруда үлкен пайдалы қызмет атқарғандығын анық байқаймыз. Діни конфессиялардың уағыздық қызметіне БАҚ зор қолғабыс тигізді. Ел өмірінде аса қажетті діни бостандықтар күшею үрдісі басталды.

Қазақстанда демократиялық мемлекеттің қалыптасуына кері әсерін тигізіп отырған құбылыстардың бірі паракорлық болды. БАҚ барлығында дерлік осы мәселе көтерілді. Оның себептері мен зиянды әлеуметтік және саяси салдары ашылды. Соңғы жылдарда паракорлықпен байыған ірі чиновниктер БАҚ арқылы әшкерелену фактілері жиі жарияланды. Мысалы, 2008 жылы 11 тамызда 30 мың АҚШ доллары көлемінде пара алған Алматы қаласы салық департаментінің бастығының орынбасары М.Нұрғалиев тұтқындалды. 1,5 млн. халқы бар үлкен мегаполистен салық жинаушы органның басшысына тінту жүргізілгенде оның үйінен 130 мың доллар, 20 мың евро, 850000 теңге табылса, банкідегі депозиттерінен 400 мың доллар, 380 мың евро шыққан. Мемлекеттен жалақы алып отырған үлкен лауазымды чиновниктің қоржынында 1 млн. доллардан астам байлығы болған /251/. БАҚ құралдарында министрлердің, вице-министрлердің, облыс, аудан әкімдерінің тарапынан болған осындай паракорлық пен ұйымдасқан қылмыстар фактілерінің әшкереленуі қоғамның маралдық сауығуына көмектескені анық. Мұндай белсенділікті биліктің құрамындағы БАҚ-та үнемі танытып отырады.

Қазақстан азаматтарына елдің ақпараттық кеңістігін өздеріне қажетті кәсіптік, саяси-әлеуметтік және мәдени-рухани ақпаратты таңдауына және қабылдауына мүмкіндік жасалынды. Сонымен қатар, елдің ақпараттық кеңістігінде орны толмаған кеңістіктер әлі де жетерлік. Көптеген ғылым салаларында, бала, жастар тәрбиесі мәселелерінде, ауылшаруашылығы кешенін өркендету жолдары мен тетіктерін табу мәселесінде т.б. өзекті, дамуға қатысты мәселелерде елдің ақпараттық қуаты қанағаттанарлық болған жоқ. Ұлтшыл-патриоттық топтар қазақ халқының рухани мұрасының ақпараттық кеңістікте алатын орнын тым мардымсыз деп есептеді.

Қазақстандағы БАҚ елдегі этникалық татулық, діни келісім мен әлеуметтік түсіністік құралына айнала білді. Әсіресе газеттер беттерінде және теледидарда елдегі экономикалық және саяси модернизация саясатынан іске асырудың кепілі ретінде ұлтаралық татулықты нығайту мақсатын насихаттау қолға алынды. Осы мәселені зерттеушілердің бірі Баймұқанов Ербақыт айтқандай: «БАҚ өз дамуына мемлекеттік саясатпен бірге қоян-қолтық жүзеге асуы бұл кезек күттірмес мәселенің бірі, сондықтан ақпарат құралдары ұлттық нышанда және Қазақстанда тұратын ұлттар мен ұлыстардың басын қосатын ортақ құралға айналуы өз нәтижесін одан әрі ауқымды береді деген ойда. Олай дейтін себебіміз Қазақстандық БАҚ-тың еліміздің патриоттық мәселелерін кең көтеріп және еліне деген адалдық тәрбиесіне ат салысуы қажет» [12].

Қазақстандағы БАҚ қызметінің негізгі бағыттарына қысқаша шолу жасағанымызда оның елді демократияландыру үрдісінің негізгі тетігіне айналғандығын көреміз. БАҚ азаматтық қоғам институттарының өсіп-нығаюына идеологиялық жағдай жасады, қазақстандықтардың жаңа саяси мәдениетін тәрбилеп, әлеуметтік бағдарламаларын анықтауға және Қазақстан халқының бірлігінің рухани, мәдени және әлеуметтік құндылықтарын қалыптастыруға зор игілікті ықпал жасады. Қазақстан халқының капитализмнен алатын жалпы орнын түсіндірді. Заманауи алмасулар болған өтпелі кезеңнің қиыншылықтарын жеңудің тетіктерін көрсетіп, әдіс-тәсілдерін үйретті. Қоғамдық келісім, саяси тұрақтылық, толеранттылық пен гуманизм принциптерін насихаттап, түсіндіріп БАҚ демократиялық мемлекет құрудың күрделі үрдісін тездетті [13].

Сонымен қатар ақпараттық-технологиялық революциялар заманының басымдықтарынан Қазақстан тысқары тұра алмады. Әсіресе ашық қоғам жағдайында әлемдік державалардың ақпараттық агрессиясы анық сезіліп тұрды. Осыған дейін айтқанымыздай Қазақстан халқы Ресей БАҚ-ның толық диктатында қалды. Қазақ тілі БАҚ пен елге тарайтын Ресей БАҚ-ның жалпы қуатын салыстырғанда Ресейдікі 4 еседей басым болып қалды. Елдегі бұндай құбылыс жайында белгілі саясаткер, «Ұлт тағдыры» қозғалысының төрағасы Дос Көшім «Ресейдің ақпараттық-идеологиялық кеңістігінен шығудың жолдарын іздеу де кезек күттірмейтін мәселе. Қытайлар да сыналып еніп жатыр. Оның да алдын алуды бүгіннен бастап ойланғанымыз дұрыс. Қысқасы, саяси реформалардың басты бағыты-ұлттық негіздегі мемлекетті қалыптастыру болу керек», - деп ашық жазады [14]. Үшінші әлемдік басымдылық Батыстық АҚШ-тың ақпараттық ықпалдың да Қазақстанда нақты сезілуі. Әлемдік ақпараттың 75 пайызын, кинохрониканың 70 пайызын жасап отырған АҚШ-тың БАҚ жетістіктерін Қазақстан өз пайдасына игеруі тиіс болды. Әлемде пайдалы

зиянды ақпарат бар. Қазір әлемдік мегатрендтердің елдің экономикасына, ғылымына, медицинасына, білімі мен өнеріне пайдаланып сұрыптап, електен өткізіп барып елдің ақпараттық кеңістігінде насияттау мәселесі шешілмей тұр. Қажетті, пайдалы ақпаратты игеру елдің дамуына кепіл болмақ.

БАҚ елдегі қоғамдық қатынастар жүйесінің ішінде саяси коммуникация үрдістерінде шешуші рөлге ие болды. Шын мәніндегі «ақпараттық қоғам» болуы саяси коммуникация ықпалының өсе түсуінен көрінді. Әсіресе жаһандық компьютер жүйесінің елдің ішкі саяси өміріндегі ақпараттарды жылдам таратуға, тираждауға көмектесуі күшейді. Сайлаушылыр, саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстар қызметтері, мемлекеттік билік институттарының қызметтері виртуалдық сипат алып әлеуметтік-саяси процестердің халыққа жетуі бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде жылдамдады. БАҚ-ның саяси коммуникациядағы рөлін арнаулы зерттеген А.Иманбаева: «Бүгінгі таңда отандық БАҚ саяси коммуникацияның бірден-бір негізгі құрылымның бірі болып саналады. Демек, саяси ақпараттың жылдам таралып, жеткізілуі бұқаралық ақпарат құралдарына саяси сұранымды арттыратыны белгілі. Өйткені БАҚ еліміздегі ашық та, жариялы құрылым ретінде, қоғамдық пікірді қалыптастырып ерекше механизм болып есептеледі», - деп көрсетті [15].

Басқарушы элита және Үкімет Қазақстан болашағын жаңа коммуникациялық инфрақұрылым жасалуымен байланыстырды. Онсыз елдің бәсекеге қабілетті болуын, өркениетті мемлекет орнатудың стратегиялық міндеттері шешілмейтін еді. Жаңа ақпараттық-коммуникативтік жүйе елдің жаһандану үрдісіне кіруіне есік ашты. БАҚ-тың белсенді жұмысы арқасында жеке тұлғалардың санасының, мәдениетінің және өмір салтының жаһандануы процесі басталды. Сондықтан БАҚ біртіндеп мемлекеттің үстінде тұратын, адамдарды топтастырушы және араластырушы факторге айналды. Қазақстан халқына жаһандық мәдениет, киім үлгілері, технология, экология мәселелері т.б. жалпыазаматтық, планетарлық басымдылықтар қабаттасып кірікті. БАҚ елде бөтен мәдениеттерді, құндылықтарды, әлеуметтік басымдылықтарды, діни ағымдарды, өмір стилдерін кең тарата бастады. Осы ретте елдегі дәстүрлі ұлттық құндылықтарға, дінге, рухани-ұлттық тәрбие жүйесіне қауіп төнді. Ұлттық-мемлекеттік ірге тасты қатайту үшін ақпараттық қауіпсіздікті және ұлттық идеологияны нығайту мәселесі маңызды бола түсті. Елбасы Қазақстанда БАҚ-на әлемдік үрдістердің ықпал етуі елдегі медиа кеңістікке екі ұдай бағытты туғызды. Екі түрлі бағыт Қазақстан халқының топтасуына, мемлекетшілдік идеология төңірегінде ұйыуына қайшылықты ықпал жасады. Әлемдік БАҚ және Ресейлік БАҚ-да, мысалы, әлемдік терроризм құбылысына қарсы ортақ пікір қалыптаспаған. Әлемдегі №1 террорист атанған Усама Бен Ладен туралы жазылған, американдық «Нью Йоркер» журналында журналист Стив Коллдың «Бен Ладен: американдәуіріндегі араб отбасы» деген кітапта Бен Ладен асқан ұйымдастырушы, терроризмді бизнестің, табыстың көзіне айналдырған инноватор, топ-менеджер ретінде бағаланады. Оның ең күшті инновациясы спутниктік байланыс арқылы алыс жерде отырып-ақ террактілерді ұйымдастыруды өмірге әкеледі. «Аль-Кайеда» ұйымы қазіргі бизнесті ұйымдастырудың нағыз үлгісі ретінде бағаланады [16]. Ал, Ресейдің БАҚ болса Шешенстан террористерінің әрекеттері туралы ақпарат береміз деп, оларды әділет пен тәуелсіздік үшін күрескерлер, нағыз ержүректер ретінде насихаттанғандарын өздері де білмей қалды. Соның әсерінен Батыс демократтары әлі күнге дейін шешен содырларының барлық әрекеттерін бостандық үшін, тәуелсіз мемлекет құру үшін күрескелікке балап келеді.

Қазақстан демократиялық мемлекет құру барысында азаматтардың дүниетанмында түрлі қайшылықтар орын алды. Оның ең қиыны ұлттық құндылықтар мен заманауи жалпыадамзаттық құндылықтардың үндесуі, өзара жарыстық табуы мәселесі болды. Ақпараттық-коммуникативтік жүйелернің ғаламдануы халықтар мен мәдениеттер арасындағы идеологиялық және саяси барьерлерді әлсіретті. Қазақстан халқы басқа мәдени құндылықтарды, әлеуметтік басымдылықтарды, басқа өмір-салттарды көрді, қабылдай бастады. Осы ахуал елдің ұлттық қауіпсіздігіне және мемлекеттік тәуелсіздігіне қауіп төндіретіндей дәрежеге жетті. Транұлттық корпорациялардың Қазақстанға экономикалық-финанстық экспансиясына, әлемдік діндердің діни экспансиясына, Батыстық бұқаралық мәдениеттің мәдени экспансиясына, экстремистік радикалистік топтардың агрессиялық экспансиясына және ең ауыры әлемдік басым державалардың геосаяси экспансиясы қарсы тұруға қабілетті Қазақстан азаматтарының дүниетанмы мен өмірлік позициясын тәрбиелеу Қазақстанның БАҚ-ның стратегиялық міндетіне айналды.

Қазақстандық БАҚ әлемдік өркениеттің алдыңғы қатарлы, елге қажетті озық үлгілерін насихаттуды, түсіндіруді жолға қоюы керек болды. Дамыған мемлекеттердегі өндіріс пен әлеуметтік саладағы инновациялық шешімдер, ғылыми технологиялық, финанстық-экономикалық жетістіктер, әлемдік гуманистік дүниетаным, әлеуметтік-саяси дамудың демократиялық үлгілері, әлеуметтік-мәдени және рухани-адамгершілік мәселелерін шешудің өркениеттік үлгілері, құқықтық мемлекет стандарттары сияқты

дамудың өркениеттік белгілері мен принциптерін жасайтын бағыттар Қазақстанның ақпараттық кеңістігінің негізгі мәні мен мазмұнына айналуға тиіс болды.

Жоғарыда айтылған өзекті бағыттар, мысалы, Қазақстан Республикасының «Жарнама туралы» Заңында орын алды [17]. БАҚ жарнамаларға ұлттық мүдделер мен мемлекеттік қауіпсіздікке зиянды болмауы талабы қойылды. БАҚ-тағы жарнамада халықтың ұлттық мүдделеріне, денсаулығына, түрлі мәдениеттер мен халықтардың достастығына қарсы, оларға зиянын тигізетін жарнамаларға тиым салынды.

Ашық қоғам жағдайындағы ақпараттық және діни қауіптер БАҚ-ның қызметіне мемлекеттің араласуын талап етті. Тиімді ақпараттық саясат арқылы ғана қалалар мен ауылдардағы жарнамаларды, баспасөз материалдарын, радио, телехабарларды бақылауға алуға болатын еді. Сондықтан мемлекеттік мүдделі органдар гуманизмнің ортақ нормаларын, адами моралды, ұлттық және әлемдік құндылық болып есептелетін өнер, мәдениет, тарихи ескерткіштерін, мемлекеттік символдары, діни символдарды, елдің ақша белгілерін т.б. құндылықтарға нұқсан келтіретін қандай да болмасын жарнамалардың, баспасөз, радио және теле материалдардың жарияланбауын қадағалады.

Үнемі жаңару үрдістерін, реформаларды бастан өткеріп жатқан Қазақстан қоғамының алдында тұрған өзекжарды мәселелерді талқылау, сараптау, насихаттау БАҚ-нан өз қызметін үнемі жетілдіріп отыруды талап етті. Сол себепті Қазақстан Республикасының 1999 жылы қабылдаған «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңына өзгертулер мен толықтырулар жиі енгізілді. Қазақстан БАҚ-ның басшылары мен журналистер елдегі сөз бен баспасөз бостандығын мемлекеттік шектеуді неғұрлым азайтуды қалады. БАҚ жүйесінің демократиялануы Қазақстанда демократиялық мемлекет жасауда, оның Европадағы ынтымақтастық пен қауіпсіздік кеңісіне 2010 жылғы төрағалық етуі барысында зор қозғалыстар әкеледі деп есептеледі. Сондықтан саяси ақпараттық кеңістікті демократияландыруға көмектесетін «Саяси партиялар туралы», «Сайлау туралы», «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы», «БАҚ туралы» маңызды төрт заңға өзгерістер енгізілу көзделді. Осыған орай белгілі журналист Камшәт Тасболат: «Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ-на төрағалық қарсаңында «қоғамды әрі қарай демократияландыруға бағытталған» бірнеше заң көкпарға түсті. Мұндағы халықаралық сарапшылардың талабы күні ертең Европадағы ең беделді ұйымдардың бірін басқаратын Қазақстан заңдарының европалық стандарттарға сай болып, адам құқықтарының толықтай қамтамасыз етілуі», - деген пікірі орынды деп есептейміз /259/.

БАҚ елдегі әлеуметтік-экономикалық процестер туралы ел халқына объективті ақпараттар беруге ұмтылды. Осы қызметтері арқылы БАҚ ішкі саясаттың барлық дерлік бағыттарының жетілуіне көмектеседі. БАҚ елдегі қоғамдық пікірді қалыптастырып саясаткерлер ісіне ықпал етті. Оны елдің барлық аймақтарын қамтып 2500 адамға жүргізілген әлеуметнамалық зерттеулер қорытындылары нақты дәлелдейді. 5 балдық шкала бойынша: Әрбір азаматтың ойындағыдай өмір деңгейіне құқығын қазақстандықтар 4,4 баллмен бағалаған; ана тілін қолдау және дәстүрлерді сақтау құқығы - 4,2 балл; қоғамдық тәртіп пен тұрақтылық - 4,3 балл; еркін жүру және тұрғылықты жерді таңдау құқығы - 4 балл; саяси билік органдарына сайлау және сайлану құқығы - 3,7 балл; еңбекке, денсаулықты қорғауға, әлеуметтік қамтамасыз етуге құқық - 4,2 балл; шаруашылық-экономикалық еркіндіктер-3,9 балл; әлеуметтік әділеттілік, баршаның заң алдында теңдігі - 4,3 балл; жеке бас пен оның тұрғын үйінің қауіпсіздігі 4,3 балл; ой, сөз, баспасөз, дін бостандығы - 4 балл [18].

Әлеуметнамалық зерттеулерден қазақстандықтардың дәстүрлі демократиялық құндылықтары жоғары бағалайтындығын көреміз. Халық үшін демократиялық мемлекеттің мәні оның адамдардың дұрыс және игілікті өмір сүруіне мүмкіндіктер туғызуға қабілеттілігімен ашылады. Азаматтар өздерінің экономикалық бостандықтарына да ерекше маңыз беріп, оған мемлекеттің мөлшерден тыс араласуын қалаған жоқ. Халық үшін демократияға баратын жол ой, сөз, баспасөз бостандықтарының қажеттілігін де жоғары бағалады. Бұл туралы белгілі қоғам қайраткері, журналист Жұмабек Кежалін: «осынау тарихи миссияны атқару республикалық БАҚ-қа жүктелді. Оны жүзеге асыру үшін, оқырмандар аудиториясын еліктіру үшін саяси әдіс-тәсілдерді ұтқырлықпен қолдау қажеттігі сөзсіз. Қоғамдық ой-сана үрдісіне әділ айтылып жүргендей, БАҚ шын мәнінде «төртінші билік» тұтқасына айнала бастағаны жасырын емес. Себебі, бүгінгі таңда бұқаралық ақпарат құралдары адамның санасына және қоғамның саяси жүйесіне ықпал етудің аса күшті құралы екені мәлім», - деп әділ бағасын берді [19].

Мемлекеттің ақпараттық саясатын БАҚ жүргізді. Оның мақсаты-ақпараттық салада мемлекет пен қоғамның мүддесін қамтамасыз ету. Ал, мемлекеттің БАҚ-қа қатысты саясаты оның қызметінің заңдық нормаларының, технологияларының принциптерін анықтап, мемлекеттік ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Ақпараттық саясаттың мазмұнын талдағанда оның тиімділігін арттыру аса күрделі мәселе екендігін көреміз.



Себебі, демократиялық даму жолы қоғамда міндетті түрде болуы тиісті күрделі құбылыстарға қалайды. Олар: биліктің бөлінуі, оппозицияның болуы, билікті және болып жатқан үрдістері сынау, талдау құқығы, қоғамның дамуының өзекті мәселелерін жалпыхалықтық талдау, жемқорларды, заң бұзушыларды аямай әшкерелеп отыру. Қоғам дамуының демократиялық векторын анықтайтын осы принциптердің барлығы БАҚ арқылы ғана іске асады. Демократияны мақсат тұтқан БАҚ басқарушы билігін адамдардың дүниетанымы мен санасына әсер ету арқылы жүзеге асыруға көмектеседі. Әрине БАҚ-да айтылған саяси ойлар мен пікірлер, талдаулар мен бағалаулар биліктің нақты саясаты мен істерінен өз көрнісін табуға тиісті. Басқаша болған жағдайда БАҚ-тың айтқандары бос сөз, қоғамдық пікірді алдау болып қалады. Сондықтан БАҚ-тың жемісті қызметі саясаттың табысты болуына тікелей тәуелді. БАҚ-та қаншама жақсы идеялар көтеріліп, демократиялық мемлекет принциптері насихатталғанымен нақты саясатта демократияға жол ашылмаса табыс болмайды. Медиа кеңістігіндегі БАҚ хабарларының демократиялық мазмұны демократиялық мемлекет жасау реформаларына идеологиялық-саяси база жасайды.

Сонымен қатар БАҚ қызметі ол әсер ететін азаматтардың біліміне, мәдениетіне және дүниені түсінуіне де тәуелді. Тұрғындар БАҚ әлеуметтік мәселелерді неқұрлым көп көтеріп, олардың шешілуіне ықпалы болса соғұрлым беделді болады. БАҚ әділеттілік, гуманизм мен демократия принциптерін ұстанса тұрғындардың оған сенімі өсе түседі. БАҚ арқылы билікке таласушылар өздерін жарнамаламайды, бағдарламаларын халыққа насихаттамайды. Ал, билік иелері өздерінің жүргізіп отырған саясатының дұрыстығын, негізділігін көрсетуге тырысады. Бұл құбылысты «саясаттың медиалануы» деген ұғыммен де көрсетіп жүр. «Саясаттың медиалануы» дегеніміз биліктің, саясаттың, экономиканың қызметтері баспасөз бен ақпараттың дендеп енуін көрсетеді. Қоғамдық – саяси кеңістікте саясат, экономика және ақпарат пен баспасөз өзара қатысты, өзара тәуелді бола түседі.

Ғылыми негізделген, әлеуметтік-саяси шындықты әділ көрсететін, ұлттық және мемлекеттің мүдделерін көздейтін БАҚ ел халқының саяси мәдениетін қалыптастырып, оның әлеуметтік оптимизмін көтерді. Осы тәуелділік туралы белгілі саясаттанушы Сайын Борбасов: «Сөздің түзелуінің Қазақстан үшін де тағдырлық маңызы бар. Қазіргі БАҚ, ресми саясат, оппозиция мен идеология Қазақстан халқын өз мәніндегі дұрыс және ақиқат сөзбен тәрбиелеп отырған жоқ. Мемлекет сөзінде марапат пен мадақ басым болса, оппозицияда шектеп тыс айыптау. Билік те, оппозиция да шындық сөзі бізде деп дәлелдегісі келеді. Сөз жоқ, әрқайсының сөздерінде белгілі бір шындықтың бары рас. Бірақ, нағыз ақиқат жоқ. Айта кету керек, қазіргі Қазақстанда билік сөзі, идеологиясы, биліктің дүниетанымы басым», - деп орынды баға береді [20].

#### **Зерттеу нәтижесі:**

Айтылған ойлар мен пікірлерді қортындылай келе Қазақстанда БАҚ ел халқының саяси санасы мен саяси мәдениетін қалыптастырудағы шешуші факторға айналды деп есептеуге болады. Ел азаматтары БАҚ арқылы саясат әлеміне енді. БАҚ-тың конституциялық міндеттерді шешуге мүдделі болуы оның демократиялық мемлекет орнатудағы маңызының арта түскендігін көрсетті. Қазақстандағы БАҚ демократия идеяларына ерекше ден қойып, оны белсенді насихаттады. Кесінше, тоталитаризм, авторитаризм, социализм мен фашизм идеологияларының Қазақстан үшін зияны мен қаупін барынша көрсетуге және әшкерелеуге тырысты. Ал, БАҚ назарынан тыс қалған мәселелер қоғамның да, биліктің де назарынан тыс қалып отырды. Баспасөз, радио, теледидар, интернет әлемдегі, елдегі түрлі оқиғалар, құбылыстар туралы хабар бере отыра олардың тыңдаушыларға еткен әсерлеріне де назар аудара бастады. Таңдаушылар мен көрермендер алған ақпараттарына берген бағаларын сол БАҚ-тың өзі арқылы бағалауға кірісті. Осындай өзара байланыстар БАҚ-ты нағыз коммуникация, яғни жақын байланыстар құралына айналдырды.

**Қорытынды.** Қазақстан қоғамның саяси кеңістігі ақпараттық-коммуникативтік үрдістердің көпдеңгейлі жүйесіне айналды. Биліктің мақсаттарын көздейтін БАҚ, оппозициялық партиялардың идеологиясы, бизнес элитаның дүниетанымы мен жалдамалы еңбекші әлеуметтік топтар мүдделерін көздейтін БАҚ, азаматтық қоғам идеологтары т.б. топтар мүдделерін көздейтін БАҚ. Осының арасында, әрине, биліктің БАҚ-дары басымдылық көрсетіп Қазақстанның демократиялық мемлекетке бейбіт жолмен эволюциялануының идеологиясы мен саясатын жарнамалады және уағыздады. Сол арқылы билік тұрғындары өз саясаты соңынан ертіп демократиялық мемлекетті тез құрудың мәселелерін шешті.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Бруштунов В.Н. *СМИ Казахстана и России в трансформационный период: политологический анализ. Автореф. дисс. на соискание учен. степ. канд. полит. наук. – Алматы, 2007. – 32 с. (5).*

2. Қасым-Жомарт Тоқаевтың VII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі, 15.01.2021
3. Раскрепощенная пресса // Бюллетень Информационного агентства США. 1992. №7. – С.7.
4. Азизова З.Т. Влияние средств массовой информации на этнополитические процессы в Республике Казахстан. Автореф. дисс. на соискание учен. степ. канд. полит. наук. – Алматы, 2008. – 24 с. (17).
5. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 26 маусымдағы «Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңы // medialaw.kz.
6. Нысанбаев А.Н., Дунаев В.Ю., Косиченко А.Г., Курганская В.Д. Роль СМИ в консолидации современного казахстанского общества. – Алматы, 2010, – 222 с. (42).
7. Казахстанские партии. НПО и СМИ. Политика Казахстана. В кн.: Информация о Казахстане. Совместный проект Очех С.А. – Алматы, 1997. – С. 47.
8. Тілеубай Т. Тіл аманат // Жас қазақ, 2009, 6 ақпан. – 3 б.
9. Кәпқызы Е. Мемлекеттік тілдің мәселесін митинг шеше ме? //Түркістан. 2008. 25 қыркүйек. – 1 б.
10. Мұхамеджанова А. Алматыдағы Орталық мешітке жиналғанда // Егемен Қазақстан. 2003. 12 ақпан. – 1 б.
11. Баймұханов Е.М. Қазіргі Қазақстан Республикасы жастарының саяси санасын қалыптастырудағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі. Саяси ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. – Алматы, 2010. – 24 б. (16).
12. Ерiмбетов Н. Дәл қазір оппозицияның үнсіз отыруы олардың толыққанды бағдарламасының жоқтығы ма, әлде ішкі қулығы ма? // Алаш айнасы. 2009. 30 қаңтар. – 2 б.
13. Көшім Д. Ресейдің идеологиялық кеңістігінен шығудың жолдарын іздеу – кезек күттірмейтін мәселе // Айқын. 2006. 11 ақпан. – 3 б.
14. Иманбаева А.А. Қазақстан Республикасындағы саяси коммуникация: ерекшеліктері мен проблемалары. Саяси ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. Алматы, 2010. – 26 б. (17).
15. Колл С. Как Бен Ладен раскручивал свой бренд // Время. 2008. 18 сентября. – С. 22.
16. Закон Республики Казахстан «О рекламе» // Казахстанская правда, 2003. 26 декабря. – С.1.
17. Тасболат К. Көкпарға түскен төрт заңның көлеңкелі тұстры // Айқын. 2009. 22 қаңтар. – 3 б.
18. Нысанбаев А.Н., Дунаев В.Ю., Косиченко А.Г., Курганская В.Д. Роль СМИ в консолидации современного казахстанского общества. – Алматы, 2010, – С. 145.
19. Кенжалин Ж. Бұқаралық ақпарат құралдарының қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы рөлі. Саяси ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. – Алматы, 2004. – 28 б. (4).
20. Борбасов С.М. Саясат сандыраққа айналмасын // Жас қазақ. 2009. 12 маусым. – 5 б.

#### References:

1. Brustunov V.N. SMĭ Kazahstana i Rosii v transformacionnyj period: politologičeski analiz. Avtoref. diss. na soiskanie učen. step. kand. polit. nauk. Almaty, 2007. 32 s. (5).
2. Qasym-Jomart Toqaevtyñ VII űaqyrylymdaǵy Parlamenttiñ birinűi sesiasynyñ aűyluynda sōilegen sōzi, 15.01.2021
3. Raskrepoűennaia presa // Būleten Īnfarmasionnogo agentstva SűA. 1992. №7.- s.7.
4. Azizova Z.T. Vlianie sredstv masovoi informasii na etnopoliticheskie prosesy v Respublike Kazahstan. Avtoref. diss. na soiskanie učen. step. kand. polit. nauk. Almaty, 2008.- 24 s. (17).
5. Qazaqstan Respublikasynyñ 1998 jylǵy 26 mausymdaǵy «Ūlttyq qauypsızdık turaly» Zañy // medialaw. kz.
6. Nysanbaev A.N., Dunaev V.Ī., Kosichenko A.G., Kurganskaia V.D. Rōl SMĭ v konsolidasii sovremennogo kazahstanskogo obűestva. Almaty, 2010, - 222 s. (42).
7. Kazahstanskije partii. NPO i SMĭ. Politika Kazahstana. V kn.: Īnformasia o Kazahstane. Sovmestyi projekt Ocheh SA Almaty, 1997. s. 47.
8. Tileubai T. Til amanat // Jas qazaq. 2009, 6 aqpan. – 3 b.
9. Kāpқыzy E. Memlekettik tilđiñ māselesin mitiñ űeűe me? // Tūrkistan. 2008. 25 qyrkūiek.- 1b.
10. Mūhamejanova A. Almatydaǵy Ortalyq meűitke jinalǵanda // Egemen Qazaqstan. 2003. 12 aqpan. – 1b.
11. Baimūhanov E.M. Qazirǵy Qazaqstan Respublikasy jastarynyñ saiasi sanasyn qalyptastyru daǵy būqaralyq aqparat qūraldarynyñ rōli. Saiasi ġylym. kand. ġylymi dārejesin alu űsin daiyndalǵan diss. avtoreferaty. Almaty, 2010. – 24 b. (16).

12. Erımbetov N. Däl qazır opozisianyñ ünsız otyruy olardyñ tolyqqandy bağdarlamasyñ joqtyğy ma, äldе işki qulyğy ma? // *Alaş ainasy*. 2009. 30 qañtar. – 2b.
13. Köşim D. Reseidiñ ideologialyq keñistiginen syğudyñ joldaryn izdeu – kezек küttırmeitin mäsele // *Aiqyn*. 2006. 11 aqpan. – 3b.
14. İmanbaeva A.A. *Qazaqstan Respublikasyndağy saiasi komunikasia: erekşelikteri men problemalary. Saiasi ğylym. kand. ğylymi дәrejesin alu үшін дайындалған diss. avtoreferaty*. Almaty, 2010. – 26 b. (17).
15. Koll S. *Kak Ben Laden raskruchival svoi brent* // *Vremä*. 2008. 18 sentäbrä. – s. 22.
16. *Zakon Respubliki Kazahstan «O reklame»* // *Kazahstanskaia pravda*, 2003. 26 dekabrä. – s.1.
17. Tasbolat K. *Kökparğa tüsken tört zañnyñ köleñkeli tüstry* // *Aiqyn*. 2009. 22 qañtar. – 3b.
18. Nysanbaev A.N., Dunaev V.İu., Kosichenko A.G., Kurganskaia V.D. *Röl SMİ v konsolidasii sovremennogo kazahstanskogo obşestva*. Almaty, 2010, -s. 145.
19. Kenjalın J. *Būqaralyq aqparat qūraldarynyñ qazaqstandyq patriotizmdi qalyptastyradağy rölі. Saiasi ğylym. kand. ğylymi дәrejesin alu үшін дайындалған diss. avtoreferaty*. Almaty, 2004. – 28 b. (4).
20. Borbasov S.m: *Saiasat sandyraqqa ainalmasyn* // *Jas qazaq*. 2009. 12 mausym. – 5b.

**МРНТИ ????**  
**УДК ????**

Тұралин Е.М.\*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің,  
аймақтану мамандығының докторанты  
E-mail:esen.turalin@mail.ru

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҮРКИЯМЕН МӘДЕНИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢДЕГІ ТАБЫСТЫ ҚАДАМДАРЫ (1991-2000 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ)

### Аңдатпа

Мақалада 1991-2000 жылдар аралығындағы Қазақстанның Түркиямен мәдени қарым-қатынасының алғашқы кезеңдегі табысты қадамдары жан-жақты талданады. 1991 жылдан бастап Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін екі ел арасында дербес қоғамдық негізде достық және бірлік ұйымдары құрыла бастады. Ресми мәдени және ғылыми байланыстармен қатар қоғамдық ұйымдардың, оның ішінде діни қауымдастықтың да Түркия мен Қазақстанның байланыс орнату ниеттері мемлекетаралық қарым-қатынастарды нығайтуға септігін тигізді. Осы мақалада қарастырылып отырған Түркия мен Қазақстанның мәдениет және ғылым саласындағы байланыстардың терең және нақты мазмұнды сипат алуына осы келісімшарттың атқарған қызметі ерекше екендігіне назар аударған жөн. Келісімшартта халықаралық ынтымақтастықтың негізгі салалары қарастырылған, олар: университеттер арасындағы қарым-қатынастың дамуы, ғылыми жобалар мен бағдарламалар алмасу, ғылыми конференциялар, кездесулер өткізу және бірлескен ғылыми жұмыстар жүргізу, маман кадрлар даярлау және алмасу, оқу материалдарымен және ақпараттармен алмасу, театр, музыка, опера, балет және басқа да өнер салаларындағы өзара қарым-қатынастың дамуы, көрмелер ұйымдастыру, әртістермен және көркемөнер ұжымдарының Түркия мен Қазақстанның жақты қатынасы және бағдарламалар алмасу, әдеби шығармалармен танысу және оларды екі елде аудару, кинематография, теле-радио компаниялары, ақпараттық агенттіктер және баспасөз, жастар ұйымдары арасындағы қарым-қатынасқа ықпал ету. Нәтижесінде бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан мәдени, ғылыми, рухани, жалпы гуманитарлық саладағы қарым-қатынастар екі елдің бұлжымас саясатына айналды.

**Кілт сөздер:** Қазақстан-Түркия, мәдени байланыстар, халықаралық ынтымақтастық, қазақ-түрік қатынастары, мәдени ынтымақтастық.

Тұралин Есенгазы Мұхаметжанұлы\*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая по специальности  
8D03105 – Регионоведение  
E-mail:esen.turalin@mail.ru

## УСПЕШНЫЕ ШАГИ НА ПЕРВОМ ЭТАПЕ КУЛЬТУРНЫХ ОТНОШЕНИЙ КАЗАХСТАНА С ТУРЦИЕЙ (С 1991 ПО 2000 ГОДЫ).

*Аннотация*

В статье всесторонне проанализированы успешные шаги на первом этапе культурных отношений Казахстана с Турцией в период с 1991 по 2000 годы. С 1991 года, после обретения Республикой Казахстан независимости, между двумя странами на самостоятельной общественной основе стали создаваться организации дружбы и единства. Помимо официальных культурных и научных контактов, укреплению межгосударственных отношений способствовали намерения общественных организаций, в том числе религиозной общественности, наладить контакты между Турцией и Казахстаном. Стоит обратить внимание на особую роль этого соглашения в глубоком и специфическом характере отношений между Турцией и Казахстаном в области культуры и науки, что рассматривается в данной статье. Соглашение предусматривает основные направления международного сотрудничества, в том числе: развитие отношений между университетами, обмен исследовательскими проектами и программами, проведение научных конференций, совещаний и совместную научную работу, подготовку и обмен кадрами-специалистами, обмен учебными материалами и информацией, театр, музыка, опера, развитие взаимоотношений в области балета и других искусств, организация выставок, взаимоотношения и обмен программами с артистами и творческими коллективами Турции и Казахстана, знакомство с литературными произведениями и их перевод на оба языка стран, кинематографии, теле- и радиокompаний, информационных агентств и печати, развитие связей между молодежными организациями.

**Ключевые слова:** Казахстан–Турция, культурные связи, международное сотрудничество, казахстанско-турецкие отношения, культурное сотрудничество.

*Turalin E.M.\*<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> PhD student of Kazakh Abai National Pedagogical University, specialty 8D03105 - Regional Studies  
E-mail:[esen.turalin@mail.ru](mailto:esen.turalin@mail.ru)

## SUCCESSFUL STEPS IN THE EARLY STAGES OF CULTURAL RELATIONS OF KAZAKHSTAN WITH TURKEY (1991-2000)

*Abstract*

The article analyzes in detail the successful steps of Kazakhstan's cultural relations with Turkey in the early period from 1991 to 2000. Since 1991, after the independence of the Republic of Kazakhstan, organizations of friendship and unity began to be created between the two countries on an independent public basis. In addition to official cultural and scientific ties, the intentions of public organizations, including religious communities, to establish contacts between Turkey and Kazakhstan contributed to the strengthening of interstate relations. It is worth paying attention to the fact that the activities of this contract are unique in that the relations between Turkey and Kazakhstan in the field of culture and science, which are considered in this article, have a deep and specific substantive character. The agreement provides for the main areas of international cooperation, including: development of relations between universities, exchange of research projects and programs, holding of scientific conferences, meetings and joint scientific work, training and exchange of specialist personnel, exchange of educational materials and information, theater, music, opera, the development of mutual relations in the fields of ballet and other arts, organization of exhibitions, mutual relations and exchange of programs with artists and art collectives of Turkey and Kazakhstan, acquaintance with literary works and their translation in both countries, cinematography, television and radio companies, information agencies and the press, promoting relations between youth organizations. As a result, relations in the cultural, scientific, spiritual, and general humanitarian spheres, which continue to this day, have become an inescapable policy of the two countries.

**Keywords:** Kazakhstan - Turkey, cultural relations, international cooperation, Kazakh-Turkish relations, cultural cooperation.

**Кіріспе.** 1917 жылы төңкеріне дейін Ресей империясының саясаты Түркияны Қара теңіз бөн Жерорта теңізі аумағындағы бәсекелесі ретінде қарастырып, ресей патшалығы қол астындағы түркі тілдес отар халықтардың Түркиямен байланысын кеңейтуге кедергі жасап келгені мәлім. Ал кеңестік дәуірді бұл тек ресми мемлекетаралық қатынастар аясында ғана қарастырылып екі ел халықтарының мәдени, рухани, діни жақындықтарына тосқауыл қойылды. Ресми коммунистік (орыстық деп айтуға болады) идеологиялық ауытқып, түрік халықтарының тамырластығы туралы пікір білдіргендігін кеңестік дәуірде «пантюркизм» идеологиясына уағыздаушылар деп бағаланғаны, саяси қуғын-сүргінге ұшырағаны белгілі. Сондықтан, тәуелсіз Қазақстан мемлекеті жарияланып, демократиялық, егемендік негізде сыртқы қарым-қатынастарын айқындау, қалыптастыру барысында ежелгі діни-рухани байланыстарды да жаңғыртудың маңызы өте зор еді. Бұл тұрғыда Түркістан, ондағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі сияқты қасиетті ұғымдар мен ескерткіштердің де рөлі ерекше болғаны белгілі. Сондықтан, 90-жылдары екі елдің діни қайраткерлерінің арасында рухани және материалдық құндылықтарды сақтау және де исламды дін ретінде уағыздау саласында қарым-қатынастар жаңғыртылды.

**Өзектілігі:** Қазақстанның Түркиямен мәдени қарым-қатынастың алғашқы ресми байланысы 1990 жылдың желтоқсанында орнатылды. Онда Қазақ КСР-ның мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Түркия Республикасының мәдениет министрлігінің арасында қарым-қатынас туралы келісімге және де Қазақ КСР-ы мен Түркия Республикасының Үкіметтері арасындағы ресми протоколға қол қойылды. Бұл құжаттарда жастарға білім беру саласында көрсетілетін көмек, жоғары оқу орындарындағы қарым-қатынас, бірлескен ғылыми жобалар жасау, студенттермен, әр түрлі саладағы мамандар және ғалымдармен алмасу, халықаралық семинарлар, конференциялар, фестивальдер өткізу, көрмелер ұйымдастыру, мәдени орталықтар ашу, театрлық, музыкалық және де басқа да шығармашылық ұйымдардың арасындағы қарым-қатынастарды қолдау, марапаттау, қазақ жазушыларының шығармаларын түрік тіліне, ал түрік жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне аудару және Қожа Ахмет Ясауимен Арыстанбаб кесенелерін жөндеуден өткізу, бірлескен археологиялық зерттеулер ұйымдастыру және тағы басқа да мәдени саладағы қатынастар туралы шаралар нақты көрініс тапты [1].

Мақсаты мен міндеттері: 1991-2000 жылдар аралығындағы Қазақстанның Түркиямен мәдени қарым-қатынасының алғашқы кезеңдегі табысты қадамдарына тарихи талдау жасау мақсатына сәйкес тақырыпты ғылыми тұрғыдан ашатын зерттеулер мен деректерді жүйелеп талдау негізге алынды. Тәуелсіз Қазақстан және Түркия Республикасы арасындағы мәдениет пен ғылым саласындағы байланыстардың орнауына және Қазақстан мен Түркияның гуманитарлық салалардағы байланыстарының тарихи негізін қарастыру алға міндеттер ретінде қойылды.

Материалдар мен әдістемесі: Мақаланы жазу барысында келесі еңбектер мен деректер, зерттеулер негізге алынды. Қазақстан Республикасы Президенті К.Тоқаевтың дипломатиялық қатынастар тарихына қатысты және бауырлас түрік мемлекетімен мәдени қарым-қатынастар барысындағы ғылыми еңбектері мақаламыздың материалдық базасына бастама болды. Сонымен қатар әр жылдары Қазақстанның Түркия мемлекетінде елшілік қызмет атқарған тұлғалардың басылым беттеріндегі еңбектері қарастырылды. Сонымен қатар «Казахстан-Турция: возрожденные отношения» атты еңбек дерек көзі ретінде қолданылды. Еңбекте автордың 10 жыл ішіндегі қазақ-түрік мәдени байланыстарының тарихы көрсетілген.

Ал қазақ-түрік елдері арасындағы ғылыми байланыстар туралы «Түркі әлем» атты ғылыми сонымен қатар Дипломатия жаршысы сериясымен жарық көретін басылым беттеріндегі тақырыпқа қатысты мәліметтер сараланды. Ғылыми зерттеулер мен дипломатиялық құжаттардағы ақпараттарды салыстырмалы түрде ала отырып тақырыпқа қатысты кешенді зерттеу жүргізілді. Зерттеу барысында салыстырмалы талдау, жүйелеу және қолданылып жүрген жаңа әдіс-тәсілдер қолданылады.

Талқылау: Жаһандану жағдайындағы Тәуелсіз Қазақстан мен Түркия республикасының өзара байланысы және оның болашағы Түркия мен Қазақстан арасындағы ресми байланыс 1990 жылдың желтоқсанында орнатылды. Мәдениет министрі Намық Кемал Зейбек пен Қазақ мемлекеттік мәдениет комитеті арасында екі ел арасында білім беру жүйесінде, ғылыми жобалар жасау, мамандар мен ғалымдармен тәжірибе алмасу, ортақ мәдени шаралар жүргізу ісі жөнінде келісімге қол қойылды. Бұл келісім ұзақ уақыт бойы үзіліп қалған мәдени байланысты қайта жандандырды.

1991 жылдың 31 қаңтарында Қазақ мемлекеттік мәдениет комитетінің басшысының Түркияға келуі және осы жылдың 14 ақпанында Денсаулық министрінің ынтымақтастық келісімге қол қоюы екі ел арасындағы мәдени қатынастарды нығайта түсті. Қазақстан тәуелсіздік алмастан бұрын Түркияның мемлекет басшысы Тұрғыт Өзалдың 15 наурызда Қазақстанға ресми сапары және "Қазақ Совет Социалистік Республикасы мен Түркия Республикасының қарым-қатынасы туралы" келісімшартқа отыруы қазақ-түрік қарым-қатынастарының достық бағытта одан әрі дамуына, нығая түсуіне алып келді. Бұл келісімшарт екі ел арасындағы мәдени байланыстардың кенеюіне және елшіліктер ашуына жол ашты. Тұрғыт Өзалдың бұл сапары түрік қоғамына Қазақстанды жаңа қырынан танытуға жол ашты. Түркияның мерзімді басылымдары Қазақстан мен Түркияның арасындағы болашақтағы байланыстар туралы ашық жазып, Қазақстан президенті Түркияға ресми түрде шақырылғандығы басылды. Негізінде бұл кездесуде Тұрғыт Өзал Нұрсұлтан Назарбаевпен Түркияның нарықтық экономикаға өтудегі тәжірибелері, тұрақты валюта курсы бекітудегі ұсыныстарымен бөлісіп, болашақтағы түрік кәсіпкерлері үшін Қазақстанның лайықты инвестиция шарттарын қамтамасыз ету мәселелері жөнінде сұхбаттасты. Тұрғыт Өзал журналистерге берген сұхбатында Түркия мен Қазақстан арасындағы байланыстар одан әрі нығая түсетіндігін айтты.

"Тержуман" газеті Тұрғыт Өзалдың Қазақстан мен Әзірбайжанға келесі сапарға барудағы ниеті осы екі мемлекет халықтары мен Түркия арасында тарихи қатынастардан туындаған тілек деп тұжырымдады. Газеттің былай тұжырымдауы Қазақстан Сыртқы істер министрі Ақмарал Арыстанбекованың "Өзалдың бұл сапарының Қазақстан мен Түркия халықтары арасындағы қатынастардың дамуы тұрғысынан тарихи мәні бар және екі жақты қатынастар барлық салада дамитын кезеңге аяқ бастық" деуі мен Қазақстан Мәдениет министрі "Тіліміз, дініміз, мәдениетіміз, тарихымыз бір. Біраз уақыт олардан ажырап қалдық, енді қайтадан қауышамыз" деген сөздеріне назар аударғандықтан болды. Президент сапарына қатысқан тілшілер де алған әсерлерін оқырмандармен бөлісті. Бұл турада Хасан Жемалдың "Қазақтар бізді ыстық құшақпен қарсы алды. Түркияның оларға көмек қолын созуы екі жақ үшін де пайдалы болады. Зайырлы, жаңашыл және демократиялық Түркия үлгісінің олар үшін Иранға, Ауғанстанға қарағанда тартымдырақ болатыны айқын" деп жазуын атап өткен жөн.

Хасан Же-мал «Жумхуриет» газетіне жариялаған келесі бір мақалаларында: "Қырғи қабақ соғыстың аяқталуы Түркияны Кеңес Одағына алыс көрші болудан сақтайды. Сонымен қатар, Орта Азия түрікшілдігі арқылы Әзербайжан мен Түркияны жақындастырады. Барлық жақ үшін де жаңа көкжиектер ашқан бұл шарттарды саналы түрде пайдалануымыз керек", - деп келтірілді (Назап СәтаI, "Вақ'сIәп Эозіик Тәііәгі", Ситһигіуәі, 17 Магі 1991). Түркия мен Қазақстан арасындағы байланыстың берік болуы үшін газеттерге түрлі пікірлер мен ұсыныстар да жариялана бастады. Мәселен, «Миллиет» газетіне Алтан Өйменнің екі елдің экономикалық және мәдени байланысын жақсарту жолдарын көрсеткен ұсыныстары жарияланды. Бұл ұсыныстар мынаған саяды: 1. Экономикалық және мәдени байланыстарымызды дамытуға лайықты шарттар жасасу керек; 2. Экономикалық қатынастарды жетілдіру үшін оларға несие беруіміз керек; 3. Қазақ-түрік байланысын дамытуда әсіресе сыртқы істер, сыртқы сауда ұйымдары үшін білікті мамандар қажет (Аііап Оутәп, "Үәпі Лііііаг", Мііііуәі, 16 Магі 1991). 1991 жылы 19 тамыздағы жасалған төңкерістен кейін Кеңес Одағы ыдырай бастады. Балтық республикаларынан бастап одақтас республикалар бірінен соң бірі тәуелсіздіктерін жариялап, егеменді мемлекеттермен жаңа одақ құрудың жолдарын қарастыра бастады. Орта Азия мемлекеттерінің ішінде 1991 жылдың 30 тамызында Әзербайжан, ал 31 тамызында Өзбекстан мен Қырғызстан республикалары өз тәуелсіздіктерін жариялады. Бұл мемлекеттердің егемендігін өз жариялауын Түркия үкіметі тағатсыздана күткен еді. 1991 жылы қыркүйек айында Түркия үкіметі Кеңес Одағындағы жағдайларды нақтылау үшін екі зерттеу кеңесін жіберуге шешім қабылдады. 8 қыркүйекте сыртқы істер министрі Сафа Гирайдың бұл мәселе жөнінде мерзімді басылымға "Кеңес Одағын жақыннан бақылау", "Кеңес Одағындағы өзгерістерді көреміз" деген екі бірдей мақаласын жариялады. Кеңестің мақсаты жөнінде сыртқы істер министрі Сафа Гирай 1991 жылы 11 қыркүйектегі баспасөз хабарламасында: "...Түркия Кеңес Одағындағы болып жатқан шұғыл өзгерістерді жақыннан және мұқият бақылап отыр. Осы мақсатта құрылған екі кеңес екі бөлек кеңестік республикаға баруы және болып жатқан өзгерістерді сол орында бақылауына шешім қабылданды", - деп келтірді. Бірінші кеңесті тәжірибелі дипломат Билал Шимшир басқарып, қызмет ету аймағы ретінде Әзірбайжаннан бастап Кавказға және Орта Азиядағы алты кеңестік республикаларды (бұның ішінде Қазақстан да бар) алса, ал елші Исмет Бирсел басқарған екінші кеңес Еуропадағы кеңестік республика-

ларды бақылайтын болды. Бірінші кеңес 12-27 қыркүйек аралығында Әзербайжаннан бастап Түрікменстан, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстанда табысты кездесулер өткізді. Негізінде Қазақстаннан басқа республикалар ол кезде тәуелсіздіктерін жариялаған болатын. Қазақстан тәуелсіздігін жарияламаса да тәуелсіздік идеясы жақтаған еді. Кеңес Алматыға жеткен кезде Қазақстан президенті Н.Назарбаевтың Түркияға ресми сапарына соңғы дайындықтар жасалып жатқан болатын. Түркия тәуелсіздік жолына түскен мемлекеттер жөнінде халық арасында қоғамдық пікірлер дұрыс қалыптасу үшін ғылыми жиналыстар мен конференциялар өткізуді қолға алды. 1991 жылы 16 қыркүйекте "Түркия үлгісі және Кеңес Одағының бұрынғы түркі халықтары" деген тақырыппен ғылыми симпозиум өткізіліп, онда егемендік жолына түскен және түсетін түрік республикаларымен саяси, әлеуметтік, экономикалық байланыс орнату және Түркияның осы республикалармен болашақта тәжірибе алмасу мәселелері қарастырылды. Түркия және Қазақстан басшыларының ресми кездесулері өте нәтижелі түрде өтіп, сауда, экономика, достық және тасы-мал саласында ынтымақтастық келісімдерге қол қойылды.

1991 жылы 25 қыркүйегінде Түркия президенті Тұрғыт Өзал Қазақстан президентін әуежайдан тікелей өзі қарсы алуы екі елдің арасындағы достықтың нышаны болды. Түркияда болған Қазақстан президентінің екі күндік сапарының нәтижелері мен тілшілермен болған сұхбатының барысы "Тержуман" газетіне жарияланды. Газетке жарияланған мына бір деректе: "Тарихи және мәдени байланыстарымыз бар елдердің тәжірибелері біздер үшін қызығушылық тудырады. Сондықтан да саяси және экономикалық салада қатынастарымызды нығайтуға ден қоямын. Тасымал және коммуникация мәселелері өте маңызды. Теледидар және радио байланыстарының құрылуы, әуе тасымалының қамтамасыз етілуі байланыстарымызды одан әрі нығайта түседі" деген ойын білдірді [2].

Аталған ресми қарым-қатынастар ең алдымен түбі бір туысқан түрік халқы мен қазақ халқы арасындағы бір кезде үзіліп қалған мәдени және рухани байланыстарды қалпына келтіріп, екі халық арасындағы тарихи сабақтастықты жалғастырудың алғашқы қадамы еді.

Түркия мемлекеті мен Қазақстанды байланыстырған осы шаралар республика жұртшылығы тарапынан қызу қолдау тапты. Мұнан кейінгі туысқандық байланыстар, әсіресе халыққа етене жақын мәдениеті, білім, ғылым саласындағы өзара қарым-қатынастар екі ел арасын одан да тығыз жақындатты. Бұған Түркия мен Қазақстанның экономикалық байланыстары да зор ықпал етті. Сондықтан, бүгінгі күні қазақ-түрік ынтымақтастығы кең әрі жан-жақты екендігін және де халықаралық аренада қарым-қатынастарының артқандығын айтуға болады, сонымен қатар екі елдің маңызды мәселелер бойынша ұстанған бағыттарының бірлігі мен ұқсастығын атап айту да қажет.

Қазақстанның тәуелсіздік алуы барысында сыртқы байланыста, бауырлас түбі бір түркі мемлекеті кеңістігіне кедергісіз жол ашылды. Оған Қазақстан тәуелсіздік алған 10 жыл ішінде Қазақстан мен Түркия арасында 90-нан астам келісім-шарттар және хаттамаларға қол қойылды [3]. Екі елдің Президенттерінің білім, ғылым және мәдениет министрлерінің бірнеше іс-сапарлары орын алды. Екі жақты делегациялар алмасу, мемлекетаралық ресми байланыстар кезінде келісілген қатынастар туралы шарттар негізінде тікелей мәдениет мекемелері мен шығармашылық ұйымдар мен ұжымдар, оқу орындары мен ғылыми институттар және орталық өкілдерінің тұрақты байланысы қалыптасты. Ғылым Академиясына және ведомстволарға қарасты ғылыми мекемелер, жоғары оқу орындары арасында мамандардың алмасуы, сондай-ақ университеттер арасында студенттер мен маман оқытушылардың алмасуы Қазақстан үшін ғылым, білім, мәдениет саласында шетелдік тәжірибе жинақтаудың алғашқы мектебі болды.

Себебі, алғашында АҚШ, Германия, Франция, Ұлыбритания мемлекеттерімен мұндай қарым-қатынастар 90-жылдары Түркия елімен сияқты кең көлемде жүргізілген жоқ болатын. Бұл мәселе қазір де сондай сипатта деуге болады. Екі ел арасындағы рухани байланыстар үшін Түркия мен Қазақстанда екі халықтың мәдениет күндерінің, өткізілуі аса маңызды оқиға болды. 90-жылдардың ішінде «Түркиядағы Қазақстан мәдениет күндері» және «Қазақстандағы Түркия мәдениет күндері» айдарымен ауқымды мәдени фестивальдері өткізілді. Бұл тұрақты сипат алды. Қазақстан және Түркия түрік әлемінде өткізілген ортақ құрылтайларға, көптеген жастар фестиваліне, жазушылар, музыканттар, мәдениет және ғылым қайраткерлерінің жиналыстарына, кинематография фестиваліне екі жақтан да жаппай бұқара өкілдері қатысты. Осы жылдары арнайы суретшілер көрмелері ұйымдастырылды, екі елдің теледидарында елді таныстыру мақсатында түрлі телехабарлар және сұхбаттар дайындалды. Осындай мақсатпен екі жақтың техникалық өзара көмек, кеңесулер, жетістіктер және тәжірибе алмасу процестері жүзеге асырылды [4].

Қазақ-түрік қарым-қатынастарында ежелден аса маңызды саланың бірі діни рухани байланыс екеніне бұрын назар аударылған жоқ.

Қазақ-түрік қарым-қатынастарының шынайы достық, туысқандық аясында дамуына бағыт берген, оны сипаттайтын негізгі құжаттардың бірі ретінде 1991 жылы 15 наурызда Алматыда Түркия Республикасы Президентінің Қазақстанға жасаған алғашқы ресми сапары кезінде Т.Өзал қол қойған «Қазақ Совет Социалистік Республикасы мен Түркия Республикасының қарым-қатынасы туралы» келісім-шартты ең алдымен атаған жөн. Онда екі ел арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту және жан-жақты дамытуға ұмтылу негіздері дәйектелген. Бұл келісімшарт екі ел арасындағы басқа да мәселелермен қатар ғылым және техника саласындағы қазіргі заман жетістіктерін тиімді қолдану мақсатында ғылыми-техникалық белсенді қарым-қатынастар жобасының негізін жасады. Осыған сәйкес бұл келісімшартта екі ел арасындағы халықаралық мәдени қарым-қатынас саласын кеңейту және өзара байыту, ақпараттық, мәдени және гуманитарлық қарым-қатынасты дамыту, радиохабар және телекоммуникация жүйесінің дамуына ықпал ету, тарихи және мәдени ескерткіштерді қайта қалпына келтіру және қорғау, түрлі салалар бойынша мамандар даярлау және мамандандыру, елшілік өкілділігін ашу қарастырылды [5]. Осы келісім шарттан кейін 1991 жылы 26 қыркүйекте екі елдің Президенттері Т.Өзал «Қазақ Совет Социалистік Республикасы және Түркия Республикасы арасындағы қарым-қатынастың принциптері мен мақсаттары туралы» Декларацияға қол қойды. Онда екі жақты қарым-қатынастың жақсаруының қажетті потенциалы көрсетілген және мәдениет туризм саласындағы қарым-қатынасты дамытуға ұмтылыс, сондай-ақ, Алматы мен Стамбул, Түркістан мен Байбұрт, Қызылқұм мен Қираман қалаларының арасында туысқандық бауырлас қатынас орнату көзделген еді [6].

1990 жылдан бері мәдени байланыстар Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастың нығаюына жол ашты. Себебі, осы шаралармен екі елдің үкіметі өздерінің сауда, экономика, ғылым және техника салаларындағы кең әрі ұзақ мерзімді және тұрақты қарым-қатынасты дамытуға барлық күшін салуға дайын екендігін білдірді [7].

1992 жылы 1-мамырда Алматы қаласында мәдениет, ғылым, білім және спорт салалары бойынша екі ел үкіметтері қол қойған келісімшарттан кейін екі жақты байланыстың мағынасы және белсенділігі артты [8]. Қазақстан мен Түркия елдерінің қоғамдық ұйымдарының өкілдері түркі елдері арасында болған достық, бауырластық және ынтымақтастық құрылтайларына қатысты. Бүгінге дейін осы іспеттес біршама құрылтай өткізілді, оның жұмысына түркі тілдес елдердің мәдениет, ғылым және қоғамдық-саяси ұйымдары қозғалыстарының қайраткерлері және басшылары қатысты. Бұл құрылтайлардың мақсаты-түркі әлеміндегі қарым-қатынастың нығаюына, экономикалық дамуына, мәдени жақындасуына және жаңаша сипатта пікір қалыптастыруға ықпал ету болып табылады. Бұл Түркияның түркі тілдес халықтар өмір сүретін аймақтарға деген қызығушылығының бар екендігін көрсетеді.

Құрылтайлардың шешімдері түркі тілдес елдердің үкіметтеріне ұсыныс ретінде беріледі. Нақты мысалдар келтіретін болсақ, 1-ші құрылтай Антальяда 1993 жылы 21-23-наурызда өткізілді, 2-інісі Измирде 1994 жылы 20-23-қазанда етті. Құрылтай жұмыстарына 60 адам қатысты, оның қатарында Қазақстанның Елшісі 48 адамдық басшылардан құрылған делегация болды [9]. Осы құрылтайда қазақ зиялылары, оның ішінде әдебиетшілер қауымы атынан Р.Бердібаев баяндама жасады. 3-ші құрылтай 1995 жылы шілде айында Измирде өткізілді. Міне, осы екі ел арасын байланыстырудағы алғашқы халықаралық жиындар қазақ-түрік мәдени қарым-қатынастарының бағыттарын айқындауға зор әсер етті. Оларда жасалған баяндамалар ежелгі туысқан халықтар мәдениетінің қайта табысуына ақпарат беріп, дәнекерлік қызметін атқарды деуге болады. Мұндай халықаралық бас қосу тұрақты сипат алып, жалғасын тапты.

1997 жылы 11-13-сәуірде Стамбулда өткізілген 5-ші құрылтайға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, жазушы Ә.Кекілбаев, ғалым философ Ә.Нысанбаев және кене түркі тілін зерттеуші ғалым А.Аманжолов қатысты. Бұл форум да екі жақты байланыстардың жоғары мемлекеттік сипатқа ие болғанын көрсетті. Біртіндеп түрік халықтарының құрылтайлары әртүрлі саладағы ғалымдарды, қоғам қайраткерлерін қамтыды. Оған дәлел 1998 жылы 20-22 наурызда Бурсада өткізілген 6-шы құрылтайға Қазақстан Республикасының Білім министрі М.Жұрыновтың және қоғам қайраткері И.Сағындықовтың баруы еді. Бұл жолы екі жақты талқылауға білім саласындағы байланыстарды нығайту мәселесі арқау болды. 1999 жылы 2-4 шілдеде Памуккале-Денизлиде өткізілген 7-ші құрылтайға Қазақстанның бірнеше өкілі қатысты. Олар: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының орынбасары, жазушы Қ.Найманбаев, академиктер Ә.Хайдар, М.Қозыбаев, С.Зиманов, Ұлттық Ғылым Академиясының



мүше-корреспонденті Ә.Нысанбаев, Д.Якуп, Б.Шойбеков еді. Мұндай атақты ғалымдардың қатынасуымен бұл жолы жалпы түркі әлемінің келелі мәселелері, оның ішінде мәдени байланыстарды тереңдету проблемасы талқыға салынып, тиісті қарар қабылданды.

2000 жылы 24-26-наурызда Самсунда өткізілген 8-ші құрылтайға тілдерді дамыту департаментінің директоры Е.Ш. Шәймерденов бастаған 14 адамнан тұратын делегация қатысты. Оның құрамында академик, заңгер С.Зиманов, Қазақ мемлекеттік басқару Академиясының ректоры, экономист, профессор Н.Мамыров, халық жазушысы Қадыр Мырза Әлі, Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, профессор Ғ.Мұтанов, Л.Гуминев атындағы Еуразия университетінің Шығыстану факультетінің деканы, ҰҒА мүше-корреспонденті, әдебиеттанушы, профессор С.Қасқабасов, әншілер Б.Тілеуханов пен М.Омаров бар болатын. Осы құрылтайда түркі тілдес халықтардың тілін дамыту, жастарға білім беру мәселесі жан-жақты талқыланды. Нақты шаралар үшін осы құрылтайлардың маңызы зор болғаны аян.

1992 жылы Түркияда Қазақстан-Түркия достық қоғамы құрылды, оның мақсаты - екі елдің арасындағы қарым-қатынасты нығайту, екі жақты қарым-қатынастың қарқындылығын арттыру еді. Бұл қоғам Түркиядағы Қазақстандық студенттерге моральдық және материалдық көмек көрсетеді,

Қазақстан мен Түркияның ғылым және мәдениет қайраткерлерінің қатысуымен екі елді таныстыру кештерін, конференциялар өткізеді. Қазақстан мен Түркия Республикалары қазақ-түрік достығы туралы деректі фильмдер түсірді, түрік теледидары үшін қазақтар қазақ-түрік достығы туралы хабарлар даярлады, ал Түркия елі қазақ-түрік достығын нығайтуға өз үлесін қосқан мәдениет және ғылым қайраткерлерін мен саяси қайраткерлерді марапаттады.

Мысалы, осы қоғамның дайындауымен «Түрік дүниесінің жұлдыздары» атты таныстыру телехабарлары дайындалып, онда Абай Құнанбайұлы, Мұхтар Әуезов, Жамбыл Жабаев туралы мәліметтер түрік еліне кеңінен насихатталды.

1992 жылы Түркияда Премьер-министр аппараты жанынан түрік ынтымақтастығы және дамыту агенттігі (ТИКА) құрылды. Оның негізгі мақсаты түркі елдеріне көмек беру және экономикалық қарым-қатынасы орнату деп тұжырымдалды. Бұл мақсат түркі мемлекеттерінің дамуын стратегиялық жоспарларын жасау, бірлескен жобаларды ұйымдастыру, түркі елдерінің әлеуметтік және экономикалық жағдайын зерттеу стратегиялық жоспарлар мен бірлескен жобаларды жүзеге асыруға көмек көрсету шараларын көздейді. Бұл агенттіктің көмегімен және қатысуымен ғылыми және мәдени салаларға байланысты бірнеше жобалар жүзеге асырылды. Олар: симпозиумдар және ғылыми конференциялар өткізу, мәдени іс-шаралар ұйымдастыруға материалдық қолдау көрсету, баспасөз жағынан көмек көрсету, әр түрлі мамандықтар бойынша тәжірибе алмасуды ұйымдастыру, Түркістан қаласындағы Қ.А. Ясауи кесенесін жөндеуден өткізу, Қызылорда қаласындағы қолмен кілем тоқу жобасын іске асыру және т.б.

Мысалы, Қызылорда облысындағы қолмен кілем тоқуды дамыту жобасы қазақтың дәстүрлі қол-өнеріндегі ұлттық ерекшелігін қайта дамыта отырып, жергілікті жағдай мен еңбек ресурстарын (қорларын) кілем тоқитын шағын фабрикалар құруға пайдалануды іске асыруды көздеген еді [10]. Бұл жоба іске асырылды. Қызылордада қазақтың дәстүрлі кілем тоқу, ою-өрнек өнерін қалпына келтіру, бояулар әзірлеп, пайдалану сияқты ұмыт бола бастаған ұлттық кәсібін қайта жанғыртуда, жергілікті өнерпаздар мен қолөнер-шілерді ұйымдастыруда түрік ғалымы және этнографы Тахсин Парлак көп жұмыс атқарды. Ол осы жұмыстар негізінде қазақтың дәстүрлі кілем тоқу өнерін, оның тарихи тамырларын сипаттап, 2001 жылы Алматыда этнография ғылымы саласында кандидаттық диссертация қорғады. Екі жақты байланыстың нығаюына және мәдени ерекшеліктерімен танысу ісінде айтарлықтай үлес қосқан мәдени іс-шаралардың арасындағы ең маңыздыларының бірі «Өнер және достық күндерін» өткізу шарасы. Мұндай мерекелер көрермендерге ұлттық мәдениеттің сын қырларымен көрнекті әрі жеткілікті дәрежеде танысуға мүмкіндік береді.

1992 жылы Қазақстанда «Түркияның Қазақстандағы мәдениет және өнер күндері» өткізілді. Оған Түркияның мәдениет министрі Д.Фикри Сағлар бастаған 100-ден астам адам қатысты. Фольклорлық-этнографиялық, ән-би топтары, музыкалық шығармашылық шеберлері өнер көрсетті, сәнді-қолданбалы өнердің көрмесі болып өтті [11].

Өз кезегінде 1992 және 1996 жылдары «Түркияда Қазақстанның мәдениет күндері» өтті. Мысалы, 1992 жылы 24-сәуір-1-мамыр күндері өткен «Түркиядағы Қазақстанның мәдениет және өнер күндерінде» Қазақстан тарапынан мәдениет министрінің бастауымен 150-ге жуық адам қатысты. Музыкалық ұжымдар

өнер көрсетіп, этнографиялық материалдар, кітап көрмелері көпшілікке ұсынылды. Мереке Анкара, Стамбул және Кония қалаларында өтті. Мұндай мәдениет және өнер күндерін өткізу екі ел арасындағы тұрақты шараларға айналды. Мысалы 1993 жылы 16-21-желтоқсанда Түркияда Қазақстанның кезекті мәдениет және өнер күндері өтті. Мереке Анкара, Қожаели, Болу, Стамбул қалаларында ұйымдастырылды [12].

Мереке барысында қазақстандықтар Түркия Республикасының мәдениет министрімен, Вице-премьермен кездесіп, ТҮРКСОЙ-да концерт беріп, көрмелер ұйымдастырды.

1996 жылы 19-27-қыркүйекте «Қазақстанның Түркиядағы мәдениет және өнер күндерін» өткізуге 15 адамнан тұратын ресми делегация қатысты. Одан басқа, шығармашылық ұжымдармен қоса, баспасөз делегаттарын қосқанда делегация 60-қа жуық адамды құрады. Іс-шаралар Анкара, Стамбул, Болу қалаларында ұйымдастырылды [13].

2000 жылы 30-мамырда Түркия Республикасы мәдениет министрілігінің Түркиядағы Қазақстанның Елшілігінің және Билькент университетінің араласуымен қазақ-түрік достығының кешінде түрік және қазақ әртістерінің концерті болды. Түрік азаматтарының қазақ елінің көрнекті өкілдерімен және қазақ тарихының негізгі оқиғаларымен танысуына мынадай оқиғалар ықпал етті. 1993 жылы - Түркияда Ахмет Ясауи жылы өткізіліп, 1995 жыл - Абай жылы, 1996 жыл - Жамбыл жылы, 1998 жыл - Құрманғазы жылы деп аталып өтті.

1996 жылы Анкарада желтоқсан көтерілісінің онжылдығы аталып өтті. 1997 жылы М.Әуезовтің 100 жылдығы және Қазақстан мен Түркия арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың 5 жылдығы аталып өтті [14]. Осы секілді айрықша даталарға байланысты Түркияда халықаралық конференциялар, қазақ жазушылары мен ақындарының шығармаларын аудару және басып шығару, әр түрлі шығармашылық фестивальдер ұйымдастырылды.

Қазақстаннан шақырылған өнер адамдары көптеген концерттер берді. Мысалы, Абайдың 150 жылдығын тойлауға Қазақстан тарапының делегациясы қатысты, оның құрамында: Вице-премьердің орынбасары А.Есімов, мәдениет министрі Т.Мамашев, орынбасары В.Кутовой, білім министрінің орынбасары Ш.Қойшыбаев, әдебиеттану институтының директоры С.Қирабаев және де әр саладан ғалымдар, академиктер, журналистер, жазушылар, әртістер және шығармашылық ұжымдар болды. Бұған Түркия Республикасының жоғарғы басшылары Президенттің аппараты, мәдениет және білім министрілігімен қатар әр түрлі қорлар, өнеркәсіптер мен қоғамдық ұйымдар тартылды [15].

Алғаш рет Абай шығармалары түрік тіліне аударылып және басылып шығарылды (түрік тіліне Абайдың таңдамалы шығармалары аударылған кітап 1995 ж. Анкарада екі тілде 200 мың тиражбен шықты). Сонымен қатар, Абай туралы ғылыми мақалалар жинағы түрік тіліне аударылып, басылып шығарылды. Осыған орай түрлі университеттерінде ғылыми конференциялар өткізілді, Қазақстан туралы түрлі-түрлі фотоальбомдар дайындалды. Түркияда шығатын көптеген журналдардың жеке нөмірлері Абайдың шығармашылығына арналды.

Осындай шаралар Құрманғазының 175 жылдық мерейтойына 1998 жылы да кең ұйымдастырылды. Түркияға Қазақстаннан делегация жіберіліп, құрамына 8 ресми қызметкерлер, Құрманғазы оркестрінен 25 адам, ақпарат қызметкерлерінен 4 адам, 6 әнші және 4 адамнан тұратын бишілер тобы жіберілді. Сонымен қатар халық музыкалық аспаптары мен Қазақстан колөнерінің көрмесі ұйымдастырылды (А.Омарбеков жетекшілігімен).

1992 жылы 29-сәуір және 1-мамыр аралығында Қазақстанға ресми сапармен Түркия Премьер-министрі Сүлеймен Демирел келді. Ресми сапар кезінде қазақ-түрік байланыстарындағы тұрақты тенденцияны қолға алудың маңыздылығы аталып өтілді және екі жақты тиімді қарым-қатынастың кеңеюі үшін қажетті шаралардың қолданылатыны жөнінде келісімге қол жеткізілді. Жоғарыда айтылғандай, Байбұрт және Түркістан қаласы бауырлас қалалар деп жарияланды.

Екі жақты қатынасты нығайту мақсатында 1992 жылы 18-25-қазан аралығында Түркістан қаласының делегациясы Байбұрт қаласында болды. Өз тарапында 30-сәуір - 10-мамыр аралығында Байбұрт делегациясы Түркістанға келді. 1993 жылы жасөспірімдер арасында осындай екі жақты алмасу болды. Түркістан делегациясы қала әкімінің басшылығымен 2001 жылы 16-22-шілде аралығында Байбұрт қаласында өтетін «Деде Қорқыт» атты мәдениет және өнер фестиваліне шақырылды [16].

1992 жылы 20 маусымда Стамбул қаласында Түркия Республикасының мәдениет министрі Фикри Сағлардың шақыруымен түркі мемлекеттерінің мәдениет министрлері жиналды (Әзірбайжан, Қазақстан,

Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия). Бұл кездесулерде ұлттық ерекшеліктер мен құндылықтарды түркі және әлемдік мәдениет бөлігі ретінде дамыту және мұқият сақтауға ұмтылу қажеттілігі білдірілді. Ол принциптер мынаған саятын еді: өзара түсінісу және құрметтеу принципі негізінде бір-бірімен танысу әрі алмасу және де әлем халқына түркі мәдениеті және оның ерекшеліктерімен таныстыру. Сол кезде түркі халықтарының арасындағы мәдениет көпірі болып табылатын ТҮРКСОЙ Одағының іргетасы қаланған еді.

ТҮРКСОЙ (түркі елдерінің мәдениет және өнер саласындағы одағы) түркі тілдес елдердің халықаралық мәдени ынтымақтастығының органы ретінде ЮНЕСКО түрінде 1993 жылы 12 шілдеде Алматы қаласында түркі мемлекеттері Қазақстан, Түркия, Өзбекстан, Түрікменстан, Әзірбайжан, Қырғызстан өкілдері қол қойылған келісімшарт негізінде құрылды.

Оның мақсаттары: - түркі тектес және түркі тілінде сөйлейтін халықтар арасында өзара түсінушілікке ұмтылу; - Түркі халықтарының мәдениеті мен өнерінің дамуының және өркендеуінің қажеттілігі; - болашақ ұрпақ үшін ұлттық мәдениетін сақтау және достық қарым-қатынасты қамтамасыз ету; - әлем тарихы сипатында түрік мәдениетінің өркендетілуі және насихатталуы.

1993 жылы 9-13 шілдеде Алматы қаласында түркі тілдес елдерінің мәдениет министрлерінің 3-ші кезекті кездесуі және ТҮРКСОЙ-дың бірінші отырысы болды. Оның жұмысына Түркиядан 20 өкіл қатысты.

1994 жылы 17-19 ақпанда Мармарис қаласында (Түркия) түрік тілдес халықтардың мәдениет министрлерінің кезекті 4-ші кездесуі мен ТҮРКСОЙ отырысы болды. ҚР делегациясын мәдениет министрі басқарды, оның құрамында Ә.Қастеев атындағы өнер музейінің директоры Е.Жангельдин, Қазақстан халықтарының қолөнер музейінің директоры М.Әлімбаев болды. ТҮРКСОЙ қоғамының құрылуы түркі елдерінің мәдени қарым-қатынасын дамытуға зор ықпалы бар бірден-бір халықаралық ұйымға айналды.

Ол әсіресе Кеңес Одағы құрамында болған түркі тілдес халықтардың төл мәдениетін жаңғыртуға себепкер болды. Оның әр мәжілісінде осы сала бойынша келесі міндеттер қойылып, нақты шаралар қабылданды.

ТҮРКСОЙ-дың жұмыс қарқынын мына мысалдардан көруге болады: 1997 жылы 28-29 қыркүйекте Алматы қаласында ТҮРКСОЙ-дың кезекті жиналысы өтті. ТҮРКСОЙ-дың 13-ші жиналысы Анкарада 1999 жылы 30 қараша-1-желтоқсан аралығында өтті. ТҮРКСОЙ-дың әр мәжілісінде мемлекетаралық деңгейді-орындалатын шаралар белгіленіп, туысқан халықтардың жақындасуына ықпал жасалды. ТҮРКСОЙ түркі тілдес елдердің жазушылар одағының және ұйымдарының жиналысын өткізді, қолөнер және декоративтік өнердің көрмесін ұйымдастырды, фестивальдер және опера күндерін, театрлық, фольклорлық фестивальдер, жазушылардың кездесулерін, спорі турнирлерін, Наурыз мерекелерін өткізді.

1994 жылдан бастап жыл сайын Түркиядағы Наурыз мерекелеріне қазақстандықтар қатысатын болды. Бұл мерекелер шеңберінде Қазақстан мен Түркияның және түрлі елдерінің арасындағы қарым-қатынастардың әрі қарай дамуына ықпал ететін халықаралық симпозиумдар, кинофестивальдер, көркемөнер көрмелері, концерттер, атты жарыстар және басқа да мәдени іс-шаралар жасалды [17].

ТҮРКСОЙ Абай, Жамбыл, Мұхтар Әуезов, Құрманғазы Сағырбаев мерейтойларын өткізуге және ұйымдастыруға қатысты. ТҮРКСОЙ Абай шығармаларын, М.Әуезов әңгімелерін түрік тілінде басып шығаруға жағдай жасады. Әрине, қаржы тапшылығы мен ұйымдастыру мәселелеріндегі кейбір кемшіліктер салдарынан ТҮРКСОЙ шеңберінде жоспарланған жан-жақты мәдени ынтымақтастық күткен нәтиже берді деп толық айтуға болмайды. Бірақ оның жұмысының маңызы ерекше екенін ескерген жөн.

1993 жылы 9-10 сәуірде Қазақстанға Түркия Президенті Тургут Озал ресми сапармен келді. Бұл ресми сапар кезінде екі жақты қарым-қатынастың ілгері дамығандығы, сонымен қатар олардың қарқынды дамуындағы кемшіліктердің бар екендігі көрсетілді.

1993 жылы ҚР мәдениет министрлігінде Түркияның мәдениет министрлігінің екі делегациясы болды. Мұнда Ахмет Яссауи және Арыстанбаб кесенелерін жөндеуге байланысты мәсеелер, Ұлы Жібек жолындағы халықтардың қолөнерін қайта жаңғырту мәселелері қаралды. 1993 жылы маусымда ҚР Білім министрі Ш.Шаяхметов бастаған 7 адамнан тұратын ресми делегация Түркияда болды, ал қазанның соңында ҚР денсаулық сақтау министрі А.Мусиннің және ішкі істер министрі Горелкиннің осы елге ресми сапары өткізілді. Қазақ-түрік қарым-қатынасының нығаюына қоғамдық ұйымдар да өз үлесін қосуда.

1994 жылы 14-15 қаңтарда Анкарада «Азия елдері мәдениетінің өзара қатынасы» атты халықаралық семинар өтті. Семинарда: «Қазақ достық қоғамының» және шетелдермен құрылтайлық байланыс төрайымы Ж.Әмірханова «Қазақ үлгісінде Азия елдерінің-мәдениетінің өзара қатынасы» атты баяндама оқыды. 1994 жылы 7-12 маусым аралығында Ж.Әмірханова бастаған достық және Қазақстан Республикасының шетелдермен мәдени байланыс қоғамы Алматыға Қазақстан және Түркия әйелдері арасында іскер және мәдени байланыс орнату үшін Қазақстанға Биртен Шоқайды шақырды [17].

1994 жылы 17 қазанда Анкарада ҚР Президенті Түркияға ресми сапарында екі жақты қарым-қатынастың негізгі құжаттарының бірі – Қазақстан мен Түркия Республикасының арасындағы достық және ынтымақтастық туралы келісімшартқа қол қойылды. Онда достық қарым-қатынастың нығаюы тек аймақтағы емес, сонымен қатар барлық әлемдегі тұрақтылық пен бейбітшілікке өз ықпалын тигізетіні көрсетілді және саясат, дипломатия, экономика, сауда, білім, мәдениет, ғылым, транспорт, байланыс және коммуни-кация, ауыл шаруашылығы, энергетика, денсаулық сақтау, экология, туризм, спорт тағы басқа салаларындағы екі жақты қарым-қатынасты тереңдете түсуге ұмтылыс білдірілді [18].

1995 жылы 13 маусымда ТР Президенті С.Демирелдің Қазақстанға жасаған ресми сапарында Қазақстан мен Түркия Республикалары арасындағы қарым-қатынасты әрі қарай дамыту және нығайту, тереңдету жайлы Декларацияға қол қойылды. Президенттер екі жақты қарым-қатынастың тереңдетілгені және алдыңғы кезеңде де достық пен ынтымақтастықтың нығаюына барлық мүмкіндіктің бар екендігін айтты. 1996 жылдан бастап Түріксав деген түрік қоғамы түркі әлеміндегі қарым-қатынастың нығаюына өз үлесін қосқан адамдарға арналған наградалар тағайындады. Бұл награданы қазақстандық қайраткерлер: 1996 жылы-Олжас Сүлейменов, 1997 жылы – Мұхтар Мағауин, 1998 жылы Мұхтар Шаханов, 1999 жылы – Рахманқұл Бердібай, 2000 жылы – Мұрат Жұрынов иеленді. 1996 жылы қыркүйекте қазақ-түрік ынтымақтастығының дамуына өз үлесін қосқан профессор Садық Туралға Қазақстанның мемлекеттік наградасы тапсырылды [19]. Сол жерде Садық Турал «Қазіргі Түркия» тақырыбында сөз сөйледі. 1997 жылы 27-29 қыркүйекте профессор Садық Турал Түрік тіл қоғамы атынан келген профессор Г.Қараагачпен бірге Алматыда өткен Мұхтар Әуезовтің 100 жылдық мерейтойына қатысты. 1997 жылы 11-15 қарашада Қорқыт Атаға арналған халықаралық конгресстің жұмысына қатысу үшін Садық Тураша шақырылды. 1998 жылы 30 қазан - 3 қараша аралығында Алматыда Ататүрік атындағы мәдени орталықтың қызметкерлері Түркия Республикасының құрылғанына 75 жыл толуына арналған конференция өткізді. «Республика құндылықтардың қазынасы» атты баяндамамен Садық Турал, «Ататүрік және оның принциптері» атты баяндамамен профессор Сәлім Жохче» Ататүрік – адам ретінде» деген баяндамамен Режеп Биягинер конференцияда сөз сөйледі [20].

1999 жылы 17-19 мамырда түрік профессорлары Эсин Кахья және Айше Айата «Шығыс қоғамындағы өтпелі кезеңдегі мәдени және тарихи процесстер» атты тақырыпта конференция өткізді.

2000 жылдың шілдесінде алғашқы күндері Садық Турал Қазақстанға Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастықты әрі қарай нығайту үшін ресми сапармен келді. 1996 жылы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті халықаралық ынтымақтастықтың даму ісіне өз үлесін қосқаны үшін Түркияның мемлекеттік министрі, қазақ-түрік достық қоғамының төрағасы, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес төрағасы Намык Кемал Зейбекке «Бейбітшілік және рухани келісім» халықаралық сыйлығын тапсырды. Екі жақты қарым-қатынасты нығайту барысында туындаған мәселелерді шешуге халықаралық кездесулер және конференциялар ықпал ететіні айқын.

Мысалы, 1997 жылы 10 қыркүйекте Алматыда «Қазақстан-Түркия: іскерлік ынтымақтастықтың болашағы» атты іскерлер ортасының өкілдерінің конференциясы өтті. Оның жұмысына Қазақстан Республикасының және Түркия Республикасының Премьер-министрі М.Йылмаз қатысты [21].

1997 жылы 3-7 қарашада Анкарада Ататүрік мәдени орталығы түрік мәдениетінің төртінші халықаралық конгресін ұйымдастырды, оның жұмысына Қазақстан тарапынан ғалымдар Б.Қарақұлов, Ә.Нысанбаев, Ш.Ыбыраев, К.Қадашева қатысты.

1998 жылы маусымда келіссөз барысында Қазақстан мен Түркия арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайтудың негізгі жайдайлары талқыланды. 2000 жылы 7-14 сәуірде Сулейман Демирель университетінде (Спарта қаласы, Түркия) «Түрік әлемінің мәдениеті мен өнері» атты халықаралық симпозиум ұйымдастырылды, оның жұмысына Қазақстаннан 10-ға жуық адам қатысты. Мұнда мәдениет пен өнердің қазіргі даму нышандары мен келешегі туралы үлкен талқылау, пікір алысу орын алды.

Зерттеу нәтижесі: Қазіргі жағдайдағы Қазақстан мен Түркия Республикасының мәдени және ғылыми қарым-қатынастары мәселелері, сондай-ақ, оның алдағы даму мүмкіндіктері мен тенденциялары, оның деңгейі мен сапасын арттыру, мәдени және ғылыми ынтымақтастықты дамыту жөніндегі екі ел үкімет басшылары деңгейінде жаңа келісімдер жасау және қол қою, ортақ ғылыми-мәдени потенциал мен қор құру, бүгінгі күн талабына сай өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл тұжырым біздің егемендігімізді қалыптастыру және шынайы тәуелсіздігімізді нығайту кезеңінде тұрған жас мемлекетіміздің міндеттеріне сай келеді. Екі ел арасындағы байланыстардың көкейкестілігі, сонымен бірге, географиялық және мәдени-тарихи сабақтастықтан да туындайды.

Қорытынды Қазіргі кезде кең өріс алған қазақ-түрік мәдени байланыстарын одан әрі жетілдіру бүгінгі күннің және келешектің де міндеті. Бұл тәуелсіз еліміздің халықаралық және сонымен бірге түркі әлемі қауымдастығындағы орнын, рөлін нығайта түсер еді.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. *История Казахстана с древнейших времен до наших дней. Т.1.* – Алматы: Атамұра, 1996. – 538 с. және т.б.
2. *Кемаль Мустафа. Путь новой Турции. 1919-1924.* – Москва: гос. изд-во ООЦ.-экон. литературы, 1932. – 416 с. – С.321.
3. *Мендикулова Г. Исторические судьбы казахской диаспоры: Происхождение и развитие.* – Алматы: Ғылым, 1998. - 264 с. – С.179.
4. *Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы.* – Алматы: Арыс-Қазақстан, 1998. – 428 с. - С.301-302.
5. *Казахстан-Турция: 5 лет дружбы и сотрудничества.* – Анкара: Билиг 1996. – 446 с. – С. 21,296-300:
6. *Казахстан-Турция: возрожденные отношения // Казахстан-Турция: 5 лет дружбы и сотрудничества.* – Анкара: Билиг, 1996. – 446 с
7. *Соглашение о сотрудничестве между Казахской Советской Социалистической Республикой и Турецкой Республикой //Казахстан-Турция: 5 лет сотрудничества.* – Анкара, 1996. – 446 с. – С. 33-36.
8. *Казахстан-Турция: 5 лет дружбы и сотрудничества.* – Анкара, 1996. – 446 с. – С. 36-38.
9. *Токаев К. Турция - стратегический партнер Казахстана //Казахстан-Турция: 5 лет дружбы и сотрудничества.* – Анкара: Билиг, 1996. – 446 с.
10. *Токаев К. О ходе реализации Соглашения между Казахстаном и Турцией в области культурного сотрудничества. Информация Посольства РК в Анкаре от 20.08.1993 г. N 585.*
11. *Токаев К. Турция - стратегический партнер Казахстана //Казахстан- Турция: 5 лет дружбы и сотрудничества.* – Анкара: Билиг, 1996. – 446 с.
12. *ҚР Түркиядағы Елшілігінің N585 20,08:1993 ж. хаты // ҚР Түркиядағы Елшілігінің ағымдағы архиві.* – Анкара.
13. *Түрік әлемі. 2001, қаңтар-ақпан. N1.* – 9 б.
14. *Живы традиции великого Абая //Казахстанская правда. 1993, 17 қыркүйек. N 200.* – С.1;
15. *Турция готовится к юбилею Абая //Казахстанская правда. 1995, 31 наурыз. N 62.* – С.1;
16. *Ұлтына ұран болған ұлы ақын //Егемен Қазақстан. 2001, 11 қыркүйек. N 202.* – 9 б.
17. *Турция готовится к юбилею Абая //Казахстанская правда. 1995, 31 наурыз. N 62.* – С.1;
18. *Писатели и поэты со всего тюркского мира соберутся в Стамбуле //Түркі әлемі. 2001, қаңтар-ақпан. N1.* – 86.
19. *Будак Ф. Қазақстан: өткені, бүгіні мен ертеңі.* – Анкара: Билиг, 2000. – 358 б.
20. *Копрулу М.Ф. Қожа Ахмет Яссауи танымы мен тағлымы; Ахмет Яссауидің тарихи өмірі //Түрік әлемі. 2001, қаңтар-ақпан. N1.*-46.
21. *Мамраев Б. Культура - это вторая Вселенная //Казахстанская правда. 2000, 28 ноября.* – С.6.

#### References:

1. *Istoria Kazahstana s drevneishih vremen do nashih dnei. T.1.* – Almaty: Atamūra, 1996. - 538 s. және т.б.
2. *Kemäl Mustafa. Püt novoi Tursii. 1919-1924.* - Moskva: gos. izd-vo OOS.-ekon. literatury, 1932. - 416 s. - С.321.

3. Mendikulova G. *Īstoricheskie sūdby kazahskoi diaspory: Vroishojdenie i razvitie*. - Almaty: Ĝylym, 1998. - 264 s. - С.179.
4. *Deportirovannye v Kazahstan narody: vremä i sūdby*. - Almaty: Arys- Qazaqstan, 1998. - 428 s. - S.301-302.
5. *Kazahstan-Tursia: 5 let drujby i sotrudnichestva*. - Ankara: Bilig 1996. - 446 s.- S. 21,296-300:
6. *Kazahstan-Tursia: vozrojdennye otnošenja // Kazahstan-Tursia: 5 let drujby i sotrudnichestva*. - Ankara: Bilig, 1996. - 446 s
7. *Soglašenie o sotrudnichestve mejdu Kazahskoi Sovetskoj Sogdialisti-cheskoj Respublikoi i Tureskoj Respublikoi //Kazahstan-Tursia: 5 let sotrudnichestva*. - Ankara, 1996. - 446 s. - S. 33-36.
8. *Kazahstan-Tursia: 5 let drujby i sotrudnichestva*. - Ankara, 1996. -446 s. - S. 36-38.
9. Tokaev K. *Tursia - strategicheski partner Kazahstana //Kazahstan-Tursia: 5 let drujby i sotrudnichestva*. - Ankara: Bilig, 1996. - 446 s.
10. Tokaev K. *O hode realizasii Soglašenja mejdu Kazahstanom i Tursiei v oblasti külturnogo sotrudnichestva. Īnformasia Posōlstva RK v Ankare ot 20.08.1993 g. N 585*.
11. Tokaev K. *Tursia - strategicheski partner Kazahstana //Kazahstan- Tursia: 5 let drujby i sotrudnichestva*. - Ankara: Bilig, 1996. - 446 s.
12. *QR Türkiadağy Elşılıgınıñ N585 20,08:1993 j. haty // QR Türkiadağy Elşılıgınıñ ağymdağy arhivi*. - Ankara.
13. *Türk älemi. 2001, qañtar-aqpan. N1. - 9 b.*
14. *Jivy tradisii velikogo Abaia //Kazahstanskaia pravda. 1993, 17 qyrküiek. N 200. - C.1;*
15. *Tursia gotovitsä k iubileiu Abaia //Kazahstanskaia pravda. 1995, 31 nauryz. N 62. - C.1;*
16. *Ūltyna ūran bolğan ūly aqyn //Egemen Qazaqstan. 2001, 11 qyrküiek. N 202. - 9 b.*
17. *Tursia gotovitsä k iubileiu Abaia //Kazahstanskaia pravda. 1995, 31 nauryz. N 62. - C.1;*
18. *Pisateli i poety so vsego türkskogo mira soberutsä v Stambule //Türk älemi. 2001, qañtar-aqpan. N1.-86.*
19. *Budak F. Qazaqstan: ötenı, bügını men erteñı. - Ankara: Bilig, 2000. -358 b.*
20. *Koprulü M.F. Qoja Ahmet Īassauı tanymy men tağylymy; Ahmet Īassauıdıñ tarihi ömuri //Türk älemi. 2001, qañtar-aqpan. N1.-46.*
21. *Mamraev B. Kültura - eto vtoraiä Vselenaiä //Kazahstanskaia sravda. 2000, 28 noiabrä. S.6.*